10575

ГАБИТ МУСРЕПОВ

S3.14
M 43

Сувенир парада



ҒАБИТ МҰСІРЕПОВ

Сүрөткер парызы

ӘДЕБИ-СЫН ЕҢБЕКТЕРІ



„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ. АЛМАТЫ — 1970

Ғабит Мүсрепов.

М 43 Суреткер парызы. Мақалалар жинағы. Құрастырған филология ғылымының кандидаты **Ә. Нарымбетов.** «Жазушы» баспасы, Алматы — 1970.

544 бет. 9000 дана. 2 сом. 4 т.

Қазақ Совет әдебиетінің аса көрнекті өкілі Ғабит Махмұтұлы Мүсрепов тұлғалы көркем туындылар жазумен бірге туған әдебиетіміз жайлы толассыз толымды ойлар толғап келеді. Жазушының сол аса құнарлы ой-толғаныстары алғаш рет жеке жинақ болып ұсынылып отыр.

7—2—3
58—70

Қаз 2

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
город ПЕТРОПАВЛОВСК

ҚИСЫҚ СЫНҒА ӘДІЛ ТӨРЕ

«Ақ жол» газетінің 432 санында Темірбай жолдас «Қазақ әдебиетінің тарихынан» деген мақала жазған.

Мақаланы басынан оқи бастағанда әдебиет тарихының толықтыруы екен деп қалуың да талас болмағанмен, аз оқығаннан кейін, мақала алғашқы алған бетінен тайып, ойлаған ойыңа қарсы келіп, жазушының жек көретін бір адамына соқтыға жөнеледі. Ол адамы — Сәкен.

Сәкеннің әдебиет тарихынан оқыған лекциясы туралы, Сәкенді өтірікші, жас буынға хате ұғындырады дейді. Мылжың дейді, соқыр дейді, арсыз, әңгі дейді. Білгенінше жамандап халық көзіне үлкен мінді кісі етіп көрсетеді.

Темірбайдың өзі айтқандай, егер мен Темірбай болсам, дұрыс сөзді қисық ұққан, бадырайып тұрған «А» хәрпін «Б» деп, «Т» хәрпін «Е» деп шатастырып, ашық жазылған сөзге көзі жетпей, жетсе де көрмей, әдебиетті сынамай, Сәкенді сынап қай жерінен мін шығар екен деп тіміскілеп, дұрыс сөзді бұрыс деп, Сәкенге қара басының дұшпандығын білдірген, Темірбайдың өзіне — өз сөздерін қайта атар едім. Бірақ Темірбай Сәкенге дұшпан болса да, мен Темірбайға дұшпан емеспін. «Екі қатын сиыр сауып отырып, тезек үшін ұрсысып бірін-бірі: салдақы бетпақ, пәлен-түген»,— деп қайдағы сұмырай сөздерді тауып айтқандары сықылды мен де бірдемелерді шатастырып, ауызға не келсе соны оттар едім. Бірақ мен қисық сөзге әділшілігімді айтам, біреудің бетіне күйе жағып ұждансыздық қылуға батылым бармайды.

Темірбайдың бар ойы, Сәкенді жұртқа жаманатты көрсетіп өту, одан басқа түгі жоқ. Темірбайлардың Сәкенге көз қарасын кім де болса біледі. Әйткенмен «Дұшпанды, досыңдай сына» деген сөз өте тура, өте иманды сөз. Мұны Темір-

бай ойлауы керек еді. Біреуге дұшпан болдым деп, түзу ісіне баға бермей, ағын да қара, қарасын да қара деу адамшылыққа жата ма?

Темірбайдың бұл жазған сөзінде сүйенерлік дәнеме жоқ, онықі Сәкенді қаралау. Әйтпесе әдебиетке жаны ашып отырған Темірбай жоқ. Жаны ашиды дер едік, мынау әдебиетке жаны ашыған кісінің сөзі емес, тек ұнатпайтын адамның бетін тырнау...

Сәкен әдебиет тарихынан жаңылса, не қате ұғынса, Темірбай өзінше дұрыс ұғындыру керек еді. Сәкеннің мына жері қате, мұны былай ұғыну керек деп айту керек еді.

Бұлай болған уақытта Сәкеннің қатесін бір көрсек, әдебиеттің шын тарихына танысып қалуымыз екінші пайда болар еді.

Темірбайдың әдебиетте жұмысы жоқ, жұрт жаққа шымылдық құрып, дәлелін жарыққа шығармай, ішіндегілерге Сәкенді жамандайды. Оны көріп отырған жұрт, әділ тексеруіміз керек.

Темірбай Сәкенді жамандағанда былай деп жамандайды:

I— Сәкен «Қазақ әдебиетінің тарихын сөйлеу оңай, ол жаңа ғана дүниеге келген жас бала» деп айтты дейді. Сәкен олай деп отырған жоқ. Сәкен қазақ әдебиеті екіге бөлінеді, жазба һәм ауыз әдебиеті дейді. Әуелі бірнеше жүз жылдап, ауыз әдебиеті болып келді: мақал, тақпақ, ертегі һәм қара өлеңдер дейді. Жазба әдебиет соң шықты дейді. Бұған не талас бар. Таласушы тек ойы қарсылықпен таласады. Әйтпесе бұл арадан ала сала жамандауға сиятын дәнеме жоқ.

II— Сәкен лекция оқығанда мылжың сөйледі дейді. Бұған қарағанда, лекция оқушы жұрттың түсінген-түсінбегеніне қарамай қысқа ғана оқуы керек деген ой аңғарылады. Мағынасыз сөйледі деуге жатпайды. Себебі жазылып отырған, естіп отырған лекцияның ішінде мағынасыз құрғақ кеңес жоқ. Мылжың мен жақсының арасын қандай кісі айрады әрине, бұл Темірбайдың сыбағасы емес, олай болса, оған кінә жоқ.

III— Әдебиетке жақындауға мен сескенемін, қорқамын, мен суға кетіп қалам, менің батырлығым жетпейтін жерден Сәкеннің қорықпағаны, жүректілігі керегі жоқ жұмыс дейді.

Темеке! Жұрттың бәріне өзімдей қоян бол деуіңіз жолға келмейді ғой! Әдебиет философтардың жеке алған еншісі емес. Әдебиет халықтың тілі мен халықтың тұрмысынан алынып жазылады. Өз тұрмысында болған затқа халық Темір-

бай секілді қарамайды. Өз шамасынша сынайды. Ол сынау қисық емес, түзу сынау болып шығады.

«Әйелді періште» деген байларша, әдебиетті қол жетпейтін көктің періштесі деу қате. Әдебиет адамның тұрмысынан алынса, өз тұрмысына адам өзі тәңірі. Олай болса, адам әдебиеттің құлы емес, әдебиет адамның құлы.

Төңкерістің коммунист ұлдарында, Темірбайдікіндей жарылып кетейін деп тұрған жүрек болмайды. Олар әдебиет, мәдениет, бай, құдай бәрін балғамен, найзамен құл қылып алады.

«Социализм мезгілінде өкіметті ас пісіретін әйелдер басқара алады»,— деген жолдас Ленинның сөзі бар. Біз социализмге тармасып келе жатырмыз.

Темірбайдың «Әдебиет оқудың түбіне жеткен ғалымдардың еншісі» дегеніне қосыла алмаймыз. Он екі фәнді тамам қылған молда білсін деп отыра алмадық. Әдебиет аз оқығанның да еншісіне тиеді. Төңкеріске қарсы байшыл философтар, тұрмыс күресінде сол оқиғаны басынан кешіріп отырған жұмыскер көп біледі. Тәжірибемен Темірбай есептеспесе де біз есептесеміз. Жазған сөздерінің түріне қарағанда, Темірбай көп тәңірінің пендесі ме деп қорқам, әйтпесе коммунист болса «Исторический материализмді» оқып шықса, әдебиет кімнің еншісі екенін біл, илан дер едім.

IV—«Сәкен есі жоқ әңгі» дейді. Қазақ әдебиетінің ағасы Абайды, 1905 жылдан соң өлең жаза бастады, ол қазақ әдебиетінің ағасы емес»,— деп айтты дейді. Егер Темірбай бұл араға құмарланған болса, жазылған сөздерді қайта-қайта оқып, не жазылғанына түсініп барып кіналау керек еді. Сәкен айтады: «Осы адасумен адасып отырып қазақ әдебиеті, 1900 жылдан бері шықты».

1905 жылдың жұмыскер қозғалысынан кейін, ұлт сезімі туа бастап, қазақ оқығандары тіл түзеу дегенді жарыққа шығара бастады. Бірақ сол әдебиеттің жас уақытында, бірен-саран өлеңін қазақ тілінде жазғандар болды. Мәселен: «Абай» дейді. Бұдан Сәкеннің Абайға Темірбайдан артық баға беріп, тарихи сынай білгендігі көрінеді. Сәкен Абайды 1905 жылдың бергі жағында өлең жазуға кірісті деп отырған жоқ, әдебиеттің балаң кезінде яғни 1900 жылдан бұрын жазды деп отыр.

V—«Егерде мен Сәкендей соқыр болсам, орысша оқыған қазақ ақындары орысша сөз кіргізіп, қазақ тілін бұзды дер едім» деп Темірбай Сәкенді және түйреп өтеді.

Айнала қарағанда, Темірбай әдейі біліп адасып отыр да, болмаса өзі білмей, біреудің дегеніне еріп отыр.

Бұл туралы Сәкеннің сөзі: «Қазақ елі орысқа бағынып, орыс оқуын оқығандар шыға бастағаннан кейін, әдебиетшілердің әуескерлігі орысшаға ауа бастаған. Бұдан былай сөздің ішіне орысша кіргізу мақсұт болған. Орыс тілін білгенбілмегенінде жұмысы шамалы, аз-мұздап білген тілін өлеңінің ішіне кіргізіп қалуға ақындар өте ынталанған дейді. Бұл сөзден орысша оқып шыққан ақындар өлеңдеріне орысша қосты деген мағана шықпайды. Елдің надан ақындары орыс тілін қызық көріп, білмегеніне қарамай өлеңіне орысша сөз кіргізуге тырысқандары айтылады. Оған анау бір ауыз өлең дәлел. Сол өлең оқыған қазақтың жазғаны ма, болмаса надан қазақтың жазғаны ма, Темірбай соған қарауы керек еді. Орыс школының бетін көрген кісі «Принимать», «Здравствуйте» деген сөздерді «Прьмить», «Зьдрасти» деп өмірінде айтпайды. Сәкеннің бұл сөзін дәлелдеу үшін, Николай патшаның таққа мінерде Омбыға келгенінде Ақан серінің айтқан бір ауыз өлеңін келтіруге болады.

Темірбай не деп түсінер екен (өзінің аузынан шыққандай қылып көшірем):

«Бірінші» здырау, жалаю,
Уасем прьсентуа жестуа,
Беликий князь басында тәж,
. . . . . .
О судар грабитель, сен сабаз.

Мінекей Ақанның осы өлеңдерінен не аңғаруға болады. Жалғыз-ақ оның өлеңінің ішіне орыс тілін кіргізуге әуреленгендігін аңғаруға болады. Бұны Ақан еріксіз айтты деп Темірбай маған пәле салса, мен Темірбайға қазақтың бозбаласының «қыз ойнақта» айтатын өлеңдерінен мысал келтірсем тоқтар деймін. Әрине қазақтың қызы жігітін өлеңіне орысша кіргіз деп қыстамайтынына Темірбай сенер.

Көптен көп поклон айттым скажия,
«Сен тұрсаң уағадаңда спасиба,
Сөзімді ескере ала ескерсеңіз,
Шеструй хорошенкей сватия».
. . . . . .

«Мінгенім дәйім менің сабырасынай,
Кемпір мен шал ойнайды напрасынай,
Ойнаса бозбала мен қыз ойнасын,
Екеуі полный пошом сагласынай».

Қысқасын айтқанда Темірбайдың түзу жүріп келе жатқан атты бұрып шалдырғысы келгені болмаса, орыс еліне араласқаннан кейін, қазақ өлеңіне орыстың сөздері бұзылып,

жарылып, тілімтегі кіріп, қазақ әдебиетінің сиқын бұзуы хақ. Тегінде нені болса да білген бүлдірмейді, білмеген бүлдіреді.

Бір ерегіспен аузынан шығып кетсе де, Темірбай мұны мойнына өзі де алар деймін.

VI— Омар туралы Сәкен мақаласының ішінде «Әсіресе сол кезде Ғалияда оқитындарға қосылған Омар Қарашұлы» деген сөз «Ғалияда оқитын Омар Қарашұлы» деп жазудан қата кеткен.

Сәкен де, мен де ұлтшылдарға беретін бағамыз шамалы. Сонда да кім де-кімнің істеген ісін бағалай білеміз. Омардың (қай сан екенін білмеймін) «Қазақ» газетасына қазақ тілі туралы жазған мақаласы бар, Сәкен соған сүйеніп айтты. Қорытып айтқанда, қазақ емлесіне бір кісі көсем болып, мұлтіксіз шығарды дей алмаймын.

Мұныма «емленің» табаны әлі жерге тимей, мың кісінің сынына түсіп жүргені тарихи дәлел.

Жоғарғылардың бәрін қорытып келгенде мен өзім мына пікірге келдім: Темірбайдың жұмысы әдебиетті сынауда емес, Сәкенді сынауда. Менің ойымша әдебиет Сәкен емес те, Сәкен әдебиет емес. Жалпы әдебиет туралы Сәкен пікірін жарыққа шығарғанда, қате жерлері болса, Темірбай түзеп әділ төресін беретін жөні бар емес пе еді?

Егер өзінің айтқанындай қолынан келмесе, бір ауыз дәлелсіз біреуді балағаттау неге керек еді?

Егер «Ақ жол» басшылары Сәкенді бейпіл сөзбен мұқатам десе, ата-енесінен түк қоймай лағнаттаса, мынасынан сыпайы болар еді.

Темірбайдың сынынан оқушы нені ұқты? Әрине, Темірбайдың Сәкенге дұшпандығын, аяғынан қалай шалуды аңдып жүргендігін ұқты.

Бұған қарағанда Темірбай Сәкенді өз ойынша жас буынға ложное понятие берді деп кінәласа, өз қара басының өкпесін газетке жазып, дәлелсіз біреудің бетін тырнап, арына қолын сұғып, ұжданын ұмытты деп біз Темірбайды кінәлаймыз.

«Еңбекші қазақ»
1924 жыл, 24 март, № 183

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА ХАТ

«Сәбит!

Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің «Теңіз тепкісі» жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын. Негізінде оны қысқартып, яки түзегеніңе алғыс айтпасам ренжімеймін ғой. Бара салысымен басу жағын қарастырғаның, мені ілгері сүйремесе, кейін кетірмес. Біраз елігіп алғашқы екпінмен көркжерді жазып тастауым да мүмкін. Шарт деген жағын өзгертуге құмар еместігім саған жасырын сыр болмауы керек: мен гонорары емес, еңбегімнің өзін бағалайым. Менің көбінесе көкейімді тесетін ақшасы емес, жазғанымның іске аса алғаны екендігін аңғар. Енді хатыңды бөлшектейік:

Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір бет алыста, жазғырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім. Әрине, сендер көп. Әр жерде тексерген болармысыңдар. Бұлай болғасын көпшіліктің ауқымы ұйғарды — мен риза. Одасын, көпшілік көптен бері төселіп келе жатқан, бауыры жазылғандар, мен — шикі. Сондықтан сендердің — төселген көпшіліктің бетінен алуым әлсіздігімнен басқа нені көрсетер дейсің.

Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жек көрем. Әсіресе болмысы, тұрмысы... тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен.

Осы күні (меніңше) жазушылар «саяси жақ» деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күйде болса да, менің жазғандарым көлденең материалдарды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (әзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде жазып кете алған күнде де тастамаспын деймін. «Теңіз тепкісіне» де бірталай көлденең материал кірген себебі сол еді.

Етістік деген бір ит қой. Өткен, қазіргі, келешек уақыттары араласып кетуі мүмкін. Алғашқы хатымда біраз беттерді көрсетіп едім ғой. Сөйлемнің аяғы көбінесе сказуемоеға тоқтайды да, сұмдық бәле болады.

Түгел алғанда, алғашқы адым әлсіз екендігіне не күдік болсын, кейбір алып тастаған жеріңе қарсылығым болса да баспаға беріліп қалғасын, әңгіме қысқа ғой. Мысалы: «Теңіз тепкісі» мен «Тулаған толқынның» қайсысында адамгершілік, достық көп екеніне таластан кейін ғана мойын сұнар едім. Матвейдің бай екені, бір жанды жасыруға бөгеті жоқ еді. Өйткені, ол саудагер, қазақтардың балығын алып үнемі еңбегін жейді. Байлар көбінесе, іштен жейтін әдетін ескермеген екенсің.

Қысқасы, кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс. Сыншылар, кемін көрсетсе тіпті жақсы.

Қайтадан сенің хатыңа келейік (басына қарай). Сенің «Ағаш қамшың» маған да тиетін секілді (кейбіреулер «бәлен жолдамын» деп, босқа компиятыны бар ғой, сол секілді болып кетпесе?). Өйткені қалам сүйген болып, «идеология» деп шатасудан құр емеспін ғой. Басқалардың неге қатынаспайтынын білмеймін, өзім туралы мынаны ғана айта алам: мен болып жатқан айтыс-тартысқа[1] қатынаспаймын демейім. Айтысты ұнататынмын да, ешкімді сынап көрмесем де, сынауды жақсы көретін әдетім де бар. Қорықпаймын да, түсінемін де. Бірақ мен қалам сүйе бастағалы мынадай екі кесір ұшыраттым: бірі, айтыс болып жатқан жерден алыс жатқандығымнан, кезінде қол жетпей қалады. «Е. Қ.»[2] көбіне дұрыс келмейтінін білесің ғой. Әлгі Шаймерденнің де, тағы біреулердің, Елжастың, Әзімбеттің, тағы басқалардың сынын көргенім жоқ, естідім ғана. Солар секілді нәрселердің көбі көрілместен кетеді. Кейде басын, кейде ортасын, әйтеуір бірдемесін толық оқи алмай қаласың. Солай болғасын қатынаса алу қиын.

Мен жазу ісіне қатынаса бастағалы жазатын орындардан кеудеге итеру болмаса, өзіне тарту көргем жоқ. Әрине, жазу

---

[1] Көркем әдебиет туралы айтыс.

[2] «Еңбекші Қазақ» газеті.

үшін газет маңында қызмет міндет емес, Мадагаскарда жатып та жазуға болады. Бірақ газет күнбе-күн сабақ береді. Одан кейін де газетке жазып қарадым. Ең нашар дегендерімді басады да, жақсы дегендерімді баспады. Саған айтылмаған мынадай бір әңгіме болды. Былтыр «Оқшау сөз» бәйгесі кезінде Омбы оқушылары бірігіп «Е. Қ.» қа екі оқшау жібердік. Біреуі «Қалаудың өмірі», екіншісі «Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеміз?» деген. Оқшаудың иесі Қартқожа еді. Сөзін құраған мен едім, екі рет Омбы оқушыларының алдында оқып, сынап түзеп, жібергенбіз. Біреуі де басылмады. Өйткені бірі (алғашқысы) Аббас туралы да, екіншісі Абдрахман туралы да. Коммунистерді түйреулеріміздің өзі бір қате болар. Бірақ біз кім екені туралы, ашық түсіндіріс бергеніміз жоқ еді. Баспады. Екінші рет, барлық оқушының қолын қойып «басылуын» сұрап жаздық. Міне осы арада бір иттік араласты. Біздің хатымызды конвертін жыртып оқыпты да, «Е. Қ.» Қызылжардағы «Б. Т.» ға[1] айдап кеп қалыпты. Сыртында «Айсаринге» деген бар да. Дәлелі сол. Бірақ хат емес, мақала болғасын, мақала екенін конвертті жыртып оқып көргенсін, Айсарин неге қудырады? Міне бұл иттік. Күздігүні «Көлеңкенің көлеңкесі» деген бір оқшау тағы жаздым. «Е. Қ.» өз кемшіліктерін айтса баспайтынын, кейде басындағы қызметкерлерінің ыңғайында кететін жақтарын айтқан едім. (Дұрысында баяғы Молдағали, Смағұлдардан бері қарай Аббасқа дейін «Е. Қ.» арқылы өз әдістерін жүргізбейді дей аласың ба?) Бұл және басылмады. «Е. Қ.» қа жазу да, таныс біреуі болмаса, мақаланды оқу да қойылды. Сөйтіп газетке қатынаспай, күнбе-күнгі хабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам кітап жазрым келеді. Осының барлығы «Ағаш қамшы» етпей не қылады? Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын, кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ өйтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келді. Мені нағыз сүйетін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын.

Сен оқуға барамын дейсің бе?— Қайда? Қашан? Неге? Тоқта! Ендігі жылы бірге Литхуд[2]қа барайық! Жарай ма? Жаз! 15 майда елге келу ерте...

---

[1] «Бостандық туы» газеті.

[2] «Көркем әдебиет институтына дегені.

Сәбит! Ғабит мына хатын аяқтамай кетіп қалған екен. Почта келіп қалғасын мен беріп жібердім, қалған сөзі болса тағы жазар.

Өзіміздің бәріңізге көп-көп сәлем! Хат жазыңдар. Мен өзіме тиісті ақшаны күтіп тұрмын.

Достық сәлеммен Хұсни.»

1928 жыл, 18/IV

«ҚАЗАҚСТАН БАСПАСЫНЫҢ» ЖАЙЫ

Қазақстан республикасы құрылғалы сегіз жыл өтсе де, «Қазақстан Мемлекеттік баспасы» құрылғанына бес-ақ жыл толды. Әрине, бұл аз ғана уақыт. Бірақ осы аз уақыттың ішінде де мәдениет майданының едәуір істері істеліп қалды. Тізгінді алып, социализм құрылысына кірісе бастаған жұрт-шылық баспасөзді де алға сүйреді. Төңкерістен бұрын, төңкеріс қарсаңында, төңкерістен кейін туған қалам қайраткерлері, белсене жазу ісіне кірісті. Біреу «Тап» деп аттанды. Біреу «қазақ» деп, біреу «бай», біреу «кедей» деп аттанды. Кейбіреулер екі енені кезек еміп, жүзін жұз құбылтты. Бәрі қосылғанда жұрттың сусап-аңсап отырған кезінде баспасөз ұйытушы бола алды. Октябрьден кейін туған жүздеген мектептерімізді сусындата алды. Саяси тілектерімізді елге жая алды. Кезекті науқандарымызға қолқабысын тигізді.

Біздің қай маңдайымызға кедергі болмаған. Осы баспасөз майданында да ірі кедергілеріміз көп болды. Баспа жұмысына тәжірибесіздігіміз, басқа мәселелердің бұл жұмысқа жөнді мойын бұрылтпауы, елдің мұң-мұқтажын дұрыс өлшей алмау, жазушыларымыздың әлсіздігі, қаражат кемдігі... тағы тағылар ірі бөгет болды. Баспасөз жұмысын бастап қолға алған кездегі қиыншылықтар көп уақыт істі жоспарсыз жүргізді. Сол кеселдер келе-келе сүйекке сіңген әдетке айналып, баспасөз жұмысын өмірге байланыстырмады. Жоспарлы деген ісіміз дұрысында өмірге жанаспай жоспарымыз далада қалып, ісіміз өз бетімен жүріп келді. Соның аяғы бұрынғы «Қазақстан Мемлекет баспасының» ажалына келіп соқты. Осы жиырма сегізінші жылдың жазғы тұры көк шыға «Мемлекет баспасы» опат болды. 1923 жылғы құрылған баспа, беске шықты да өлді.

«Қазақстан Мемлекет баспасының» ісі үшке бөлінетін-ді: бастыратын, басатын, тарататын бөлімдері бар да. Іске шорқақ болып, өз ажалына өзі ортақтасқаны болмаса, оның қолында барлық жағдайдың да кілті бар еді (басынан болмаған күнде, ұзамай-ақ болған). Әйтсе де жоспарсыз іс былығып алды да «Қазақстан Мемлекет баспасының» жабылуына себеп болды.

«Қазақстан Мемлекет баспасы» жабылатын болғасын, әлгі үш бөлімді Қазақстан өкіметі үшке бөліп жіберді. Кітап басатын (баспахана) бөлім шаруашылық мекемесіне көшті де, кітап тарату бөлімі (кітап тарататын магазиндер) округтің Атқару комитеттерінің қолына көшті. Сөйтіп, бұрынғы «Қазақстан Мемлекет баспасының» орнында жұрдай болып бастыру жұмысын басқаратын —«Қазақстан баспасы» қалды. Міне біздің әңгіме осы туралы болмақ.

«Қазақстан баспасы» жиырма сегізінші жылдың май айының аяқ кезінен бастап іске кірісті. Бұрынғы баспаның ащы тәжірибесінен аузы күйген ісі жоспарлы, ықшам, (барлығы бес саусақтай санаулы болып тұрмаса да өз өмірінің ішінде отыздан астам кітап шығарды. Алдағы жылдың ішінде төрт жүзге тарта кітап шығармақшы. Жасалған жоспарға қарағанда бұл кітаптардың басылу (өндіріс) шығыны: жарты миллион сомнан артығырақ болмақ.

Тиражы 1.340.000-дай.

11785 баспа табақтай.

Міне бұл «Қазақстан баспасының» бір жылда бітіретін жұмысы.

Бірақ әңгіменің ең күштісі мұнда емес, екінші нәрсеге байланысты. «Қазақстан баспасының» қолында кітап, журнал бастырып шығару бар да, басылып шыққан әдебиетті тарату құралы жоқ. Бұрынғыдай емес, кітап сататын магазиндер «Қазақстан баспасына» қарамайды, жергілікті округтік аткомдерге қарайды. «Қазақстан баспасы» кітапты бастыруын бастырса да, таратуға тұк қатынасы болмайды. Міне, әңгіме осында тұр.

«Қазақстан баспасы» жылына қанша кітап бастыруға шамасы келетінін білсе де, соның қаншасы тарайтынын біле алмайды. Солай болған соң бастыру мен таратудың арасында үлкен кедергі бар. Ал енді, кітап бастырудың көздеген мақсатына келсек: кітапты бастыру ғана мақсат емес, ел ішіне таратып мәдениеттің үлкен құралы ету мақсат қой. Әдебиет елдің рухани өмірін тәрбиелеу үшін таралу керек дейміз. Бәріміз де осыны айтамыз.

Осы «Тарату» деген жағы бізде өте нашар. Нашар емес, «Қазақстан баспасында» жоқ.

Бұрынғы «Қ. М. баспасының» қолында кітап тарату құралы болған. Бірақ оны өмірге жанастырып жөндеп құра алмаған. Соның кесірінен қазіргі «Қазақстан баспасы» «тарату» құралынан айрылып отыр. Екінші түрлі кітап тарататын жолы және жоқ. Жолы емес-ау «тарату» дегенді қолға алуға еркі жоқ.

Өкімет ұйғарындысымен, округтік аткомдердің қарауына көшкен кітап магазиндеріне келсек, олар бұрынғысынан да нашарлап кетті. Қайта, бұрын тәуір екен. Өйткені «Қ. М. баспасы» өзі қысылып бара жатқанда, магазиндерді түрткілейді ғой...

Ал енді, ел кітап ала ма, елге кітап керек пе? Сөзсіз алады. Керек түгіл мұқтаж. Елге кітап таратып болады. Қай ауылға барсаң да, қай қалаға барсаң да, қай мектепке кірсең де, кітапсыз сусап отырғанын көресің. «Құрал жоқ, кітап жоқ. Қазақ әдебиетінен аулақ қалдық!» деп шулап отырғанын естисің. Бірақ елге қаладан өзің келіп ал деуге болмайды, апарып беру керек. Біздің кітаптар өмірінде ауылдың қарасын көрген емес. 23 жылғы басылған кітаптардың әлі ел қарасын көрмегендері бар. Дұрысында, енді оқуға да жарамай қалды.

Баяғы кезде «Кітап-құран, Нұрғазарын, Салсал, Зарқұмдар» елге тарайтын еді? Осы күнге дейін кей үйдің сандығының түбінен сол қыссаларды табуға болады. Мұның себебі не? Мұның себебі: бұрынғы кездегі шолақ саудагерлер сол қыссаларды ауыл-ауылға қыдырып жүріп тарататын. Жүнжұрқаға айырбастаса да, мақтап-мақтап өткізетін. «Қырық мисал», «Бақытсыз Жамалдарды» былай қойғанда түрк, татар, фарсы тілінде басылған әдебиеттердің көбі қазақ еліне де тарайтын. Анда-санда болып тұратын базарларға кітап толып кететін. Малын сатып көңілденіп тұрған қазақ үйіне бірекі кітап та сатып ала келетін. Сонымен «Бақырған», «Көрің қадірлер» де қазақтың еліне шығатын. Сол базарларға кітап әкелетін де шолақ саудагерлер болатын. Міне, біз сол шолақ саудагерлер құрлы бола алмай отырмыз. Сол шолақ саудагерлердей бола алсақ, ел кітапсыз отырмас еді. Қараңғылығы қалың кезде, түгіне түсінбесе де, кітап алатын елге аз да болса қара танитын кезінде кітап тарата алмай отырмыз. Бұл өнегелі іс емес. Таратпасақ кітап басып керегі не?

Осы күні кітап «қысса» емес елдің өзінің тұрмысына байланысты, қанымен қайнаса шығып, күнбе-күн өміріне жетекші болып шығып отыр. Арабшыламайды, татаршыламайды,

фарысшыламайды, тілі түсінікті. Қара танығаң қазақ түсіне алады. Бұрын 5—6 адам жиналып біреуіне «Қысса» оқытып өзгелері маужырап тыңдап отыратын еді ғой. Сол әңгіме, қыссалардың әкесі осы күні басылып отырған жоқ па? Көзі жасаурап, көңілі босап «Қысса» тыңдап отырғанды осы күні ұшырата алмайсың. Бұл жағынан кітапханаларымыз да мақтана алмайды. Оқытар да еді, тыңдар да еді, жылап, қуанар да еді, қолдарына жақсы «Қысса» түспейді, әдебиет ауылға бармайды.

Губерналық қалалардың магазиндерінде бір-бір ақ тұмсық әйел тұрады. Қазақ әдебиетін қазаққа өткізе білмейді. Қазақша кітап сұрасаң, Ақаңның «әліппесін», Жақаңның есеп құралын ұсынады. Әйтеуір осы екеуін ғана біліп алған. Өзгені білмеймін: «Ондай кітап жоқ шығар!» деп тұрғаны. «Болмаса мыналардың ішінде жоқ па екен» деп алдыңа көпіртіп үйе салады. Қоқып жатқандардың арасынан іздегенің табылады.

Осы күні бір сұмдық және шығыпты. Қызылорданың кітап магазиніне баршы! Кітаптарды қабырғасын көрсетіп қатарламай, түбін көрсетіп қатарлайтын өрнек табылыпты. Сонда кітаптың сыртындағы суреті де, кітаптың аты да, жазушының жөні де көрінбейді. Кітаптың жазусыз түбі ғана көрінеді. Кітап ала келген қазаққа:«Қандай кітап керек: Өзің атын айт!» дейді. (Қазақ бар кітаптың атын жаттап жүрген болар ма!?). Мұны талай көрдім. Бұл қазақтың мінезін білмегендік. Керек болса, қазақ сол магазинге кітап ала келген жоқ. Онда қайтесің? Ол қант, шай, мата бар ма деп кіреді. Көзіне көрініп, мені көрдіңбелеп әп-әдемі болып тұрған кітап көрінсе, қазақ қызығады да, алады. Кәдуілгі қазақтың мінезін білмейміз! Әбден мәдениетсіз ауылдан қара үзіп, «мәдениеттеніп» кеткендік қой. Әйтпесе кітап сатушы, кітап сұраған қазаққа кітапты жаландатып көрсетіп, аз-мұз мазмұнын айтып, мақтаса, қыздырса, күнә бола ма екен?

Кітаптың атын келген адамның өзінен сұрайтындарың не, көрсетіп қызықтырсаңдаршы десем:

— Ой, қазақты білеміз ғой. Текке балтаит! Ол кітап алмайды, біз жақсы білеміз,— дейді.

Ұнамсыз-ақ мінез әйтеуір...

Бізде кітап таратудың жолдары бар ма?

— Бар, бар болғанда да ірі жолдары бар.

Олар менімше мыналар:

I— Ең әуелі қазақ елінің кітап оқуға жарап қалғанын қатты ескеру керек.

II— Губерниялық қалаларымыз елден ауық болғандық-

10575

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
город ПЕТРОПАВЛОВСК

тан, ондағы кітаптар елге бармайды. Қалада кім тұрса, соларға ғана таратылады. Олай болса кітап сататын магазиндерді елдің ортасына апару керек. Осы күні аудандық аткомдер, волкомдер елдің мәдени кіндігі болуға айналды. Маңайлары ағыл-тегіл халық болып тұрады. Тым болмағанда сол аткомдердің қасынан кітап магазиндерін ашу керек. Жеке ашу қиын болған жерде, аудандық кооперациямен байланыстырылсын.

III— Қазақстанның түрлі қалаларында түрлі уақытта, ұзақ уақыттық базар болады, сол базарларға кітапты төгу керек. Базарда кітап көп тарайды. Айлап базар болатын. Ойыл қаласында кітап магазині жоқ екен! Бұл сұмдық емес пе. Бұл әр жерде толып жатқан сұмдықтың бірі ғой...

IV— Қазақстанның ішін аралап кететін темір жол бар. Темір жол бойы қаз-қатар станция. Станцияларда кітап сатылады. Сол станциялардың үйшігінде қазақ әдебиетін де сату керек. Осы күні қазақ поезд маңына жиі келе бастады, қорықпайды. Жүргінші қазақ толып жатады. Поездбен кетіп бара жатқандар кітап алғыш келеді.

V— Әжептәуір қалалардың көше-көшесінде сондай үйшіктерінде қазақ әдебиеті неге сатылмайды? Егер үйшігі жоқ, бірақ қазағы бар қала болса, үйшік жасау сондай қиынақ па?

VI— Кітап сататын магазиндер жеке адамдар арқылы да кітап таратуға болады. Мәскеу, Ленинградтың сондай жеке адамдары (контрагент) қай қалада болса да ұшыраса береді ғой?

VII— Осының бәрін істеп, бәрін басқарып, бір жағынан барлық баспамен тура байланысып отыратын аймақтық бір мекеме болу керек. Жоғарғы айтқандардың бәрін сол орындауға міндетті болсын.

Жоғарыда көрсетілген орындарда жалғызақ қазақ әдебиеті емес, басқа ұлттардың да әдебиеттерін таратуға болады.

Бұларды істеу, әрине, шығынға байланысты. Мәдени төңкеріске кірісетін болсақ, кітап тарату да сол төңкерістен орын алады. Ешбір төңкеріс шығынсыз болмайды. Олай болса кітап таратудың шығынынан қашпау керек.

Басылған кітаптың таралмай жатуының шығыны одан аз болмайды. Оның үстіне елдің әдебиетсіз, оны аңсап отыруы шығынның әкесі.

Осыларды істесек, «Қазақстан баспасының» ісі дәуірлей алады. Әйтпесе елге тарамайтын әдебиетті қоқытып баса берудің не маңызы болатынын мен өзім түсіне алмайым.

«Осы ақылыңды өзің неге істей бермейсің» деушілерге айтатыным: мен «Қазақстан баспасында» екенім рас, бірақ кітап тарату «Қазақстан баспасында» емес, Қазақстанның өкіметінің қолында. Маған айтқызып отырған «отқа жақынның қолы күйеді», деген секілді, баспасөздің арқасына батып бара жатқан жағдай.

Сондықтан уақыт өтпей, санды соғудан алысырақ тұрғанда, жұрттың құлағына салып жатқаным ғой.

«Еңбекші қазақ»
1928 жыл, 5 ноябрь. № 256 (128).

ӘДЕБИЕТ АЙТЫСЫНА

Бізде әдебиет айтысы басталғалы едәуір жыл болса да, әдебиет мәселелерінің көбі-ақ дұрыс шешілмеген сияқты. Айтысқа қатнасқандардың әрқайсысы өз пікірін жақтап, әдебиеттің тура өзіне жөн сілтегені жоқ деуге жарарлық. Айтыста оқушылар ешқайсысына да түгел қосылған жоқ. Бір сыншының бір пікірі дұрыс болса, екіншісі қате. Сонымен бұл мәселеде едәуір даңғазалық та жоқ емес.

Әрине бұлай болуына таң қаларлық дәнеме жоқ; сонда да негізді мәселелер жайында негізді бір пікірге келетін уақыт болып та қалды. Әсіресе ақын-жазушыларымыз сандалып болды. Бір күні бері тартылады, бір күні әрі итеріледі. Олармен бірге әдебиетіміздің кімдікі екені де үлкен дауда жүр. Бұған әлі күнге дейін болып келе жатқан іркіс-тартыс айтыстар, бір «шешілген» секілді сұраудың қайта жаңғырығып қойыла беруі (жаңғырғанда да бастапқы күйінде қойылуы), оның үстіне бұл мәселені өлкелік партия комитетінің қолға алайын деп отырғаны толық дәлел. Тегінде партия комитетінің байламы шыққанша ешбір сыншыға сенуден қалдық-ау деймін.

Міне сол әдебиет жайында өз пікірімізді ортаға салмақшымыз. Мәселесінің бұтағы көп, тамыры тармақты, терең жатады ғой. Сондықтан бірді-екілі сұрау жайында толық айта алсақ та — қанағат.

Бізде (Қазақстанда) пролетариат әдебиеті бар ма?

Жақын арада Ғаббас жолдастың «Әдебиет және сын мәселесі»— деген кітабы шықты. Іле, Мұсаұлы Әйтке жолдастың мақаласын көрдік («Еңбекші қазақта» басылды). Жоғарғы сұрауға бұл екеуі де бір ауыздан «жоқ» деген жауап берді. Пролетариат әдебиетінің болуына, үстемдік алуына шек келтірмесе де, «қазіргі күннің өзінде ауызға аларлық про-

летариат әдебиеті бар дегенге қосыла алмаймыз. Бұлай деушілер өзін де алдайды, жұртты да алдайды»— деді Ғаббас (кітабының 43-бетін қара). Міне бұл пікірге біз де қосыла алмайтынымызды айтпақпыз. Шамамыз келгенше дәлелдемекпіз.

Біздіңше, бізде пролетариат әдебиеті бар ма деп сұрауды жекелей қоюдың өзі онша дұрыс емес. Өйткені өмірі, тұрмысы, шаруашылығы, саясаты бөлек, жеке жатқан Қазақстан жоқ қой. Біз Кеңестер Одағының бір бұрышымыз. Кеңестер Одағында шаруашылық, саясат, үстемдік, мәдениет, әдебиет — бәрі пролетариат қолында. Қазақстан шаруашылығы, саясаты, үстемдігі Кеңестер Одағымен тұтасып жатыр. Әңгімені жалғыз әдебиетке аудармай негізімен тұтас алатын болсақ (біздіңше тұтас алу керек) негізіміз бірігіп жатыр. Олай болса, негізі бірігіп жатқан Қазақстанның шаңырағын бөліп алу қате. Қазақстан Кеңестер Одағының бір отауы. Дем алысы, қимылы, жүрегі, ауаны, ісі сол «(үлкен үймен)» бірге. Әдебиет, мәдениет жақтарындағы ақсақтығымыз шаруашылығымызда да бар. Бірі орасан алда, бірі орасан артта емес. Кеңестер Одағының әсері қай жағымыздан болса да бірдей тиеді. Тиіп те отыр. Шаруа, саясат, тілек, бәрі кіндіктесіп жатқанда, әдебиет мәселесіне келгенде бөлектену дұрыс емес. Бұл кіндіктескендіктің жалпы алғанда Кеңестер Одағына қандай әсері болса, бізге де сондай әсері болады. «Ұлт әдебиеті» (түрі) дегеніміз тап әдебиеті ғой (мазмұны). Біздің жаңа әдебиетіміз тап жолына түсе алған жоқ деу қиын болар дейім. Пролетариат тілегін соғып отырған жаңа әдебиетіміз бар. Шаруашылық қарым-қатынасын, әдебиетті соңына ертетін жағдайды, пролетариат ісінің тұтастығын көріп отырып, Қазақстанды жекелеуді қате деймін. Бұл Смағұл күркесінің түтіні. Смағұлдың бөлісі зиянды бөліс. Бұл «бөлшекті де» жалғау керек. Сонда ғана шындыққа жақындаймыз. Бізде де пролетариат үстемдігі, бізде де социалшылық құрылысы, бізде де пролетариат күресі (байлар қалдығы, ескі салт-санамен) бар. Біздің әдебиет те осы күрестің құралы.

Үстемдік демекші, Ғаббас бізде пролетариат үстемдігі дегенге де қосылмайтын секілді. Сол кітабының отыз сегізінші бетінде:

«Өсетін әдебиет қашанда болса үстем жұртшылыққа сүйенеді. Бізде үстем жұртшылық кедей жұртшылығы, еңбекшілер жұртшылығы. Қазақтың үстем болатын әдебиеті де осы жұртшылыққа сүйенбей ме?» депті! Әрине, біз пролетариат үстемдігі дегенді жақсы білеміз, «кедей үстемдігі» дегенге

тіпті қосылғымыз келмейді. Сондықтан үстемдік алатын «кедей әдебиетіне» де илана алмаймыз. «Кедей» мен «пролетариат екі» басқа екенін есімізде ұстап, оны Ғаббастың жақсы білетінін де ұмытпай отырып, Ғаббастың мына бір байламын түбірімен қате дегіміз келеді:

«Біздің кедейшіл ақындарымыз көп жазғандарында коммунист көзімен көріп жаза алмай отыр. Геройлары ауыл кедейі — ауылдағы жылқышы, қойшы, ауыл коммунисі, ауыл әйелі. Пролетариат ақыны дейтін Сәбиттің де көбінесе жазып отырғаны ауыл кедейі». (Ғаббас кітабының 45 беті).

Қазақстанды жекелеме дейтін тағы бір себебіміз, біздің әдебиетте жалпы пролетариат ісінің тақырыбына жазып отыр. Мысалы:

«Жасайды Совет!», «Жасасын октябрь!», «Коминтерн жасайды!», «Советстан», «Экспресс», «Жаңа ауыл», «Кооператив», «Қуды кеңестен қу», «Сойқанды содыр», «Коллектив», «Трактор», «Қаскүнемдер», «Бөліс», «Конфеске», «Ауылнай әйел», «Қызыл отау», «Жаңа жол бойында», «Түркстан жолы» деген шығармалар бар. Бұл тақырыптарға ондаған, жүздеген өлең-әңгімелер жазылды. Біздіңше, бұлар пролетариат жорығында жүрген жазушылардың күйі, пролетариат ісін істесіп жатыр. Сондықтан біздің әдебиетті бөлуге де қарсымыз.

Әдебиет мәселесі социалистік құрылысымыздан бөлек, өз алдына жеке тұрған автономиялы нәрсе емес. Пролетариат үстемдігі, пролетариаттың социализм орнатуы, шаруашылықты соған қарай бейімдеуі, ескілік салт-санамен күрес — осының бәрі де одақтық көлемде қосақталып жатқан жұмыс. Бәрі пролетариат жұмысы. Бұларды істеушілердің жүрегі де, білегі де бір, бұлар пролетариат әскері. Біреуі машина дөңгелегімен бірге зырылдап тұрса, біреуі байлардың қанауынан батырақтарды құтқарып, қайта өзіне «қожайын» қылып қойып жатса, мұның арасында орын айырмасы ғана бар. Іс, күрес біреу-ақ. Біреуі байлар табының салт-санасымен күресіп жатса, бұ да сол күрес, бұ да социализм құрысып жатқан пролетариат әскері. Әдебиет те сол жұмыстарды істеседі. Ақын «ойдыкі» емес, «сезімнің ғана адамы»[1] болса да, осы майдандарға ойланып қарайды. Ағарған, қызарған түстің бәрін бірдей «елең» қылмайды. Олардікі жай «өлең» емес.

Күресте көңіл көтеріп, күш беретін өлең-жыр — қару болмақ. Пролетариаттың шаруашылықты индустриаландырып жатуы ақынның өлеңіне де әсер етеді. Ақынның өлеңі ин-

[1] Ғаббасша солай болып шығады.

дустриаға да (шаруашылыққа) әсер етеді. Қай тұста болса да бұл екеуінің байланысы үзілмейді. Күрес, іс бұлардың қортындысы, бір беткей дейтініміз де осы.

Әдебиет көркемөнердің бір тарауы. Көркемөнер түгелімен шаруашылық қарым-қатынастың соңында болады. Шаруашылық пен саясатты қосақтап үстем таптың қолына берсек, көркемөнер аспанға ұшпайды. Солардың артынан кетеді. Керегіне жарап, сол таптың көркемөнері болады. Көркем түрде сол таптың тұрмысын, өткенін, келешегін, сезімін, ойын көрсетеді. Қоғам құрылысының елесі болып шығады.

Біздің жаңа әдебиетіміз пролетариат тілегін тілеп, күнбекүнгі ісін істесіп отыр. Жоғарғы келтірген тақырыптар бұған дәлел. Пролетариат сойылын соғып отыр. Рас, қай ісіміз болса да бірден жөнкіліп кете қоймайды. Сол секілді әдебиетімізде де кемдік бар. Бірақ «жоқ емес» қой. Біз де шамамыз келгенше жалпы пролетариат ісін істесіп жатырмыз ғой. «Ауылнай әйелді» жазғанда, іс істеп жатқан әйелді, көзін ашқан әйелді жазамыз ғой! Әйелді, қойшыны жырлау пролетариат ісі емес пе?

Бізде пролетариат әдебиеті жоқ деушілердің тағы бір қатесі, бұлар пролетариат әдебиетінің тірегі Сәкен, Сәбит, Бейімбет деп есептейді. Үшеуінің әсіресе Сәбит пен Сәкеннің қателерін бетіне басып айғыздап жатқандары, содан барып пролетариат әдебиетін, ақынын жоғалтып шыға келеді. («Тіл-аузымыз тасқа» бұл үшеуі бірдеме болып кетсе қайтеміз?!) Жаңа өсіп келе жатса да, жақсы өсіп келе жатқандарды көрмейді, бағаламайды. Жұмыскер, ауыл арасынан шыққан жүздеген, мыңдаған тілшілерді, балаң жазушыларды есепке алмайды. Әзір қатарлы орын алмаса да, атақты ақын атанбаса да пролетариат тілегін жырлайтындарды көрмейді. Бұларды есепке алу керек. (Бұларға әкеліп Сәбит, Сәкендерді қоссаң күрделі күшті көресің!) Бұлардың көркемдік тіл, пікір жағынан ұшырасатын кемшіліктері, пролетариат әдебиетін жоққа шығармайды, төселмегендігін, білімі кемдігін көрсетеді. Біздің міндет оларды үйрету, жазуларын түзеу, бірақ жоққа шығару емес. Әзір саны сапаға айналып бара жатқан сорлылықты көріп отырғанымыз жоқ!

Біз жоғарыда бірнеше тақырыптарды келтірдік. Сөз жоқ, сол тақырыптардың өзінен де кімнің әдебиеті екені едәуір көрініп тұр. Бірақ, ел тілшілерінің, жаңа жаза бастағандардың бір-екі ауыз өлеңдерін келтірсек дәлелдірек болар:

«Жиылыс ду-ду етіп ашылды топ,
«Маған бер, мен сөйлеймін,
— Саған сөз жоқ,

— Ал сөйле, Жәке, саған сөз берілді.
«Іреді тұра сала Жарқынбай кеп:
— Айтатын сөзім мынау сөйлесем мен.
«Жалтақтың анау-мынау кісісі емен,
«Байлардың танауына шерту керек,
«Артығын тығып қойып көлгірсіген»
— . . . . . .
. . . . . .
«Оқшаулау анау тұрған кооператив,
Маңына жұртты жинап топыр етіп,
Астығын Жуанбайлар төгіп жатыр.
Ыңқылдап, жыбыр-жыбыр-жыбыр етіп...»

(«Ауыл газеті». «Қол бір... жеңнен» деген өлең, 516 саны 29 ж.)

«Арам пейіл ауылда бай аз емес,
Қаны қара жүректері таза емес,
Кедейді езбек, күнде күрес аттапыс:
Тек әшейін кексіз ауру, наз емес...

Ауылда көп байдың әлі серкесі,
Дақ тимеген шонжарлардың еркесі.
Алдап, арбап кедейшіл боп жағынып,
Демі бітіп құрығандай діңкесі.
. . . . . .

Кедей-жалшы, келді міне сайлауың,
Шешпе нығыт дүшпаныңның байлауын,
Бұрын кірген арам сирақ құлардың
Керек болад сайлауыңнан айдауың!..

(**«Ауыл газетінің»** 492 саны, 29 жыл. «Тап дұспаны әлі мықты ауылда» деген өлеңнен).

«Шәкір, Асан, Бәкір, Досан,
«Кілең жарлы, емес малды,
«Жатпа қарап, істеп талап,
Бәрің бірлес, кеңесіп шеш.
Колхозға кір ұйымдас!
. . . . . .

«Еккен егіс, беріп жеміс,
Түсімі артып, өссін себіс,
Дейді біздің трактор.
Шәкір, Асан, Бәкір, Досан,
Бұл ақылды жақсы біл!..

(**«Кеңес туы»** 7 саны, 29 жыл, «Трактор» деген өлеңнен).

«Айда.. айда.... трактор!
Барып.. барып бір-ақ бұр!
«Күрілдеп даусы шақырып,
Басымызды құрап тұр!..
. . . . . .
«Серіктік, артельменен басын қосып,
Жиналған шаршы топтың алдын тосып,

Астына мініп алып трактордың,
Жиынға дүр-дүр етіп келді Жүсіп...»

(«Кедей» газеті 24 саны, 29 жыл).

Мінекей мұндай өлеңдер бізде толып жатыр. Мұны жазып отырғандар жаңа өсіп келе жатқандар. Жырлағандары кімнің тілегі екені, не істесейін дегені көрініп тұр. Ал, өлеңіне келсек, қай жері кем? Жаңа жаза бастағандарға бұл аз олжа емес. Бәрі де жақсы жазылған. Осылар секілді пролетариаттың күнбе-күнгі ісіне ат салысып отырған көркем әдебиетті (әңгіме, өлеңдерді) пролетариаттікі дейміз. Бәрінде де пролетариат тілегі бұлжымай орындалды деу артық соғар, бірақ өз шамамызша атқарып жатқан ақын-жазушымыз, әдебиетіміз барлығына бұл дәлел болса керек. Салғаннан қақтырмайтын пролетариат ақыны оңай шықпайды. «Жүре түзелетін қосты» біз өзіміз түзетіп аламыз. Қатемізді түзей отырып, дабылға барып түсеміз.

Осы келтірген өлеңдерде Сәбит, Сәкен, Бейімбеттердің тұқ қатынасы жоқ. Ауыл арасынан жаңа шыққандардікі. Керек болса Асқар, Жақандардікі де емес. Осылар иек сүйеуге қалай жарамайды? Біз пролетариат әдебиет бар дегенде «үш жайынға» ғана сүйенбейміз, соларға сүйене өсетін жас жазушыларға, Октябрь ұлына түгел сенеміз.

Барды көрмесеңдер, жаңа жазып келе жатқандарға мұрын шүйірсеңдер, «өзі болған атақтыларға» сүйеніп жазылған қисын өте қымбат болмайды. Оны жазған сыншы әдебиетімізге де, ақын-жазушыларымызға да қымбат сыншы болмайды, бізге құрғақ сыншы емес, әдебиетімізге де, жазушымызға да жәрдемі тиетін, демесін болатын сыншы керек. Мәз-мұны пролетариаттікі, бірақ көркем түрде айтылмаған, пернесіз жазылған, сондықтан басылмай қалатын әдебиет бізде аз ба? Қай басқармаға барсаң да үйіліп жатады. Сын соларды түзетіп, іске асырысуы керек. «Жаман жазылған» деп басылмайды, бірақ ол жуан қолмен долбарланған пролетариат әдебиеті. Олар күнбе-күнгі құрылысты жазады. Кеңес өкіметінің табыстарына таңдайын қағады. Құрметті сыншылар, сіздер асқақтап өте жоғары қарап жүрсіздер; шыққан төбелеріңнен төменірек түссеңдер, етектегіні түгел көресіңдер. Пролетариат әдебиетінің марксшіл сыншысы болам дегендерің осыны істеулерің керек!

Пролетариат әдебиеті жоқ деушілердің тағы бір қатесі — пролетариат әдебиеті, завод, фабрикті жазсын, завод-фабрик арасынан ғана шығады дегендей қылады. Бұл пікірді азырақ жамылтқылайды. Бізде бұл тақырып өте сирек аталады ғой:

содан барып пролетариат әдебиеті тағы жоғалып шығады. Ғаббас былай дейді:

«Бірақ, алайда негізінде пролетариат әдебиеті пролетариат тұрмысынан туады. Фабрик-завод, кен — міне пролетариат әдебиетінің ошағы осылар. Пролетариат әдебиетіндегі геройлар осындай жерден шығады». (кітабының 44 бетін қара). «Біз білген бұқарашыл ақындарымыз әлі қазақтың даласында жүр. Қазақтың шаруасының тұрмысын жазып жүр. Қазақтың жұмысшыларының тұрмысын жазғандар жоқтың қасында». (кітабының 42 бетін қара). Міне бұл Ғаббастың көзқарасы. Ғаббастың бұл солақайлығына әрине, қуанбаймыз!).

Бізше пролетариат әдебиеті деп қай тақырыпты болса да пролетариат көзімен көріп, пролетариат тілегіне дәл соқтырып жазса, соны айтамыз. Ауылды кеңестендіру, байды жер аудару, кооператив, өндіріс, қойшы-қолаңды, әйелді жетілту... бәрі пролетариат тілегі. Осыны талмай жырлаған ақынды пролетариат ақыны дейміз. Ауыл — қарашаруа ішінде отырған жазушы социализмді құрысқанда қай жерінен бастау керек? Бізше, өзі қай жерде болса, сол арадан түре тию керек. Далада отырып қаланы, қалада отырып даланы социализмге көшірем деп әлектенуден, отырған орныңнан бастағаның жемісті.

Қай тақырыпты болса да пролетариат көзімен көріп жазу керек, дегенге Ғаббас та қол қояды. Бірақ, «Бірақ... Алайда» деп айнып кетеді. Ғаббастың осы «Бірағының» құйрығынан ұстау қиын! «Жұмыскер тұрмысынан жазғандары жоқтың қасында» өзі бір қортынды. Одан «пролетариат әдебиеті жоқ» деп екінші қортынды шығаруға болмайды. Жұмыскер, завод тұрмысынан көп жазуға зер салу керек деген қортынды шығады.

«Бізге жалғыз пролетариатты, заводты ғана жырла демейді, пролетариаттың ісін жырла дейді. Іс істес дейді. Қай тақырыпты алсақ та не байға, немесе мещанға, не кедейге, не жұмыскерге сүйкімді етіп шығарасын — аспаннан салбырап түспегенің секілді, әйтеуір біреуінің сойылысын». Сүйкімді деп, қайсысының тілегін тілесең, ісін істесең, соны айтамыз. Біз сол тақырыптарды пролетариатқа сүйкімді етіп жазамыз да пролетариат ісін істестік дейміз. Біз шындықты, барды, шын болашақты жырлаймыз.

Біздің пролетариат әдебиеті бар деуіміздің бір үші «Қазақстан пролетариат — қарашаруа жазушыларының ұйымына» байланысты. Бізде бұл ұйым ашылғалы едәуір жыл болып қалды. Егер пролетариат әдебиеті, ақыны-жазушысы

болмаса, бұл ұйым ашылмас еді. Бірақ, ашылып отыр. Ұйымға ерік беріп, жәрдем көрсетіп отырған өлкелік партия комитеті қаталасқан жоқ. Ұйым ашу арқасында пролетариат әдебиетін жасаймыз, деген жоқ. Туа бастаған әдебиеттің өркендеуіне кең жол ашылсын деді. Өлкелік партия комитеті ойлап, өлшеп, пішіп отыр. Онда отырған жолдастар сезе де, ойлай да алады. Біздіңше қателесіп отырған Ғаббас пен Әйтке жолдастар. Бұлар «сезсе ойлай алмай, ойласа сезе алмай» отыр. Сондықтан барды жоққа шығарады.

Әрине Ғаббас жаңа пікір айтудан аман. Бұл ертеден бергі ұлтшылдардың, Ысмағұлдың «жоғы». Одан кейін өзінің жоғы, соны «дәлелдеп» отыр. Бірақ бұл пікірмен жиырма тоғызыншы жылы жарыққа шығу Ғаббасқа ерсірек. Егер Ғаббастың кітабын жиырма тоғызыншы жылы ұлтшылдардың бірі жазса, оған жарасып тұрар еді. Керек болса, ашықтан ашық айтуға оның тілі де күрмелер еді, ұрлап айтар еді.

Ал енді Әйтке жолдасқа өкпе жоқ. Шетте жүріп, елінің шын тұрмысынан көз жазып қалғандығы аңқып тұр. Бұдан сорақыны да айта алады.

Бұл пікірге қосыла алмайтынын «Қазақстан пролетариат қарашаруа жазушылары ұйымының» адамдары кезінде айтқан, дәлелдеген. Бұл мақала, әңгіме қайта жаңғырғандықтан туып отыр.

Енді пролетариат бағытындағы жазушыларымыз туралы бір-екі сөз айта кетейік.

Жоғарғы дәлелдерімізге сүйеніп пролетариат әдебиеті де, ақыны да бар дегенді айттық, өз ойымызша дәлелдедік. Бірақ, ескертейік дегеніміз: пролетариат әдебиеті, жазушысы бар дегенде, жеке алғанда мына жазушымыз түгелімен пролетариат жазушысы болды деуден аулақпыз. Қазірге жаңа жазушыларымыздың көбі (сонымен бірге жаңа әдебиетіміз) пролетариат тілегінде, соның бағытына түсуде. Түрімізге түгел түсіп болғанымыз жоқ, әлі де көп үйрену, өзімізді өзіміз пролетариат талқысына салу, пролетариат салт-санасына қосу секілді асқар-асқар жұмыстарымыз алдымызда. Біз пролетариаттың өз тұрмысын жете білмейміз. Пролетариаттың ісін істесе отырып, өзінің тұрмысын да жете ұғуымыз керек. Кейбір ақындарымыз «пролетариат ақыны атанып» мұрынымен көкті сүзуге жақындағандары бар. Бұлар сол лепірудің арқасында екі айналмай-ақ, торға түсіп жүр. Пролетариат ақыны емессің дегенге жабығып, шығармасы «Ауыл, ел» деп келеді дегенге едәуір еңсесі түсіп жүргендер де бар. Пролетариат әдебиеті, ақыны дегенге артық масаттанып жүргеніміз де бар. Бұған біздің сынымыз айыпты секілді.

Олай болса, тік басқан, толық пролетариат ақыны шыға қоймағандығын ұйым өзі де айтып отыр. Ондай ақын оңай шыға қоя ма? Қателесіп, адасып соларын түзеу, үйрену арқасында барып шығады, бірақ қателеседі деп барлық еңбегін, келешегін жеңіл бағалап «жоққа» шығаруға болмайды. Біздің жазушыларымыз тезінен түзеліп кетуге онша қолайлы жағдай жоқ. Бәрі де басқа қызметте жүріп, жазу маңайына жаңада жинала бастады. Кейбіреулерінің қызметтен басқа жазу жұмысына, үйренуге, пролетариат ордасын аралап жүруге қолдары да тимейді. Міне, осы жақтарына жәрдемдесіп, тез дабылға түсіп кету жағын қарастыру керек.

Біздің сыншылар қатеңді былай түзет деп жолдастық көрсетудің орнына төбелейді; жазушыларымыз түзелудің орнына төбелеседі. Осы күні сын жайында жазылған бірдеме көрінсе, «Әй мықтап сойып па?» деп сұрасады. Сынның салдарынан араздасып, қырындап жүретіндер де бар. Бұл сынасудың теріс бет алғандығын, дұрыс пайдаланбай отырғанымызды көрсетеді. Оның кесірі әдебиетімізге тиетініне сөз жоқ қой. Тимей отыр ма?

Біз қателеспейтін ақын күтпейміз, қатесін түзеп оңалатын ақын күтеміз. Қателестің деп пролетариат әскерінің тізімінен оңай ғана шығарып тастамаймыз. Оны коллектив тезіне саламыз, түзетеміз. Біз пролетариат әдебиеті бар деп отырсақ, одан ержетіп қалдық, үстемдік алдық деген қортынды шықпайды. Ол үстемдікті күресіп жүріп аламыз. Сол күресте жүріп пісіп, қайнап өсеміз. Айып-шамы жоқ, ірі жазушыларымыздан қателесіп жүргендер бар. Бірақ, Қазақстан пролетариат әдебиетінің кіндігі осылар еді, енді бітті деп отыра алмаймыз. Оларды түзетіп, үйіріне қосамыз, түзеледі. Түзелмейтіндеріне бас ұрмаймыз. Өзімізді өзіміз екшесек, тез сынға түсірсек, өсеміз. Пролетариат әдебиетін үстке шығарамыз. Ол мүмкіндік бар.

Қорытып келгенде айтарымыз: пролетариат әдебиеті жеке адамның мойнындағы тұмар деп іздеме, Октябрьден туған жас жазушылардың арасынан ізде, бірінен аз, бірінен көп табылады. Әңгіме солардың кемін толтырып, ілгері аттауға, шын пролетариат ақыны болуға ат салысуда. Бірден сұрыптанып кететін пролетариат әдебиеті болуы мүмкін емес. Бас тартып, бой жазып толықситын кездері болады. Толықсығанын күткен сыншы, үлкен пролетариат әдебиетіне не жолбасшы, не жолдас бола алмайды. Ондай сыншы үлкен көштен бөлек көшеді.

август, 1929.

БАСПАСӨЗ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

I

Қазақстан жұртшылығының осы күнге дейін жөндеп қолға алмай келе жатқан бір жұмысы бар. Қолға алмайды деу қате болар, бірақ ретке салынбағаны тіпті даусыз. Көзіңді қанша жұмсаң да, бадырайып тұрған нәрсені көрмеуге болмайды. Дәл қазіргі күнде бұл мәселенің толғағы жетіп, партия жұртшылығының шешуін күтіп тұр.

Биыл мәдениет аттанысына шығып келдік. Жаңа басталғандығына қарамай жаман өткен жоқ. Бірақ, майданға түсе қалғанда, керекті қаруымызды ұмыт қалдырғанымыз көрінді. Өзіміз ашқан майданға толық даярланбағанымыз, әсіресе қаруланбағанымыз көрінді. Қаруланарлық мүмкіндігіміз бола тұрса да, амал не, керегінше пайдаланбағанымыз көрінді.

Шынында мәдениет аттанысына қандай қарумен бардық?— Партия, кеңес, еңбекшілер жұртшылығының тұтасқан жігерімен аттандық. Қолымыздағы қаруымыз асығыста құрастыра салынған бір-екі әліппе болды. Одан басқа түгіміз болмады десек онша қателескен болмаспыз. Әрине, ең керегі жоғарғы айтқан жұртшылықтың жігері, басшылықтың күшімен орындалады. Бірақ, бұдан қару керегі жоқ деген ұғыныс шықпайды. Міне сол қару, қаруды жасаушылар жөніндегі кемшілікті айтпақпыз.

Ең алдымен мәдениет аттанысын «таза мәдениет»—«Халықты ағарту» аттанысы деген ұғымнан алыс ұстау керек. Тапты қоғамға, тап тілегіне бағынбаған «таза» мәдениет» болмақшы емес. Біздің мәдениет аттанысымыз да пролетариат тілегіне ғана құрыла алады. Егер пролетариат мәдениетінің болуына, оны біздің орнатуымызға сенетін болсақ, аттанысымызды осы бастан сол жолға қою керек. Мәдениет төңкерісі азғана жылмен аяқтанбайды. Көп уақыт керек ететін

төңкеріс. Олай болса, бірінші адымның кемшіліктерін ілгеріде неғұрлым тез жою керек болады.

Бұл жөнінде бүгінгі күннің жүктеп отырғаны пролетариат мәдениетін орнатуға аттанғанда, пролетариат жігерімен, пролетариат қаруымен аттану. Қару дегенге мәдениет жұмысына керекті баспасөзді, әсіресе, оқу кітаптарын айтамыз. Және «аттанысқа» ғана арналған емес, жалпы оқитын кітаптарды айтамыз. Кемшіліктің ауыры да осы жақта. Осы күнге дейін қолданып келген, басып жатқан оқу кітаптарымыз, оны жазушыларымыз бұл мақсұттан алыс жатыр. Коммунистерден кітап жазғандары жоқтың қасында. Қолға алынбады дегенде, коммунистерден кітап жазушы әзірленбеді деп жатырмыз.

Міне, бұл екі тізімді салыстырып қарасаңыз, біздің кітабымызды кім жазып отырғанын көреміз.

1928 жылға дейін жеке адамдардың меншіктеп алған ойнағы, мүлтіксіз солардың үстемдігі! Жасыратыны жоқ, солай екені рас! 1928—1929 жылы басылып шыққан кітаптарға келсек, Ақаң, Жақаңдардың «үстемдігін» басқалар басады. Бірақ мұның ішінде де бірлі-жарымды ғана «коменестің» көзі жылтырайды. Онда да қосақталған түрде мойындары ғана қылтияды. Бұл пролетариат қаруын соғып шығаратын коммунист ұсталарымыздың жарыққа шығалмағанын дәлелдей алады. Бірақ, жазушыларымыз жоқ емес, бұл цифрлар коммунист жазушыларымыздың басқа «жегіге» түсіп, олардың бұл жөніндегі күшіне баға берілмей жүргендікті көрсетеді.

Біз мұны айтқанда коммунис еместер кітап жазбасын, болмаса олардың кітабы басылмасын, мәдени күштері пайдаланылмасын демейміз. Коммунистерден де оқу кітабын жазушылар бар. Соларды жарыққа шығаруды қолға алайық дейміз. Коммунист емес жазушылар, неше айтсақ та күнбе-күнгі пролетариат күресін жиектеп қана жүргендіктен, жазған кітаптарында да соның ізі ұшырасып отырады. Пролетариаттың саяси тілегін көздеп жаза алмайды. Пролетариат тілегін айтам деп, бұлдіріп алармын деп қорқады.

Саяси әдебиетке келсең, бұ да оңып тұрған жоқ. Бірінші өзінен саяси кітап жазған коммунистер өте аз. Екінші аудармаларымыз оңбай келе жатыр. Кейде орысшасынан қазақшасы көп ауыр шығатын аудармалар болады. Орысша білген кісіге керегі жоқ, орысша білмейтін адам түсіне алмайтын болып шығады.

Мәдениет төңкерісі жалғыз кітап жазумен орнамағанмен, кітап жазушыларын шығару мәдениет майданының ірі мәселесі. Пролетариат мәдениетін орнатуға Коммунист партиясының жетекшілігі керек болатын болса, сол майданның құра-

лы — кітапты жазып шығаруға коммунист жазушылар керек.

Қорытып келгенде ұсынатынымыз:

1. Бірсыпыра әзірлігі бар коммунистерді кітап жазу жұмысына шығару керек.

2. Ленин жазғандарын кім көрінгенге аудартпай, төрт-бес коммунистің басын құрастырып алқа жасап, сол алқаның мойнына арту керек.

Мінекей, баспа тәжірибесінен алып, партия жұртшылығының алдына ұсынатынымыз осы[1].

II

Бұдан бұрынғы мақалаларымызда оқу кітаптары мен саяси әдебиет жайындағы кемшіліктерді айтып, жазушы, аударушы әзірлеу мәселесін көтерген болып едік. Бұл мақаламызда көркем әдебиет жайындағы көрген-білгендерімізді айтып, келесі жолы баспасөз қызметшілері жайында бір-екі сөз айтпақпыз. Қай мәселе туралы болса да баспа тәжірибесінен алынған ғана ұсыныстар жасамақпыз.

Бұл жөнінде жұрттың көбі «Бәлен жылға дейін баспасөзімізді алаштар билеп келді. Біздің шығармаларымыз басылмады» деген жалпы қортынды жасап алып, әдебиетіміздің, жазушыларымыздың өсуіндегі кедергілерді, өсу деген (әсіресе, әдебиет өсуінің) бірер жылмен аяқтанбайтынын ұмытып жүрген секілді. Тереңірек қарасаң, әдебиетіміздің өсуінде басқа кедергілер де бар. Мысалы, 1928 жылдың аяғы мен 1929 жылдың өнбойында көзге көрінерлік бір көркем әдебиет басылған жоқ. (Баспасөз кеңес үкіметінің қолында, алашордашылар билеп отырған жоқ). Осының себебі не? Бұрын жол бермеді, баспады десек, осы екі жылда ауыз толтырарлық атақты жазушыларымыздың ірі еңбек бере алмаған себебі не дейсіздер? Жазушыларымызда «дағдарыс» жоқ па екен деген қауып туады.

Әрине, жазушылардың дағдарысқа ұшырауына баспа тілектес емес, баспа жазушылармен байланысты. Баспаның негізгі күші жазушылар. Сондықтан, «дағдарысты» қоя тұрып, әуелі баспа тәжрибесінде ұшырасып отыратын жазушылардың зарлап айтып жүретін себебіне келейік. Олар мыналар:

1. Жазушылардың біразы өз мамандығынан басқа жақта қызмет істейді.

---

[1] «Еңбекші Қазақ» 1929 жыл. 13 ноябрь.

2. Кез келген қызметке жегіліп, әдебиетке салынуға уақыты жетпейді.

3. Жазушылардың тұрмысына ешкім көз салмайды. Жағдай жоқ. Кеңсе қызметшілерімен бірдей сүйретіліп жүре береді.

Міне жазушыларымыздың өз дәлелдері осылар.

Әрине, бұл дәлелдерде негіз жоқ емес. Жазушылар баспа маңына кеш жиналды. (Осы күні көбі баспа маңында деуге болады). Баспада «кеңсе» жұмысына көп жегілді. Жүктері ауыр, «жегін» бұларда да аз емес. Жазушылығына салынуға уақыт аз. Жазушылық жалғыз жаза берумен табылмайды, білім кеңейту, оқу керек. Бұл жағынан керекті жағдай әлі жасалған жоқ. Баспаның өз маңындағы жазушылар күнбе-күнгі газет-журналдардың материалын саралаудан босамайды. Жазуға, оқуға қолайлы пәтері болмайды. Бұлардың бәрі де рас.

Бірақ, жалғыз осымен ақталып шығуға да болмайды. «Бұдан жаман күнімде де тойға барғамын» деген секілді жазушылыққа керекті жағдайдың тіпті жоқ күнін де бастан кешірдік қой. Керек болса белгілі жазушыларымыздың көп жазғандары сол кезде басылды. Одан бері басылғандары болса да, бәрібір әртінде жазылған. Олай болса, жалғыз «жағдаймен» жан сақтауға болмайтын көрінеді. Және жазуға жағдайы бар жазушылар да жоқ емес, бәрі бірдей жорыққа да жүрген жоқ.

Дұрысында, біздің осы жазып отырғанымыз едәуір өрескел көрінуге тиіс нәрсе. Өйткені есейген жазушыларымыздан кесек нәрселерді, ірі еңбектерді күтетін заман болды. Бірақ, көптен ауызға алынып жүрген ақын-жазушыларымыз, онжиырма еңбегін бастырған Сәкен, Бейімбет, Сәбиттердің ауыз толтырарлық ірі жазғандарын әлі көргеніміз жоқ.

Былтырғы жылы: «Сендерден ірі еңбек күтеміз, ұсақ өлең жинақтарыңды, газет-журналдарда басылғандарыңды баспаға ұсына бермеңдер!» деп едік. Іріні күтеміз деп, ұсақтан айрыла жаздадық: ірі жазушылар ірі нәрсе бере алмаса, ұсақ жазушылардан тіпті ештеме жазбағандары бар.

Әрине, мұнда себеп бар. Біздің ойымызша ол себептерді күнбе-күнгі істің, өмірдің ішінен қарасақ оңай-ақ табылатын. Олар мыналар болу керек:

Біздің жазушылар саяси тереңге малти алмайды. Қу жұдырықтары да жоқ емес. Сондықтан бүгінгі өмірден артта қалады. Олай болса, ірі мәселені пісіре алмайды. Сол тайыздық не оңға, не солға апарып құлата сала ма деп қорқады да, құрғақ «Октябрь» дей бермей, Октябрьдің ендігі істерін іс-

тесуге шамалары келмей бастады. Еңбекшілер жұртшылығы өсіп, ірі сұраулар қоя бастағанда, жазушыларымызды саяси тайыздық бөгей береді. Саралап кете алмайды, ірі сұрауларға ірі жауап беріп, көштің алдында отыруға ат болдырып қалды.

Кейбір жазушыларымыз қарқынын басып қалды. «Шу» дегендегі ұшқырлық жайылып, енді көтерілуге оңай болмай тұр. «Көркем қор» сарқылды, бұған жоғарғы себептерді қосса бір сыпыра сыр ашылады-ау дейміз.

Әйтпесе, күнбе-күнгі өмірдің әзірлеп беріп жатқан көп тақырыбы бар. Партия, кеңес өкіметі талай ірі науқандар жүргізіп жатқанда, жазушылар неге алдыңғы қатарда отырмайды? Неге алдыңғы саппен қабырғаласпайды.

Жазушылардың артта қала бастағандығы «Жер бөліс» науқанында сезіліп еді, содан бергі «конфеске», «колхоз-совхоз», «тазалау», «астық» науқандарында айқын көріне бастады, «конфеске» жайында жазып отырмын» деген жазушы былтыр он шақты еді, соның бір де-бірі бітірмеген болса керек. Баспаға түскен әзір ешнәрсе жоқ. «Колхоз», «Совхоздар», әсіресе, биылғы жылы көп ұйымдастырылып жатыр. Қазақстанда бес мыңға жақын «колхоз» бар. Құрылып жатқан совхоз, салынып жатқан темір жол, түтіні түйдектеген ірі өндіріс орындары бар. Олар жайында жазылып жатқан әдебиеттер қайда!? Әзір жазушылардың қойынында шығар дейміз. Саясаттан артта қалған жазушылар, саяси тақырыптарды сүйірлеп шығара алмай жүрген шығар дейміз.

Жазушыларды дағдартып тұрған да осы шығар дейміз. Әйтпесе қаламынан айрылып қалған жазушы әзір жоқ секілді.

Бұдан бұрынғы мақаламызда оқу кітабын жазатын коммунистер шыққан жоқ, шығару керек десек, көркем әдебиет жазатын коммунистеріміз едәуір еді. Біреу олай, біреу бұлай сүйресе де Октябрьді жырлаған ақын-жазушыларымыз едәуір нәрсе жазып тастап еді. Соңғы екі жыл олай болмады. Ірі жазушыларымыз саябырлай қалды. Газет-журнал бетінде де сирек көретін болдық. Көрсек, көбінесе бір сарын, кейде бұрынғы сарыннан айрылып қалған жазушыны көреміз. «Баспайды» деушілер аз емес, бірақ «Жаңа әдебиет» журналы мен «Қазақстан баспасына» түскен атақты жазушыларымыздың бір еңбегі басылмай қалған емес. Атағын былай қойғанда ешкімнің жөні түзу еңбегі басылмаған емес.

Осыған қарағанда, бұл мәселені қолға алу керек секілді. Қолға алғанда жай айтып қана қоймай, тура шаралар қолдану керек секілді. Бұдан екі жыл бұрын «Жазушыларға жағ-

дай керек» деп Сәбит жазған еді. Оған ешкім құлақ аспаған болатын. «Өлеңшілерге» онша маңыз бере қоймаған, беруге мүмкіндік те жоқ уақыт болған шығар. Бірақ, қазіргі күнде құлақ аспау ұят. Басқа елдер жазушыларына керекті жағдай жасап отыр. Жұмыстан жеңілдеп, күн көрісін түзеп, оқу-жазу үшін ірі шаралар қолданып отыр. Саяхат, өндірісті аралау, тура әдебиет майданына шығару секілді шаралар істеді. Қазіргі жайымыз, бізге де осы мәселені қолға алу керектігін дәлелдейді.

Біздіңше мына шараларды істеу керек:

1. Жазушылардың саяси жалпы білімдерін көтеру. Ол үшін бәрін бірдей жоғары дәрежелі мектепке жіберуге болмайды; олай болса, олардың білімін көтеретін студия секілді орын ашу керек. Жазушылардың өз үйірмелері жөнге қойыла алмай, өз білімдерінен артық білім бере алмай келеді. Сондықтан жалғыз үйірмеге сенуге болмайды.

2. Жазушыларды «жалпы жегіннен» жеңілдетіп, әдебиет, жалпы көркемөнер жағына айдау керек. Сол жөніндегі саясатты, соның әдісін, қисынын үйренсін.

3. Жазушылардың тұрмысы жөнделсін. Құр қағазға көміп қойғанмен жазушы болып шықпайды, ол жағдай да емес. Баспаның кеңсесіне емес, ісіне, жазуға, оқуға еркімен кірісе алармық болсын. Шөре-шөреде жүгіріп жүрген жазушылар саясатқа да, әдебиетке де толық беріле алмайды. Басқа ұсақтардан жеңілденсе екеуіне де уақыты болады. Сол уақытта оларға үлкен сұрау қоюға болады.

4. Жазушыларды үнемі өндіріспен байланыстырып отыру керек.

Пролетариаттың ісін, мінезін, күшін, өмірін, тым болмаса көзімен көріп келсін. Осы күнге дейін жұмысшылар жайында бірдеме жазылса, «жуан білек, қолында балға, құрыш», бәлен-түген деп келеді. Бұл пролетариатты білгендік емес, «солай шығар» дегендік. Керек болса, жұмысшылардың мәдениет майданында өскендігін білмегендік. Сыртын қожырлай бергенмен жұмысшы болып шықпайды.

«Қыз туған сайын, ұл тілей береді» деген секілді, көп тілекті үйе бермейік. Осыны орындасақ та аз болмас. Бірақ, «ұл тілеген сайын, қыз таба береді» деп тілек біткен жерде де қалмасын.

Баспасөздің ұсынысы осы.

«Еңбекші Қазақ» 1929 жыл, 9 декабрь.

ҚазАППтың БҮГІНГІ МІНДЕТТЕРІ

ҚазАПП платформасына ойласу ретінде

Қазіргі күнде көркем әдебиет майданына, әдебиет шығармаларына, ақын-жазушыларға, партия, пролетариат жұртшылығының жалпы жүктеп отырған жүгінің негізділері көрсетіліп болды. Жеке алғанда шаруашылықты қайта құру, бүкіл майданда шабуыл дәуіріндегі әдебиет міндеті де көрсетілді. Көркем әдебиеттің бағасы да, орны да, міндеттері де ашық айтылды. Ескіден келе жатқан болсын, болмаса жаңадан құрылған әдебиет ұйымдары болсын, саяси бағытын белгілеп алатын уақыт та жетті, жеткені тұрсын, осы күнге дейін саяси бетін, саяси әдебиет бағытын белгілеп алмаған ұйымдар кешігіп те қалып отыр. Жай кешігу емес, пролетариат бастаған социалдық құрылыстың алдында үлкен ұятты түрде кешігіп отыр. Біздің Қазақстан ұйымы ҚазАППты алсақ мұның ауруы өзгеден гөрі де ауырырақ. Бізбен тетелес ұлт республикаларындағы әріптес жазушыларымыздың бәрі де (мысалы татар, башқұрт пролетариат жазушылары) ұйымдастыру баспалдағын аттап, іс дәуіріне көшкелі едәуір уақыт болды. Біз әлі ұйымдастыру бюросын жаңартумен келеміз. Әлі күнге ұйымдастыру бюросын құрумен келе жатсақ, іс дәуіріне аттай алмай отырсақ, бұдан артық айыпқа ұрынған кешігуді ешкім де жоқтамас деймін. Керек болса ұйымдастыру бағытының өзі ашық емес. Ұйымдастыру бағыты ұйымның саяси жолына байланысты. Саяси арнасын аршып алмай тұрып, ұйымдастыруға кілте кірісуге болмайды. Біздің ҚазАППта осы арада күрмеліп жүр. Бюроны неше рет жаңартпайық, неше рет қайта құрмайық, кеңірдектен өтпейтін бірді-екілі құрғақ хаттан басқа ешнәрсе істей алмай келеміз. Большевикше төңкеріс қарқынымен бұрқыратқан істі көре алмай келеміз. Мұның барлық түйіні саяси бағытты түзеп ала алмаған-

дыққа, ұйым түрінің қандай, қай жолмен, қандай әдіспен, қалай құрылуын ашық белгілеп ала алмай отырғандыққа байланысты. Одан соң, бізде үлкен тоңмойындық бар. Партияның, пролетариат тілегінің, керек болса Ресейлік пролетариат жазушылары ұйымының күнбе-күнгі ұранына да жете қосыла алмай, қосылсақ жөнді орындай алмай өзіміздің ағаш аттан басқаға бұрыла алмай келеміз. Жақын арада («Е. Қ.» 216 саны) ҚазАППтың жариялаған ашық хаты тым болмағанда ұйымдастыру жағындағы саяси бағытымызды белгілеп беруі керек еді; тым болмаса, ҚазАППтың соңғы ұрандарын іске асыруға қам істеу керек еді. Мұның бәрінің орнына, орысша айтқанда «ақылға да, жүрекке де түк бермейтін» анкета жариялады. Бұрынғы «түк істемеген» бюроларды жамандаумен бірге, ендігі істің бағытын барлап берудің орнына кейбір жолдастар «ашық хатты» бастарын ақтауға пайдаланған сарын білдірді. Сонымен күні бүгінге дейін саяси міндеттер, ұйымдастыру жағындағы саяси бетіміз, әдісіміз, әдебиет мәселесіндегі бағытымыз әлі қолға алынған жоқ. Қысқаша айтқанда саяси-әдеби платформа мәселесі ауызға алынбай келеді. Қазіргі міндет — саяси бағытымызды белгілеп алып, соған сүйеніп іске кірісу, социалшыл құрылыстың бүгінгі майданының қақ ортасында болуымызды іспен көрсету. Іс арқылы еңбекшілер жұртшылығының алдыңғы қатардағы әскері болу секамал туғызбайтын дұрыс бетімізді көрсету.

Осыларды еске алып, өзімізше ең керекті деген мәселелерді ойласу ортасына салғалы отырмыз. ҚазАПП жас ұйым, қисыншылары, ірі тәжірибелі ысылғандары жоқтың қасында. Сондықтан пролетарйат әдебиетіне жаны ашитын жолдастардан осы мәселелерді тексерісуді, қатесін ашып түзесуді күтеміз. Әсіресе қазақстан пролетариатынан, жалпы еңбекшілерінен көбірек күтеміз.

(Ленин, Калинин атындағы заводтардың жұмысшылары әдебиетті қамқорлыққа алып отырғанын қазақстан жұмысшылары да білу керек. Сондай міндетті қазақстан пролетариаты да мойнына алуы керек!)

1. САЯСИ МІНДЕТТЕР ҚАНДАЙ

1. «Көркемөнер — пролетариат табы күресінің құралы, пролетариат үстемдігінің мақсатын орындаушысы, байлар табын құлатушы, тап құртысушы, адамды адам қанауын жо-

йысушы болу керек» деген Ленин, жиырмасыншы жылы пурилет-култ съезіне ұсынған қаулы тезисінде.

2. «Пролетариат әдебиеті партиялы, партия жолындағы әдебиет болып, бұл жолды шама келгенше кең, шама келгенше бұзбай-бүлдірмей жүзеге асыруы керек» деген Ленин 1905 жылы.

3. «Пролетариат әдебиеті еркін әдебиет болады. Үйткені оның таянатын күші социализм идеясына бөленген еңбекшілер. Еңбекшілер оған үнемі жаңа күш құйып тұрады. Бұл әдебиет елдің гүлі, күші, келешегі болған миллиондаған еңбекшілерге арналған әдебиет болады. Бұл адам баласының төңкерісшіл ойының ең ақтық сөзін айтатын әдебиет болады»,— деген Ленин тағы да 1905 жылы.

(Ленин и искусство», стр. 20).

Міне, бұл әдебиет жайында, әдебиет ұйымдарының саяси бетін сілтеп, башайлап берген Ленин сөздері. Бұл сөздерден өте үстірт қорытып алған күннің өзінде: «Көркем әдебиет пролетариат күресінің құралы. Социалшылық құрылыстың алдыңғы қатардағы әскері. Пролетариат әдебиеті коммунист партиясының ұрандарын ұрандасып, ісін істесіп отыруға керек. Бұл төңкерісшіл әдебиет» деген ең шолақ қортындыны шығармай өте алмайсың.

Көркем әдебиет, тұтас алғанда көркемөнер жайында жазылған марксшіл қисыншыларымыздың көп томды еңбектерін қопармай-ақ, солардан қорытып шығарылған партия қарарына келсек, онда былай деген еді:

1. «Тап тартысы жалпы түрінде бітпей тұрғанда, әдебиет майданындағы тап тартысы да бітпейді. Көркемөнер — көркем әдебиеттің тапшылдық бағыты түрлі түрде болса да, тапты қоғамда тап тілегіне бағынбағаны болмайды».

2. «Пролетариат өзінің жетекшілігін сақтай отырып, нығайта отырып, кеңейте отырып, салт-сана майданының түрлі тармақтарын да қолына алуға тиісті... ерте ме, кеш пе, көркем әдебиетті де пролетариат өз басқарушылығына алуы, болатын зат».

3. «Көркем әдебиетті басқару тұтасымен жұмыскер табының ісі».

Міне бұл 1925 жылы шығарған Орталық партия комитетінің қаулысы. Мұнда да пролетариат әдебиеті қандай болу керек, оны кім басқару керек, оның міндеттері, даусыз ашық айтылған. Пролетариат жазушылары ұйымының платформасына негіз болып кіретін қортынды да осы.

Ал енді Қазақстан жағдайына көшіп, Қазақстан көркем әдебиетінің жайын қолма-қол көріп отырған Қазақстан пар-

тия ұйымының пікіріне келсек, 1929 жылдың декабрь пленумында былай деп тарихи қаулы алынған:

1. Көркем әдебиет, театр, суретшілік өнері көпшілікті социалшылық жолмен тәрбиелейтін күшті құрал болсын, көркем әдебиет пен театрдың міндеті еңбекшілер көпшілігіне қазіргі құрылыстың таптық мәнін жете ұғындыру арқасында көпшіліктің күшін, белсенділігін, байшылдық қарым-қатыстың қалдығын уатып социалшылық құрылысқа жұмсау.

2. ҚазАПП өзінің ісін кеңейтіп, өз мүшелерінің арасындағы жікшілдік күресін жойып, күнбе-күнгі ісінде пролетариат жазушыларының арасында ашық тап жолымен іс істеу керек. Мәдениет, саясат жұмыстарын кең түрде жүргізіп пролетариат жазушыларына төңкерісшіл, Маркс көзқарасын жете түсіндіруі керек.

Міне бұл Қазақстан партия ұйымының қортындысынан үзілме, әсіресе ҚазАПП платформасының баса қарайтын жері де осы қортынды. Шамамен айтқанда, «қандай әдебиет болуы керек» деген сұраудың шешуі, ҚазАППтың алдында тұрған міндеттері осылар. Әрине «осылар» болғанда мұның әрқайсысы толып жатқан жеке буындарға бөлініп, айрықша міндеттер туғызады. Платформа соны башайлауы керек.

Енді әдебиет ұйымдарының белгілеген нысаналарына келсек, пролетариат әдебиеті ұйымдарының көбі-ақ саяси бетін түзеп алды, жолын сызып азды-көпті қатасымен әйтеуір программасын әйгілеп, соған сүйеніп іс істеуде. Қателері болса да оларын іс жүрісінде түзеуге болады. ҚазАППта негізгі жолымыз мынау деуі керек. Өмір шегіне дейін ескірмейтін программа болмайды. ҚазАППтың жоғарғы сатысы «РАПП», «Уаптарды» алсақ олардың бетін мынадан көруге болады.

1. «Пролетариат жазушыларының жалпы Одақтық ұйымы — әдебиет майданында Коммунист партиясының тілегін орындасатын, пролетариат мәдени төңкерісінің қаһармандарының ұйымы».

2. «Пролетариат төңкерісінің осы дәуіріндегі тілектері күн тәртібінде мәдени төңкерісті қойып отыр. Мәдени төңкерістің дамуы социалшылық құрылыстың барысына байланысты, социалшылық орнатудың ірі шарты, негізді бір кірпіші мәдения төңкеріс.»

3. «Тапты қоғамда көркемөнердің өркендеуі сөзсіз тап тартысына соқтығады. Сөзсіз тапқа бөлінгендікті көрсетеді. Мәдениет өркендеуінің барысы — тап тартысы түрінде болады. «Қай дәуірде болса да шаруашылық жақтан қоғам тізгінін ұстап отырған үстем тап, мәдениет жағында да үстемді-

гін істейді. Зат өндірісінің құралын билеп отырған тап, соның арқасында салт-сана мәдениеті өндірісінің құралына да ие, оның үстіне қолында рухани өндірістің құралы жоқ таптың да ой-санасын билейді.» (Маркс.)

4. «Салт-сананың қай жағы болса да, мәдени төңкерістен орын алмақ. Пролетариат мәдени төңкерістің тізгінін қолына алып, мәдени үстемдікке жетіп, рухани күштің иесі болғанда ғана мәдениет төңкерісін орнатқан болып табылады». Міне бұл Одақтық пролетариат жазушылары ұйымының Бірінші съезінің қаулысының сөзі.

Өзге сөзді қысқартып осы айтылғандарды буындап «өзіміздің» жағдайдың кем-кетігін ескере отырып, Қазақстан пролетариат жазушылары ұйымының саяси бағдарын белгілеуге болады.

Бұл айтылғандардан ең кемінде платформаға мына буындар кіруге тиісті.

1. Ерікті түрде құрылған Қазақстан пролетариат, қарашаруа жазушылары (ҚазАПП) ұйымының алдына қоятын ең негізгі мәселесі пролетариат табының көсемі коммунист партиясының барлық майданындағы күресінің қақ ортасында болып, социалшылық дәуірін бірге орнатысу, «Пролетариат үстімдігі — тап тартысының бітуі емес, сол тартыстың екінші түрге айналған жалғасы. Пролетариат үстемдігі — тап тартысында жеңіп шығып, саяси тізгінді қолына алған пролетариат табының жеңілген таптың қалдығымен күресіп, тамырын отау дәуірі. Жеңілсе де жойылып бітпеген, қайта бұрынғысынан көрі де қарсылығын күшейте түскен байлар табының ақтығымен күресетін дәуір.» (Ленин XIV-том, 240—241 беттер). ҚазАПП ұйымын осы дәуірдің айқасқан алысында, пролетариат табының негізді құралының бірі болатын төңкерісшіл пролетариат әдебиетін жасайды.

2. Әдебиет майданын, салт-сана майданының ең күшті тармағының бірі деп есептеп, еңбекшілер көпшілігін пролетариат төңкерісінің жолымен тәрбиелеп, күнбе-күнгі социалшылық құрылысына белсенді әскер әзірлеумен бірге, бүкіл пролетариат көркем әдебиетін де сол құрылыстың күшті құралы етеді.

3. Пролетариат табының ұлы тілегін толық ұғынатын, социалшылық құрылысқа саналы түрде белсене қатынасып көпшілікті тәрбиелеу үшін пролетариат әдебиеті төңкерісшіл марксизм ғылымын өзі жете ұғынуы керек. Сондықтан ҚазАППтың негізгі міндетінің бірі пролетариат жазушыларын сол жолмен баса тәрбиелеу.

4. Қазіргі колхозға шын ұйымдасқан батырақ, кедей, ор-

ташалар, кеңес үкіметінің ауылдағы тірегі болған дәуірде, колхозға әзірге кірмей, бірақ күні ертең көзі жетіп, сөзсіз кірейін деп отырған миллиондаған кедей-шаруалар тұрған дәуірде, сондай саяси шаруашылық жайы бар көпшілікті ұлы социалшылық құрылысының шын әскері ету үшін, ҚазАПП солардың ортасынан шыққан, көбінесе, соларды жырлап келе жатқан қарашаруа жазушыларын да өз қатарында тәрбиелейді.

5. «Өзінің саяси шаруашылық жағындағы жетекшілігін сақтай, нығайта отырып, пролетариат салт-сана майданының түрлі тармақтарын да, көркем әдебиетті де өз басқарушылығына алады» (Ленин). «Пролетариат мәдени төңкерістің тізгінін қолына алып, мәдени үстемдікке жетіп, рухани күштің иесі болғанда ғана мәдениет төңкерісін орнатқан болып табылады. («УАППтың» I съезінің қаулысынан). ҚазАПП көркем әдебиетте пролетариат жетекшілігін ұйымдастырады. Соны орнату үшін күреседі.

6. Пролетариат табы мен жалпы еңбекшілер тілегіне құрылған мәдениет майданында көркем әдебиет көрнекті күштің бірі болып пролетариат ықпалын жүргізуге көпшілікті пролетариат тілегінде мәдениеттендіруге ҚазАПП орда болады.

Ең жеткіліксіз, ең шорқақ, ең шолақ түрде ҚазАПП платформасының бас буынына осыны ұсынамыз. Әрине, бұл сәйкестеліп құрастырылған, жымдасып тұрған, ұсыныс емес. Әсіресе, сол кемшіліктерін бүркеп қойған ұсыныс емес. Әрине, ортаға түскесін түзелер де. Сондықтан да мұны ортаға ұсынамыз.

ҚазАППтың жолын сызу керек болғанда, алдымен саяси міндетін жіктеп алмай болмайды. Одан соң ұйымның құрылысы қандай болу керек. «ҚазАППтың әдеби платформасы» деген мәселелер бар. Бұлар біріне бірі өте жалғас болғанмен әр қайсысының өзіне жеке тоқтауды керек етеді. Сондықтан олар жайында жеке-жеке айтуды міндетке санап, әзірге мәселенің бас жағын ұсындық.

«Еңбекші Қазақ» 1930, 27 ноябрь.

2. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Біздің жазушылардың ұйымдастыру жағы да толық шешіліп болған жоқ. Бұл мәселе де қайтадан қарауды тілейді. Қайтадан қарау емес, ұйымның осы күнге дейінгі құрылы-

сында айқындық болған жоқ. ҚазАПП ұйымының негізі қай жылы қаланғаны да, қалай қаланғаны да белгісіз: жарияланған програмы болған емес. Сондықтан, қайтадан қараудан көрі, ұйымдастыру мәселесін жаңа күйінде деп қоюға жақынбыз біз.

Жалпы көрінісін, атын алғанда ҚазАПП пролетариат, қарашаруа жазушыларының ұйымы делініп келді. «Е. Қ»ның 216 санында басылған басқарманың хатына қарасақ та, одан өзгергені көрінбейді. Өйткені таза пролетариат жазушыларының ұйымы болсын дегендерді солақайлық қылды деп танылған. Ұйым ішінде атымыз кім болады деп тексерген де емеспіз. Қайткенмен бұл мәселеде шешілмеген жерлері толып жатыр. Осы күнгі кейпімізді сөз қылсақ, Қазақстанның қалам ұстағандарының көбі осы ұйымда мүше. Біреудің өткені, біреудің қазіргі жайы сөз болып екшелген емес. Ешкімге шарт қойған емеспіз. Біреуді кеше боқтап жүрсек, бүгін ұйымға үн-түн жоқ ала қоямыз. Содан кейін бәріміз бір түсте болып кете барамыз. Болмаса, кейбіреулерден ат-тонды ала қашамыз. Бір жағынан қарағанда ҚазАППқа кіру үшін толық бір түстілік қажет емес те, екінші жағынан қарағанда бөле қырқатын ала қой жоқ, арамызда шүбәлі адам жоқ. Шын кескінімізді алсақ, біздің арамызда пролетариат жыршылары да бар, қарашаруа жыршылары бар, «жолбикелер» де бар. Жазушылығымен, бағытымен «жолбике» емес, тіпті көркемөнер, көркем әдебиет дегенге көлденең артылып жүрген «жолбикелер» де бар. Ұйым-ұйым болғалы, болмаса өзіөз болғалы «Әу!» деп аузын ашпаған, ашуға белгісі де жоқ «мүшелер» үйір-үйір. Осының барлығы ұйымның программасын жасауды керек етеді. Тап тілегіне құрылған ұйымдастыру және жазушылық бағыттағы программамыз болмаса, сонымен іс істемесек, біз былықтан құтыла алатын емеспіз.

Бұл жөнде осы күні ауызға алуға жақын жүрген мынадай мәселе бар: ҚазАППты таза пролетариат ақын-жазушыларының ұйымы деп атайық дейді бір пікір; екінші пікір бұрынғы күйінде қалдыруды жақтайды. Бірінші пікірдің сүйеніші: қазіргі колхозды, совхозды, елді, советті жырлап жүрген жазушыларымыз пролетариат ісін істесіп жатыр. Бұлар да социалшылық құрылысында жүр. Сондықтан қарашаруа жазушыларының осы жағынан көп емтихан алмай-ақ, пролетариат жазушыларының үйіріне қоса салайық, кемін кейін толтырар дейді.

Егер бұл пікірді жақтап, таза пролетариат жазушыларының ұйымы деп атайтын болсақ, ол ұйымға мынадай міндеттер жүктер едік деген ой келеді:

1. Ұйымның негізгі күші (жазушылары), жетекшілері салт-сана майданында өздерінің еңбектерінде пролетариат жолына түсіп болған болу керек. Бұларға өздерін тәрбиелеуден көрі ұйымның қатарлы мүшелерін тәрбиелеу, ұйымды дұрыс бағыттан тайғызбау жүктеледі. Ол оңай жұмыс емес.

2. ҚазАПП қатарын негізінде сұрыптап құрдық деп тұмар тағамыз, сенеміз. Бұдан жеке мүшелерді мөлшерден артық бағалау тууы мүмкін. Қазіргі күндє «мынау басы аяғымен тұтас пролетариат жазушысы болып бітті» деп айту ойлануды керек етеді.

3. ҚазАППты таза пролетариат жазушыларының ұйымы деп қарасақ, «Қарашаруа жазушылары» болып бөлек ұйым ашуға жол қалдырамыз. Біз батырақ, кедей, орташалар колхозға ұйымдаспай, ауылдың ескі қарым-қатынасы күшті тұрған кезінде, олардан шыққан жазушыларды қоса тәрбиелейміз де, ауыл социалшылық құрылысқа кілтесінен бет бұрған кезде ол жазушылардан іргені бөлектейміз!.. Салт-сана майданында күш біріктіру негізіне де пышақ сұғамыз.

Екінші жағынан ҚазАППты пролетариат жазушыларының ұйымы деп атаудан қашушылықты сенімсіздікке апарып тіреуге болады. Бұ да әп-әдемі пікір емес. Колхозды жазып жүрген жазушылар пролетариат тілегін соғып, ауылда социалшылдық құрысып, ауыл еңбекшілерін осы майданға аудара тәрбиелесіп жүр. Тақырып жағынан болсын, қарашаруаға түсінікті сурет жағынан болсын, оларды кінәлауға болмайды. Сондықтан жоғарыда келтірген екі пікірдің арасындағы қайшылығын ұластыратын жолды қолдау керек секілді. Бұл ұластыратын жолдың негізі мыналардан табылады-ау дейміз:

1 «Ауыл тілшілерінен, жұмысшы тілшілерден, жастар арасындағы тілшілерден өсіп келе жатқан қалам қайраткерлерін тәрбиелеу ҚазАППтың бірінші міндеті». (Өлкелік Партия комитетінің 5-ші пленум қаулысынан).

2. «Өсіп келе жатқан қарашаруа жазушыларын пролетариат салт-санасының жолына салу үлкен міндет. Бірақ олардың шығармаларындағы қарашаруаға түсінікті көркем суреттерін жою болмасын. Өйткені қарашаруаға әсер ету үшін ол суреттер ең керекті суреттер». (Орталық партия комитетінің 25-ші жылғы қаулысынан.)

3. Көркем әдебиетті басқару пролетариат табының жұмысы. (Сол қаулыдан.)

4. «Пролетариат жазушыларының ұйымдары пролетариат арасына!» деген пролетариат жазушыларының одақтық съезі.

5. «Пролетариат жазушыларының қозғалысын больше-

виктендіру үшін жазушылар ұйымында жұмыскер жазушыларын ұлғайту керек, пролетариат жазушылары ұйымына тазалау жүрсін! Тазалаумен бірге жазушылар қатарына көптеп жұмыскер жазушыларын қосу, бір жылда олардың санын ұйым ішінде 70 процентке жеткізу өте шұғыл міндет!» деген 29 жылы сентябрьде болған «РАППтың» екінші пленумы.

Міне осы келтірілгендерді тексере ұғынсақ, әлгі «қайшылықтардың» беті ашылып, орынды орнына жымдасатын секілді. Әрі де, бері де кетпей-ақ, әсіресе, қорықпай-ақ қортынды жасауға болатын секілді.

1. «Ауыл тілшілерінен, жұмыскер тілшілерінен өсіп келе жатқан қалам қайраткерлерін тәрбиелеу ҚазАППтың бірінші міндеті» болса (V-пленум), «Орталық партия комитетінің қаулысында» өсіп келе жатқан қарашаруа жазушыларын пролетариат салт-санасының жолына салу үлкен міндет» десе, әдебиетте коммунистер күшін біріктіру ұранын ұмытпасақ, **қазіргі барлық майданда шабуыл дәуірінде, қарашаруа жазушыларын шетке тастап, «пролетариат жазушылары» ұйымын оңашалай құруға болмайды. ҚазАППтың ішкі құрылысы «пролетариат қарашаруа жазушыларының ұйымы» күйінде болу керек.** Егер бұл уақытқа дейін тап жөнінен сыннан өтерліктей іс істеп, қарашаруа жазушыларын жеткілікті түрде баулып, іріктеп пролетариат салт-санасына аударып үлгірмеген болсақ, мәселені екінші түрде қоюға болар еді. Қазіргі оңашалауымыз қызу майданда жетекшілікті бәсеңдету, күш жинау орнына күш ыдырату, «қара шаруа жазушыларын» шетке тебу болып шығу қауіптері бар.

2. ҚазАПП пролетариат — қарашаруа жазушыларының ұйымы деп аталса да дұрысында ұйымда пролетариат — қарашаруа жазушыларының екеуі де бола тұрса да ұйымның іс, программасы, шығарма әдістері, алдына қойған міндеттері жұртшылық алдындағы жауапкершілігі таза пролетариат жазушылары ұйымынша болуы тиісті. Тәжірибе, қисын жағынан, күнбе-күнгі күресте ҚазАПП социалшылық құрылыстың алдыңғы қатарында жүретін пролетариат әскері болуға тиісті. Ұйым жетекшілігі толық түрде пролетариат жазушыларында болуға тиісті.

3. ҚазАППқа өз қатарын жұмыскерлендіру ұранын жүзеге асыратын уақыт жетті. Арамызда шын жұмыскер жазушы атымен жоқ. Әлі өндіріс пролетариатының ортасына бара алмай мүгедек болып отырмыз. Қай жолмен, қандай жәрдеммен болса да ҚазАППтың қанаты завод-фабрик, темір жол, совхоз, колхоз ортасына жету керек, ҚазАППтың осы күнгі сүйеніші газет басқармалары, кеңес мектеп-

тері болып келді, (бірақ, бұлардың арасында да істелген іс шамалы.) бүгінгі күнге бұл өте жеткіліксіз. Газет басқармаларының қасындағы баспахана жұмыскерлерін тарта алмауымыз шын тентектік. ҚазАПП бұрынғы қалтылдақтықты тастап, көрпе-жастығын арқалап алып социалшылдық өндіріс арасына барып, өте кең жұмыскер әдебиетшілерін әзірлеу керек.

4. ҚазАПП бюросының қазіргі жүргізіп жатқан қайта есеп алу жұмысын тазалау мәселесімен байланыстыру керек. Оңалудан кеткен «жолбикелерді», әдебиетке қатынасы жоқ «жолбикелер», орынды орнына қайтып отырсын. Кім болса да салт-санасы үйлеспейтіндердің, тірі өліктердің керегі жоқ. Бұлар арқылы сан сапаға айналады деп күтуге болмайды. Екінші жағынан, пролетариат тілегінде белсене іс істеп жүрген коммунистердің әдеби күшін біріктіру ұранын тез орындау керек. Бізде болмашы себептермен әдебиеттен, ұйымнан аулақ ұсталып жүрген коммунистер жоқ емес.

5. Завод, фабриктегі жұмыстың негізі ірі өндіріс орындарында ұялар, әдеби үйірмелер ашу, қабырға газеті, аудандық газеттер арқылы тілшілерді тәрбиелеп, саяси-әдеби білім беру, өзіңді өндіріске, өндіріс жазушыларын әдебиетке тарту болу керек.

Міне біздіңше ұйымдастыру жөніндегі бетіміз осы негізде болу керек секілді. Бұл айтылғандардың үстіне «РаППтың» 29 жылғы сентябрьде болған пленумының мына қаулысын қоссақ, біздің көзқарасымыз толығырақ болар деймін:

«Ұлт облыстарында әдеби күштің аздығымен есептесіп, ондағы әдеби күштің кең түрде бірігуін керек деп біліп, АППтың және жергілікті партия-кеңес орындарының жетекшілігін кеңірек жүргізу үшін, Пленум ондай жердегі ұйым айналасына пролетариат жазушыларын да, қарашаруалар жазушыларын да бірге ұйымдастыруды мақұл көрді. Бірақ, пролетариат жазушылары ұйымының сөзсіз жетекшілігінде болсын».

Осының бәрін жинап келгенде «ҚазАППты» қайта құру жөніндегі бет алысымыз айқын сияқты.

1930, 28 ноябрь.

МЕН ҚАЛАЙ ЖАЗА БАСТАДЫМ

Бір түрлі қиын сұрау. Әуелі қайдағы қалтарыстарды түгел ақтарып анығын беру керек, екінші, оқығандарға аз ғана болса да, «бірдеме» беретіндей болу шарты бар. Үшінші, бұл екеуін орындағанда «үлкен де» өте кіші де көрінбей, өз орныңды дәл басып қалу керек! Ең қиыны осы шығар деп қорқам...

Қайткенмен сұрау қойылып қалыпты. Кімге қанша қажеті бар, онысына сүңгімей-ақ, жауабын беру керек, міне сол жауабыңыз:

«Біз» қазіргі қалам ұстап жүргендер шамамен айтқанда бір мезгілде, бір ұядан, яки іргелес ұядан ұшқан, жаңа әдебиетке негізінде тоғысқан тәрбиемен келіп қосылғандарымыз ғой. Біреудің ерте, біреудің кеш туғанын, біреудің ерте, біреудің кеш ер жеткенін, саяси, мәдени өсу тұстарын жекелеп тастасақ, жалпы ортамыз бәрімізге де ортақ: бәріміз де екі дүние көрдік. Он төрт жыл кеңес топырағында өссек, одан бұрын көшкен елдің шаңында туған «Ақ патса» билеген отар қазақтың баласымыз. Бірақ «қазақтың баласымыз» әркім бір сүйретіп жүрген «отар» деген сөздер мәселені шешпейді, қайта шырмай түседі, сондықтан қандай қазақтың баласымыз, дәл өзіміз өсіп-өнген ортамызды жеке айтпасқа болмайды. Әйтпесе бізден қаламды бұрын ұстаған, тәжірибесі мол жазушыларымыздың бір-екеуі жазса да болар еді.

«СҮНДЕТ»

Қашан туғандық кімге қажет, азғана кішілігіміз болмаса жиырмасыншы ғасырмен бірге жасасып келеміз, әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап кедей мен ор-

ташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Әйткенмен көбінесе кедей болды. Бай болуды қанша ұнатқанмен, кеудесін көтергенмен, орташаға жетіп барып сылқ етіп құлау дағдысы еді деуге жарайды...

Төрт-бесте шығармын деймін, екі ағам (Хамит, Сәбит) үшеуімізді «сүндетке» отырғызды. «Сүндет ат» деген болады екен. Үшеуміз де бір-бір сүндет ат атауға керек. Үйімізде жалғыз кәрі бурыл ат болатын.

Күздің күні «сүндеттелетін» үшеуіміз қораның сыртында кәдімгідей шүйіркелесіп отырып, бурыл атты қайсымыз аламыз деген мәселені қарадық. Ана екеуі менен үлкен, қайтсе де маған жөні болмайтыны байқалды. Мен былай тұрсын, менен үлкен Сәбитке де ат жоқ. Өзара таласып қарап едік, ат даусыз Хамитқа «тиетін» секілденді. Үлкен екеуінің үлкендік дәлелі бар да, менде дәнеме дәлел жоқ, сондықтан мен де не босқа отырдым да, болмаса, екеуі таласып-таласып маған бере салмас па екен деген үмітпен отырған болуым керек... Аяғында, «қожа қайсымыздан бұрын сұраса, сонымыз бурыл атты аламыз...» деген қаулыға келдік... Сөйттік те қожаның алдына бұрын түсуді тіледік.

Қожа келді, жаурыны бүлкіл қағып отырып бәкісін қайрады, үшеуімізді қаз-қатар жатқызды. Үлкендете жатқызған екен, мен есік жақ шетте қалдым: әуелі дес беріп мен жақ шеттен бастаса жарар еді деп тілеп жатырмын... Үйтпеді, қожа үлкеннен бастады. Хамиттан «сүндет атын» сұрады. Қуанған немедей Хамит «бурлы ат!»...— деді де ойбай-ай!» деп бақырып жіберді.

Бурыл атты Хамит атап қалғанда, Сәбит кемсеңдеп жылай бастады. Өйткені ол атсыз қалды. Мен де жылап қоя бердім, қара жаяу қалғандай...

Кезек Сәбитке келіп «сүндет атын» сұрағанда Сәбит «а-т-ы-м ж-о-қ» деп қатты-қатты өксіп жіберді. Көзімен ғана емес, бүкіл денесімен, жанымен-тәнімен жылады. Әлдеқандай ауыр қорлық алқымына тығылып, буынып жатқандай сезілді.

Дұрысында Сәбиттен менің халым нашар еді: бірінші Сәбит менен екі жас үлкен, мүмкін оның бір жерде аты бар шығар. Үлкен болғасын оған ат сатып әперуі де мүмкін. Болмаса қожа жалғыз атын Сәбитке бере қояр да маған ат қалмас... Екінші, «сүндет атыңды айт!» деп қожа сұрағанда мен не деген жауап беру керек? Осының өзі ірі мәселе ғой! Атым болмауы, не менің жамандығым да, болмаса әке-шешемнің мені жек көретіндігінің салдары емес пе? Сәбит «атым жоқ» дегенде менің жүрегімде атым жоқтық жарасы ғана қалды

да, қожаға беретін жауапты Сәбит тауып бергендей, азырақ жеңіліп қалдым.

Маған кезек келгенде «менің де атым жоқ» дедім, Әркімге жаутаңдап шешем егіліп жылап отыр екен. Ботбай деген жақын ағамыз бар еді, о да жылап отыр екен. «Сәлденді... Не, қайта-қайта аты жоқтығын айтқыза бересің... бір-бір ат беруші ме едің, жебір доңыз!— деп қожаны боқтап жіберді. Өзім ертең ат әкеп берем... жыламаңдар... мына шірік әкелерің әперуші ме еді»— деп бізді уатты, қуанып қалдық...

ДОҢЫЗ

Қазақ шаруа бағуға қандай олақ, доңыз жұтында қалың ел тұралап қалды. Бұған бірінші себеп жердің шұрайы байлардың қолында болуы болса, екінші алдақашан маңызын жоғалтқан көшпелік, қыс азығын жаз жимаушылық та болды. Байлар алдақашаннан бергі маяларын қопарып шанасын бұзаулы сиырдан сатып, байлығын екі есе, үш өсірсе, кедей-орташалар көпшілігі төрт-бес есе шегіп қалды, солардың қатарында басты шұлғып салып біздің үй де кете барды.

Біз сол жылы дәл он алты жан едік. Мұның ішінде төрт ақ адам жұмысқа жарайды. Өзгесі біз — өңкей өңез көз, ас иесі, қызыл аяқтармыз, жұмысқа жарайтындардың үшеуі есікте: екеуі Тортай деген, біреуі Тыран деген байда.

Кедейлердің жұтқа беріспеске істеген шарасы сиырларын сойды, жылқыға ауыстырып тебінге жіберді. Қойларына күрек ашты. Біздің әкеміз де соны істеді. Бірақ «доңыз» доңыздығын істеді: жылқыны «жынды боран» алды, қой аштан, сиыр тістен таусылды, сүйегі саудыраған, жағы суалған, бұралған, тәлтіректеген аштық, жер үйдің төрт бұрышына түгел орнай қалды. Сүйек асу, тері пісіру, сүйектің майын сақармен сылып алу, өлімтік ала бұта, бәрі де тесік тамақтан өтіп жатты.

Үйдің қақ жартысын алып жатқан жалпақ пештің аузында қара шүгенке қайнап тұрады. Шүгенкенің ішінде сықырсықыр еткен өңкей сүйек болады. Сирақ, кәрі жілік, шеке секілді сүйектер асылған күні сорпаның бетіне май көбірек шығады да, шүгеннің бір жақ бұрышына жиналады. Біз үш бала үш қасық ұрлап алып, көз таса бола бергенде әлгі майды қалқып кеп әкетеміз, жер үй бу басқан қараңғы, бір бұрышқа апарып іше қоямыз. Тағы қайталаймыз... көрініп қалсақ таяқ жейміз. Бірақ бір қасық сорпа майы үшін бір күн таяқ жеуге біз әзір...

Шай келеді, шаймен бірге құрылған бидай келеді. Бидай-

ды кемпір шешеміз бөліп береді: үлкендерге екі қасық, балаларға сыла қасық тиеді. Бидайды бөлгенде көз кемпірдің қасығында болады да, әркім өз пайдасына қарай түрлі «замечаниелер» жасап отырады, «замечаниенің» көбі «қасығыңды сілікпесейші», «қасығыңды батыра түс!», «маған дегенде қасығың ылғи қалқып жүреді! деген секілді «конкретный», «деловой» келеді... Кемпірдің бүкір қолдарының қозғалуы мәселені шешеді: көп болса жарты оймақ, болмаса, он шақты түйір бидай қосса, не алып қалса, отыз екі көз соған қарай түрлі белгілер білдіреді, кемпір қалыпты бір «кәперетіп» секілді.

Біз шамамыз келгенше кемпірдің қасына жақын отыруға, кеш болса арқасын қасуға, жалпы айтқанда, кемпірге жақсы көрінуге жан таласамыз. Кемпірге ілеге алмағанымыз шалға, әкеге, болмаса басқа бір беделі бар біреуіне жақын отырамыз. Үйткені олардың көзіне жаутаңдай берсек, шашкесін әперсек, «бидайың шашылып барады» десең, райына қарай түрлі жағынан әдістер қолдансаң, бес — он бидай ауысып та салады. Бірақ — көбіне бізді маңайынан алыс ұстайды, басқа уақытта «қарым-қатынасы» түзу үлкендер шай үстінде өте ысқырынып кетеді.

Кейде шашкесін әпере беріп үлкен біреуінің алдындағы бидайын өзімізге қарай шашыңқырап жібереміз... «қайда апарасың» деп сол секунтінде-ақ жалғыз түйіріне дейін жинап алады, бұрынғысынан көрі де өзіне жақындатып ықшамдап қояды. Көздері жайнап, бізге қара құстай түйіледі. Біз оған ұялмаймыз, өзімізге тиген бір қасық бидайды бірдей қылып жеті-сегізге бөліп, жеті-сегіз шәшке шай ішеміз! Ғажап нәрсе, суды қанша сораптасаң да ешкім қарсы болмайды.

Шай ішкесін терлейміз, қазақтың терлегені, терісі кеңейгені. Көңілі жәй тапқаны, дүниесі түгелденгені ғой, келесі қарын ашқанша азырақ ойнаймыз да...

«Мына боз қойды нағашың саған берген, әкең соям десе, сен жылап, сойдырма!» деген шешем. Содан кейін боз қой «менікі» болған. Боз қой мені асырай ма, боз қойды мен асыраймын ба, қойым боларлықтай менің не табысым бар, онда менің жұмысым жоқ, боз қойым барлығы мыима мықтап сіңген. Бір күні сол боз қой да аштан өлді, мен «маңдайсыз» екемін: шешем оны боз қой өлген күні қайта-қайта айтты: маңдайсыз, таңдайсыз, саған деген жалғыз қой да өліп қалды, жеңдер ана жасығын «өңкей жалмауыздар!» деді. Жасығын бөлтіріктей таласып қырылысып тұрып жедік. Сенікі еді деп маған артық та берген жоқ, кемпір «кәперетіп» бөліп береді. Мына сол боз қойға өлең шығардым, міне сол өлең:

«Боз қойым өліп қалдың шөбің болмай,
Мен кішкентай көлден саған шөп шаба алмай,
Өліп қалған жасығыңды жеп отырмыз,
Тәтеммен бірге күрек ашуға әлім келмей».

Осыны шығарып, боз қойдың жоқтауын келістіріп алдым да кісі жоқта, далада айтып жүрдім. Бір күні шешем естіп отыр екен:— Ой айналайын қарағым-ай... боз қойды айтып жүрсің бе?— деді, ең жақсы көрген көзімен қарап. Ие!— дедім, мұрынды білекпен сыпыра сүйкей түсіп. Ұялғаным жоқ, шешеме ұнағанын білдім де мардамсып алдына құлай кеттім. Күн қатты боран еді, есіктен үсті-басын қар басқан әкем келді де: «Иттің баласы, неге жетісіп отырсың... шай қой!»— деді шешеме, шешем мені сілкіп тастады да ұшып тұра келді...

Көп жан «жақ шуты». Доңыздың қысы да, жазы да аштық. Бірін-бірі оқпен атып отырған отыз екі көз бір жерге сия алмайды. Әкем балаларымен еншісін алды: бізге бір ала қой, бір қысыр қызыл сиыр, бір кер тай тиді. Менен үлкен екі баласын әкем кісіге жалдады. Өзі орыс қалаларына етік тігуге кетті.

ТАЯҚ

Сармаса буып тұрған қалың қызылдың ортасы... Семиозерный қаласы. Тұяқтары сыртылдап, танаулары пыс-пыс еткен бес жүз шамалы сиыр. Сиырды бағып жүрген қалың шөптен мойнымыз әрең қылтиятын Жамақ екеуіміз. Күн шықпай сиырды алдымызға салып береді... Кешке, кезек ауысып, жылқы күзетіне барамыз...— Әкем келеді. Үйге алып кетеді мені... сен қаласың ғой...— деді Жамақ.— Сенің әкеңе жалынайық. Мені де ала кетсін,— дедім. Бірақ Жамақты әкесі алып кетті де мен қалдым... Күн өте ыстық еді... Қала сиыры үйіне қашады... Қарасаң алдақашан қалжырап қалған... Бастап қашатын бір шолақ тарғыл мен және бір ала бел сиырды кезек-кезек ұрып табынның қалың ортасына кіргіздім де «беттерін қайтардым ғой, енді қашпас» деп жерге жантая кеттім.

Қата қалыппын. Таяқ топылдап, арқамды түтіп жатыр екен: он шақты қатын мені қоршап алыпты да басы-көзің демей сойып жатыр... Шошып тұра бергенде таяқ басыма да тақ-тақ ете қалды. Қайтадан бұға қойдым...

Табын қалаға кірерде огород біткенді қаптап кірген екен... бұл жәй таяқ емес, кәпірден жеген таяқ, оның үстіне қатын-

дардан жеген таяқ, мұны атаусыз қалдыруға болмады. Үш-төрт күн ойлап, мына өлеңді шығардым.

«Кедейлік мал бақтырдың кәпір итке,
Толып тұр қойны-қоншым бәрі битке,
Жалдандым он үш жаста он үш сомға:
Үйде қарап отырып өлейік пе,
Таяғы қатындардың жаман батты,
Бала деп аямады ұрды қатты,
Он қатын ортаға алып сабағанда,
Дірдектеп екі көзден жасым ақты».

Бұл өлеңді жылқы бағатын Қожағұлдың Әбдірахманына айтып көріп ем:

— Өлеңді біздің Зағипа керемет шығарады ғой. Соған айтсаң неше түрлі өлең болса да шығарып береді,— деп мені өзінің қатынына жұмсады (байғұс даңғойлау жігіт еді). Менің өлеңім ұнамады... Содан кейін бұл өлеңімді басқа адамға естіртпедім.

Ақыры күн-түн мал бағуға шыдамадық, менен үлкен Жұмабай Арық баласы екеуіміз бір түнде елге қашып кеттік...

БЕС ЖЫЛДАН СОҢ

Белгілі он алтыншы жыл. 18—16—14—12— дегі балалармыз. Бірақ әскерге менен үлкен екі ағам ілігіпті.

Он алтыншы жылы менің сол кездегі түсінісіммен жазғанда, елдің көтерілу себебі мынау — ғана болды. 1) Жасы толсын, толмасын кедейлердің балаларын қос-қосымен әскер жасына іліктіріп қойған. 2) Тізім болыстың қолында, пара алады да тізімді өзгерте береді. 3) Пара бере алмағандардың бүгін бір баласы іліксе, ертең екі баласы ілігеді: «хатшы пәлен жылғы тізімді тексергенде солай болып «шыға береді... Олай болса барлық бәле болыснайда. «Ақ патша білмейді». Губернаторға уәкіл... Патшаға уәкіл... Жауап жоқ. Қысу... Шабуыл... Ойға-қырға қашу... Құрмалдық... Молдалар табысы... тығылу... поштавай... ауылнай... болыс... пара. Параның әлегі... Болысқа қарсы аттаныс. Болыстарды өлімші қылып, сүйреу... сабау... Аяғы ұйымдасып көрмеген қазақ, байларының тізесінен шыға алмаған қазақ, босқа тыныштал ды... Түрлі өлеңдер шықты. Қай қатындікі екенін кім білсін, мен жаттап алған мына бір өлеңді келтірейін.

«Ел тозды, жігіт біткен қашып жатыр,
Жылысып қала-қалаға асып жатыр.

Бәрі бір кәпір иттің құрығы ұзын:
Қара өрт кеп қалған елді басып жатыр.

Қайран жас елдің көркі солып жатыр,
Бірі таз, бірі мерез болып жатыр,
Парадан атан, айғыр түк пайда жоқ,
Мың түрлі не пәлсі толып жатыр.
Болыс, би, атқа мінер, песірлері
Сүліктей кедейлерді сорып жатыр».

Бұл өлеңді бір түрлі зарлы әнмен Қабдолда деген жігіт айтты. Мен одан жазып алдым. Маған өте ұнады. Қабдолда айтқанда қатындармен бірге мен де жыладым...

БАЛЫҚТА

Көкше мұз екі еліге іліксе-ақ балықшы ел балыққа аттаныс жасайды. Обаған өзенін мың-мың жерден кесіп тастаған қаза, ау, сүзекі... Сөткесінде төрт сағат ұйықтаймыз ба, жоқ па, басқа уақыт балықта... Қазаны қарап үлгірмейсің! Балықты сақпен сүзіп алуға мұршаң келмейді. Тау-тау болып балық Кавказдың қанжарындай жарқылдап, мұзды шапалақтайды да жатады... Шортан, шорағай, алабұға, табан, сазан, қара балық, күмістей жалтылдаған ақ шабақ.— Жиен бала балықты жинай бер,— дейді нағашым... Қол босаса қамыстан қаза тоқимыз...

Балық науқаны қыс ортасында саябырлады. Нағашым ауылында орысша мектеп бар екен. Алты сом пара алып, «учитель» мені мектебіне алды. Атын әлі күнге білмеймін, «Ақтөбе» жігіті дейтін еді, бірақ алты сом пара алғанын әлі күнге ұмытқаным жоқ: үйткені бұл дәл төрт пұт балық еді...

Келесі жылы Бекет Өтетілеуұлы оқытты, ондай жақсы кісіні әлі ұшыратқан емеспін, Нағашым үйіне жекжат адамдары келгенде маған қысса оқытатын. Сол ауылда, Бегеннің Омары деген бай бар. Үйінде қысса көп болады. Соның баласынан кейде сұрап, кейде ұрлап «Сал-сал», «Зарқым», «Мұңлық — Зарлық», «Боз жігіт», «Ер Тарғын», «Сейпілмәлік», «Бадиғұлжамал», «Шаһмаран», «Кер баланың шөлі», «Көрғұлы» тағы-тағы толып жатқан қыссаларды оқыдым. Бекетті жақсы дегенде жай айтқаным емес, менің қыссаға құмарлығымды бағалап, мені әдебиетке тартқанын айтам. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады. Бекет өлең жазса, өлең шы-

ғару үшін өзгеше бір адам болу керек емес қой деген ой туды да, менің де өлең шығарғым келді.

«Күн-түні балықтамыз дамыл көрмей,
Нағашым ұрсады ғой қалсам ермей,
Қайтқанда өз үйіме не бетімді айтам,
Ақшамды нағашым қалса бермей,

Әуелі балық біткен суда ойнайды,
Ұстамай балықтарды жұрт қоймайды.
Қазадан сақпен сүзіп шығарғасын,—
Жарқылдап, шалпылдатып мұзда ойнайды».

Кейде өзім шығарған өлеңдерді есептесем оннан асатын еді. Бәрі де жаман, айтуға ұят өлең. Сондықтан ешкімге айтпай өте жасырып ұстаймын. Жақсы көргендіктен Бекетке айтуға элденеше рет оқталдым да, бата алмадым... Ұялдым қысқа жері...

Абайдың қызға шығарған өлеңдерін елге әкелетін өңкей инструкторлар. Не көп инструктор көп, инструкторларда өлең көп. Көбі қыз-бозбала өлеңі. Колчак тұсы болсын, кеңес үкіметінің алғашқы жылдары болсын, не түрлі әдемі өлеңдерді инструкторлар әкеліп таратады. Елдегі хат білетіндер көшіріп аламыз, өлең таратушының ірі бір «уәкілдері» Байбатыр Ержанұлы, Сәбит Мұқанұлы, Есім Досболұлы, Нұрмағамбет Жамшин тағы толып жатқан басқалары. Бұлардың бізге әкелетін өлеңдері ақ-ала, қара-ала болып келеді. Яғни, ақтар, алаштар, советтер деген айырма байқалмайды.

Бұл кез менің боз бала болып қалған кезім. Менің қалап жүрген қыздарым да болады. Мен де сондай өлеңдерді өте құмартып отырып көшіріп алам.

«Бұл кінә емес, әншейін наз,
Сағынамын айтамын.
Достың ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын қайтемін...»

деген белгілі өлеңінің сарынымен жаңа осының өлшеуіне салып отырып мынадай өлең шығарғаным да бар(!):

«Көлеңкеңнен кескініңді,—
Кесіп алдым жас қайың,
Елемесең біздің мұңды —
Сен ренжіме, тоқтайын».

Осы секілді қой батпақтың элденешеуінің артына қолымды қойып жүрдім. Бірақ үйлеспейтіндігі табан аузында-ақ сезілетін еді де, жаба қоятын едім.

1918 ші және жиырма-жиырма бірінші жылдары мен осы күнгі жеті жылдық мектеппен программдас жоғарғы бастауыш мектепте оқыдым. Аз-мұздап Крылов, Пушкин, Лермонтовтардың өлеңдерін оқып көрдім. Бірақ ол кезде, орыс тілін тіпті білмейтін едім. Тіл білмеген соң, сабақ та ауыр болды. Қажғали, Махымет, Мүсен жолдастар болмағанда, өзім де жанталаспағанда, мен ол мектепті бітіре алмайтын едім.

Жиырма үшінші жылы Сәбит мені Орынборға әкелді. Он сегізінші жылдан былай қарай Сәбит қалада, мен ауылда болдым. Сондықтан ол менен «озып» кетіпті. Бұрын мен «көп озық» едім. Рабфаққа кірдім. Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бір кісілік төсекте Сәбит екеуіміз жатамыз, төсекке салғанымыз шай жәшіктің жұқа тақтайы екеуімізді көтере алмайды, жер жарылғандай бытырлап сынады: гүрс етіп еденге түсеміз. Сәбиттің жатысы жаман, әрі ауыр. Көбіне тақтайдың шыдамауына сол себеп... Қараңғы бөлме тазалықты бақыламауға қолайлы-ақ: махорканы тартамыз да, қалғанын кез келген жерге тастай береміз: Темекі таусылғанда қайта жинап алып тартамыз... Сәбиттің күнбе-күн жазғандарының бәрін оқып отырдым. Оның күнбе-күн жазған өлеңдері газет, журналдарға басылып екеуімізге көлденең аязық болып тұрды. Баспаға апарудан бұрын екеулеп «сынап жүрдік». Бейімбет, Сәкен өлеңдерін газет, журналдардан оқи бастадым. Бірақ, Сәбит секілді ақын атын алып қойған адамның қасында мен өлең шығарып шатасуым адам айтқысыз масқара көрінді. Оның үстіне Сәбит өлең жазғанда іркілмей жазады. Не туралы жазуды тез таба қояды да бірдеме-бірдеме деп өлең қылып шығарады. Мен ше? Шамаласам, жан адам жоқ жерлерде күніне бір-екі ауыз өлең ғана жазатынмын — масқара емес пе? Түгел бездім бәледен.

Бірақ сол жиырма төртінші жылдан бастап Гогольдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Достаевскийдің қара сөзбен жазған повесть, романдарын шет-пұшпақтап Толстой, Горький, Шекспир, Чеховтарды оқыдым. Бұлар өте ұнады. Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Әйткенмен оқу ауыр, бір жағынан «кемеші қасында қайықшы дыбысын шығара алмайды» екен. Ішімнен жазуға құмартсам да қалам ұстауға бата алмадым. Менің құмарлығымды Сәбит сезді білем, «Сен жазуға кіріс» деп мазалап жүрді. Газет басқармасынан қаулылар әкеліп аудартып жүрді (сол кездегі ылғи қате аударылған Совнарком, КазЦИК қаулыларында менің де еңбегім бар...).

Оның үстіне «алаш ордаларға» қарсы Сәкенді жақтайтын бір мақала жазғызды. Аяғына мен қол қойсам да желісін тар-

тып жаздырған, артынан түгелімен қайта жазып шыққан Сәбит еді. «Балтабай» деген біреуге қарсы жазылды ма, немене, әйтеуір біреуді боқтадым да салдым. Менің алғашқы жазған мақаламды Сәбиттің сонша түзеткені маған жаман батты, «жаза алмайды екем» деген қортындыға келдім де жазудан тағы безіне түстім. Бірақ Сәбитке сездірмедім.

Жиырма бесінші жылы Сәбиттен айрылдым.

Бір қыздың альбомына ұялмай-ақ мынадай өлең жаздым:

..Кей жерде жұлынып ты қағаздары...
Жазылған не болды екен (сөз аз ба әлі)...
«Уланған су орнына у ішкендей»...
Біреудің мұңы шығар улы-зарлы...

Себебі жұлынудың соңғы кезде,
Кескіні сақынаның болып өзге,
Ескертіп әлденені тұрмасын деп,
Жұлынған көрінбестей етіп көзге...

Рабфакта қабырға газетін шығарып жүрдік. Қазақша қаламшылар жоқтың қасы. «Өзімнен» артық ешкім болмағасын тағы жазуға кірістім... «Теңіз тепкісінде» деген әңгіме жаздым, оқушыларға, әсіресе Балқаш ұлына ұнады. Сол әңгіме жиырма жетінші жылы «Тулаған толқында» деген ұзақ әңгіме болып, жиырма сегізінші жылы басылып шықты. Жиырма сегізінші жылдан бастап журналға төрт-бес қысқа әңгіме жаздым да, «Көк үйдегі көршілер», «Күсен» деген ұзақ әңгімелер бастадым, бірі аяқталды да «Әйел теңдігі» шықпай қалғандықтан түгел басылмады, бірі әлі біткен жоқ. «Көк үйдегі көршілерді» үш-төрт номерге бастырған кезде «бұл әңгіме әлі ерте» дейтін еді. Қазір ол әлденеше қырдың астына түсіп артта қалды. Одан кейін «Өмір ертегісі» деген роман бастап, о да біткен жоқ. Бұлардан басқа да ірі-ұсақ басталған нәрселерім бар, бірақ аяқтауға қол тимейді. Күнбе-күнгі кеңсе жұмысы, мәжіліс, науқан, табан тоздырған жүгірістер барлық уақыттың еріксіз иесі болып жүрген жәй бар.

Ұрына алдық па, түсіндік пе, ол өз алдына мәселе, маған әсер бергендер негізінде жоғарғы айтылған орыс жазушылары мен Ғалымжан Ыбырайымұлы шығар деп ойлаймын. Жазу, төселу, жазушы болып шығу, міндетіңді атқара алу жалғыз өз қара басыңа ғана байланысты емес көрінеді.

«Жаңа әдебиет». 1931 ж. № 1—2.

ҚазАПП ЖАҢА ДӘУІРДЕ

(Съезд алдында).

ҚазАППтың басынан өткізген алты жылын, алты жылдағы істеген ісін шындап тексере бастасаң, көп жұмыстарының «ат үсті» шалалығын көресің. Бірдемені бастаған, бастай беріп тастаған. Іске бір белгілі әдіспен ұйымдасқан түрде кіріспеген. ҚазАПП басқармасындағы жеке мүшелердің қанша белсенділігі, қанша іскерлігі болса, сонша ғана бірдемелер істеліп, аяқталмай, әсіресе кешегі ісі бүгінгіге тәжірибе болмай қайталап, жаңалап, жаңалағанда тағы да бұрынғы қателердің, бұрынғы іс білмеушілікті қайталай бергенін көресің.

Егер, ҚазАПП ұйымдасқаннан бері түк істемеді десек, қателескен болар едік. Істің көңілдегідей болмауы ҚазАПП ұйымының социалдық құрылыстың қазіргі қарқынынан арта қалып қойғандығы. Ұйымның ұйымдасқан үнемі ұштасып келе жатқан ісі болмауының даусыздығымен қатар, ҚазАПП өз әліншe біраз іс істеді. Кемшілігімен бірге әдебиет майданында партия бағытын жақтап, партия бағытынан теріс жайылғандармен шамасы келгенше күресіп отырды. Жеткілікті ме, жеткіліксіз бе, ол өз алдына мәселе. Негізінде ҚазАПП РАППтың ізімен, пролетариат әдебиетінің болатындығын, әлсіз де болса барлығын, соның өркендеуін жақтап, соны ұйымдастыру талабында болды.

Жаңа туып, жаңа аяқтанып келе жатқан төңкеріс әдебиетіне байшыл-ұлтшылдар тұс-тұсынан ат қойып, шабуыл жасағанда (Екеу, Кошке, Жүсіпбек т. б.) әлсіз, күшсіз ҚазАПП, жеке мүшелері арқылы бұл шабуылға қарсы тұрды. Ашық байшылдық — ашық ұлтшылдық біздің дәуірде өркендей алмайтынын жақсы білгендер бетін бүркеп, «бұқарашыл» болып әдебиет өркендеуін байшыл жолға бұрмалауға жан таласқандарға ҚазАПП азды-көпті жауабын бере алды. Ұлт-

шылдығы-байшылдығы бойына қайнасып біткен Ысмағұл, Жүсіпбек, Мыржақып, Кошкелер, қазақ әдебиетінің қол-аяғы жоқ әдебиет болады, бұлар біздің дұшпанымыз емес, «досымыз» деп табының тілегін, ашықтан-ашық пролетариатқа жоқтатпақшы болып, төңкеріс дұшпандарын төңкеріс досы етіп көрсетпекші болғандарға қарсы, азды-көпті күшімен ҚазАПП мұнымен де күресті.

Өзі, осы байшылдықпен күресемін деп отырып, сол байшылдықтың сойылын соққан Ғаббаспен де күресіп келеді. «Марксшыл» Ғаббас Қазақстанда «үстем жұртшылық кедей жұртшылығы; еңбекшілер жұртшылығы. Өсетін әдебиет осы жұртшылыққа сүйенеді» деп Бухариннің «бұқарашылығын» істесе, ҚазАПП пролетариат үстемдігін, пролетариат әдебиетін жақтады. Байшылдармен «аянбай» күресетін Ғаббас: «Мағжан ақын тоқсанға келем дегеніне қарсы емеспіз» деп төңкеріс дұшпаны Мағжанға 29 жылы қол бұлғап, құшағын ашса, ҚазАПП мұны істеген жоқ. Бұған қарсы болды. «Партия үстелінде» отырған Ғаббас: «қазақ еңбекшілері Ақметті қадырлей біледі, көбіміз Ахметтің бауырында өскенбіз» деп ана сүтінің аузында кеппегендігін істесе, ҚазАПП Ахметпен де, Ахметті жақтаушылармен де күресіп отырды. Ғаббас, «Мағжан, Ахметтерден оқы, үйрен, үлгі ал» деп шатасса, ҚазАПП бұл қақпанға түскен жоқ. Бірақ, ҚазАППтың кемшілігі кейбір басты қызметкерлерінің жіктен тез арыла алмауларының арқасында, Маркс-Ленин диалектикасын ұғына алмауы арқасында, оң сөзі де, теріс сөзі де теріс бола берді: мәселені партия принципіне көтере алмай, біреудің қатесін көбінесе жік көзімен көрді. Партия жолынан тайғандар мен партия әдісімен күресудің орнына жік әдісін қолданды. Әйтпесе, ҚазАПП негізінде партия бағытынан лағып кеткен, теріс пікірді жақтаған жоқ.

Мұнымен қатар өз қатарындағы жікшілдікпен де күресті.

Қанағаттану былай тұрсын, ҚазАПП жұмысында кемшіліктер болды. Осы кемшіліктерді ҚазАПП кезінде көре де алмады. Көрсе сол кемшіліктерді түзету жұмысына большевикше кіріске алмады. Дұрысында, ҚазАППта қандай кемшіліктер болды? Ол кемшіліктерді жоюға ҚазАПП не істеп жатыр? ҚазАППтың бұрынғы қарқыны мен қазіргі қарқынында қандай айырма бар?

Дәл бүгінгі күнде ҚазАПП өзінің ірі кемшіліктерінің біразын ашып отыр деуге жарайды. Бұрынғы жауырды жаба тоқып жүре беретін қалыптан шығып, қазіргі күнде сол кемшіліктерін партия жолымен жоюға, ҚазАПП жұмысын жаңа

дәуірге, жаңа басқышқа көтеруге ұйымдасқан түрде кірісіп отыр.

РАППтың ең соңғы V пленумі бұл жөнде тарихи жол сызып берді. ҚазАПП тұрсын, РАППтың жұмысындағы басты кемшіліктерді жоюдың жолын белгіледі. Бұл жаңалықты, бұл ірі қарқынды пленум «пролетариат жазушылары ұйымының жұмысын қайта құру» мәселесіне бағындырып шешті.

Пролетариат әдебиеті қозғалысының ең ірі кемшілігі (ірі табыстары бола тұрса да), социалшылық құрылыстың бүгінгі қарқынынан кейін қалу, сонымен бірге пролетариат, еңбекші көпшілігінің ер жеткен мәдени тілегін орындай алмау болатын. Біздің Кеңестер Одағы социализм саласына кіріп отырғанда, пролетариат әдебиеті тұтас алғанда едәуір артта қалған.

Біздің қазіргі социалшылық құру — іс дәуірінде істен теорияның артта қалуы, кейбір ісімізде теория мен істің арасында —«үзік» ұшырасатын кезеңдер кездесіп отыр. Ал енді әдебиет майданында Маркс-Ленин заттшылдық диалектикасын қолдану жағымызда үлкен «үзік» болып келген. V-пленум пролетариат жазушылары осы қисынға мықтап ие болып алмай, шығармаларын сұрыптап ала алмайды дейді. Сонымен қатар ескі әдебиетке, ескі қисындарға сын көзімен қарап, Маркс-Ленин диалектикасының елегінен өткізіп алуды жүктетеді.

Орталық партия комитетінің тілі «Правда» газеті РАПП қатарында өзара сын жеткіліксіз деп талай айтқан. Мұны РАПП өзі де әр жерде айтып жүрсе де, бұл жөнде күрт төңкеріс жасай алмай келген.

РАПП өзінің әдебиет майданында көпшілікті тәрбиелейтін, көпшілік ұйымы екенін бағаламай, жұмысында әкімшілік әдістерін қолданған.

РАППтың қатарында пролетариат әдебиетін, пролетариат көпшілігі жасайтынын ескермей, әдебиет жазу мамандарының ісі деп қарайтындар да болған. РАППтың қатарында оқу, үйрену жұмысына мен-мендік көзімен қарау да болмай қалған жоқ та. РАППта «Демьяндану», «Әдебиетте» ескі жазушыларды (классиктерді) қуып жетіп, басып озу, «тірі адам», «мінезшілдік» деген қате ұрандар соңғы пленумге дейін қолданып келген.

Бұл қате-кемшіліктердің үстіне, соңғы уақытта комсомол мен РАППтың арасында әдебиет айтысы туғанда, РАПП комсомолдардың социалдық счетын бірден қабыл алып, пролетариат әдебиет қосылатын қалың қолмен бірігіп, кемшілік-

терді большевикше түзеуге бірге кірісудің орнына, едәуір айтысқа айналдырып барып, аяғы V пленумде шешілді. Ленин комсомолы қажырлы, ұйымдасқан күш болып, пролетариат әдебиетінің большевиктік майданына қауырт кірісіп отырғанын РАПП кезінде бағалай алмаған.

Міне негізінде пролетариат әдебиет майданында партия бағытын жүргізіп келген РАППта да осы секілді ірі қателер болды. Ал, енді Қазақстан пролетариат жазушыларының ұйымы — ҚазАППты сөз қылсақ, бұл қателер, бұл кемшіліктер бұдан да сорақы, бұдан да күшті болды деуге жарайды. Ат үсті қысқаша шолсақ: ең алдымен бізде ұйымдасқан, көрнекті ұйым болып іс істеген ҚазАПП болған жоқ. 25-ші жылы да ҚазАПП үйірме халында болса, 31-ші жылы да үйірме халынан асқан жоқ.

Өлкелік партия комитетінің V пленумы әдебиетіміздің қазіргі жайын, өткен күнін бағалай келіп, болашағын болжап, ҚазАППтың міндеттерін ашық айтып, осыны орында деп еді, ҚазАПП оны орындай алмады. Осы күнгі істеп жатқан ісіміздің көбі, сол пленумнен кейін іле көтеріп әкететін міндетіміз еді, мұны істей алмадық, «ҚазАПП» деп жалпылдайтын ештеңе жоқ, ҚазАППтың басында жүрген біз бұған үлкен күнәліміз.

ҚазАПП негізінде Қазақстанның он-он бес қалам ұстағандардың ұйымы болды да, пролетариат көпшілігінің арқасына қанатын жая алмады. Пролетариат әдебиетін жасау мәселесі он-он бес кісіден көрі кең көпшілікті керек ететінін ескермеді, ұғынбады. Сөйтіп отырып сол кішкене ұйымның өзі өзара жіктесуден, ескі жіктен арыла алмады. Басшы мүшелерінің біразы әдебиет майданындағы күреске көпке дейін жік салдарын қатнастырып келді.

Оқу, үйренуді күнбе-күнгі жұмысына, шығармасына даңғыл жол етіп ала алмай келді. Өзара сын деген партияның ұлы құралын дұрыс қолдана алмай, өзара сынды кейде жік айтысына айналдырды. Кезінде жарыққа шығып отырған, партия жолынан тайған байшыл-ұлтшыл, «оңшыл-солшылдар» зиянды пікірлер мен жеткілікті түрде күресе алмады. Партия үстелін оңшылдықпен солшылдықтың ортасына орнатып «мен партия үстелінде отырмын» деп партия үстелінің қайда екенін білмей отырып кеудесін соққан, іс жүзінде көрінеқ оңшылдықты, байшылдықты жақтаған зиянды пікірлермен жөнді күресе алмады. Төңкеріс дұшпандарын білтелеп-жамылтқылап бері тартып отырған байшылдықпен кең түрде күресіп, оны маңдайға соға алмады.

ҚазАПП зиянды пікірлерге негізінде жол бермегенмен,

шамасынша күрескенмен, сол салт-сана майданында байшыл пікірлерді кезінде ашып, жұртшылық алдына сала алмады. Міне, біздің жаңа дәуірдегі кең түрде қолға алатын ең ірі мәселенің бірі осы болып отыр. Біздің жеке мүшелеріміздің бұл жөнде жазған мақалалары, баяндамалары болғанмен, оларымыз өте жеткіліксіз. Бұл жөнде ұйым болып ұйымдасқан түрде істеген ісіміз аз болды.

Біз РАППтың бұл уақытқа дейін болып келген түзу жол басшылығына да ере алмадық. Қате ұрандарын да көре алмадық. Ұйымның өзі жансыз ұйымға айналған соң, РАППтың дұрысына дауыс қосып, қатесін бірге жойысуға көмекші бола алмай келдік. Біз артта қалған бір әскер болдық. «ҚазАПП» деген Қазақстан орталығындағы аз ғана жазушының «ұйымы» болды, өндіріс пролетариаты, газет маңайлары, пролетариатты қала, ірі совхоз, колхоздардың маңайына ҚазАПП бара алған жоқ.

ҚазАПП шаруаны қалпына түсіру дәуірінде құрылысқа еріп отыра алса, шаруаны қайта құру дәуірінде өте кейін қалды. Өзі ұйым болып жетпеген әдебиетте жігін құрта алмаған, РАППқа ере алмаған ҚазАПП, қайта құрылыс дәуірінде пролетариат салт-сана майданының ең артта қалған әскерінің бірі болып шықты. Тере берсе, ҚазАППтың кемшілігі осылар ғана емес, әлі де толып жатыр. Бірақ бұл күнге дейінгі ісіміздің төрт аяғынан ақсап жатқандығын көрсетуге осы да жетер, әлі де талай жазуды керек етер дейміз.

Ал, енді не істеп жатырмыз, осы кемшіліктерді қалай жоймақпыз, соған келейік.

РАППтың V пленумының қаулы-қарарларын тексеріп келгенде ҚазАПП өзінің кемшіліктерін қоса тексерді. Дәл осы кезеңде Қазақстан комсомолдары ҚазАППқа өзінің кемшіліктерін қоса тексерді. Дәл осы кезеңде Қазақстан комсомолдары ҚазАППқа социалдық счет әкеліп, пролетариат әдебиетін жасасуға көрнекті күш екендігін іс жүзінде көрсетті.

Крайкомның үшінші пленумде сөйлеген Исаұлы, Садуақасұлы жолдастардың сөздері, одан кейінгі Жүсіпбекұлы жолдастың сөздері ҚазАППтың бүгінгі міндеттерін тағы бір рет көрсетіп берді. Пролетариат жазушылары қандай тақырыпқа жазулары керек, жіктен сақтанудың жолдары, қазіргі міндет, қазіргі қауіпті бағыт, жік мәселесінде қалай қателескендеріміздің барлығы айтылды.

Әдебиет майданы қазір үшінші майдан емес, социалдық мәдениет құру жалпы социалшылық құрылысынан жеке емес, бірге. Барлық майданда социалдық шабуыл, барлық құры-

лысымызда екі майданда күресу керектігін есімізде қатты ұстап, қазіргі дәуірде ең қауіпті ағым — оңшылдық, байшылдық екенін ұмытпауымыз керек.

Әрине, бұл ұрандар партияның жүктеп отырған міндеттері, біздің барлық ісімізде бас орын алмаса, оны біздің атқара алмағанымыз.

Біздің жаңа дәуірге көштік дегенде айтайық дегеніміз де осы жолды қолданып ҚазАППты көркем әдебиет өндірісіне айналдырып, қайта құрып жатқанымыз. Бұрын ҚазАПП жеке адамдардың жігі болып келсе, кәзір арнаулы адамдар босатылып, ҚазАПП ұйым жұмысын жүргізе бастады. Бүгінгі ісіміздің бас әдісі етіп шығарма әдісін үлкен төрге қойып отырмыз. Бұрын ҚазАПП үйірме болса, кәзір кең ұйымның бірі бола бастады. Барлық ірі өндіріс орындарымен, газеттермен, қала, совхоздармен байланыс жасап, жер-жерде бөлімше, үйірмелер ұйымдастыруға кірістік. Февраль аяғына таман ҚазАППтың бірінші съезін өткізуге даярланып жатырмыз.

Басқа қалаларымызда қалай болып жатқанын кім білсін, Алматыда шығарма айтысы кең өріс алып отыр деуге жарайды. Жақын арада Абай, Сәкен шығармаларын тексеруіміз үлкен сабақ болды. Бүгін ұрандарымызды партия бағытын шамамыз келгенше ісімізде қолданып, жүзеге асыруға, Ораз жолдастың «Айтыстарында ескі жік жанданып жүрмесін, дұрыс сындарыңды жік көзімен көріп, бұрмаламасын» деген тапсырмасын орындауға тырыстық. Шығарма айтысын жоғары сатыға көтеруді негізгі әдіс етіп алып отырмыз. ҚазАПП қазіргі дәуірде ең қауіпті ағым оңшылдық (байшылдық) екенін есіне ұстап, шығарма айтыстарын әсіресе оңшылдықпен күресуге аударып отыр.

Осы қыстың ішінде ҚазАППтың өзінің, жеке мүшелерінің қателерін осы айтыстарымызда тексеріп, өзара сынды мейлінше күшейтуге ұйым болып кірісіп отырмыз. Маркс — Ленин теориясын білу деген, солардың кітабын ғана оқып қою емес, соны ісімізде қолдану ғой. ҚазАПП та осы айтыстарында сол теориямен қаруланып жатқанын көрсетіп отыр.

Бұл біздің ҚазАПП тарихында өзгеше жаңалық. Мұны біз жаңада ғана қолға алдық. Әзірге жаңа қарқынның бас дәуірінде ғанамыз деуге жарайды. Кемшілігіміз де болмай қалмас, бірден жөнделіп кете де алмаспыз, қатеміз де болар.

Бірақ бұрынғы ісімізбен салыстырғанда, бұл ҚазАПП жұмысындағы жаңа дәуір екені даусыз.

«Әдебиет майданы». 1932, № 1.

СОЦИАЛШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС ДӘУІРІ — ТҮРІ ҰЛТТЫҚ, МАЗМҰНЫ ПРОЛЕТАРИАТТЫҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ ӨРКЕНДЕЙТІН ДӘУІРІ

(Қазақстан кеңес жазушыларының ұйымдастыру комитетінің бірінші пленумында жасаған баяндамадан)

Біз осы пленумда, Қазақстан кеңес әдебиетінің соңғы жылдары күшті қарқынмен, кең көлемде терең мағнасында өсіп келе жатқанын алдарыңа салып өтпекшіміз. 29 жылы болатын Крайком пленумының «Әзірге үстем болып отырған байшыл-ұлтшыл, салт-сананың әдебиеті, бұдан кейбір коммунистерімізде әлі арыла алған жоқ» деген дұрыс көрсетіндісінен, Қазақстан кеңес жазушыларының шығарған қортындысын, сонымен бірге еңбектеріне кіргізген жаңа мазмұн басты табыстарын көрсетпекшіміз.

Көркем әдебиет — көркем түрде, еңбекшілер көпшілігінің сана-сезімін тәрбиелейтін, тап тартысының құралы екеніне, дәл осы күні ешкім дауласпаса керек. «Көркемөнер байлар табын құлатып, тап біткенді жойып, адамды адам қанауын түбірімен құрту жолындағы пролетариат үстемдігінің міндеттерін атқарыссын» деген Ленин сөзін осында жиналған жолдастар түгел білу керек. Өйткені біз — жазушылар, тап тартысының, салт-сана майданындағы ең бір жауапты жерінде күресіп жатқан отрядпыз. Егер, социалшылдық құрылыстың қай бұрышында қандай іс істеп жатса да, социалшылық тапсыз қоғам құрып жатқан пролетариат табының міндеттерін атқарысып жатқанын ұғынбаған жазушы — ол социализмнің саналы жасасушысы емес, жалпы ағымның екпінімен қалқып жүрген жаңқа. Ол жазушы өз еңбегін пролетариат төңкерісінің тілегіне жанастыра алмайды, жүгіне жинай алмайды. Ол жазушы: әңгіме, «дүниені тануда емес, өзгертуде» екенін ұғынуға өресі жетпеген адам болады. Ал, дүниені өзгерту — деген ең алдымен тап тартысы арқылы адам қоғамын өзгерту, тап тартысы арқылы тапты жойып, тапсыз, қанаусыз қоғам жасау.

Мазмұны социалдық, түрі ұлттық мәдениет деп, көпшілікті интернационалдық тәрбиесімен тәрбиелеуді мақсат етіп пролетариат үстемдігін нығайтатын мәдениетті айтамыз. Біздің көркем әдебиетіміздің алдына қойылатын міндеттер осы. Осы міндеттерді орындап шыға алған болсақ, әдебиеттегі табыстарымыздың шын-ақ салмақтылығы, тереңдігі. Тап тартысының кәзіргі дәуірі бізден не күтетіндігін жазушыларымыздың толық түсіне алғандығы.

Бұған жауап беру үшін алдымен мынаны ескеруіміз керек. Ленин айтады:

«Басқа жұмыстың бәрінен көрі де әдебиет жұмысын механический теңестіре салу қиын екендігіне дау жоқ. Дау жоқ, әдебиет мәселесінде жеке адамның инициативасына, жеке адамның ыңғайына үлкен кеңшілік жасау — сөзсіз керек нәрсе. Жеке адамның ойының еркін жайылуына, фантазиясына, түр мен мазмұнға сөзсіз кеңшілік беру керек. Мұның бәрі даусыз. Мұның бәрі пролетариат партия жұмысының әдебиет мәселесіне партия жұмысының басқа жақтарымен қалай болса солай бірдей етіп қарап, теңестіре салуға болмайтындығын дәлелдейді»— дейді.

Олай болса әдебиет өсуіне шыдамдылық, сақтық көзбен қарау керек екені даусыз. Тек бұдан әдебиет мәселесін тегінде, жеке адам шешеді екен деген қортынды жасамау керек.

Енді әдебиетіміздің өсу мәселесіне келсек, байлар билеген елдердің жалпы экономикасы мен саясатындағы дағдарыс, көркемөнеріне де орнап отырған уақытта, Кеңестер Одағында кеңес әдебиеті күн санап күшейіп отыр. Жержүзілік пролетариат әдебиеті қозғалысының ең берік тірегі Кеңестер Одағының әдебиеті болып отыр. Мұның даусыз екенін, Кеңестер Одағының жаңа әдебиеті өте жойқын күшпен көтеріліп келе жатқанын бүкіл жер жүзінінің саналы еңбекшілері мен алдыңғы қатарлы оқығандары күн санап дәлелдеп отыр.

Адам баласының тарихында, езілген көпшіліктің, жеке адамның ғасырлар бойы бұққан, ықтаған, жарыққа шыға алмаған, кісендеулі қасиеті, өнері, жігері, кең терең түрде өсіп өркендеу үшін керекті жағдайдың тек пролетариат үстемдігі арқылы ғана социалшылық жолда табылғанын Кеңестер Одағының барлық мамандары, ескі интеллигенттері де күнде бір дәлелдеп отыр. Мұның даусыз екеніне, Октябрьге дейінгі ескі тарихында саңлауы болмаған Қазақстанның барлық майданда күшті қарқынмен, қомақты іспен өсіп келе жатқаны, капитализмдік дәуірді басынан өткізбей-ақ, социализмге аттап отырғаны дәлел.

Мұның даусыз екеніне, күні кеше олжада жатқан отар Қа-

зақстанның аз жылдың ішінде түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық мәдениет, көрнекті көркем әдебиет жасап отырғаны дәлел.

Жолдас Жансүгіровтың баяндамасында Кеңестер Одағының өсуімен бірге Қазақстанның қай көлемде, қандай қарқынмен өсіп келе жатқан цифрларын келтірді. Цифр деген шүбә қалдырмайтын айғақ: Кеңес Одағының жаулары, «оңшыл-солшыл» бұлталақшылар, ұлы орысшылдар мен ұлтшылдар қанша іштерінен тынып қыңсылағанмен біздің қарқынды дамуымызды бүркей де алмайды, жасыра да алмайды. Социалшылық жолмен өсуімізге қарсы қою түгіл, қатар қоятын цифрды Қазақстанның ескі тарихынан ешкім тауып бере алмайтынына ешбір шүбә жоқ.

Мен, жалпы мәдениетіміздің өсуінің ішінде, соның бір жуан тармағы қазақ кеңес әдебиетінің өсуін алдарыңа салып, негізінде соңғы екі-үш жылғы табыстарымызға тоқтамақшымын дедім ғой.

Бұл жөнде, жолдастардың есіне жалпы түрде сала кететін бір нәрсе: бұл пленумда не бар табысымызды түгел ортаға салып бір баяндамамен түгел шолып өтуге мүмкіншілік болмады, біз баспадан шығып, шықпаса да әбден аяқталып біткен басты-басты табыстарымызға ғана тоқтай алайық деп тұрмыз.

Және, бір талай шығармалардың баспадан шыға алмай жатқандығы, жер-жердегі жолдастардың жазған еңбектерінің түгел қолға түсе қоймауы, баяндаманың ірі бір кемшілігі болып отыр. Сондықтан, бұл баяндаманы жер-жердегі әдебиет табыстарымызбен толықтыру керек болады. Әсіресе, әзірге баспа бетіне түсе қоймаған пролетариат, колхозшылар арасынан жаңа шығып келе жатқан жас таланттардың жазғандары бізге түгел белгісіз. Екінші, кеңес жолына әбден бетін бұрған ескі интеллигент жазушыларымыздың соңғы уақыттағы жазғандары қолға түсе қоймады. Осы жағынан жер-жердің жайын айтып, Қазақстанда кеңес әдебиетінің қай түрде, қандай жолмен, қандай қарқынмен өсіп келе жатқанын толықтырарсыңдар деп сенем!..

* * *

Қазақстанның, оның ішінде қазақ жазушыларының басынан қандай дәуірлер өткенін Ілияс баяндамасында естідіңіздер. Сол дәуірлерді бұл баяндамада қайра ескерте кетуге тура келеді. Үйткені біздің бүгінгі табыстарымыз бен жетіс-

кендіктеріміздің түсіну үшін, өткен дәуірлердің үлкен маңызы бар. Қазақстанның өзгеше дейтін жағдайы да сол дәуірлерде жатыр. Біздің Октябрьдің алды-артын іле-шала шыққан кәзіргі келелі жазушыларымыз, сол дәуірлердің қиыншылықтарына ұшырап, ескі мен жаңаның жағаласқан күресінде ержетті. Өсу жолындағы, салт-санасы сұрыпталу жолындағы қиыншылықтарды сол тарихи дәуірлерде өткізді де сол дәуірлер жазушыларымызға үлкен әсер етіп отырды.

Октябрьдің аз-ақ алдында ұлт қозғалысына ұшыраған жазушылар, февраль төңкерісіне жалғаса байшыл «Алаш орда» дәуіріне ұшыраған жазушылар, біреуі аз, біреуі көп сол қозғалыстарға ерген жазушылар, бастарынан өткен дәуірлерде, сол дәуірлер жазушыларымызға үлкен әсер етіп отырды. жоқ.

Біз, бұрынғы отар, Октябрь төңкерісі арқасында капитализмді аттап өтіп, феодалдық қарым-қатынастан социалшылық жолға көшіп отырған елміз. Одақтық пролетариат жетекшілігі арқасында, сол пролетариатпен бірге социализм жасап отырған елміз. Пролетариатымыз төңкерістен кейін туып отырған елміз. Біз негізінде мал өсірген, шаруашылығы артта қалған, мәдениеті жоқ елді, тап жігі айқын ашылмаған елді — еңбекшілерінің сана сезімі төмен елді, әлі күнге рушылдығы күшті, надан елді, кәзір ауыл шаруасы күшті — өндірісті елге айналдырып отырмыз. Бұл жағдайда Қазақстан топырағында тап тартысы тоқсан саққа жүгірген, шиеленіскен, бытқылды, қиын түрде өтіп келеді. Осының бәрі де біздің жазушыларымыздың ескі санамен күресе отырып, жаңа салт-санаға түсулеріне талай кедергі, талай қиындықтар жасады. Жазушыларымыздың қай уақытта, қай бағытқа түскендіктері, қалай өскендіктері, салт-сана майданында бұлталаққа түсулері, төңкерісшіл істеріміздің кейбір кілт бұрған жерлерінде, оған ере алмай сыр көрсетулері, аяғында соларын жеңіп, дұрыс жолға түсулерінің тамыры осында жатыр. Кеше ғана, мәдениетті елдердің 5—6 ғасыр бұрын өтіп кеткен сатысында тұрған Қазақстан, пролетариат төңкерісінің күшті тегеуіріні арқасында, бүгін социалшылық қоғамын жасасып отыр. Сол артта қалғандықпен, сол ескілікпен белдесе күресіп, бойға сіңген ескі салт-сананы жойып, пролетариат жолына түсудегі қиыншылықтарымыздың тамыры осында. Егер мұнымен есептеспесек, күрес, өсу, өркендеу дегенді жауып тастап, әп-әзір, бірден бағыты түзу, келелі жазушыларымыз шыға қалды деген қате жолға түсер едік.

Әсіресе, баса тоқтайтын, естеріңе түсіретін уақыт жиырмасыншы-отызыншы жылдар. Өйткені кәзір белгілі жазушы

болып ержеткен жазушыларымыз он жылдың ішінде бастарынан есею дәуірін өткізіп салт-санасын, дүниеге көзқарастарын сұрыптаған дәуірі. Одасын ол он жыл ескі қарым-қатынаспен аянбай алыса отырып, Қазақстанды жаңа, социалшылық жолмен өсуге әбден бетін түзеген он жыл.

Шаруашылық пен саясатта болсын, жеке алғанда көркем әдебиетімізде болсын ашық-жабық жауларымызбен алысып отырып бүгінгі табысымыздың негізі қаланған он жыл.

Көркем әдебиетте байшылдықты ашық ұсынған, болмаса бетін бүркеп ұсынған жауларымыз да жіктеліп, өзіне шабуыл жасаған жылдарымыз да соның ішіне кіреді. Кейбір жолдастарға үлкен үміт берген тап дұшпандарымыздың бетін ашқанымызда сол уақытқа жатады. Беттерін бүркей-бүркей байшылдан бұқарашылға, «жолбикелікке қосылып кеткен» байшыл жазушылардың бетін ашқанымыз да сол уақытқа жатады.

Қысқартып айтқанда ол он жылда, осы күнгі көрнекті жазушыларымыз бастарынан өсу дәуіріндегі қиыншылықтарды өткізіп ержетті де, бұрын, қазақ әдебиетінің тірегіміз дейтін байшыл жазушылардың тап дұшпандығы айқын ашылып, олардан жікті айырдық. Олар өз табына қосылып, бізге жау болып қарсы аттанды. Сол он жылдың ішінде — Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілияс секілді көрнекті жазушыларымыз шықса, оларға ілесе Қалмақан, Жақан, Асқар, Ғабит, Әбдірахман, Өтебай, Ғалым, Әбділда, Тайыр, тағы басқа ондаған жазушыларымыз шықты. Бұрынғы бармақпен санайтын жазушыларымыз, сан жағынан да, сана жағынан да өсіп, өз алдына бір ұйым болуға жарап, пролетариат тілегі үшін көркем әдебиет майданында күресуге жарады. Міне бұл он жылдың әдебиетіміз үшін үлкен беласар болғандығын осыдан-ақ көруге болады.

Ол он жылда Кеңес үкіметінің тілегіне құрылған басты-басты шығармаларымыз болды. Жазушыларымыздың шығармаларындағы ұлылы-кішілі қателері, теріс пікірді ұсынған шығармалары бола тұрса да, негізінде пролетариат төңкерісінің тілегіне құрылған шығармаларымыз жасалып-ақ қалды. Алған тақырыбын дұрыс шығара алмау, көркемдік жағынан ақсап жатқан шығармалармен бірге, негізінде социализм тілегін соққан әдебиетіміз сол кезде туып қалды.

Көркем әдебиетіміз партия мен Кеңес үкіметінің ұрандарын ауылға жеткізіп, еңбекшілер көпшілігін тәрбиелеу жолында үлкен күрес жасады, көп еңбек сіңірді. Әсіресе, жер бөлісі, ауылға кеңес заңын жеткізу, әйел бостандығы — әйел теңдігі үшін, елдегі парақорлармен, атқа мінермен көркем әде-

биетіміз жақсы күресе алды. Осы кездегі бай мен батырақтың арасындағы күреске баса көңіл салынды. Мәдени майданға, оқу, оқыту жұмысына, қатты көңіл бөлді. Сол кезде шыққан Сәбиттің «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», Сәкеннің «Еңбек шарт жалшылар қорғаны», Бейімбеттің «Кедей теңдігі», «Заманы», Қалмақанның «Жалшы», Ілиястың «Қойшының ойы», «Шоқпыт», «Мырқымбайлар» кезінде партияның ауылға арнап тастап отырған ұрандарын үгіттеуге арналған шығармалар еді. Бұлардың ішінде сол кездегі кедей-батырақтың кейіпкері болуға жарап қалғандары да болды («Мырқымбай», «Шоқпыт»).

Әсіресе күңдікте езілген күншығыс әйелін — қазақ әйелін теңдікке жеткізуге арналған шығармалардан кенде болғанымыз жоқ. Ауылды кеңестендіру ұраны, жер бөлісі секілді ұрандардың айналасында бір топ әңгіме, өлеңдер жазылды.

Сонымен партияның сол кездегі ұрандарының айналасына еңбекші ауылды ұйыстыруға жап-жақсы атсалысты десек мақтанғандық болмас деймін. Мұны дәлелдеу үшін сол он жылдық тап тартысының ұрандарынан туған басты-басты еңбектерге келейік.

«Тар жол, тайғақ кешу» (Сәкен)— бұл осы күнге дейін маңызын жоғалтпаған, келешекте де үлкен орны бар еңбек. Рас, бұл бір жағы көркем әдебиетке, бір жағынан публицистикаға жатады. Рас, бұл басынан-аяғына дейін сұрыпталып шыққан, біткен де нәрсе емес. Әйткенмен бұл Қазақстан топырағында одақ пролетариат жетегінде жүріп Октябрь төңкерісін орнатуға Қазақстан еңбекшілерінің қалай күрескендігін толық көрсете алатын еңбек. Мұнда байшыл алаш-орданың Октябрь төңкерісімен қалай күрескендігін, оның бар тілегі байлардікі болғанын, одан қазақ еңбекшілерінің қалай қашқанын Сәкен толық көрсете алды. Көрсеткенде көркем үгітпен, толық көрсетуге тырысты. Әрине бұл еңбектің мазмұнында да, көркемдігінде де сынайтын нәрселер бар. Әйткенмен, Октябрьдің Қазақстан жеріндегі сипатын, сол кітаптан толық көретінімізге, оның өте қомақты, ірі еңбек екеніне ешкім таласа алмайды. Жікшілдіктің, құрғақ айғайдың кезінде «Тар жол, тайғақ кешуді» ешкім толық бағалаған жоқ. Бірақ, Сәкеннің бұл еңбегі, ешкімнің құрғақ жамандығынан, бағасын жоятын еңбек емес.

«Жер қазғандар» (Сәкен)— бұл Көкшетау темір жолының жалғанып жатқан кезін әңгіме қылған шығарма. Рас, мұнда тек қазақ жұмысшыларын ғана алады. Онда да бір қостың ішіндегі адамдарды ғана суреттейді. Әңгімені жұмысшылар тұрмысынан алып, аяғын басқаға, ғашықтыққа апа-

рып доғарады. «Қасқыр да қас ойламас жолдасына» деген мәтелді жұмысшылар арасында қалай берік ұстайтындыққа жалғастырып, жұмысшылардың біріне-бірінің қандай қатты байланысатынын, жеке дара басының қамы үшін жолдасының жүзін жыртып, көңілін қалдырмайтындығын көрсетіп, әңгімесін осымен бітіреді. Бұл арасы келісіп тұрған жоқ. Жұмыскерлердің бірлігін, ұйымдасқан табандылығын жұртшылық ішінде, өндірісінде көрсетудің орнына жеке қарым-қатынастан, қазақшылық көз қарастардан әкеп қиыстырады. Темір жолдың социалшылық құрылыстың күшті бір тірегі екенін, оның айналасында шаруашылық мәдениет ошағы жасалатынын, иесіз жатқан далаға темір жолдың қандай пайдасы барлығын мүлде ұмытып кетеді.

«Түсің суық, тәнің шойын жаланаштың» басқаша жазушылардан бұрын жазған Сәкен, бұл әңгімесінде де жұмыскердің тұрмысын, оның жердің үстінде де, астында да үлкен күресте екендігін көрсете келіп, қазақтан пролетариат жасала бастағандығын жырлауға талап етті. Соған қуанады. Олардың тұрмысындағы жаңалықты, табандылықты көрсеткісі келеді. «Жер қазғандар»— жұмысшы жайында жазылған бірінші еңбек.

«Октябрьдің өткелдері»— бұл Сәбиттің сол кездегі басты шығармаларының бірі. Сәбит мұнда қазақ жұмыскерінен шыққан төңкерісшілін көрсетпек болды. Қазақ кедейінен шыққан, Алпыс деген балықшы шалдың баласы — Теміртайдың қалай жұмыскер болғанын, төңкеріске қатынасқанын суреттейді. Шынында Теміртайдың басынан кешпеген бейнет, ол көрмеген азап, капитализмнің қанауы қалған жоқ. Ол Ленадағы он екінші жылғы атысты да көрді. Каспийден Омбыға, Омбыдан Ленаға, одан Спасскіге барып, әуелі балықшы, одан жүкші, одан тері илейтін жұмыскер, одан алтын қазатын жұмысшы болып, аяғында төңкеріске қатынасып, Октябрь төңкерісі орнағаннан кейін көсегесі көгереді. Бірақ Теміртай ойды-қырды аралап, пісіп қатқанмен, февраль төңкерісін біреуден естиді. Одан басқа жұмыскерлерде патшаны құлатуға қатынаспаған, ұйымдаспаған болады.

«Жақындаған кез еді,
Февральдің аяғы,
Жуасыды кенеттен
Асау байлар баяғы,
Есектен де жуас боп,
Қолынан түсті таяғы».

деп февраль төңкерісін байды жуасытқан төңкеріс етіп көрсетеді. Мұндай қателері толып жатыр. Теміртай кәдуілгі ренжитін, қуанатын, толғанатын саналы жұмыскер емес, тек бір

ойсыз қара күш, көсеу секілді. Адамның мінезі, геройының саяси жолға түсердегі ойы, тексеруі, айнуы, қызуы жоқ. Тек жұмыскер болғасын болды, кез келген бәлеге де, төңкеріске де, іске де қалай болса, солай ұшырай салады. Бірақ, бұл жазушыларымыздың ісінен жұмысшы тұрмысынан жазамын деген үлкен талаптан туған еңбек. Өте ат үсті болғанмен де капитал дүниесінде жұмысшы табының тұрмысы қандай болғанын көрсетіп, төңкерісшіл тап келешекте шаттық, тапсыз қоғамға сол таптың үстемдігі арқылы жететінімізді елестетем деген үлкен ойдан туған еңбек. Ізмұқан жолдас айтқандай «Сәбит төңкеріс дауылында әр аралға бір қамалған ақын емес. Ол әр орынға бір паналап әдеттенген жоқ. Оның бар білетіні кеңес жұртшылығы. Сәбит Теміртайды шығара алмады. Бірақ, Сәбиттің бұл еңбегі жаңа тақырыпқа жазылған, кейін емес, ілгері қарай сүйрейтін, алдында болашағы бар, дүниені тек түсініп қана қоймай, өзгертуге аттанған таптың жыры екені даусыз».

«Адасқандар»— бұл Сәбиттің осы күнге дейінгі шығармаларының ең бір көрнектісі. Сәбит мұнда Рабиндранат Тагордың үлгісімен (өзінің сөзі), новелла түрінде ауылдың ескі қарым-қатынасын тексеретін роман жазуға талаптанған. Шынында осы күнге дейінгі басылып шыққан әдебиетімізде бұл көркем түрде жазылған бір кесек еңбек. Басынан аяғына дейін қалыпты бір әдіспен көркемдігін жоймай, ағынын жазбай, қызықтырып тартып отыратын, аяқталған еңбек. Мұнда Октябрь төңкерісінен кейін, байға жасалған шабуыл елдегі бай ықпалының әлі де күштілігі, оның қатысқан күресі ол күресте біздің жеңіп келе жатқандығымыз, көркем түрде жақсы суреттелген. Әуелі байдың есігінде жүрген, одан бай баласының ат қосшысы болған Еркіннің сана-семізі ояна келе тап тілегіне ауып, байдан жігін айырғаны көрсетілген. Осы күні әбден тап тілегіне ауысып болған батырақтардың, кедейдің ішінде бір кезде байдың құйыршығы болып барып, кейін оянатыны болады ғой, Сәбит соны көрсете алған.

Одан соң ол романда Сәбит баяғы жікті тексереді. Ысмағұлшылдықтың — Қожановшылдықтың тамыры байшылдықпен қалай байланысып жатқандығын, оңшылдықтың тамыры байшылдықта екенін, тап дұшпандарымыздың отына май құятындығын көркем түрде, орынды-ақ көрсете алды. Сәбиттің өзін «солшыл» деп басқалар боқтаса да Сәбит оны тексерудең де тайынған жоқ.

Сәбиттің осы күнге дейін жазбай келген тақырыбы колхоз болатын. Бұл оның бір мықты кемшілігі еді. Ол жаза бастағаннан бастап «Шоқпыт» деген бір кейіпкерді айналдырып

жүретін еді. Оған қазынадан мал, машина әперіп, көтеріп бір тастаған. «Шоқпыт» та «Мырқымбайдан» қалыспай жеке шаруасын көтеріп алып, социалшыл жолға бетін бұра алмай, «Науырызын» тойлап жүре беретін еді, аяғында «Адасқандардың» ішінде колхоз да болып шықты.

Одан соң Сәбит «Алаш-орданың» ел байларымен қалай байланысып жатқанын ашық көрсетеді. Шаруаны қалпына түсіру кезіндегі кеңшілікті пайдаланып, мектеп маңайын қолдарына алған «алаш-орданың» жастарын көрсетеді. Әйел мәселесін қазақтың ескі әдетіне сүйеніп отырып молдалар шешсін деген «Алаш» көсемдерінің әйел мәселесіне қалай қарайтындығын, оны шеше алмайтындығын баяндайды. Осының бәрін де басынан аяғына дейін көркем түрде ағынан жазбастан-ақ көрсете алған. Бұл, өзі осы күнге дейінгі қара сөзбен жазылған еңбектердің алдында тұрған нәрсе. Ал енді мұның кемшілігі де бар. Әуелі «Адасқандар» деген аты қате. Сәбиттің адасты деп отырғаны — бірі Әбіл байдың баласы — Бүркіт, екіншісі — Мәйекеңнің немересі — Бәтес. Тоқпақбай деген байдың қызы. Екеуі де — даңқты адамдар, «алаш-орданың» съезіне келіп, солардың елдегі сүйеніші болған. «Елдің белді» адамдардың баласы. Сәбит осыларды адасты дейді. Бүркіт пен Бәтес «Адастық, адастық» деп мойындарына алады.

Әрине, бұлар адасқан жоқ. Бұлар байдың балалары, басынан аяғына дейін өз табының тілегінде, өз табының жолында қалды. Комсомолға кіргенде адасып кірген жоқ, Кеңес үкіметінің барлық осал жерімен пайдаланып қалайын деді, оқыды. Байдың қызы Бәтес, қайта қызыл отау сотының бастығы, кедейдің қызы Әсияны адастырып кетті.

Әсияның адасқандығы байдың қызына ерік әперуде емес, оған барлық коммунистік сырын айтып, оны өлкелік женотделға жіберіп, оқуға орын тауып, оның келешегіне жаны ашып, пролетариатқа байды қосақтауында. Өзге кедейдің қызын соттан ерік әперіп қана аттандырып жатса, байдың қызы Бәтесті, біле тұра әлпештеп, өз жанына алып жүруінде. Кедейдің қызынан жоғары көтеріп бәйек болуында. Кедейдің қай қызымен салыстырсаң да Бәтес өмірінде бір шыбық сындырып көрмеген «қызғалдақ». Оның сүйгеніне бара алмауы, Әсияға тіпті қатты батқан. Сәбит, Бәтеске өте күйректік істеген.

Байдың баласы бір қызды алам десе, ол қыз тием десе, арасына түрлі кедергілер түсіп, арадағы сөзге иланып бірінебірі сенімін жоғалтып, бірін-бірі өлтіруге жетсе, бұл адасқандық болып табыла ма байдың балаларына.

Алайда Сәбиттің «Адасқандары» бұл секілді жалпы баяндаманың ішіндегі ат үсті сөзбен сынап тастай беруге үлкен соғатын еңбек. Жоғарыда айттым ғой, мұның көркем түрде жазылған үлкен еңбек екенін, сондықтан ол өз алдына сөз қылуды керек етеді. Бұл жазушыларымыздың жеке алғанда Сәбиттің ұсақ нәрседен үлкенге көше алғандығын көрсететін маңызды еңбек. Әлгідей қателерін былай қойғанда кесек еңбек деп мақтана алатын шығармамыз.

«Он бес үй» (Бейімбет). Қазақстанның бір өзгешелігі бұл капитализм дәуіріне соқпай социалшылық жолына аттап түскен ел дегенді жоғарыда айттық қой. Қазақ елінің ішіндегі тап тартысының өзгешелігі де осыған байланысты дедік. «Он бес үй» сол өзгешелікке арналған, ауылда тап тартысының қандай түйіншектелген қиындыққа байланысты екенін көрсетуге арналған еңбек. Жазушыларымыздың көбі ауылды жазсақ пролетариат жазушысы бола алмай қалады екеміз деп, соңғы жылдарда ауылдан мүлде қашуға айналғандары да болды. Ғаббас секілді айранды көжеге қосатын «сыншыларымыз» жазушыларымызға жөн сілтеудің орнына, дұрыс жолынан теріс жолға түсіруге жәрдемші болды. Ауыл арасындағы тап тартысының тақырыбы Қазақстан үшін үлкен мәселе екенін жазушыларымызға ұғындырудың орнына, ауыл тақырыбына жазғандар пролетариат жазушысы бола алмайды, пролетариат жазушысы өндірістен ғана шығады, өндірісті жазсаң ғана боласың, деді.

Бұрын ауыл ішіндегі әйел мәселесін, ауыл кеңесін, қосшы жайын, парақор, атқа мінер, байдың қылықтарын күн құрғатпай жазатын Бейімбет, осындай қойыртпақ сынның арқасында ауыл тақырыбын қоюға айналған. Жазса, колхоздың «Жұмысы жақсы екен» деген секілді үстірт қана жазып, ауылдың терең сырларына шомбай бастаған еді. Мынау «Он бес үй» олай емес, Бейімбет ауыл ішіндегі болған жаңалықты, ескілік пен жаңалықтың қалай алысып, тап тартысында ауылдың социалшыл жолға қандай қиындықтармен келіп түскендігін түгел суреттеуге тырысқан. Октябрьден кейін, қазақ ауылының үстем табы — байларға бірінші соққы жер бөлісінде соғылды, одан соңғы бір үлкен іс — кәдуілгі «кішкене октябрь»— байларды конфискелеу еді. Бейімбет осы екі ірі оқиғаның тұсында қазақ ауылында тап тартысының қалай болғанын суреттеп, шырматылған қиындықтар арқылы батырақ-кедейдің қалай жеңіп шыққанын айтқан, асыра сілтемей шындықты көрсете алған.

Қазақтың ескі ауылын, сол ауыл күйінде алсаң, Октябрьдің бер жағында да одан үш түрлі бағыт табылатын еді: бі-

рінші — феодалдық қарым-қатынастың күшті қалдығы, екінші — капиталшылық жолмен өсудің ыңғайы, үшінші — социалшылық жолдың бірте-бірте ауыл арасына нығыз орнап келе жатқандығы. Жер бөлісі мен «конфеске» тұсында-ақ кей жердегі батырақ, кедейлердің көзі ашықтары серіктік, артель құрып, үкіметтен күш-көлік алып, ұйымдасқан шаруаға бой ұра бастады. Кей жерде тіпті күрделі артельдер жасалып қалды. Әсіресе орыс қалалары мен аралас отырған елдердің кедей-батырақтары, егіске жері ыңғайлы жерлерде ірі шаруа құра бастады. Ол кезде бай-құлақты тап ретінде жою ұраны тасталмаған кез еді, ұйымдасқан батырақ-кедейлер шуу деп байлардан жырыла көшіп, жігін айырды. Тәуір жерге қала сала бастады. Бұрынғы байдың меншігіндегі жерді алудың өзі, артель-серіктік құру үшін еңбекшілерге үлкен маңызы болды. Міне Бейімбет осы дәуірді алады. Бейімбет бас кейіпкерім деп Әпенді алса да, істеген іс, артелінің өсу-өркендеуінде Бейімбеттің кейіпкері көпшілік болып кетеді. Мұнысы шындыққа жатады. Колхоз көпшілігінің салт-санасы үзеңгілес өсіп, ескі тұрмыстан социалшылық жолға дұрысында бір мезгілде ауысты, бірге өсті. Сондықтан «Сарыалап» колхозының еңбекшілері де бірқалыптас өсіп отырады.

Бұл әңгімеде Бейімбет бір қызық мәселеге тоқтапты. Ол Әпен мен оның әкесі. Әпеннің ескі тұрмысқа әбден қалыптасып, құлдыққа әбден көндігіп кеткен әкесі — Елемес, шуу дегенде жанжал шығарып, ырыққа көнбей, Ермек байдан айырыла алмай үлкен қынжылысқа түседі. Колхозшылар оны қалайда ертіп апарып колхозға қосқаннан кейін дүниеден үміт үзіп, діндар болады. Бірақ, ауылда тап тартысы қызып, байларға шабуыл жасау күшеюімен бірге, социалшыл шаруаның нығаюымен бірге, Елемес шалдың да көз қарасы дұрыстала бастайды. Ең аяғында, баласы Әпен орыстың қызы Марияны алған кезде, шалдың ескі қазақылығы, діндарлығы құқарып, жойылып, шал колхоз жұмысына қосылады.

Әпен тақырыптың бас кейіпкері болмағанмен колхоз ішіндегі үлгілі, көпшілік шаруасына өте саналы көзбен қарайтын, басқаларға үлгі болуға жарайтын колхозшы. Әмина, Жамал, Мариялар да колхоз әйелінің ең алдыңғылары. Ең алдыңғы адам деп еңбекке, еңбектің социалдық түріне шын беріліп жеке меншікке емес, ортақ меншікке ең жаны ашып қарайтын адамдарды айтамыз. Олай болса, колхозшылар арасынан Бейімбет сондай адамдарды тапқан, сондай адамдарды дәріптеген. Қазақ ауылындағы тап күресінің бас-аяғын бір жинап тастауға арналған «Он бес үй»— Бейімбеттің ірі шығармаларының бірі.

Бірақ мұнда кемшілік те жоқ емес. Бейімбет істеліп жатқан істерді алады да, кейіпкерлерінің не ойлайтындығын, қандай қиыншылықтарға ұшырағанда қалай толқуларын, адамның ішкі өзгерістерін көрсетпейді. Мұның колхозшылары колхоз боламыз деп бір «жә, бәсе» десті де содан жұбын жазбастан ылғи жеңумен кетіп бара жатады. Тап тартысы, колхоз құрылысындағы тәжірибесіздік, колхоз мүшелерінің бұрынғы жеке меншікке үйренген әдеті, колхоздың өсуіне ешбір әсерін тигізбей қала береді. Байдың барлығын, оның колхозды құлатуға үгіт таратып жүргенін, бір уақытта колхоздың жиырма атының жоғалып кеткенінің бәрін айтып отырып, соның колхозды кейін тартқан жерлерін Бейімбет аттап кетеді. Колхоздың барлық табыстарын да үстінен қарпиды. Колхоздың шын істерінің ішіне кіріп, терең бере алмайды.

Алайда, колхоз құрылысының бастапқы дәуірін түгел көрсетуге тырысқан, ауылдың ескі қарым-қатынасымен, жеке меншіктің сүйекке сіңген салдарымен күресе отырып, ауылдағы тап тартысының өзгешеліктерімен есептесе отырып, оны көрсете отырып, ауылдың ендігі жолы социалшылық жол екенін, ол жолға ауыл еңбекшілерінің мықтап бұрылғанын көркем түрде көрсете алған ірі шығармаларымыздың бірі «Он бес үй» десек, ешкімнен ұятты болмаймыз.

Соңғы табыстарымыз дегенде осы пленумға сала алмай отырған — Бейімбеттің «Қазақ қызы» деген үлкен романы, кесек еңбегі қалып бара жатыр. Жазылып болғанмен ортаға түсіп бір тексеріліп өтпеген соң, алдарыңа сала алмай тұрмын. Өздеріңе мәлім — өлең, әңгімені Бейімбеттен көп жазған, оқушыға бұдан белгілі жазушымыз аз. Бірақ, «Қазақ қызы»— Бейімбеттің үлкен тақырып, ірі мазмұнға, кесек еңбекке көшкен бірінші шығармасы. Басылмаған күйінде болса да орталарыңа салуды әбден көтеретін, Бейімбеттің жаңа бір ірі адымы еді. Соны орталарыңа сала алмағандығым үшін, пленумнен ұялуға тура келіп тұр.

Соңғы жылдардағы көркем әдебиет майданында ірі табысымыздың бір күрделісі пьеса жайында болып отыр. Егер жақын арада болып өткен Одақтық кеңес жазушыларының бірінші пленумы бұл жөнде тым артта қалғандық бар десе, біз, қазақ кеңес әдебиетіміздің ішінде дәл кәзір пьеса жағында үлкен адым жасадық десек, ұяла қоймаспыз деймін. Бұдан бір-ақ жыл бұрын ауыз толтырарлық бір пьесаны атай алмасақ, кәзір төрт-бес ірі пьесамыз бар. Кеңестер Одағындағы ең атақты саналатын Афиногеновтың «Қорқынышы», Горькийдің «На днесі», Киршонның «Наны» секілді пьесалар аударылып отыр. Көркем әдебиетіміздің ең ақсап қалған

жағы осы болғандығын еске алып, жазушыларымыз бұл майданға атқойып еді, кәзір күткен үмітті ақтарлықтай жеміс берді. Ауыз толтырып атай алармықтай пьесалар жасалды. Театрымыздың түрлі жағдайлар арқасында бұл пьесаларымызды қалың еңбекшіге таныстыра алмай отырғандығы болмаса, бұл жөнде Кеңес Одағының пьеса қорына біз де ірі олжалар қостық дей аламыз.

Бұл пьесаларымыздың ұлы-кішілігіне, бірінен-бірінің қанша артық-кемдігіне қарамай-ақ, щетінен ұстап алдарыңа салып қарайық (ол жағы әлі көріне де қойған жоқ).

1. «Октябрь үшін»— жазған театр коллективі-Мұхтар, Ілияс, Орынбек, Қанабек. Негізінде жазып, құрып шыққан Мұхтар. Басқалары түзетісіп, толықтырып, жонысқан. Әбден пьеса болып аяқталуы бәрінің қолынан өткен.

Бұл жиырмасыншы жылғы Алматыда болатын бүліншілік жайында жазылған, Октябрь төңкерісінің он бес жылдығына арналып жасалған пьеса. Бұл Фурмановтың «Мятежінің» екінші түрі деуге келеді-ау деймін. Бірақ бұл роман «Мятеждің» де, пьеса «Мятеждің» де аудармасы емес, соған сүйеніп қана да жазылған емес. Бұл жаңағы айтылған роман мен пьеса бар, тарихи материалдар, сот, тексеру материалдары бар, соларды зерттеп барып, жаңадан жазылған пьеса. Мұның Фурмановтың «Мятежіне» ұқсастығы, бас кейіпкерлерінің бірлігі «Мятеж» романымен пьесасын аударғандықтан емес, екеуі бір оқиға жайында жазылғандықтан.

Фурманов сыншыл жазушы, оқиғаның қалай туып, күн санап қалай өскендігін, немен шешілгендігін толық көрсете алды. Фурманов пролетариат әдебиетіне көрнекті еңбектер қосқан келелі жазушымыз. Ол Алматы оқиғасын да шын түрінде, өзіне көрінген түрінде жазды.

Бірақ ол оқиғаға тап, ұлт жағынан неше алуан топтың басы қосылған болатын. Дәл сол күндердегі, Фурмановтың көзімен көрген оқиғаға ол топтардың, әсіресе күншығыс ұлты еңбекшілерінің үлкен әсіре болсын-болмасын, қалайда, күншығыс еңбекшілері өз байы мен кулактарына қарсы болып, Октябрь төңкерісінің, Кеңес үкіметінің тілегінде болып еді. Олай болса ол оқиғаны күншығыс еңбекшілерінің тарихи қозғалысына қосып, әңгімені дәл бүліншіліктің өзіне ғана тіремей, кеңейтіп алуға болады емес пе? Оқиғаның өзін жеке алып, дәл сол қозғалыстың ішінде ұшырасқан адамдарды ғана алғандықтан, Фурманов әңгіменің салмағын оқиғаның сыртына шығармаған. Оқиғаға жау болып, не болмаса дос болып қатынасқан топтардың (әсіресе күншығыс елінің) істері бар көлемінде суреттеліп жетпеген. Жалғыз Жанұзақов

болмаса, өзгелердің шын кескіндері де, әсіресе қатынасқан еңбекшілердің настроениелері терең зерттелмеген. Бұл бір. Екінші — сол оқиғаны пайдаланып, әлденеше пьеса жазуға да болады. Әңгіме тарихи шындықтан шықпасаң болған, болуға мүмкін оқиғаларды дұрыс бағытты беріп, бір тақырыпқа әлденеше еңбек жазуды ешкім тоқтатпайды.

Енді біздің пьесаның өзіне келейік. Бұл Алматының сол бүліншілігін, соған қатынасқан ұлт топтарының шын кескіндерін, тарихи шындыққа сыйдыра, жаңадан қайта бір суреттеп өткен пьеса. Ол оқиға Фурмановтың жазғанында Түркфронттың Ферғанаға әскер жіберу жайындағы бұйрығын орындауға қарсы жасалған кедергіден басталып, сол кедергіні жоюмен бітеді ғой. Ал мына «Октябрь үшін» олай шолақ алмай, дәл сол кездегі әр таптың Октябрь төңкерісіне қандай көзқараста болғандығынан бастап алады.

Бұл пьеса — Октябрьдің табыстарын, Ресей пролетариатының жетекшілігі арқасында, сонымен бірге қазақ, қырғыз, тараншы, дүнген, түрікпен, өзбек еңбекшілерінің қорғасқандығын, өздерінің келешегін пролетариат төңкерісіне шын байланыстырғанын, тығыл-таяң ауыр сын кезінде жалтарып қалмай, Кеңес одағын қорғауға әзірлігін, табандылығын көрсетеді. Екінші жағынан, күншығыс еңбекшілері Октябрьдің табыстарын қорғауға аттанғанда, ұлт байлары, орыс кулактарына қосылып, оларға орыстың, күншығыстың байшыл, ұлтшыл оқығандары, Жанұзақов секілді партияға бай тілегімен кіргендері бірігіп Октябрьге қарсы аттанғанын көрсетеді.

Одан соң байлар тобына — бүліншілік жасаудың ортасына қосылған еңбекші ұлдары да (қай ұлттан болса да) көрсетіліп, аяғында өз табын тауып — пролетариатқа қосылады. Оқиғаның өрісі оларды да өсіріп, санасын оятады. Ұлтшылдық деген байшылдық-төңкеріске қарсылық екенін, ұлтшылдықтан еңбекшіге пайда аздығын пьеса оқиғасының жайлымында түгел көрсетуге тырысқан.

Ұлы орысшылдық пен ұлтшылдықтың сол кездегі түрлерін ашады, мұның екеуі де еңбекшілер бірлігінің шырышын бұзатын, қайсысы да бір ұлттың тілегі екенін көрсетеді. Ұлт-ұлттың арасына от жағып, еңбекшіге еңбекшіні қарсы пышақтастыруға әзірлеген Жетісу кулактарының сырын ашып, бұл бүліншілікті болдырмай шығарады.

Оқиғаның өзіне шынында Алматыдағы (Жетісудағы) күншығыс ұлттарының бәрі қатынасқан болатын. Сонда, ескіден қалған ұлт-ұлттың арасындағы өшпенділікті жойып, тап тілегіне аударып, ұлт еңбекшілерінің арасында тап тіле-

гіне құрылған достықты көрсете алу пьесаның тағы бір үлкен қасиеті.

Пьесада — партияның жұмыскер табының шын өкілдері, Фурманов. Беляев, солардың тәрбиесінде шыққан күншығыс төңкерісшілері Өтеповтердің кескін-кейіпкері жасалған деуге жарайды. Ресей пролетариатының шығыстағы шын көмекшісі, таптас досы Шағабуддинов, Шагидоллиндар да ашық, өз тұрпатын өзі көрсете алардық болып шыққан.

Оқиға біртіндеп жайылып, жайылған сайын оқиғаның да, геройлардың да кейіп-кескіндері толықтана түсіп, аяғында қалың қара күшті, большевиктік қажыр, дұрыс бағытқа сенімділік үстемдік алып шығады. Пьесада бірден ашылып қалмай, көрініс сайын көтеріле түсіп, өсіп отырады. Әзірге, сахнаға қойыла қоймаған табыстарымыздың бізге көрінген жақсы жақтары осылар секілді. Бұл пьеса кәзіргі социалшылық нағыздық бағытымен жазылған кесек еңбек, ірі табысымыз деп отырмыз.

Осыған байланысты, Мұхтар жайында бір-екі ауыз сөз айта кетейін. Мұхтардың мойнында толғану — толқу сияқты күндерінің жүгі жүр. Мұхтар бізге шын қосылдым деп, Кеңес үкіметінің шын жақтаушысы болам деп баспа бетінде шықты. Осы пленумда сөйледі де. Мұндағы сөйлегені әнеугі баспадағы сөзін тірілтіп, көп толықтырады, көп мәселені ашып айтып береді. Мұхтар қалтқы қалдырмай-ақ, шын келгендігін сендіре сөйледі.

Әрине, біз Мұхтардың бұл сөзін бағаламай өте алмаймыз. Мұхтардың сөзі — социалшылық жолымыздың дұрыстығын, ұлт еңбекшілерінің тілегі ұлтшылдар-байшыл, алашордашылар арқылы емес, пролетариат төңкерісі арқылы шешілетіндігін тағы бір рет дәлелдейді.

Екінші — «Турксиб». Ілияс Жансүгіровтың пьесасы.

Бұл кәдуілгі «Турксибті», Қазақстанның индустрияланууын көрсетеді. Бұдан бұрын индустрия жайында туған пьеса бізде болған емес. Қара сөзбен, өлең шығармалардағы шетпұшпақтаған еңбектер болмаса, өндірістің ішіне кіре, соның толық тұлғасын мазмұнға алып, көркем түрде жазылған келелі еңбекті біз әлі жасай алғамыз жоқ та.

Индустрия — фабрик, завод, темір жол сияқты ірі орындарымыздың еңбек адамын қайтадан тудырып, еңбек дегенге жаңа көзқарас, еңбектің ең өнімді, ең шат түріне көшіруге, бұрын еңбекті бейнет көрсе, енді оны ең мағыналы өмір, өмірдің көркемдігі, мазмұны деп қарарлық етіп шығаратын үлкен қасиеті бар. Бұрын жекеменшікке иемденген адамның бүгін бүкіл бір таптың меншігіне біздікі деп қарай алатын қалып-

қа жетуі, бұл салт-сананың ең жоғарғы, ең құрметті сатысы. Өмір бойы еңбегі қара басын асырауға әрең жетіп келген еңбекшінің кәзіргі еңбегіне, ол еңбегінің жемісіне «Біздің таптықі, біздікі» деп қарап, оны ең қасиетті іске балай алуы, бұл оңайлықпен табылатын іс емес. Біздің социалдық өндіріс ең алдымен еңбек адамына осы салт-сананы сіңіреді. Ескі салт-сананы сындырып, жаңа салт-сана береді. Жаңа адам жасайды. Бұл адам, сол өндірістің ұйыстырушысы, жасаушысы, жауапкер басшысы, бұл тапсыз қоғамға жеткізетін көсем тап.

Міне «Турксиб» осы тақырыпқа жазылған. Осы адамдар жайында жазылған. Бұл Қазақстан өміріндегі шындықты көркем түрде көрсетуге арналған пьеса. Пьесаның күшті бас тақырыбы: ұлы орысшылдық пен ұлтшылдыққа қарсы күрес.

Өзі ақсүйектен шыққан инженер Гәтіс арқылы, Ілияс ұлы орысшылдықтың ең сасық, таң түрін, басқа ұлттардың кіміне болса да әлі күнге айуан есебінде ғана қарайтын, өзінің айуандығынан арылып болмаған инженердің орыс қаласының тоң мойын кулагымен астасқан ең сорақы түрін көрсетеді.

Ауылдың ескі мерезі, рушылдық, надандық, ескі үстемдік ортасында семірген қазақ борсығы баймен ішінен улы қанжар буынған «Алашордашыл» инженерді көрсетеді. Ұлы орысшыл инженер мен қаланың кулағы:

— Саба қазақты, жой мақлұқтарды,— десе,

— Сой орысты, сары орыстың бәрі орыс!— деп қазақтың ұлтшыл инженері мен байы оған қарсы айдайды.

Турксиб жолының салыну бойында ұлы орысшылдық пен ұлтшылдық неше алуан сатыларға көтеріліп, талай еңбекшілерді пышақтастырады. Неше түрлі түсін өзгерткен түрмен келіп, ұлы құрылысымызға бөгет жасап, еңбекшілер арасына ірткі төгеді. Жұмыскерлер арасындағы сана сезімі төмен жағынан талай жанды жазасыз улайды. Сонда да көпшілікті маңайына ұйыстыра білген, коммунист партиясының қажыры арқылы, пролетариаттың тізесі арқылы, ұлы орысшылдықтың да, ұлтшылдықтың да беттері ашылып, асқар қиындықтардан жеңіспен өтеді.

Кәзіргі тапты қоғамның ішіндегі талай шұбар топтарды көрсетіп, олардың таптық толқуларын, күресін, шын кескінін көрсете алады. Түсін бояған офицер, кедей тонында жүрген қазақтың байы, атқа мінері, «Алаш-орданың» өкілдері топтобымен өтіп, қылмысты тілектерінің ұшына жеткенше, пролетариат соққысына ілігеді.

Сол күресте, сол ұлы құрылыста, шайналысқан тап тартысында әр ұлттан құралған жұмыскерлердің пісіп-қатып, ер жетулері, шыныгып қатаюлары көрсетіледі. Гиносаров, Смол

секілді табанды коммунистерді көресің. Пролетариаттың айнымас досы, жаңа мамандарды — Ыхсан мен Мухиндердің адал еңбектерін, шын берілгендіктерін көресің.

Ұлы орысшылар мен байшыл ұлтшылдардың қой бағып, битін қараудан басқаға жарамайды деген қазақ еңбекшілерінің шын жұмыскер болып техниканы меңгерудегі табанды күрестерін, өзгергенін, өскенін, алдыңғы қатардағы саналы адам болғанын көресің.

Ескі мамандардан бір кезде бұлтақтап жүріп, кәзір барлық майданда жеңіп отырған социализмнің күшті екпінінде буындары бекіп бізге қосылғанын, олардың ішкі өзгерістерін көресің.

Пьесаның бас персонажы — Турксибтің өзі. Жазушы алған тақырыбын жақсы иемденіп, жеңіп алған. Темір жол пьесада шетте қалмай барлық оқиғаға қатынасып, бірге ойнап отырады.

Ұлы құрылысымыздың айналасына неше түрлі қырсықтың бәрі жиналып, шым-шытырық шиеленіскенде, жауымыздың жан-жағымыздан қоршап, қия басқаныңды аңдып тұрған жерінде, жұмысшыларымыздың өз ішінде жастық, шикілік, қалыптасқан жұмыскер жолына түгел түсіп бола алмаған кезінде, соның бәрін жеңіп отырған социализм күші Турксиб жолын кесімді жоспармен соза береді. Кесімді жоспардан бұрын жолдың екі жағы айқасып шығады!

Ілиястың үлкен табысы — сол шиеленіскен тап тартысының қалың ортасына кіріп, оны шет-пұшпағына дейін зерттеп, барлық кейіпкерлерін, саяси бағытын шатастырмай, дұрыс алып шығуында. Оқиғаны әлсіретпей, үдете отырып, түйіп тастай алуында.

Турксиб, Қазақстан секілді көп ұлтты жерде, әр ұлттың өсу-өнуінде өзінше өзгешелігі бар жерде, жергілікті пролетариат жаңа жасалып жатқан жерде, тап тартысының түрлері өте шиеленісіп, ұлттық өзгешеліктердің шымылдығын бүркеніп алдайтын жерде, осының бәрін бойына сыйғыза білген, және соның бәрін пролетариат билігіне жеңдіре білген, шындықты жазған көркем әдебиетіміздің бір көрнектісі. Мұндай еңбекті бағалай білуіміз керек.

«Шабуыл»— жазған Бейімбет пен Ғабит. Тап күресінің тарихында Октябрь төңкерісінің қасиетті, одан ардақты, одан ұлы күніміз жоқ, болмайды да. Бұл дүниелік пролетариат төңкерісінің басы, маңдай алды. Осы ұлы төңкеріске атсалысып, соның қанды майданында болған елдің жұмыскері мен еңбекшілеріне, соның табысын қорғаған, соның жырын жырлаған жазушыларына одан артық құрмет те, қошемет те ке-

рек емес. Өйткені бұл бүкіл тарихтың, адам баласының ендігі өсу-өркендеуін атымен, затымен жаңа жолға, жаңа бағытқа түсіретін ұлы жол. Адам адам болғалы, адамнан қоғам құралғалы неше ғасыр өтсе, неше ғасыр теңсіздік, қанау-қаналу болса, біреу күліп, біреу ыңырсып жатса, соның бәрін жойып, адам баласын тең, азат, еркін еңбек, еркін дүниеге апаратын жол.

Сол ұлы жолдың, ұлы бағыттың пролетариат үстемдігі арқылы ғана салынатынын, пролетариат төңкерісі арқылы ғана жететінін, кеңестер елінің пионеріне дейін, кешегі күң-құлына дейін ұғынғанына ешкім шәк келтіре алмайды. Бірақ, бұл Октябрь әлі көркем түрде жырланып жеткен жоқ.

«Шабуыл» пьесасы — осы Ұлы Октябрьдің Қазақстан топырағында қалай өтіп, қазақ еңбекшілерінің қалай қатынасқанын көрсетуге арналған пьеса.

Мұны жазу үшін Қазақстанның қай жерінде, қай түрде қандай оқиғалар болды. Қазақ даласының қай табы қалай қатынасты. Соның бәрін жинап, бәрін өз денесіне сыйдыра алатын, тарихи баға беретін ұлы Октябрь майданының Қазақстандағы суреттерінен бір тарихи ескерткіш ретінде жасалған бірінші пьесамыз осы «Шабуыл».

Пьесаның ең бас тақырыбы — Одақтық большевик партиясы мен пролетариат жетекшілігі арқасында қазақ еңбекшілері, еңбекші оқығандары, байдан, байдың партиясы «Алаш-ордадан» бөлініп, ақтармен қосылған «Алаш-ордамен» аянбай күресе отырып, Кеңес үкіметін қалай орнатысқанын көрсету.

Қазақстанның тап өзінде де осы күнге дейін байшыл «Алаш» Октябрь төңкерісіне дейін төңкерісшіл болып келді деген қате ұғыныс бар. Дұрысында солай ма еді? Әрине, олай емес, «Алаштың» байшыл оқығандары, қазақ еңбекшілерінің көпшілігі шын тілегі не екенін білгесін-ақ, қазақ еңбекшілері он алтыншы жылы шын көтеріліске аттанғанда-ақ төңкеріске қарсы болып шыға келген. «Төңкерісшіл» бос сөздер ұшып кетіп байшыл оқығандар ең масқара, ең құлдық екеніне қарамай-ақ он алтыншы жылы патшаны жақтап шыққан. Баяғы «Ұлтым, қазағым» дегендегі қазағының кім екенін көрсеткен. Патша үкіметі он алтыншы жылы қазақтың ақсүйектеріне, байларына, өзінің елдегі агенті тілмаштарына кеңшілік, қошемет көрсеткенде, қазақтың байымен, өз табымен бірге, «Алашшыл» оқығандары да ұлт қозғалысына қарсы болып, патшаны жақтап шыққан.

«Алаш» партиясы байдың партиясы екенін февраль төңкерісінен бұрын да, кейін де көрсетті. Уақытша үкімет — бай-

лар үкіметіне қосылып, күншығыс ұлттарына шын теңдік әперетін Октябрь төңкерісіне қарсы қан майданға шыққан. Баяғы «Қазағым, ұлтым» дегеннің орнына қазақтың байын, молдасын, ақ сүйегін ғана ұстап, таптық бетін ашатын «Шабуыл» осыны суреттейді.

«Шабуылдың» екінші бір тақырыбы он алтыншы жылғы ұлт қозғалысы қалай, қай түрде, пролетариат төңкерісіне қосыла алды. Шуу деп тек отарлықтан ғана құтылуды тілек етіп, пролетариат төңкерісінің программынан хабары болмаған он алтыншы жыл қозғалысының өсе келе жарылып, ұлт еңбекшілері тілегінің өзі пролетариат төңкерісі арқылы шешілетінін ұғынуы, кісендеулі жалпы қазақ еңбекшілерінің қолына қару алып, Октябрьге атсалысулары, бұл үлкен оқиға. Бұл бір ұлттың, келешегіне бұрын түсіне кірмеген соны көзқарас тауып, талай баспалдақтар арқылы ғана сұрыптап келген, негізінде ұлы тілегінің Октябрь жолына айқасқандығынан ғана табылған жол.

Он алтыншы жылдың қозғалысы түгелімен Октябрь жолына түскен жоқ. Оны бір жағынан патшаның өкшесі тапап тастаса, екінші жағынан байдың, ұсақ байдың тілегі февраль төңкерісінен шешінді тауып, енді ешбір төңкеріс жасаудан тоқталып қалса, үшінші жағынан еңбекшілер ұлы тілегі әлі шешілмегендігін, оның Октябрь арқылы ғана шешілетіндігіне көзі жетіп соған қосылды.

«Шабуылдың» ендігі бір тақырыбы — қазақ оқығандары. Қазақ оқығандарының ішінен ашық байшылдармен «Алаш-ордамен» қатар, еңбекшілер тілегінің қалай шешілетінін анық барлаған қырағылары қалтқысыз пролетариат төңкерісі жағына шықты. Енді біраз ұсақ байлардан шыққан оқығандар шөре-шөреде жүріп, аяғында байшылдарға қосылып кетеді. Ұсақ байлардан шыққан оқығандардың екінші бір жүйесі талай бұлталақтар арқылы, ауысу арқылы, төңкерістің ұзақ жолында нығайып, пролетариат жолына қосылады.

«Шабуылда»— пролетариат төңкерісі шығарған қажырлы ерлердің, табанды большевиктердің кескін-кейпі көрсетіледі. Орталық пролетариаттың өкілі — Андреев, оқиғаның басынан-аяғына дейін сенімді жол, қажырлы, табанды бағытта, ұлт арасындағы тап тартысының түрлеріне жете түсінген болып шығады.

Ұлт оқығандарының арасынан, төңкерістің бастапқы дәуірінен-ақ дұрыс бағытқа түскен, күштің аздығына қарамай-ақ, келешегіне сеніп, тегінде езілген ұлт еңбекшілерінің табанды большевигі көрсетіледі.

Азды-көпті «Ұлтым» деген ұғынысы бар, пролетариат

төңкерісімен түгел қосылғанмен кейде ұлттық көзқарасы өсіп, төңкеріске көзқарасы тарылып, кейде мүдіріп отыратын оқығандардың кескіні де бар...

«Майдан»— жазушы Бейімбет. Қазақстан капиталдық қарым-қатысты аттап өтіп, социалдық жолға түсті деген сөзге үңіле қарасаң, ауылдағы тап тартысының неше түрлі арнамен талай қиыншылықтар арқылы болып жатқанын көресің. Ауыл еңбекшілерінің сана-сезімінің кеш оянуы, рушылдық құрылыстың салты әлі күнге салмақты болып, ағайыншылық шымылдығының астында байдан бөлектенуіне үлкен кедергі жасап отырғаны, ұлы орысшылдық пен ұлтшылдықтың салдары ауылдағы тап тартысын қиындата түсіп келді. Бірақ ауыл еңбекшілері социалшылық құрылыстың ірі табыстарын көріп отырып, өздері сол құрылысқа қатынаса отырып, сана-сезіміне үлкен өзгеріс кіргізді. Еңбекшілердің тұрмысы, келешегі, бытыранды, ұсақ жеке шаруа арқылы түзелмей, біріккен, машиналанған ірі шаруа арқылы ғана түзелетініне — бұл жолдың социалшылық жол екеніне әбден көздері жетті. Ауыл еңбекшілері осы социалшылық жол үшін күресіп жатыр. Бұл жол ескі әдетке, ағайыншылыққа, құлдыққа соққы беріп, кешегі «бай ағайынын» бүгін кедей «ағайыны» тап ретінде жойып жатыр. «Майдан» осы тақырыпқа жазылған.

«Майдан» кәзіргі ойналып жүрген пьесаларымыздың арасындағы маңдай алды, ең үлкен табысымыз деп отырмыз. Өйткені бұл тап тартысының үлкен бір кесегін алып, соны шын күйінде, шамасы келгенше нағыз көрінісін бере жазған. Біздің көп шығармаларымыздың бас ауруы әңгіменің сырт көрінісін ғана алып, ішіне кіре алмаушылық. Өзіміздің тапты да, табымызды да көрсете алмаушылық. Біздің жазғандарымызда бай табы болса — не ақылдан кемтар, не күштен кемтар, шертіп қалсаң күл-талқаны шығатын бейшара қылып көрсетіліп жүр. Іс жүзінде олай емес, азуы алты қарыс байлар, олардың атқа мінерлері кесек-кесек кедергі жасап, олқылықтар туғызып, әсіресе, колхоз құрылысында қатты алысып жатқанын жақсы көре алмаймыз. Жауымыз әлсіз боп көрсетіледі. Олай болса әлсіз жауды жеңген біздің күресіміз бен жеңісіміздің де бағасын түсіреді. Біздің табыс — өзі құлайын деп тұрған жел тиірменді құлата алғанымызда емес, қарсыласып отырған қайсар жауды, бүтін бір тапты жеңуімізде. Жауды да, өзімізді де ойыншық етіп көрсетуді мүлде қою керек.

«Майданда» ауылдағы бай табының азулысы, қырық пышақ айлалысы, барлық күнін бізбен алысуға жұмсап жат-

қан — бай, атқа мінер, мырза, олардың құйыршықтары қолдасқан бір мықты топ болып сахнаға шығады. Қазақ ауылындағы үгіттің ең күшті түріне ие болып «Мақпал» кемпір шығады. Бұлар ағайыншылықты, ескі әдетті, аға-іні, қайнағакеліндікті барынша толық пайдаланып, ауылдағы орташа-кедейлерді колхозға кіргізбей, колхоз жайында тоқсан түрлі өсек таратып бағады. Егер колхоз құрыла қалса, «Арам жесең ауылыңмен» деп, ру жолымен байы-кедейі тұтас колхозға кірмекші болады.

Бұлардың үгітіне кейде еріп, кейде айнып, аяғында колхозға қосылатын орташа тобының адамдары бар. Бұларға жеке меншік шаруаның көзқарасынан, бірлескен шаруаның жолына түсу өте азапты, өте қиын жол. Қайтпайтын, күн санап өсе берген колхоз табысының арқасында, бұлар да колхоз жағына шығады, колхозға кіреді.

Одан соң, тап сезімі оянған, социалшылық жолға артына қарамастай болып түскен ауыл коммунистері (еркек, әйел), ұстаған ұрандарына толық түсініп, келешегіне анық сеніп, табанды салмақты іс істеп, өздерінің толық кескіндерін көрсетіп, жол басшылықта жауапты істер істеп жүр.

Бұл топтар әрқайсысы бөлек-бөлек, қиыспай тұрған жоқ, барлығы бір майданда бірі әрі тартып, бірі бері тартып шын күресте, нағыз өмірде жүр. Бұл пьесада жеке геройлардың өз қара басының қалай өсуі, бойына сіңіп қалған жеке меншіктің сарсығы оңай ғана арыла қоймайтындығы, бірақ, колхоз шаруасының нығаюы — іс жүзіндегі табысымыз арқасында социалшылық жолға түсуі, жақсы көрсетіледі.

Пьесада мықты атқа мінердің кейіпкері — Көдебай, үлкен үгітші «ұзын құлақтың» ордасы Мақпал кемпірдің түгел кейіпкер болып шыққандығы бар.

Еңбекші әйелдерден шын саналы болып шыққан Ауыл кеңес бастығы, не хатшысы, колхоз бастығы Досан, шын-ақ ауылдағы еңбекшілердің алдыңғы қатарының кескінін бере алады.

«Майданда» кемшілік те жоқ емес. Атқа мінердің кейіпкері Мақпал жақсы шыққанмен, колхозшылардың кейіпкерлері әлі терең емес. Пьеса басынан көркем түрде әдемі болып келеді де, орта сахналарында құрғақ үгіт болып кетеді. Жазушы үгіттейін деген нәрсесін, қорытайын деген ойын аяғына дейін пернемен шығара алмаған. Сондықтан қандай жақсы ойын кей жерде құрғақ үгіт бозартып жіберген. Колхоздың құрылысындағы аурудың бірі «өтірік белсенді» «Майданды» күшейтпесе, әлсіретпейтін еді. Ол мүлде көрінбестен қалған.

«Майдан» ауылдағы тап тартысының кейіп-кескінін әзірге

ең толық түрде суреттей алған бірінші пьесамыз, үлкен олжамыз екеніне ешбір дау жоқ.

«Дала» (Ілияс). «Дала» осы күнге дейін не жақсы, не жаман деген бағасын алмай келген еңбек. Мұның алдында қазақ әдебиетіне өлеңмен жазылған екі ірі еңбек қосылған еді — «Сұлушаш» пен «Көкшетау». Ол екеуі жайында әдебиетшілеріміздің біразы пікірін айтты.

Ал енді «Далаға» келсек, мұнда, жазушы Октябрь төңкерісінен бергі өмірді жазғанда көтеріліп, ширап, көркем, күшті, екпінді түрге көшеді. Әр жағында жазыла алмай келсе дәл аяқ кезінде мүлде төбелеп, түйдектетіп, қоздырып, көтеріп әкетеді. «Даланың» бас жағы сыдыртып, кейде жеңіл ғана қарпып отырса, Октябрь төңкерісінің табыстарына келгенде ақын шын желігіп, шынымен-ақ құрметті тойдың айғай-шуына дауысын қосып, оқушыны сүйреп алып кетеді.

«Қимылда тіл, қимылда,
Қимылдайтын күн бүгін.
Есе тиген күң-құлға.
Қимылда тіл, қимылда,
Қимылдайтын күн бүгін
Қазақстан он жылда.
Ленин берген ту қолда.
Қимылда тіл, қимылда.
Еңбекшінің дұшпаны,
Ежелгі жау құғында.
Қимылда тіл, қимылда...
Соқ, өлеңім балғала,
Қазақстан тастары
Бүгін өрге домала.
Сол тастардың бірі боп
Сен де, тілім, жорғала.
Жорғала тіл, жорғала.
Сорғала жыр, сорғала.
Тақылда тіл, тақылда,
Бүгінгі ұлы дүбірде
Бүгін бір сын ақынға.
Көгеріп тұр сар дала,
Гүл бітіп тұр тақырға.
Өрмеле тіл, өрмеле,
Қазақстан бүгінде
Дүние алдында көрмеде.
Өрмеле тіл, өрмеле,
Дөңгеле жыр, дөңгеле!..

дейді. Міне «Даланың» осы аяғы оқушыны еліртіп, барлық табыстарын көз алдына әкеліп, тойға шын-ақ шапқылатып көтеріп әкететін күшті жері.

«Дала» үлкен поэма болғанда да қазақ даласының басынан өткен қара күндерді талдап, тізіп келіп, сол күндердегі

қанауда қансыраған еңбекшілердің қара күндерін көркем түрде бір-бір елестетіп өтеді.

«Азан-қазан қыр үркіп,
Кімдер қалмай далада,
Талай күшті сыр жұтып
Ауғын болды ақ табан.
Шұбырынды болды күн
Бақа жылан қақтаған»,—

деп, ақ табан — шұбырынды бір өткізсе:

«Ел Еділде жүргенде
Еркін жайлай, кең оттай,
Еділде өткен күндерде,
Сонда да жан жаншыған,
Сонда жылау жарлықыз,
Сонда әмірші бек пен хан,
Сонда сорлы, сорлыңыз,
Тамды Еділге тамшы қан!»—

деп қазақтың ұлтшыл жазушыларының аспанға көтеріп мақтайтын «еркін заманының» сырын ашады. Қазақ еңбекшілерінің қанын сорып, отарлаған орыстың бәрі емес, орыстың отаршыл капиталы, оларға қосылған, өз пайдалары үшін еңбекшілерді сатқан:

«Ақай, Аппас, Бөкейхан,
Шорман, Шабдан, бай танап,
Орманқандай дөкей хан.
Аға сұлтан Құнанбай,
Шекпен алды, шен тақты,
Бірге шапты даланы...»—

деп, қазақтың өз ішіндегі тап дұшпандарының кім болғандығын да көрсетеді.

«Дала» осы күнге кейінгі ұлылы-кішілі жазылған поэмаларымыздың алды десек олқы келмес деймін.

Біз былтыр Сәкен шығармаларын тексердік. Негізінде Сәкен шығармаларындағы кемшіліктер, жазушының өсу жолындағы қиыншылықтарына берген бағамыз әлі де дұрыс. Бірақ, қиқулаған айғайдың астында Сәкеннің табысына біз тоқтай алмағанбыз. Сәкеннің бар еңбегінің ішінен кем-кетіктерін теріп алып, жақсы жағына тоқтай алмаппыз. Бұл міне біздің сынымыздың кемшілігі, қатесі. Бірезу сын жазушыға жәрдем бермейді, жасытады. Бізде осы бірезулік әбден болды.

Дұрысында өзге ақындарымызбен салыстырғанда Сәкен поэзиясында бір күшті жаңалық табысы бар. Ол түр жағын-

да. Бұл жаңалық Сәкеннің баяғы «Советстаннан» басталады. Оған «Май күйі», «Тоқу фабригінде», «Трактор мен комбайн» секілді шығармалары қосылғанда, бұл, Сәкен поэзиясының соңғы жылдардағы күшті бір беті, табысы болып табылады. Бұл шығармаларының тақырыбы жаңа құралыс. Тақырыбын бере алу жағына келгенде Сәкен басқа ақындарымыздан гөрі поэзияда жоғары тұрған сияқты. Маяковскийдің өлең жазу әдісін, түрін алуға талпынған басқа жазушыларымыз, әлі бірқалыпқа түскен жоқ. «Коллектив күйі» деген жаңа әдіспен, жаңа түрмен жазған өлеңінде Жақан былай деді:

«Социалды құрылыстың сектірі,
Дүрілдесін коллективтер екпіні
Жаңа жасақ,
Алтын масақ,
Алтынға ұсап,
Деп ассын егістіктің гектарі...
Тракторлар жерді тілмек сырылдап,
Күннің көзі күле қарап жымыңдап,
Тырна табан,
Ескі сабан —
Соқа сабан —
Артта қалсын: жаңалық түр құрылмақ,»

дейді.

Сәбит, ақындарымыздың бір келелісі екендігіне дау жоқ. Бірақ, жаңа мазмұнға жаңа түр іздегенде әзір о да табанды түр таба алған жоқ. «Қара айғырында» жылқыны жамандай келіп, поезды былай мақтапты:

«Қанша ардақтап айтқанмен,
Екі кісі мінгізсе,
Қыр аспайтын
Құрғыр ед.
Мына
Тұлпар,
Бір жола
Мың кісіні
Міндірет.
Олай болса
Дүлділден
Мың есе мынау
Артық»
деп,
Жиылған шулап
Мақтады.
Таңдаған топты
Өзіне тарту
Тарту,
Көзге көрсету

Білімнің қандай екенін
Білдіруді
Жануар
СССР-дің
Орталық
Сарайын аттап
Шыққанда
Өзіне
Үлкен
Серт
Етті.

Болмаса Тайыр:

Көш бастаған ту ұстаған қаптаған
Тап ұланы отау тігіп тоқтаған,
План құрып,
Отау тігіп,
Социалдық
Шаруашылық
Алтын табалдырығынан аттаған»
(«Коммунизм жолында»)

Міне, осы келтірілген өлеңдердің ең алдымен іші толған қате. Осынысын тексермей-ақ көріп отырсыңдар. Оны бұл арада мен де тексерейін деп тұрғам жоқ. Менің айтайын дегенім осы үшеуі де өлең емес. Өлең болу былай тұрсын, жақсы қара сөз де емес. Бұл жазушыларымыздың жаңа мазмұнға жаңа түр іздеген жолдарындағы кемшіліктері. Ал Сәкеннің жаңа түріне келсек, Сәкен өзінің тапқан түрін толық билеп алған. Жаңа түрмен жазғанда өлеңнің ырғағын келтіріп, музыкасын бұзбай, шын өлең етіп шығару, әзірге Сәкеннің қолынан еркін келіп отыр. Өзге ақындарымыздың — Өтебай, Ғалым, Тайыр, Жақан — жаңа мазмұнды жаңа түрмен жаздық дегендегі баяғы жырдың ырғағы, жырды созып, жылап отырып айтса, бұлар жеппелетіп оқиды да, жаңа түр дейді. Ал Сәкен олай емес:

Алайық «Советстанды»:

«Советстан біздің стан, Совыстан,
Экспресс талма екпінді шабыстан.
Гуле жүріп
Үні құрып,
Қалсын ұлып
Ескі жалған арттан қалмай жабысқан».

болмаса «Май күйі»:

Бүгін солық-солық дүбірлейді дүние,
Бүгін көкке жұмысшы тап үні ие,
Құралды асып,

Тұрған басып,
Ұрандасып,
Күшін сынай дүниеге шын ие...

Міне, осы бір жаңа түрге Сәкен мықтап ие болып отыр. Бұл ең тамаша түр ме, жаман түр ме, жаңа мазмұнға дәл осы түр ғана дәл келе ме, жаңа түрді ілгеріде Сәкен таба ма, басқа бір ақын таба ма, ол өз алдына сөз. Бірақ, әзірге жаңа деп жүрген түріміздің ішінде ең ырғақтысы, музыкасы бары, Сәкеннің осы түрі. Мұны ашықтан-ашық ешкім жаңа түр, табысымыз демегенмен, жас ақындарымыз біреуі көбірек, біреуі шет-пұшпақтап осыны пайдалануға кірісіпті. Тайырдың «Коммунизм таңында» деген поэмасы осы түрмен жазылған да, Жақанның, Өтебайдың соңғы шығармалары осының бір «ағайыны».

Сәкеннің осы екі жүйе өлеңдері, ырғақ, буын күйлі жағынан жалпы сарыны бір болғанмен поэзиямызға кірген түр жаңалығы.

Біздің кәзіргі социалшылық құрылыс дәуіріміз әдебиетімізге үлкен жаңа мазмұн. Жаңа мазмұн өзіне лайық жаңа түр тудырмақ. Сол жаңа түрді іздеу жолындағы табыс әзірге Сәкенде ғана молырақ секілді.

Түр. табу ақындарымыздың шарқ ұрып іздейтін жұмысы. Мазмұнсыз түр, түрсіз мазмұн болмайды. Түр жағында Сәкен поэзиясында табысымыз бар, дегенмен, бұл кәзіргі күшті мазмұнды қанағаттандырып отырған табыс емес. Ақындарымыз зерттеуге, үйренуге, іздеуге шұғылдану керек.

Әдебиетке соңғы жылдарда қосылған жас ақындарымыздың ішінен екпіндеп өсіп келе жатқан ақындарымыздың бірі Тайыр. Әрине Тайырды асыра мақтау оның өсуіне зиян келтіреді, бар табысын айтпау да зиян келтіреді.

Тайыр поэзиямызға «Бесжылдықтың балғасы», «Нефтстан», «Коммунизм таңында» деген үлкен-үлкен поэмалар берді. Тайыр саяси тәрбиені кеңес үкіметінен алған ақын. Бұл тақырып етіп социалшылық құрылыстың табыстарын алып келе жатыр. Социалшылық құрылыстың табыстары ақынды үнемі қуантып, ылғи өзіне тартып отырады. Тайырдың жаңа бір табысы — социалдық құрылысымыздың екпінді қарқынына қарай, екпінді түрмен, желдіртіп, желдетіп жазып жүр. Тайыр қазақ өлеңдерінің болжыраған, әлсіз түрлерін ұнатпай, өзіне мазмұнына қарай, екпінді түр іздеп келе жатыр. Бұл жағынан Тайыр кәзірдің өзінде-ақ көрнекті орын алды.

Бірақ Тайырдың өсуіне екі үлкен қауіп бар.

1. Тайыр ылғи «Рапорт», я баяндама жасаған адамша, бүкіл одақтың ірі өндірісін, совхоз-колхозын қосып, тұтас айта береді. Бір тақырыпты алып соның айналасына әңгіме құруды білмей келе жатыр. Бір оқиғаны, не болмаса бір өндірісті алып, соның жайын-күйін ішіне кіре тексеріп, соны көрсетуді Тайыр әлі билей алған жоқ. Тайырдың шығармаларында сюжет жоқ. Мұның айтып жүргендері ірі өндірісіміздің өзі емес, сырты.

2. Тайырдың шығармаларында, біздің өсу, өну, тап тартысы жақтарымызда ешбір кедергі, қиындық жоқ. Кедергі, қиындық болмаса, тап тартысын қанша күшті дегеніңмен шынында әлсіз болып шығатынын Тайыр ескермей келе жатыр.

Әйткенмен Тайыр жоғарыда атаған поэмаларымен өзінің ақындық күшін көрсетіп отыр. Оның:

«Шойын өңеш бұрандай,
Жер бауырлап жыландай,
Күркіреп күре тамырдай,
Бірде жерге жабысып,
Бірде құмға қабысып,
Тарам-тарам тамырдай,
Бір жерлерде тоғысып,
Бұралып өңеш, бұрылып,
Мұрнымен май сіміріп
Тұмсығын зорға сіңіріп,
Май құсып, мұнай сіңбіріп»

деп мұнай ағатын тұрбаларды суреттеуі өте жақсы келген. Мұнай ағады, пәлен етеді, түген етеді дегенді тастап, алған тақырыбын пернелеп көрсете алған (бұл «Нефтстаннан» алынған үзілме).

Қорытып келгенде Тайыр жөнінде айтарымыз — Тайыр соңғы кезде шыққан ақындарымыздың ішіндегі үлкен бір үміт артатын, беті дұрыс, талантты ақынымыз. Бірақ біз секілді дұрыс сыншымыз жоқ жерде, жас ақындардың қате жолға түсіп кетулері қиын нәрсе емес. Тайырға дұрыс сын керек. Тайыр өзінің еңбегіне қатты сын көзімен қарап, қайта-қайта екшеп отырып, санынан көрі сапасын, мазмұнын, көркемдігін күшейтуге баса қарауы керек.

Уақыттың өзі де көбірек алынып кетті білем, әдебиетіміздегі жаңалықтарымыз, табысымыз жайындағы сөзді осымен тоқтатуға да болады. Табысымыздың осымен аяқталғандынан емес, уақыт аздығынан және бұл жөнде Баталов жолдас біраз толықтыру жасайды.

Асқар, Өтебай, Ғалым, Қалмақан, Жақан, Әбділда, Мәжит жолдастардың соңғы еңбектерімен толық танысып ал-

дарыңа салуға уақыт болмады, бұл жағын толықтыруларыңды өтінемін.

Дұрысында Сәбит, Ілияс, Бейімбет үшеуінің де жиырмасыншы жыл мен отызыншы жыл арасындағы табыстарына көбірек тоқтау керек еді. Уақыт азайғандықтан оны істей алмайын деп тұрмын. Сонда жалпы түрде болса да бір-екі сөз айта кетейін. Алдымен Бейімбет жайында: былтыр жиырма жылдық тойын өткіземіз дегенде надан сыншы, содырлы қазанбұзарлық арқасында Бейімбетті мандайға мықтап бір соққызып алдық. Тойға арналған «Е. Қ.» тың мақаласында «Бейімбет Октябрь төңкерісін балағаттап қарсы алды», «29 жылға дейін әдісін, айласын өзгерткен ұлтшылдық жолында болды» депті!

Міне бұл, әрі саяси жала, әрі саяси ауыр соққы еді. Мұны біз әлі түзеткен жоқпыз. Кезінде көпшілік болып, мұның қате екенін дәлелдеген қаулымызды «жеке басқарушылық» (единоначалие) жасап Қайыпназаров жолдас басып қалдырды.

Рас, Бейімбет кезінде ұлтшылдар қозғалысына ерді, жақтады, көтермеледі. Бірақ, Алаш-орда жолының еңбекшілерге ештеңе бермейтінін білгесін («Съезд» деген өлеңін қара) одан өзі қашып құтылып, Октябрь төңкерісіне қосылды. Рас, Бейімбет қателі көзқарасын бір күнде сыпырып тастай алған жоқ. Бірақ төңкеріс табыстары өршіткен сайын, кедей батрақтың тілегі пролетариат төңкерісі арқылы ғана шешілетініне көзі жеткен сайын, сол кедей батракты қолына алып шапқан, соны жырлаған Бейімбет болатын. Сол он жылдың ішінде бір жағынан өлең, бір жағынан фельетон, бір жағынан әңгіме жазып, Кеңес үкіметінің ауылға арнаған ұрандарын ең кең түрде таратқан жазушымыз Бейімбет екеніне кім таласа алады?

Бейімбет соңғы он жылда ұлт қозғалысынан, ұлтшылдар қозғалысынан жұқтырған теріс көзқарастарымен күресе отырып, жыл санап ілгері басып, кеңес әдебиетінің күрделі жазушысы болды.

Ол он жылдың ішінде Сәбит те, Ілияс та ауыр-жеңіл қателерімен күресіп отырып беттерін түзеді. Кейде пайда келтірем деп зиян пікірлер таратты. Бірақ, бұл жазушыларымыздың қайсысының болса да қасиеті — бұлар, сол қателерімен өздері күресіп, бағытын түзеуге қатты кірісіп, кезіндегі ұрандарымыздың айналасына топтаған шығармалар — өлең, әңгімелер берді. Бұлардың шығармаларын түгел зерттеген адамға жазушыларымыздың осы қасиеттері — ілгері ұмтылғандықтары, еңбекші көпшілігін артқа емес, алға сүйреген-

діктері даусыз нәрсе. Бұлардың барлық шығармаларына тоқтауға мүмкіндік жоқ, барлығы түгіл Сәбиттің «Көмір — коммунизмі», «Тракторшы әйеліне» де тоқтай алмаймын. Бұлар жөнінде жарыссөзде толықтырарсыздар.

Енді әдебиетіміздегі кемшіліктер жайында бір-екі ауыз сөз айта кетейін:

Бірінші бас кемшілік — жазушыларымыз болсын, ақындарымыз болсын үлкен тақырыпқа көшіп кәзіргі дәуіріміздегі лайықты ірі еңбектер бере алмай отыр. Бұл әсіресе жазушыларымыздың есіне салатын нәрсе. Жазыла бастағалы бірді-екілі жыл болып қалған романдарымыз («Қазақ қызы», «Біздің тұрмыс», «Түбірдің тойы») аяқтала алмай жүр. Рас, ірі еңбек оңай тумайды, көп уақыт керек етеді, әйтседе күттірудің де шегі бар, баса қимылдайтын уақыт жетті.

Екінші бас кемшілік — әдебиетімізде белгілі бір тақырыпқа жазылып, байлауы бар, шешіндісі бар, оқиға азды-көпті жайылып отыратын нәрселер аз. Шығармаларымыздың көбі (жаңағы табысымыз деп отырғанымызда да бар) жалпы жазылған нәрселер. Социалшылық құрылыстың іші-тысы емес, тек сырты.

Үшінші кемшілік — әдебиетімізде социалшылық тұрмыс құрып жатқан ұлы таптың ұлы адамдарының (коммунист, жұмыскер, колхозшы) жайында жазылған шын мағынасында соларды көрсете алардық шығармаларымыз өте аз. Өндірісті, колхозды алғанда, жазушыларымыз соның адамын алмайды, машинесін алады. Машине адам үшін екенін ескермей, кейде адамды — ұлы тапты машина үшін деп көрсетеді.

Төртінші бір басты кемшілік — әлі күнге кеңес үкіметі жақсы екенін жөндеп айта алмай, бірдеме жазса жұрттың бәрі жаншып өткен құрғақ, жансыз үгітті айтатын бір «жалпы шығармалар» бар. Жазушы өз жазғанына ешбір сын қоймай, аяғы ұйқасса өлең деп жібере беретіндер де бар. Көркем әдебиет болғасын азды-көпті көркемдік, оқырлық, оқыған адамға бірдеме берерлік бір қасиет болу керек ғой. Оны көп жазушылар ойламайды. Міне бұл кәдуілгі «Халтура», қазақша «Ескі-ұсқы» дей салуға жарайтын нәрселер. Мысал келтірейік:

Дардай «Социалшылық құрылыс» деген ат беріп бір жолдас мынадай «өлең» жазыпты:

«Тітіркентер толқыса қуат әлі,
Қайратты күшке қосса жанығаны,
Өнімін өндірістің молайтқаны,
Күші мен терістікті жасағаны.
Сондықтан тау толқынды тұзақтаса,

Бұғаулап дарияны жол салғаны.
Трамвай онан өтіп ырғақтаса,
Үстіне поезд жүріп зыр қаққаны.
Ноқталап көк темірмен көпір салса,
Волховта стансаның орнағаны.
Егерде тауды тінтсе тас топаны,
Қорытқаны түтін оны толқытқаны.
Мыс құсып, жез түкіріп демін алса,
Толғағы онда өндіріс шырағаны.
Онда ауыл колхозбенен гигантаса,
Егінге комбайындай жалшы алғалы.
Табыспен тап тартысын талқандаса,
Күресте күш күшейіп қосылғаны.
Партия тегісшілік болат десе
Жұмыскер айқын оны жасағаны».

Мінекей, ескі-ұсқының ең керексізі. Мұның бір жолында екі қатесі барлығын былай қойғанда, өзінің өлеңге ұқсасарлық дәнемесі жоқ. Мұны оқу кітабына кіргізіп «Кеңес одағының бес жылдығын осы өлеңді алып отырып, қараңдар» депті кітап жазушылар: Тек бұл біздің бес жылдық болмасын де!

Көркем әдебиетте не бір көркемдік деген, не бір белгілі ой, нысана болар еді. Мұнда ондайдан не бар?

«Қысқы дала» деген өлеңде бір ұятты ақынымыз былай депті:

«Қарашы, енді еңбектің қайнағанын,
Құлпырып тіршіліктің жайнағанын,
Әлінше әркімдер-ақ еңбек етіп
Өзінше өмір тонын сайлағанын.
Шық көрмей шілдесінде сорлы болған
Кедейдің ошақ бұтын майлағанын.
Мал бақпақ, өнер таппақ, елдің осы.
Етуге шын елдікті келдің осы.
Кіргізсек еңбекпенен өмір сәнін.
Жаңа күн, жаңа сәуле келдік осы»

Мұның қай жері көркем әдебиет. «Ақ балық» деген «поэмада» мынадай көркемдік көрдім:

«Ақ балық аз сазандай бұлықсыған,
Жас құлын жаңа ғана қылымсыған,
Бұраңдап тал шыбықтай құмырсқа бел,
Былқылдап былық-сылық етіп былықсыған.
Жүрегі ақ балықтың ақша қардай
Алма бет, жазық келген ақша маңдай,
Ойылған оймақ ауыз жас қызғалдақ.
Қара көз, жалын сөзді жан болғандай».

Міне бұл өлеңдер 1929—1932-жылдары басылған өлеңдер. Мұндай өлеңді өте көп табуға болады.

Мен қай жазушыда жаман өлеңдер бар екен деп іздеуден де қандай «өлеңдердің» керегі жоқ дегенді айтпақшымын. Соңғы келтіргенім ақынның көркем түрде қызды суреттегені. Және өзінің сұлу қыз деп сұлулықты суреттегені. Мұның айтып отырғаны тек сұлу қыз болмасын, де. Егер бұл шын сұлу қыз болса — бұдан артық жамандауды ешкімнен күтпеген шығар. Егер мұның қолына сұлу емес және қыз емес бір тақырыпты берсе, сонда, мұның өлеңі не болмақ! Бұл секілді «көркемөнерден» жазушылар аулақ болу керек. Мұндай нәрсені баспаға ұсынбау керек.

Көркем әдебиетімізде тағы бір үлкен кемшілік клубтарда, мектептерде ойналатын жеңіл пьесалар жоқ. Біз пьеса жайынан не жазсақ та, бәрін де Қазақстан ұлт театрына арнап, үлкен сахнаға лайықтап жазып отырмыз. Бірақ, ауылдағы көпшілікті тәрбиелейтін жеңіл пьесалар әлі жасалған жоқ. Драматургияның бір бұтағы комедия, опера жағында әзір ешнәрсе істелген жоқ. Пьеса жазушыларымыздың алдында тұрған қолға алатын бұл бір ірі міндет, үлкен борыш.

Сол секілді балаларға, жас өспірімдерге арналған әдебиет те әлі бұрышы қайырылмастан жатыр. Былтырғы жылы комсомолдар әдебиетін жасаймыз деп уәделескен секілді едік, ол уәде жазушыларымыздың мойнында кете барды.

Бас мәселенің бірі етіп қоюды тілеп отырған — оқу, үйрену жұмысы. Бұл жұмысты өте маңызды, терең түрде қоятын мезгіл алдақашан жетті. Алдымен, жазушыларымызға затшылдық диалектикасы мен дүние тану жолын терең ұғынуды жүктеуіміз керек. Ғылыми теорияның дүниедегі байлығы кәзір біздің қолда. Ол — Маркс, Энгельс, Ленин секілді дүние пролетариаты көсемдерінің еңбектері — марксизм-ленинизмнің сара жолы. Біз қоғам ішіндегі тап тартысының өсу-өркендеу жолын жете түсінбесек, кәзіргі ұлы құрылысымыздағы күресімізді толық суреттей алмай, үстінен қарпимыз. Жауымызды да, өзімізді де барлық қасиетімен түгел көрсете алмаймыз, қате жасаймыз. Екінші, жазушылар көркем әдебиеттің заңын үйренулері керек. Алған тақырыбыңды, оқиғаңды неден бастау, қалай жаю, қалай қиыстыру, қалай түюдің жолдары бар. Құр құрастыра берген, үйлестіре берген, жамай берген сөз — өлең де болмайды, әңгіме де болмайды. Көркем әдебиет, шындықты көркем тілмен, шеберлікпен қиыстыруды керек етеді. Бальзак, Толстой, Горькийлер — суретшілігінің үстіне үлкен шебер: әңгімені тоқсан құбылтып, өзгертіп, жайып, араластырып, аяғында бар мәселені ұсақ бөлшектеріне дейін бір жерге әкеліп түйіп кеп тастағанда барлық оқиға кеп-кесек болып шыға келеді. Міне жазудың осы жағы —

атақты суретшілердің шығармаларын оқу, аударып қарау, үлкен пайда береді. Бізге кімнен үйренем дейтін емес, үйренетін шеберлер толып жатыр. Толстой, Горький, Бальзак, Чехов, Гейне, Шекспир секілді дүниелік көркем әдебиеттің асқан суретшілерінен үйренетін нәрселеріміздің ұшы-қиыры жоқ. Қалай оқу керек, кімнің несін алу керек, неден қашу керек, осы сұрауларды шешіп алып, оқу-үйренуге жедел кірісуіміз керек.

* * *

Біз, алдарыңызға табыстарымызды салғанда, әдебиетімізде артта қалушылық жоқ деген ойдан аулақпыз. Әдебиетіміз, күшті қарқынмен өсіп бара жатқан Қазақстанның ірі өндірістерін, колхоз құрылысының әрбір өсу басқыштарын, жұмыскер мен колхозшының, көсем, саналы коммунистің кескінін әлі бере алғанымыз жоқ. Бұл жазушылардың қатты ескеріп, тез жоюға тырысатын олқылығымыз.

Ал сынға келсек — бұл ең артта қалып қойды. Бізде шын мағынасында әдеби сын болып көрген жоқ. Сын деп жазылған нәрселердің өзін қадағалап оқысаң, жазушыға жәрдем бергендей, шын кемшілігін көрсеткендей ешнәрсе таба алмайсын.

Қазақстандағы сын бір дәуір — «Кім ақын бола алады», «Сәбит ақын ба, Сәкен ақын ба, болмаса Бейімбет қартайып қалған жоқ па» деген секілді схоластикамен болды.

Ұлтшыл-байшыл сыншылардың көзқарастарын былай қойғанда, бірлі-жарымды коммунист сыншыларымыздың өзі идеализм бағытымен сынады. Жазушыларымыз өресі жеткенше орыс тілінде жазылған сынмен пайдаланбаса, жазушыға жәрдем беретін сын, қазақ әдебиетінде болған жоқ. Жазушыларымыздың өсуіне, әдебиетіміздің санымен қатар сапасын күшейтуге ат салысқан шын әдеби сынды біз әлі көргеміз жоқ. Егер жазушымыз деп көп адамның атын атай білсек, сыншы деп бір адамның атын да атай алмаймыз.

Осы күнге дейін сынға азды-көпті үзбей қатынасып келген адам жалғыз Ғаббас. Оның әдебиетке негізгі көзқарастары түгелімен оңшыл оппортунизм екендігін ҚазАППтың I съезінде Кахиани жолдас дәлелдеген. Одан өзгерген Ғаббасты, уәде берсе де қателерін түзеген Ғаббасты біз әлі көргеніміз жоқ.

Троцкий, Воронскийді марксшіл сыншы деп ұсынған қатесін арши алмай жүрген Ғаббасты екінші бесжылдықтың аяғында болмаса, одан бергі жерде оңалады дей алмаймын.

Оның өзінше бір ұстап алған жолы — ол, асбазшыдан жаман ешкімге пролетариат әдебиетін бергісі келмей сығымдады да отырды: пролетариат әдебиетін жазушы жасамай, Ғаббастың қолынан алатындай-ақ болдық. Барымызды бар деп, жазушыны көтермелеудің орнына, ол ылғи маңдайдан соғып кейін шегіндіріп келді. Сын деген шығарманың кемдігі не, оны қалай түзеу керек, тілінде, әңгімені қиыстыруда қандай кемшілігі бар, қате неден туып отыр, соны түзесу керек қой. Ғаббас өмірінде үйтіп көрген жоқ. Ол табылған кемшілік түзесудің орнына кемшіліктің табылғанына қуанатын адамның мінезін көрсетеді.

Сын дегенде әңгіме жалғыз Ғаббаста емес. Өйткені ол, жалғыз өзі сыншы болуға міндеттенген жоқ, міндетті де емес, екінші, сын дегенде әңгіме жалғыз Ғаббастың қателерін қайта-қайта қаза беруде де емес. Әңгіме — әдебиетіміздің өсуіне жәрдемші болатын Марксизм қисынымен кесіп-пішіп отыратын, жазушының дүние тануын өсіретін, надандықтан құтылған әдеби сын жасауда.

Мұстафа Бейімбетті «жұмсақ адам, белсенді емес, саяси адам емес» депті, Ілиясты «жоғарғылардың қатарындағы жолдас» дей салыпты.

Мұстафаның өзі оқымай жазушының өзінен сұрап алып бағалайтыны бар дегенді айттыңдар. Бұл рас. Мәжит секілді менен де сұрап еді, сол айтқанымды Мұстафа баяндамасына сол күйімен қоса салыпты.

Бейімбеттің «Майданында» коммунист пен ячейка жайында бір сөз жоқ депті. Бұ да оқымай, сырттан жасаған сөз. Әйтпесе «Майданның» бас кейіпкерлері коммунистер, партия ұясы.

Әрине, Мұстафа сыншы емес, сыншылық былай тұрсын әдебиетке жақсы ғана таныс адам да емес. Оның «сыны» өзін сыншы етіп те шығармайды, әдебиетімізге бір мысқал қосары да жоқ. Ол тек «ресми» міндетін атқарды. Бізде әдебиетке таныстығы бар, шын сыншы жоқ.

Сынға біз белгілі міндеттер жүктейміз. Әдебиетіміз күн санап өсіп келеді. Дәл соңғы жылдарда әдебиетіміздің де, жазушыларымыздың да саны мен сапасы бірталай өсті. Енді алдымызда бұдан көрі де көлемді, бұдан көрі де терең мағынада өсуіміз керек. Өсудің, кемшілікті түзеудің ең керекті тезі — сын. Сын, колхоз бен өндіріс деп жазылса, жақсы шығарма деп ол екеуі қосылмаса шығарма емес деп атқа мінерлік қылуды қойсын, надандығын жойсын. Мәдениеті өсіп келе жатқан жаңа жұртшылығымызға қандай әдебиет керек, жазылған шығарманың кемшілігі не, соны айтатын болсын.

Сірә, сыншымыз — жұмыскер мен колхозшы болмай жари алмаймыз-ау деймін. Өндіріс орындарында, колхоз, совхоздарда, мектептерде әдебиет үйірмелерін құрып, шығарманы сол үйірмелерге үнемі оқып тұруды, көпшіліктің пікірін алуды қолдану керек. Екінші жағынан жаңа жазылған нәрселерді жазушылардың өз ортасына салып сынап, сол арқылы шығарманың да, сынның да маңызын көтеру керек.

Үшінші, ұйым ішіндегі сыншы болам деп жүрген жолдастарға: жолдас, құрғақ мүшелікті қой. Ақын көркем әдебиет жазуға қандай міндетті болса сен, сын жазуға сондай міндеттісің. Сынның өзіне жауапкер түрде қараймыз. Бұл барлық ұйымның алдында тұрған күрделі мәселесі, деуіміз керек.

* * *

Кешегі өткен Одақтық ұйымдастыру комитетінің пленумі әдебиеттің бағыты жөнде ашық бағыт берді. Бұрын РАПП, оған сүйеніп біздің ҚазАПП, талай қате ұрандарды ұсынған болатынбыз. Бірақ сол ұрандарды айқын етіп, ешкім күдік келтірмейтін түрде бере алмағамыз. Кеңес жазушыларының соңғы пленумы ең ірі мәселеге — әдебиетіміздің өркендеу бағытына ашық ұран тастады: бұл социалдық нағызшылдық жолы. Социалдық нағызшылдық жолы деген не? Бұған Гироницкий жолдас былай жауап берді: шындықты жаз, дейді. Кәзіргі шындық не. Ол — Кеңестер Одағының қай майданын, қай ісін алсаң да үлкен күрестер арқасында, барлық қиындықты жеңіп үстемдік алып отырған социализм. Социалдық нағызшылдық біреудің ойлап шығарған фантазиясы емес, кеңес жазушыларының, кеңес әдебиетінің кәзіргі өсу бағытындағы шындықтан алынып отыр. Кеңес әдебиетін жете тексеріп таныссаң, ең күшті тақырып, ең күшті мазмұн социализмнің жеңуі жайында, Социализм бізге алыстағы елес емес, біз соған аттап отырмыз. Бұл біздің бүгінгі өміріміздің шындығы, негізгі мазмұны. Социалдық нағызшылдық бағытымен жазайын деген жазушы, кәзіргі дәуіріміздің мазмұнына түсіну керек. Алайық бір колхозды егінін жақсы еге алмапты, аты арық, тәртіп аз, еңбеккүні жазылмаған, болмаса еңбеккүніне не келетінін білмейді екен дейік. Бірақ осыған қарап ауыл шаруашылығын бірлестіруден ештеме шықпайды, деп қорытынды шығаруға бола ма, әрине, жоқ. Өйткені ол колхоз жаман болғанмен, колхоз жолымен шаруаны ірілетудің жақсы екенін бүкіл Одақтың еңбекші қара шаруасы түгел біліп отыр. Мұны колхоз құрылысы, өмірдің өзі шындап отыр.

Социалдық нағызшылдық — ұсақ-ұлан нәрсе мен үлкен, шын өмірді жамылтқылмай, шындықтың кәзіргі өмірдің өзін толық көрсетуді керек етеді. Қазіргі өмірде келешегі кең, қандай қиыншылықтарды жеңіп, үстемдік алып, алға сүйреп отырған, не соны жазуды тілейді. Бұл ұран жазушыларға шындықты үстінен қарпымай, тексеріп, неғұрлым барлық сырын ашып, түгел көрсетуді жүктейді.

Энгельс Гаркинец деген жазушыға былай деген екен:

«На мой взгляд, реализм подразумевает, кроме правдивости деталей, верность передачи типичных характеров в типичных обстоятельствах. Ваши характеры достаточно типичны в тех пределах, в каких они Вами даны, но нельзя того сказать об обстоятельствах, которые их окружают и заставляют действовать».

Бұдан бізге қандай қорытынды шығару керек? Бірінші, алған оқиғаның әрбір бөлегіне дейін түгел шын көрсетуімен қатар, оқиға тұтасынан нағыз шындық болып шықсын. Екіншісі, сурет, көркемдік қатар отырсын. Үшіншісі, әрбір геройының мінезі, ісі, өзгеруі, қысқасы әрбір адымы өз жағдайына қарай болады. Геройың өзгерсе,— жағдайының өзгергені. Тақырып етіп алған нәрсеңді әрі толық, әрі көркем түрде көрсет.

* * *

Ленин Толстойдың «Анна Каренина» деген романындағы бір герой Левиннің мынадай сөзіне өте күшті баға береді:

«Бізде кәзір бәрі асты-үстіне келіп, енді-енді ғана орындасып жатыр. Осы условиенің қалай орындасуы Ресейдегі «Ең жалғыз маңызды мәселе». Осыдан кейін Ленин былай дейді: «Бәрі асты-үстіне келіп, енді-енді ғана орындасып жатыр»—1861—1905-жылдың арасына бұдан дәл келетін бағаны табу қиын-ақ» дейді.

Содан кейін халықшылдарға ұсап, Толстой да Ресейде буржуазия құрылысы жасалып жатқанын көргісі келмей, көзін жұмады, бұлай болады деп ойлаудан қашады, дейді.

Міне, өзінің көрсетіп отырған адамының ойынан бүгінгі шын өмірден қорқып, көзін жұмған Толстойды, өзі сүйетін помещиктер дүниесін қиратып келе жатқан капиталдық құрылыстан көзін жұмып артына айналып кеткен Толстойды дәл осы жерде шындықтан қашқан деп, мысалға алуға болады... Толстой неге үйтеді?— Ол үйтпеске амалы жоқ, ол крестианды құлдыққа ұстаған помещик құрылысының шын өкілі, помещик.

Шындық дегенге Лениннің көзқарасын мына бір сөзінен тағы да көруге болады. Толстой жайында Горькиймен кеңескенде былай депті: «Міне, батшағар, суретші! Оның дауысы мұжықтікі, ойы мұжықтікі, өзі де нағыз мұжық. Оған дейін әдебиетте шын мұжық болған жоқ. Болған жоқ!»— депті.

Бұл арада Лениннің бағалап отырғаны, әрине, Толстой, мұжықтың өмірін мұжықтың даусымен, мұжықтың ойымен, түп-түгел шын түрінде жазғандығын айтады.

Социалдық нағызшылдық бағыты, ұсақ мәселелеріне дейін зерттеліп болған ұран емес, әрине. Бірақ, мұның мазмұны өте түсінікті — шындықты жазу бұл әдебиетіміздің белгілі бағытқа түсуіне тура сілтейді. Жазушылар осыны ұғынып. осы әдісті қолданулары керек. Бұл біздің бас ұранымыз!

Екінші социалдық романтизм. Бұл социалдық нағызшылдыққа қайшы келмейді. Социалдық романтизмнің мазмұны — жазушы шын өмірді жазғанда еліктіріп шынды көтеріп, кәзіргі күнімен келешектегі жайын байланыстыра жазудың, алға сүйреудің әдісі. Шынында да кәзіргі өмірімізде кешегі құл, күң, құқықсыз жұмыскер мен қара шаруа еңбекшілерінен бүгін теңсіз ерлер, ескілікке аямай балта шауып, жаңа өмірді құрып жатқан, көсем, іскер, екпінді адамдарымыз шығып отыр. Қалай көтермелеп, қалай сырлап жазсаң да олар көтере алады.

Бұл жөнде бізге ең дұрыс жолбасшы Горькийдің әдісі. Оның «Сұңқары», «Данкосы», «Изергиль кемпірі» әңгімесі, «Қан мен ұлы», Италия ертектерін. «Анасы»— осының бәрі де төңкерісшіл романтизм әдісімен жазылған. Бұл жөнде еске сала кететін нәрсе бір кезде ұлтшыл жазушылар романтизм деп бізге «сарындамшылдықты» ұсынған. Бірінші: «Сарындама»— социалдық романтизм емес. Екінші ол сарындаманың жемісі Мағжанның «Батыр Баяны», «Ертегісі», «Түркстаны», «Жүсіпханы» болған. Сарындаманы ұсынған ұлтшылдар, сарындай-сарындай аруаққа, жынға, құдайға жалынатын мистикаға келген. Бұлардың бәрі жиналып келгенде қазақтың ескі хандық дәуірін үгіттеп, қазақты баяғы таз қалпына шақырған, ұлтшыл-байшылдардың саяси сарыны болып шыққан. Мінекей мұндай жолды біз алмаймыз. Бұл жолдан осы бастан-ақ аулақ болу керектігін қатты ескертеміз.

Біздің бағыт — шын тұрмысты, социализм жасап жатқан пролетариат табының күресін жырлау. Біздің бағыт — қандай шайналысқан күресте, неше алуан қиындықтардың

шынын көрсетіп, соның бәрін жеңіп отырған, және келешекте жеңетін, тапсыз қоғам жасайтын таптың шын өмірін, ісін жырлау, соны көтеріп, соны сырлау.

Осы бағытты неғұрлым жазушыларымыз жете ұғына алса, сол ғұрлым Қазақстан кеңес әдебиетінің бұдан да күрделі түрде өсуіне, ұлы құрылысқа, ұлы дәуірге лайықты көркем әдебиет жасауымызға шек болмау керек.

1932 ж.

ШЫҒАРМА БӘЙГЕСІ

Аз күнде қазақ еңбекшілерінің Социалды Қазақстан республикасы құрылған ұлы тойын тойлағалы отырмыз. Күні кеше батыс елдердің бес-алты ғасырының сатысында тұрған қазақ еңбекшілері үшін, пролетариат төңкерісінің арқасында өзгеге өзі өнеге болуы, социалшылық қоғам құрып жатуы өте ірі, өте өзгеше той.

Осы тойымыздың құрметіне қалам жүйріктерінің алдына шығарма бәйгесін жариялағанымыз «Социалистік Қазақстан», «Ленинші̇л жас» газеттерінің өткен номерлерінде жазылған еді. Уақыттың аздығымен есептесіп, бәйгеміздің атын «әңгіме, поэма, очерк бәйгісі» деп отырмыз. Өйткені қалған аз уақыттың ішінде көлемді шығармалардың (роман, повесть, пьеса) саяси маңызы мен көркем өрнегін түгел жеткізіп беруді, бәйгеден келерліктей көркемдік міндет етсең, жазушыларымызды қыспақтаған болар едік. Екінші жағынан бәйгеден келу үшін шығарманың көлемі үлкен болуы тіпті шарт емес, шығарманың алған тақырыбына дұрыс бағыт беріп, көркем түрде, оқушыны еліктіріп ертіп әкететіндей күштілігі шарт. Құрғақ айғай, жалпақ үгіт болмай, айтайын дегеніңді оқушыға жатық түрде сіңдіре алу сол тақырыптың айналасына оқушыны ұйымдастыруға жетектей алу шарт.

Қазақстан экономикасының социалдық салмақты қоры — ірі өндірістері жасалып жатыр. Ірі өндірісте жаңа адамдар, еңбектің ұйымдасқан ерлері жасалып жатыр. Ауыл шаруашылығы колхоздасу мен совхоз құрылысы арқасында жаңа, социалшылық жолға түсіп, келешегін осы жолға нықтап байлап отыр. Мыңдаған жастар, әйелдер социалшылдық құрылыстың әрбір буынында күресте жүр.

Осы секілді табыстармен қатар, ауыл шаруашылығында, әсіресе, мал шаруашылығында, Қазақстан өзгеше олқылықта

отыр. Шаруашылық негізі мал өсіруге байланысты қазақ аудандары аяғына нық басып кетуі үшін көп еңбек, көп күш керек етіп отыр. Өлкелік партия Комитетінің Голощекин бастаған басқарушылығы соңғы жылдарда ұлт өзгешелігін ескермеу, колхоз құрылысы мен отырықшыландыру секілді ірі мәселелерде сыңар жақ әкімшілік жолын ғана қолданып, ірі-ірі қателер жасады. Ол қателер ірі-ірі кедергі, ірі-ірі зиянды нәтижелер берді. Мал шаруашылығын орасан ойсыратты.

Қазақстан партия ұйымының жетекшілігіне жолдас Мирзоян келгелі Қазақстанда қауырт өзгеріс, жаңа дәуір басталды. Большевиктік өз ара сын арқылы, ескі жетекшіліктің қателері, оның себептері, ол қателердің залалды нәтижелері ашылып, іске дұрыс бағыт сілтенді. Ескі басшылықтың тұсында тұсаулы жатқан өз ара сын бұғаудан босатылып, болған қателерді терең ұғынып, соны жоюға құрал болып отыр.

Ауыл шаруашылығында партия жолын дұрыс жүргізудің бір төте жолы совхоздарда, машина-трактор станцияларында саяси бөлім ашылды. Саяси бөлімдерде Қазақстан жүздеген жаңа адамдар — сыналған большевиктер алып отыр. Бұлар бүкіл Қазақстан партия ұйымына қосылған екпінді әтірет.

Мінекей, үстен шолып айтқанда да, осының бәрі көркем шығарма үшін өте мазмұнды тақырыптар. Көркем әдебиет не ғұрлым күнбе-күн алдымызда тұрған ұлы құрылысқа ат салыса алса, сол ғұрлым оның маңыздылығы аса түседі. Бұл екінің бірі білетін шындық. Бірақ «ат салысу» деген жалпы сөз. Сондықтан ат салысудың қандай болу керектігін айта кетейік. Мысалы: белгілі, мал басын сақтау деген үлкен мәселе болып отыр. Оның үстіне мал басын көбейтуіміз керек. Олай болса, көркем әдебиетте, колхоз-совхоздардағы, жеке меншіктегі малдың жойылмай, өсіру, көбейту керектігін үгіттеу керек. Орталық партия комитеті жеке меншікте жүз шақты қой, бір үйір жылқы ұстауға болады деді. Оның бер жағында жеке меншіктенуге совхоздан, колхоз фермаларынан ірілі-ұсақты мал, күрделі қаражат беріп отыр.

Өзгеше қиын жағдайда биыл Қазақстан егіс науқанын өткізді. Оның шығымдылығын күшейту үшін қатты күресті. Енді сол егіннің түйірін түсірмей жинап алу керек. Бір жерде егін жинау жұмысы екпінді, ұйымдасқан түрде ұрлықсыз, жасырусыз жүріп жатса, екінші жерде қараңғы адамдар өз егінін өзі ұрлап, болмаса байлар ұрлап, сабағынан құртып, ертеңгі күннің қорын қолынан суалтып жүр. Көркем әдебиет егінді жақсы жинап жатқандарды басқаларға өнеге етіп көрсетсе, егінді шашып-төгіп ұрлап тығып, жүргендерді азғын етіп көрсете алады. Мақала секілді сұрғылт сөзбен айтқан-

болатын. Бес-он тиынның декорациясымен қоя салып, қойған сайын өңдей берудің орнына, қойған сайын төмендетіп алған. «Біздің жігіттердің» қойылуында іздегендік, жазушының еңбегіне, театрдың өзінің жұмысына жауапкершілік дегенді түсінгендік айқын көрініп тұр. «Арқалық та» соңғы қойылуларында көп түзетіліп қалған. Бұ да театрдың еңбегі. Жауапкершілік күшейсе істің сапалы болатынын «Біздің жігіттердің» жақсы шыққаны, осы жауапкершілік жағы күшейсе, театр коллективінің қолынан іс келетіндігін көрсетеді.

Мұхтардың хатын басқанда, осы екі негізді мәселе жөнінде жұртты адастырмайтын бір-екі ауыз сөз жалғауды міндетім деп ойладым. Әйтпесе, газетте басылған мақала кімдікі болса да, оған қарсы пікірлерге де орын берілетіні түсінікті ғой.

«Социалиды Қазақстан», 1935 жыл, 29 май.

нан, көркем әдебиетте тітіркенте көрсетілген оқиға ойға ұялампаз, ойландырғыш келеді.

Шығарма бәйгесін жариялағанда, жазушыларымыз ең алдымен Кеңес жұртшылығының керек етіп отырған, көпшілікке өзгеше маңызы бар тақырыпқа жармасар деп сенеміз. Екінші, тақырыпты таңдап алу шығарманың сұрыпталып шығып, бәйгеге түсуге жарай алуына тіпті кепіл емес. Сондықтан, алған тақырыпты бас-аяғына дейін ағынын жазбаған, алқынбаған көркем тіл мен сұлу суретпен шығару керек. Үлкен бір тақырыпты ала салып, басын батысқа қаратып ірей берумен, құрғақ ақыл үйретіп данышпансумен көркем шығарма болып шықпайды. Оқиғаны қиыстыра біліп, шама келгенше өз мағынасын дұрыс бере алмайтын бос сөзді қоспай, айтайын дегеніңді бейнелеп айтып, оқиғаны, ойыңды суреттеп, салыстырып, теңеп көрсете алсаң ғана көркемдікке қиянат етпейсің. Бәйгеге кекілін түйіп, құйрығын өріп қосатын шығармалардан осыны күтеміз.

Бәйгеге Қазақстанның қай бұрышынан болса да қатынасар деп күтуімізбен қатар, Қазақстан Кеңес жазушылары ұйымының барлық бөлімдеріне, әдебиет үйірме мүшелеріне үлкен сенім артып отырмыз. Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін қаласып, мәдениет майданында екпінді қайраткерлік талабы бар жазушыларымыз үлкен-кішілігіне, кәрі-жастығына қарамай, бұл бәйгеге айрықша маңыз беріп қараулары керек. «Ат жүйрігін ұлы дүбірде көреміз» деген секілді, бәйгеге қатынасу, бәйгеден озып келу біздің жазушыларымызға үлкен сын! Партия, комсомол газеттері мен Қазақстан Кеңес жазушылар одағының жариялаған бәйгесіне барлық кеңес әдебиетінің достарын жаппай қатынасуға шақырамыз.

«Социалды Қазақстан», 1933, 28 сентябрь.

ЖАЗУШЫДАН ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

Бұл «Ана» деген бір тақырыпқа құрылған қысқа әңгімелер 32 жылы жазылған еді. Екеуі Горькийден алынды. Бірақ, Горькийден алған әңгімелерім із қуған аударма емес: сарынын түгел алып, аздап қосып, қысқартқаным болды.

Горькийдің тақырыбын, жазу әдісін ұғынам деп талаптанғанымда, ұшы-қиыры жоқ кең байлықтың ішіндегі ең бір негізгі саласы — күшті адам екен деген қортындыға келдім: Челкаш, Данко, Сойко, Емельян, көп аналары, Артамонов, тағы басқалары. Оның реализмге болсын, романтизмге болсын жататын шығармаларының қайсысын алсаң да, күшті адамға келгенде көтеріп алып кетеді.

Құлақта ертеден бір әңгімелер жүретін еді, Горькийдің «Аналарын» қайта бір оқығанда, сол әңгімелерім тіріле бастады. Көп ойланбастан Горькийдің «Аналарын» да, өзімде бар әңгімелерді де қағазға түсірдім. Қайсысының да романтикаға қабысып тұрғанын күнә көрмедім. Бұл кішкене кітапшаның туысы осылай. Қазір қайта қарағанымда өзіме таңдық «Аналарды» түзеу, өзгерту керектігі көрініп тұрса да, бұрын бір баспа көргендігін еске алып, оны істемедім.

10.III—1934 ж.

МҰХТАРДЫҢ ХАТЫ ТУРАЛЫ

Газет оқушыларымызға белгілі, Қазақ драма театрында «АРҚАЛЫҚ БАТЫРдың» жаңа қойылуы туралы мен мақала жаздым. Мақалада «Арқалықпен» байланыстырып театрымыздың бұл күнге дейінгі жұмысының солғын жақтарына қаттырақ тоқталдым. Тоғызға толып, онға шығып отырған ең тәжірибелі, ең жасамыс театрымыздан салмақты нәрселер күткендігімізді айттым. Мақаланы оқыған адамға белгілі ол мақаладағы негізгі бір сарын театрдың шеберлігін, көркемдік жағындағы іздену жұмыстарын жаңа тақырыпқа жазылған пьесаларға баса аудару керек деген пікір болатын.

Сонымен бірге, «Арқалықты» жөндеп түзетпедің деп Мұхтарға да едәуір кіна қойылған. Мұхтарға арналған сөздің түп ізі мынадан келетін: «бұрын екі күн қойылатын «Арқалықтан» қалған нәрі аз, бұл жаңа «Арқалық» дегенге сендік, театрда Мұхтар бар, түзеткен сол шығар дедік». Мұхтарға айтылған ауыр-жеңіл сөздер осы. «Арқалықты» Мұхтар түзетті» дегеннен туған. Мұхтар көптен театр жұмысына шыққан жалғыз белгілі жазушымыз болғасын «Арқалық» пьесасының кемшіліктерін Мұхтарға да арқалатқан себебіміз осы болатын. Мұхтар басқармаға жазған хатында, театрға түскен пьесаларды түзетісуге міндетті екенін өзі де айтып отыр. Тек «Арқалықтың» тұсында қатынаса алмағандығын, сондықтан, «Арқалықтың» кемшіліктеріне ортақ еместігінің басын ашады. Мұхтардың мұнысын біз дұрыс деп тапқандықтан ашық хатын басып, екі ауыз сөз жалғауды дұрыс көрдік.

Жалғайық дегеніміз мынау: біздің «Арқалық» туралы мақаламызды өзінше түсініп, бұрмалағысы келгендер бар көрінеді. Театрдың, Мұхтардың кемшіліктері туралы пікірін

қалай қатты айтам десе де, ол бір басқа да, театрға, Мұхтарға күйе жаққысы келгендік бір басқа мәселе. Біз театрдың аз кемшіліктерін де бүркегіміз келмейді. Театр сынмен өседі дейміз. Әлі де есіне алатын, түзететін кемшіліктері аз демейміз. Бірақ, бұл кемшіліктерді сынау керек дегенді пайдаланып, театрға, Мұқтарға күйе жағуға тіпті жол бермейміз.

Жақын арада «Лениншіл жас» газеті 72 санында Тұрғамбайұлының мақаласын басты. Тұрғамбайұлы мақаласында бойына шақ келмейтін бір мәселелерді қозғап, шектен шығудың үлгісін көрсетіпті. Театр мен Мұхтарға күйе жаққысы келіпті де аузына не түссе соны айтыпты.

Мұхтарға драма театрының әдеби жұмысына жауаптылығың қанша үлкен десек те, әдебиет мәселесінде қанша айтысып-тартыссақ та, сия береді. Өйткені біз Мұхтарға ешбір қалтқы қоймай қараймыз.

Соңғы екі жылдың ішінде Мұхтар театрларымыз бен әдебиетімізде ең салмақты орынды алып отырғанына ешкім таласа алмайды. Ән-күй театрының шымылдығын ашқан «Айман — Шолпан», «Тартыс», «Түнгі сарын» секілді пьесалары көре отырып, Мұхтарға адыра қалған ескі дүниемен байланысты толқуларын орынсыз ескерте берудің өзі көргенсіздік. Оның үстіне, бар өнерін еңбекші жұрттың пайдасына жаратуға жан-тәнімен күресіп жүргең Мұхтарға сенбеушілік көрсеткенсу, тұп-тура қылмыс. Тұрғамбайұлы осыны істепті.

Тұрғамбайұлы — театр артқа кетіп барады депті. Мен: «Театрымыздың өскендігін, қазіргі халын отыз бірінші-отыз екінші жылдардағы халымен салыстыруға да болмайды. Театрымыз көп өсті, нығайды, «Досым», «Астық», «Майдан», «Түнгі сарын» сияқты пьесаларды баурап-ақ қоя алды. Біз, театрымыздың бұдан да жоғары көтерілуін сөз қылып отырмыз дегемін. Театр биылғы сезонға жаңадан жалғыз «Түнгі сарынды» ғана қоя алды. Бұл аз. «Біздің жігіттер» көптен бері жатыр. Басқа да жаңа тақырыптағы пьесалар қойылмай кетті, әзірленуі тым шабан» дегемін. Бұдан театр артқа кетіп барады деген сөз шықпаса керек.

Театр «Біздің жігіттерді» «Арқалықтан» кейін-ақ әзірлеуге кіріссе де, аз уақыттың ішінде сахнаға шығара алды. Бұл театрымыздың үлкен табысы болды. «Біздің жігіттер» жаңа тақырыпты пьесалардың ең жақсы қойылғаны емес деп кім айта алады? Бейімбеттің пьесасын жазуға салған шеберлігін, театр сахнаға қойғанда әлсіреткен жоқ. Өз қара басымыз, жаңа пьесаларда бірінші рет жақсы қойылған осы «Біздің жігіттер» деген пікірдеміз. «Майдан», «Тартыстар» жаман пьеса ма еді? Бірақ, театр ол пьесаларды салақ қойған

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨШІ БАСШЫСЫ

I

Қолына қалам ұстап пролетариат революциясының жеңістерін баянды ету жолында күресіп жүрген азамат аз емес. Былай қарағанда Сіз де солардың бірісіз. Бірақ бөлексіз: революцияның алдыңғы шебінде, қан майданның қақ ортасында замана сынынан мүдірмей өткен Сіз сияқты батыр жазушы ілуде біреу-ақ. Тозығы жеткен көне дүниенің орнына жаңа өмір орнатып жатқан жұмысшы табының ұлылығын танып, оны үлкен шабытпен дәріптеуде де Сіз бірінші болдыңыз. Сіздің әйгілі «Марсельезаңыз», «Жұмысшы бауырларға», «Жастарға» тәрізді туындыларыңыз қаламмен емес, қанжармен жазылды, кең-байтақ далаға тез тарап, еңбекші қазақты Советтің төңірегіне топтастырды. Қазақ халқы тоғыз жолдың торабына тақалып, қайсысын таңдарға білмей делсал боп жүр еді,— Сіз жолбасшы болдыңыз. Өлеңмен жөн сілтедіңіз. Сіздің өлеңдеріңіз халық мұрасына айналды, оларды халық өз еншісі деп таниды. Қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романды да Сіз жаздыңыз. Көзі қара танитын қазақтан «Тар жол, тайғақ кешуді» білмейтін, ондағы большевиктердің ерлігіне сүйсінбейтін ешкім жоқ деп батыл айтуға болады.

Сіздің «Советстаныңыз» керемет дүние. Индустрияландыру дәуіріндегі халықтың қажырлы еңбегін коммунизмге қарай екпіндеп зулаған экспреске теңеу — қазақ творчествосындағы теңдесі жоқ табыс.

Қазақ халқына, оның революциялық поэзиясына сіңірген өлшеусіз еңбегіңізді, Сіздің қазақ совет әдебиетінің көшбасшысы екендігіңізді дұрыс бағалаған үкімет пен партияға біз қатты ризамыз. Орденіңіз құтты болсын, табыстан табысқа жете беріңіз, қымбатты С-ә-к-е!

1936, 12 июль.

II

Бұл күндері біздің еліміздің әдеби қауымы қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы, революционер-коммунист, аса көрнекті ақын және мемлекеттік қайраткер Сәкен Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толуын атап өтуде.

25 жасқа толмай тұрып-ақ оның есімі халыққа мәлім болды. Өзінің жан сұлулығымен, мөлдір тазалығымен, ақындық және публицистік шексіз дарынымен ол революциялық дәуірдің шын мәнісіндегі қаһарман ері болды.

Қазақ халқының жаңа өмірі үшін күрес тарихында өзінің өмірін езілгендердің мүддесіне арнағандардың, патша үкіметінің қаратүнек күндерінде қолына қару алып, халықты күреске бастағандардың ішінде Сәкен ақынның есімі бірінші орын алады десек қателескен болмаспыз.

Жас Сәкен Сейфуллиннің халықтың азаттық үшін күресіне қатынасуы оның рухани өсуінің басы болып саналады. 1918 жылы ол Қазақстанда Совет өкіметін орнатудағы басшылардың бірі және Ақмолада Халық ағарту комиссары болды. 1918 жылдың көктемінде Колчактың бандысы буржуазияшыл-ұлтшыл алашордашылардың көмегімен көтеріліс жасады. Халық пен партияның жүздеген қалаулы ұлдары ақтардың қырғынында құрбан болды. Ақмола Совдепінің көптеген басшылары, оның ішінде Сәкен Сейфуллин, аяқ-қолы кісендеулі күйінде Петропавловск түбіндегі өлім лагеріне жіберілді. Көп азап шеккеннен кейін ақын большевиктердің бір тобымен «ажал вагонына» отырғызылды. Сәкен Сейфуллин мен оның біраз жолдастары Омбы қаласында қашып шықты.

Қазақстанда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін мемлекеттік органдардың кейбіреуіне кіріп кеткен алаңдордашылар мәдениет саласындағы басқару істерін билеп алу үшін астыртын күрес жүргізді. Халық мүддесіне қас «дала бекзадаларының» өкілдері ұлтшылдық идеяларды дәріптеп, өткен күндерді жырлады.

Сәкен Сейфуллин бұл ұлтшылдарға қарсы күреске шықты. Оның қайтпас қайсар табандылығы, ерекше ұйымдастырушылық қабілеті, қазақтың революциялық әдебиетінің тілек-мақсатын жете түсінуі — Сәкеннің өз төңірегіне жас әдеби күштерді топтастыруына көмектесті. Ауыр күресте Сейфуллин мен оның серіктері жеңіп шықты, социалистік қазақ әдебиетінің идеялық позицияларын қорғап қалды.

Сәкен Сейфуллин — Ұлы Ленинді жырлаған тұңғыш қазақ ақыны. 1924 жылдың январында жазылған «Қаралы

күн» және «Қайғылы хабар» атты өлеңдерінде орны толмайтын қазаға байланысты халық жүрегіне терең батқан ауыр қайғы берілген. Ақын Лениннің жеңімпаз идеяларына берілген еді, ол: «Халықтар Ленин туына адал болыңдар, Ленин жолымен жүріңдер!»— дейтін.

Сейфуллин — жаңашыл ақын. Қазақтың өлең құрастыру тәсілінің шеңберінен шығып, жаңа арнаға түскен оның поэзиясы ерекше шарықтады. Қазақтың ұлттық поэзиясында ол Маяковский дәстүрлерін тұңғыш қолданды. Бұған оның «Экспресс», «Советстан» деген шығармалары дәлел бола алады.

Езілген халықтың аяулы батыр ұлы өзінің ақындық-коммунистік публицистік үнін дүние жүзі еңбекшілерінің үніне қосты. Оның «Алтай», «Германия жұмыскерлеріне» деген және басқа өлеңдері революциялық терең мазмұн мен сенімге толы.

Сәкен Сейфуллин М. Горькийдің, Демьян Бедныйдың, Серафимовичтің, Гладковтың және басқа жазушылардың шығармаларын қазақ халқына алғаш таратып, Маяковскийдің өлеңдерін аударды. Ол қазақтың ұлттық мәдениетін көтеріп гүлдендіруге көп еңбек сіңірді. Қазақ драма театры мен опера және балет театрын ұйымдастырудағы бастамашылардың бірі болды. Ол бірнеше пьеса жазды. Оның ішіндегі көрнектілері — «Бақыт жолында» және «Қызыл сұңқарлар». Сәкеннің әдеби мұраларының ішінде өлеңдер мен поэмалардан басқа «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық роман, бірнеше повестер мен әңгімелер бар.

Творчестволық еңбегінің жиырма жылдығына байланысты әдебиет пен көркемөнер саласындағы аса көрнекті еңбегі үшін Сәкен Сейфуллин Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Партияның адал ұлы творчестволық өрлеу үстінде қазаға ұшырады. Бірақ ол біздің замандастарымыздың сапында және жаңа қоғамның талай ұрпақтарына замандас болып қала бермек.

«Правда» газеті, 1964 жыл, 24 май.

СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰЛЫ АТАСЫ

I

«Макар Чудра» мен «Клим Самгиннің» төртінші томының арасында қырық төрт жыл жатыр: бұл ұлы адамның үлкен өмірі, революция дәуірінің талай белестері, ұлы Горькийдің ескі дүниені қиратып, жаңа дүние орнату үшін үздіксіз күресте өткізген өмірі.

Бұл дәуірдің бас кезі — Ресейде капитализм нығайып, Ресей пролетариаты ұйымдасып революцияға кең әзірлік жасауға кіріскен кезі де, орта деңгейі Ресейде пролетариат революциясының жеңуі — аяғы ұлы одақта социализм орнауы. Осы сияқты дүние тарихының мықтап ілгері аттанған дәуірінің қай кезеңінде болса да, қандай майданында болса да, ұлы Горький пролетариат табының көсем партиясымен бірге алдыңғы қатарда. Сондықтан да Горькийдің қай шығармасын алып қарасаңыз да революция күресінің түйінді бір кезеңін көресіз. Ескі дүние мен жаңа дүниенің сайысына кездесесіз. Ол келе жатқан ұлы дауылдың хабаршысы, алдын болжағыш данышпан, революцияның қаһарманы. «Дауылпаз», «Сұңқар жыры» албырт жас қыранның шу деп аспанға шарықтаған революциялық романтикасы болса, «Клим Самгин» Ресей өміріндегі соңғы қырық жыл күрестің, Ленин партиясының көздеген нысанаға тура әкеп жеткізуімен аяқталады.

Бұл дәуірдің ішінде қырағы Горькийдің көзі шалмай қалған революция күштері де, революцияға қарсы күштер де жоқ: әр таптың, қоғамның әр қабатының жақсы, жаман жақтарын барынша дәл, барынша шын суреттеп келешегін кесіп айтқан.

Горькийдің алдында орыс реалистік әдебиетінің талай-талай алыптары өтті. Жер жүзілік әдебиет біріне бірі жалға-

сып, біріне бірі әсер етуі әлдеқашан нығайған кезі. Әдебиеттегі әр дәуірдің әртүрлі ағымдары араласып келіп, реалист жазушылар — реализм ортадан ойып орын алған кез. Толстой, Чехов, Короленко сияқты реалист алыптар Горькийдің өзімен тұстас, оған алғашқы ұстаз болған жазушылар. Бірақ, Горький өзінен бұрынғы ағымдардың да, реалист жазушылар топтарының бірінің де ішінде қалып қойған жоқ. Ол, ұлы реалистерден үйренумен қатар, өзінің ерекше орнын бірденақ тапты; революция заманындағы ұлы жазушының міндеттерін түгел мойнына алып, жаңа қияға көтерілді. Сондықтан да ұлы реалист Горький ұлы реалист Толстоймен бір топқа да, бір стильге де жата алмайды. Горькийді басқа ұлы жазушылардан ерекше биік қияға шығаратын нәрсе — оның пролетариат революциясының алдыңғы қатардағы солдаты болғандығы.

Горькийдің өз айтуы бойынша, Толстой туралы Ленин былай деулі: «Қандай алып, ә? Қандай алып адам! Міне, бұл суретші! Европада Толстоймен кімді қатар қоюға болар еді?.. Ешкімді де!»

Толстойдың ұлы атын пайдаланғысы келген таптардың, партиялардың бірде-бірі мұндай жеткізе айтылған баға берген емес. Талантты адамды тек Ленин, Ленин партиясы ғана жете бағалай алады.

Егер бүкіл жер жүзілік әдебиетте Горькиймен қатар қоя аларлық кім бар деп сұрай қалсақ, мұның жауабын Европа да, бүкіл жер жүзі де бере алмайды. Горькиймен қатар қоярлық та ешкім жоқ! Болашақтың бұрауы пролетариаттың қолында екенін бірден болжаған, қалам ұстағаннан бастап пролетариат революциясын жырлаған, пролетариаттың күшіне қалтқысыз сенген данышпан Горькийдің басқа реалистерден орны бөлек, шыңы биік. Қамауда, іру-шіруде, сасып-бықсып жатқан ескі дүниеден адам баласын жарық дүниеге, адамға лайықты тұрмысқа алып шығатын тап пролетариат екеніне бір жолата ден қойған данышпан Горький, сол таптың көсем партиясынан тізе айрыған емес. Оның оқиғалардың алдында отыратыны да осыдан. Ол революцияның ұлы көсемі — Лениннің досы болды. Горькийді троцкишіл-бухариншіл, ұлтшыл-фашист жаулардың аса жек көрген себебі де, оған уытты тілін қадаған себебі де осыдан. Кімде-кім көшке ермей, көштің алдында болғысы келсе, ең алдымен Горькийдің осы қасиетін ұғына білуі керек.

Горькийдің стилі де басқа реалистерден бөлек. Бұл жөнінде ойлаған ойыңды, азды-көпті тексергеніңді, тапқан өзгешелігіңді кесіп-пішіп айта қою қолдан келе бермейтін жұ-

мыс. Бірақ, Горькийдің бұл жөніндегі ерекшелігін, басқалармен салыстыра оқығанда ылғи кесектігін сезіп отырасың: бұл даусыз. Шын зер сала оқысаң Горькийдің ертегілері де, романтикасы да шындыққа, реализмге айқасып жатады.

Ол басқа реалистерше ескі дүниені емдемейді, жастығын түзеп, сусын бергісі келмейді. Ескі дүниенің ең бір елеусіз бұрыштарына дейін ақтарып, сыпырып, аршып тастайды. Мерез басқан денені аяусыз күйдіріп, қарып, бір жола қарғап тастайды!

Горькийдің бар күшін салып түсіндіріп, нығайтып, барынша берік орнатқысы келгені — реализм. Реализм — тек қана әдеби түсінік емес, шындық деген ұлы мағынасы бар түсінік. Ал, шындық — дүниені революция жолымен қайта жасау. Бұл жөнінде, осы тілектің керегіне қарай, Горький революциялық романтикадан без демейді, қайта нығайтуды ұсынады: революциялық романтика, реалистік романтика деп келеді. Горький өз шығармаларында алған тақырыбына қарай ылғи қолданады.

Бұл мәселені ат үсті жанай өтіп жатқанымыз — бұл, біздің қазақ совет жазушыларының бір естімеген хабары дегендіктен емес, Горькийден үйренуді күшейтуіміз керек дегіміз келгендіктен. Өз шынымызды айтсақ, Горькийді мықтап зерттеп жүрміз деп айта алмаймыз. Арғы жағын былай қойып, соңғы жылдарда топтап басылып жатқан көркем әдебиетке қарасақ — жазушыларымызда Горькийден үйренудің тереңдігі байқалмайды. Шын мағынасында зерттеу, үйренудің орнына Горькийдің шәкіртіміз деген сияқты орындалмай жатқан ұран жағы басым күйде кетіп барады. Кейбір ақындарымыздың «горькише» жазған романтикалы «поэмалары», өлеңдері тым мағынасыз, бос сөз көп. Сөзде ой, мағына жағы тым сұйық. Күнді, жұлдызды, айды құшақтап, солардың тілін, солардың «жан сырын» ұғынып жатқан «шығармалар» «лирика» аталып, біріне-бірі ұқсас топ-тобымен шығып жатады.

Әдебиетіміз сын дегенді жабыққырап қойды. Басылып шыққан кітапқа дұрыс сын жоқ деп бірінші рет айтылып отырған сөз емес, көптен осылай. Егер шын мағынасында сынды қолға алсақ, Горький айтқан реализм, Горький айтқан революция, романтика ұран ғана болмай — іске айналар еді. Тап осы күнде қай жазушымыздың қандай шығармасы реалистік, қайсысы романтик, қайсысы қалай қарап тұр — айыру қиын-ақ. Бір қауіптенетін нәрсеміз — бос сөз, сылдырмақ азайып бара жатқан жоқ-ау дейміз.

Осының бәрі Горькийден үйренуді, Горькийдің жазу әді-

сін зерттеп, үлгі алуды жазушылар ұйымы болсын, жеке жазушыларымыз болсын, жаңа қойылып отырған мәселедей етіп қолға алуларын керек ететін сияқты. Горький поэзияда болсын, драмада болсын (прозаны сөз де қылмайық!) айнымас үлгі екенін ұғыну керек. Науқан емес — үзбей, жалықпай, үнемі Горькийден оқуымыз керек. Әсіресе, қалай оқуды, қалай үйренуді дұрыс жолға қоюымыз керек. Горькийдей ұлы ұстазымызды шағып өлтірген троцкийшіл-бухариншіл, ұлтшыл-фашист сұр жыландардың тамтығын қалдырмай құртуымыз керек.

1938 ж.

II

Орыс халқының ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийдің туғанына 75 жыл.

Таптар күресі жаңа белге шыққан екі ғасырдың астасқан кезеңінде езілген елдердің бағына қарай, дүниеге ұлы жүректі алып жазушы Горький келді. Адам үшін күресе келген батыл жанның айғайы дүние жүзіне түгел естілді. Күні өткен күрес, тозығы жеткен ескі ғасырды ұзатып салып, сенімді қол жаңа күрестің жаңа заман ғасырының есігін ашты.

«Тарих Жаңа адамның келуін күтеді. Ол түрге-түске қарамайтын, өз ұлтым ғана деп ұлымайтын, «Адам!» дегенде ауызың толатын адам болсын!»— міне, албырт ақын осы тілекпен жазуға отырды.

«Өтірік қанша жан-себіл болса да өсіп-өркендейтін тек шындық қана» деп, сол шындық күресінің ұранын көтерді. Езілген адамнан жасырылып келген шындық қайсы, алдап келген жалғаншы кім, әрі әділ, әрі күшті қол осы пердені көтерді.

Адам үшін күрес жаңа сатыға шыққанын адамды сүйген ұлы жүректің бар күшімен сезген жазушы, ол күреске темірдей білек, шын ер жүрек керек екенін айтты. Айтып қана қойған жоқ, ол адамның жұмысшы табынан еңбек қазанынан қайнап шығатынына қалтқысыз сенді. Сол жаңа адамның дүниеге тезірек келіп тарих тізгініне тезірек жармасуын көксеген жазушы, әдебиетте сол ерекше адамның бейнесін жасай бастады. Тосырқамай, жатсынбай сенімді түрде жасады. Сондықтан да «дүниеге келген Жаңа Адам міне, мынау!»— деп салған айғайға дүние жүзі еріксіз сенді.

Жұдырығын түйіп алып, туа сала «мен, мен!» деп жатқан қызылшақа баладан бастап, сонау-сонау Данко, Лойко, Рад-

да, Челкаш, Пиляй, Фомаға дейін өзінен өзгенің бәрін жалмаған, өлімді жеңетін ана мен айбатынан ай жасырынған Темірді жеңетін аналар, сонау қараңғы кезеңде қызыл туды көтеріп көп жұмысшының ортасында кетіп бара жатқан бергі ана, осының бәрі де Горький күткен ерекше адамдардың бейнесі еді.

Бұлтты тіле, теңізді құша ашына айғайлаған дауылпаз, аянбай қимылдаған алыста жаралы болған ақсұңқар — Горький тілеген ерекше қимылдың бейнелері де. Бұлар адам үшін салынған айғай, адамға арналған қимылдар да. Бұл қуанған жүректен еріксіз шыққан Горькийдің өз айғайы да, көп жұмыстардағы өз қимылы да!

Орыс әдебиеті XIX ғасырда орасан көтерілді. Пушкиннен басталған ұлы толқын жайыла серпіп, төңкеріле қопарылып келіп, сол ғасырдың аяғына таман орыс әдебиетін дүниелік әдебиеттің алдыңғы қатарына шығарды. Орыс әдебиетінің әлсіреп бір келген кезеңі сексенінші жылдардың өзінде ле Толстой, Чехов, Салтыков-Щедрин, Короленко сияқты алыптар ел атағын берген жоқ ешкімге. Солардың шығармаларын оқи өскен адамдар осы күні большевиктік партияның басқару жұмысында, совет мемлекетінің басында, совет ғылымының қайраткері, Отан соғысының командирі және жауынгері. Ұлы Отанын аянбай қорғап, елінің мәдениеттік қазыналарын жаудан айырып, қан майданда ерекше ерлік, бұлжымас табандылық көрсетіп дүниені таңдандырып жүрген совет жастарының бойындағы ерекше қасиетке Пушкин мен Лермонтов та, Гоголь мен Салтыков та, Толстой мен Короленко да, Абай да еншілес, бәрі де ортақ. Бұған дау жоқ. Ал, Горький осы алыптардың, осы ұлы реалистердің келесі кезеңге, алыс-жұлыстың жаңа дәуіріне арнап қалдырған, сайлап кеткен, сеніп қалдырған адамы сияқты.

Горький жаңа дәуірдің жазушысы, Горький марксизм жұмысшы табының арасынан мықтап орын алған дәуірдің жазушысы. Ол ұлы көсеміміз Лениннің үзеңгілес жолдасы, ұлы күрестердің ыстық-суығын бірге көрген, сол күрестерде сынасқан, жанына жанын, қанына қанын қосқан досы. Сондықтан, адам үшін күрес мәселесін Горький басқа жазушылардан анағұрлым ерекше қояды. Күншілдік, қомағайлық, ұсақтың сияқты адамдағы ит мінездермен алысқанда да Горький дүниелік сарынға соғып жатады.

Бірінші империалистік соғыс Горькийді қатты сілкіндірді. Дүниенің әр бұрышында, әрбір шіріген мидан шыққан қылмыстың сонша шоқтарылып келіп, адам басына тас бұршақтай жауып, сонау қырғын апатқа соқтырғаны жазушы көңілін

қатты қайғыртты. Дүние тілегінің ұраншысы дүниенің сол апатынан болашақ үшін жаңа қортындылар шығарды. Әділет туы тігілген өз отанының дүние алдында ерекше орны барлығына қуанды. Қаламын көлденең ұстап осы отанның күзетіне тұра қалды. Әр ағымда, әр сүрлеумен бара жатқан совет елінің жазушыларын бір тудың астына, бір тілектің ісіне шақырды. Ленин құрған Ұлы Отанымызды алдырмас қамалға айналдыруға бар күшін салды.

Дүниеге тағы бір дажал келе жатқанын қыран көзі қиядан-ақ көрген еді. Қайда жанның қараңғысы, қайда тәннің қаңсығы болса, сол жерде туып жатқан арамзаның аты — фашизм екенін данышпан Горький ерте айтқан болатын.

«Ойы осыдан аспайтын, бойы осыдан өспейтін ергежейлі зұлым топтан Гитлер тумағанда кім тусын?» деген. Әкесін дарға асудан, анасына тап беруден тайынбайтын арсыз, тілексіз топ Германия мен Италияда өкімет басына орнағанда, Горький: «Бұлар елін өлімтік етеді; ой дегенді суалтып, темір жұдырықты тәңір етеді!»— деп еді.

Горькийдің сол айтқандары айнымай келді. «Жұдырық тәңіріні» алдарына ұстап, тілексіз топ арсылдаған арсыз төбеттің соңына еріп, шаппады ма дүниеге?

— Бұл келе жатқан орасан апат. Миллиондаған өліктің артында миллиондаған жетім-жесірлер қалатын болады. Қорқыныштан естен танған, көк ми болған жандарды мыңдап санайтын боласың. Қалалар қирап, далалар өртенер. Мына дажалды бауырын көтертпей құртыңдар!— деп Горький үнемі жар салумен өтті. Бір жағынан, дүниенің алтыдан бірінде нағыз адам өмірі құрылып жатқанына қуанса, екінші жағынан — ескі сарсық сарқып келіп, сылып тастамасаң жазылмайтын жараға айналғанын айтып, ылғи сақтандыратын еді.

Бір жолында — «Туған елімнің қуанышы мен бақыты — менің бақытым, менің қуанышым!»— десе, екінші жолында — «Сол отанына жау тигелі келеді: қанқұмар жендеттер Германияны бізге қарсы аттандырғалы отыр»— дейтін.

— Бұл ертегі емес пе! СССР-да өзгерген өмірдің шын иесі еңбекші ел. Ертегінің алыбы — біздің елдің еңбекшісі емес пе!— деп, алыстағы арманның орындалғанын нұсқайтын еді.

Біздің ел бұл үмітті Отан соғысында да ақтады: алып екенін айқын көрсетті. Ұлы ел — ұлы үлгілер көрсетті.

«Мекіре балық тұмсығы тасқа тиіп тоқтайды» дегендей, басқа жақты жайлап келген обырдың тас-табандап тоқтаған жері біздің болат қорған болды. Совет адамы Горький көксеген Жаңа Адам екені де осында тағы бір байқалды. Ешбір

қаратүнек, ешбір қанды қырғын, совет жауынгерін сескендіре алған жоқ. Совет жауынгері «шегінбейміз!» десе шегінбейтіндігін қазір бүкіл дүние біледі. Совет жауынгері шегінбесе, жеңіп те шығатынын тағы біледі.

Ұлы Горький дүниеге жаңа заманды, Жаңа адамды көксей келіп, сол ерекше қимылды, ерекше адамдардың туарын да білген еді. Сол жаңа заман орнады, сол Жаңа Адам туды. Жаңа Адамның алтын бесігі біздің ел болды. Ол Жаңа Адам — орыс, украин, қазақ, өзбек, армян, грузин тағы-тағы ондаған ұлтты Советтер Союзында туды. Ол Жаңа Адам басқа елдерде де туған болса, осы сұрапыл үстінде көрінуі керек.

Бізде туған Жаңа Адам Горький айтқандай — түрге-түске қарамайды, өз ұлтым ғана демейді, «Адам!» дегенде аузың да толады!

Фашизмнің талан-тараж әскерін қырып-жойып, ысырып айдап бара жатқан да сол Горький айтқан Жаңа Адамдар!

1943 ж.

III

Он тоғызыншы ғасырдағы ұлы орыс халқының орасан бай, кең арналы әдебиетіне теңдесер жер жүзінде бір әдебиет болған жоқ. Бір ғана Пушкині, бір ғана Толстойы, бір ғана Лермонтов, я Гоголі болған ел басқа көп елдермен терезем тең деп ойласа, онысы орынсыз да болмас еді. Ал, он тоғызыншы ғасырда орыс халқынан жұбын жазбай қанаттаса шыққан, әр қайсысы бір асқар, алып жазушылар ондармен есептеледі. Орыс халқынан шыққан ғалымдар да, композиторлар да, суретшілер де, сахна шеберлері де дүниелік көлемде алдыңғы қатарға қос-қосымен шықты. Қоғамдық күрестің жаңа сатыға көтерілуін Маркс Россиядан күтеді. Сондықтан Горький сияқты жаңа заманның ұлы жазушысы орыс әдебиетінен шығуы тарихи жағдай көзімен қарағанда табиғи да нәрсе еді.

М. Горький орыстың реалистік әдебиеті әбден нығайып, шыңына шығып болған кезінде майданға шықты. Бұл Россия жағдайында қоғамдық күрестің де жаңа белге шыққан, орыс пролетариатының ержетіп қалған, озық ойлардың дауыл күткен кезі еді. Арт жақта крепостнойлығын, манархиясын, артта қалғандығын, тоңмойындылығын арқалап, ескі ғасыр қалып бара жатса, алдында барлық қоғамдық қайшылықтары-

мен, күрестерімен, жаңа үміт-тілектерімен жиырмасыншы ғасыр тұрды. Осы екі ғасырдың астасқан шегінде шың басына, майдан ортасына жаңа екпін, жаңа күшпен заман даусындай жаңа үнмен Алексей Максимович Горький шықты.

Горький дүниеге келгелі өткен сексен жылдық өмірден ұлы жазушының шығармасына үзілмес арқау болған нәрсе де — ескі дүниені құлатудың, жаңа дүниені жасаудың күресі болды. Сөз жоқ, Горький орыс реалистік әдебиетінің жақсы дәстүрлерін аса бағалайтын, бүгінгі совет әдебиетінде үлгі етіп отыратын жазушы. Бірақ, сонымен бірге, бұрынғы реалистік әдебиеттің идеялық таяздық, артқа тартушылық жақтарымен аянбай күресіп келді. Жаңа заманның ұлы жазушысы ендігі әдебиеттің алдында жаңа міндеттер тұрғанын, әдебиет өмір тілектеріне қоса өріліп қабысып отырмаса, ол міндеттерді атқармайтынын ерте ұққан. Ол жаңа міндеттер — жұмысшы табының мүддесі, сол таптың күресіне үн қосу еді.

«Менің жұмысшы табымен біте қайнасқандығымды түсінуім — дәлірек айтқанда — сезінуім, балғын жас шағымнан басталады. Сол таптың болашақ тағдыры қалай болып кетер екен деген қобалжуым осы күнге дейін қалған емес. Құм жайлаған араб — бұлағымның көзін құм басып қала ма деп қалай қобалжыса мен де сондаймын».— деп жазады Горький ерте бір кезде.

Өзінің әдебиет майданындағы міндетін осы тұрғыдан көзделген ұлы жазушының «қыспақ пен дауыл» кезеңінде жұмысшы қозғалысының көсемдерімен тізе қосып, бірге болуы да кездейсоқ нәрсе емес. Жас шағында сарылып ойлап, сарғая күткен өмір шындығын Горький Ленин ғылымынан, марксизмнен табады. Орыс реалистік әдебиетінің сала-сала болып жатқан күрең жолына түсе кетпей, «өз сүрлеуін» тауып түседі. Сол «сүрлеу» Ленин көсеміміздің негізгі көзқарастарына сүйене отырып тапқан «сүрлеу»— қазір барлық совет әдебиетінің өсіп, өркендейтін ұлы жолына — социалистік реализм жолына айналды.

Ұлы жазушы Горький әдебиет болашағын өмір тілектерімен қоса өрудің жолын көп іздеген, көп азап шеккен, талай тарыққан адам. Сол іздеу-іздену жолында теріс басып қалса. ізден адасса, әр кезде Маркс-Ленин ғылымынан жөнін түзеп алып отырады. Революциялық күрестің ауыр жылдарындағы көп тәжірибесін қорыта келіп, Горький былай дейді: **«Шын мағнасындағы революцияшылдықты мен большевиктерден сезіндім, Ленин мақалаларынан, оған ерген оқығандардың сөздерінен, істерінен көрдім. Оларға мен 1903 жылы-ақ қосылып кеттім».**

Шынында Горькийдің большевиктерге бұрын-ақ қосылғанын көреміз. Десницкийге жазған бір хатында Горький былай депті:

«1901 жылы. Якубович марксизмнің маған әбден жұғып болғанын айтты... Екеуіміздің кеңесіміз мынадай бір ұмытылмайтын түрден басталды:

— Сіз осылай едім деңіз!— деді ол.

— Сіз мені бұдан гөрі жаман шығар деп ойлап па едіңіз?— дедім мен.

— «Искра» газетін оқисыз ба?

— Неге оқымайын, оқимын.

— Мен ол газетті оқымаймын, жыртамын. Жыртамын да отқа өртеймін.

— Оныңыз өзіңіз үшін аяныш екен,— дедім мен».

Мінеки, екі ғасырдың шегінде майданға шыққан ұлы жазушының түскен негізгі жолы — большевиктер партиясының жолы екендігін көреміз. Горькийді көп шатқалаңнан адастырмай алып өтіп, совет әдебиетінің туы тігілген биікке әкелген де осы жол.

Ұлы революционер жазушы жаңа дүниенің жауларын іштен де, сырттан да дәл танитын еді. Ол революция жауларын Россияның ішінен ғана іздеу сияқты тар соқпақпен кете бермей, капитализм зұлымдығын жер жүзілік көлемде бүкіл адам баласының алдында әйгілеп отырды. «Пуанкаре-соғыс» «Делқұлы Гитлер», «Адам азғыны Геббельс», «Айуаннан әрі «Черчилль» деген Горький сөздері қазір бүкіл елдер сөзіне кіріп кетті. Черчилль мен Пуанкарені, кейбір Америка обырларын бірінші империалистік соғыс тұсынан бері жамбасынан қалдырмай келе жатса, Германия фашизмі өкімет басына келгенде, Горький — зұлымдықтың соңғы күштері дүниеге келді, деп айғай салды. Горькийдің ұзақ жылдарға созылған бұл жөндегі күресі немен тынғанын біздің ел жақсы біледі.

«Егер жау берілмесе — оны құртар болар!»— деген болатын Горький. Бұл Совет халқының атынан айтылған сөз еді. Фашизмнің ордасы, қанаты мен құйрығы болған — Германия, Италия, Жапония елдерінің немен тынғанын қазір бүкіл дүние жүзі біледі.

* * *

Горький «Макар Чудра» деген ең алғашқы әңгімесін 1892 жылы 24 жасында жазады. Оған жалғаса, өз жүрегін суырып алып қараңғыда қалған халқына жарық етіп жағатын «Дан-

ко», есептеспей ерлік істейтін «Жаралы сұңқар», дауыл шақырған «Дауылпаз» туды.

Осы кездің өзінде-ақ Горькийдің ескі дүниені революция жолымен қайта құру керектігіне сенімі бекіп, белі бір жола байланғанын көреміз. Сондықтан, бұл әңгімелерінің бәрі де тас қапасты қиратып, зілдей қараңғылықтан құтылуға, күреске шақырады. Бір жағынан қорғалаумен күнелткен бейшара, жылан сияқты жігерсіз, ез, көнбіс адамдарды аяусыз мінеєе, екінші жағынан есепсіз ерлік көрсете алатын Данко, Сұңқар, Дауылпаздардың ерекше образдарын жасайды.

Бірақ революция дамуының нақтылы жолы бұл кезде Горькийге түп-түгел айқын емес. Бұл әңгімелердегі ерліктер революционерлердің өз бейнелерінен алынбағанымен, өмірлік өршіл ойдың арман-тілегінен жасалады.

«Аузы қисық болса айнаға жабатындықты мен ертеден білетін едім,— дейді Горький,— ал, аузы қисық болғанда, болғысы келіп бола ма екен? Оны да, өзгені де еріксіз қисайтатын бір күш бар ғой өмірде. Мен қисайған ауыздарды емес, соны қисайтқан күшті көрсетуді мақұл көрдім. Көп нәрселерді жаздым, одан да көбін жыртып отқа өртедім. Аяқтап келгенде қандай да болса өз сүрлеуімді таптым».

«Оқушы» деген әңгімесінде Горькийдің оқушысы жазушыға былай дейді:

— Сен оқушыларың үшін бой сергітіп, ойды тыншықтыратын аз алданыш бере алармысың?

Бұл Горькийдің жұрттың жүрегіне «жұбаныш» бола білу керек деген көзқарасынан туып еді. Ұзамай, «публика» деген әңгімесінде Горький:

— Жұрт жазушының еркелеткенін қабыл алады да, ашуын естімейді. Қайда да, қашан да шындықтың айқайынан гөрі қисынын тауып алдағанды ұнатады... Мен өмірдің қараңғы тұңғиығынан шығып келдім. Мен сол қара тұңғиықтың сұмдығы мен қорқынышын айтқалы келемін!— дейді. Бұдан не көреміз?

Данко, Сұңқар, Дауылпаз сияқты жалпы күрес романтикасынан жазушының нақтылы күреске, тап күресіне түйіліп келе жатқанын көреміз. Шындық романтикасын өмірдің өзінен тапқанын көреміз. Алыстан келе жатқан құнарлы ой енді өмірлік арқауын тауып, атақты «Ана» романы жазылғанын көреміз. Дүниені революция жолымен ғана қайта құруға болатындығына бекінген ойдан — пролетариат әдебиетінің төл басы —«Ана» романы туды. Бұл романда жеке ерлік, ұйымдаспаған күштің әр жердегі лапылы емес, тарих тағдырын қолға алғалы келе жатқан орыс пролетариатының саналы кү-

ресін, жұмысшы революционерлердің толық бейнесін көреміз. «Ана» романы біздің дәуіріміздегі социалистік реализм стилінде жазылған бірінші роман болып әдебиет тарихына кіреді.

Горький совет жазушылары үшін ең құнарлы ұлы мектеп. Бізде социалистік реализм мен социалистік романтиканы екі әдіс деп ұғынып, я болмаса шығармамызда екеуін қабыстыра қолдана алмау ылғи ұшырасып отырады. Горький романтиканы ескі өмірді революциялық жолмен өзгертіп жатқан халық тұрмысының өзінен алып шығады. Егер ескі өмірде романтикалық биікке көтерілетін қоғамдық негіздің өзі болмаса, бүгінгі совет халқының әр ісінде ерлік жалыны бар, ұшқыр ойдың, өр мінездің, қажыр-қайраттың екпіні бар. Өткен өмірден «Сұңқар» бірлеп қана табылса, қазіргі өмірден мыңдап табылады. Осы ерлікті толық бейнесімен бере алу — әрі біздегі шындық, әрі әсерлеудің берік негізі. «Ана» романындағы Павел Власов, оның шешесі, Андрей Находка, Рыбин — жаңа адамдарды социалистік романтика әдісімен суреттеудің жақсы үлгісі.

Горький шығармасының бір саласында «Керегі жоқ» адамдар — өмір құлдары, арамы, екіжүзді, суайттар жүреді. Бұлардың біразын өмір осылай еткен, енді біразы сол ылай өмірден балық аулап жүреді, Дмитрий («Плутта»), Никита («Артамоновтардың ісі»), Павел («Вассада»), Евсей («Керексіз адамдар»), Никонов — («Клим Самгин») тағы басқалары. Горькийдің өмір бойы алысып өткен бір тобы — мещандық. Алға сүйрер ойға ылғи тоңмойындық көрсететін Тобықтының тоғышарларына Абай қандай ыза болса, мещандыққа Горькийдің жаны да сондай қас. Мещандық деген бұл да сол тоғышарлық. Бұл да сол өз басының қамын ғана ойлайтын, қоғам ісіне қия баспайтын көк кесел. Бұл біздің совет қоғамы үшін ескі қалдықтар, ескінің жұғындысы деп аталады. Бұл қалдықтарды Горький айтқандай отпен аластауды біз Горькийден ғана дұрыс үйрене аламыз.

Әдебиеттегі партиялық, идеялық М. Горькийдің бұлжытпай ұстайтын принципі. Орталық Партия Комитетінің әдебиет және көркемөнер жайындағы қаулыларынан кейін совет әдебиетінің ұлы атасы Горький өсиеттерін тағы бір терең ұғынуға бет бұруымыз керек. Ұлы Горький жазушының социалистік құрылысқа қалай қатынасуының айқын үлгілерін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, халқымыз бен Отанымыз алдындағы міндеттерімізді әркезде есте ұстауға тапсырып кетті.

— Дүниелік зұлымдық пен қайғы-зардың бұлағы, дүниелік талан-тараждың ордасы, арамдықтың ұясы болған капи-

тализммен күрескен коммунизмнің ісіне белсене қатынасыңдар!— деді.

Ұмытпайық ұлы жазушының өсиетін!

«Социалистік Қазақстан» 1948 жыл, 28 март.

IV

Социалистік әдебиетіміздің ұлы атасы Алексей Максимович Горький орыс халқының реалистік көркем әдебиеті мол күш, үлкен серпінмен дүниелік көлемде өзып алға шыққан дәуірде, он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде майданға шықты. Бұл — дарынды орыс халқының рухани күштері өнер-білімнің қай саласында болса да үлкен арнамен биік белдерге көтеріліп, ұлы ақын, жазушылары мен ғалымдарын, композиторлары мен суретшілерін дүние жүзі еріксіз таныған кезі еді.

«Біз әрине ұлы халықпыз, әрі өз тағдырын өз қолына алған ұлы мемлекетпіз. Искусство мен көркем әдебиет осы ұлылық пен осы күштің дабылшысы болғалы келеді» дегенді орыс халқының ұлы жазушыларының бірі Тургенев 1859 жылы-ақ айтқан.

Өзінен алдыңғы дәуірді А. М. Горький былай бағалайды: «Жан түршігерлік сонша ауыр жағдайларда ерекше көркем әдебиет, таң қаларлық сурет өнерін, тасып-төгіліп жатқан дарынды музыка жасаған орыс халқы искусство майданында дүние таңданарлық күші барлығын көрсетті. Халқымыздың аузында қақпақ, жан қанаты байлаулы еді ол кезде; бірақ, оның есіл жүрегі ондаған ұлы жазушыларды, үн мен бояу шеберлерін туғызды».

Сонымен бірге, бұл дәуір Россияда жұмыскер қозғалысының революциялық жолға біржола түсіп, бұлжымас бағыт алған кезі еді. Герцен, Чернышевский сияқты орыс халқының революциялық ой өрісімен танысқан Маркс-Энгельс көсемдеріміздің Россиядағы жұмыскер қозғалысынан қандай үлкен үміт күткендері де мәлім. Олар — ендігі күнде әлеуметтік үлкен қозғалыстың салмағы Россияға ауады деген.

Осындай кезеңде орыс халқының озық ойлы революцияшыл демократтары «Не істеу керек?» деген қоғамдық ұлы сұрауды тарихи мағнасында кезекте тұрған мәселе етіп көтерсе, ұзамай дүниелік әдебиетте алғашқы рет, «Дауылпаз» арқылы дауыл жақын деген жауап алады. «Жан түршігерлік ауыр жағдайлардың» әбден қоюланып болған кезінде, дүниелік жұмыскер қозғалысының дауыл дабылын қаққан Горь-

кийдің ұлы үні естіледі. Бұл жаңғырық емес, жаңа үн, Россиядағы жұмыскер қозғалысының үні еді.

Сөз жоқ, Горький орыс халқының ұлы әдебиетінің жақсы дәстүрлерін әкетті. Сонымен бірге сол жақсы дәстүрлерге қанағат етпей, әдебиетке жаңа мағна беріп, жаңа бағыт іздеді. Әдебиетті өмірден оңаша жасайтын дүние деп қараушыларға қарсы аттанып, әдебиеттің міндетін қоғамдық күрес мүдделеріне бағындырды. Бір кезде атақты ойшыл Чернышевский «Көркемдік дейтініміз — өзіміздің өмір!» десе, Горький сол өмір күресіне шақырды. Өмірдің байырғы қалпынан қалыспай суреттеуге емес, сол өмірді өзгерту жолындағы ұлы күреске үн қосты.

Қатардағы реалист жазушы үшін, я болмаса, жалпы мағнасында прогресті жақтайтын жазушы үшін орыс халқының сыншыл реализм әдебиетінің бағыты артығымен-ақ жетіп жатқан жол еді. Сол жолды қанағат етіп қалған жазушылар Горькийден кейінгі буынның ішінде де аз емес. Дүниелік әдебиетті тұтас еске алсақ, бара-бара сыншыл реализмнен де шошынып, реакцияшыл сарындамаға көшіп, өмір күресіне біржола сыртын берген жазушылар да аз емес.

Горькийдің ұлылығы — ол сонша дәуірлеп, дүниені таңқалдырған орыс халқының реалистік әдебиетінің шыққан биігіне қанағат етпей, болашағын революциялық жаңа бағытқа бұру үшін бар күшін салды. Қазіргі кезде социалистік реализм әдісі болып, мазмұны мен түрі айқындалған революцияшыл әдіс үшін болған күрестердің басында әр кезде А. М. Горький болды. Бір жағынан, социалистік әдебиеттің теориялық күрес туын өз қолына ұстаса, екінші жағынан, өз шығармаларымен іргесін қалады.

Горькийдің құлашы жайылып, серпіні күшейген кезде, орыс халқының классикалық әдебиеті дүниелік көркем әдебиеттің төрінде болса, бүкіл буржуазиялық әдебиетке ауыр кінараттар дендеп кіріп қалған еді. Буржуазия әдебиетінің әр саласы белгілі бір биігіне жетіп, енді жоғары көтеріле алмай, құнарсызданып, кейін сырғи бастады. Болашақтан торығу, ескіні көксеп сарындау, аруақ-құдайға сену, өмірден үмітсіздену сияқты кертартпа бағыттар тереңдеп, ауыр дағдарысқа әкеліп соқты. Жиырманшы ғасырдың басынан-ақ белгісін берген дағдарыстан буржуазия әдебиеті әлі шыға алған жоқ, шыға алмайды да.

Сол кезеңнің сондай қайшылықты жағдайларында әдебиеттің болашағы, оның алдында тұрған қоғамдық міндеттері туралы ұлы жазушының толғана ойланғанын көреміз. «Мещандар» пьесасындағы машинист Нил арқылы Горький «Ең-

бекті кім істесе, өмірдің иесі де сол!» дейді. Әрі философиялық, әрі революциялық байламды басқаға емес, жұмыскерге айтқызады. Горькиймен тұстас жасаған талай дарынды ақын-жазушылар болса да, олардың бірде-бірі өмір жайындағы байламды жұмыскер табы айтады дей алған жоқ. Горькийге буржуазия қоғамының үрке қарайтыны да осыдан еді.

«Шыңырау түбінде» деген пьесасында Горький — «адам деген ұлы атақ!» деп, бір жағынан еңбек адамын ұлықтаса, екінші жағынан, торығушыларға жауап береді. Горькийдің бұл көзқарасы капиталистік қоғамда адам жанының азғындап, адамгершіліктің сұйықталып, опасыздық, торығушылық сияқты мінездердің көбейіп бара жатқанынан туған еді. «Бұл қоғамда адамға адам жау — дейді Горький.— Қарын тойғызу күресінде әркім өзі үшін ғана, жеке ғана алысады. Және, қасында тұрған қу қапысын тауып, кеңірдегінен ала түсе ме деп, қауіптеніп, алақтап тұрады...»

Жеке адам жанының азғындау себебін Горький: «Алды-жұлды заманның ашқарақ қоғамында жеке адамның халық көпшілігімен арасындағы байланыстан айрылғандығынан» деп біледі. Алды-жұлды қоғамның бірі — орыс буржуазия әдебиетінің 1905 жылғы революциядан кейін орасан құнарсыздыққа айналғанын тексере келіп, Горький былай деп қортынды жасайды:

«Біздің әдебиет — ұлы ойлар еңбек сіңіріп, жақында ғана мың түрлі гүлдермен құлпырып тұрған кең өлке еді. Енді міне надандықтың арам шөптері басып барады, тірі гүлдердің орнына, қағаздан жасалған өлі гүлдер толып кетті. Бұл өлі гүлдер — француз, ағылшын, неміс кітаптарының тыстары, бұл батыс мещандығының идеялық жамау-жасқаулары бізге жат, кішкене-кішкене болмашы идеясымақтардың бөлек-салақтары» дейді.

Туған елінің өмірлік шындығы мен күресінен бой тартып, батыс буржуазиясының бояма идеясымақтарына бас игендерді осылай, жеркене жазалайды. Сонымен бірге, орыс әдебиетінің бір кезде құнарсызданып қалған себебін осымен байланыстырады. Осындай халге ұшыраған орыс буржуазия әдебиетінің 1907—1917 жылдар арасын Горький: «Ең масқара, ең ұятсыздық он жылдың кезі»— дейді.

Бұдан жасалатын бірінші қорытынды — Горький әдебиетіміздің болашағын қинала ойлағандығын көреміз. Әдебиеттің жеке бір мәселелері емес, алдағы күнде түгел бағытын өзгерту майданына шыққанын көреміз. Ол бағыт — еңбек адамын азат ету, қанаудағы көпшілікті, қанаушы азшылықтың құлдығынан құтқару майданы еді. Еңбек кімдікі болса, өмір

де сонікі. Осы байлам Горькийді социалистік әдебиет, еңбек жұртшылығына арналған әдебиет жолдарын іздеуге әкеледі. Өз творчествосында осындай әдебиеттің үлгілерін жасай бастайды. Сонша бай орыс әдебиетін тексеріп келгенде, Октябрь революциясынан бұрын социалистік реализм бағытында жазылған Горькийдің «Ана» дейтін романы болып шығатыны да осыдан. Ұлы жазушының жылдар бойы толғана іздеген әдебиеттік бағыты — социалистік реализм советтік жағдайда ғана жүзеге асырылды, социалистік тәжрибе арқылы біржола жеңіп шықты.

Орыс халқының ұлы ақын-жазушылары жасап кеткен XIX ғасырдың классикалық әдебиетін Горький аса қадірлейді. Батыс елдерінде осындай аз уақыттың ішінде мұндай ұлы әдебиет ешбір елде жасалған жоқ, бұл орыс халқының ерекше дарындылығын дәлелдейді, дейді:

«Айтып жеткізе алмайтын ауыр жағдайларда бүкіл дүние жүзі таныған ұлы шығармаларды, сонша ғажап көркем еңбектерді Европада біздің жазушылардан басқа ешкім жасай алған жоқ...»

Сонымен қатар, Горький орыс әдебиетіндегі қауіптерді де терең ашқан адам. Әдебиетті халықтық қазна, қоғамдық ойсананың өсуі деп қарайтын ұлы жазушы өз тұсындағы орыс әдебиетінің теріс ыңғайларына қатты қынжылып, аянбай алысып отырғанын көреміз. Қоғамдық өмірге бей-жай қараушылыққа, зұлымдыққа қарсылық көрсетпеуге, шыдай беруге шақырған орыс жазушыларының ұлы-кішілігіне қарамай, қатты сынға алған.

1905 жылы «Жаңа өмір» газетінде Горький былай деп жазыпты:

«Толстой мен Достоевский екі ұлы данышпан, бұл екеуі өздерінің талант күштерімен бүкіл дүниені сілкіндірді, Россияға бүкіл Европа таңданып қарап қалды. Екеуі де Шекспир, Данте сияқты ұлы адамдардың қатарынан теңдес орын алды. Бірақ, екеуі де өзінің қараңғыда, бақытсыздықта жатқан еліне бір кезде бір рет өте жаман бір іс істеді. Достоевский:

— Шыдай бер!— десе, Толстой:

— Зұлымдыққа қарсы күш жұмсама!— деді».

Бұл арада Горькийдің көзқарасы ұлы жазушы Толстойға берген Ленин көзқарасы сияқты. Горький де Толстойдың ұлы жазушы екенін жете бағалай келіп, оның қоғамдық күреске зиянды көзқарасын аямай сынайды. «Жиырма жыл бойы қарт бір-ақ нәрсені қақсап келеді: атақты Россияны Қытай провинциясына, дарынды орыс халқын құлға айналдыр-

ғысы келеді» дейді. Дана жазушы Л. Н. Толстойды қандай құрметтейтінін, оған қалай бас иетінін арнаулы мақаласында түгел сипаттаған Горький, оның қоғамдық көзқарасындағы қауіпті жағына ешбір ымырашылдық жасаған емес.

Горькийдің дүние тану көзқарасы Белинский, Чернышевский, Добролюбов сияқты ұлы ойшыл, революцияшыл-демократтардың материалистік эстетикасы арқылы құралып-қорлана бастаса, Ленин ғылымы арқылы әбден бекіп, шыңдалып, бұлжымас социалистік қалпын табады. Горькийдің өзі айтқан «ұятсыз он жылдың» кезінде ұлы жазушы идеялық шатқаландарға ұшырағанда, Ленин оны жолдастық қатты сынға алып, творчестволық бағытына партиялық жөн сілтейді. Ұлы көсеміміз Лениннің ұлы жазушыға әр кезде көрсеткен тәрбие дәстүрі бүкіл совет жазушыларына партиямыздың әркезде көрсетіп отыратын әділ үлгісіне, тәрбие дәстүріне айналып қалды. Горький совет жазушыларының арасына осы партиялық үлгіні қасиетті дәстүр етуге ұстаздық еңбек етті. Өзіне-өзі қатал талаптар қоя алатын ұлы жазушының бізге қалдырған ұстаздық мұрасының бірі осы болады.

Әдебиетті халық қазнасы, қоғамдық ұлы тілектердің құралы деп қарайтын ұлы жазушы, әдебиет тақырыбы — еңбек адамы дейді. Еңбек адамының ерлігін жырлап, адамгершілік қасиеттерін, ой-санасын өсіру, құлдық-қорлық заманнарынан қалған жұғындыны жоюға ат салысу жазушының бірінші міндеті деп біледі. Халықтың өмірі мен алға ұмтылған арманы нені тілесе, жазушы бар еңбегін осы жолға құрбан етуге тиісті. Адамды адам құл етуі, адамды адам қанауы, еркектің әйелді төмен ұстауы, Горький үшін ең жексұрын нәрселер еді. Сондай халден өз жігерімен, өз күшімен құтылып, өзіндік жаңа дүние жасап жатқан еңбек адамы — өмірдің де иесі, әдебиеттің де шын геройлары дейді Горький. Горький өзі еңбек адамының ерекше күші мен адамгершілік қасиеттерін әр тұрғыдан кесек-кесек көрсеткен жазушы. Капиталистік қоғамда сондай ерекше дарынды адамдардың жіпсіз тұсалып, қанаты қырқылып, қор болатынын Горький үлкен бейнелер арқылы суреттейді.

Сондай құрдым заманның тамыры құрымай тұрып, еңбек адамының соры арылмайтынын Горький өмір бойы айтып өтті. Капитал дүниесінің ең соңғы дәуірі — империализм, адам қоғамына рухы жат, фашизм сияқты жеркеніште тудырған кезінде ұлы гуманист жазушының қатты тітіркендігін көреміз. «Сары сайтан», «Республика корольдерінің бірі» деген әңгімелерінде Горький дүние еңбекшілерінің алдында Америка империализмінің бет пердесін ашып, мұндай айуандық

үстемдігін құртуға шақырды. Бұл әңгімелерде көрсетілген Америка капиталистерінің адам сипатындағы сыртқы түрі болмаса, жан, сезім, қуаныш, қайғы, адамға лайық өмір деген түсініктер жағынан адамға ұқсар ешбір белгілері жоқ.

Соғыссыз — империализм, империализмсіз соғыс мүмкін емес. Горький жиырманшы ғасырда жазған бар шығармаларында бұл екеуіне лағнат оқымай қалған емес. Әсіресе, соғыс өртін тұтатушыларға қарсы күресін әлсіреткен емес. Бұл жөнінде Горькийдің Черчилльге берген мінездемесі өте айқын дәлел. Капитал дүниесінде мемлекет адамы деп аталатын топта мұндай мінездеме алған айуан да сол Черчилль болу керек. «Уинстон Черчилль адам емес, одан анағұрлым жексұрын бірдеме»— дейді Горький. Бұл мінездемеден жалғыз ғана ыза күші емес, шексіз жеркеніш күшін де аңғаруға болады.

Империализмнің айуандық бейнесін сан рет дүние бұқарасының алдында әшкерелеп, бар күш-қуатын сол зұлымдық дүниесін қиратуға арнаған ұлы жазушыға қорқау, обыр дүние сан рет науқан ашып, ит айтақтады. Бүкіл дүние жүзілік еңбекші адам баласының қамқоры болған ұлы жазушыны қолдан өлтіруде қаншама жаулық, қаншама айуандық жатыр! Азаттық аңсаған халықтармен бірге, азаттық алған елдердің, бүкіл еңбек әлемінің бұл ешуақытта кешпейтін кегі!

Ұлы жазушы ұзақ көксеген жұмысшы табының үстемдігі орнағаннан кейін ұзақ жылдар бойында көп тілді, бір тілекті совет әдебиетінің тез өркендеу жолдарын іздеді, Ленин партиясымен қол ұстаса отырып, социалистік реализмнің принциптік негіздерін қаласты. Қазір Совет Одағындағы халықтардың жас әдебиеті шұғыл көтеріліп, дәуірлей жөнелгені дауға салынбайтын шындық болса, бұл жөндегі бірден-бір ұстазымыз Алексей Максимович Горький екені де даусыз. Орыс халқының он тоғызыншы ғасырдағы ұлы классиктерінен жазу шеберлігін үйренетіндігіміз, Горькийдің барлық совет жазушыларына ұлы ұстаз екендігін бір мысқал кемітпейді. Өйткені, ол социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік принциптерін Ленин ғылымына сүйене отырып, өз қолынан жасасқан ұстаз. Жалпы мағнасындағы реализмнен социалистік реализмнің қандай айырмасы болса, бұрынғы реалист ұлы жазушылар мен Горькийдің ұстаздық айырмасы да сондай.

Горький — «Социалистік реализм әдебиеті — социалистік идеядан, социалистік істерді көрсетуден туады»— дейді. Кей-

де әртүрлі ұғыныс барлығьь байқалып отыратын социалистік реализмді түсіну үшін, Горькийдің кесіп айтқан осы пікірі әр кезде есте болуға тиісті.

Совет халықтарының әдебиеті өсу үстінде жасағанынан жасары көп, бүгінгісінен ертеңгі күнінің өнімі басым болады деп күтетін әдебиет. Сол сияқты, көп ұлтты әдебиетіміздің бергенінен берері көп, меңгергенінен меңгере алмағаны көп. Тез жаңартар серпінді заманымыз, аз кешіксең, сондай тездікпен ескертіп те тастайды. Бүгінгі қанағат ертеңгі күнге азық емес, алданыш қана. Осыған байланыстыра айтқалы келе жатқанымыз — Горькийден, Маяковскийден жазу әдісін үйренеміз дейтін ақын, жазушыларымыз енді сол үйренуді тереңдете түсетін белге шықтық демекпіз.

Әсіресе, қазақ совет жазушылары үшін Горькийдің ұстаздық орны өзгеше. Аз өмірінің ішінде ұлтшылдық, оңқайлық, солақайлық сияқты аурулармен алысып өскен әдебиетіміз қазір елеулі сын көтере алатын дәрежеге жетіп отырса, бұл ең алдымен, Горький бастаған социалистік әдебиеттің жеңісі.

Қазақ совет әдебиетінде едәуір айқындалып кірген Горький дәстүрлері бар. Ол тақырып таңдауда да, адам образын жасауда да, жеке жазушыларымыздың жазу стилінде де жиі кездесіп отырады. Бір жазушыда көбірек, бірінде азырақ болғанмен, бұл үлкен табыстарымыздың бірі. Олай болса, біздің әдебиет — Горькийден үйренуді тереңдете түсетін дәрежеге жеткен әдебиеттердің бірі. Әзірше, әр жазушы өз бетімен үйреніп, өз шамасы келгенше пайдаланып келеді. Басқа жақтағы оқу, үйренулерімізбен қатар, біз Горькийдің жазу әдісі дейтініміз немене, оның ерекше стилі мен образ жасаудағы ерекшеліктерін жеке-жеке тексеріп, ғылми мағнада сабақ алуымыз керек.

Біздің әдебиет зерттеушілеріміз бен сыншыларымыз қазақ совет әдебиетіндегі Горькийдің әсері дегенді әлі қолға алған жоқ. Қайта, бұл тақырыпқа әдебиеттің жас мамандары көңіл аудара бастағанын көреміз.

Шынында, әдебиет майданындағы ғылми қызметкерлеріміз, әдебиетімізге, жеке жазушылардың шығармаларына азды-көпті кіре бастаған Горький, Маяковский әсерлерін дер кезінде зерттеп, сол әсерді тереңдете түсуге ат салысулары керек еді. Бұл жөнінде қай жазушының қай жағы тереңірек, қай жағы таязырақ жатыр, нені ұғыпты, нені аңғарыпты,— осы жақтарымызды айқындасып беруде сыншыларымыз елеулі еңбек көрсете алмай келеді. Горькийдің жаны сүймейтін бір нәрсесі — бар дүниеге бей-жай қараушылық болса, біздің кейбір сыншыларымыз осы «битараптықтан» сау да емес

сияқтанады. Қуаныш лебі қандай әлсіз болса, ренжу-қынжылуларында да күш аңдалмайды.

Қазақ совет әдебиеті — орыс халқының ұлы классиктерінен, социалистік әдебиетіміздің ұлы атасы Горькийден үйреніп, солардың үлгілерімен өсіп келе жатқанына мақтана алады. Біздің бүгінгі жазба әдебиетіміз халықтық ауыз әдебиеттің табиғи жалғасы емес. Октябрь революциясының арқасында талай белден бір-ақ аттап, ұзақ тарихы бар жазба әдебиет үлгісімен өсіп келе жатқан әдебиет. Біздің идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан алған үлгілеріміздің бәрі де — ең алдымен орыс халқының әдебиеті, әсіресе, Горький мен Маяковский. Әдебиет өскен сайын, оқу-үйрену талаптары да тереңдей беруге тиісті. Бұл күнге дейінгі Горькийден үйрендік дегенімізге қанағат етер болсақ, онда не ұстаз қадірін білмеген, не болмаса, оқу-үйрену қадірін білмеген болар едік. Алдына қомақты талап қоятын ақын, жазушы ұлы ұстазынан үйренуді де тереңдете білетін болсын. Өскелең әдебиетіміз осыны тілейді.

1950

Қапсағайлау жаралған бойшаң жас жігіт жалпақ Ресейді жаяу кезіп жүр. Ресейдің солтүстігіне, оңтүстігіне дейін араламаған, шарламаған жері жоқ. Ой құлағы бар дыбысқа тігулі. Ойлы көзіне бүкіл дүние сиғандай. Адам өмірінде оның көзіне шалынбағаны жоқ, шалынды — таразыға тартылмағаны жоқ. Қайғырғанмен бірге қайғырып жасымайды, зарланбайды. Қайғы-мұңның тамырын іздейді. Ол дүниелік қайғы-мұңның жоқтаушысы емес, жойысушысы.

Бұл өте күшті жігіт. Отын жарғанда жаңқасынан от жарқылдайды. Жүк тасығанда екі жігіттің жүгін бір-ақ арқалап әкетеді. Күш сынасар ойындарда бір пұттық кірмен тоғыз рет «шоқына» алады. Ал «шоқыну» деген — кірді әуелі маңдайына тигізіп одан кіндігіне, одан кейін екі иығына кезек-кезек соғу керек.

Ол оқымаған жігіт, бірақ үлкен оқымысты. Ескі-жаңа дүниенің философиялық тіректерін терең біліп алған: Демокрит, Гераклит, Шпенглер, Шопенгауэр, Кант, Спиноза, Гегель, Ницше... Идеализм, метафизика, материализм... Бірі өмір шындығына қайшы келеді, бірі оның жақтасы. Жас жігіт бәрін бірге арқалап жүр. Бірақ кейін бәрін қосып, қойыртпақ жасайтын түрі жоқ. Арманы — сөзді іске, істі сөзге айналдыру. Өмірді көру деген — тесіле қарап көзбен көру емес, оймен көру. Түптеп келгенде тіпті көру ғана емес, салмақтау,

өлшеу, мән-мағынасын біліп алу. Болашақ ұлы жазушы Алексей Максимович Горькийдің жас кезі маған осылай елестейді. Ол сол кезінде де жазушы, сол кезінде де ақын, сол кезінде де ойшыл. «Мен жиырма жасымда көргендерімді, басымнан өткізгендерімді, толып жатқан естігендерімді жұртқа айтуға тиісті екенімді түсіне бастадым. Менің білетінім, менің сезінетінім өзгелерден басқарақ сияқты. Мұнымнан қысыламын да, тынышсызданамын. Тіпті Тургенев сияқты шеберлердің кітаптарын оқығанда да, мысалы «Аңшының әңгімелеріндегі» геройлар жайын мен Тургеневтен басқашарақ айтар едім деп ойлаймын. Бұл жасымда мен шебер әңгімеші деп саналатынмын. Жүкшілер, наншылар, «қаңғымалар», ағаш шеберлері, теміржолшылар менің айтқан әңгімелерімді ұйып тыңдаушы еді».

М. Горький туралы мақала түгіл кітап жазсаң да оның жайын сарқып айта алмайсың: сен сарқыласың, ол сарқылмайды. Мен ұлы жазушының жазу еңбегі жайындағы кейбір ойларына ғана тоқтағым келеді. Оным да үзіп-жұлып алған жеке ойлары.

Ең алдымен жазушыға керекті басты қасиет — кішіпейілдік туралы, Горький М. М. Пришвинге 1926 жылы жазған хатында былай депті:

«Россияда қазір үш үлкен суреткер жазушы бар... Біреуі — сіз, біреуі Сергеев-Ценский, енді бірі — Чаплыгин. Достық сезімнен не болмаса сыпайыгершіліктен — Горький де бар ғой дерсіз... Ол кісі туралы менің өз ойым бар. Мен оны сіз үшеуіңіздің қатарыңызға қоя алмаймын. Мұным жалған кішіпейілділік емес, ол сіздерден анағұрлым кіші суреткер».

1932 жылы өзінің драмалық шығармалары туралы Горький былай деді:

«Мен жиырма шақты пьеса жаздым. Бәрі де азды-көпті әлсіз қиыстырылған көріністер. Сюжет өрісі піспеген, характерлер толық суреттелмеген, айқын емес».

Дүниелік мәдениет пен әдебиетті, дүниелік философияны еркін меңгерген өз еңбектеріне осы биік тұрғыдан қараған Горький: «Менің өмірге қалай қарауыма әсер еткен үш жазушы бар — Помяловский, Глеб Успенский және Лесков», дейді.

Осы келтірілген үш мысалдан Горькийдің қандай кішіпейіл жазушы, қандай кішіпейіл адам болғанын аңдасақ керек. Горькийдің өз тұсында да, қазіргі күнде де оның жазушылық орны туралы ешкім шүбәланған емес, жаулары да, достары да, ұрпақтары да. Бұдан шығар бір-ақ қорытынды

бар — ұлықтағанды ұнатпау үшін, де ұлылық керек екен. Орыс әдебиеті үшін XIX ғасырдың өр басында — Грибоедов, XX ғасырдың басында Горький тұр. Бұл екі арада орыс әдебиетінің дүниелік шеңберде мұхит-теңіздей шалқыған ұлы дәуір жатыр: тереңдер жатыр, биіктер тұр. Мен үшін XX ғасыр дүниелік көлемде Горькийден терең, Горькийден биік жазушы әзір бере алған жоқ. Ұлы Ленин Толстойды кіммен салыстырамыз дегені сияқты, XX ғасырда Горькийді де ешкіммен салыстыра алмаймыз. Ол — революциялық реализм әдебиетінің ұлы атасы. Сондықтан да дүниежүзілік капитализм идеологтары оған ылғи жабылумен келді, жүз жылдық мерекесі жақындаған сайын тіпті, шабуылдап кетті. «Жауының жамандағаны — жақсылығыңды ғана көрсетті» дейтін белгілі қағиданың дұрыстығы тағы бір рет есімізге түседі.

Ұлы жазушы өз пьесаларына қандай кішіпейілділікпен, қандай наразылықпен қараса да, Шекспир, Чехов, Лопе де Вега, Ибсен драматургиясы дейтін үлкен мағынада Горький драматургиясы барлығына ешкім таласа алмайды.

Сондай жазушы әдебиеттегі өз орнына қалай қарағандығы бізге үлкен үлгі. Горькийден үйренеміз, Горькийдің шәкіртіміз дейтін үлкенді-кішілі жазушы ең алдымен оның осы үлгісін алғаны ақылдылық болады.

Орайы келіп қалғанда айта кетейік, Горькийдің шәкіртімін деудің өзі үнемі дұрыс бола бермейді. Горький бастаған революциялық бағыттағы әдебиет мектебінің шәкіртіміз десек, бәрімізге де сол лайық сияқты. Әсіресе шығармамыздың аты ұйқас, сырты ұйқас болғанына қарап, турадан-тура Горький шәкірті бола алмаймыз. Горькийдің шәкірті болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Горькийдің тақырыптары бар, жазу әдістері бар. Философиялық шарықтаулары бар. Ол — «Дауылпаз жыры», ол «Данко», ол «Сұңқар жыры», ол — «Ана» мен «Аналар». Ол — байтақ бұқара, әр саладағы еңбек адамдарының өмірі. Сонымен бірге ол — «Адам деген ұлы атақ!» Бұл биіктерге көтерілу оңай емес, көтеріле алған жоқпыз.

Горькийден алар екінші үлкен үлгі — оның жазушы алдына қойған талаптарын тереңірек ұғынып, шамаң келгенше сол өсиеттерін орындау үшін қажымай-талмай талпына беруде. Бұл жағынан да бірер мысал келтірейік.

Өз шығармаларында түр-техника жағын қуып кеткен екі ақын туралы 1930 жылы Горький былай деді:

«Мен олардың поэзияны түр-техника жақтарынан байытқанын түсінем. Бірақ олардың болмыс шындығына қандай көзқарастары бары тіпті түсініксіз. Маған олар өмірдің ұс-

тінде, сөз тұманында жүзіп жүргендей көрінеді. Сол тұманнан өздері үшін сүйкімді, жексұрын бір шындық жасап алады».

Енді бір жазушыға «Талант өз еңбегіңді сүйіп, сүйсініп істеу арқылы өседі» деп келеді де:

«Сіз маған — менің құмарым фактыға құрылған әдебиет депсіз. Мұныңыз натурализмнің дөрекі, ең жағымсыз беталысы»,— дейді. Тағы да соған:— «көркем шығарма деп артық сөзі, керексіз ұсақ-ұлаңы жоқ, ықшам жазылған, мақсат-мүддесі шынайы таза шығарманы айтамыз»,— деп сөзін аяқтайды.

Аз ғана көңіл тоқтатсаңыз, бұдан ұлы жазушының формализм мен натурализмге қалай қарағандығын айқын түсінесіз.

1926 жылғы қайтарған жауабында бір жазушыға Горький:

«Сіз көп сөзбен, кейде тіпті сұйық сөзбен жазасыз... Бейнелеу керек жерде көпсөзділіғіңіз басым... суреткер сөзімен жасалған бейне көз алдыңа тірі адамды алып келгенде ғана шын бейне болып шығады», дейді.

Өз жайымызға әділ көзбен қарасақ, Горькийдің бұл айтқандарында біз үшін ең үлкен сабақ жатыр.

Бізде романтизмнің мәніне түсінбеушілік оған социалистік реализмді қарама-қарсы қойып алып, романтизмді ылғи бір жат ағым сияқты көрсетуден арылмағандық та кездесіп қалады. Сондықтан бұл жөніндегі Горький түсінісін тағы бір еске алудың ауыртпашылығы да болмауы мүмкін.

«Романтизмнің өзі екі ағымға бөлінеді,— дейді Горький,— бірі бояма болмыспен адамды келісімге келтіруге тырысады. Не болмаса адамды болмыс шындығынан басқа жаққа аударып әкетіп, өз ішіне үңілуге, «өмірдің шешуі жоқ жұмбақ тағдырын» мойындайтын дәрменсіздікке шақырады.

Романтизмнің екінші ағымы — адамның өмірге деген ынта-жігерін күшейтуге тырысады, ауыр болмысқа, оның езуқанауына қарсы көтерілуге шақырады... Бұл романтизм шын мағыналы өмірді өсіріп көрсетпей (преувеличение), әсірелеп көрсетуге (возвеличение) жәрдем етеді».

Горькийдің бұл арада айтылған ойлары сонша сара, сонша айқын, өз жаныңнан сөз қосуды обал көргендейсің.

Ең соңында Горькийдің жас жазушыларға арнап 1932 жылы айтқан бір сөздерін келтіргім келеді.

«Біздің жастар «Елһамға» (вдохновение) көбірек сенім артатын сияқты... Жазуға түрткі болатын «Елһам» деп ойлау — қате сенім, «Елһам» жақсы жасалып жатқан еңбек

үстінде келеді, ол қызығып істелер еңбектің нәтижесі болуға тиісті»,— дейді.

Жазушы еңбегі, Горький айтқандай, істі сөзге айналдыратын, сөзді іске айналдыратын ауыр еңбек. Сол еңбектің үстінде сен жалғыз отырсың. Қожасы да өзің, жұмыскер де өзің, ойласар, сырласарың да өзің. Жазу үстінде сен жас та, кәрі де болып отырасың. Қыз да, кемпір де болып отырасың. Жау да, дос та боласың. Біреуді тірілтіп, біреуді өлтіріп жатасың. Қараңғы түн де өзің, ашық күн де өзің. Ой да сенікі, сезім де сенікі.

«Өмірдегі жақсылықты қандай дәл, қандай жақсы білсең, жамандығын да сондай жақсы, сондай дәл білу керек... Табиғат құбылыстарындағы, үндегі-дыбыстағы, бояудағы ұқсастық пен айырмашылықты жақсы білу керек». Жазушы еңбегінің ауырлығы да, жауаптылығы да осында.

Бірақ осы еңбектің сырын ашып, міндетін адалдап берген Горький сияқты ұлы ұстаз саған қолын созады.

Сол қолды алыса білейік, достар!

1968.

ӨСЕР ӘДЕБИЕТКЕ ӨСІРЕР СЫН КЕРЕК

Әбілев жолдастың съезімізде жасаған баяндамасы жадағай болғандықтан сөйлеушілердің бірінің сөзі асып түсіп, бірінің сөзі жетпей жатыр.

Әбілев жолдас баяғыдан таныс жігіттерді басынан бастап бір таныстырып, аяғынан бастап тағы бір таныстырып, өте шықты. Алдымызға жаңа міндеттер қойып отырғанымызда, шын жайымыз қандай — оны съезге жеткізе алмады. Бастан-аяқ таныс жігіттердің аттарын айтудан басқа, екі съездің арасында не қосылды, кім қалай өсіп келеді — оны айта алмады.

Әсіресе осы төрт-бес жылдың ішінде жергілікті жерлерден қандай күштер көтерілді, кімдер қосылды, осыны есіте алмадық.

Айып бізде — мойынға аламыз — барды барша, жоқты жоқша айтып бере алған баяндама жасай алмады правление. Бірақ, мәселе ортада тұр. Білек сыбана, тізе қоса, бәріміз болып бойын өлшеп, ауырлығын салмақтасақ көштің жөні көрінер деймін. Не бәрі сол Әбілев айтқан ғана емес, бойың одан биік, ойың одан жоғары, тілегің одан да өскелең.

Мәселе қазақ халқының советтік әдебиеті жайында, осында отырған өзіміз жайында ғой. Жат деп жасқанар, алыс деп ат жетпес, ешнәрсе жоқ, жолдастар.

Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер — деп, ұлы ағамыз Абай айтқандай осы топта екі ғасырдың ақын-жазушылары бармыз. Ақ сақалды, алып қартымыз Жәкең бастаған Нұрекең, Досекең, Есекең, Шәкең сияқты талай тері алынған, талай жерді қарыштаған кер тарландарымыз отыр мінеl.. Бұлар сөз талғап сөйлеп, топ талғап шауып, бәй-

ге алған жүйріктеріміз... Қазақ халқының қашаннан бергі сөз кестесін, ақындығы мен шешендігін, шері мен бірге шеруін, мұңымен бірге күйін, кейінгі інілеріне қолдарынан тапсырып, ауыздарынан естіртіп отыр бұлар. Кейінгі ұрпаққа сынай қарап, аяқ алысы ұнамай қалса шын ренжіп, ұнай қалса шын қуанатын, шыншыл да, сыншыл да тобымыз осылар. Бұлар қазақ халқының бізге дейінгі барлық көркем сөзінің — әдебиет байлығының біз үшін сақтаған бізді қанаттандыруға қалдырған қамқорлығы сияқты. Съездегі өркешті топ та, құрметті топ та, алдыңғы толқын да осылар. Сонымен бірге бұлар жаңа әдебиетіміздің белсенді жасасушысы да.

Кейінгі толқын біз болсақ — жас емеспіз, жиырмаға шықтық! Бабымыздамыз, қамшы кесті — көбең көк, ерқашты — топай торы емес, совет елінің ардақтысы, баптаулысымыз. Шаба алмасақ айып бізде — бәйгеде не кемдік бар?

Алдымызда қазақ ақындарының ұлы көші салып кеткен күрең жол жатыр. «Қара таудың басынан көш келеді» деген өлеңнен бастап, батырлар жыры, ғашықтар жыры сияқты үлкен бел жатыр. Әдебиет күшінің бетін батысқа бұрған Абай салған сала жатыр.

Қазақ халқы бар тарихын көше жүріп өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай, шабындыға алдырмай, барлық жинаған сөз байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Бұл бәрімізге де қымбатты мұра — бай қазна!

Сол қазнаға біз не қосып жатырмыз? Қалай қоса аламыз?— Әңгіме осында ғой! Бір өлкенің жүйрігіміз десек, қалай жүгірдік, неге жүгірдік, неге соқтық, қандай кедергі кездесті, қайсымыз қандай жарысқа жараймыз, қайсымызға қандай бап керек — осы ғой сөйлер сөзіміз! ...Алдымызға үлкен міндеттер қою үшін өз күшімізді байқап алу, осы ғой сынға саларымыз!

Бұрынғы дана қыздарын, бұрынғы батыр ұлдарын, бұрынғы бәйге тұлпарын қазақ халқы жырымен жеткізді бізге. Бүгінгі дана қыздарын, бүгінгі батыр ұлдарыч, бүгінгі жүйрік тұлпарын өзіміз көріп отырмыз. Жаңарған ел, жасарған дүние — жаңа жыр күтеді. Қазынасына қазына қосып кейінгі ұрпаққа, сыншыл, талғампаз ұрпаққа ұялмай ұсын дейді.

Ел болғанда жайлауымыз бөлек-бөлек, іргеміз қосылмаған ел болғанбыз, енді іргелі елдермен іргелес қондық, үніне үніміз, күйіне күйіміз қосылды, отау тілегіне тілегіміз қосылды — он бір отау бір орда болдық. Сен де сүйікті ұлысың, сенің әніңе де құмар, кеудеңді кере сал — дейді қазақ халқы. Жәкеңді орданың төріне отырғызып, өзгемізге де жөн сіл-

тейді. Барымды қолыңа бердім, жоғым болса,— мына бауырлас елдер де бар, үлгі ал — үйрен, дейді.

Коммунистік партиясы бар жерде жаңа елдердің бәрінің тілегі осыған құяды...

* * *

Жақында жарияланған Қазақстан Орталық партия комитеті мен Халық Комиссарлар Советінің қаулысы алдымызға сыннан өтетін міндеттер қойды. Ол сын — үлкен роман, ол сын — үлкен поэма, ол сын — үлкен драма, ол сын — үлкен кино сценарий, үлкен повесть, тағы тағылар.

Қалай деп ойлайсыңдар, жолдастар, жазушыларымыз әлі күнге көк қанат, талмау болса, дыр етпе, бөрік алып қашатындай балаң жайда болса, осындай қияға салар ма еді, бізді партия? Салмас еді! Өйткені — сол қаулымен осы екінші съезіміз, қазақ әдебиеті мен қазақ жазушылары үшін жаңа бел, жаңа саты деп түсіну керек. Жазығы бар, қырқасы бар, сүрінуі бар, мүдіруі бар, біраз жерді шауып өттік. Енді міне, бұрынғыдан гөрі қатаңырақ сыналатын, бұрынғыдан биігірек белге келе жатырмыз. Бұл бел, сын әдебиетіміздің өсу жолындағы жаңа дәуірі, жаңа кезеңі болуға тиіс.

Есмағамбет айтқандай, әдебиетіміздің 70—80 процент кер жайдақ поэзия болса, оның үстіне басты ақындарымыз соңғы екі жылдың ішінде кейін басып кетсе, драматургтеріміз одан да әрі жатса, үш-төрт жыл сахнадан түспей келе жатқан пьесаларымыз түкке тұрмаса, проза жаңа басталса, жаңағы айтылған қаулыда көрсетілген аз жылдың ішінде әдебиетімізді жаңа белге шығарамыз деудің құр даурығудан айырмасы болмас еді. Партия бізді мұндай сынға салмас еді.

Меніңше қазақ әдебиетінің халы Есмағамбет айтқаннан гөрі басқашарақ қой деймін. Жеке дара Жәкеңді ауызға алмағанда да, осында бір топ халық ақындары отыр, Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да атын айтсаң біле кететін бір топ ақын-жазушылар отыр, ондап қосылған, әдебиеттен мықтап орын алған жас жазушылар отыр. Алдағы міндетке шабатын қол осылар емес пе!

Абай айтқан кейінгі толқынның өзгешелігі неде? Ол, әдебиет мұрасы жағынан алып қарағанда, кейінгі толқын ерекше бір мол бұлаққа, бұлаққа ғана емес, үлкен дарияға қолы жетіп отырғандығында. Мысалы, Абайдан бұрынғы ақындарымызға, және осы күнгі халық ақындарының көбіне дүниелік әдебиет жат болса, біз үшін — мектеп! Халық ақындарының

арнасы бір ғана қазақ халқының өз байлығы болса, біз орыс әдебиеті арқылы бүкіл жержүзілік әдебиеттен пайдаланамыз. Гомердің «Одиссея», «Иллиадасынан» бастап, Есхил, Опкил, Еврипид, Аристофандардың, Шекспир мен Шиллердің трагедиялары, комедиялары бізге мұра болып жетіп отыр. Ғайса мен Мұқаметтің бер жағы былай тұрсын, ар жағына бес-алты ғасыр шыға алып отырмыз.

Орта ғасырлар, жаңа ғасырлар тағы бізге мұра! Өткені асқан бай орыс әдебиеті қай ғасырдың болсын қандай көрнекті шығармасы болса да, бәрін де орыс тіліне аударып беріп отыр. Бұл жұмыс Октябрьден кейін тіпті ғажап кең өріс алды. Одақ елдерінің әдебиеті тағы келіп қосылып жатыр. Сондықтан осы мұралар арқылы, осы салалар арқылы біз — кейінгі толқын қазақ халқының советтік әдебиетін мәдениетті жолға салу күресіндегі топпыз. Бізді сынағанда, әр қайсымызға осы жағымыздан келу керек. Біз Абай бастаған істі келесі сатыға шығаруға міндеттіміз. Бұл жөнінде қайсымыз қанша табысқа жеттік, өскендіктің басты белгісін осыдан іздеу керек. Жақсы идеяны мәдениетті саламен өрістетуді қатты қоюымыз керек.

* * *

Жаңа айттым, алдымызда жаңа асу тұр... Бұл асуға жапатармағай шаба жөнелмей, ойланып, өлшеп, төс айылды бос тартып, артқы айылды аямай тартқымыз келеді: кеудеміз кең, ішіміз жарау келсін, артқа қарап, қатемізге көз салып, неден мүдірдік, неміз жетпей жатыр, соны біліп алғымыз келеді.

Сыншы емеспін, жазушымын, сынаушы емен, сыналушымын. Бірақ, сыншым кім, оны да білгім келеді.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді қазақ мақалы. Мініңіз түзелу үшін, түзей алатын сын керек. Мен сол сын мәселесіне тоқталамын.

Мен сынның үш саласын алғым келеді.

Бірінші саласы — ғылми сын, тексеру-зерттеу арқылы әдебиетті ылғи алға сүйреп отыратын сын. Әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын. Бұл сын, сынауды кесіп етпей, сүйіп сынайды, үнемі соңына түсіп, жалпы ғылымның өсуімен бірге, өзі де өсіп отырады.

Екінші саласы — халық сыны, көпшілік сыны. Бұл әрине ғылми сын емес, халықтың жүрегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын сын. Бұл халық қазынасына қосуға жарамағанды

аяусыз лақтырып тастап отыратын, бір айтар үкім сияқты сын. Бұл сында бетке қарау болмайды.

Үшінші саласы — сынды кесіп еткен, арзанқол, әдебиеттің өсуіне жәрдемі тимейтін құр айғай болып келеді.

Міне, бізде осының үшеуі де бар.

Сәбит баяндамасында бізде ғылми сын бар дегенді айтты. Жаңа ғана сөйлеген Исқақов жолдас сияқты мен де бұл пікірге толық қосыла алмаймын. Қосыла алмайтыным — түп-түгел жоқтығынан емес, толық мағынасында болмағандығынан, ер жетпегендігінен. Мысалы, оқу комиссариатының мектептерге арналған программаларын жасағанда, әдебиеттен құралған кітаптарын жасағанда әдебиетіміз азды-көпті дұрыс бағасын алып қалатыны анық. Бірақ, бұл өткінші жұмыс болып қала береді. Жалпы сынның жетекшісі бола алған жоқ әлі. Екінші бұл күнбе-күнгі әдебиет сыны емес, бұрын шығып кеткен шығармаларға мінездеме сияқты. Нағыз ғылми сын әдебиетіміздің күнбе-күнгі жәйін тексере отырып, жазушыға жөн сілтеп отыруға міндетті. Әр ақын, әр жазушы ісінің не ілгері, не кейін басқан адымын бос өткізбей, Белинский, Плеханов, Чернышевскийше, әр жылдың табыстарына жалпы сынды бір беріп отырса, әр жазушыға да жеке-жеке осыны істеп отыруға міндетті. Сонда ғана жазушының өсуіне жәрдем етеді. Әдебиетті жасау жөнінде Пушкин мен Толстой, Шекспир жазушыға қандай үлгі болса, Белинский, Плеханов, Чернышевский сыншыларымызға да сондай үлгі, сондай классик. Бұлар қандай ірі, әдебиетті қандай сүйеді, ғылми көзқарастан басқа бір тілегі жоқ қандай терең, қандай әділ, қандай биік, қандай таза, қандай дос әдебиетке!

Шын мағынасында сын деп осылардың сынын айтамыз.

Енді халық сынына келейік. Бұл бір айтар, үкім сияқты дедік. Біздегі ең күшті сын осы деп ойлаймын. Себебі — жаман кітап жазсаң оқымайды, оқу түгіл атын да ұмытады. Бұдан артық не әділдік, сын керек? Жаман пьеса жазсаң — бармайды, біраз қойылғаннан кейін еріксіз театр сахнасынан алып тастайды. Есмағамбет айтқандай, халықты пьесаның атымен алдай алмайсың! Жаман пьеса жазып, атын «Әзірет-әлі» қойсаң да жұрт алданбайды оған. Ал, азды-көпті ұнай қалса, жұрт көре жүріп, сынай жүреді, сынай жүріп түзеттіреді, өзінің қазынасына қосады.

Біздегі бар сын, қашан да болатын сын, қашан да әділ сын, осы халық сыны!

Біздегі бар сынның үшінші саласының дәлме-дәл атын табу да қиын. Сәбит баяндамасында мұны сыртынан келіп пышақ салатыны да бар деді. Қалайда, мұнда ұрда-жық та

бар, аяқтан шалу да бар, кәсіпқорлық та бар, жауапсыздық та бар. Әйтеуір өсер ақын, өсер жазушыға кедергі болатынның бәрі табылады бойынан. Бұлар жыл санап ғылым жағына бой ұрмайды, бір қалпында тұрады да қояды; сол қалпымен, сол құралымен соңынан қалмауды да қоймайды. Қайда бір қарбалас болса, у-шу болып осылар шыға келеді. Не өткенге есеп бермейді, не келешегі туралы ойланбайды. Міне, қояр қылық, жояр мінез осы емес пе?

* * *

Кеше осында баяндамада атым аталмады деп Есмағамбет Ысмайылов жолдас өкпе айтты. Үш жүз-төрт жүз сын мақала жаздым, ауызға алынуға тиістімін деді. Меніңше, сынды ауызға алғанда Ысмайылов жолдасқа әбден тоқтау керек. Бізде аздy-көпті сын жазып жүретін де сол екені рас. Екінші, Ысмайыловқа басқа бір жағынан да тоқтау өте қажет. Жалғыз-ақ ескертетініміз — сынның соңғы саласына жалғастыра атағандықтан оның өкілі деп, ұғынбаңыздар. Ысмайылов жеке қара басына тоқтауды керек етеді. Екінші, сол төрт жүз мақаласында Ысмайылов ғылми сын, өнегелі сын жазған болса — оны жұрт айтуға тиіс еді, ал, мен оның сындарындағы кейбір өрескелдіктеріне тоқтамақшымын.

Бұл жолдас, міне алты-жеті жылдан бері сын жазып келеді. Соның ішінде әрқайсымызды жылда бір жаңа орынға көшіріп жүргелі де бес жыл болып қалды. «Жаман сөз иесін тапса», амал не, бірнеше мысалдар келтірейін.

Былтыр, пролетариаттың ұлы ақыны Маяковскийдің қайтыс болған күнінің тұсында Ысмайылов бір топ Қазақстан маяковскийлерін шығарды. Сәбит пен Қапанның екі ортасында қанша ақындарымыз бар, соның бәрін Маяковский шәкірті деп шыға келді.

Ал, Горькийдің қайтыс болған күнінің қарсаңында бір топ қазақ горькийлерін шығарды: «қазақ ақындарынан соңғы уақытта Тайырдың, Әбділданың, Диханның, Қасымның, Сайынның, Қапанның тағы басқа жас ақындардың өлеңдерінде өршіл, өскелең, идеалы шалқып, еспе мотивте Горький романтизмінің сарыны айқын көрініп тұрады»— деді.

Жазушылар мен драматургтерді де құр тастаған жоқ: «Горькийдің прозасын, драматургия өнерін тура үйреніп, сабақ алған жазушыларымыз көп»— деп өзгемізді бір қосақтап өтті.

Содан бері бір жыл да сегіз күн өтті. Өсу заңы бойынша, Маяковский мен Горькийдің өнерін «тура үйренген» ақын, жазушылар не істеу керек? Өсу керек. Біздің ойымызша, «тура үйреніп» деген жауапсыз-ақ айтылған сөз, үйреніп жүрміз дейміз. Ал Есмағамбеттің ойынша осы бір жылдың ішінде не болған.

Поэзия артқа кеткен. Ол былай дейді: «әдебиетіміздің 70—80-проценті поэзия... Басылып шыққан жинақтарда ақындар бірін-бірі қайталаған. Бірінің ізін бірі таптаған сүрлеу жол бар... Дәл сол сюжеттік прием, дәл сол көркемдік образ... 70—80 проценті поэзия емес, жансыз, трафарет қана... Колхоздың өзін көріп суреттемей, тек өздерін ақындық музаның мықты діңгегіне арқандап, байлап қояды да колхоз қыздарына алыстан гүл лақтырып, қол бұлғайды... Өзін-өзі қылғындырып, айғай салады... Міне, осы үш қасиет соңғы жылдары басылып шыққан Жароковтың, Тоқмағамбетовтың, Сыздықовтың, Сайынның Сәрсенбаевтың, Аманжоловтың, Еспембетовтың, Әбілевтің, Сатыбалдиннің т. б. жинақтардағы көп өлеңінен табылады... Бұл поэзияның өсу жолына кесел болатын сорақылықтар» дейді Есмағамбет.

Сонымен Есмағамбеттің былтырғы көп «маяковскийлері» биыл өздерін-өздері ағашқа байлап қойып, қылғынып-булығып, колхоз қыздарына айғай салатын болыпты. Бірінен-бірінің айырмасы да жоқ, әу дескендей бір приеммен айғайлап, бір приеммен бақыратын болыпты. Есмағамбет те бір-ақ приемды біледі, онысы мақала жазса-ақ болғаны барлық ақынды, барлық жазушыны бір қосақтай салады, әдебиеттің неше проценті поэзия екенін де шығарған, поэзияның неше проценті поэзия еместігін де есептеп шығарған! Бір топ ақындарымыздан екі жылдың ішінде айрылған да қалғанбыз! Мұның қай жері сын? Мұның қай жері әдебиетке көмек? Әрбір ақынның өзінің творчестволық жүзі бар емес пе, сыншы болам деген адам, соны неге зерттемейді? Екінші, саяси жақтан алып қарап көріңдерші, осы пікірде зияннан басқа, пайда бар ма?

1934 жылы менің «Шұғыла» деген әңгімем бәйге алған болатын. Оған біреу сын жазып, бас жағында әдеттегіше мақтап келеді де, аяқ жағында әдеттегіше сөгіп жіберді. Оған қарсы «жалғыз» сыншымыз Есмағамбет шыға келді. Ол ала салып оны сөкті. «Ғабит бұл әңгімесімен Күнбатыс елдерінің ірі жазушыларының қатарына қосылады»— деді.

Ал, тап былтыр, тап сол Есмағамбет, тап сол Ғабит туралы тағы өзгеріп шыға келді: жер жүзіндегі кемшілікті, саяси қателі менің үстіме үйе салыпты. Мінекей, Есмағамбет сыншы

қолайлы келген кезеңге қарай ауысады да отырады. Берік бір принциві жоқ. Жазушыға айтқан ақылдарына қарап отырсаң, тыр жалаңаш социалогия, реализм емес — натурализм, мың да бір айтылып кеткен ақиқаттар.

Есмағамбеттің екінші кемшілігі, өз қара басының өсуіне көңіл бөлмейді-ау деймін. Әдебиет сынына жыл сайын жетіле түсе ме десең, жыл озған сайын баяғы шабысынан танбайды, өнбейтін шоқырақтан жазбайды. Либретто мен пьесаның айырмасын білу керек қой. Романға бергісіз пьеса бар да, ешбір либреттоны романның қасына қатар қоюға болмайды емес пе? Жалғыз Есмағамбет емес, мұны Әбілев та айыра алмапты.

Жақсы пьеса театр сахнасына жаңа бір уровень қояды. Жақсы пьеса қойылғаннан кейін театр драматургтерге үлкен-үлкен жаңа талаптар қояды. Мысалы, қазақ театрында қойылған «Отелло» драматургтерді ойландырған жоқ деп кім айта алады? Ойланбаған драматург болса, ол жаңа міндетті түсіне алмаған адам! Екінші мысал: Сәбиттің «Жұмбақ жалауы» үлкен роман жазуды қойып отыр алдымызға. Ал, Мұхтардың «Абайы» үлкен романды, мәдениетті романды қалай жазуды қойып отыр.

* * *

Сын жөнінде талай-талай өрескелдік, үстірттік біздің газеттерімізде де бар. Сәбит баяндамасында «Лениншіл жас» газетін тіссіз газет деді. Меніңше ол газеттің тағы бір өрескел өнегесі бар. Ол: әдеби сынның орнына, шығармасын сынаудың орнына, жазушының қара басын мазақтап, аурусың деп қорлап, тура мысқылдайтыны бар. Газетке осы лайық па? Неге жол береді мұндай мақала жазғандарға?

Дәл съездің қарсаңында «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» екеуі, қазақ советтік поэзиясы туралы мақала басты: біреуі Николичтікі, біреуі Есмағамбеттікі. Николич: «Поэзиямыз өсіп келеді, қазақ ақындары адал жүректен жазады», деді. Ал, Есмағамбет: «Поэзиямыздың 70—80 проценті құр жайдақ, поэзия емес», деді. Қайсысынікі дұрыс? Меніңше екеуінікі де дұрыс емес. Николич жолдас поэзиямыздың кемшіліктерін жаба тоқып кетті, ал Есмағамбет жақсы жақтарымызды, табыстарымызды жоққа шығарды. Шындық басқа жақта қалып қойған. Менімше, артқа кеткен әдебиетіміз жоқ, өсіп келе жатыр. Қай саласы да өсу жолында. Бірақ, жазылғанның бәрі алтын емес, мысы да бар. Міні де бар, мәдениетті, ғылми сын керек.

Қазақ әдебиеті қазір биік, асқар болмаса да, биік төбе екені де даусыз. Оның негізінде тым бай, тым қымбатты халық әдебиеті жатыр. Сол негізге, сол қорға апарып, барымызды біз жиып жатырмыз. Жеке бір сыншы, болмаса жеке бір жазушыны алып, сол төбенің етегіне апарып қойсаң да құрттай ғана болып қалады. Олай болса, енді әдебиет туралы жалпы сөзді қойып әрбір ақын-жазушының шығармасын жеке шығармасын тексеріп, зерттеген сын керек. Ақын біткен қара көк, драматург біткен тобылғы торы, прозаик біткен қарагер емес.

Ұмытпау керек — қазақтың советтік әдебиетіне Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Беранже, Байрон, Вольтер сияқты ұлы ақындардан сабақ алып жүрген ақындар қосылды.

Ұмытпау керек Эсхилден бастап, Шекспир, Мольер, Гюго, Горький, Гете сияқты ұлы драматургтерден сабақ алатын драматургтер қосылды.

Ұмытпау керек — Диккенс, Флобер, Бальзак, Гюго, Толстой, Гоголь, Горький сияқты ұлы жазушылардан сабақ алатын прозаиктер қосылды.

Біздің ішімізде реалистер де бар, романтик те бар, лирик те бар, психолог те бар, тілге, сюжетке байымыз да бар, кедейіміз де бар. Қалаға, далаға, өткен күнге, қазіргі күнге алысымыз да бар, жақынымыз да бар. Біріміз мәдениетті әдебиетке екі адым, біріміз бір адым жасадық.

Ендігі жерде сыншы болам деген адам, әр қайсымыздың өз орнымызды таба біл. Қатар қойып алып, не жақсылап, не жамандаудан безсін. Жазушы жауап қайтаруға салақ деп ойыңа келгенді соға берме!

Ендігі жерде шын сыншы болам деген адам ақын-жазушыны өз мұнарасынан ғана қарап: өз өлшеуішімен ғана өлшей алмайды. Сынның Маркс ғылымына сүйенген жалпы мұнарасы бар, жалпы өлшеуіші бар, жақсы сыншы, әділ сыншы шынды айтам деген сыншы, шын өлшегісі келген сыншы сол мұнараға шығып бағу керек. Өйткені, әрбір ұлттың әдебиетін сынауға ұлттағы тағы бір мұнара керек емес, бәрімізге бірдей Маркстік ғылми мұнара бар!

Мәдениетті әдебиет болсын деген адам мәдениетті ғылми сынға ұмтылсын. Абай «Көңілдегі көрікті ой — ауыздан шыққанда өңі қашады» деп налыған. Біздің сыншылар көңілдегі көң-қоқырға ауыздан шығара ажар берем деп тырыспасын. Адалдық, шындық керек, дұрыстық керек. Ол білімсіз, Марксtік білімсіз болмайды. Біздің сыншылар бұл жағына көңіл қоймаумен келеді.

Әдебиетіміздің ең артта қалған саласы да осы сын. Әде-

биетімізді жоғары сатыға шығару үшін, соған жәрдем ете алармлық әдебиет сынын жазуымыз керек. Бұл күнге дейінгі бар сынның кемері өте төмен жатыр. Мәдениетті, ғылми, сауатты, бастап отыратын сын керек. Сырттан естіп сынауды, жалпы хабармен сынауды қою керек.

Ұлы жазушылардан үлгі алмаса, оқымаса жазушы да артта қалады, ұлы сыншылардан үлгі алмаса, оқымаса, сыншы да артта қалады.

Сын түзелсе, әділ тезге айналса, «тез қасында қисық ағаш жатпайды»,— дейді қазақ мақалы, әдебиетіміз де түзеледі.

(II съезде сөйлеген сөзінен қысқартылып алынған).

1939

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАҚТЫ ЕРІ

Империалистік соғыстың қарсаңындағы отарлы қазақ елінің халіне көз салсаң — сарылған дала, әлденені күтумен сарғайған ділгір ел, баяу өмір, бұлдыр үміт елестейді. Құлағыңа қоңыр күй, көз алдыңа мағынасыз бір тіршілік келеді. Көз алды — буалдыр үміт, торығу, тірелген жерің қара жар сияқтанады. Өгей бала, күң тоқал, лашық үй, жабыққан көңіл — бәрі жүдеу, бәрі топырыш, бәрі болымсыз. Елдің ойында күдік, жүрегінде қорғасын, денесінде жара, ай мен күнге ортағы жоқтай, әрі отыр, бері отырмен жалыққан халық. «Отар» деген жалғыз ауыз сөздің салмағы елді сонша жаншып жіберуге жеткен. Бақытсыз елге келген бар пәле осы жалғыз сөздің бойынан өрби берді.

Әлдеқалай шырқап салынған ән, ақындардың жалынды сөздері ел жүрегіндегі өрттің жалыны сияқты шығатын, не болмаса, елдің бойындағы жарасы мен ойындағы қайғысын аз ғана ұмытып, өзін-өзі жұбатуы, өмірдің бір сүйемелі сияқты естілетін: болмаса, айсыз қараңғы түнде әр қияда алыста жылтыраған от сияқты көрінетін, арғы ғасырлардың асаулығы басылып, жасыған ел тағдырына бойұсынып, жуасып қалғандай көрінетін.

Бірақ, бұл — елдің сыртқы көрінісі ғана еді. Өйткені, үнсіз ел ауыр ойда, ой үнемі ізденуде болатын. Ел алыстан қажымаған, тілегі жасымағанды; бұрынғы көтерген ұрандар енді ескіріп, жаңа ұран іздейтін: ел ұран талғайтын жаңа белге шыққан. Елдің бұл кездегі халы қорланып жатқан күш, жиналып жатқан кек сияқты еді. Сол күш ескі сонар емес, жаңа жолдар іздейтін. Өйткені феодалды — помещикті отаршылмен күрескенде жараған құрал, нығайған капиталмен күреске жарай бермейтінін қалың бұқара әбден түсінген, тәжі-

рибеде талай көрген. Бұрынғы күрестерде ел деп атқа қонғанда екі тізгін байлардың қолында болып шыға келетін ғой, енді ел атқа қона қалса, кімнің тілегі бір, кім қай кезеңге дейін жолдас бола алады, айырма жол қай кезеңде кездеседі — мұны ұғынған еді. Отаршыл патшалы Ресей мен қазақ байлары қара бұқараны бірге жүгендесіп келгенін ел ұмытпастай болған. Тұрмысты тұсап, ой-сананы өсірмей, ел ішін шерге толтырған, азат болуға тиісті адамды күң мен құлға айналдырудың қанды қол жауапкері екеу екенін ел әбден білетін. Өйткені арқаға ер батқан екен деп, мойынға қамыт батпай тұрған емес қой!

Осы жағдайда кемерін кернеп тұрған кек — қорланған тың күш, ұшқын түссе-ақ тұтанғалы тұр еді. Сол ұшқын 1916 жыл болды. Өмір толқынданды, ол толқын он алтыншы жылдың қозғалысы еді де, ол қозғалыстың тоғызыншы толқыны Аманкелді бастаған көтеріліс болды. Осы күшке, осы қозғалысқа жаңа ұран керек еді — ол ұран Ленин көсеміміз салған пролетариат революциясының ұраны болды. Аманкелдіні оған дейінгі болған ұлт қозғалыстарының бастықтарынан жоғары қойғызатын да, одан пролетариат революциясының ерін шығарған да осы ұран, патша құлағаннан кейін де көтерілісті таратпай, келесі сатыға шығарып, пролетариат революциясының жалпы арнасына әкеп қосатын да осы. Аманкелдінің өзгешелігі, совет елінің ардақты ері болуы, елдің жаңа дәуірдегі күресінің туын көтере алғандығында. Ал бұл күрес «иә, сен, иә, мен-нің» күресі еді.

Аманкелдінің ерлігін, большевиктік ісін, отанын сүйген адал ұлы екендігін, шама келгенше, картинада беруге күш салындық. Сондықтан бұл жерде мәселенің бұл жағына тоқтамақшы емеспіз, оны жұртшылығымыз айтар.

Алдымыздағы көктемде Аманкелдінің жаңа дүниенің есігін аша беріп, жау қолынан қапылыста қаза тапқанына жиырма жыл толады. Он алтыншы жылдың оқиғасына жиырма жыл толғалы екі жыл өтті. Осынша көп уақыт өтсе де, Аманкелдінің халық ері екендігі соңғы жылдарда ғана тиісті орын алды. Неге?— Мұның жауабын да халық жаулары жауыз ұлтшылдардың зиянкестігінде жатыр. Аз ғана дәлелдер келтірейік: он алтыншы жылдың оқиғасына он жыл толғанда (26-жылы) Қазақстанда мәдениет майданының тізгінін қолына ұстап отырған ұлтшылдар жер аударылып жүрген Харлампович деген профессордың кітапшасын басып шығарды. Ол Аманкелдінің атын бір жола жоқ қылып, халық алдында беделін түсіру мақсатына арналған нәрсе еді. Ол кітапшаны оқып қарасаңыз — Аманкелді халықтың ері еместігі былай

тұрсын, халықтың жек көруге тиісті адамы деп дәлелдегісі келеді.

1916 жылдың оқиғасына 20 жыл толғанда ұлтшылдар тағы бір жаудың кітабын шығарды. Аманкелді туралы мұның айтқаны Харламповичтан да әрі барып соқты. Он алтыншы жылғы қозғалыстың шын көсемі Аманкелдінің орнына, елдің дұшпандарын ұсынды ол.

Аманкелді туралы 1932 жылы жазылған пьесаны театр маңайындағы жаулар ең алдымен Аманкелдінің жауларына, халықтың қарғысын алған ұлтшылдарға апарып оқып, аяғында дүние көрсетпей тастады. Сондағы ашық-ақ айтатын мықты дәлелдері — «Аманкелді емес, басқаларды жақсы көрсетіңдер» дейтін еді. Ол-ол ма, 1936 жылдың өзінде театр коллективі «Аманкелді» пьесасын төрт айдан артық әзірлеп, барлық күшін салып жатқанда көркемөнер айналасындағы ұлтшылдар пьесаны халық жауларына сынатып, өздерінше «түзеткілері» келген. Бірақ коллектив оған жіберген жоқ. Мінекей, қазақ халқының сүйікті ері Аманкелдінің атына істелген жаулықтар әріден басталып, соңғы уақытқа дейін соңынан қалмай келгендігіне осы келтірілген мысалдар дәлел бола алса керек.

Осыған байланысты тағы бір қызық фактыны келтіруге керек болады. «Аманкелді» картинасының сценариясы жазылып жатқанда басшы қызметте отырған жаулар Аманкелдінің шын халық батыры екендігіне сене алмайтындарын айтып, екінші біреуді ұсынған. Бұл әңгімелердің шет жағасы сценарий жазушыларға да естіліп жатты. Сондықтан сценарийды бітіргеннен кейін, оны Алматыда ешкімге оқымай, тура Мәскеуге апарып бір-ақ көрсеттік. Шынында осылай болу керек пе еді? Жұртшылық арасына талқыға салу керек емес пе еді? Амал не, бұған бөгет болған нәрсе — соңынан қалмай келе жатқан ұлтшылдар болды.

Жұртшылығымызға мәлім, «Правда» газеті «Аманкелді» картинасына өте жоғары баға берді, (1938-жыл, XI—15). Соған қарағанда авторларға тапсырылған іс көңілдегідей орындалған сияқты. Әсіресе, Аманкелдінің өз ролін ойнаған халық артисі Елубай жолдастың неше жылдан бергі еңбегі ақталған сияқты. Шынын айтқанда, сахнада болсын, кинода болсын Аманкелдінің образын шама келгенше жақсылап шығару міндеті, неше жылдан бері Елубайдың ішкен асын бойына дұрыс сіңірмей жүргенін жақсы білетін едік. Аманкелдінің образы Елубайдың творчестволық өміріндегі арманы еді. Ол міндет атқарылған көрінеді: Елубайдан басқа да орденды халық артистеріміз — Серке, Шара, Құрманбек, Қа-

набек, Қалыбек жолдастар өз рольдеріне лайық мақтау алды. Осы жолдастардың аянбай істеген еңбектері арқылы, Қазақстанның ардақты ері жайындағы «Аманкелді» картинасы кино искусствосында қуанарлық, мақтанарлық адым, жалпы искусство майданында жаңа бір ірі табыс болып отыр.

«Правда» газеті картина мен артистеріміздің ойынын жоғары бағалаумен қатар картина авторларының бірнеше кемшіліктерін атап айтты. Мұны әбден дұрыс дейміз. Аманкелдінің ісі, өзінің дәл пішіні жете тексерілмегендіктен, оның үстіне Аманкелдіге жиырма жылға жақын жабылып келген жалалар ылғи бөгет жасап отырды.

Аманкелдінің істері мен өзінің толық тұлғасы әлі де зерттеліп болған жоқ, тарихи материялдар жоқтың қасы. Көбінесе Аманкелдінің 1916—1919 жылдардағы жолдастарынан сұрастырып, солардың айтқандарын салмақтап барып, кейде әрі, кейде бері соғып жататын қорытынды шығарумен келеміз. Ал, ол жолдастарының көбі-ақ белгілі бір кезеңді анықка жақын білсе, келесі баспалдақта өзі оқиғаның сыртында қалып, біреуден естіген, ел ішіне ауыз әңгімеден тараған нәрселерді айтады. Кейде Аманкелдіге аз күн жолдас болып, бала жасынан білем деушілер көп, нағашы, жиен, құда, туған, туысқан болып жармасатындар да аз емес.

Сценарий бекіп, картинаның жартысынан артығы түсіріліп қалғаннан кейін қолға түскен Аманкелдінің өз қолымен жазған күнделік дәптеріне қарап отырсақ, талай жаңа сұраулар туады. Күнделік дәптер 1914 жылғы оқиғадан басталады. Ең алдымен, 1914 жылдары күнделік дәптерді қандай қазақ керек ететін еді? 1914 жылы Аманкелді Петербург барғанда — 1913 жыл, 21 февральда таққа мінген Михаил Романовтан бастап, екінші Александырға дейін патшалардың тарихын жазып алыпты. Жазып алғанда тек «шежіре» түрінде емес, солардың әрқайсысының тұсында қандай ірі оқиғалар болды, соны тізіп отырған. Мысалы: Бірінші Петр туралы Аманкелді былай деп жазады: «төртінші патша бірінші Петр болды, орыстың сақалын кесіп, киімді ықшамдап кию мұнан қалды. Жаңа да Петербург қаласын 1703 жылы Петр патша салдырды. Жаңа сегіз санат шығарған. Және губерна бөлімін шығарған. Және 250 фабрик, завод аштырды. Және нәсілге қарамай, өнер, ғылым білгенге шен берді. Соның үшін жұрт оқу талабында болды. 1725 жылда 28 январьда опат болды, 53 жасында» дейді.

Қазақтың қай жүзі, қай патшаның заманында кімдер арқылы, қалай бағынуы, Ресей Орта Азияның қай қаласын, қай жылы, қалай бағындырып алған, Аманкелдінің дәптерін-

де осының бәрі бар. Мәскеумен алысырақ жатқан басқа бір жердің арасында уақыт айырмасы болатындығын өзіміз 1924—1925 жылдары дұрыс ұғындық. Ал, Аманкелді 1914-жылы дәптеріне жазып қойыпты.

Осыларға қарағанда Аманкелді ой-сана жағынан болсын, өмір тәжірибесінен алынған білім жағынан болсын, екінің бірі емес, белгілі бір жоғары басқышқа жеткен, ізденген адам. Саяси өмірге тек қана құлағы түрік болған адам емес, соны зерттеп, өзі бастаған күрестің керегіне жаратқысы келген адам.

Аманкелді «Қарсақпай» өмірімен біте қайнасып өскен. Жұмысшы өмірі, ұлт қозғалысының мәселелерін жұмысшылар қозғалысының тілегіне байланыстыра қою, Аманкелдіге жат нәрсе емес сияқты. Бұл жағы, жете тексере алмағандықтан, картинада пайдаланылмаған. Осы жақтардан қарағанда Аманкелді пьесасы мен сценариясында «әттеген-ай!» дерлік жер толып жатыр. «Аманкелді» пьесасын қайта өңдегенде әсіресе осы екі мәселені жете тексеріп алып, арқау етуіміз керек болады. Аманкелді туралы роман, повесть, поэма, опера жазып жатқан жолдастар да мұны қатты ескерулері керек.

«Аманкелді» пьесасы академиялық театрымыздың сахнасында Қазақстан халқының сүйсініп қарайтын спектаклінің бірі, «Аманкелді» киносын бүкіл одақтың халықтары, социализмнің елі болып қуанышпен құттықтап қарсы алып отыр.

Соған қарағанда, кемшіліктері бола тұрса да, қазақ халқының Чапаевын көрсету талабы көңілдегідей орындалған сияқты. «Аманкелдіге» азды-көпті еңбегі сіңген көркемөнер, әдебиет қызметкерлері халқымызбен бірге, ең алдымен осыған қуанамыз.

1939 ж.

«АБАЙ»

«Абай» туралы ой салмақталып, пікір қорытылып болған жоқ. Әрине мұндай үлкен еңбек туралы дауға салмастық, табандап жатарлық пікір де ойланып айтылуға тиіс. Бұл, әзір төрт аяғын түгел тең баса қоймаған спектакльден алынған алғашқы әсер. Өйткені, пьеса мен театрда көргеніміздің үні етекте де, жоғарыда да бірге шығып бола қойған жоқ; пьесадан күткенің әрірек, театрда көргенің кейде берірек түсіп жатыр. Пьесадағы бір сала оқиға өрісіне жетіп жатса, енді бірі жеткен жоқ, бір образ бар тұлғасымен ойлаған жеріңнен шықса, енді бірі жақындап қана келген, алыс жатқандары тағы бар. Солай болған соң спектакльдің өсіп нығаюымен бірге кейбір міндері жоғалып, әр образ өз орнын тап басуға керек. Істелген іспен не істеу керектің арасы да сол кезде айқындалмақ.

Ал, Мұхтар мен Соболев жолдас жазған «Абайдың» драматургиялық қасиеті кімге болса да даусыз болуы керек. Бұл үлкен драматургтардың қаламынан туа алатын заманымыздың тілегіне лайық, үлкен еңбектің бірі, жалпы совет одағының өскен әдебиеті үшін үлкен табыс. Шебер қолдан, үлкен ой, шын жүректен туған еңбек.

Пьеса көз алдыңа үлкен бір дәуірді алып келеді. Ешбір қылмысты ерсі деп көрмеген қарашоқпар Ерден, Жиреншелер тобы, солармен алысуда көп өмірі өткен Абай, айқыш-ұйқыш алынған уақиғалар өз дәуірін барынша-ақ толық көрсетеді. Абай шығып келе жатқан күн, жанға жарық бергісі келеді, толасы жоқ қаратүнек тобы, сол жарықтан шошынады. Сонымен бірге сол кездегі әр топтың сырты мен іші, ойы мен ісі, сана сезімі де айқын.

«Абай» әлеумет өмірінің кең арнасына құрылған трагедия. Мұндағы мазмұн Айдар мен Ажардың, Абдырахман мен Мағыштың қосылуы, қосылмауларынан ғана туып кеткен

уақиға деп ойлау, көзі көргеннің тек сыртын түсініп, ішкі мағынаға құлақ аспағандық болады. Түптеп келгенде үстем таптың түршігетіні бетін батысқа бұрған Абай мен Абайдың ақын серіктері. Қасқырды қасқыр деп, қабанды қабан деп тура айтқан Абай, үстем таптың бар арқа сүйеріне, қалыптасқан заңына шабуыл жасайды, сол заңның қылмысқа айналғандығын көпке ұғындырғысы келеді. Ерден, Жиреншелер әр даудың басына міниП шыға келгенде соның өтеуін ғана іздемейді, «бәленің» басы қайда жатыр, соны бір жола құртқысы келеді. Бұл тілекте Абай басына сойыл жұмсаудан, у беруден таймайды. Егер, төбе би Сырттан «Айдар айыпсыз, бар айып Абайда екен» дей қалса, Жиренше мен Ерденнің екі дүниедегі тілегі болғалы тұрған жоқ па? Би алдын көргелі тұрған ақындық дейді Абай. Біз, барлық оқиға әр саламен келіп, астарланып келіп Абайдың басына жабылады деуіміз керек. Абай айтқан ақындық — Абайдың өзі, ақын серіктері, Айдарға берілген у Абайға арналған емес пе, Айдарды өлтірген у Абайды да улап кетпей ме?

«Абай» трагедиясының арқауы бірнеше сала болып алынғанда, барлық салалар қоса өрілген. Елдің үстем табы орнатқан әдет заңын бұзып, ғашықтыққа жалпы адамшылық тілегімен қарауды арман еткен Айдар мен Ажар оқиғасы өрістей келе әлеуметтік үлкен іске айналады. Абдырахман мен Мағыштың арасындағы трагедия онша тереңдемегенмен, мазмұнына қараңқырақыз, бұ да үлкен оқиға. Күншіл ақын Керім мен Айдардың арасында қандай қиын-қыстау жайлар жатыр. Әділетке, жарыққа, адамшылыққа шақырған Абаймен, осының біріне көнері жоқ Ерден, Жиренше бастаған, Абайдың туған ағасы қосылған топтың арасында қанша тартыс жатыр! Осының бәрінде де жақсылық мінез, адамгершілік тілек Абайдан тарап отырады да, қара күштер Абайға қадалады. Әр жерге құрылған қақпанның, себілген удың бәрі Абайға арналған.

«Абай» өте шебер жазылған шығарма. Оқиғаның өрістеп келіп шыңына шығып шешілу, бәрі де қатты қызықтырады. Қашан үстінен түсіргенше, оқиғаның алдын болжата қоймайды. «Не болар екен, қайтіп кетер екен? «Абай» сезіміңді босатпай, ұстайды, бір жерде түйілген түйін оңай шешілмейді, көбінесе кесуді керек етеді. Ол кесілген түйіндер: Айдардың өлімі, Абдырахманның Мағышқа үзілді-кесілді «мен өлімге бұйырылған адаммын» дейтін жері, Абайға шоқпар жұмсалуы.

Абай сияқты ұлы адамның айналасындағы бай өмірдің ішін-сыртын түгел алып әрі кең, әрі терең көрсету оңай іс

емес. Мұхтар мен Соболев драматургиямызды жаңа бір белге көтеріп тастады деуіміз керек.

«Абайды» бірінші рет қойып отырған академиялық қазақ драма театрының еңбегі де олқы емес. Қазақстан республикасының жиырма жылдық тойына театрымыз көңілдегідей тарту жасады деп ойлаймыз. Постановканы тұтас алып қарасаңыз, бұл театрда мұндай жақсы постановка бұрын болған емес. Мұндай жақсы пьесамыз болмағаны да мәлім, ал, театрдың жауапсыз қарайтын күндері де кездесе беретін еді. Жап-жақсы болып шыққалы тұрған пьесаны сүріну мен жығылудың арасында шығара салғанына көп ұяла қоймайтын.

Театр «Абайдың» стилін дұрыс тапқан, Абай дәуірінің мазмұнын беруге көп еңбек сіңірген. Әсіресе, жас режиссорымыз Асқар Тоқпановқа қатты риза болуымыз керек. Алыста қалған өмірдің тек сыртын ғана емес, сырын да ашу үшін барын аямағандығы айқын-ақ. Сахнаға шығарған басты геройлары бірі арғы замандікі, бірі бергі замандікіне ұсап тұрған жоқ, бір өмірдің, бір кезеңнің адамдары сияқты, шүбә туғызбайды. Кейде сөз жазушынікі, декорация мен киім суретшінікі, образ әрбір артистікі болып тұратыны бар ғой, «Абайды» қойған Асқар бұған ұшыраған жоқ.

Сөз бен киім образдікі, образ пьесанікі, постановка Асқардікі.

Алдымен көңілге қатты қонатын Абай образы. Абай ролін ойнайтын республикамыздың халық артисі Қалыбек сахнаға шыға келгенде-ақ күтіп отырған Абайды көргендей боласың, Басқалардың у-шуы, барқырап, күш көрсетіп жатқаны, аз қимылын байқамай қалам ба дегендей екі көзің Абайда болады. Алдында сыртымен де, ішімен де толық жасалған Абай тұрады. Абайды бірден сүйесің, көңілің бірден орнығады, манадан бері ойында тұрған бір сұрау алынып қалады. Ойынның аяғына дейін «әттеген-ай» келмейді ойыңа. Абайға лайық қозғалыс, сөз толқынын бұзбай, артық акцент жасамай сөйлеу ойын көрушіге әрбір аз құбылысын жеткізу Қалыбектен жақсы табылған. Қарапайым қалыпқа түсіп қалмай, образ тұлғасын бұзбай шығарады.

Жиренше алаяқ пен ұрда-жық Ерден образдары да кесек жасалған образдар. Әділшінов Жиренше қудың сұңғыла із баққыш түрін, қас пен қабақтың қалт еткенін байқап қалатынын жақсы-ақ аңдатады. Кезі келгенде құрық әкетіп, тасада кездессең сыртыңнан қанжар салар осы Жиренше екен деп отырасың. Жас артист Оразғали Жұмағұлов Ерден ролін айқын, есте қалатын образ етіп шығара алған. Шын-ақ сол кезеңнің ырық бермес қара шоқпарын көресің. Өз дегенінен

басқаның біріне иілмейтін, айтысып ұғындырудан гөрі қамшысымен ұғындыруды заң етіп алған, әлі қыры сынбаған ұру басы Ерденді көргенде қылмысында сан жоқ шығар деп-ақ қаласың. Бір жерде ғана, «өзіміздің Күпшекбай барған мекеме, тәйірі» дегенде ғана, Оразғали өз ролінен шығып кетеді.

Әйелдер образынан шығуға жақын Қанікей мен Ажар сияқты. Елебекова жолдастың бұрын мұндай басы бүтін рольде ойнағаның сирек көретін едік, бұл жолы көңіл қалдырған жоқ. «Еркек ісіне араласқан» би әйелдің, бай ауылдың кеуделі әйелінің қалпы жаман жасалмаған.

Пьесадағы үлкен рольді әйел — Ажар. Оның басына талай қара күндер туады, ол ат құйрығына салынғалы жатыр, ол дегеніне жетіп Айдарға қосыла беріп, сүйген жарынан айрылды, ол қайғылы күндерде Абайдың басын сүйеді, ол Керімнің қара қылмысын ашады. Ажардың басынан кешер кезеңі, жеңіп қуанған, айрылып қайғырған сияқты, Абайдай адамның сүйікті жанының бірі болған халдері ойнаушы артискадан әртүрлі қалып, әртүрлі бояу тілейді. Ажар ролиндегі жас артискамыз Камардинова қайғылы халдің бояуын жеткізе, сендіре береді де басқа жерлерде салқындау. Арқан үстінде, арқаннан босаған жерде Айдардың өлімінің үстінде Камардинова жолдас тіпті жақсы. Ызғар керек жерде көзінен от, қайғы бар жерде жас шығара алады. Ал, лирикалы, қуанар, күлер жерлерде — сендіре алмайды.

Бір алыстап, бір жақындап қалып жүрген образ Керімдікі. Айтыс сахнасында Қапан жақындап бір келеді де Айдармен кездескен жерлерде тым жабайыланып қалады, Айдардың кесесіне у салар жерде басқа бір образға көше жаздайды. Шынында, Керім ролі пьесаның өзінде де тегіс емес. Бір жерде терең мағыналы монологтар айтса («қара түнде»), екінші жерде шартпа-шұрт (Айдармен кездескенде, 4-картина), енді бір жерде шолтаңдаған молдалау (6—7 картиналарда). Кей жерде Керімге лайықсыз сөздер де берілген. Бірде ішпен, бірде тек сыртымен ойнау керек сияқты. Билік сахнасында Айдарды арашалап алып қалуға тиісті Керім, қиялай сөйлеп Абайдың алдында отырып ізін байқатпай, Айдарды ұстап беріп отырса, келесі бір жерлерде тік келіп қалады. Қапанның Керім желісін таба алмай жүруі осындайдан болуы мүмкін.

Абайдың достары — ертегіші Баймағамбет пен ақын Зейнеп, Көкбай рольдері орта ғана шыққан сияқты да, одан былайғы рольдер бірте-бірте салқындай береді. Долгополов, Мағыш, Еркежан, Әзім, Абайдың екі баласы, Қарлығаш, Дәулет пен Мес бұлар әлі шықпаған. Мұның ішінде әсіресе,

Долгополов сияқты орыс халқының алдыңғы қатарлы интеллигентін халықшыл революционер образын бұлай ғана көрсету, әрине, тым лайықсыз. Долгополов жайында пьесаның өзі де қапысыз емес-ті, ал артистің ойнауы пьесадағының маңына да бармайды. Пьесада Мағыштың басында ерекше бір хал бар ғой. Мағыш пен Абдырахманның сирек кездесетін — сүйгеніңді суындыру, неге екенін білдірмеу-білмеу сияқты қиын жағдайлар бар. Ойнаушылар бұдан хабары жоқ адамша, бірі Абайдың ауру баласын ғана, бірі жабайы, әншейін қызды ғана жасай алған. Пьесада Сырттан қандай жақсы роль. Әр ойдан қысылып, толғанып барып, ақыры халықтың әділдігіне жеңгізеді. Сырттанның бұл қасиеті сахнада көріне алмайды. Бұхара халықтың кейпін беретін Орман мен Мес те көптің арасында әшейін біреулер болып қалған. Әзімқан тіпті дөрекі, тіпті шикі. Біздіңше бұл рольдер пьесада әрі жатыр да, театрда көргеніміз көп бері түсіп жатыр.

Пьесада көңіл толмайтын рольдер Долгополов пен Қарлығаш еді. Алынған көлемінде әр қайсысы, әр мінезді жақсы рольдер болатын. Ал театрда солғын жақтары ойдағыдай көбірек болып шықты. Драмалық жақтан қарағанда Әбіш пен Мағыш арасы, Керім мен Айдар арасы, Абай мен Керім арасы дәл көңілдегідей емес, үзіліп жалғанып отыратын жерлері бардай көрінеді. Әсіресе, Әбіш пен Мағыштың арасындағы қиын жағдайды жеріне жеткізе түсуге болатын-ақ сияқты. Абайдың екі бірдей ауру баласын алмай-ақ сау біреуін алған жөн емес пе еді? Және бұл екеуінің өлімі де пьесадағы драмалық жағдайға қанша керек болып тұр? Қайғы бұлтын қалыңдата түсу үшін бе? Ол мұқтаждық жоқ сияқты.

Бұл айтылғандар «Абай» пьесасының драматургиялық үлкен еңбек екенін, әдебиетімізде ерекше орын алатындығын жоймайды да, әлсіретпейді де. Бұл, ендігі қалған аз міндерін алып тастау оңай ғой деген тілектен туған пікірлер. «Абайдағы» бай оқиға, Мұқтардың өте көркем тілі, афоризмге айналғалы тұрған теңеулер, оқиғаны шебер өрістетуі, екінің бірінің қолынан келмейді. Алар сабақ, үйренер үлгі аз емес.

Бұл айтылғандар театрдың еңбегін де жоққа сайымайды. Театр қолынан келгенін істеген, ойланған, жауапты қараған. Суретші Чарномскийдің ісі қандай жақсы. Декорация, киім әрі бай, әрі сай шыққан. Артық-кемі байқалмайтын мағналы, салмақты. Театрдың кішкене сахнасын қалай жақсы кеңіткен.

Қысқасы Академиялық театрымыз жиырма жылдық тойға арналған постановкасын көңілдегідей шығарды. Жеке кемшіліктер жүре жойылуға тиісті. Оның көбі рольдің дұрыс бө-

лінбеуінен, театрдың басты артистері түгел қатнаса алмағандығынан болғандығы көрініп тұр.

«Абай» театр мен жазушылардың алдына жаңа міндет қояды, бүгінгімізден анағұрлым жоғары сатыға көтерілуді тілейді. Шығарманың аты қанша айбынды болса да ол алысқа апармайды, идеялық-көркемдік қасиеттердің тең түсіп отыруы керектігін тереңірек ұғынуға шақырады. Ондай шығарманың төркіні Горький, Шекспир, Гете. «Абай» сондай ірі мектептікі.

«Лениншіл жас», 3 ноябрь, 1940 жыл.

ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ М. Ю. ЛЕРМОНТОВ

(1814—1841)

Қастасқан қолдан қаза тапқанына биыл жүз жыл толатын, Миҳаил Юрьевич Лермонтов орыстың ұлы ақындарының бірі. Орыс әдебиетін жаңа белге шығару арқылы бүкіл дүние жазушыларына ой салған орыс ақындарының ішінде Лермонтов орыс әдебиетінде Пушкиннің мұрагері деп саналады. Аз өмірі көп күрсінумен өткен, елі үшін ауыр ойланған, көп қайғырған ақын. Ол үлкен тақырып, кестелі сөздің иесі. Жақсы идеяларын жалынды сөзбен айта білген, ұйыта білген ақын. Бар өмірі орыс халқының ауыр халін, артта қалғанын қайғырумен, патшалы режімнің бассыздығына қарсы тұрумен етеді. Ғылми сын Грибоедовты «жаңа ғасырды өткен ғасырмен» күреске шақырған ақын деп, Пушкинді декабристер күресінің қиын жолын, ізденулерін көрсетеді дейді де, Лермонтов поэзиясы сол декабристер күресінің ең соңғы үні, ащы айғайы еді,— дейді.

Орыс халқының сонша көп ұлы таланттар шыққан, алға сүйреген, күреске шақырған ірі ойшылар шыққан XIX ғасыр қоғамдық тұрмыс көзімен қарағанда, бірнеше дәуірге бөлінеді. Таланттардың көп шығуы, ел тұрмысының жайма-шуақтығынан емес еді. Пушкин, Лермонтовтардың тұсындағы Бірінші Николай патшаның режимі ел үшін қараңғы түндей еді. Сондықтан да Сергей Миронович Киров жолдас Белинский туралы «Түн қандай қараңғы болса, жұлдызы сондай жарық болады да!»— деген. Лермонтов сол қараңғы түндегі сол жарық жұлдыздардың бірі.

Осы қараңғы түнек заманда екі рет жат түрде, жан түршіктіре тарс еткен мылтық дауысы орыс халқының есінен мәңгі кетпейді. Бүкіл жер жүзі де ұмытпайды оны. Екеуі де орыс патшасының орыс халқына атқан оғы еді. Алғашқы оқ

ұлы Пушкинді, екінші оқ ұлы Лермонтовты өлтірді. Екеуі де бүкіл адам баласының жүрегіне атылғандай саналы ойдың бәрін қайғыртқан өлімдер еді.

Пушкиннің қаза тапқанына ерекше қайғырған Лермонтов бүкіл жер жүзіне естірте қатты айғайлады. «Ақын өлімі» деген өлеңінде Пушкинді шын ерекше сүйген адамның жан сөзі, жалынды сөзі болса, аямай-ақ айтылған! Орыс елі кімінен айрылғанын айтқанда, ақынның көзінен жас, жүрегінен қан сорғалап тұрғаны айқын-ақ емес пе!

— А, сұм ұрпақ, құр көкірек,
Алаяқтар жерді құртқан!
Ата-бабаң бір арам тек —
Сұмдығымен даңқы шыққан!
Өлтірдіңдер!.. қара қанмен барлық залым,
Жуа алмассың!.. шая алмассың,
Қасиетті ақын қанын!..

Осы өлең жазылғаннан төрт-ақ жыл кейін тағы да сол патша бастаған жендеттер — қарақанды залымдар тобы, орыс халқының тағы бір ұлы ақыны Лермонтовты өлтірді. Айтқанынан айтатыны көп, шын ұлы талант, Белинский мен Горькийдің ойларынша Пушкиннен де әрірек аттайтыны бар ақын, 27 жасында ғана бойындағы көп кектің немен тарқарын көрсете алмай кетті. Он жеті жасында «Мен Байрон емес, басқамын!» деген ақыннан орыс поэзиясы нені күтсе де оныcы ақталар үміт еді.

Михаил Юрьевич Лермонтов 1814 жылы, ескіше екінші октябрь күні Москвада туады. Әкесі отставкада жүрген капитан, шешесі үлкен аристократ Арсеновтардың қызы екен. Михаил екі жарым жасқа келгенде шешесі өліп жетім қалады да, Пензі губернасындағы Тархан қаласында тұратын нағашы шешесі Арсеноваңың қолына көшеді. Лермонтовтың барлық жас шағы сонда өтеді. Сондағы жалғыздық, ешкімге елігу, ойы үйлесу табылмағандығы ақынның өз мінезіне ғана емес, бүкіл шығармаларында із қалдырды деп саналады. Лермонтов он үш жасында Москваның ақсүйектер пансионына түсіп, «Кавказ тұтқыны», «Шеркестер», «Корсар» дейтін поэмаларын сонда жазады. «Демон» да сол кезде басталады.

Жас Лермонтовтың бұл дәуірдегі алғашқы адымдары Пушкин мен Байронға еліктеуден басталады. Байрон мен Пушкин поэмаларын жас ақын өзінше қайта жазып шығып, жаңа варианттар жасайды.

Лермонтов он алты жасында Москваның университетіне түссе де, оны бітірмей, соғыс мектебіне көшіп, 1834 жылы патшаның өз қарауында болатын Гусар полкының корнеті болып

шығады. «Смайылби» поэмасы, «Вадим» әңгімесі, «Желкен» сияқты атақты шығармаларын осы кезде жазған. Одан кейін «Хаджы абрек» поэмасы жазылады да жұрттың Лермонтов поэзиясымен баспасөз арқылы танысуы басталды.

Лермонтовтың өмірінен ерекше орын алып, поэзиясын бұрынғыдан да биік белге көтерген 1837 жылдың оқиғалары. Сол жылы отан соғысының 25 жылдығы толады да Лермонтов «Бородино» деген өлеңін жазады. Одан бұрынғы әдебиетте 1812 жылдағы барлық ерлік, бар адал еңбек патшанікі болып көрсетілсе, орыс халқының өз ерлігі есептелмейтін болса, Лермонтов соларға қарсы «Бородинода» орыс халқының ерлігін, отан үшін көрсеткен қайраттарын айтып, өз халқының ерлігіне сүйінеді. Ұлы алып Лев Толстойдың: «Маған «Соғыс пен бейбітшілік» дәнін берген «Бородино» дегені жай айтылған сөз емес-ті.

Сол жылы болған екінші оқиға, жоғарыда айтылған ұлы ақын Пушкиннің өлімі. Бұл орыс елін сілтідей тұндырған өлім еді. Алқымға келген кек пен ашуда өлшеу жоқ та, айтылуы оңай да емес еді. Соны Лермонтов айтты. «Ақынның өлімі» деген өлеңі ортаға түсіп, жарылған бомбадай болды. «Ақынның өлімі» аз уақыттың ішінде-ақ алдыңғы қатарлы орыс жұртшылығына түгел тарайды. Шынында да бұл өлең бүкіл орыс елінің ақынына айтқан жоқтауы, патшаға айтқан қарғысы еді. Бұл үшін ақынды Бірінші Николай оққа ұшып өлсін деп Кавказға айдайды, бірақ ол дегені болмайды.

Лермонтов поэзиясының саяси мазмұндылығы, адам баласының тағдыры мен шын праволары жайындағы мәселелерді өте-мөте айқын қоюы, кейін Некрасов, Салтыков-Щедрин, Блок, Лев Толстойларға да үлкен әсер ете келіп, бері келе Маяковскийдің поэзиясына жалғасып жатады.

«Демонды» қайта жазып болған, «Біздің заманның батыры» дейтін саяси романын бітірген, «Мцыри», «Ақын өлімі», «Бородино», «Талас», «Түс», «Ой» тағы басқа толып жатқан саяси өлеңдер жазған ақын патша айналасындағыларға, әрине, ұнамайды. Жаңа жылға арналған балда Лермонтов патша әулетіне қырын қабақтығын ашық білдірді. Сол бал туралы «Шаттықтарыңды зәр мен кекке суарылған темірдей тиетін өлеңмен бұзсам!» деп өлең жазады. Осыларды «жеткілікті» дәлел етіп, Лермонтовты тағы да тұтқынға алады. Аяғында Бірінші Николай патша өз қолымен бұйрық жазып тағы да Кавказ елімен соғысатын Тенгін полкына жібереді. Бұл жолы да өзінен-өзі оққа ұшсын деген тілек тілейді.

Лермонтов бұл сапарында азаттық жолында күресіп жүрген тау халқының рухын көтереді.

«Сүйкімді болат қанжар тұрған жайнап,
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркеш соғыс үшін алған қайрап.
Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
«Ұмытпа» деп, айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзінен жас сорғалар,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.»—

деп Кавказ елінің жауынгерлік даңқын бүкіл дүниеге жайды. Сонымен бірге «Қашқын» атты поэмасында, соғыс кезіндегі уайымшылдар мен қорқақтарға, үрейшілер мен дезертирлерге қатты соққы береді.

Кавказды отарлауда жүрген патша әскерінің офицерлері мен жоғарғы шендері Пятигорскіге лық толған кезіне ауру Лермонтов ұшырасады. Таныстарын табады, соның бірі Н. Мартынов.

Бір қонақта отырғанда араларында үзілмей келе жатқан керіс, келіспеушілік оянады да Мартынов Лермонтовты жекпе-жекке шақырады. Керістің бар себебі мынау-ақ: Мартынов айналдырып жүрген бір әйел оған мойын бұрмапты, Лермонтов сол туралы азғана өлең жазып, күлкі сурет салып Мартыновтың өзіне көрсетеді. Баяғыдан таныс жолдасы, болмашыны ілік қылмас, бірге күлісерміз деп ойлайды. Сыртқы себеп осы ғана.

Жекпе-жектің қалай өткені, оның шын себебі туралы табылған жаңа документтер оқиғаның қараңғы қалған жақтарын енді ашып, ұлы ақынды өлтіргені тағы да Бірінші Николай патша екендігін анықтайды. Лермонтов жекпе-жек белгіленген жерге келіп, Мартыновқа — ол өлең ойнап жазылған, тек өзіңе ғана көрсетілген еді ғой, егер ауыр алып қалған болсаң, мен кешіруіңді өтінемін дейді. Жекпе-жектің болмай-ақ қоюына бұл әрине, жеткілікті еді. Бірақ, Мартынов «Ат!» дейді. Лермонтов:

— Жарайды атайын. Бірақ, сені атпаймын,— деп, мылтығын аспанға атып жібереді.

Мартынов Лермонтовқа таянып келеді де дәл жүректен атады. Бұлай ату жекпе-жектің заңында жоқ. Лермонтов табан аузында қаза табады.

Лермонтов поэзиясының негізгі күші патшалы-крепостнойлы құрылыстың темір торын қиратуға жұмсалды. Өзінің елін, отанын сонша ерекше сүйген ұлы ақын, елін ағаш қа-

мыттың астынан босатпай отырған патша мен оның тобын ешжерде іркілмей-ақ әйгілеумен өтті.

Лермонтов орыс көркем әдебиетінің дүниелік көлемде алдыңғы орын алған дәуірінде жасаған ұлы ақын. Әдебиетте Пушкиннің дәстүрін ұстаған ақын, тек сол дәстүрдің жақтаушысы болып ғана қалмай, жаңа жағдайда өзіндік пікірлер айтып, өзіндік суреттер жасады. Орыс поэзиясын жаңа белге шығарды. Лермонтов поэзиясы ылғи терең мағналы саяси мәселелерді көтерген, адам тағдырының жырын жырлаған, елін — отанын сүйген, қанауда жатқан ұлттардың қайғысын қайғырған халықтың поэзиясы. Лермонтов көп ұлтты, көп тілді Совет елінің ұлы ақыны.

«Социалистік Қазақстан», 1941 жыл, 27 июль.

«АБАЙ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ[1]

I

«Абай» сияқты ірі шығарманы жұрт талқысына салып, сөз қылудың екі түрлі кезеңі, екі түрлі себебі болу керек. 1) Жаңа ғана басылып шыққан кітапқа, сахнаға қойылған пьесаға көңіл толғандықтан қуанышы не болмаса көңіл қалғандықтың күйініші, кейісі себеп болады; бұлай болған күнде артық-кем берілген бағаға, айтылған сөздерге кешірім де көп. 2) Шығарма жұрт бойына әбден сіңіп болып, бұлжымайтын бір бағаны алып болғаннан кейін қайтадан сөз болатын болса, онда сол шығарманың барлық жақсы қасиеттерін тереңірек ашып, көпшілік тәрбиесіне керек жақтарын жұрттың құлағына ғана емес, ойына мықтап құю тілегі себеп болу керек. Мына шығарма жаңа бір ой салып, жаңа бір жөн сілтеп отыр деп, үлгі, сабақ ету тілегінен тууға керек. Я болмаса, мына шығарманың тым терең жатқан зиянды жақтарын жаба тоқып келгендіктен, осының кесапаты жұрттың бойына сіңіп барады, содан айықтыру керек деген себеп болуға тиісті. Ұсақ-ұлаң, қосымша тілектердің бәрі де негізгі мүддеге бағындырыла қойылу тиісті. Мұның негізгі бір себебі — бұл дәуірде айтылған пікір барлық жұрт үшін, оның ішінде әдебиетіміз үшін әбден екшеліп келіп қорытылған пікір болып қалады. Ешбір нысанасыз, ешбір мүддесіз, әйтеуір бір әдеби жиналыс өткізейік, жазушыға әйтеуір бір жақсылық емеуірін көрсетейік деуден шығар ешбір мағна жоқ.

«Абай» романын жаңағы айтылған екінші кезеңде сөз қылып отырмыз. Олай болса, бұл роман туралы екшеліп болған пікір айтылуға тиісті, шығарманың барлық қасиеті тереңірек ашылумен бірге, алатын өнеге, сабағымыз не? Несін алмаймыз, жазушыға қойылатын тілек қайсы, осылардың бәрі де айқын, салмақты болуға керек.

---

* 1943 ж. роман туралы болған жиылыста сөйлеген сөзден.

«Абай» туралы қазіргі күнде, қазіргі жағдайда болған баяндама — «Абай» романының қазақ әдебиетіндегі орнын, бүкіл одақтық әдебиеттегі орнын, көрсетуге талап етуі керек емес пе? «Абай» романын кітап дүкенінен алғаннан кейін қай жазушылардың қасына апарып қойдың, тым болмаса соны айтқаны жөн емес пе? Әдебиеттің өзге түрлерін былай қойғанда тарихи адамдар жайында жазылған көп романдар бар, солармен салғастырып көрсек қанша айып еді? Тарихи роман жайы көптен бері келелі әңгіме болып келе жатыр, осы тұрғыдан неге шолып өтпейміз?

Тай-құнанның дыр бермесіндей ғана болса да жақын арада әдебиет тілі, қазақ тілі дегенді сөз қылдық. «Абай» романы бұл жағынан да тексерушіге қанша олқылық келтіретін еді? Тіл — әдебиет маманы деп саналатын, дырдай атағы бар Есмағамбетке жалғыз осының өзі үлкен мін ғой деймін.

Әдебиет сыншысының басқа оқушылардан ең болмағанда мынадай бір айырмасы болу керек: жай оқушы кітапты сыншының тілегіне қарап оқымайды. Әр оқушының әр кітаптан іздейтін өз жоғы бар. Бір оқушыға Жюль-Верннен асқан жазушы жоқ, үшінші біреулер Шерлок Холмсты іздейді. Осылардың бәрін де оқитын, олармен бірге Шекспирді, Толстойды, Бальзакты, Гетені оқитын оқушы тағы бар. Бұлардың ішінен нағыз әдебиет, нағыз қазына қайсысы екенін әбден айыратын оқушы саны заман өскен сайын, совет адамының рухани тілегі өскен сайын, ол да өсіп келе жатыр. Бірақ сыншыға қоятын тілекті бұл оқушылардың алдына да қоя алмаймыз. Сыншы деген өзінің оқушылық халінен аса алмай қойса, сын айттым дегені өзінің оқушылық қана жайы болса, онда ол да оқушы ғана болып қалады. Ондай «сыншы» тегінде сынға жоламағаны ақыл. Өйткені шын сыншы, жазушыға да, оқушыға да жөн сілтей алатын болсын, соған өзін міндеттімін, жауаптымын деп санасын.

Мәселенің қазіргі қойылысы қандай бұлдыр болса, баяндаманың да «жақсы-жақсы» дегеннен шығатын ойлы бір байлауы жоқ.

Орыс халқының бір кездегі белгілі ақыны Василий Тредьяковский жайында Новиков деген кісі былай деген екен:

«Сей муж был великого разума, многого учения, обширного знания... весьма знающ в латинском, греческом, французском, итальянском и в своем природном языке... Не обинуясь к его чести сказать можно, что он первый открыл в России путь к словесным наукам, в паче к стихотворству... Первый стихотворец, первый положивший столько трудов и прилежания в переводе на русский язык преполезных книг...»

Біздің Мұхтарға айтып жатқанымыз да тап осының өзі сияқты. Анасы жақсы, мынасы жақсы дегенді айтып жатырмыз, бірақ, соның мәніс-мағнасын түсінбей арзан түрде айтып жатырмыз. Бүгінгі өстік деген дәуірімізде, басқа елдің екі ғасыр артта қалған алаң-бұлаң, балаңқы ойын қайталасақ, одан ұялуға да керек қой деймін. Мұхтардан күтетініміз, тілейтініміз қанша көп болса, ірі етіп, қасиетті етіп бергенін бағалағанда, аты «тоғыз» екен деп «лақ бастатқан тоғызды» ұсынбауымыз керек. Жазушы «тоғыз» сұрамайды. Еңбегі жайында жұртшылығымыздан дәл пікірін күтеді, қай тілегін ақтай алды, қай сұрауына жауап бере алды, соны білгісі келеді. Олай болса, баяндама ең болмағанда шығарманың өз дәрежесіне көтеріле алсын, жазушыға жөн сілтей алмаса, жұртшылық тілегінің аңғарын аңғарта алатын болсын. Ол үшін, ең алдымен әдебиет алдындағы жауаптылықты ұмытпайтын болсын!

Белинский, көп айтқаны әлі ескірмеген, көпке дейін ескірмейтін ойшыл-сыншы бір жерде былай дейді:

«Қыжықтаған Расин ескі Грецияда туса, қызу қанды, терең ойлы Еврипид болар еді де, ал, терең ойлы Еврипид XIV Людовиктің тұсында Францияда болса, қызықтаған Расин болар еді» дейді. Олай болса, жазушыны өсіретін де, өшіретін де — өз заманы. Әрқайсымыздың да бесігіміз, ақылдастарымыз осы өздеріңсіңдер: жазушыны ұсақ-ұланға сүйрелеп, арзанға баулып, жақсы көңіліңді жылудан жиналған, қайыр-садақадан түскен қотыр лақ, тері-терсек сияқты етпей білдіру керек.

«Абай» романына арналған әдебиет кешін өткізейік деп, жазушылар ұйымында сөз болғанда, не үшін сөз ететінімізді түсініскен сияқты едік; және «екінді» мен «бесіннің» арасындағы алас-құласта емес, дұрыстап өткізейік деп, уақытын кеңірек алып едік. Бірақ, баяндама «Абайдың» шын салмағына орай бола алмады: сырты бар да, іші бос, ананы-мынаны теріп айтуы бар да, байлауы жоқ, бытыраңқы; ортаға саларлық ойы қораш болып шықты. Мақтауында қуаныш, жамандауында кейіс жоқ. Сондықтан, сөйлеушілер де, романның терең сырын, қалың шатқалдарын бойлаудың орнына, одырайып көзге көрініп тұрған шоқы-төбелерін қуыңқырап кетті.

II

Енді «Абай» романы туралы өзім не айтарға келетін болсақ, мен бұл романды сынаудан гөрі тереңірек түсінсем екен деген тілектен туған азын-аулақ ұғынғанымды ғана айтамын.

Атақты сыншы Белинский Пушкиннің «Евгений Онегинінне» жазған сынын былай деп бастайды:

«Шынымызды айтсақ, «Евгений Онегин» сияқты поэманы сын көзімен талқылауға едәуір жүрексінумен кіріскелі отырмыз. Бұл жүрексінудің толып жатқан себебі де бар. Онегин ақынның жүрегін жарып, өзегін тіліп шыққан еңбегі. Алған геройында ақынның өз қара басы айнымай, бұлжымай, ашық-айқын көрініп тұратын аз еңбектердің бірі осы. Мұнда ақынның өз өмірі, ақынның өз жаны, өмірді қалай сүйетіндігі, ақынның барлық сезімі, түсінігі, идеалы барынша толық берілген»,— дейді.

«Абай» романы туралы да мен аз ғана бұрып, аз ғана өзгертіп, Белинскийдің осы сөзін айтар едім.

Романдағы жас Абайдың қоғамдық қоршауы, дарынды жастың ішкі сыры-мінездері, ой-тілегінің өсу беті, әр оқиғаны сезінуі мен бағалауы сол жастағы жас Мұхтардың өз өскен ортасы, өз мінезі, өз тілегімен сонша-ақ шектесіп, сонша-ақ іргелес жатқандай көрінеді. Екеуін айыратын нәрсе — мәнмағнасы тұтас өзгерген дәуір, екі түрлі заман ғой деп ұғынамын. Бірақ, мына романдағы Абай жасындағы жас Мұхтардың өзінің ой-тілегінің өсуін алсақ, сөз жоқ, осы романдағы салалармен келеді ғой деймін. Олай болса, Мұхтардың «Абайына» шын мағнасында сын айтуға мен де жүрексінемін. Әлгі айтқан «түсінсем екен» деген ойдан туған өз ұққандарымды айтпақпын дегенім — дәл шыным. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам — сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқалмай кеткен тереңдік табам. Көбінесе, өз шығармаларымдағы кемшіліктерді түсіне түскендей боламын. Мұнымды жалған сыпайылық деушілер болса, «өзің де қайта бір оқып көр!» дегеннен басқа айтарым да жоқ. Өйткені, біреудің тән азығы үшін қазанына не салатынын, жан азығы үшін не тілейтінін тексеру менің жұмысым емес екені рас та болса, тіл алса, «Абай» романын тереңірек ұғынып, бақылай оқығанын мақұл көрем.

Енді менің өз ұққандарыма келетін болсақ, «Абай» романы ең алдымен, ең іргелі жазушымыз Мұхтардың жиырма бес жылға толған жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы сияқты. Әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойларының сарқып құйған шалқары осы «Абай» дер едім. Драмаларында, әңгімелерінде жасалып келген әр алуан образдары, елінің ой-санасын өсіруге арнаған тілектері, бәрі басын қосып осы романда, әбден өңделіп, армансыз айтылған. Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен

ойын, қысы мен жазын, барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана!

Оның үстіне, өткен заман, үлкен бір дәуір, «солай болыпты ғой» деген киіз кітап-жабайы жорамалмен сырттан піше салған тон сияқты емес бұл. Бүгінгі тарих ғылымына сүйене отырып, бүгінгі әділ көзқараспен, бүгінгі жаңа қоғамның тілегіне арнап, болашақ үшін де құны түспес қазына қоры жасалған. Бұл күнге дейінгі көп шығармаларымыз

«Кел кедей, басың қос жалшымен,
Байларды қойдай қу қамшымен»—

деген сарынның аңғарымен ғана жазылып, өткен заманның елдік сырларын, ой өрісін, ол үндерден де алатын өнеге барын аша алмай, бәрін «қарақұлақ» деп, безіп келген. Кезінде дұрыс беттің ел іргесі бекумен бірге жаңа белге шыққанын аңдай алмай қалып, сол сыңаржақтықпен кете бергеміз. Мұнда қазақ тілінің мамандары да болуы мүмкін, олармен қайта-қайта қайталамасаң, қазақша түсінісу қиын екенін ескеріп, жаңағы ойымды қайталай кетейін: «байларды қойдай қу қамшымен» сарынына еріп біз арғы кезде бардың бәрін теріске сайып, безіп келдік. Халық шығармаларын жауып тастап, Абайдың өзін көп қатын алған феодал, аға сұлтан болған Құнанбайдың баласы деп, жиырма жыл бойы маңымызға жақындатпадық. Ал, Мұхтардың «Абай» романы — әрі бүгінгі тілектен туған, әрі бұл күнге дейінгі бұл жөндегі қатемізді түзеп берген бірінші еңбек.

«Абай» романы жаңа ұранмен көтерілетін Аманкелді қозғалысынан бұрынғы үлкен дәуірді, кесек бір кезеңді алады. Бұл патшаға әбден бағынып, елдің ендігі әрекеті сол патша билеген дәуірдің, сол жағдайдың өз ішінен ізделетін кезі. Күркіреуі басылып болған Кенесары қозғалысын қайтадан тірілтем десе, не болмаса, толғағы жетпеген Аманкелді қозғалысын қолдан тудырам десе, Абай тарихи жағдайдан тұк білмейтін, көзсіз надан болар еді. Абайды соған бейімдеймін десе, Мұхтардікі де шындық болмас еді. Ел қамын жеген ойшыл, ақын Абайдың қасиеті оқ жетпес жерге қылыш суырында болмайды. Мұхтардың қасиеті Абайдың жүзін қызарта түсем деп, шындыққа жатпайтын, осы күнгі ауыз оп-оңай айтса да, Абай заманында алты қырдың астында жатқан, жақсы да болса жалған болып шығатын әрекеттерден Абайды аулақ ұстауында. Бұл романның тарихи шындығы! Бүгінгі осында отырған жұрт сөгер-ау деп, романдағы Абай өз тұсына дәл келмейтін бір қимыл істемейді. Бүгінгі жұрт кінәлар-ау деп, Абайдың дәуірі де жалған «революция» жасай-

тын емес. Пісірмей жатып, аса демеген жазушыға алғыс айта да білуіміз керек. Тарихи шындық деп осыны айтамыз! «Абай» романында ел тарихы өзінің дәл шындығымен, табиғи жүрісімен, жазушының қамшылауы арқылы өтірік шоқақтамай, бар аймағымен тұтаса, бар салмағымен қопарыла, ұштаса келе жатыр.

Белинский «Евгений Онегинді» тарихи роман: тарихи роман болғанда халықтық сыр, халықтық мән, бұл шығармада халықтың өзі шығарған халықтық шығармалардың бәрінен де басым»— дейді.

Өйткені, халықтың не жабайы күйін көксей беру, не болмаса бірыңғай ғана ат төбеліндей бір топтың мұңын жоқтағансып, ел өмірінің өзге жағын түгел қамшымен айдап тастау, ол халықтық бола алмайды. Әр дәуірдің бар тобын, бар бейнесін, ой тереңдігін, сезім нәзіктігін, тілек мағынасын тұтас, түгел көрсете алған шығарма ғана шын мағынасында ұлттық, халықтық шығарма болады.

Осы жағынан алып қарағанда, «Онегин» мен «Абайды» салыстырып қарасақ, елдің ашуы мен кегін, ойы мен сезімін, салты мен санасын, әр таптың, әр топтың адамдарының бейнесін көрсетуде «Абай» әрине кең жатыр. Өлеңмен жазылған роман мен қара сөзбен жазылған романның арасындағы айырманы мен ептеп аңғарам. Бұл жерде айтқалы келе жатқаным — «Онегинді» ұлттық, халықтық, энциклопедиялық еңбек» деуге Белинскийге олқы келмеген ең көп дәлелді бізге «Абай» романы анағұрлым артығымен береді.

Әсіресе, баса ескерте кететін нәрсе, Белинский: Онегин қайнап жатқан өмірден, аққан қан, төгілген жастан, зорлық-зомбылықтан аулақ адам. Оның өмірге бей-жай қарауының себебі де сонда,— дейді. Ал, Абай қайғысы, Абай мұңы, Абай ойлары тап осылардан туады. Оның үстіне бұл — романдағы Абайдың жас шағы, алғашқы адымдары екенін және ұмытпауымыз керек.

Сол Белинский — «рас, жеке шабата, қаудыр тонның ой мөлшерімен қарасақ, көп нәрсеге бойлаймыз, шығарманың көп қасиетін таба алмауымыз мүмкін»— дейді. «Олар үшін қара балтамен долбарлай салған бірдеме, қатын-қалаштың шаң-шұңы, мұжықтың боқтасуы, ұлттық қасиет, халықтық мінез болып көрінуі мүмкін. Бірақ, бізді алға сүйрейтін ой осы топтікі болса, онда біз көткеншектей берер едік,— дейді. Шынында да, шыққан табы жақсы, не болмаса, өзі адал еңбекші деп, қатардағы колхозшымен, қарабайыр жұмысшының, не болмаса халықтың қызы деген боп, үй бағып қалған әйелдеріміздің ойларын үлгі көрсек, әдебиет өсе алмайды.

«Абай» романының біздің дәуіріміздегі көп топтардан өресі биік жатыр. Әдебиетіміздің әр саласы ер жетіп, тұтас алғанда мәдениетті әдебиеттің қатарына қосылып келе жатқан кезінде заңды жолмен, кезінде туған, жаңа белді меңзейтін үлкен арналы, мол қасиетті еңбегіміз деп осы «Абай» романын айтуымыз керек. Әдебиетіміздің көркем қара сөз, поэзия, драматургия сияқты барлық саласын түгел алғанда «Абайдай» шығарма бұл күнге дейін бізде болған емес. Бәріміз де жазушымыз, бәрімізде де күндеушілік сезім жоқ емес, жамандағанды ешкім жақсы көрмейді. Бірақ, үлкен істің үстінде, қараулық етіп, көз жұмсақ, ол барлық әдебиетімізге содырын тигізетін қылық болады.

«Зависть родная сестра соревнования, следственно, хорошего роду»,— дейді орыс халқы. «Завидую» дегенді әлдеқашаннан бері жақсы мағынада айтады. Пушкиннің айтқанын қазақшалап — «күндеу-бәсеке»— жарыстың бір саласы» деп, күндеймін дегенді жақсы мағынада ұғынатын болсақ, бәсеке — жарыс арқылы біз де алға қарай тез аттар едік деймін.

«Абай»— қазақ совет әдебиетінде «роман» деген үлкен мағынаға толық жауап беретін бірінші роман. «Абай» романын «Шакір — Шакрат», «Мұңлық — Зарлықтармен» бірге атауға Есмағамбеттің қалай ұялмағанына таң қалам. Бұл мағынада бірінші роман дегенге қызармайық, жолдастар. Пушкиннің алдында орыс халқының неше ақыны, қанша жазушысы жатқанын жақсы білесіңдер: Ломоносов, Карамзин, Жуковский, Державин, Крылов және толып жатқан «мектептер» бар. Орыс әдебиеті дүниелік әдебиет ағымдарының бірнешеуін басынан кешірген болатын. Оның үстіне Италияда бір-ақ поэма бар («Босанған ерусалим»), Францияда біреу («Генриада»), Германияда біреу («Мессиада»), Англияда біреу («Жоғалған жұмақ»), Римде біреу —(«Божественная комедия»), гректерде екеу («Илиада», «Одиссея»), грекпен бірге бізде де екеу (Херасковтың «Руссиядасы» мен «Владимирі») деп орыс халқы дұрыс мақтанатын. Бірақ, «Евгений Онегинді» орыс халқының шын мағнасында бірінші романы деуге Белинскийдің көп дәлелі бар еді.

Өйткені, роман деген үлкен мағнаға бар тұлғасымен толық жауап беретін шығарма сол «Онегин» болғасын айтқан. Мұхтардың «Абай» романы туралы біздің қазіргі жағдайда мен соны кесіп айтамын. Есмағамбеттің роман деп атаған «Көк үйдегі көршілері», «Тулаған толқындасы», «Менің мектептерім», «Балуан Шолағы»— бірнеше рет қайта суарып, қайта пісіруді керек ететін нәрселер. Бұл шығармалардың әрқайсысының өз маңызы, өз орны бар. Әрқайсысының өз ба-

ғасы бар. Бұларсыз «Абай» романы мүмкін, тумаған да болар еді. Осылардың бәрі қосылып, бүгінгі өсіп, ер жеткен қазақ әдебиетін жасап отыр. Бірақ, бұлардың бірі де «Абай» емес, теңдесе алмайды. Ой адал да, тілек олақ орындалған шығармалар бұлар. «Абайдай» шығарма бұл күнге дейінгі бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес. Олай деуге мынадай себептерім бар:

1) Үлкен бір дәуірдің бар тұлғасын, адамдарының ішкі-тысқы ерекшеліктерін, қазақ деген елдің елдік дәрежесі шынында қандай еді, тарихтың қай сатысында тұрған ел еді, осының бәрін «Абайдан» толық көресің, түсінбегенің болса толық түсінесің. Бұл ең алдымен қазақ халқының елдігі, ой-санасы өскен елдігі жайындағы роман.

2) «Абай» арқылы, сол дәуірдің өзін де, ол дәуірдің ар жақ-бер жағын да жете ұғынуыңа болады.

3) Революциядан бұрынғы қазақ халқының әр тобында, қандай жақсылық, қандай бейшаралық бар еді, Мұхтар соны әділ сыншының, үлкен жазушының дәл таразысына салған, дәл көрсете алған.

4) Абайдың жас кезінде суреттеу арқылы, жаңа келе жатқан жас ақын, жас ел қамқорының көріп, бағалауы арқылы бір елдің іші-тысын түгел көрсетіп, болашақ үшін айнымас, бұлжымас қор жасауға тырысқан.

5) Жазушының басынан-аяғына дейін бір мүдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілі, әрі алған тақырыбына лайық, әрі алған адамдарына лайық, ылғи ағылып отырады.

6) «Абай»— әрі шын мағнасында қазақ халқының шын өмірінің шын бейнесін көрсете алған ұлттық роман, әрі мәдениетті елдердің жақсы деген қай романымен болса да салыстыруға болатын роман.

Мінекей, тап осы қасиеттер біздің бұдан бұрынғы әдебиетіміздің ала-құла табылса, «Абайдан» түгел табылады. Әлі орындай алмаған ісімізді Мұхтар орындап шықты.

Белинский былай депті: «Волганың ұлы өзен болғандығы оған кеп барлық тармақтарымен Ока мен Кама өзендерінің құятындығынан екені даусыз. Волганың суын зерттеп, қай тамшысы Окадан, қай тамшысы Камадан екенін айыруға да болмайды. Бірақ, Волганы Камамен теңеуге де болмайды»,— дейді.

Меніңше «Абай» туралы да осыны айтуға болады. Біздің өскен әдебиетіміздің қай саласын алсаң да, «Абай» романы бәрінен де биік, бәрінен де терең жатыр. Бұл қазақ совет әдебиетінің жаңа бигі, жаңа белі.

Бұған таңданатын тағы жол жоқ. Өйткені «Абай» романы үш түрлі үлкен жағдайдың бар кезінде туды: 1) Қазақ совет әдебиеті өсіп, іргесі бекіген кезінде «Абай» заңды жолмен туған роман. «Абай» жаңа әдебиетіміздің жеткен жерінен басталған да жаңа белге шығып аяқталған. Енді сол жаңа биікке шығып алып, бәрімізге де «көтеріл, бері көтеріл!» деп қол бұлғап тұр. 2) Мұнда қазақтың сонша қорлы ауыз әдебиетінің де әсері бар. Бірақ, сол бар күйінде алына салған не бір мақал, не бір мәтел-нақылды «Абайдан» таба алмайсың. Мұнда халық шығармаларының, билер шешендігінің келісімді түрі болса, Мұхтар соған толымды мағына берген: мағыналы ойы болса, келісімді түр берген. Басқа көп жазушыда өз шығармасын ажарлау үшін халық аузындағы мәтел-мақалдарды сол тұрпатымен ала салатын әдет болса, «Абайда» ескі үлгімен айтылған жаңа нақылдар, жаңа ойлар бар.

3) «Абайды» жазғанда Мұхтар өзіміздің ұлттық әдебиетіміздің шеңберінде ғана ойланбаған. Орыс әдебиетінің, орыс тілінде бар дүниелік әдебиеттің тұрғыларынан қарап жазуға тырысқан. Ұлттық әдебиетіміздің өсу тілегі ер жеткен мәдениетті әдебиеттердің сатысына көтере алсаң ғана шешілетінін қолдан келгенше көздей отырған:

Бір жерде Белинский былай дейді:

«Бедна та народность, которая трепещет за свою будущность при всяком соприкосновении с другой народностью»— дейді.

Мұхтар шын мағынасында үлкен бір ұлттық қор қосуға отырғанда тек қана байырғы даңғылдың сорабымен тарта бермей, бүгінге дейінгі дүниелік әдебиеттік жақсы үлгілерімен жазған. Әбден ұғынған, бойына әбден сіңген, әбден сенген үлгілерге сүйенген. Бірақ, ешбір үлгіні көшіріп те алған жоқ, еліктеген де жоқ. Бұл — жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шыққан өз еңбегі! Үлкен шығарма берем дегенде әр жазушының мұддесі осы болу керек. Осыны ұғынсақ екен деп тілер едім.

Күні кеше ғана үлкен бір жазушымыз «Дегенмен «Абайға» еліктеуші аз болады» деді. Бұл дұрыс сөз, еліктеуші аз болады. Бірақ, арман еліктеуде емес қой! Еліктеп Абайға жеткен, Пушкинге жеткен кім бар? Ол былай тұрсын, атақты сыншы Белинский — «ғажайып өлеңмен жазылған «Горе от ума» орыс комедиясының өлеңмен жазылу мүмкіндігін бір-жола құртып кетті!» демей ме? «Грибоедов бастаған істі жалғастырып әкету үшін аса бір кемеңгер дарындылық керек!» демей ме тағы да? Мұндай, комедияның орыс тілінде жазылу мүмкіндігін бір жола құртып кетті деген, өте терең мәні

бар сөз. Міне, дәл бір ғасыр бойы айнымай келе жатқан шындық. Бірақ, бұл Грибоедовқа айтылған кінә емес қой! Бұл оның жазған шығармасының қандай биікте тұрғанын ғана көрсетпей ме? Олай болса, еліктеуші аз болады деп, Мұхтарды қалай кінәлай алармыз?

Осында біраз сыншыларымыз «Абай» тарихи-салт ғұрыптың романы ма, тарихи-қоғам құрылысының романы ма деген сұрау қойып «тарихи-салт ғұрыптың романы» деген жауап берді. Осыған байланысты романның аты «Құнанбай» болу керек деді. Енді осыған келелік.

Мұхтар романын шын түсінем деген кісінің қолына романның кілтін де берген. Бірақ үстірт қарасаң ол кілтті таба алмайсың. Ол кілт мынау:

«Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімнің аттары.

Осыны біріне бірін жалғап, бір саты өтсең, қат-қабат, шытырмандар арқылы, бел-белеске, өрге, қияға шығып келе жатқан Абайды көресің. Бұл — үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы.

Сонымен бірге бұл Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Сонда Абайдың жолы — «Қайтқанда, қат-қабатта, шытырманда, бел-белесте, өрде, қияда болады да, Құнанбайдың жолы —«қияда, өрде, бел-белесте, шытырманда, қат-қабатта, қайтқанда» болады. Бірі көтерілу, бірі түсу-төмендеу жолы. Үшінші, бұл Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы.

Ал осы қат-қабат, шытырман, бел-белес, өр-қияның бірінде қоғам ішіндегі тартыстан тыс жатқан бір әңгіме бар ма? Жоқ. Бәрі де ел ішінің билеу-билену тұрмысынан туып, барған сайын асқынып, шиеленісе беретін тартыс емес пе? Біраз жолдастар кітапқа әр кезде жаңа бір оқиғалар кіріп кетеді де, не адастырып, не солғындатып жібереді дегенді айтысты. Мұның ішінде адастырып кетеді дегені ғана дұрыс. солғындатады дегені түгел қате. Адастырып дегеннің дұрыс екендігі — біздің оқушылардың көбі өз ойынша «қызықты» деген бір ізге түссе, енді содан айрылмасам екен дейді. Ал, тамырласып, тұтасып, үлкен бір таудың әр жотасындай болып жатқан оқиғалардың барлығы бір-ақ идеяға бағынып жатқанын аңғармай қалады. Шынында, «Абайдағы» ас, көш, қонағасы, құдалық, ұрын бару, бәрі де ел ішіндегі қоғамдық шытырмандардың, белдес күрестердің тілегінен туып жатқан,

қазақ елінің өз дәстүріне дәл келетін жиналысы, сөз байласуы, жұрт жинасуы, от тастауы, өрт сөндіруі емес пе?

Еске сала кетейік — Абай мен Құнанбайдың кездесуі, дәуірлеп тұрған әкенің үміттенген баласы Абайға салқын ғана амандасып, жалғыз көзі жақындай берген бес-алты салт атты ру басыларына қарап тұрған кештен басталатын еді ғой? Кітаптың аяғында сол Құнанбай жеңілгендігін әбден сезіп, тұнжырап, күрсініп отырып қалмай ма? «Дөң басында ауыр оймен жалғыз отырып қалған Құнанбай қиналған күйде. Тағы жеңілді. Баладан ғана жеңілген жоқ. Ендігі өмір меңдеп барады. «Әлсіредің, тозарлық шағыңа жеттің» деп, тықсырып кеп шетке қағып барады. Өз баласының аузынан естіген үн, сол бір «дәуренің өтті» деген суық сарынның қатаң лебі еді» демей ме Мұхтар? Ал, бұл жеңіліп отырған жалғыз Құнанбай емес, әсіресе, әке Құнанбай емес, бір дәуірдің үстемдігі, ру жігіне сүйеніп, қазақ елінде сол рудан бөлінетін үстем тап екенін дәлелдеудің керегі де жоқ қой деймін.

Мұхтар Абайдың бұл кездегі өмірін түгелімен ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа құрған. Әлеумет тартысының қай түрін алсаң да, еріксіз әкеліп Абайдың сынынан өткізіп отырады. Романда сала-сала болып келетін тартыстың Абайға соқпай, Абайдың көзқарасын анықтамай кететін бірі жоқ. Абайды өсіретін де, барған сайын қалың бұқарамен, елмен арасын жақындатып келе жатқан да — сол ел ішінің күресі.

Ал, ел ішіндегі қоғамдық күреске Мұхтар қалай қараған? Меніңше, диалектикалық даму теориясына да, елдің өзіне тәндік шындығына да істелген ешбір қиянат жоқ. Мына нәрселерді қайтадан еске алайық:

Кітаптың басында ғой, әлді-белді рулардың ақсақалдарына сүйеніп, екінші мағнада айтқанда өңкей белділер әлсіз руларды жентектеп жатыр еді: жемтік үстінде осы өктем топтың өз арасына кірбең түсіп, ұлғая-ұлғая бұлардың өзі іри бастады. Күрестің бас кезінде аз рулар қарсылығының басында Байсал, Байдалы, Бөжейлер жүретін еді. Кітаптың дәл аяғына жақындағанда халықтық, бұқаралық күреске Сүйіндік, Байсалдар жарамай, ере алмай қалды да, шын-ақ белдескен күреске Әбілғазы, Қараша, Балағаздар түсіп кетті. Екінші, аз да болса өзгерген заманның қолма-қол тартысына жүрексіне қарау Құнанбайдың ойына да орнап қалыпты. Ол енді үстемдік тізгінінен айрылмауды Тәкежанға тапсырды. Бұқара қозғалысы, әуелі танып келіп, аяқтай келе Құнанбайдың өз қорықтарын басып алуға, өзіне қол салуға, малын ұрлауға соғады. Бұл ұрлық емес, Құнанбайдан елдің кегін алу, кеткенін қайтару екендігін әбден ұққан Абай Әбілғазы, Қа-

рашаларды іздеп, Семейге барып, бұл істің қоғамдық шын мәнісін өзі ашып береді. Мұның аты ру деген бір түсініктің өзі әр тапқа бөлініп, Абай жақтайтын қара бұқараның санасезімі жаңа бір сатыға шыққанын көрсетеді. Табы да, тобы да басқа Абай енді сол шын бұқараның сойылын қолына алса, жас Абайға артық қойылатын тілек қайсы?

Осының бәрі «Абай» романын қоғамдық құрылыстың тартыстарын толық көрсететін тарихи роман етеді. Мұхтар алдына қойған нысанасынан таймайтыны сонша, оқушы үшін шын-ақ қызықты Тоғжан, Қуандық әңгімелерін де аяқтамайды. Тоғжан мен Қуандыққа келесі романында да оқта-текте соғып кетіп, жаныңды ашытатынына дауым жоқ. Оны мен де іздеймін. Бірақ, мәні зор ел ішінің тартысынан жазушының алыстамауы, осы беттен айнымауы — бірінші тілек.

«Абай» романында алынған адамдардың бейнесіне келсек, мұнда аты аталған адамның өзін оқшаулап тұратын ерекшелігі берілмей қалған біреуі жоқ. Сүйіндік — жалтақ; Байдалы — табанды, қырыс адам. Бөжей — сыр бермес, Қаратай-жеңген топтың қасында. Құйрығына құмалақ тығылатын Майбасар, Жұмағұл, Тәкежан, Қамысбайлар,— патша үкіметінің жасаған болыстығының маңында болатын мансапқорлар; ол кезде елге жаңа кіріп келе жатқан, аяғы кешегі біз көрген «кансарал» маңайында жүретін адамдар. Зере — ел анасы, Ұлжан — соның жалғасы. Сары апаң — Сәбит айтқандай, мемлекет адамы емес, үстем рудың әрқашан өзімдікі дұрыс деп, қисыны келсе-ақ қарсы дау соғатын кеуделісі. Тағытағылар. Бұлардың бәрінің жиынтығы, сақасы сияқты Құнанбай-сонша сұм, сонша аруақты, сонша бір кесек образ! Абайдың өзін алатын болсақ — бұл бұқара халықтың тартқан жапа, көрген қорлық, төккен жасынан туған, ел тілегіне жаңа жолдар, ел болашағына жаңа бағыт іздеген, әзір таппаған, бірақ қайдан табатынын, дәл сезіп болған, ел басы, замана жасы. Құнанбай — елдің тоқырап қалған, өз биігінен аса алмаған ескі ойы болса, Абай — елдің алысты болжай алған, ілгері сүйреген ойы. Бұл романда жаңа заман адамы Абай ескі дәуірдің адамынан биік емес деген жолдастар жұдырық күшімен, сатырлаған сойыл дауысынан Абайдың айғайы аса алмай жатыр дегенді ғана айтады. Бірақ, Абайдың әр байлауында, әр толғауында жатқан терең мағынаны не ескермейді, не болмаса, оны «оқиға» көрмейді. Ойлы ақын келе жатқанын, жұдырық емес, ой көсемі келе жатқанын, мұның ел бастар күші қара жұдырығы емес екенін аңғармайды.

Бұл жөнде атап айта кететін тағы екі топтың адамдары бар. Біреуі — Тоғжан. Тап Мұхтар жазып отырған дәуірдің

тұсында қазақ елі түгіл, бүкіл күншығысты тұтас алғанда да, талай үлкен адамдардың түсінігі үстірт болатын. Өзгені былай қойғанда, бұқарашыл, демократ, халықшыл, елді өнер-білімге жетелеген Белинскийдің өзі дәл 1845 жылы күншығыс туралы былай депті:

«Күншығыс — адам баласының бесігі, табиғаттың үстемдік алып жатқан жері. Шығыс адамы — табиғат баласы. Бала боп табиғаттың көкірегінде туады да, сол көкректе кәртайып өледі. Шығыс әлі де сол табиғатқа бойсұнған, айуандыққа бейім қалпында. Шығыста ғашықтық деген өзінің ең төменгі басқышында мәңгі бекіп, қалып қойды. Шығыста ғашықтық деген табиғаттың негізгі заңы бойынша, әйелдің еркекке, еркектің әйелге құштарлығы — екі жыныстың болашақ үрім-бұтақтың тоқталмауын ойлап, сұқбаттасуы». Осыны айтқан Белинскийден сол кезде, қазақ халқы туралы не ойлайсың деп, сұрай қалсаң, сөз жоқ бұдан да сорақы бір нәрсені айтар еді.

Абай мен Тоғжан арасындағы сүйіспеншілікті сонша нәзік, сонша таза, сонша терең етіп берген Мұхтар бұл жерде қазақ елі сияқты елдерге сырттан жабылған жаланы да сол бір қысқа ғана суретпен аршып тастайды. Әңгіме, бұл жерде ғашықтық жайында емес, қазақ халқының сезімінің қанша нәзіктігі, тереңдігі жайында екенін айтпаса да болады ғой деймін. Бірақ, бұл өте маңызды нәрсе. Ой тереңдігі, қоғамдық тартыстардың мәнділігі, сезімнің нәзіктігі, бұлар бірі мен бірі толықтанатын, бірінсіз бірі шындық болмай шығатын мәселелер. Тоғжан образына жеке тоқтап жатқан себебім де осы.

Енді бір тоқталатын топ — Балағаз, Қараша, Базаралы, Әбілғазы, Дәркембай, Каумендер. Ел-ел дейміз де, елдің тілегін жаңа кезеңде жаңаша көтеріп атқа мінген жастарын ескермей кетеміз! Шынында ел арасындағы ендігі тартыстың бұқаралық тобының алдында байға еріп жүретін осы топ емес пе? Жазушыға әр сөзіне бір қарауыл қойып, әр ойыңды салақтатып айт демесек, бұларды көрмей кету лайық емес. Манағы айтқан, Құнанбай түсіп бара жатқан сатымен Құнанбаймен бірге құлдилап, Сүйіндік, Қаратай, Байсалдар төмен кетіп бара жатса, сол сатымен Абайға еріп етектен қияға қарай Балағаз, Қараша, Базаралы, Әбілғазылар шығып келе жатыр. Жаңа мазмұнға көшкен күрестің бірінші айқасы Балағаздардың жер аударылуымен аяқталды. Сонымен бірге олардың түп қазығы, ой ордасы Абай Семейге орнап, бұрынғысынан да күшейе түскелі тұр. «Жеңдік» деген тобы жеңгеніне сене алмай алақ-бұлақ етумен қалып барады. Ал,

Балағаздар қыл жалы тікірейіп, айбар шегумен кетті. Бұлар бұдан да күшейе түседі, бұл топ өсе түседі.

Он жылдық өмірдің ішінде үстем бір топтың жүні жығылып әлсірей бастағанымен, үнсіз топтың, бұқара көпшілігінің үстем топпен қарсыласуға жарап қалғанын көрсете алған романға бұл жағынан қояр кінәм жоқ.

Романның басты міні, үлкен кемшілігі деп мен мыналарды айтқым келеді:

Ел бойынан арылмаған әлі де көп тағылық барын сипаттайтын біраз нәрселер бар. Олар Қодар мен Қамқаның түйеге асып өлтірілуі; оларды таспен ұрып, тағы жандардай жаныштаулар. Және елдің ендігі сапы деп саналатын екі жас жігіттің келіншектерін айырбастасулары.

Елдігі белгілі бір жоғарғы сатыда тұрған халықтың барлық бас көтергені, өз дәуірінің ақыл-ойы, саналысы саналған адамдардың күнәсіздігін біле тұра бір момын жан Қодар мен күнәсіз Қамқаны сонша өрескел түрде езгілеп өлтірулері, жалғыз Құнанбай тобына емес, ел атына да үлкен мін келтіреді. Оның үстіне, әлсіз рулардың жерін тартып алу үшін Қодар өлімінің Құнанбай үшін керегі жоқ. Сол оқиғадан кейін, Бөкенші, Борсақ, Жігітектің жайлауы мен қыстауларын тартып алғанда Құнанбай көзі тірі екен деп ешкімнен именген жоқ қой! Құнанбайдың именгені сол Қодар болып па?

Құнанбайдай әкім шыққан, Абайдай ақын шығарғалы келе жатқан елге, ой-санасы, ішкі сезімдері жоғарғы бір сатыда тұрған елге тап осы қылықтар лайық емес. Мұндай қанды оқиғалар болмапты, болуға мүмкін емес демеймін. Елдің әдеті емес деймін. Осы бір тым өрескел қылықтар елдің елдік қасиеттерін басқа жағынан қанша көтере көрсетіп келсең, соның барлығын бір-ақ сайып жібереді деймін. Әсіресе, басқа тілге аударылғанда — «Е, еліңнің шын мінезі осында ғой!» дегізе алады. Бұлар сияқты сыртқы әсер емес, ішкі терең сырларға құрылған романға, мұндай ұр да жық оқиғалар керек емес сияқты.

Романның ішінде антұрған Оспан өрескел бір қылық көрсетіп әдейі әкесіне естірте «тырқ» еткізгенде отырған жұрт:

Қап, мынау абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау десіп қалады. Сол сияқты, Қодар мен Қамқаның түйеге асылып өлтірілуі, екі жас келіншекті қимау жоқ, шіміркену жоқ, айырбастаса салулары, елдің көп абыройын бір-ақ төгетін қылықтар деймін.

Ұсақ-ұлан кемшіліктерден мыналарды атар едім:

1) Тоғжаннан кейін Ділданы алғаннан кейін, Абайдың Қуандық қызға оп-оңай айқаса кетуі арзан мінезге жатады.

Меніңше, бұл екеуінің арасындағы жақындық шегі — оқтанып барып, тоқтау, қақтыға жаздап шалқайып кетуден әрі кетпеу керек сияқты.

2) Мұхтар романында «Құнанбай ылғи орағытып, тұспалмен сөйлейді, ұтқыр сөйлейді, өзі айтып, өзі кесіп, басқаларды тек еріксіз мойындатады» деп келеді. Бірақ, Мұхтардың осы бағасына лайық сөздер, шешендік тұспалдар Құнанбай сөзінде сонша мол емес. Құнанбай сөздері көбінесе істер ісінің жабайы түрін ғана сипаттай алады. Ұтқыр мағнадан гөрі әкімшіліктің тізесін, күшін көрсетеді. Мағына жағынан Байдалы мен Сүйіндік, Бөжей сөздері астарлы жатады. Мен Құнанбай айтар сөздерді әр жерінде өндей түсу керек дер едім.

3) Бұл романда Мұхтар біріне бірі ұқсас ру, қыстау, жайлау аттарын көп қолданады. Романның қоғамдық тартыстары ру жіктерімен байланысып жатқан кезде бұлай ету орынды да, керек те. Ал, келесі романда, әңгіме таптық, топтық мағынаға көшкенде бұл жағы азаюға тиісті.

4) Мен Мұхтардың «Абайы» қазақ тілінің өңделуіне, әр сөз өзінің дәл мағынасын тап басу жағына, сонымен бірге көркем айтылуына өте үлкен еңбек сіңірген дегенді айттым. Басынан-аяғына дейін бір мүдірмейтін әрі ойлы, әрі көркем тілі құйылып отырады дедім. Мұхтар қазақ тілін байытамын дегенде тек қана қазақ сөйлемінің ізімен кете бермеген. Кейбір ойларын орысша сөйлем құру жолымен де жазған. Бұл әбден дұрыс. Ешбір тіл өз шеңберінде ғана өсе алмайды; екінші, тілдің өсуі ойдың өсуімен байланысты. Бірақ, Мұхтар да бұл жөнінен анда-санда сүріне отырыпты. Мысалы:

1) «Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған» (30),

2) «Қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды» дейді Мұхтар. Қодар туралы «өмір мен уақыт бүлдірген бір кәрі» дегені қандай жатық, қандай тән сөйлем болып естілсе, «бетегемен жайнаған», «көкшіл түстермен құлпырып жайнайды» деген сөйлемдер сонша аударма тіл, орысшадан аударма тіл сияқтанады.

«Осы сөз бүгін де Қодарды ызамен қайнатты» (33).

«Өзге отырғандардың барлығы сөздің салмағы мен түйінін өз арқаларынан сезгендей боп...» (20).

«Осының бәрі, өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын» (23).

Осы сияқты сөйлемдердің анда-санда кездесіп отыратыны бар. Әрине, бұл — орысша ойлап, қазақша жазғандықтан туған, аударма тілдің әсері. Романды бұдан тазарту керек, ол және оп-оңай. Осы ойларды қазақша сөйлем құрылысымен

айтудың түк қиындығы жоқ. Осылары болмаса Мұхтардың тілі, тілінің көркемдігі, мағыналылығы туралы: «Цицеронға ешнәрсе қосуға болмайды, Демосфеннен ешнәрсені алып тастауға болмайды»,— дейтін Европаға түгел белгілі мәтелді айтар едім.

Абайдың өзінің идеялық өсуі жөнінде Есмағамбет бірекі нәрсеге ренжитінін айтты: 1) Құнанбай Қарқаралыға мешіт салдырғанда Абай соған қарсы болмай, мешіттің игілікті бір іс екендігін жақтау керек еді, дейді. Бұл пікірді дәл мағынасына жеткізіп айтсақ, Абай дінді жақтау керек еді деген болып шығады. Ойы дұрыс па? Әрине, қате. Күні бүгін мешітке, дінге еркіндік беріп отырсақ, ол Маркс пен Ленинніңдін туралы айтқандарын қате деп танығандық емес. Ол қазіргі халықаралық саяси жағдайдан туып отырған нәрсе. Тегінде, атам заманғы жайларға апарып, бүгін ғана туып отырған қағидаларды жапсыра салудың өзі — өте бір келіспейтін қылық. Және, романдағы Абай Құнанбайдың мешіт салғанына ешбір қарсылық еткен жоқ, тек қана, құдай үйі, адал тілек тілейтін, ойымды күнәдан аршимын деген жері — мешіттің қайдан түскен малға салынып жатқанын білді. Адал жары, ілгері тілеуі Ділда мен құдай делінетін мешіттің парадан түскен малға келіп жатқанына қынжылады емес пе? Мұны істемесе, бұған қынжылмаса, Абайға біз өкпелеуіміз керек емес пе?

Есмағамбеттің екінші кінәсі — Абай Алшынбайдың той жасағанына наразылығы, елдің дәстүріндегі сән-салтанатына қарсылығы жоқ. Ата салтымен істелетін істердің бәріне көніп, құшынаштай киініп, үн шығармас күйеу халінде тұрған, сыпайылықтан аса алмай тұрған ғана Абай бар. Ол аз болса, Қаракесек елінің әдеті бойынша — Алшынбай тойында табақты жайқалған жорғамен жүріп тарту сияқты, шын-ақ салтанатты көрініс өз еліне ала келіп, Бөжейдің асында өзі соны істейтін Абай бар. Қысқасы, «мен жаңа адаммын» деп, елдің жақсы салтына, әдет-ғұрпына адырлық істеп тап беріп, шолақ белсендіге ұсап шап беріп жатқан Абай бұл романда жоқ.

Тағы бір бүгін туған ойды өткен күнге апарып, қалай болса солай жапсыра салып жатқан нәрсе «мемлекеттік адам» мәселесі. Есмағамбеттің түсінігінше — «Алшынбай ел қамын жеген, ел арасының дәнекері, жалпы қазақтың мұңын жеген адам». «Құнанбай — Иван Грозный». Мұның екеуі де қате. Алшынбай билердің ішіндегі ең жемқоры, патша билеуіне, тақыс-айласына әбден құныкезденіп алған, Құнанбайдың табақтасы! Ол Бөжейлер мен Құнанбайды татуластырса, Құ-

нанбайдың ғана туы қисаймауын көздейді. Бөжейге үш жасар Камшатты алып беріп, дәнекер жасаса, мұнда тұрған қандай әділет, жалпы қазақтың мұңын жегендік бар?

Екінші, Құнанбайды Иван Грозныйға теңей салу әрине қате. Құнанбай қай жағдайда болса да ел ісінің бір тізгініне әбден ие боларлық, мейлінше қажырлы адам. Бірақ, Иван Грозный орыс халқының басын қосқан, елдігін жасап берген адам болса, Құнанбай бұл ойдың маңына да бармайды емес пе? Туысы үлкен адам, бірақ Грозный емес ол.

«Абай» романында трагедия, драма жоқ деген де жеткпей айтылып жатқан сөздер. Жеке қара бастың драмасы мен трагедиясын іздесең — ол әке мен баланың арасында, Тоғжан мен Абайдың арасында ең терең драмалар, трагедиялар жатыр. Мұхтардың бұл жаққа тым тереңдемегенінің өзін дұрыс деуіміз керек. Өйткені, оның есесіне ел ішінің трагедиясы, бір жағында зорлық көріп жатқан қалың ел, бұқара, бір жағында сол зорлықтың қақ басында отырған туған әке, Абай үшін аз трагедия ма екен?

Менің ойымша, Абай келесі романда да осы ел ішіндегі тартыстың басында болып, қашан да ел трагедиясының, елдік драмалардың ортасында болуға тиісті. Оның үстіне, Абайдың өзін де періште етіп көрсетудің керегі жоқ. Өз табынан, өз тобынан оңай ғана ажырай салып, қызыл айғайға баса жөнелмей, қансырап айырылысып, қинала толғануға тиісті. Абайдың қасиеті өз табының тілегінен көп қиналыстар, толғанулар, тәнге-жанға түскен жаралар арқылы жыртылып айрылуында, өз заманынан биік тұруында. Өзгені былай қойғанда Абайдың өз қара басындағы қайшылықтарын да көрсете жазу керек. Абай өз тобының үстем халімен де қиыспай айырылатын болсын, қиналып айрылысуға керек. Оның үстіне, Абай жалпы адамшылықты сүйетін болсын деген пікір тағы шалағай ұғыныстан туған нәрсе. Есмағамбет пен Хажым «Абай Сен-Симон, Фурье сияқты ең алға сүйреген ойдың, адамшылықты сүйген ұлдарына үн қосты, солармен ұрандасты» деп қойыпты әдебиет кітабында. Бұл әрине әрі жалған, әрі Абайды мақтаймыз деп даттап алғандық. Барлық ер жетіп, нығайған философиядан Абайдың тапқаны утопия болса, Абайдың қасиеті қайсы? Менімше, Абайдың осы келе жатқан беті әбден дұрыс: әуелі әлсіз руларға бой тартып, ойы өсе келе сол рулардың ішінен қалың бұқара тілегін көтеріп атқа мінген, жаңа тілектің жастарын қасына топтап келеді. Бұлар әрине революция жасамайды, бірақ, қалың бұқара тілегінің қорғанышы бола алады. Бұлар, өсе келе, келер бір заманда, келер бір буыны ұлттық қозғалысты

Октябрь революциясына жалғастыра алатын дәрежеге жетеді.

Манадан бергі шашыранды түрде айтылып жатқан пікірлерімді жинап көрсем «Абай» романы туралы мына пікірдемін:

«Абай» романы бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі: бұл — «роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман; «Абай» шын мағынасында Европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман.

«Абай» тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағнасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алатын роман. Ел өмірін көрсетем деген еңбектер, қай дәуірді алса да, осындай терең, осындай шын, осындай ақылды, осындай нәзік сезіммен жазылатын болсын.

Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін!

Март, 1943

АЙТЫС ҚАТАРҒА ҚАЙТА ҚОСЫЛДЫ

I

Қазақ халқының басынан кешкен қай дәуірін алсаң да, ақын сөзі ел ісінің туын көтеріп, дем беріп келгенін көреміз. Алыста қалған арғы замандарда туған салт жырлары мен батырлық және ғашықтық жайындағы мол қорды сақтап қалып бізге жеткізген ел ақындары. Зырлап ғасырлар, сырғып замандар өтті; ел қалды да, ел үшін айтылған ақын сөздері қалды.

Қазақ халқының ұлттық болашағын ойлап, өз алдына іргелі ел болып, ешкімнің босағасына телмірмеуін көздеген басшылары қай заманда да ақын сөзіне қатты сүйенген. Ең алғаш қазақ халқының басын қосып өз алдына мемлекет етуді арман еткен. Әз Жәнібек пен Қасым хан Асан Қайғы сияқты болашақты болжай білген ақын атамызға сүйенеді. Аблай тұсында Бұқар жырау, Исатай бастаған ұлт бостандығының күресінде атақты Махамбет ақын жұртшылық күресінің басында болды. Кешегі большевик батыр Аманкелдінің қасында топтаған ақын-жыраулар жүріпті.

Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының негізгі жобалары да ақыннан шыққан тақпақ сөзбен, өлеңдік өлшеумен айтылған. «Қасым ханның Қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп келетін тақпақпен айтылған мақалдар осының сарыны.

Мұнда әрине, бірнеше себептер бар. Ең алдымен, қазақ елінде ақынның өте беделді болғанын көреміз.

Аблай мен Кенесары шақыртқанда бармай қалған ақындар, сол беделіне сүйенеді де дәл салмақтастар күн туып қалса, қазақ елі атақты ақындарын хандарына да айырбастай

қоймаған. Сондай беделді ақынның аузынан шыққан сөзге де жұрт тұтас қол қоятын болған.

Екінші бір басты себеп — жазу-сызудың жоқ кезінде, жеке бір іске толғанып айтылған кесімнің жалпы заң сияқтанып қалуы керек болса, ондай кесім ойға нық қонып қалатын тақпақ түрінде айтылған. Осы күнге дейін аттары ел есінде сақталып келген билердің қасиеті сол көркем сөзінде, Әйтпесе, әділ айтылмаған биліктер толып жатыр.

Сонымен, ақын сөзі — көркем сөз қазақ халқының тарихи өмірінде үлкен орын алған. Ақын сөзі ұл туса бесігінің қасында, ер өлсе қабырының басында болды.

Ел ісінің басы-қасында ақын сөзінің өктем түрде бірге жүруі сонау Асан қайғыдан басталып, күні бүгінгі Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубайларға дейін келе жатыр. Бұл біздің ұлттық дәстүріміздің бір түрі.

Ақындардың ел ісіне өктем түрде қатынасуының бір түрі айтыс деп аталады. Бұл жер жүзінде қазақ халқынан басқада жоқ нәрсе. Көрсетсек — түсінуі, ұсынсақ — алуы қиын емес, бірақ, бұл күнге дейін басқа елдердің бірінде де болған емес.

Айтыс екі ақынның, я болмаса, бірнеше ақынның өлеңмен айтысулары қазақ ауыз әдебиетінің әрі әсерлі, әрі мол бір саласы. Айтыстың көздеген бағытына қарай түрі де бірнешеге бөлінеді. Қыз бен жігіт айтысы, екі ақынның өзара айтыстары, я болмаса, олардан анағұрлым мағыналы — екі елдің ақындарының айтысы. Әсіресе, айтыстың соңғы түрінің жұртшылық ісіне әсері үлкен еді.

Қазір Қарағанды облысында басталып, бүкіл Қазақстан көлемінде үлкен қозғалысқа айналып отырған ақындар айтысы жұртшылық ісіне әсер ету сияқты үлкен тілектен туған, үлкен мағналы іс. Айтыстың бұл жағы бұрынғы ақындарда да кездескенмен өз алдына бір сала болып, өрістей алған жоқ-ты. Заманы қабағын түйе түскен сайын бара-бара өзара айтыстардан да шығып қалған. Өйткені, ол — аямай сынау, ауырады екен демей мінеуден ғана туатын. Ал, ел билеген азулы аталар мен патшаның ала мойнақтарына соқтыға беру жыл озған сайын кінараты мол іске айнала беріп еді.

Біз білетін айтыстардың ең үлкені Біржан мен Сараның айтысы. Арғын мен Найманның елдік намысына тиетін көп нәрселер сонда айтылады. Ол өткен ғасырдың орта кезінде болғанын ұмытпасақ, оның бер жағындағы айтыстардың жұртшылық ісіне арналған маңызы бірте-бірте әлсіреп, сөне береді. Түрі қалады да, салмақты мазмұны жойылады. Халықтың дәстүріне кіріп, қанына сіңген үлкен бір сынның құйрық-жалы күзеліп, құнсыздыққа айналады.

Қарағанды ақындары айтысты қайтадан қатарға қосып отыр. Мұнымыз, ауыз әдебиеттің көптен бері ескерусіз қалған үлкен бір саласын қазір бүкіл Қазақстан ақындарының арасындағы үлкен қозғалысқа айналдырып, бұдан былай кідірмей өсе алатындығын бір жола дәлелдейді деген мағынада ғана дұрыс болады. Шынында Қарағанды ақындары айтысты тек қана қатарға қосып отырған жоқ, жұртшылық ісіне арналған жаңа мазмұнда, үлкен мағнада, бұрын болмаған, совет жағдайында ғана өріс алуға мүмкіндігі бар жаңа саланы тауып отыр. Қарағанды ақындарының айырықша еңбектері де осында. Кейбіреулердің бұл айтысқа селсоқ қарайтындығы — ақындар айтысының осы сырын жете түсіне алмауларында деуіміз керек.

Айтыс — көпшілік арасындағы үгіт жұмысының мықты бір тармағы болып отыр. Бейнелеп айтылған ақын сөзі ойға шегедей қағылады, ойда ұзақ қалады. Нағыз бір жетесіз жан болмаса, бүйірі қызбай, намыстанбай қала алмайды. Өндірісі ақын сынына алынған жұмыскерлер, я болмаса, колхозының міні ашылған колхозшылар, өз қарабасының міні шыққандай ұялады. Мінді жоюға тырысады.

Айтыс — ақындар қатарын молайта түсуге де, екшеуге де жол ашып отыр. Бұл күнге дейін қалтарыста келген Қайып Айнабеков, Сәби Әзденбаев, Көшен Елеуов сияқты ақындарымыз Қарағанды айтыстарының үстінде өздерін жұртқа да көрсете алды, өсіп те қалды. Басқа реттерде көптің бірі сияқты болып жүрген ақындардың ішінде шаршы топқа түскенде құлаштай алатындары барлығы да сол айтыстарда көрінді. Шашубайға төтеп бере алған Көшен, іргелі ақын Сәби мен Ильясты жеңген Қайып бұл айтыстарға дейін көріне алмай, елеусіз жүріп еді.

Айтыстың іргесі кеңейіп, Қазақстанның барлық облыстарында да жүре бастағалы, «отырып қалған» талай ақындар домбыраны қолға қайта алғанын көріп отырмыз. Бүкіл республикалық айтысқа сыры кетсе де сыны кетпеген талай тарландар келуі мүмкін!

Сөз жоқ, жаңа басталған істе кемшіліктер де аз болмауы мүмкін. Айтыстың негізгі іргесін жаңа қадап жатқан ақындардың жөппелдемеде мәнін келтірсе де, сәнін келтіре алмай қалғандары да бар. Дағдылана келе айтыстың түрін де құбылтуға болады. Мазмұнға сай — әсер, түр, әртүрлі өрнектер табу керек. Атақты ақындарымыздың, әсіресе Біржан мен Сараның шеберлігін тексеріп, үйрену керек болады.

Ол алдағы күннің ісі.

II

Дүние көрмеген, тарих білмеген, өлшеусіз ауыр соғыстың кезінде көп ұлтты, бір тілекті совет елі өзінің рухани байлығының да түпсіз терең, сарқылмас мол екендігін көрсетті. Адам баласының бүгінгі күні мен барлық болашағына жендеттей тиген Гитлерді өзі қазған орына құлатып, өз қанына тұншықтыру үшін ел байлығын да, ой байлығын да түгел салды. Партияның данышпан ойынан туған бұлжымас болжаулар бойынша біздің Қызыл Армияның жауға көрсеткен қайсар қарсылығы ұзамай батыл шабуылға айналып, бүкіл дүниеде қорқып, бұғып қалған елдердің есін жиғызды. Соғыс гүрсілінен құлағы тұнып, өктем шапқыннан есі шығып кеткен елдер қазір бойын жинап күреске бас көтерді.

Совет елінің алдыңғы саптағы ақын-жазушылары қазір дүниеге осынша бүлік салып, қала мен даланы қаракүйедей жалап, қырғынға ұшыратқан Гитлерге тарих кесімінің қалай жазылуын ойлау үстінде. Өйткені, Гитлер мен оның қандыауыз ұяластарына дүние білетін жазаның қандай ауырын берсең де, олар істеген қылмыстың миллионнан біріне өтеу бола алмайды. Ел біткеннің елдігін, адамның адамдығын, әйелдің аналығын осынша қорлап, осынша таптаған Гитлердің аршылмас қылмысы мәңгі-бақи өшпейтін болып қаратақтайға жазылып қалуы керек. Ол кесімнің әр сөзі кекке толы жүректен жалындап шыққан жан сөзі болсын. Мұндай шексіз зұлымдық есігін біржола жаба алсын. Бүкіл дүниені қылмыс тұтқыннан босатуда өз елінің қандай үлкен тарихи орны барын жақсы білетін біздің жазушыларда Ұлы Отан соғысына қолдан келер жәрдемді түгел беруден басқа ой жоқ. Майданда жауынгерлермен, елде еңбек ерлерімен бірге аттану, совет ақын-жазушыларының азаматтық парызы.

Міне, осы міндетін жақсы ойлай алған қазақ халқының ақындары заман тілегінің биік шыңына өрлей алды. Халықтық поэзияның алыбы Жамбыл мен оның үзеңгілес серіктері Нұрпейіс, Доскей, Шашубай, Нартай тағы басқаларының айбынды жырлары майданның алдыңғы қатарында жаумен жағаласып жүр; елде еңбек адамдарын қолтықтап, өндіріс істеріне дем беріп жүр.

Қарағанды ақындарының бұрынғы табыстарына үлкен бір жаңалық жаңа бір іс тағы қосылды. Ол — ақындар айтысы.

Ақындар айтысы — қазақ халқының дәстүріне атам заманнан бері сіңісіп кеткен, ел ісіне үлкен әсер ете алатын, жақсылықты көтеріп, жамандықты мықтап міней алатын нәр-

се. Бұл ауыз әдебиетінің ең бір өткір түрі. Айтыстың өзіне ғана тән ерекшелігі ел мақтанар, аброй әкелер істерді қанша мақтаса, елдікке мін келтірер қылықтарды сонша аямай түйрейтін, әр елдің ұят-намысына тиіп, жүгенсізді ауыздықтап, қисықты түзетер кезі болатын. Әрине жүгенсіз бен қылықсыз байлар мен патша қойған төре-шөрешенің арасында көп болғандықтан, айтыстың өткір найзасына осы топ көбірек ілінетін. Сондықтан, айтыс ұзақ уақыт құғынға түсіп келіп, өткен ғасырдың аяқ жағында мүлде сөнуге айналып еді. Ұсақ-ұлаң, дыр берме, жеке айтыстар болмаса, бұрынғы үлкен айтыс жабылып қалған. Ал, совет дәуірінде талаптану болғанмен, аяқтанып үлгіре алған жоқ-ты. Осындай қоғамдық істерге әсерін тигізе алатын үлкен айтыс қазір Қарағанды облысында қайтадан туып отыр.

Ақындар айтысының басқа жерде емес Қарағанды облысында қайта туып, тез аяқтанып кетуінің бірнеше негізді себептері бар. Орталық Қазақстан деп аталатын кең Арқа осы күні түгелге жақын осы облысқа қарайды. Елдің арғыдан келе жатқан ұлттық мәдениеті осы орталықта көбірек сақталған. Басқа облыстармен салыстырғанда мұнда халық ақындары да көп. Басқа облыстардан бүгінгі шаруашылық-мәдениет жайлары да анағұрлым басым. Оның үстіне айтыстың қазақ халқының арасында қандай мәні барлығына облыс басшыларының қатты көңіл аударғандығы жаңа басталған істің тез марқаюына керекті жағдайлар жасады. Сонымен ақындар айтысы бұл облыста көпшілік-үгіт жұмысының белді бір тарауына айналып отыр.

Екінші бір айта кететін нәрсе, ақындар айтысы ұлттық түрге социалистік жаңа мазмұн таба туды. Бұлардың көтере айтатындары елдің байлықтары, аз уақыттың ішінде құрылған өндіріс алыптарының үздік ерлік істеп жүрген озық адамдары, Ұлы Отан соғысына керек қару-құралдардың әрі мол, әрі тез өндірілуі жайлары. Айтыстың аямай мінейтіні — елде болсын, өндірісте болсын орын теуіп келе жатқан кемшіліктер, істегі желбуаздық, салдыр-салақтық жақтары.

Бұл облыста айтыс кең өріс алды. Ең әуелгі айтыс он үшінші июнь күні Қарағандының екі үлкен шахтасының арасында өтіп еді. (Қайып пен Ілияс ақынның айтысы). Соған ілесе Нұра мен Шет аудандарында колхоздар арасында айтыс өтті.

Августың он төрті күні Қарағанды мен Балқаш ақындарының айтысы болды. Августың аяқ кезінде Қарқаралы мен (Қайып) Нұра (Сәби) аудандарының арасындағы айтыс басталады. Ақындар айтысының бүгінгі іске қандай әсер бере-

тіндігін көзімен көріп отырған Қарағанды ақындары Қызылорда мен Семей облысының ақындарын айтысқа шақырып қойды. Қазір ол шақыруды қабыл алып, олар да әзірленіп жатқан сияқты. Әуелі облыс көлемінде бірнеше айтыс өткізгелі жатқандарын Қарағанды да хабарланып отыр. Сонымен, Қарағанды облысында қайта туған ақындар айтысы қазір бүкіл республикалық көлемге қанат жайып кетті. Ақындар еңбегінің бұл түрі бұдан да кеңейіп, бара-бара өте үлкен маңана табатынына ешкім шүбаланбасқа керек.

Ақындар айтысының бүгінгі жағдайда өте үлкен мәні бар. Айтыс тілі құлаққа дәл тиеді, ойға дәл қонады. Оның үстіне ұзақ уақыт есінде қалады. Ақын тілімен бетке айтылған мін басылған таңбадай болады. Ел тіліндегі теңеулер арқылы дәл айтылған сын еттен өтіп, сүйекке жетеді. Намысты қозғайтын Біржан мен Сараның, Шөже мен Кемпірбайдың, Құлманбет пен Жамбылдың айтыстары осы күнге дейін жұрттың есінде қалған себептері де осында жатыр.

Қазақ халқының тарихында ақындардың орны өте үлкен. Сонша бай, сонша әсерлі батырлар жырын, ғашықтық жырын бізге дейін сақтап келген де осы ақындарымыз. Өткен замандарда қазақ халқының басын құрап, өз алдына ел етем деген көсемдері де ақын жырына қатты сүйенген. Өйткені, олар ақын сөзінің ел ісін басқару үшін қандай тіреу бола алатынын жақсы білген.

XVI ғасырда қазақ халқының ұлттық туын көтеріп, өз алдына ерікті ел етемін деп талаптанып, басын құраған Әз — Жәнібек пен Қасым хан атақты Асан Қайғыға сүйенсе, он сегізінші ғасырда Аблай хан Бұқар жырауға сүйенеді. Әрдайым ыдырап кетуге әзір тұрған рулардың арасына дәнекер бола алған ақындар елдігіміздің сақталып қалуына үлкен еңбек сіңірді. Исатай бастаған қозғалыста Махамбет ақынның қандай еңбектері барлығы өз сөздерінен-ақ көрініп тұр. Бұл ақындар сол қозғалыстардың желбіреген туы, от жалынды екпіні сияқты. 1916 жылғы қазақ халқының бостандық күресін бастаған Аманкелді батыр да қасына халық ақындарын жинаған. Солардың бірі осы Омар Шипин.

Айта берсек, қазақ халқының қашаннан бері келе жатқан әдет заңы билерінің кесімі, мәтел-мақалдары, жұмбақтары, бәрі де тақпақпен, жырмен — ауыз әдебиет өрнегімен айтылған. Баспасөз жоқ заманда, есте қалауға оңай болсын, бұзылмасын деп әдейі осылай жасалған. Сондықтан да «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» ел ойында осы күнге дейін сақталып келді. Ғасырлар өтті, әміршілер өтті, ел қалды, ақындардың жыры қалды. Өзінің елдік бостандығы

үшін үздіксіз күресте келген қазақ халқының ерлігі ақындар арқылы белден-белді, ғасырдан-ғасырды аттап өтіп, бізге жетті.

Қазіргі дәуірінде жаңа мағана тапқан ақындар айтысы, сөз жоқ, үлкен орын алады. Соғыс кезінде өндірісті алға сүйреп отырған ерлерді барлық ел алдында мақтап жырға қосса, барлық кемшіліктерді де бүкіл ел талқысына салады. Бұл жөнінде ешбір жақсы баяндама ақындар айтысымен теңдесе алмайды, ақын сөзіндей ойға шегеленіп қала алмайды. Шын мағанасында халықтың өз ойынан шыққан, ақыны айтқан шындық нысанаға дәл тиеді. Ақындар айтысы неғұрлым қалың бұқараның арасында кең өріс алса, солғұрлым ел ісіне тиетін әсері де күшейе береді.

Қарағанды — Балқаш ақындарының айтысы, екі алыптың өміріндегі көп кемшіліктерді ашты. Қарағанды ақыны Көшен Елеуов, Балқаш ақыны атақты Шашубай Қошқарбаев, айтыстан 15—20 күн бұрын Қарағанды — Балқаштың істеріне танысып алып, өз көздерімен көрген, өз ойларына ұнамаған нәрселерді мінеді. Өндірістің озық адамдарына тұсау салып отырған қырсыз басшылардың кемшіліктерін ашты. Партиямыздың Шығыста көмір мен темір ордасын жасайық деген нұсқауы бойынша аз жылдың ішінде етек жайып, жоғары өрлей жөнелген алыптар бүкіл Қазақстанның көркі екендігін жырлады. Қазақстан Ұлы Отан соғысына қанша мол жәрдем беріп отырса, соның ішінде көмірлі Қарағанды мен мысты Балқаштың үлкен үлесі барлығын көрсете алды. Сонымен бірге, өндіріс белі бекіген сайын, отанымыздың алдындағы борышы да есейіп, жүктері ауырлай беретінін атап ескертті. Ұлы Отан соғысының тұсында еліміз тілейтін жаңа белдерге көтерілуге шақырды.

«Советтік Қарағанды» 1943 жыл, 27 август.

III

Қазақтың ұлы ақыны Абай:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең»—

дейді.

Ер қазақ халқының талай ғасыр, талай белге созылған елдік күрестерінің қандайын алсаң да, ақын сөзі — өлең, соның бәрінің басы-қасында болып келді. Елдік мінез, ерлік іс-

тердің ізіне қылау тұрғызбай, күні бүгінгі бізге дейін сақтап әкелген де қазақтың халық ақындары.

Сонау буалдыр шалған арғы замандардан бастап күні бүгінге дейін, сан-сапалақ сыртқы жаулармен алысқанда қатқабат ерлік көрсетіп, жұбын жазбай, қаз-қатар тұратын қазақ батырлары жайындағы мол жырды жазған да, жазатын да сол ақын, жазушылар. Қысқасы, ақын сөзі қазақ халқының әр адымын бірге аттасты.

Қазақстан орталық партия комитетінің қаулысы бойынша, жақын арада ғана барлық облыстарымызда, одан кейін республикамыздың астанасы Алматыда өткен ақындар айтысы Қазақстанның саяси-мәдени өміріне тағы бір үлкен оқиға болып кірді: халықтық шығарманың ең күшті саласы — айтыс қайтадан қатарға қосылып, біржола іргесін бекітті.

Қара алтын мен түрлі түсті асыл металдардың қордасы — Қарағандыдан, алтынды Алтай мен алма бағы Алатаудан, суы ырыс, жері құт Сыр мен Ертістен, жайылған малдан белі қайысып жатқан қазақ даласынан топ-тобымен келген ақындар, мынау алып соғыс тұсында ел алдындағы азаматтық борыштарын қалай өтеп жүргендерін айтып, бүкіл отанымызға өлеңмен, жырмен рапорт берді. Майданнан сырт отырған елдің еңбек майданындағы ерліктерін жырлады. Сұм жауымыз Гитлер басқыншыларын артына қаратпай айдап бара жатқан ер ұлдарының қан майдандағы ерліктерін жырлады.

Бар ісіміздің басшысы, бар ойымыздың бұлағы, Ленин партиясының мәңгі әлсіремес атақты даңқын жырлады. Халықтың поэзиясының алыбы — Жамбыл бастаған қазақ халық ақындары сол толғауынан майдандағы ер ұлдарына сәлемдеме жіберуге ұйғарды. Міне сол ақындар сәлемдемесі! Қазақтың майдандағы ер ұлы, бұл саған, сенің тап өзіңе әдейі арнап жіберілген сәлемдеме. Қашанда қалтаңда болсын!

1944 ж.

МАЙДАННАН СОҚҚАН ЖАҢА ЛЕП

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 23 майдағы санында басылған Қасым Аманжоловтың «Абдолла» деген поэмасы, Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлты» туралы.)

«Ақындық сөз айтам дегенмен шықпайды, айта алар кезінде шығады».

БЕЛИНСКИЙ.

Ауыздан шыққанның бәрі ақын сөзі емес. Ойың адал болғанмен орындауың олақ болса, ұнатпадың деп өкпелей алмайсың. Ақын сөзі өзекті өртеп, жүректі тербетіп шығады. Ақыл мен ой, жүрек пен жан тұтас толғанып үн қосқанда ғана шығады.

Тақырып идеядан туады. Тақырыбың жаңа болғанмен идеяң ескі болса, шығармаң да ескі. Тақырыбы ескі болғанмен идеясы жаңа болса, ол шығарма да жаңа. Мазмұн мен түрдің байланысы қандай болса, тақырып пен идеяның байланысы да сондай: бірінсіз бірі жоқ. Ауыр күнә тақырып ескілігінде емес, идея ескілігінде. Ескі тақырыппен ескі идеяны айтқаннан, жаңа тақырыппен ескі идеяны айтқанның күнәсі ауыр. Тілек жаңа тақырыппен жаңа идеяны жақсы суреттей алуда. Жаңа тақырыптағы сапалы шығарма деп осыны айтамыз.

Қасымның «Абдолла» деген поэмасын көре сала сөз қылғалы отырғанымыз — жаңа тақырыптағы сапалы шығарма деп санағандықтан. Жаңаның да жаңасы Отан соғысының ерлері жайындағы жан сөзі болса, ақын Қасым осыны айта алған. Алған тақырыбы майдан ері ақын Абдолла болса, майдандағы ақын Қасым сол бір жалынды жанды толық елестете алған.

Майдандағы, елдегі ерлерді жазбай жатқан, жазғысы келмеген бір ақын, бір жазушы жоқ. Бірақ, өзекті өртеп шығар ақын сөзі әлі жалындап шыға алмай жатыр. «Жақсы» дегенді бөле-жарып қана айта аласың: ұшқындап, лаулап кете алған жоқ. Бөле-жарып айтқан «жақсы» дегенге мардамсыған ақын бір биікке шығып алғандай көңілі тыным тауып, сонысынан аса алмай келеді.

Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты. Елдегі ақын-жазушыға түгел ой салады. Көп нәрсені аңғартады: «Жасым кіші демеңдер, айта алсам айып емес шығар, осылай айтайық, жақсылап айтайық!» дейді. Қазақ әдебиетінде Қаєымның ағасы да бар, інісі де бар, құрдасы да бар. Солардың ішінен Отан соғысының тақырыбына жазамын деушілердің бәріне де «Абдолла» жаңа бір қырқаны меңзейді. Жаңа тақырыпты жақсылап жазайық дейді. Қасымның еңбір жете ұғынатын жақсы ойы осында.

Қасым поэмасын жете ұғынғың келсе, мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі көрсетілген. Сонымен бірге сол бейнелерді қалай көрсету керектігін де анықтап кетеді.

Мысалы, қазіргі соғыстың өз бейнесін алып көрейік. Қасым мұны бір ғана суретпен, сонша айқын елестеткен.

«Зелзала боп жер мен аспан,
Соқты ұйтқытып оқ бораны.
Қан, күл, боран, қара тастар
Түткіледі кең-даланы,
Жайды толқын орман шашын
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі жарын — көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жар!»

Жер мен аспан зелзаладай алай-түлей болып, кең даланы түткілеп жатқан оқ бораны, орманның толқын шашын талдап жұлып жатқан снарядтар, атам заманнан бері тұрған жағадан айрылып суға құлап кеткен жар, сұрапыл соғыстың рақымсыз бейнесін түгел-ақ береді. Бір ғана қысқа суреттеумен, соны теңеулермен сонша дәл, сонша әдемі берілген. Алыста отырып, соғыстың өзін көргендей боласың.

Көп шығармаларымызда «Отанын сүйген, елін сүйген» деп келеміз де, соны шын әдебиет тілімен айта алмаймыз. Отанын сүйді дедік, міндет атқарылды дейміз. Ал осыны Қасым қалай берген? Ол Абдолланың жан жалынын, сезім толғануын көрсету арқылы бере алған. Жалт-жұлт еткен жау отының

бір шоғы келіп Абдолланың жүрегіне түскендей болады. Сонда Абдолла қайтеді?

«Ер күрсініп алды демін,
Қызғыш болып қызғанышы,
Қимай жауға көл арнасын.
Жалын шарпып демалысы,
Құшып жерін, сүйіп тасын,
Жүрегіндей сол аймақтың
Алас ұрды намысты ұлан!»

Міне, отанын сүйген адамның жан тұлғасы осылай болуға керек. Жазушы адам жанының инженері, осы жан құбылысын көрсете алу керек. Сыртты емес, ішті көрсете алсын.

«Сайтан отын» жағып, өктемдей күлген жаудың күлкісі Абдолланың жүрегіне қанжардай қадалады.

«Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек!»—

дейді Абдолла.

Шынын айту керек, біздің әдебиетте бұл әлі айтылмаған сөздер. «Сол аймақтың жүрегіндей тулап, намысты ұлан алас ұрды!» деген өте мағыналы теңеу. Осындай жан толғанысы бар намысты ұлан:

«Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек!»—

десе ақын айтам деген сөзін барынша-ақ жеткізе айта алғаны! Мұнда соны теңеу де бар, мұнда терең ой да бар, мұнда жалынды ақын да бар!

Қасым жау бейнесін де әрі қысқа, әрі шын ақынның жанды сөзімен береді:

«Өмір гүлін жаншып тастап,
Шаштан сүйреп махаббатты,
Найзаға іліп ар-ұятты»

деген үш-ақ жолдың өзі жаудың бар тұрпатын, жеркеніш түрін көрсете алады. Дүниені майданға айналдырған жауыз жаудың сырт бейнесін қандай дәл берсе, ішкі жексұрындығын да сондай дәл, даусыз етіп суреттейді. Поэзияның күші тек қана сыртта емес, әсіресе, іште екенін ақын ешжерде ұмытпаған.

Қанды жол сұм жау қапыда тимек болып елдің бір шетінен тап берген сағаттан бастап, қашан соны өз қанына тұншықтырғанша қабақ қақпауға тас бекінген кеңес елінің бірлігін көрсете алатын әдемі бір теңеулер Қасымда тағы бар.

«Жиіркеніп, жиырылды жер,
Жауға тамшы таттырмады,
Суын алып қашты өзендер.
Жел қанатын жайып қарсы,
Сабалайды жауды бетке.
Сол аймақтың әрбір тасы
Ұшқандай ед құс боп көкке!»

дейді ақын. Рас бұл халық поэзиясының бейнелеу ізімен берілген. Бірақ, бұл Қасымның өз табысы, өз толғауы.

Поэманың ең күшті жері Абдолланың өлер жері. Дүние сілкінген зелзала, айналаң оқ бораны, от топаны... Қоршауда қалған кеңес жасы, қазақ ұлы Абдолла. Кеудесінде кек, ойында намыс оты. Жау көп деп қаймықпайды. Қорқу деген есіне кіріп те шықпайды. Жас өмірінің жастығын еселеп ала жығылатынын Абдолла әбден біледі. Автоматы оққа толы тұрған кезінде де ол оқтың таусылары Абдоллаға әрине айқын. Қаптаған жау танкісінің күші бір адамның күшінен мың-мың есе артық екені де белгілі. Бірақ, осы бір жерде бір ғана кеңес адамының ар-намысы жаудың бар күшімен жалғыз майдандасқан! Ер өлімі, намыс беріктігі, басқаларға да осыны айтады. Қай жерде, қай майданда бол — осыны істе дейді. Ер өлімі мойытпайды, қайрай түседі.

Соны істеген ердің өлімі қандай аяныштыі Бұл жерде ақынның әр сөзі кеудеңе дәл тиеді.

Абдолланың:

«Автоматы ең соңғы рет
Алды демін, тынды сұлық!..»

Абдолла содан кейін:

«Жанарымен шырқ үйіріп,
Жер мен көкті алды жиып,
— Сол бір көздің аясына,
Кеткендей ед дүние сыйып...
Күй көңілді, жаз бейнелі,
Алтын өмір мың құлпырып,
Көз алдында жардай күліп,
Қасақана алды тұрып...
Ғашық жардай қайран өмір,
Қиналдырмай қалатын ба ең?
Желпуші еді ол жуытпай кір,
Құс жанының қанатымен...»

Тудыны айту қанша қуанышты, қанша оңай болса, «өлдіні» айту сонша қиын, сонша қайғылы нәрсе. Ақын Қасым осы жайды мынадай бір шебер суретпен берген:

«Кейде сағым, кейде жалын,
Арбады елес көз жанарын,
Көрді бәрін, құшты бәрін:
Туыстарын, жан достарын...
Кенет осы сұлу сурет
Тұрған жайнап, көзді тартып,
Сұп-сұрланып, уа, керемет,
Орны-орнында қалды қатып!»

дейді.

Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан.

Поэманың құрылысында, «адам өнері соғыс құралын істеуге жұмсалып қор болды-ау» деген жерлерінде кемшіліктер жоқ емес. Ол кемшілік тілінде де бар. Бірақ, мұның бәрі оңай кешірілетін, себепті солғындықтар. Майдан үстінде, минут санаулы екенін де ұмытпауымыз керек. Егер, Отан соғысының тақырыбына майданнан тыс, кең жерде жазып отырған өз шығармаларымыз осы жалынға көтеріле алса, мұндай кемшіліктерді біз де елемей-ақ қояйық.

Майданнан соққан жаңа леп дегенде, соңғы кезде майданда жүрген ақындарымыздың бірталайынан бұрын жазбаған, жаңа ойдан туған жақсы шығармалар келе бастағанын айтпақ едік. Ескі жұрттан қоныс аударудың бойға сіңген жақсы-жаман әдеттері де болады. Сол әдеттің салдарымен елде отырған ақын-жазушылар майдан тақырыбына жазғанда шығарма сапасын көтере алмай келеміз. Ал, бұрын «қатарлы ақын», я болмаса, тіпті жас ақын деп елеусізірек жүретін бірталай ақындарымыз ойландыратын шығармалар жібере бастады. Соның бірі ақын Әбу Сәрсенбаев. Оның өзге жазғандары әзір басылып, жұрт көзіне түскен жоқ. Бірақ соңғы жіберген өлеңдер жинағы Әбудің жаңа сатыға көтерілгендігін көрсетеді. Майдан аз уақытта көп ой салатындығын, жасың жылмен есептелсе, ой қанатын тез қағатындығын көрсетеді. Майдан ақындары сақайып қалған. Әбудің соңғы жазған «Ақша бұлт» деген өлеңін алып қараңыз, бұл бір ретті келіп қалған ғана нәрсе емес, ақынның ой-сезімінің өскендігін түгел көрсете алады деген ойдамыз.

Үзінді келтірейік:

«Ау, ақша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, келдің қайдан?
Ақ төсінен күні сүйген,
Жаралдың ба Алатаудан?
Әлде Арқаның ару қызы
Отырғанда кесте тігіп,
Алдындағы ақ жібегін
Әкелген бе жел көтеріп?
Ақша бұлтым мейірімді,
Сағымындай үмітімнің,
Желкілдейсің жел үрлесе,
Жібегіндей біздің елдің.
Үрлеме жел ақша бұлтты,
Алысқа айдап кете көрме,
Ақ қанатты періштемдей,
Қалсын мәңгі тас төбемде...»

Бұ да елін сүйер адамның жан сөзі. Елін, жерін сағынған ақынның әрі ойлы, әрі кестелі толғауы. Бұрынғы поэзиямызда айтылмаған сөз, берілмеген теңеулер. «Ақша бұлт, Алатауда жаралдың ба, кесте тігіп отырған қазақ қызының жібегімісің жел ұшырып әкелген?» деген әрі жаңа, әрі мағыналы, әрі сағыныш күшін көрсетеді. Соғысқа түк қатынасы жоқ болса да дәл соғыс үнін береді. Бұл өскен ақын айта алар сөз.

Сонымен бірге, Қасым мен Әбудің осы екі шығармасы, майдандағы ақындарымыздың ойлану, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді. Ойланғанда, қазақ кеңес әдебиетінің сапасын көтеру деген — мәдениетті орыс, европа әдебиеттерінің сатысына көтеру болатынын да айтып отыр. Өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар.

Майданнан жаңа леп келе бастады. Көп ойлар қорытылатын, көп қателер түзетілетін уақыт та жетті. Әдебиет қамын шын-ақ толғана ойлайтын болсақ жаңа тақырыпқа жазам дегенде, еңалдымен сапалы болуын ойлайық. Ақын-жазушылардың қорлы жағы, оның үстіне «аға» тобы елде екенін естен шығармай, мынау майданнан соққан жаңа леп болса, соны көтеріп, тұтастырып әкетуді ойлайық.

«Социалистік Қазақстан», 1944, 6 июнь.

«АБАЙ»— ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛІ

Қазақ опера театры «Абай» операсын қоюмен бірге жоғары сатыға, жаңа белге шыққанын көрсетті. М. Әуезов, А. Жұбанов, Л. Хамиди жолдастар жасаған «Абай» операсы шын мағынасында үлкен еңбек, көркем өнеріміздегі үлкен табыс.

Жұбанов пен Хамиди жолдастар қазақ операсының өсер жолын дәл тауып түскен сияқты.

Олар қазақтың ән-күйінің үн арнасынан алыс кетпей, соны европалық музыка өнерінің сатысына көтере алған. Сондықтан «Абай» музыкасы әрі құлаққа жағымды, әрі опералық тереңдігі, құраусыз-жамаусыз тұтастығы бар. Қазақтың өз ән-күйінің сарыны мен опералық міндеттердің қайсысына да кәнігі композиторларымызға разы болатын бас себебіміз осында ғой дейміз.

Ескерте кететін бір нәрсе, «Абай» операсын жасаған жолдастарға Алатаудай арқа сүйеу болып ақын Абайдың, ән шығарған Абайдың өзі тұр. «Абай» операсының әні мен күйі Абайдың өз әндерінің сарынына үндес келмесе, Абайдың «әннің де естісі бар, есері бар» дегенін композиторларымыз ескермесе, сөз жоқ үлкен өкпе арқалайтын еді. Бірінші рет опера жазып отырған композиторларымыз бұл кінәден де аулақ. Операны Абайдың өз әндерінен құрамай, Абай әндерімен үндес, Абай айтқан «есті» музыка арқылы жасаған.

Абайдың өзімен үндестікті М. Әуезов жазған либретто туралы да айтуымыз керек. «Абай» либреттосы ақын туралы ақын адам жазған, операға өте қолайлы жазылған. Композиторларға соған лайық музыка іздеуге жетектей алатын еңбек. Абайдың:

«Тыныштықта мезгіл бедеу, жыр тумайды,
Сәттер бар,— қасіреттен ой тулайды.
Толқыған теңіз атқан меруерттей,
Сол шақта найзағайдай сөз зулайды».

дейтін жері, болмаса:

«Қараңғыда жалғыз жарық,
Әлсіз қолда өшер ме?
Айдарым жоқ, жеке қалып,
Зұлмат жаншып өтер ме?»

дейтіні үлкен ақындықпен айтылған. Оның үстіне қай жағынан да Абайдың өз сарынына үндес. Сол сияқты, Айдар мен Ажар сөздері де осындай.

«Абай» операсы сахнаға шығар кезеңде көп адамның ойында-ақ «Өлең айтып тұрған Абай қалай болар екен?» деген дүдәмәл сұрау жүрді. Болашақ мұңын, ел қамын жеген ойлы Абай ән салып тұрғанда жеңіл көрініп кетпес пе деген заңды сұрау еді. Операны көрген, тыңдаған адам енді бұл күдікке орын жоқтығын мойындауға керек. Оқиғаның қай жерінде, қай жағдайда болса да жеңіл мағнада өлең айтып тұрған Абай жоқ, терең ойлар айтып тұр.

«Абай» операсын сөз еткенде, әңгімені Абайдың өз образынан бастауымыз керек: ерсілік жоқ па, ел ойындағы үлкен Абайға қиянат жасап жеңілдетіп алмадық па? Біздіңше, мұның бірі де жоқ. Опера сахнасында ұлы ақын, ойлы Абайдың образы жасалды.

«Абай» ролін ойнаған Ришад Абдуллиннің еңбегін ерекше атау керек. Шындап келгенде, опера сахнасындағы жас артистеріміздің бірі Ришад бұл жолы ойлаған жерден шықты. Ол әрі күшті, әрі сұлу дауысты, сирек кездесетін әншілердің бірі екені рас. Бірақ, оның алдында тұрған міндет те ауыр еді. Ришад Абайдың әнмен ашылар, әнмен жасалар бейнесін терең-ақ жасап шыға алды. Жүректен тербеп келер ақын сөзімен, құлақтан кіріп бойды алар есті әннің сыры мен мұңын Ришад еркін жеткізе алды. «Кескіні келмейді» деген сын айтушылар жоқ емес, бірақ көркемөнерге «кескін келтіру» міндет те емес, заң да емес.

Абай бейнесі Қанабек Байсейітов жолдас ойнағанда да өте жақсы. Ең алдымен, Қанабек Абайға құйып қойғандай ұқсайды. Екінші, ол артистік шеберлігінің арқасында азғана қимылдармен, әсіресе, көз қарауларымен Абайдың сыртқы бейнесін түгел шығарады. Өлең мен әннің ішкі мағнасын да жеткізе алады. Жалғыз «әттең» Қанабектің даусында, Ри-

шадты естіген адам екеуін еріксіз салыстырады да Қанабекке жаңағы «эттеңді» айтады.

Қай операда болсын, СССР халық артисі Күләш Байсейітованың орны бөлек қой. Күләш жасаған жақсы жанның бейнесінде кетігі болмайды. Ол қандай бейне жасаса да әр кезде жаңалық қосып, бір мінездегі рольдердің өзін көп сырлы етіп көрсете алады. Күләш бұл жолы да Абай заманының, Абай бастаған ақындар тобындағы, өзгеден ерекше жанды, қазақтың аяулы қызының бейнесін жасап берді.

Ажар ролінде ойнаған жас артискамыз Шабал Бейсекова жасаған бейне де өте сүйкімді. Үлбіреген жастығымен, кіршіксіз тазалығымен бірден-ақ тартып әкетті. Кейбір елеусіз қимылдарға, әдеп икемділіктеріне тосаңдау болғанмен Күләшпен бірге оны да қуттықтауымыз керек.

Бұл операда өскендігін көрсете алған Әбжанов жолдас. Бұл жолы ол Жиренше сияқты кесек бейне жасады. Сөзін түгел жеткізе алмайтыны болмаса, Жиреншенің ісі мен мінезін есте қалатындай-ақ айқын берді.

Кейбір әншілерімізге ауыр-жеңіл айтылатын өкпе де бар. Мысалы Әнуар Үмбетбаев, даусы күшті, жұртшылығымызға көптен таныс, бас әншілеріміздің бірі. Бірақ Үмбетбаевтан қалмай келе жатқан бір кемшілік — ол қай образға болса да түгел беріліп, терең ойламайды, солғын жүреді. Үмбетбаев жолдас жасаған Айдар бейнесі де солғын. Әсіресе, соңғы сахнада одан көрі артист Досымжанов жаныңа жылы тиеді.

Мұхтардың «құлағына алтын сырға», Айдарды ойнаған адамға ауыр кінә қою да қиын. Айдарда кісіні тартар қылық, іс жоқ. Оның «қимылы» ұзақ өлуінде ғана: Айдардың сахнада өмір сүруінен көрі өлуі ұзақ.

Қарлығаш роліндегі ысылған артискамыз Тұрдықұлова мен Артықоваға, Әзім роліндегі Манарбек Ержановқа бұл жолы үлкен өкпе бар. Бұлар дені дұрыс бейне жасай алған жоқ. Тұрдықұлова жолдас көрсеткен келіншек Абайдың ауылында, Абайдың алдында солай тайтаңдап жүрер болса, оған Абайдың не айтарын артисканың өзі де сезсе керек. Шынында бұлардың рольдері де аз екені рас, бірақ бұлар берілген рольден көп бері түсіп жатыр. Кіп-кішкене рольді Құрманбек Жандарбековтің қандай айқын шығарғанын бұл жолдастар да көрулеріне болады ғой дейміз.

Әзім ролінде өз бейнесін түсіну жағынан да, ойыны мен ән-дауыс жағынан да артис Мүсілім Абдуллин күткен жерден шықты.

«Абай» операсын музыка жағынан талдап тексеру әрине музыка мамандарының ісі. Біз операның жалпы әсері мен

ұнағандығын ғана айта аламыз. Ал либретто жөнінде мына кемшіліктерді атап айтқымыз келеді.

Опера мыңмен жалғыз алысқан, күнде айғай салған Абай жайында. Соқпасы көп заманның Абайға берген көп соққысының бірін көрсетеді. Түгел Абай бір еңбекке сыймайды, әсіресе операға сыймайды. Бірақ операға алынған сол бір оқиға Абайдың өзінен тарағаны жөн еді. Күрес-тартыстар Абай көтерген бір идеядан туса, операның идеялық жағы да ерекше мәнді болатын еді ғой. Мұнда Абай ғасырлар бойғы ескі салтты бұзып, жеке бастың еркіндігіне ұмтылған жастармен әлі де белін бермей жатқан ескіліктің тартысы арқылы көрсетіледі. Оқиға желісінің Абайдан шыққан бір идеяға құрылмауы, әрине елеулі кемшілік.

Операның музыка салмағы Абайға аударылған. Бұл сөзсіз дұрыс. Бірақ, драмалық желісі Айдар мен Ажардың басында ғой. Сол Айдар мен Ажар желісі де өрістей алмайды. Опера желісі басқалардікі болған соң, Абай жалаңаштау да, музыка салмағы Абайға аударылған соң, басында оқиға бар Айдар мен Ажар шолақтау қалған.

Операның қосалқы тақырыбы сияқты Қарлығаш пен Көкбай арасы да елеусіз басталып, аяқтаусыз қалады. Егер Айдар мен Көкбайды, Абай мектебінде дейтін болсақ, Абай арашалаған жастардың жақсы қасиеттері қайда? Әсіресе, Көкбай басына мәнді бір түйіп беруге болатын еді. Көкбайдың шолақ шабарман кейпінде жүруі орынсыз-ақ.

Айдарға Әзім у беріп өлтіреді. Неге? Күншілдік пе, бақастық па, басқа ма? Егер Әзім кертартпа болса, онысы сахнада көріну керек емес пе? Сахнада көрсетпегесін Әзімді Абай тобының идеялық жауы деп қалай ұғынамыз.

Сонымен, Абай арашалаған жақсы жастардың қасиеті неде, ең зұлымдық істер жауының (Әзім) себебі не, бұл жақтары қараңғы қалады. Жансыздау тұрған билер картинасының орнына осы топтың ішкі қасиеттері, беттері ашылса, операның драмалық желісі ширай түскен болар еді.

«Абай» операсын қойған Құрманбек Жандарбеков жолдас та бір-екі келісімсіз нәрсені ескермепті. Айдардың бір актінің аяғында құлап, келер картина бойында әрең өліп болуы әрине ұзақ, жалықтыратын нәрсе. Бұл жақсы емес. Төбе билер қазақ тұрмысынан емес, орыс халқының арғы тарихынан келген боярлар сияқты: киімдері де, түрлері де, қалыптары да. Жиреншенің үстіндегі алтындатқан шапан да Абай тұрмысында болмаған.

«Абайда» бірінші рет қазақтікі дерлік жақсы билер көрсетілді. Билердің музыкасы да жақсы. Тұтас алғанда той

картинасы өте жақсы. Жалғыз артық нәрсе «Қарлығаш» биі. Біздің ойымызша бұл биді алып-ақ тастаған жақсы.

Билік картинасында үш бидің бір ғана шығуы үшін үш киіз үй мінгесіп тұр. Бұл да қолайсыз.

Бұл айтылғандар «Абай» операсының құнын түсірмейді. Осындай кемшіліктері бола тұрса да, қазақ операсының өсуі жолында «Абай» жаңа бір белес. Абай сияқты ұлы адамды көркемөнерде көрсету оңай нәрсе емес. «Абай» операсын жазған жолдастар мен оны аз уақыттың ішінде сахнаға шығара алған Қазақ Академиялық опера театрының коллективін шын жүректен құттықтауымыз керек.

«Социалистік Қазақстан», 1945 ж. 16 январь.

АЛЫП АҚЫН АТАМЫЗ

I

Жылдар жылжып жасы жүзге ауысқанда, алып ақын атамыз Жәкең қарт жарық дүниемен қош айтысты. Соңғы күнінің соңғы сағатында қасында болдық.

Басын төмен салып, ойлы қабағын қарыс жауып отырған ұлы ақынның жүзінде үлкен өмірдің ізі бар. Соңғы сағаттарын санап отырғандай, ауыр халдің өзінде Жәкеңнің жүзінде салалы-салалы ойлар тұр. Кәрі саусақтар әлсін-әлсін маңдайын сипап, түйілген бір ойды жазып жібергендей болады. Бұл кезде ақын жүзін жадыратып, аздап жымиып та қояды. Әлі де айтары көп, әлі де ұрпақ үшін қалдырар қазынасы көп ақын терең ойларға батып, ұзақ үн қатпай отыр. Әділдікті ашық айтып, қара күшке қарсы аттанып үйренген Жәкеңнің жүзінен кезек ауысқан ой толқындарын анық аңғарғандайсың.

Жәкең Ұлы Отаны мен бүкіл адам баласының алдында қарыздар емес. Өткен ауыр заманның әр асуында елі үшін, адам үшін сан рет майданға түсті. Әділдікті арашалап, жауыздықты жазалап, қашан да езілген елдің балуаны болды. Қазақ халқының мойынынан қос қабат қамыты алынбаған қара күндерде Жәкең жаумен аянбай алыса білді. Ақынның өткір тілі елді іштен-тыстан қосыла сорлатқан қособырды сіледі. Соқпасы, соқтығысы көп заманда жалынды жүрек майданға қасқайып жалғыз шықты.

Ел тілегі орындалып, Ұлы Октябрь арқылы болашақ тағдыры айқын арнаға түскен дәуір де Жәкең жетпіс беске келген қарт ақын еді. Бірақ алып жүректің қуаты солғындаған жоқ екен. Зілдей басқан ауыр заманда еріксіз байланған тіл бір жола шешіліп, Октябрьден бергі жиырма бес жылдың ішінде Жәкең заманның жас бұлбұлы болды. Он үш жасынан

бастап домбыра алып, суырып салма ақындардың ізімен келген Жәкең бүгінгі совет ақындарының алдына шықты. Бұл ең ұзақ, ең қиын жол еді.

Ұлы Жәкең ұлы Абайдан бір-ақ жас кіші. Жәкеңді толық ұғынам деген адам сонау Құнанбай заманынан бастап ізіне түсуі керек. Сол кезге көз салсаң, Абай мен Жәкең бір мақсатқа, бір тілекке ақындықтың екі түрлі саласын өрлей аттанған сияқтанады: бірі — жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі халықтың байырғы өнегесі — суырып-салма ақынның жолы. Бірақ екі ұлы ақын атамыз тұрғысар жерін совет дәуіріне байлаған екен! Әуелі ақындықтың байырғы саласымен аттанған Жәкең жазба поэзияға Абай түскен салаға совет дәуірінде келіп түсті. Түсіп қана қойған жоқ, заманына лайық үлкен мазмұн тауып, барлық совет поэзиясына жаңа бір үн қосты. Үлкен бір дәуірдің бұлбұлы барлық совет еліне бүгінгі ұлы істерді жырлады. Октябрьден кейінгі Жәкең поэзиясы Ленин — атымен басталса, шаң жұтқан тарлан сол шабыстан танған жоқ. Ұлы көсеміміз Ленин бастаған ұлы істер, ұлы заман өсіріп ұшырған ерлері Жәкең поэзиясының арқауы болды.

Жәкең Ұлы Отан соғысының тұсында ерекше қайрат көрсеткен ақын. Отанын сүйген ұлы жүректен айтылған сөз неміс басқыншыларына атылған оқтай тиді. Отанын қорғаған әрбір совет жауынгері Жәкең жырларынан ерлік қуатын, жан азығын алып отырды. Ұлы Жәкең әрбір жауынгердің арнамысын көріктей қыздырды. Жәкеңнің «Отан бұйрығы», «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңдері жарыққа шыққан күннен бастап, әр жауынгердің жүрегіне жазылып қалды.

Жәкеңнің бір арманы озбыр жаудың жығыла жеңіліп, тізе бүккенін көру еді. Озбыр жауын жыға жеңіп, тізе бүктірген ұлы елінің ұлы тойына арнаған өлеңін айту еді. Жәкең ол арманына да жетті. Жәкең ең соңғы өлеңін майдың тоғызы күні Жеңіске арнап айтты. Жүз жасаған Жәкең жырларының ең соңғы бетінде тап осы Жеңіс жыры тұрмақ! Бұдан артық орынды аяқталған ақын өмірі бола бермейді.

Жәкең қазақ халқынан шыққан жаңа заманның Гомері дейміз. Жәкең шығармалары ғасырдан ғасырға кетеді. Халық ақындарынан шыққан мұндай алып ақын болған емес. Еш уақытта, ешбір тарихта жүз жасаған ақынның ең соңғы сағатына дейін ақындық қуатының сарқылмағанын ешкім білген емес. Үздік дарын, сол үздік қалпынан танбастан жүзге шыға елімен қоштасты. Ұлы партиямыз бастаған екі дүниеге келген үлкен хауіпті қайта басын көтерместей етіп қара жерге көмгенін көріп, жаны тыныш, көңілі риза қалыпта қоштасты.

Қош алып атамыз, ақын Жәке! Сіз бастаған ұзақ көш — ақындар көші жаңарған ұрпақпен бірге ұзара береді. Сіз қалдырған көп жырға солар ие. Сіздің атыңыз бен, қалдырған сөзіңіз бүкіл Ұлы Отан халықтарының жүрегінде мәңгі сақталады.

«Социалистік Қазақстан», 1945 жыл, 24 июнь.

II

Қазақ халқының бай эпосы елдің әр кездегі үміт-тілегіне байланыса туған, сондықтан ол өмірлік шындықтың, ел басынан кешкен күндердің дұрыс айнасы. Оның үстіне, біздің эпосымыздың құрылысын, адамгершілік тілек өрістеулерін, тартыс байланыстарын жете тексеріп қарасаңыз, ауыз әдебиттің жөн-жосығына түгел бағына бермей, жазба поэзиямен жақын шектесіп жатады.

Бұл айтқанымыз, әсіресе, қазақ халқының батырлыққа, ғашықтыққа арналған жырларында айқынырақ байқалады. Мысалы, сол жылдардағы батырлардың басынан кешетін қиын-қыстаулар, я болмаса, ерліктер әрдайым қазақ халқының өз басынан кешкен тарихи жағдайларымен, қазақ халқының әрбір тарихи кезеңдегі өз ерліктерімен тұрғылас келіп отырады, ұлан-байтақ кең жерді жайлаған сондықтан әр кезде ұйқысы сергек, құлағы түрік болуға тиісті ел ұл-қызын, елінің бостандығын, туған жерін жан аямай қорғау рухында тәрбиелеген. Осындай жағдайдағы қазақ елі сала-сала болып келетін батырлық жырын жасаған. Ол жыр аналар үшін бесік жыры, аталар үшін баласына арнаған тілек-бата сияқты болып елдің салтына кірген.

Жақынырақ таныссаңыз, қазақ халқының ғашықтық жайындағы жырларының өзінде толып жатқан батырлық астар бар. Батырлар жырларындағы Қорытқа, Назым, Ақжүністерді былай қоя тұрып, Баян сұлу, Қыз Жібектерді алып қарасақ та, елдің аяулы қыздарына қолың жету үшін толып жатқан қауып-қатерден, ерлік көрінер сындардан өтуің керек. Көркем қыздар байлық пен ақсүйектікті құрметтемеді, ғашық жігіттің өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін, қажымас-қайтпас жүрегін құрметтейді. Ғашықтық деген үлкен сезім үшін отқа, суға түсе алар қажыр-қайратын сынға салады. Сонымен қазақ халқының батырлық жайындағы жырлары былай тұрсын, ғашықтық жайындағы жырларының өзі жас буынның бойына ерлік қасиеттерін бере тәрбиелейді.

Қазақтың халықтық шығармаларының бұл қасиеттерін атай кетуімде екі түрлі негізгі себеп болды. Бірінші себеп — біздің халықтық қазынамыз әлдеқашан жасалып қалғандықтан осы күні құнын жойып болған, өлі бұйым емес, біздің заманымызға дейін поэзиялық көркемдігін жоймай, халықтың сусыны болып келген қазынасы. Он тоғызыншы ғасырдағы ұлт қозғалысының туын көтерген жалынды ақын Махамбет — қазақтың батырлық жырымен үндес. Күні кешегі Аманкелді батыр бастаған қозғалыстың тұсындағы ақындардың да түп ізі осы күрең жолдан тарайды.

Екінші себеп — туғанына жүз жыл толған, халықтық поэзияның алыбы Жамбылдың да ұлы мектебі осы халықтық қор; қазақтың батырлық эпосы. Қазақтың батырлық эпосының бар жақсы дәстүрі мен өнеге-үлгісіне арқасын тіреп совет тұсында жиырма бес жыл мүдірмей сайраған ұлы заманның бұлбұл ақыны, СССР Жазушылары Одағының тоқсан алты жасқа келген мүшесі, шаң жұтқан кәрі тарлан Жәкең Ұлы Отан соғысының дәуіріне айқасты.

Көп ұлтты, бір тілекті совет елінің үстіне бар салмағымен төнген, кешегі өткен дүние көрмеген обыр соғыс — совет халықтарының бірлік достығына, елдіктің негізіне, Ұлы Отанға кіретін әрбір халықтарға ерекше қатал сын болды. Сонымен бірге соғыс — әрбір совет адамының сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығына, қайрат-жігеріне де үлкен сын болды. Соғыс әуедегі, жердегі, судағы соғыс құралдарының инженерлеріне қандай сын болса, адам жанының инженерлері — жазушылар мен ақындарға да сондай сын болды. Өйткені, совет отанын қорғайтын құралдардың бар түрі сынға түсті.

Міне, осы қауырт сындар тұсында тоқсан алтыға келген қарт ақын, Жәкең өмірінің де, өнерінің де ең соңғы, ең ауыр беліне, жастай жайнап, құландай ойнап шыққанын көреміз. Бұдан бұрын поэзияның талай асқар биігіне шыққан Жәкең осы ауыр күндерде, қарттық мүгедектікке қарамай, соңғы жырларын бұрынғыдан да биік белге шығарды. Бұл өте ауыр сын еді. Жәкең өрге қарай өршелене шабатын салтынан танған жоқ, 1941 жылы 22 июньде Жәкеңнің айтқан өлеңі дүние құлағына шалынып еді. 1945 жылы 9 май, Жеңіс күні Жәкең фашистік Германияны жыға жеңген ұлы жеңісімізге арнаған ең соңғы өлеңін жырлады.

Жәкеңнің осы соңғы өлеңі, сексен бес жыл талмай-танбай жыр төккен алып ақынның бар шығармасының соңғы қызығы сияқты болып қалды.

Жиырма екінші июньде бүкіл совет халықтарын отан қорғау сияқты ұлы іске шақырса, 1945 жылдың тоғызыншы

майында сол халықтарды бастап жеңіске жеткізген ұлы қол басшымыз партияға арнаған, совет халықтарының ағасы орыс халқына арнаған соңғы жырын жырлап, елі мен жерінің болашағы үшін бар қауып-қатерлі ойлардан арылған қария ақын, көп ұзамай, ақын, жазушы ұлдарының алақанында елі мен жеріне, бүгінгі қуантқан жырына қош айтысты.

Қария ақынның Отан соғысы тұсындағы жырлары еліміздің жауына дегенде кекке қандай толы болса, Отанымызға дегенде аямай төккен мейрімге де сонша толы. Совет топырағының ұлы отаншылы, дәуір бұлбұлы, еліміздің намысын қоздырар, көңілін көтеріп, бойын сергітер, шаршағанға демесін, шөлдегенге сусын болар, суықта пана, ыстықта көлеңке болар жырын бұл кезеңнен аяған жоқ. Отанын сүйген ұлы жүрек жыр дабылын бәсеңдетпей соқты. «Ел басына күн туcаны» жырлап өскен алып ақын домбырасын ала майданға ұмтылды.

Жәкеңнің қашанғы әдеті — әр кезеңнің алғашқы сөзін партия атымен бастайтын. Ел басына етігімен су кешер күн туған кезде де Жәкең алғашқы сөзін осыдан бастады.

«Сен шақырсаң, партия,
Әмірің ортақ маған да.
Төгіп жырдың нөсерін
Домбырамды алам да,
Айналам жас — нөкерім,
Мен де барам қалам ба!»

деді Жәкең.

Жәкеңнің дана жүрегі адал еңбекпен бейбіт отырған еліне жаудың да бір жарақтысы, азу тісі балғадай зымыяны келіп соқтыққанын бірден сезді. Еңбек үстінде отырған елінің жарақты жауға бірден соққы бере алмайтынын да, ол соққының кейін берілетінін де, ол соққыны беру үшін бар күшті тастүйін ету керек екенін де Жәкең айқын ұғынды. Сондықтан Жәкеңнің көп жырлары «Бар күшті майданға!» деген, мағынасы үлкен үш сөзді көкірегіне құяды. Жәкең ең алдымен бүкіл Советтер Одағының аброй-атағын жырласа, оның ішінде өз елі қазақ халқының намысына шілтер келмеуін де қатты ойлайды. Қазақтың майдандағы ұл-қызына ата-бабаның ерлігінен бастап, Ленинніңданышпандығын айтса, еліне — бар күшіңді, бар байлығыңды майданға арна дейді. Қарағандының көмірі, Шымкенттің қорғасыны, Жезқазған мен Балқаштың мысы дариядай тасып майданға жетсін дейді.

Дана ақын Жәкең күнбе-күн айтқан өлеңдерінің күнбе-күн майдандағы ерлердің құлағына шалынып жататынын да жақсы білетін. Жалынды жыры отан қорғаушыларының жү-

регіне от, бойына қуат қосатынын да жақсы білетін. Майдан өмірі ылғи арпалыс. Майдан таңы тез атады, майдан күні тез батады. Майданда от пен оқ қандай тез жұмсалса, көңіл қорегі де сондай тездікпен келіп тұруы керек. Жәкеңе жүздеген, мыңдаған жауынгер хат жазды. Бәрінікі бір тілек: «Жәке, тағы бір ауыз өлеңіңді жіберсең, ой тағы бір серігіп, бой тағы бір көтеріліп қалар еді» дейді. Жәкең «Гвардияшыларға», «Майданға хат» деген сияқты соғыстағы ұл-қыздарына арналған жырларын айтады.

«Шегінбе!— деп Отан тұр,
Шегінбе!— деп халық тұр,
Халқың үшін бас тігу,
Отаның берген жарлық бұл!
Соны адал ұл орындар,
Сонда ғана өмір бар!
Елін есен сақтаған,
Арын жауға сатпаған,
Ана сүтін ақтаған
Балаларын сүйер шал!»

Командир Борис Сахаров пен жауынгер Дүйсекей Сейтов Жәкеңе былай деп хат жазған еді:

«Ұлы ақын, Жәке! Қазақ пен орыс халқының ұлдары фашизмді мәңгі-бақи құртудың әзірлігін бар окопта жасап жатыр. Бізге атақты өлеңіңді жібер, жәрдем етсін». Жәкең бұларға да арнаулы жауап қайтарды:

«Жауынгер, балам Дүйсекей,
Командир, балам Сахаров,
Сөздерің күшті бірегей,
Соққандай жауды жапырып...
Кәріліктің көнбей ырқына
Жырлаймын жазғы жырды әлі,
Болысам жауды құртуға,
Қаһарман жұрттың ұлдары!

Бауырлас ел — Украина, Белоруссия, Ресейдің батыс аудандары уақытша болса да, жау қолына түсіп қалып, миллиондаған халық елден, жерден айрылып, босқынға ұшырағанда, Жәкеңнің қан жүрегі қақ айрылғандай болғанын көреміз. Барлық совет елінің бірлігіне, тұтастығына ел ақсақалының үлкен қуанышымен қарайтын қария, осы кезде қатты қайғырды. «Сондай халге ұшыраған бауырлас елдерге қарт ақын рахым қолын созбаса, оны құдай кешірмес!» дейтін еді Жәкең.

Украина жерін жаудан босатқан қазақ жауынгері тізесін бүгіп Украинаның топырағын сүйгенде, Жәкеңнің кәрі көзі-

нен ыстық жастар домалап кетті. Сол қазақ жауынгерлеріне арнап, Жәкең былай деді:

«Украина топырағын
Көкірегіндей ананың
Жауған оқтан жасқанбай,
Сүйікті менің ұлдарым,
Жасыратын сыр ма бұл,
Естіп соны қарт Жамбыл,
Көкірегі күңіреніп
Жас ірікті бұл да бір.»

Жау қолы Москва мен Ленинградқа төніп қалды деген хабар Жәкеңнің жүрегіне қыздырып қырықтық басқандай тиді. Жамбыл бүкіл Отанға «Аттан» салды. Дарынды жүрегінің бар күшімен «Москваға», «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін атақты жырларын төкті.

«Түсімде емес, өңімде,
Жау жанасып өлімге,
Қол салып біздің өмірге,
Ұмтылды саған, Москва!..
Ұлы-қызын елімнің,—
Асылын жас өрімнің
Аттандырар ұлы күн
Сын туды саған, Москва!
Москваны қорғасып,
Шығындар деп ұласып,
Аттан деп дабыл қағамын,
Қуатты қыз бен ұл бала!
Сені жауға бермейміз,
Мәңгі-бақи Москва!»

Бұл сөздерді қазақ халқының батырлық жырының ұлы мұрагері Жамбыл ғана айта алатын еді.

Дүние жүзіне мәлім, Жәкеңнің Москва мен Ленин қаласына арнап айтқан жыры майдан мен елді одан әрі, бізбен одақтас, достас елдерді түгел аралап шықты. Аралап қана қайтқан жоқ, әрбір жауынгердің серігіндей окопта бірге жатты, әрбір совет азаматының ойы мен жүрегінде болды. «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін өлеңі Ленинград халқының жүрегін тербетіп, көзіне жас әкелді. Ата ақынның шын жүректен жарып шыққан достық сөзі әр жүрекке ем, әр іске сеп болды. Ақындардың ақсақалы Жәкең барлық совет халықтарының атынан Ленин қаласына жау тұмсығын сұқтырмайтынын айтты.

Жәкеңнің «Ленин қаласындағы өрендерім» дейтін жырының қандай маңызы болғанын, ол жырдың Ленинград облыстық партия комитетінің үндеулерімен, жоғарғы қолбас-

шымыздың бұйрықтарымен қатар айлар бойы көшеде үлкен плакат түрінде ілулі тұрғаннан-ақ байқауға болады. Ленинград айналасында, белден су окоптардың ішінде қаланың қорғаушылары — орыс, украин, грузин, қазақ, өзбек, қырғыз, татар тағы басқа совет халықтарының ұлдары жатты. Оларға бүкіл отанымыз, барлық өзен-теңіздеріміз, барлық қала-даламыз жәрдем етті, оларға Жамбыл да үздіксіз жәрдем берді.

Жәкеңнің соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерге байланыса туды. Алдырмас қамал Сталинград қаласына қауып-қатер түйілгенде, Жәкең атақты «Алынбас қамал» деген жырын берді. Фашизмнің еңбір сұрыптап әкеп салған ауыр қолы айлар бойы оқ пен оттың астына алып жатса да, Сталинград мойымады.

«Тыныштық күнде сөйлесем,
Төгілген тілден шекер-бал,
Қатерлі күнде сөйлесем,
Сөзімде менің қаһар бар...
Жалын мен түтін ішінде,
Алынбас қамал пішінде,
Сталинград қалаң тұр,
Жартастай берік күшінде!»

дейді Жәкең.

Сталинградты қорғаушылардың ішінде Жәкеңнің ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Тулы дивизия командованиесінің хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жәкең жырлаған Сұраншы, Саурық батырлардың ұрпағы Алғадай Жәкең сияқты ақ иықтың ұясынан ұшып шыққанын түгел ақтап, ерлерше қаза тапқан. Баласының ерлігіне сүйінген Жәкең «Алынбас қамалында» Алғадай туралы былай деді:

«Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім сонда баламды,
Сталинград қаланды!—
Қорғас деп жүрек жанындай!
—Алғадай,— дедім — аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай,
Жырымды жеткіз ерлерге,
Майданға қаққан дабылдай,
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай!»

Ұлы Отан соғысының тұсындағы Жәкең жырлары, оның алдындағы жиырма бес жылдық совет дәуірінде туған жа-

лынды жырларының жалғасы деп қарауымыз керек. Қазақ халқының ұлы ақыны сол жиырма бес жылдық совет дәуірінде халық поэзиясының алыбы деген атақ алды. Октябрь революциясының бер жағындағы Жәкең жырлары жеңген революциясының гимні, Ленинге арнаған тұтасып аққан бір сел сияқты. Жәкеңнің Ұлы Отан соғысы тұсындағы жырлары сол ұлы гимннің соңғы бөлімі.

«Социалистік Қазақстан», 1946 14 июль.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ТАРИХИ ОРНЫ

I

Қазақ халқының жарқын болашағы үшін алысып өткен ұлы ақыны Абай — бір елдің белгілі бір ғасырдағы ой өмірінің өрісі мен биігін көрсететін ақындардың қатарына қосылады.

Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынның ақыны Абай алды-артын шолып, қазақ халқының жалғыз әдебиеті емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жөн сілтеп кетті. Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді. Ол өз заманы мен өз елінің қайғы-мұңын көтергенде соны тарихи даму жолындағы бәр адам баласының тақырыбына айналдыра алды.

Абай қазақ халқының тарихындағы жаңа бір асудың тұсындағы ақыны. Бұл дәуір қазақ халқынан шыққан ой адамдарының ел болашағы үшін қатты толғанған кезі.

Абайдың ұлылығы — ол тарихи жағдайлардан адаспай, алар бағытын, түсер жолын дәл тауып, қазақ елін ұлы орыс халқының бауырына бейімдеп, сол ұлы халықтың ұлы мәдениетіне құшағын кең аша ұмтылуында. Ойлы ақын Абай, бөріктіре келе жатқан патша отаршылдығының тұсында-ақ орыс халқының шын тұлғасын дұрыс таныған. Советтер Одағының үлкен жазушыларының бірі Леонид Соболев «Орыстікі дегеннің бәріне кек, бәріне қарғыс айтқызып келе жатқан патшалық езу-қанаудың тұсында, Абайдың орыс мәдениетіне ұмтылуы шын-ақ таң қаларлық іс», дейді.

Ұмытпауымыз керек, Абайдың алдындағы және Абай тұсындағы «зарзаман» ақындарының бет алыс бағыты Абайға тіпті ұқсамайтын.

Абай орыс халқымен ұғынысып, достасуға ерекше терең мән берген адам. Бұл қазақ халқының болашағының мәселесі

деп қараған. Орыс халқының мол мәдениетіне терең бойлау, өз елінің алға басуының да бірден-бір шарты екенін айрықша терең түсінген. Абай мен орыс әдебиетінің классиктерінің арасындағы біте қайнасқан байланыста осындай үлкен арна бар.

Өмірден жалпы адамгершілік ұлы мағына іздеген Абай оңнан-солдан, шығыстан-батыстан келер жаңа идеяларға тіпті селқос емес еді. Бірақ, әрі ақын, әрі азамат Абай ешбір ойды екшемей-елемей ала да салмаған. Бар өмірін сарп еткен өмір жұмбақтарына шешу айтар, алға сүйрер ойды ғана алған. Сол алға бастар ойды Абай орыстың ұлы классиктерінен — Пушкиннен, Лермонтовтан, Белинскийден, Чернышевскийден, Толстойдан, Салтыковтан тапты.

Орыс классиктерімен толық үндесудің бірінші нәтижесі, Абай қазақ поэзиясының өзіне дейінгі халін басқа елдердің әлдақашан басып өткен кезеңі деп тапты. Эпостың идеялық тереңдігі мен халықтық көркемдігінен айрылып, түрін ғана ұстап қалған «Зарзаман» ақындарының құр жылап-сықтауға, үмітсіздікке айналған «поэзиясын» мансұқ етіп, қазақ поэзиясын орыстың реалистік әдебиетінің жолына салуға тырысты.

Бұл жолда Абай жалғыз еді. Оның замандас ақындары Абайға ат тізесін қоса алған жоқ. Орыс халқының реалистік поэзиясын Пушкин бастап, Лермонтов одан әрі тереңдетіп әкетсе, қазақ әдебиетінде Абайға әрі Пушкин, әрі Лермонтов болуға тура келді. Бірақ, Абай бұл жолда жалғызсыраған жоқ. Өйткені ол өткен ұлы ағалары — Пушкин, Лермонтов, Некрасовпен де, кейінгі ұрпақ — бүгінгі совет ақындарымен де бірге екенін әбден ұғынды. Сондықтан Абай, өз тұсындағы кертартпа поэзияны түр жағынан да, мазмұн, бағыт жағынан да мансұқ етіп, бүгінгі мен болашақтың үні — реалистік бағытқа көшкен.

Ойлап қарасақ Абайдың мұнысында үлкен мән бар. Ауыз әдебиетке жақын жағдайдан есейген реалистік поэзияға бірақ қарғу — бұл революциялық адым!

Абай қазақ поэзиясына толып жатқан жаңа түр кіргізді. Абайға дейін «қара өлең», «жыр-толғау» түрлері делінетін он бір және жеті буынды өлең түрлері ғана болатын. Абайдың осы жаңалығын да есейген орыс поэзиясының әсерінен жырып алып қарауға бола ма? Жоқ, әрине. Даралап алғанда Абайдың «айқыш» ұйқастары Пушкин мен Лермонтовтан келетіні айқын. Абай Пушкин мен Лермонтов шығармаларын аударғанда кейде ұйқасы мен шумағына дейін дәл түсіріп отырады. Бұл түрлер Абайдың өз шығармасына да байырғы

түр болып қалады. Абай өлеңдерінің сонша бай түрлерін алып қарасаңыз, ол Абайдың өзінің төл тумасы, оған дейінгі қазақ поэзиясының төл тумасы емес. Екінші бұл тек қана «түр» мәселесі емес, поэзияны жаңа сатыға көтерудің мәселесі: терең ойдың бұзылмай-сынбай, оқушыға дәл жету үшін, мәніне түрі сай болу керек. Абай мазмұн мен түрді екі бөліп қарамаған. Міне, бұл есейіп-нығайған реалистік поэзияның салты. Абай «Жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылар» дегенде өлеңнің түрін ғана айтпайды, сол әдемі түр арқылы бойды алатын ойды да айтады.

Абайға дейін қазақта дәл тақырыпқа құрылған өлең де болмайтын. Біздің «өлең» деген ұғымға сыймай қалатын нәрсе жоқ еді. Көпшілік ұғымында «өлеңді» түп-тұқымға бөліп дұрыс ұғынбау осы күні де жоқ емес. Бұ да поэзияның балаң шағын көрсетеді. Абай қазақ ақындарына поэзияның түп-тұқымға, түрге, тарауға бөлінетінін ашып берді. Мұны да Абай үшін өз топырағымызда әзір тұрған нәрсе еді десек, құр өзімшілдіктен басқа дәлеліміз болмас еді.

Қазақ поэзиясына сатира Абаймен кірді. Абай сатирасының түп ізі Салтыков, Некрасовқа қабысып жатады. Реалист ақын Абай реалист Пушкинмен, кекті Абай кекті Лермонтовпен үндес. Алған тақырыбын суреттеуі, дүние сезінуі, әр өлеңнің өзіне тән екпіні, жылата алар мұңы, ширата алар кектілігі, орыс халқының ұлы классиктерімен үндес келіп отырады. Абайда еліктеу де жоқ, «қарыз алу да» жоқ, табыну да жоқ; поэзияның өмірдегі орнын сол Пушкин, Лермонтовша ұғыну бар. Солай болған соң, «бірі құрау, бірі жамау» ақындарға ызалы Абай, реалистік поэзияның жақсы үлгілерін қазақ әдебиетіне мол-мол кіргізіп отырады. Оны орыс әдебиетіндегі, я басқа бір әдебиеттегі қалпында емес, қазақ әдебиетінің рухына төл тумадай қабыса кететін етіп кіргізеді.

Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын даусыз дәлелдейтін көп өлеңдер бар. Абайдың «Жазы», «Қысы» Пушкин, Некрасовта кездесетін «Жаз» бен «Қыстарға» үндес. Бірақ, ол үндестік сезіну жағынан реалист ақындардың өз ойын өзінше дәл суреттей алу жағынан. Одан әрі десек, біріне жала жапқан боламыз. Бұл жөнде Пушкиннің «ақыны» мен Абайдың «ақын» дейтін өлеңін алып қарайық:

Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного мира,
Он малодушно погружен...

Но лишь божественный глагол
До слуха чуткого коснется,

Душа поэта встрепенется,
Как пробудившийся орел...

Бұл Пушкин. Енді осылай басталатын Пушкин өлеңін Абайдың «Ақыны» мен салыстырып қараңыз:

«Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырар өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай.
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуаттан, ойдан бас құрап
Еркеленіп шығар сөз.
Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар...»

Мұнда екі ұлы ақынның бірінен біріне ауысқан бір ауыз сөз жоқ, бірақ, бірдей сөз бар. Пушкин, Лермонтов поэзиясының Абайға тиген әсері ылғи осылай болып келеді.

Абайға үлкен әсер еткен ұлы ақынның бірі — Лермонтов. Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романының желісімен «Орыс қызы Татьяна» деп атарлық хатпен жазылған поэма жасады. Ал, Лермонтовтан «Қанжар», «Жартас», «Дұға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» тағы-тағы көп өлеңдер аударды. Сөз жоқ, Абайға үндес келген Лермонтов поэзиясында «азаматтық» сарынның басымдылығы. Көп соққы көрген, адал ойын өз тұсына ұғындыра алмаған Абай Лермонтовпен өте қоян-қолтық келеді. Абай да дәл Лермонтовша толғап:

«Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден;
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әр неден,»

дейді.
Сол кекті Лермонтовша;

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты жаңғырық;
Есітіп үнін,
Білсем деп жөнін,

Көп іздедім қаңғырып,
Баяғы жартас — бір жартас.
Қаңқ етер түкті байқамас,»

дейді атақты «Сегіз аяғында».

Елі үшін, елінің бүгінгі мешеулігімен ертеңгі күні үшін толғанған ұлы ақындардың үндес сарынды келетіні табиғи нәрсе. Абайдың «Қартайдық қайғы ойладық» деп басталатын екі өлеңі, «Қалың елім», «Көңілім қайтты», «Ішім өлген, сыртым сау» сияқты өлеңдері Лермонтовпен тоғысады.

Абай бізге үлкен мұра қалдырды. Үлкен мұра қалдырған Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің мол мұрасын пайдаланды. Басымда тымақ, қолымда қамшы деген жоқ, ұлы орыс халқының мәдениетіне еншілес інісіндей, еркін шүйгіді. Сондықтан Абайдың бізге қалдырған мұрасы да мол. Абай «Су аяғы құрдымға» барып жоғалып қалмайды, таудың мөлдір бұлағындай қатты тасқынмен ағып, құмнан-шөлден іркілмей өтіп, орыс халқының реалистік ұлы поэзиясына қосылады. Одан да дәлірек айтқанда, Абай «Ақ жайықтай» еркін ағып, мол таситын орыс ұлы мәдениетінің қазақ даласына келген бір тармағы сияқты. Сондықтан, бүгінгі Қазақстан совет ақын, жазушылары орыс классиктерінен үйренумен бірге Абайдан да үйренді. Абайдың қасиеті — ол өткен заманның ақыны емес, бүгінгі заманның ақыны, бүгінгі қазақ ақындарымен іргелес, бағыттас ақын. Абайдың әдебиеттегі өсиеті — шындық, шеберлік, адам баласына ортақ гуманизм, еліңді-отаныңды сүю, не артқа тартып жатса, сонымен аянбай алысу, құртқанша алысу!

Ұлы орыс елімен достастыруға, орыс мәдениетіне еншілес етуге бар өмірін жұмсаған Абайына қазақтың халқы да алғыс айтады.

Абайдың ерекше ұлы еңбегі — орыс халқының ұлы мәдениетіне, ұлы ақындарына сүйене отырып, төменгі сатыда тұрған әдебиетін ең жоғарғы сатыға шыққан реалистік әдебиетке қосуында, революциялық ұлы адымында. Сондықтан Абай өткен заманның емес, бүгінгі дәуірдің ақыны. Орыс халқының ұлы мәдениетін меңгерудің қандай терең маңызы барлығын Абайдан көруге болады.

«Социалистік Қазақстан», 1945 21 август.

II

Көшпелі де қараңғы елдің ортасында өмірі өткен аса дарынды ақын Абай тағдырының қандай ауыр, қандай аяныш-

ты болғанын бар бейнесімен көз алдыңа әкеле қою да оңай емес. Ойсыз-мұңсыз тоқ жұрт үшін ізі білінбей өте беретін біріне бірі ұқсаған марғау күндер ойлы ақын үшін арылмай қойған азап болуға тиісті. Үсті түгел қуарып, аздап қана астынан көктеп жататын күзгі даладай тозығы жеткен өмір ақын көңілін көтермеске керек. Сондай күйге ұшыраған ақын:

«Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда!»

деп жүдеу көңілін аңшылық сияқты аз қызықпен көтергенін өзі айтып кеткен. Абай кезіндегі «сұм жалған» Абайдың зар сөзі:

«Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!»

Бірін бірі тез айдап, ел өмірін тез жаңартар заман ауысуы көшпелі далада ғасырларға созылады. Өмір баяу да мешеу. Ескілік сарылтып ұзақ жасайды да, жаңалық жіңішкелеп қана кіріп, кешеулеп тамырланады. Бәйбішелі-тоқалдығымен, әмеңгерлігімен, ақсақалдығымен міз бақпай мелшиіп тұрған кәрі заман жас өртеңді көктей орып, тымағымен тұншықтырады. Отаршыл мен озбыр үшін бұл елдің өзінен гөрі жүнжұрқасы, тері-терсегі қымбат. Сондай жұт өмірде ақынға серпін беретін, ақын сезімін алға сүйреп, ақын ойына іздеу салатын әлеуметтік қақтығыстар қайсы? Қақтығыс болса — ол патриархалдық-феодалдық ру басыларының арасында әріден келе жатқан, бұқараны күнәсіз тонамалап қажытқан ескілігі. Айын, күнің үнсіз жетелеп елеусіз өтіп жатқан жылдар да шын дарынға үйреншіктіден өзге қорек бере алмайды, баяғы бір ескісін тосады. Дала кең де, өмір шеңбері тым серпінсіз. Сол құнарсыздықты қызғана қорғап, Абайдың өзі жасаған дәуір түгіл, одан арғы әжелер мен бабалар заманы ауыспастан тұр. Заман таразысын солардың заңы басып тұр, төбе биі әлі солар. Бұл жабықтыратын да жалықтыратын өмір. Сондықтан ақын:

«Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар
Ой жіберіп әр жаққа»

деп мұңаймасқа да шарасы жоқ.

Абай өз тұсындағы үстемдік иесі феодалдық үстем таптың шірік салт-сана, көзқарастарын қатты сынады. Қоғам-

дық тақырыптарға жазылған өлеңдері түгіл ғашықтық лирикасында да бұл ойынан іркілген жоқ. Аяқтап келгенде тозығы жетіп, енді алға қарай аттар бір адымы қалмаған феодалдық қоғамға — несі жұрт, өңшең қырт,— деп, Абай өз кесімін айтып, болашаққа зер сала қарады. Мұнысында жалғыз ғана безінгендік емес, сол қоғамның болашағы жоқтығын сезінгендік те бар. Абай ойының шарқ ұрып ізденуінің бір себебі осында болуға тиісті.

Абай әрі ұлы, әрі ұлттық ақын. Ұлы ақындардың орны тарихи мәні бар өзгерістерге, туған елінің бір сатыдан бір саты жоғары өрлей беруіне қай кезде бастаушы, қай кезде қостаушы бола білгеніне байланысты. Бұл жағынан алып қарағанда Абай көзқарастарында ұлы жазушы Лев Толстоймен сарындастық бар. Толстой сияқты Абай да ескірген заманды, озбырлықты, шен құмарлықты, патшалық құрылысты, ояз бен болысты, тоң мойын бітеу феодалдарды, оның тамағы тоқтықтан азып бара жатқан жастарын қатты сынға алады. Бұл — үстемдіктің іргесін қашап, ордасын шайқайтын еңбекші, бұқара наразылығына мықты сүйеу болатын басшылық. Қалың бұқараның бірінші жауы феодал табы болса, ақынның қатты сынға алғаны да сол тап. Абайдың жақсылық іздейтіні — момын шаруа. Сондықтан бұл — қазақ даласының тарихындағы халық тілегін айтқан ақын, үстем тапқа қарсы болған, бұқараға сүйеу болған ақын. Ленин ұлы жазушы Толстойды сынағанда, оның феодалды монархиялы құрылыстың тас іргесін тітіреткенін аса ірі еңбек деп бағалайды; сонымен бірге, 1861 жылдан кейін Россияда капитал заманы орнағанда Толстойдың «деревнялық социализм» алдамшылығынан аса алмай қалғанын аяусыз мінейді. Абайдың әлеуметтік көзқарасында да осы бар: Ескіні сынау жолында ол бұқара тілегіне басшы, ал, «не істеу керек?» дегенде басшы бола алмай қалады: Оқы, үйрен, надандықтан құтыл, орыстан үйрен дегендері — бұқараға тасталған ұран.

Ленин 1840—1890 жылдардың арасын Россиядағы озық ойдың ұзақ іздену, көп азап арқылы марксизмді, революциялы теорияны тапқан кезеңі дейді. Лев Толстой осы елу жылдық дәуірге кіретін орыс халқының ұлы ойшыларының бәрін де жақсы біледі. Алғашқы еңбегін басқан революциялық демократтың бағытындағы «Современник» пен Толстой кейін ажырасып кеткені де мәлім. Белинский, Чернышевский, Плеханов түгіл, Толстой Лениннің — «Байкотқа қарсы» деген еңбегін ерекше қадағалап оқып, негізгі ойларының астын сызып қойғаны тарихқа түскен анықтама. Ал, Абай ше?

Біздің Абайды зерттеуші ғалымдарымыздың көпшілігі

оның Михаэлис, Долгополов, Гросс, Леонтьев сияқты Чернышевскийден тәлім алған адамдармен жақсы танысып, достасып кеткендігін дәлелдейді. Бірақ, революцияшыл-демократтық саяси ағымның Абайға қандай әсер еткенін, Абайдың нені қабылдағанын тереңірек дәлелдейтін дерек бізде әлі күнге жоқтың қасы. Даусыз нәрселер: Абайдың «дүниеге көзімді ашқан Михаэлис» дегені, қазақ халқын орыс халқымен достасуға шақырғаны, Россияның патшасына қас, еліне достық көңілмен қарағаны. Бұл ойларын бұқараға арнап бөліп айтпай, елім деп тұтас айтқан күнде де оның прогрестік маңызы әлсіремейді. Шоқанда бұл бағыт терең де ашық, тура саяси мағынасында болса, Абай мұны көбінесе ақын тілімен, поэзиясының барлық бағытымен айтады. Бірақ, өрісі бітіп, алды біржола тұйықталып тұрған феодалдық даланың болашағы қайда, қай бағытта деген сұрауларға қоғамдық өркендеу тұрғысынан Абай берген жауап бар ма, оны толық ашып берген зерттеуші аз. Отар даланың тағдыры өз қолында емес екенін, өздігінен оңаша ізденіп ел бола алмасын анық білгенін Абайдың барлық шығармасынан да аңғаруға болады. Дегенмен, жоғарғы сұраулардың жауабы әлі күнге жорамал дәрежесінде қалып келеді. Біздіңше, өндірісті, капиталды қала мен феодалдық сахараның арасындағы революциялық қақтығысты көрмеген, мал баққан көшпелі елде өмірі өткен ақын қоғамдық өсудің сатыдан сатыға көтеріліп ауысып отыратынын зерттемеген де білмеген. Революциялық марксизмді жақсы білген Толстойдың капиталистік дәуірден әрі жатқан «крестьяндық социализм» көзқарасында қалып қойғаны сияқты, Абай да шаруа мәселесінен жоғарырақ сатыға көтеріле алмайды, тіпті сөз қылмайды. Сондықтан да Абай Салтыков пен Толстой арасына айырма қоймай атайды.

Революциялы ой ордасынан алыс, қиыр шетте жасаған Абайға бұл кінә емес, анықтау ғана. Шыққан ортасының, заманының қалың шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін, қазақ халқының озық ойы екенін көрсетіп кетті. Абай заманындағы қазақ халқының алдында тұрған тарихи сұрау-болашағының кіммен бірге екендігі еді. Абай соған тура жауап беріп, «орыс халқымен бірге!» деді. Қазақ халқының ол кезеңі түгіл, бүгінгі күнгі тағдырын алдын ала шешетін негізгі сұрау да, жауап та осы еді. Абай осы әділ жауапты берді. Орыстың революцияшыл-демократтарының Абай жүрегіне терең орнаған ойы оның осы жауабында деуіміз керек.

Дала өмірінің мешеу ескілікке қамалып ұзақ қаңтарылып қалған кезінде Абай берген жалғыз жауап ел алдындағы тас

кедергіні жұлып тастағанмен бірдей еді. Бұл — ең алдымен, даланың кертартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі.

Осы жауабында біржола бекінген Абайдың ақындық тізгіні де шешіліп кеткендей. Қырық жасына дейін ақындығына жете мән бермей келген Абайдың барлық мұрасы соңғы жиырма жылдық өмірінде жасалған. «Басқа шауып, төске өрлеп, қарасөзге дес бермей жүріп» қырыққа келіп қалған Абай енді поэзияға шұғыл бет бұрады. Бұдан өлеңінің әлеуметтік мәнін Абай Чернышевский шәкірттері арқылы терең ұғынды деген жорамал жасауға болады, Екінші, «орыс халқымен бірге!» деген өз жауабы ақынның өзіне де жаңа серпін береді, бойын сергітеді. Ақындығы ерте танылған Абайдың қағаз бен қаламға кеш, бірақ, біржола мойын бұруы, бунап жүрген көп сұраулардың негізгі жауабын тапқанына байланысты болуға тиіс.

Қырықтан асқан Абайдың «жігіт ағасы», «ел ағасы», деген сияқты ел ішінде, әсіресе ел ортасында қатты қадірленетін беделі тіпті күшейген кезі болу керек. Бірақ, Абай соның бәрін құрмалдық етіп, ақындығын табады. Бұл — әрине, прогресті үлкен ойдың әсері, ақын шабытына нәрлі де жаңа қорек табылғаны.

Қолын кеш сермегендігіне өкінішпен бастаған Абай бізге қалдырған қымбат мұрасын жазба әдебиеттің жаңа кезеңіне сай үлгімен жасағанын көреміз. Бұл күнге дейінгі зерттеулерге қарағанда, Абайдың өз еңбектерінің ден салмағы соңғы 20 жылына (1884—1903 жылдар) түссе, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын аударған кезеңі де осы. Бұдан екі қорытынды жасауға болады: 1) Абайдың өз шығармалары мен аударушылық еңбегі қатар жүріп отырған; 2) Абай творчествосындағы толып жатқан жаңа өлең түрлері Пушкин мен Лермонтов поэзиясының терең зерттеу нәтижесінен туған. Сондықтан да Абай жасаған жаңа түрлер әлі күнге ескірмей, бүгінгі поэзиямызға үлгі болып, кейде тіпті әлі меңгере алмаған үлгі болып қалып отыр.

Абайдың жаңа түрлер табуын сөз қылғанда, бұл жалғыз түр мәселесі емес, мазмұн мен түрдің бірлігі, тұтастығы екенін естен шығармауымыз керек. Біздің көп зерттеушілеріміз мұны әлі күнге ескермей келеді. Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін іздеген, жасаған да тапқан. Мысалы жазылуы төрт буын болса да, оқығанда түгел үш буын болып кететін:

«Несі өмір,
Несі жұрт?

Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!»

біздің буынға бөлінетін силлабикалық өлеңдердей, бір сөзін бір сөзі лебімен бүркеп кетпейді, әр сөзін қаққан шегедей дәл оқытады. Болмаса:

«Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан —
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан»

деген шумақты алайық. Жексұрын адамды суреттеуге түйреп айтылған төрт-ақ сөзден құралған бастапқы екі жолы жетіп жатса, безіп кетуіне берілген соңғы үш жолы қандай! Бір сөзін өзгертуге болмайтын, ауыстыруға болмайтын, ойыңды әрі көркем, әрі дәл беретін түр осындай болу керек. Біздің кейбір ақындарымыз он бір буынды «қараөлеңді», кәрі әжесінің санды жіліктегеніндей, үшке бөліп, шашыратып шашып, жаңа түр орнына ұсынып жүр. Бірақ, өзгені қойып, Маяковскийдің аударма сын оқығанында да мұның бәрі оп-оңай жиналып, «қазақы» қараөлең болып шыға келеді. Ақынның түйреп айтайын деген ойы төлеусіз қалады. Мүмкін, Абай силлаботоникалық өлең түрін жасауды мақсат етіп қоймаған шығар, бірақ, ол мазмұнға сай түр керектігін терең сезінген. Оны және ұлы Пушкин, Лермонтовтың реалистік поэзиясына сүйеніп іздеген. Бұл Абайдың қазақ поэзиясына сілтеп кеткен жөні, оны тереңдету біздің бүгінгі ақындарымыздың парызы.

Көңіл қоя қарасақ Абай поэзиясының күшті жағы мазмұнына сай түр іздеген шығармаларында. Абайдың:—

«Ақыр заман жастары,
Қосылмас ешбір бастары...»

болмаса:

«Сыналар, ей жігіттер, келді кезің...»

деп басталатын өлеңдері, басқа біреу жазса, түкке тұрмайды дей салатын нәрселер, ойға да қонбайды, есте де қалмайды. Ал мазмұнына түрі сай келген «Сегіз аяқ», «Ем таба алмай», «Айттым сәлем Қаламқас» сияқты өлеңдерін жұрттың көбі жатқа біледі. Абайды құрметтейтін, өскен дәуірдің ақындары оның поэзиямызды жоғары сатыға көтеруге жәрдемі тиетін жаңа түрлерін дамытуға міндетті. Өйткені ол жалғыз түр емес, үлкен мағынасындағы поэзия мәселесі, кең шеңберлі көлемді мәселе, ұлы орыс поэзиясының өскен жолы.

Абайдың ең алғаш кездескен поэзиялық мектебі орта ғасырлық Шығыс еді:

«Физули, Шамси, Сайхали,
. . . . . .
Навои, Сағди Фирдоуси,
Мәдет, я шағири фәррияд!»

деп, Абай солардан мәдет тілеп бастады.

Бірақ, поэзияның жаңа замандағы әлеуметтік маңызын жете ұғынған ұлы ақын өзінен кейінгі қазақ поэзиясына Батысты, оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын мектеп етуге жөн сілтеді. Өзі Шығыс мектебінен бастаған, Шығыстың барлық ұлы ақындарымен терең таныстығы бар Абайдың аяқтап келгенде орыстың реалистік әдебиетінің жөнін сілтеуі — терең мағнадағы прогрестік көзқарас. Мұның нәрлі де құнарлы бағыт екенін біз қазіргі қазақ совет әдебиетінің өркендеу тәжрибесінен де көріп отырмыз.

Осы берік бағытын Абай өзінің әдебиеттік еңбегі мен қазақ халқының сезім-санасына, әсіресе, көркемдік сезімі бар ақын-әншілеріміздің сана-сезіміне өзгерместей-өшпестей етіп мықтап құйып кетті. Абай заманындағы қараңғы қазаққа Пушкин, Лермонтов шығармаларын жатсырамастай жатық етіп аударып беру деген тарихи маңызы бар еңбек. Бұл — ойға ұялаған берік көзқарас арқылы өз мойнына өзі жүктеген әлеуметтік, елдік мағынадағы үлкен еңбек. Пушкин, Лермонтов жырларын Абай өлеңімен де, әндерімен де тұрақты да өмірлі етіп қазақ халқының сезім дүниесіне сіңіріп кетті. Сондықтан, осы күнге дейінгі қазақ тіліндегі Пушкин мен Лермонтовты еске алғанда, ең алдымен, Абай аудармасы тілге оралады.

«Таңғажайып бұл қалай хат
Мағнасы алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әр түрі жат.
Және әдепті, және рас...»

деп, бас қосылған жерде біреуіміз бастасақ, енді біреу:

«Бұл кінә емес, әншейін наз,
Сағынамын айтамын,
Досың-ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын қайтемін...»

деп созып әкетеді.

Абай аудармаларының еркіндігі, дәл еместігі, кейде қосып, кейде жонып отыратындығы мәлім нәрсе. Бірақ принципінде бұл бір тілдегі шығарманы екінші тілде қайта жасау

жолына (воссоздание) жақындайды да біздің заманда өсіріп-өркендетуді тілейді. Абай аударып отырған шығарманың рухын, поэзиялық көркемдігін ақыл мен сезімге дәл тиетін етіп шығарады. Абай жасаушы да өзі, сыншы да өзі болған ақын. Оның айналасында көркем сөзге бейім адамдар болғанымен бұрын болмаған жаңа поэзияға жәрдем етер бірі жоқ. «Аттың сыны», «Жаздыкүн шілде болғанда» сияқты өлеңдеріне пікір айта алса да, терең сезім, жаңа теңеу, жаңа түр, ой жағынан оларға сүйене де, сене де алмайтын еді. Абайдың ұстазы да, мектебі де — XIX ғасырдағы орыс халқының озық поэзиясы, әсіресе, Пушкин мен Лермонтов.

Абайдан кейінгі елу жылдың ішінде қазақ халқының жазба әдебиеті XIX ғасырда арман ете алмайтын биікке көтерілді. Абайға қоя алмайтын сындарды көтеретін үлкен әдебиетке айналды. Оның аты — қазақ совет әдебиеті, ол — советтік ұлы дәуіріміздің жемісі, өскен ойдан туған, өзінің әлеуметтік асыл құрал екенін таныған әдебиет. Біздің осы табыстарымызда қазақ халқының барлық болашағын ұлы орыс халқымен біріктіруге өшпейтін еңбек еткен ұлы ақынымыз Абайдың да үлкен еншісі бар. Оның тарихтан алар орны да осында, ол қазақ халқын ұлы орыс халқымен достастыруға сіңірген еңбегі арқылы, барлық рухани өрімізге жөн сілтеді.

1954 ж.

ХАЛҚЫМЫЗ ТАНЫҒАН ЖАЗУШЫ

I

«Өз жақсыңды жаттай сыйла,
жат жанынан түңілсін!»

Жақын арада Қазақстанның мәдениет жұртшылығы еліміздің ең бір белгілі үлкен жазушысы Сәбит Мұқанов жолдастың әдебиетімізге әр саламен келетін мол еңбегі 25 жасқа толғанына қадыр-құрмет көрсетіп, той жасап өткізді. Сәбит — саяси санасы оянғаннан бастап, бар еңбегім халқыма деп келген, әр кезеңнің сынды өткелдерінде қашан да елімен бірге болып, еліміздің мәдениетін сатыдан сатыға көтеруде үздіксіз көп еңбек сіңірген, қалың еңбекші бұқараның ортасында өте сүйікті жазушы. Сәбиттің еңбектері — халық қазынасы, ел мақтаны. Сәбитті қазақтың елінен, елді Сәбиттен айыратын ешбір саңылау болған емес. Сондықтан, Қазақстан Орталық Партия Комитеті әдебиет еңбекшісінің елі мен отанының алдындағы адал еңбегін айырықша бағалап, еліміз бен мәдениетіміздің өте қадырлы адамдарының бірі — жазушы Сәбит Мұқановтың 25 жылдығын тойлап өткізуге қаулы алған еді.

Владимир Ильич Ленин: «Революция темір кісентас бұғауда болып келген күштерді босатып, түпсіз тұңғиықтан өмірдің бетіне шығарды»,— дейді. Ұлы Октябрь революциясының арқасында бұрынғы қараңғылық пен мәдениетсіздіктен құтылып, Советтер Одағының бар елімен бұлжымайтын достық, айнымайтын бірлік негізінде қол ұстасып алға басқан Советті Қазақстан бүгін мәдениет іргесін берік қалаған елге айналды. Күні кеше 25 жасқа толғанын мейрамдаған Советті Қазақстан барлық отанымыздың алдында шаруашылық, ғылым, мәдениет, оның ішінде әдебиет майданындағы табыстарын ұялмай ортаға сала алды. Сәбит Мұқанов — ең алдымен, осы өскендіктің бір үлкен айғағы.

Большевиктер партиясы, Ленин сынды ұлы көсеміміздің нұсқауын жүзеге асырып, жаңа туған жас совет әдебиетінің өсіп-өркендеуін ең алғашқы адымынан бастап-ақ өз қолына алды, оңға-солға, артқа-теріске тартқан шимай-шытырман идеялық күрестерден өзі бастап өткізді. Күрес үстінде мәдениетіміздің советтік жаңа қайраткерлерін баулып шығарды. Сол партияның өз қолынан тәрбиелеп шығарған қайраткерлерінің бірі — коммунист жазушы Сәбит Мұқанов болады.

Сәбит —25 жасқа толған Советті Қазақстан республикасының да, 25 жасқа толған қазақ Совет әдебиетінің де түйдей құрдасы. Сондықтан, Сәбиттің 25 жылдық тойы — қазақ совет әдебиетінің де тойы. Өйткені, сол өскен әдебиетімізде Сәбит, жоғарыда айтқандай әр саламен келетін мол еңбегімен, өзіне лайық үлкен жазушының, бастаушы жазушының орнын алады.

«Өз жақсыңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін!»— дегендей, мәдениет, ғылым қайраткерінің қайсысының болса да елеулі еңбегіне ерекше қадыр-құрмет көрсетудің өте үлкен қоғамдық мәні болады. Жұртшылық құрметі, ел алғысы арналған адамның өзіне де өзгелерге де жаңа бір екпін, рух қосады. Әсіресе, мәдениет қайраткерлерінің сезіміне ел алғысынан артық әсер ете алатын нәрсе болмасқа керек. Сәбит тойының тағы бір үлкен мәні осында.

Қазақ совет жазушыларының ішінен ең алдымен Сәбиттің еңбегін тойлап отырғанымыз да заңды нәрсе, өйткені Сәбит қазақ совет әдебиеті туар кезінде бесігінің басында еді, содан бері сол әдебиетпен бірге жасасып келеді; тек қана бірге жасасу емес, байшыл-ұлтшыл, революцияға қарсы идеялық күресте бүгінгі жазушылардың арасынан ең алғаш қолына қаламын сойыл етіп көтеріп шыққан Сәбит еді. Одан бері совет әдебиетінің іргесі бекіді, інілер ер жетті, жолдастар көбейді. Бірақ, қазақ совет әдебиетінің аяқтанбаған дәуірінде, қазақ ұлтшылдары қазақта совет әдебиеті болуға мүмкін емес дегенге дейін жеткен дәуірде бүгінгі ақын-жазушыларымыздың көбі әлі майданға белсене шыққан жоқ еді.

Қазақ совет әдебиетінің қайраткерлері ең алдымен ұлы орыс халқының он тоғызыншы ғасырдағы Пушкин бастаған реалистік әдебиетімен тәрбиеленді. Одан көрі де қолма-қол қолтықтаған әсер Горький бастаған революциялық совет әдебиетінікі. Ал, байшыл-ұлтшылдар жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиетін ұлттық шеңберге қамап, Советтер Одағының революциялық әдебиетінің арнасына гүсірмеуге жанталасты. Сол дәуірде осы ұлтшылдық иіс-қоңыстан жаңа әдебиетімізді аулақ ұстауда Сәбиттің еңбегі туралы айтылар сөзді біздің

басқа жазушыларымыз туралы айта алмаймыз. Сәбит — идеология майданында партия жолы үшін әрі белсене, әрі айнымай күрескен жазушы. Бір жағынан өзінің мол шығармасымен, екінші жағынан, совет әдебиетінің жас қайраткерлерін өсіріп шығаруға бар күшін салды.

Ленин саясатының мәдениет майданында жеңіп шығуы арқасында, қазір біз әр саласы да нығайған қазақ совет әдебиеті бар деп айта аламыз. Түрі мен мазмұны осындай жоғары дәрежеге көтерілген қазақ әдебиеті, бұрын болған емес. Бұрынғы ғасырларды түгел алсаң да, қазақ халқының мұндай әдебиеті болуға мүмкін емес еді. Міне осы идеялық-көркемдік жағынан бұрынғымен салыстыруға болмайтын әдебиетімізде дарынды жазушы Сәбит Мұқанов төрден орын алады.

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы пионерлерінің бірі Сәбит Мұқанов қоғамдық және әдебиеттік іске екі дәуірдің айқасқан кезінде кірісті. Жалшы Мұқан Шөкей ұлының баласын қоғамдық күреске терең тұңғиықтан көтеріп шығарған Октябрь революциясының толқыны. Сәбит құлдық еңбекте шірітетін жалшы өмірін жастай өз басынан өткізді. Ақысыз ауыр еңбек, сорлылық пен бейшаралық, аяқ астыға үнсіз көну — қазақ жалшысының күні осы болатын. Жалшы Сәбиттің көрген күні де осы да. Төл үйде туып, әке-шешеден ерте айырылған жетім бала көзге түрткі, көп зекудің астында өсті. Аты-тоны сай ағайын бір жетімін қабақ шытпай-ақ асырай алардық жайы бар еді. Бірақ, өзімшіл орта туысқанын қадірлеуден көрі оның ақысыз еңбегіне қызықты. Әр есіктен отынмен кіріп, күлмен шығып жүріп, Сәбит надан молдалардан үзілді-созылды оқып та жүрді. Бір кезде өзі де «молдалық» құрып, бала оқытуға кірісті. Бірақ, ол заманның заңы сол,— жалшы баласы жалшылықтан құтыла алған жоқ.

1916 жылғы патшаға қарсы қозғалыс тұсында Сәбит көп нәрсенің куасы еді. Ол еңбекші қазақ халқының азаттыққа ұмтылғанын да көрді, байлар мен бай тобынан шыққан «көзі ашықтардың» сол қозғалысқа іштен ірткі-бүлік боп тигендерін де көрді. Сезімтал жүректі ақын бала халқының ауыр халымен, алға ұмтылған ақ тілегіне, әрине, үнсіз қала алған жоқ. Осы революцияның босағасына таянған жылдарда ел арасына Сәбиттің алғашқы сықақ өлеңдері тарай бастады. Бұл өлеңдері обыр байлар мен жылмаң атқа мінерлерге әлсіз қолмен сілтенген найзадай еді. Үші де бар, жарқылдайды да, бірақ қан шығара қадала алмайды. Мұндағы ең айқын нәрсе — жәбір көрген кедей-жалшыға жыпыла болысайын деген ақын сезімі. Сондықтан, осы кезде-ақ, еңбекші бұқараның арасын-

да Сәбиттің беделі көтеріле бастады. Зәбір көрген, жапа шеккендер «Әлгі, жаман Мұқанның жетім баласына» дұшпанына қарсы өлең шығартып алып жүрді. Жетім баланың аты Сәбит екені де ел аузына ілініп қалды.

Осындай, талап зор, талпыныс көп, бастаушы жоқ кезінде Сәбит Октябрь революциясының толқынына жолықты. Ауылдағы жалпы жалшының ой көлеміне сия қоймайтын үлкен дауыл жер қозғалтқан ұлы күймен, сарын салған үнмен қазақ даласына келді.

«Басыңдар, жолдастар, аяққа,
Атқанда бостандық таңы!
Жайылсын кең шалқып-жан-жаққа,
Орнасын бостандық заңы!»

Қазақ даласына ең алғаш келген, күреске шақырған революция үні осы еді. Осы үннің лебі ұшырып, Сәбитті даладан қалаға алып кетті. Сәбит бостандықты үйде жатып күтпей, өзі іздеп барып қарсы алуға кетті.

Бірақ, Октябрь революциясынан кейін Сібірде ақтар төңкерісі болып, Колчактың диктатурасы орнады. Қазақ байлары ақтармен қолтықтасып өзінің партиясын жасады. Байшыл оқығандар бұл күнге дейін «Елім» деген ұранды бүркеніп, жасырып келген түпкі ойларын бірте-бірте жарыққа шығара бастады. «Алаш» партиясының революцияға қарсы беті ашылды.

Бұл дәуір саяси жақтан әлі пісіп жетпеген бұқарашыл интеллигенция үшін өте бір қауыпты кезең еді. «Қазақ халқының бостандығы үшін!» деген жалған ұранға алданған бұқарашыл оқығандардың кей біреулері «Алашорданың» батпағына азды-көпті былғанып шықты. Ал, Сәбит 1918 жылы Омбы қаласында мұғалім курсында оқып жүріп, бұл былғанышқа ұрынған жоқ. Мүмкін, елден жаңа келген білімсіз жігіт көзге де түсе қоймаған шығар. Бірақ, негізгі себеп кедей-жалшы тобынан шыққан жас «Алаш» қиғылықтарының тегі жат екенін аңғаруында болу керек. Оған дәлел — келер жылы (1919) Сібірде совет өкіметі қайта орнаған күннен бастап саяси-қоғам жұмысына белсене қатнасып кетеді. Сәбит 1920 жылы большевиктер партиясының қатарына кіреді де, сол жылдан Сәбиттің шын мағнасында қоғамдық және әдебиеттік еңбегі басталады.

Сәбиттің ең алғаш баспаға шыққан өлеңі «Бостандық» та, әңгімесі — «Түсімде». Бостандықта» ақын шын бостандық әкелген революцияны құттықтап қана қоймайды, еңбекші елге оның мазмұнын да түсіндіргісі келеді.

Содан бері міне дәл жиырма бес жыл өтті. Бұл — өнімді еңбекті үлкен жазушының жиырма бес жылы. Осы жиырма бес жылдың ішінде Сәбит алпыс мың жол өлең мен поэма, алты роман, он шақты пьеса мен либретто, ғылми-тексеру жағынан жеті кітап, толып жатқан мақалалар жазыпты. Егер Сәбиттің қаламынан шыққан бар еңбегін жинап бастырсақ, көлемі 15 баспа табақтан 30 баспа табаққа дейін болатын 25 том болар еді. Қалам деген қағаз бетіне қалай болса солай, ойнақтай бермейді. Көркем сөз миға күш, ойға жүк салып, жүректен толғанып қана шығады. Жылына үлкен бір том кітап жазып отырған Сәбит — қазақ совет көркем сөзіне көп еңбек сіңірген адам.

Сәбит еңбектерінің бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, Сәбит — ақын, Сәбит — жазушы, Сәбит — драматург, Сәбит — әдебиет тексерушісі, Сәбит қазақ совет әдебиетін ұйымдастырушыларының бірі. Сәбиттің шығармалары әдебиетімізге берік негіздің бірі болып кіреді.

Екінші, советтік Қазақстанның 25 жылдық өмірінде басынан қандай күрес күндері өтті, бұрын мал баққан қазақ елі тарихи қысқа дәуірдің ішінде қандай ірі табыстарға жетті, осының бәрінің ізі Сәбит шығармаларына айқын түскен: ол — әйел теңдігі, ол — мемлекет ісін басқаруға жеткен батырақ, ол — колхоздасу негізінде өзгерген ел, ол — Қазақстанның өндірістері мен жұмыскер өмірі, тағы-тағылар. Қазақстанды артта қалған отар елден шаруашылық-мәдениет жағынан бірдей алға басқан ел ету үшін партиямыз бен өкіметіміз қандай шаралар қолданса, соның бәрі де желісін үзбей, Сәбит шығармаларынан толық көрініп отырады.

Үшінші, жоғарыда Сәбит қашан да елімен бірге болған жазушы дедік. Соның әсері Сәбиттің шығармаларында да айқын. Сәбит қашанда қалың еңбекшінің ұғымына барынша түсінікті болуға тырысады. Сәбит шығармаларының көркемдік жағынан өсуі әрдайым қалың көпшіліктің мәдениетінің жоғарылауымен сәйкес келіп отырады. Көпшілікке түсінікті болам деудің кейде шығарманың сапасын түсіріңкіреп жіберген уақыттары да жоқ емес, бірақ мұның көпшіліктің халдарына қарайлау сияқты бас себебі де бар.

Төртінші, Сәбит Горький бастаған совет әдебиетіндегі әрбір жаңа лепке қоян-қолтық келуге тырысқан ақын. Сәбиттің бұл талабы екі мәселеде өте айқын көрініп отырады: 1) бүгінгі өмірді, бүгінгі совет адамдарының ісі мен бейнесін көрсетуде, 2) жаңа маэмұнға жаңа түр іздеп, Маяковскийдің поэзиясына ұмтылуында. Айта кету керек, соңғы мәселе жөнінде Сәбит өзге ақындарымыздан үздік алда тұр. Сәбиттің бұл бағыты-

ның маңызы біздің әдебиет үшін өте үлкен еді. Өйткені, байшыл жазушыларды былай қойғанда, біздің қазақ совет жазушыларының өзінде ескі өмірді жазуға бейімділік көп. Бүгінгі өмірді әдебиетімізге арқау етіп, мазмұнына қарай түр іздеуге тырысқан бағыттың маңызы, әрине, ерекше болмақ.

Сәбит шығармаларының осы сияқты бірнеше негізгі ерекшеліктерін атап өткеннен кейін, енді соның әр саласын сөз қылатын болсақ, алдымен ақын Сәбитке тоқтауымыз керек.

Сәбит поэзиясын тегінде екі дәуірге бөлген дұрыс сияқты. Бірінші дәуірі — 1920—1930 жылдар ақынның өсіп, ержеткен кезі. Бұл кезде Сәбит түр жағынан түгел бұрынғы шеңберде. Бірақ, идея-мазмұн жағы түгел жаңа. Бұл дәуір «Сұлушаш» сияқты өлеңмен жазылған романмен — үлкен қорытындымен аяқталды. Сәбит жұртқа совет әдебиетінің үлкен ақыны екенін танытты.

Бұл дәуірдегі Сәбит поэзиясы жаңа тақырыпқа, жаңа идеяларға, күнбе-күнгі өмірді көрсетуге өте бай. Бірақ, көркемдік жағынан едәуір ақсап отырады. (Мысалы, «Жалшы», «Октябрь», поэмалары). Аздап солақай ағымның әсері тиген ақын бұрынғы ақындардан түр үйренуге де бармайды, яғни, бұрынғы түрлерді байшыл ақындардікі дегендей ыңғайы бар. Аздап ұлы Абайдың өзімен де даулы. Лириканы «еркек-әйелдің» ғана мәселесі деп қарап, оған да жуи бермейді. Әзір рабфактан алған ғана білімі бар ақын озық орыс әдебиетін де меңгере алған жоқ. Мазмұны, түр арасындағы шалғайлықтарын пайдаланған ұлтшылдар Сәбиттің иығынан түспегілері келеді. Кейде олар Сәбитті совет әдебиетінің өз тұрғыларынан да қыбын тауып соғады. Бірақ, түпкі тілектері және белгілі. Саяси және жалпы білімнің аздығы Сәбит шығармаларының түрін әлсіретіп, кейде идеясы мен мазмұнына да дау туғызып отырады.

Бірақ, бұл кемшіліктер өсіп келе жатқан өнімді ақынның шығармасының жалпы нәтижесіне елеулі әсер ете алған жоқ. Ақын Сәбит үздіксіз алға басып, алған бағытын тереңдете, құлашын кең жая түсті. Сол алғашқы дәуірдің өзінде-ақ төменнен жоғары өрлеп, кемшіліктерін бірте-бірте жойып, қазақ совет поэзиясының ең іргелі ақыны болғанын көреміз. Оның ең даусыз дәлелі жоғарыда айтылған «Сұлушаш» романы.

Біздің қазақ совет әдебиетінің өмірінде елеулі екі кемшілік болғаны кімге де болса мәлім. Бірінші, әдебиет көзімен қарағанда сауатты, әдебиеттің алдына жарығын төгіп, жазушыға жәрдем беріп отыратын, большевиктік сын болмады. Ондай сын қазірде өте әлсіз. Екінші, жазушылар арасындағы жік ауруы жазушы мен оның шығармасы жөнінде әділ пікір айт-

қызбай, әдебиетімізге үлкен бөгет жасап келді. Біреудің кемшілігін жасыра айту, енді біреудікін асыра айту сияқты жаман салт сүзек аурудай созылып, өте ұзақ жасады. Мұның салдары Сәбитке де, басқа ақын-жазушыларға да тиді.

Із аңдып, кезін күткен ұлтшылдар осының екеуімен де қатты пайдаланды. Совет жазушыларының арасындағы ала ауыздықты пайдаланып, олар кезі кеп қалғанда, совет әдебиетіне шабуыл жасап отырды. Сол шабуыл астына ең көп түскен ақынымыз да осы Сәбит еді. Әлі белін бере қоймаған ұлтшылдар баспа маңын қоршап алып, Сәбиттің шығармасын бастырмай тастағаны да бар. Тек қана Ленин партиясының тікелей қамқорлығы арқылы Сәбиттің алғашқы жинағы дүниеге шыққан.

Қызуы басылмаған жас ақын Сәбит, ұлтшылдармен біраз сойылдасып алып, 1925 жылы Москваға барды. Бұрын артта қалған елдің жас ақыны, бүгін совет әдебиетінің мәселесімен келіп отырған Сәбитті үкімет басшысының бірі қабылдайды. Ол жаңа бой жазып келе жатқан қазақ совет әдебиетінің егжей-тегжейімен танысып, ақылын айтады. Содан кейін Сәбиттің жинағы да басылып шықты.

Партиямыздың даналық нұсқаулары біздің әдебиетімізге де, Сәбиттің өзіне де ерекше әсерін тигізді. Ең алдымен, совет әдебиетінің сара жолына екі аяғын тап басқан қазақ жазушылары басын қосып, ұйымын құрды. Әдебиет тағдыры туралы әр ақын-жазушы оңаша ғана ойланбай, бірігіп қолға алатын іске айналдырды. Екінші, осы жылдардан бастап Сәбиттің шығармалары да жаңа бір бетке, күрделі көлемге шыға бастады. Ақын бұрынғысындай жаңа өмірдің бетімен қалыңқырап кетпей, оның ішкі мағнасын терең ұғынуға тырысып, поэзияның желілі түріне көшті. Сәбиттің көп поэмалары осы кезде туды. Бұл дәуірдің алғашқы кезеңіндегі Сәбит поэмаларында схематизм, жалаңаш социологизм бола тұрса да, өмірді жаңа негізде қайта құрып жатқан совет адамдарының бейнесін жасап, ісін көрсетуде ақын бірте-бірте шеберлене береді.

Рас, Сәбиттің бұл кездегі поэзиясында көзің бір түссе, айыра алмайтын суреттер, бір оқысаң, есіңде қала баратын дәлме-дәл теңеулер, тұлғалы бейнелер сирек кездеседі. Бірақ, ақынның идеялық тазалығы мен табандылығы көп кемшіліктерін жуып жіберіп отырады.

Бұл дәуірдің кесек қорытындысы «Сұлушаш» романы. Бұл Сәбиттің бұрынғы поэзиясының бәрінен жоғары, өте көркем жазылған, кең тынысты, серпінді ақындықтан туатын еңбек. Дарынды ақынымыздың терең толғануынан туған «Сұлу-

шаш» қазақ совет поэзиясының іргесін бекітті десек, асыра айтқан болмасақ керек. Өйткені, бұл тек қана Сәбиттің тұңғыш табысы емес, қазақ совет поэзиясының да ең күрделі тұңғышы еді.

«Сұлушаш» романында Сәбит поэзиясының халықтық түрін жаңа бір белге көтеріп тастады. Романның композициясы, тіл теңеулері, адамның ішкі дүниесін терең көрсетуі, идеялық астары түгел өскен әдебиеттің жақсы үлгілерімен келеді, ақынның піскендігін көрсетеді. Сәбит — мұнда әр сөзіне жауапты екенін әбден ұғынған суретші. Әсіресе, ерекше атауды керек ететін нәрсе — ақын ескі өмірге жаңа заманымыздың көзімен қарай алған. Тақырыбына жалпы адамгершілік идеядан туатын астар берген. Халқымыздың түсінігіне таныс материалды алып, теңдікке, азаттыққа ұмтылған жастардың сырт бейнесін шебер жасаумен бірге, ішкі қасиеттерін терең бере алған. Бұрын Сәбит лирикаға бой ұрмай келсе, «Сұлушашта» ол көзқарасын түгел өзгертеді, адам сезіміне терең бойлайды. Бұрын Сәбит Абай поэзиясына аз-кем солақайлықпен қараса, енді оның ізі де жоқ. «Сұлушаш» Сәбиттің Пушкин бастаған орыс халқының поэзиясы мен Абай сарынын бойына әбден сіңіргенін көрсетеді. Сондықтан да «Сұлушаш» сол дәуірдің кесек қорытындысы, ақынның кезекті табыстарының бірі ғана емес, ақынымыздың да, қазақ совет поэзиясының да жаңа белі болып қалды.

Сәбит поэзиясының екінші дәуірі — 1930 жылдың бер жағында совет ақынының творчестволық жолын, идеялық және көркемдік мақсатын ізденуден басталады. Бұл кезде Сәбит Маяковскийге шұғыл бет бұрады. Жаңа мазмұн дегеніміз бұл кезде тереңдей түсті, енді соған жаңа түр іздейді. Бүгінгі істер мен бүгінгі адамдарды көрсетем деген ақын, әрине, орыс халқының революциялық әдебиетінен үйренуге міндетті. Сәбиттің тура Маяковскийге бет бұруы да кездейсоқ нәрсе емес. Бұл — заңды құшақ. Бірақ, «құлашың жетпесті құша алмайсың», революцияның үні сияқты Маяковский оп-оңай меңгеріле қоймайды. Сәбит шығармалары біраз уақыт Маяковский поэзиясына сыртқы пафос жағынан ғана ұқсап жүрді де, ішкі үндестік едәуір уақыт табылған жоқ. Осы қатты іздену, ауыр толғану кезінде Сәбит толып жатқан ұсақ өлеңдер мен бірге «Көмір — коммунизм», «Алатау», «Қара айғыр» сияқты поэмаларын жазды. Бұл шығармаларының бәрінде де Сәбит бүгінгі өмірді суреттеп, бүгінгі еңбек ерлерінің бейнесін беруге қатты жан салады. Бүгінгісімен бірге совет дүниесінің ертеңгі күніне де шолғын жасайды. Талап сөзсіз үлкен, табыс әзір шағын, еліктеушілері көп.

Бірақ, талант ізденсе, таппай тоқтаған емес. Сәбит, 1934—1940 жылдардың арасында талай жақсы өлеңдер мен поэмалар жазды. Бұл кездегі Сәбит поэзиясында мазмұнға түр сәйкес, сөз екшеліп шығады. «Известия» газетінде басылып шығатын «Майға сәлем», бірінші бәйгені алатын «Ақ аю» поэмасы, Маяковскийге арналған «Поэзия маршалы», «Сөз — советтік армия», «Колхоз күні», тағы тағылары қазақ совет поэзиясының үлкен табыстары. Өйткені, бұл шығармалар шын мағынасында совет поэзиясының қорына кіреді.

Сәбиттің бұл кездегі шығармаларының ерекшелігі мен құндылығы неде? Ол, ең алдымен социалистік шындықтың суреттерін дұрыс бере алуында. Бұл шығармаларда жандайшаптың жарамсақтануы да жоқ, кеудемсоқтың үстірттігі де жоқ, шындық дәл, бейне дұрыс. Өзін-өзі өзгертіп, өзімен бірге өмірді өзгертіп жатқан, еңбек салтына кіріп болған совет адамдарының әрқайсысының өз тұлғасы, бұл адамдар әр топтың, әр еңбектің өкілі ғана емес, әрқайсысы өз орынында ойлайтын, қайғыратын, қуанатын, іс істейтін адамдар. Бұл ерекшеліктер бұрынғыдай тілек қана емес, шебер қолмен орындалған іс.

Екінші, бұрын Сәбит халық көпшілігіне ұғымды, жақын болу керек деген тілекті орындаймын деп, шығармаларының көркемдік сапасын «қарапайымдық» халге қарай жақындатып алатын кездері болса, енді Сәбит сол көпшіліктің алдына шығып алып, оқушыларына қатар отырайық демейді, маған ер дейді. Әрине, мұның басты себебі оқушы көпшіліктің өз мәдениетінің өсуі арқылы әдебиетімізге қоятын тілектерінің өсуінде ғана емес, сонымен бірге жазушының өзіне-өзі қоятын тілектерінің де өсуінде. Мұның атын жазушы жаңа белге көтерілді деп те атауға болады.

Бұл дәуірде Сәбит қазақ совет поэзиясының түріне де көп жаңалықтар енгізді, поэзиямыздың түрін байытты. Бір кезде ұлы ақынымыз Абай, Пушкин, Лермонтов поэзиясының әсерінен алынған көп түрлер кіргізсе, Сәбит те орыс революциялық поэзиясынан көп жаңалықтар алады. «Алады» дегенге қарап, әзір тұрған бір түрді алып, не ортаға, не шетке жеге салған екен деп ойлауға болмайды, әрине. Әдебиеттің түрін байыту — ала салумен бітпейтін жұмыс. Әрбір ұлттық әдебиеттің үнін бұзбай, сиқын кетірмей, басқаға ұқсатып алмай, жатсырап тұрмайтын жаңа түр табу — үлкен творчестволық әңгіме. Сәбиттің бұл жөндегі табыстарын, енгізген жаңалықтарын, өз алдына үлкен әңгіме етуге болады.

Сәбит — үлкен ақын болуымен бірге, көркем қара сөздің де үлкен жазушысы, романист. Сәбит бұл күнге дейін үлкен-

үлкен алты роман жазды, осы кезде жетінші романын жазып жүр.

1929 жылы шыққан Сәбиттің бірінші романы «Адасқандар» жазушымыздың қара сөзге шеберлігін, тағы да көп нәрселер күтуімізге болатынын көрсеткен еді. Содан бері Сәбит «Теміртас», «Есіл», «Менің мектептерім», «Жұмбақ жалау», «Балуан Шолақ» романдарын жазды. Күткенімізге қарай көп берді.

«Адасқандар» романы, қанша кемшіліктері бола тұрса да, сол кездегі байшыл жазушылардың жазғандарынан анағұрлым жоғары еді. Сәбитті күнде кекетіп, күнде сықақтап жүретін байшыл жазушылардың өздері ондай роман бере алған жоқ та. Өйткені, олар таптық үстемдіктен айрылып, болашағы буалдыр тартқан жазушылар еді. Сондықтан олар аяқтан алу, жұрт жүрегін улау жолына түсті. Идеясыз көркемдік жоқ, көркем әдебиет жоқ. Идея желісі қырқылған топ, тұсаған аттай тоқтап қалған.

«Адасқандар» жұртқа мәлім, Қызылорданың айналасында болған оқиғаға құрылған, өз дәстүрімен таза келген қазақ қызы мен қала мәдениетін өз құлқына қарай бұра ұғынған бай баласының арасындағы трагедиясын көрсетеді. Бұл — қала мен даланың арасындағы шалғайлық емес, аттары да аталып, дәл алынған екі жағдайдың қайшылығы. Жазушы болғанды көрсете отырып, болашаққа қорытынды айтпайды, ескерту, сақтандыру жасайды.

Романның бас геройының бірі — Бүркіттің жүріс-тұрысын кейде керексіз-ақ тәптештей жазылғанын мінеп, көп адамдар жазушыға жүрегің соған бұрады деген сын айтты. Бірақ, көңіл қоя оқыған адам Бүркіттің қандай жоғарыдан басталып, қандай төменге құлайтынын көрмеске шарасы жоқ. Әр жазушының өз әдісі бар. Сәбит Бүркітті көрсеткенде, көпке дейін оқушыны «алдаусыратып» отырады. Жүрегі соған бұрады-ау деп қалатының да рас. Бірақ, қорытынды Бүркітті біржола құлатып шығады. Солай болғасын, жаңағы айып — үстірт кесім. Аттаған сайын тәлтіректеп, аяғында құлайтын герой, құлаған да, ерлікпен емес, адалдық жолында емес, өзінөзі тонап барып, абыройын төгіп барып құлайтын герой, өл жазушының жан ашыры бола алмайды.

«Адасқандарда» жазушының шын жаны ашитын бір жері бар. Ол — қазақ қызы. Оның аты Бәтес болғанмен, заты — қашаннан бері құмарлық болып келген қазақ қызы. Шынында әйел бостандығын теріс ұғынып, аяғы нәпсі құрбаны болған қазақ қызы аз болған жоқ, әлі де кездеседі. Азат заман дегеннің сырты емес, ішін ұқ дейді Сәбит қазақтың қызына.

Бұл жөнінен Сәбит қазақ қыздарынан үлкен алғыс алуға тиісті.

Біздің сын «Адасқандардың» екінші бір бағытын байқамай өтті. Ол романдағы «Алаш» адамдары. Күні кеше қазақтың еліне де, әйеліне де бостандық әперу үшін күресіп жүрмін дейтін «Алаш» адамдары романда не істейді? Бет перделерін алады. Совет құрылысының әйелге берген шын «бостандығына» бөгет жасайды. Совет заманында әйелді ескі әдеттің құрбандығы етеді. Сол арқылы «бәрі бос сөз» дегенге әкелгілері келеді.

Сөз жоқ, Сәбит романының геройларын шын еңбекшілер арасында табатын еді. Ерлік те, құрбандық та, осы көздеген идеяға дәл келетін ел жастары да көп еді. Ескі мен жаңаның біресе тоғысып, біресе соғысып қалатын алғашқы кез ел жастарының көбінің басынан өтті. Романға осы жағынан тағылған мін, әрине, дұрыс. Дегенмен, романның қанша кемшіліктері бола тұрса да, ол — Сәбиттің қара сөздегі әрі алғашқы, әрі көрнекті табысы. «Есіл» романы әлі аяқталған жоқ, «Менің мектептерімді» мен мемуарлық очеркке жататын шығарма дер едім. Әртүрлі жақсы жасалған типтер, елдің бұрынғы халын дұрыс беретін суреттері бола тұрса да, бұл ұзақ өмірді ұзынынан шолитын әдебиетке жатады.

•Қазақ совет әдебиетіне құнды қор болып кірген Сәбиттің «Жұмбақ жалау» атты романы. Бұл — шын мағнасында үлкен еңбек. Қысы аязды, жазы жадыраңқы, қуанышты-қайғылы, ойы бар, қыры бар, жалықпай жаза беруден емес, қаламы ұшталған жазушының да ойланып барып, жеті өлшеп, бір кескенде, бере алатын шығармасы. «Жұмбақ жалаудың» желісі кең тартылған да, адамдар арасының тартысы әр түрлі шытырманға түсіп, аяғына дейін жалықтырмай, жетелеп отырады. Тартысқа түсетін адамдар да, олардың істері де біріне бірі жалғасып, қызықты шешіледі. Роман революцияның алдындағы жылдардан басталып, Октябрьмен аяқталады. Бұл қазақ халқының өміріндегі бір үлкен белес. Ұлт қозғалысы пролетариат революциясының арнасына құйылды. Романның түпкі идеясы да осында. Осы идеясын жазушы әрбір адамдардың басына бөліп беріп, дұрыс алып шығады. Сәбит 1932 жылы «Теміртас» романын жазып еді. Оның мазмұны жалаңаш, құрылысы олақ, адамдары жұпыны келетін. «Жұмбақ жалауда» Сәбит сол кемшіліктерін толықтырады. Бірақ, бұл «Темір тастың» жалғасы емес, қайталау да емес. Толық көрсетіле алмай қалған үлкен тақырыпқа жазушының қайта оралып, жаңа тұрғыдан қарап ойдағы жерден шығаруға арналған еңбегі.

«Жұмбақ жалау» Сәбиттің басқа романдарынан тек қана идеясымен асып түрмайды. Жазушы ең алдымен үлкен тақырыпты тармақтанып жатқан үлкен мазмұн арқылы береді. Ол мазмұн бәсеңдемей, түйдектеліп шыққан. Жазушының тілі, теңеулері жақсы. Аздап солғын басталатын алдыңғы жағымен соңғы «Сағит» бөлімі болмаса, романның орта кезі кесек жатыр. Ескі Петербург суреттері болмаса, басқа жағында суреттері де ескі жұрт емес. Олай болса романға қойылатын басты тілектер дұрыс орындалған. Идея мен көркемдік арасындағы райластық шүбә туғызбайды.

Романның бас геройларының бейнелері де әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен берілген. Демократиялық оқығандар арасынан шыққан Асқар, қазақ қызынан революцияға өз халінше қатнасатын Ботакөз, халық өкілі Амантай, кесір болыс Итбай,— бұлардың бәрі де толық образдар. Айта кету керек демократиялық оқығандар арасынан шыққан геройдың образы қазақ көркем сөзінде бірінші рет осы романда жасалды. Мен өзім Асқар мен Ботакөздің бейнелерін де болғаннан гөрі болуға мүмкіндік жағы басымырақ біраз жерлері бар деген нен басқасын айтпас едім.

Екінші романда солғын көрсетілген орыс пролетариаты, большевик партиясының өкілдерінің бейнелері. Бұл біздің қазақ әдебиетінде әлі дұрыс көрсетіле алмай келеді. Толып жатқан Иван, Алексейлер бар да, бәрі де солғын. Бұл жалғыз Сәбит емес, бәрімізге ортақ кемшілік.

Осы сияқты кемшіліктері бола тұрса да, «Жұмбақ жалау» романы біздің қазақ совет әдебиетінің үлкен жеңістерінің бірі. Бұл романды қалың оқушы көпшілігі өте сүйіп оқиды. Қазақ халқының өміріндегі ең үлкен тақырыпты суреттейтін идеясы үшін, принцип көзімен қарағанда, үлкен шындығы үшін сүйеді. Мұны дәлелдейтін мынадай бір ерекше қызық жағдай бар. Роман дүниеге шыққан жылы Сәбит романды оқушылардан мыңнан артық мақтау хат, қуанған жұрттың алғысын алған екен. Ондай хаттар Ұлы Отан соғысының өн бойында майдандағы жастардан үзілмей келіп жатты. Ондай хаттар кәзірдің өзінде де батыста Берлиннен, шығыста Сахалиннен үзілмей келіп жатады. Біздің жас әдебиетіміздің өмірінде мұндай факт болған емес. Жазушыға кітабын оқыған, я болмаса сахнада көрген жұртшылықтың алғысынан артық қуаныш та жоқ, болмауы да керек. Жазушының көңілін өсіріп, қаламына қайрат беретін осы жұртшылық алғысы.

Көркем қара сөздегі үлкен табыстардың бірі «Балуан Шолақ» романы, бұл роман Мұхтар Әуезовтің «Абай» рома-

нымен бірге Қазақстан Орталық Партия Комитетінің қаулысында да аталды. Осының өзі-ақ «Балуан Шолақтың» үлкен мақтауды көтеретін шығарма екенін дәлелдесе керек. Қазақ халқының батыры Балуан Шолақтың кесек бейнесі мен оқыс істері, романның қызықтырып отыратын мазмұны. Сәбиттің бұл романын да жұртшылығымыздың сүйіп оқитын шығармасы етті, оның үстіне «Балуан Шолақ» Москвада киноға түсірілуге қабылданды. Мұның аты — қазақ жазушысының үлкен шығармасы көркем әдебиетке әбден қанық орыс оқушылары мен көркем өнердің шеберлеріне де ұнады деген сөз. Сын көзімен айтылған пікірлерді ескере отырып, Сәбит осы күні «Балуан Шолақты» киноға дайындап жатыр. Мен Балуанның ішкі дүниесінің жалаңаштаулығы, қоғамдық көз қарасының тұтасып, өрістеп отырмауы, Шолақты көбінесе қара күшке айналдырып жіберетін жақтары бар деген бір ғана сын айтар едім.

Сәбит Мұқанов әдебиетімізге әр саламен келетін өнімді еңбектің адамы дедік. Сәбит өз күшін драматургия майданында да байқады, он шақты пьеса, либретто жазды. Оның ішінен Қазақстан Академиялық драма театрының сахнасында көрсетілгені «Күрес күндерінде», «Жеңіс жыры», Қазақстан Академиялық Опера театрында — «Алтын астық», «Гвардия алға!». Ең соңғы жазғаны «Шоқан Уәлиханов» орыс тіліне де аударылды.

Драматургиядағы Сәбиттің табыстары поэзия мен көркем қара сөздегідей емес, өте шағын. Драматургия Сәбиттің оң жамбасына дәл келе алмай жүр. Сәбиттің драматургиядағы тақырыптары да ылғи жаңа, ылғи кезектегі мәселе болып келеді. Бірақ, соның көркем орындалуы — әлсіз.

Жиырмадан артық пьеса жазған ұлы жазушымыз Горький өзі туралы былай дейді: «Мен жиырма шақты пьеса жаздым, мұның бәрі де азды-көпті әлсіз байланыстырған көріністер ғана, сюжет желісі дұрыс тартылмаған, адам мінездері толық және айқын емес. Драма бастан аяқ бұрқыраған қимылды, әсерлі болуға тиіс» (Горький «Әдебиет жайында» 1934 жыл).

Горький — «Күн балалары», «Соңғылар», «Егор Булышев» сияқты совет драматургиясының үлкен олжасы деп саналатын драмаларды жазған адам. Соны жазып отырып, өзінің драмалары жайында жаңағы пікірді айтады. Сөз жоқ, мұнда ұлы жазушының өзі туралы асқақ пікір айтпайтын ұлы әдеті де болу керек. Бірақ, сонымен қатар, Горькийдің бұл сөзінде әдебиеттің ауыр саласы — драматургияға қоятын үл-

кен шарттары да айқын. Горькийдің осы сөзі біздің Сәбитке әрі жауап, әрі шарт сияқты.

Ұлы Отан соғысының тұсында Сәбиттің «еңбек өнімділігі» біраз төмендеп кетті деген дұрыс сын. Сәбит қарап отырған жоқ, әрине. Сәбит сияқты жазушы қаламын жинап қойып, қарап отыра алмайды. Ол толып жатқан өлең, очерктер жазды. Бірақ, Сәбиттің оқушылары сүйікті жазушысымен жиі кездесіп отыруға, және ірі шығармалардың үстінде кездесуге дағдыланған ғой. Сондықтан, Сәбиттің соғыс кезіндегі «еңбек өніміне» қанағаттана алмауы орынды тілек.

Совет жұртшылығының орынды тілегіне орнықты жауап ретінде, Сәбит осы кезде «Біздің заманның батырлары» деген жетінші романын жазып жатыр. Жазушының алдына қойған міндеті кең, алған жүгі өте ауыр. Роман Қазақстанның құрдасы болмақ, яғни, өткен жиырма бес жылдың ішін ұзынды-көлденең түгел шолмақ, әр алуан күрес үстінде өскен қазақ халқының бүгінгі ерлері көрсетілмек. Елі мен отанның даңқын көтеру жолында ел мен майданда өнегелі еңбек, қажымас қайрат көрсеткен Совет дәуірінің ақиқаттары көрсетілмек. «Біздің заманның батырлары» жақын арада жазылып бітеді, елдің күткен жерінен шығады деген сенім де зор.

Сәбит — қазір алды-артын түгел шолып, табыс қай жақтан келді, таптырмай жүрген не, тапшылық істеп жүрген не осылардың жайын кең ойланып, соғыстан кейінгі жаңа дәуірімізге жаңаша кіріскелі отырған жазушы. «Балуан Шолақты» қайта құрып жатқанын жаңа ғана айттық. Осы кезде «Жұмбақ жалаудың» үсті-басы да айран-ала. Жұрттың мақтауымен бірге сынын да баса ескеріп, Сәбит елеулі шығармаларын үстінен түзетіп келеді. Бұл — үлкен ойлардан туатын, өзіне өзінің сыны күшейгендіктен туатын қасиет.

Сәбит — бір дәуірден екінші дәуірге өсумен келе жатқан ұлы Совет дәуірінің үлкен жазушысы. Оның еңбектерінің қазақ совет әдебиетінде орны басқа. Сәбит — жалғыз ғана өз еңбектеріне жауапты адамның бірі емес, әдебиетіміздің тағдырына түгел ортақ жазушы. Ағаға қарап, іні өспек. Алдыңғы толқын ағалар болса, келесі толқын — сол інілер. Сондықтан, Сәбиттің алдына басқаларға қойыла бермейтін міндеттер қойылады, басқаларға ауыр келетін жүктер артылады.

Қазір, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейін, елдің мәдени тілегі бұрынғысынан анағұрлым өсті, әдебиетке, жазушыға қоятын міндеттері өсті. Дүниедегі ең озық совет әдебиетінің жазушысы деген ат біздің жауапкершілігімізді және арттыра түседі. Әдебиеттегі ағалықтан туатын тағы бірталай жауаптылық бар.

Алдағы күнде ардақты жазушымыз осыларды қатты ескерер деп даусыз сенеміз.

«Әдебиет және искусство», 1946 ж.

II

«Қазақ СССР тарихының» екінші томында — «Қазақ совет әдебиетінің тарихында Сәбит Мұқановтың еңбегі ерекше орын алады» делінген. Бұл — елу жасқа толғанын мерекелегелі отырған, іргелі жазушыларымыздың бірі — Сәбитке тарихымыздың берген бағасы, халыққа танылған жазушының әдебиет майданындағы отыз жылдық мол еңбегіне берілген әділ баға.

Қазақ совет әдебиетінің отыз жылдық өсу-өркендеу тарихында жазушы Сәбит Мұқановтың орны ерекше екендігіне ешкім таласа алмайды. Октябрь революциясының от-жалынды толқынында туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы айқын дауысы — Сәбиттің дауысы еді. Бұдан 30 жыл бұрын, революцияның ұлы үніне араласа, қуаныш кернеген жүректен шыққан жас бір дауыс «Бостандық!» десе, бүгінгі Сәбит қазақ совет әдебиетінің негізін қолынан қаласып, бар табысына кесек-кесек романдар, ұзақ желілі поэмалар сияқты үлкен енші қосқан, халқымыздың шын сүйікті, ең өнімді жазушыларының бірі. Мүмкін бұдан 30 жыл бұрын жас ақынның «Бостандық!» деп салған айқайы онша алысқа бармаған шығар, қазір Сәбиттің мол дауысы Совет Одағына түгел таныс.

Жазушы Сәбиттің тарихтан алатын ерекше орны — егіз екі саламен келіп, бір арнаға құятын жазушылық еңбегінің нәтижесі. Сол екі сала әр кезде жұбын жазбай қоса өріліп, жазушының отыз жыл бойы үзілмей келе жатқан ерекше қасиеті болып қалды. Оның бірі әдебиет қазынасына қосқан Сәбиттің өз шығармалары болса, екінші — қазақ совет әдебиетінің қозғалысын ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі.

Сәбит еңбек бұқарасының өз топырағында өскен ұрық. Шевченко, Некрасов, Горький сияқты Сәбит те қалың бұқараның өзінен өрбіген бұтақ. Сәбит поэзиясы бір дәуір Шевченко, Некрасов поэзияларымен сарындас сияқты әсер ететіні де, Сәбиттің басқа ақындарымыздан гөрі Маяковский дәстүрлерін тереңірек меңгергені де, партия ұрандарына сергектігі де, осындай таптық үндестіктен туады. Оның үстіне, Сәбит барлық тәлім-тәрбиені, саяси және мәдени білімді Ленин партиясынан алды. Сәбит шығармаларындағы таптық тілек пен идеялық бағыттың айқындық себептері де осында.

Қазақстан топырағында болып өткен қоғамдық үлкен күрестерді Сәбит көлденең көзбен көріп, бейтарап суреттеген жоқ, совет жазушысының көзімен көріп, алға сүйрер өз ойын ұсынып отырды. Таптық күрестердің айнасы ғана болып қойған жоқ, ұраншысы да болды, еңбекші бұқара жұртшылықтың социалистік жаңа өмірін белсене бірге жасасты.

«Шоқпыттың шаруасы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» («Батырақ») сияқты шығармаларында Сәбит өзіне таныс жалшы өмірінің бұрынғы халін суреттей келіп, қазіргі жалшының оянғандығын, жаңа өмірдің кірпішін қаласып жатқан жаңа адамның бейнесін көрсетеді. Бұл дәуірінде ақында олақтық та бар, оқыс кету де бар, бірақ ақынның не айтқысы келген адал ойы бұрмалауға жатпайды. Бұл шығармалардан дала жалшыларының бай есігіндегі итсалпақ сорлы күйін көрсек, «Сұлушаштағы» Алтай мен «Бүгінгі жалшыдан» тұрақты, сана, терең сезім сияқты адамгершілік ішкі қасиеттерді көреміз. Ақбөпе, Бәтес, Сұлушаш образдары арқылы әлеуметтік әр топтан шыққан қазақ әйелінің әр дәуірдегі бейнесін көрсең, Ботакөз арқылы революция жалынында пісіп-қатқан қазақ қызын көреміз. Шоқпыт пен «Бүгінгі жалшы» жазушыны «Сырдария» романындағы Сырбайға әкелсе, ол — ескі із емес, жаңа дәуірдің жаңа адамы. Сол сияқты, Гүлнар мен Айбарша да қазақ әйелінің бүгінгі өскен кезеңін көрсетеді.

Сәбит творчествосының алғашқы он жылдың ішіндегі ден салмағы поэзияда жатады. Бұл дәуірде Сәбит прозаға араласқанмен әзір сенімді түрде кіріспегенін, жаңа жанрдың төсегін байқап қана жүргенін көреміз. Сонымен қатар, шығармасының бұқара көпшілігіне түсінікті болуын көздеген ақын, халықтық ауыз әдебиеттің дәстүрлеріне көбірек бұрылды. Кезінде бұл заңды да, көпшілік үшін ұғымды да болды. Сәбиттің орыс халқының классикалық ұлы әдебиетін шұғылдана оқи бастағаны да осы дәуірдің ішінде. Маяковский сияқты революция ақынына ойысқаны да осы кез. Бірақ бұл дәуірін Сәбит халықтық поэзияның жақсы үлгілеріне көбірек сүйеніп аяқтайды. Қазақ совет поэзиясының, соның ішінде Сәбит поэзиясының бір дәуіріне қорытынды сияқты болып қалған «Сұлушаш» мұны дәлелдейді. Өлеңмен жазылған «Сұлушаштың» ерекшелігі де, кейін қайталанбаған, енді қайталанбас қымбатты шығарма болып қалғаны да осынысында. «Сұлушаш» қазақ совет поэзиясының екінші бір биік белге шығып қалғанын көрсетеді.

Алғашқы он жылын ұсақ өлеңдерден бастап, ұзақ поэмалармен қорытқан Сәбит екінші он жылдық дәуірдің ішінде

сан жағынан да, сапа жағынан да үлкен сындар көтере алатын кесек еңбектер берді. Бұл кезде Сәбит — тақырып шеңбері кеңіген, өзіндік стилін айқындап алған, совет әдебиетінің белгілі шеберлерінің бірі. Оқушы жұртшылығымызға мәлім Сәбит творчествосының бар ерекшелігі, өзіндік көркемдік қасиеттері осы дәуірде әбден сұрыпталып, тұрақты қалпын табады. Поэзия мен прозаны қатар өрістетіп, қазақ совет әдебиетіне Сәбиттің оннан артық поэма, бес-алты үлкен роман қосқан өнімді дәуірі де осы.

Сәбит поэзиясының бұл дәуірдегі басты ерекшелігі — дарынды ақынымыз совет дәуірінің ең талантты ақыны Владимир Маяковскиймен толық үндестік тапқанында. Үлкен идеяларды ақын жаңа теңеулермен, көркемдік жаңа бір сапамен береді. «Майға сәлем», «Жемісті ағаш», «Ақ аю» «Ант тысяча», «Поэзия маршалы», «Колхозды ауыл», «Сөз — Советтік Армия» сияқты өлеңдер мен поэмалар Сәбит поэзиясының екінші дәуірде шыққан биігі. Сонымен қатар, бұл шығармалар сол дәуірдегі әдебиетімізге салмақты түрде кірген жаңа сапа болып, барлық ақындарымыздың алдына жаңа талаптар қойды, ауыз әдебиетінің байырғы үлгілеріне қарайлауы басым болып келе жатқан қазақ совет әдебиетін орыс халқының революцияшыл озық әдебиетінің жолына жетеледі. «Жол анасы — із» дегендей, талантты аға ақын өз қаламымен сол «ізді» салып берді.

«СССР-ді етуге бөлшек-бөлшек
Ойласа жау,
Олармен күшті өлшеп
Көреміз бүгін
Бізде күзет мықты.
Жауға жерден бермейміз жалғыз вершок.»

деген сияқты Маяковский арнасымен келетін өлең Сәбиттен басталды да қазір барлық ақындарымыздың шығармаларына кіріп қалды.

Іштей бірнеше түрге бөлінетін, шын мағынасындағы проза бізде революциядан кейін туды. Әңгіме, очерк, повесть сияқты түрлерінен бастап, көлемді романдар арқылы қазақ совет әдебиетінің бойын өсіріп, салмағын күшейткен ірі жазушыларымыздың бірі — Сәбит Мұқанов. «Адасқандар», «Теміртас», «Балуан Шолақ» сияқты бір қайнауы ішінде кеткен романдардан кейін, Сәбит «Жұмбақ жалау» (Ботагөз), «Менің мектептерім», «Сырдария» сияқты үлкен шеберге лайық романдар жазды. Бұл шығармалардан революцияның алдындағы жылдардан бастап осы күнге дейін қазақ бұқарасының басынан өткен күрес күндерін көреміз. Жазушы әр дәуірді

өзінің дәл бейнесінде көрсету арқылы, шығармаларына тарихи шындық маңызын береді. «Жұмбақ жалауда» бұқара халықтың әр жігінен шыққан Асқар, Кенжетай, Амантайлар арқылы қазақ халқының Октябрь революциясына құшақ ашқанын көрсек, әлеуметтік өмірден қағажу қалған қазақ әйелінің сана-сезімі оянған кезін де көреміз. Қазақ қызы Ботакөз сол кездегі қазақ әйелінің бойына сиярлық шындығымен өсіп келіп, саяси күреске қатынасады. «Жұмбақ жалау» романының кітап оқушы көпшілікке ең ұнаған романдарының бірі болып қалғаны да сол кездегі өмір шындығы мен адал бейнелерін жазушының жақсы көрсете алғанында.

Сәбиттің «Менің мектептерім» дейтін романында революция кезіндегі қазақ ауылының бейнесін көрсетуден басқа бір үлкен маңыз бар. Ол — жазушының проза жанрында Горький мектебінен оқып өскендігін көрсететін творчестволық жаңалық. «Менің мектептерім» алғашқы басылып шыққан түрінде Горький шығармасына сыртқы жақтарымен ғана ұқсаса, қазіргі қайта жазылып шыққан түрінде іштей көп байыған, образ жасауда, адам мінездерін ашуда жазушының көп тереңдегенін көрсетеді.

Совет жазушыларының өзіне өзі қатар талап қойып, шеберлік күшін аямай төгіп, айрықша жауаптылықпен суреттеуге тырысатыны — осы күнгі өзіміздің өмір, социалистік еңбек майданындағы совет адамдарының еңбегі. Еңбектегі совет адамдарының әралуан образдарын жасауға арналған үлкен романдардың бірі — Сәбиттің ең соңғы жазған «Сырдариясы».

Жазушы әрі қиын, әрі оқушы жұртшылықтың үлкен құрметпен қарайтын тақырыбын таңдап алған. Бұл тақырыпқа жұмсалған жазушы еңбегі де құрметті. Қазақ совет әдебиетінде әлі тың жатқан, талайларымыздың талай соғып, талай сыналатын, сынасатын тақырыбымыз да осы еңбек айналасындағы жаңа адамдар болады. Осы тақырыпты Сәбиттің басқалардан бұрын бастауы — коммунист жазушының батыл қимылына жататын, бағалай білуді керек ететін нәрсе.

Сәбиттің бұл романында идеялық екі үлкен мағына бар: біріншісі — социализм елінде еңбек — азап емес, азаматтық аброй-атаққа жеткізетін жаңа мағынасын тапқандығы: екіншісі — Ұлы Отан соғысының бар салмағын жапа-жалғыз көтерген совет халқының социалистік құрылысты тоқтатпай, қайсар қажырмен жүргізе бергендігін көрсету. Романның көркемдік жағында елеулі кемшіліктер жиі кездесіп отырса да, игілікті идеясы үшін жұртшылық оны қатал сынаған жоқ.

Дегенмен жұртшылық аузынан адал да, әділ де айтылған

сындарды жазушы қатты ескеріп, қазір романды қайта жазып шықты. Құрметті аға жазушының елу жасқа толған қарсаңында жұртшылық алдына салып отырған тартуы — осы «Сырдария» романы. Бізше, бұл — бұрынғы үстірттіктерінен арылған, еңбек жұртшылығына ой салатын, жақсысына қуанып, қисығын түзетуге жәрдем ететін, сүйсініп оқитын құнды шығармалардың бірі.

Сәбитпен тұстас, я болмаса кейінірек шыққан қазақ ақын, жазушыларының одан ағалық қамқорлық көрмеген, тәжірибе алмағаны кемде-кем-ақ. Совет құрылысының қуат-құдіретіне қалтықсыз сенген жазушы Сәбит әр кезде, арқасын партиямыздың ұлы саясатына берік сүйеп, адал күшпен, алаңсыз, риясыз сеніммен совет әдебиетін жасасты. Сәбиттің әдебиет тарихындағы айрықша орны осындай үлгілі қасиеттерінен туады.

Совет халқы — тез өсетін халық, біздің заман — тез өсіретін заман. Біздің оқушы қауым — сол совет халқы. Сол халықтың рухани тілегіне сай шығарма беруге міндетті совет жазушысы, бір кезде шыққан биігінде тұрып қалмай, жоғарылай беруге тиісті. Жазушылар көпшілігіне айтылар осы тілекті, халқымыз танып, елу жасқа толғанын тойлап отырған, бір майдандағы жолдасымыз, аброй-атаққа ортақ досымыз Сәбитке де айтамыз.

«Социалистік Қазақстан», 1950, 23 май.

III

Біздер үлкен қадір-құрметпен, еліміз үшін де, еліміздің әдебиеті мен мәдениеті үшін де даңқ деп атарлық мақтанышпен Совет Одағының атақты жазушыларының бірі Сәбит Мұқановтың 60 жасқа толған мерекесіне жиналдық. Ұлы Отанына, ұлы совет халқына қажымай-талмай, жалтақсыз-бұлтақсыз 40 жылдан астам ой еңбегін сіңірген үлкен дарынның тойына жиналдық.

Бұдан 40 жыл бұрын ауылдағы жалшы болса, қазір әйгілі жазушы, белгілі қоғам қайраткері, академик Сәбиттің тойына жиналдық.

Өткен дәуірдің қараңғылығы мен надандығынан, қоғамдық және ұлттық теңсіздігінен біз құтылғалы 40-ақ жыл болды. Біздің партиямыз бен үкіметіміз сол ауыр заманда не қолына мылтық алып, не болмаса қалам алып, бүгінгі социалистік, ертеңгі коммунистік болашақ үшін алысқан қайраткерлерін әр кезде құрметтейді.

Ал, біздің Сәбит Мұқанов Ұлы Октябрь революциясының күні шыққаннан бастап-ақ советтік әдебиет жасау үшін алысқан азғана топтың ішінде, бармақ басымен саналатын топтың ішінде, алдыңғы сапта болды. Ондаған жылдарға созылған байшыл-ұлтшыл жазушылармен болған күресте Сәбитті біз ылғи алдыңғы қатарда көретін едік. Өздеріңізге мәлім — ұлтшыл жазушылар әрі көп, әрі сайдың тасындай ірі, піскен болатын. Білімі аздығына, қаламы төселмегендігіне қарамай, жас ақын Сәбит ешбір жағаластан тайсалған жоқ, сол күресте өсті де, ержетті.

Жас советтің алғашқы дәуірінде басталған, кейін жеңіспен аяқталған сол күрес ең алдымен бүкілодақта болған ұлы күрестің бір тармағына айналды да, совет әдебиетінің тарихына айқын іздерін қалдырды. Сол кездегі тап тартысына, советтік дәуірді нығайта беруге барын жұмсаған жазушылар болашақ әдебиетіміздің тас іргесін де қалады, бағытын да белгіледі.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ совет әдебиетінің алдағы бағытын белгілеп, іргесін қалаған топтың бастығы Сәкен Сейфуллин болса, сол топтың ішінде Сәбит Мұқановтың да елеулі орны болды. Біздің қазіргі қазақ совет әдебиеті осы революциялық бағытта өсіп-өркендеді.

Өйткені бұл топтың солақайлық бағыттағы үстірттігі бола тұрса да, олар бізді бүкіл одақтық әдебиеттен бөлек жайылу жолына тартқан жоқ, сол әдебиетпен қол ұстасып, құшақтаса өсу жолына тартты, содан үйренуге шақырды. Ұлттық әдебиеттердің тез өсіп-өркендеуіне, жалпы мәдениетіміздің тез өркендеуіне негіз болған бірінші жағдай осы болатын. Осы күресте жазушы Сәбит Мұқановтың да еңбегі аз болған жоқ.

Менен кейін тыңдалар арнаулы баяндама, жазушылардың сөздері болғандықтан, мен Сәбиттің творчестволық өмірбаянына тоқталмаймын. Тек қана жазушы Сәбит Мұқановтың шығармаларындағы бір ғана ерекшелігіне тоқталғым келеді. Ол — Сәбит заманымызда болып жатқан социалистік ұлы өзгерістердің әділ айғағы ғана емес, сол өзгерістердің алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің бірі. Сәбит шығармалары біздің заманның мыңдаған тақырыптарын қамтиды. Кейде мезгіл жүрісінің алдына шығып кетеді. Оның шығармаларының жақсы қасиеттері де осында. Сәбит шығармаларында кейбір кезде кездесіп қалатын кемшіліктер де осы асығыстың жемісі сияқты.

Қазір қазақ совет әдебиеті Бүкілодақтық оқушыларға, одан асып шетелдердің кітап оқушыларына жетті. Бұл өзі кешегі қараңғы қазақ халқы үшін де үлкен мақтаныш.

Бізде шетелдерге кең тарап, дүние жүзіне түгел танылды дерлік бірінші еңбек — Мұхтар Әуезов жолдастың «Абай» романы, оған іле-шала көп тілдерде басылған Сәбит Мұқановтың «Ботакөзі», «Менің мектептерім» — «Өмір мектебі», «Сырдария» романдары.

Өзіміздің елде аса әйгілі жазушымыз Сәбит Мұқановтың шетелдерге де кең түрде таныс екенін, шетелдерден келген құттықтаулардан да байқауға болады.

Осы еңбектері үшін халқымыздың сүйікті жазушыларының бірі Сәбит Мұқановты совет үкіметі Ленин орденімен наградтады.

Көп ұлтты совет әдебиетінің атынан және оның алпыс жылдық мерекесіне жиналған партия-совет жұртшылығының да атынан Сәбит Мұқанов жолдасты үкіметіміздің жоғары дәрежелі наградасымен құттықтаймын.

1960 жыл.

СОВЕТ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ*

Совет драматургиясының сынға алар жақтарын сөз қылудан бұрын, мен төрт түрлі үлкен фактыларды ұмытпауымыз керек дегім келеді:

1. Совет драматургиясы отыз жылдық традициясы бар, идеялық жақтан дүние жүзіндегі ең озық, көркемдік жолы қалыптасып, бекіп келе жатқан үлкен драматургия екенін ұмытпау керек;

2. Дүние жүзінде театры, клубы көп ел Совет Одағы болса, біз сол театрларымызға репертуар іздеп, шет елдерге тәуелді халге түскен де емеспіз, түспейміз де;

3. Адамгершілік аңсап, ішкі-тысқы қанаудан, жалдаптықтан, арсыздықтан, заңға сүйенген қара қылмыстардан, правосыздықтан, отарланудан, құлдықтан құтылғысы келетін елдер ондай ұлы күрестердің елесін совет драматургиясынан ғана таба алады. Ол үлгілер дүние жүзінде басқа ешбір әдебиетте жоқ;

4. Драматургиямыздың олқылық жақтарын баса айтып, батыра сынасақ, ол совет драматургиясының идеялық және көркемдік жақтарын бұл күндегісінен анағұрлым жоғары көтеруге жағдайымыз барлығынан айтылады. Тез өскіміз келеді де, терең сын, батыл сын болғанын жақтаймыз. Осы жағдайларды әр кезде есте ұсталық.

Совет драматургиясының идеялық және көркемдік дәрежесін бұл күндегісінен анағұрлым жоғары сатыға көтеру — тұтас алғанда, совет әдебиетінің қазіргі күндегі ең негізгі мәселелерінің бірі болып отыр. Өйткені, әдебиетіміздің әр кездегі шын жай-күйін анық саипаттай алатын тұрақты белгі —

---

* СССР жазушылар Одағының XII пленумында сөйлеген сөзі.

сан емес, қашан да сапа болатыны кімге болса мәлім. Оның үстіне, бұл — жүздермен есептелетін совет театрларының, мыңдармен есептелетін совет көрермендерінің тілегі.

Совет драматургиясының идея-көркемдік жағынан шыққан биігі де, я болмаса, олпы-солпылық жақтары да совет елдерінің әдебиеттерінде біркелкі емес, әртүрлі дәрежеде. Сонымен бірге, табыстарымыз бен кемшіліктерімізде толып жатқан тектестік те бар. Сондықтан, совет драматургиясына түгел ортақ бірнеше негізді мәселелер жайында пікір алысып, үзілді-кесілді шешетін уақыт жетті.

Виссарион Белинский мен Алексей Максимович Горький сияқты ұлы ұстаздарымыз — драматургия әдебиеттің ең қиын жанры, ол әр әдебиеттің буыны бекіген кезде туатын жанр деген ойды әр кезде еске салып отырғандарын көреміз. Сол қиындықтарды біз әлі жоя алған жоқпыз, өскен драматургиядан тілейтін шеберлікті меңгере алған жоқпыз. Бұл жайды Украина совет жазушыларының съезінде А. Фадеев жолдас өте дұрыс сипаттады.

Бұл айтылғандарға қосылатын тағы бір іргелі мәселе — әр дәрежеге жетіп өсіп қалған кейбір ұлттық драматургиялардың тәжірибелерін қорытып, жөн сілтейтін де уақыт жетті. Мұны жаппай қолға алу ерте-ақ шығар, бірақ, кейбір ұлт республикаларының драматургиясы арнаулы сынға салуды көтере алатынына да шүбә болмасқа керек.

Осы пленумда, яғни, совет драматургиясы жаңа бір кезеңнің қарсаңында тұрғанда жасалған А. Софронов жолдастың арнаулы баяндамасына мен осы тілектерді қойып, осы міндеттерді жүктемек едім.

Бірақ, Софронов жолдастың баяндамасы бұл күнге дейін көпке белгілі жайларға да елеулі ешнәрсе қоса алған жоқ, көп сұрауымызды жауапсыз қалдырды. Өз жағдайларымызда да ішті пыстырып болған шұбыртпалы көп атауларды тізуден гөрі, соңғы кездегі көрнекті табыстарымызға қосылатын бірекі шығарманың творчестволық жай-жапсарын тексеруге құрылған баяндама болса, совет драматургтарының творчестволық көп сұрауларына өнімді жауап берілген болар еді.

Мен Софронов жолдастың совет драматургиясының алдында тұрған міндеттеріне арналған баяндамасынан, ең бері салғанда, мына мәселелердің көтерілуін күтіп ем: драматургияның тозығы жетіп, ескірген заңдары бар, ол заңдардың бүгінгі өмірге тар болып қалған шеңберлері, шарттары бар; драматургияның бала кезінде, сонау ескі грек заманында тігілген бөрікті бүгінгі совет драматургиясына да кигізе салуға болмайды. Оның үстіне, қазіргі күнде драма, трагедия деген

түсініктердің өзі өзгеріп кетті. Бұл түсініктерге «атам заманында» берілген сипаттар сол күйінде қала беруге тиісті емес. Бұл айтылғандардың беті ашылмауы совет драматургиясының өркендеуіне кедергі жасайтын жағдайға айналды. Идеясы жоғары, қоғамдық мәні аса зор, советтік драматургия жасай отырып, драматургияның феодалдық, буржуазиялық үстемдіктер кезінде туған заңы мен теориясына бас иіп отыра беруге болмайды! Екінші жағынан, совет әдебиетінің қай жанрын алсаңыз да ескі өлшеулеріне сыймайтын, өзіндік заңмен революциялық теория арқылы ғана өспек.

Мысалға драмалық конфликт мәселесін алып қарайық. Драмалық тартыс арқауы (конфликт) жеке геройлардың арасында да, қоғамдық істегі күресте де өмірден туған шындық болуы керек те, ой мен сезімге жалғандық әсерін бермеуі керек. Және арқау оңай үзіле кетпей, тартысқа түскен сайын ширай беретін, өрістеп барып қана байламын табатын болуға тиісті. Осындай тартыстың түп-тамыры неде жатпақ, неден тумақ?

Софронов жолдас: «Мұндай тартыстың тегі қоғам өміріндегі ескілік пен жаңалықтың соқтығысынан туады», деді. Бұл, сөз жоқ дұрыс ұғыныс. Бірақ, сол ескілік пен жаңалықтың, идея мен идеяның соқтығысы дегеніміз, ойға келсе-ақ орындала салатын нәрсе емес, көркем образдар арқылы, қимылға қарсы қимыл арқылы, ой мен сезімге өлшеп қондыру арқылы, орындалатын шарттар. Бұлай жалпылап айтқанда, әркімге де түсінікті көрінгенмен, мұнда творчестволық көп мәселелер жатыр. Пленум осы теориялық заң дегенді көркем шығармада қалай қолдану жөнінде драматургтерге жәрдем етуі керек. Өйткені, теориясыз алға басу деген болмайды.

Драмалық тартыстың тегі қоғам өміріндегі ескілік пен жаңалықтың соқтығысынан туады деп, дұрыс айтқан Софронов жолдас, сол көзқарасын творчествоға айналдырғанда өзіне өзі қарсы келіп қалған. Мен Софронов жолдастың «Москва мінезі» деген пьесасын қазақ тіліне аударып едім. Егер ескі мен жаңа идеяның соқтығысы деп сол пьесадағы Потапов пен Северовты алар болсақ, осы екеуінің айналасында, өмірлік шын конфликтке қолдары жете алмай тағы бірталай адамдар жүр. Дау-жанжалы аз, тез-ақ шешілуге тиісті мәселені қолдап созып, бекер-ақ ұзатып әкеткен. Кейде, конфликт болған себептен гөрі, содан туған туынды мәселелердің, я болмаса, қосалқы тақырыптардың ұшы-қиырына жету керектігі негізгі драмалық желіні әлсіретеді, ширатпайды, босата береді.

Белгілі жай, пьесаға қатынасатын «адамдарды» басынан екіге бөліп алып, мыналар міне адалдарым, мыналар міне

арамдарым, деу ешуақытта толық мінезді, ойлы, сезімді, сенімді образ жасауға жәрдем еткен емес; совет пьесаларының персонаждарына ендігі жерде келе де бермейді. Біз адам образын жасағанда ұлы Маркс сүйген халық мәтелін ұмытпасақ деймін.

Менің сүйер нақылым — «Адамға бітер қасиеттің бірдебірі маған да жат емес!» деген ғой Маркс. Шынында да, адамға бітер қасиетті дұрыс ұғынып, оны нақтылы қоғамдық жағдайда дәл тауып бере алсақ, адамның бар қасиетімен, берілген образ олқы да болмас еді.

Меніңше, совет адамының шын толық бейнесі — біз әулиелер мен пайғамбарлар суретін салатын әдістен біржола, түптүгел құтылған кезде жасалады. Совет адамына даңқ та жат емес, даңққа құмарту да жат емес, ерлік те жат емес; қорқу да жат емес, ашулану да, ұрсу да, ұрыс есту де, сүю де, ойлау да, қалжыңдасу да жат емес. Совет адамының идеялылығы шөптің басы қимылдаса-ақ сыр бергелі тұрған, я болмаса, азғана жаңбыр тисе-ақ жуылып кеткелі тұрған беттің бояуы емес. Солай болған соң, арзан қамқорлық сияқты мінездердің біріне де орын болмауы керек. Социалистік өмірдің романтикасына көтеріле алу үшін адам образын сырттай да, іштей де, іспен де, сөзбен де толық сипаттай алатын болуымыз керек. Горький драмалық шығарманың тіл шеберлігіне қандай үлкен мән берсе, сахнадағы қимыл байлығына да сондай үлкен мән береді. Ал, адам образы да осы екеуінен құралады. Олай болса, өмір шындығының, қарама-қарсы идеялардың тартыстарын сенімді мағынада бере алатын образдар жасау мәселесіне бекер тоқталмаймыз. Драматургия ең алдымен образ мәселесі емес пе?

Еске сала кетейін, ұлы сыншы Белинский драматургияның ең биік шыңы трагедия деген еді ғой. Бұл күнге дейін бұл көзқарасты теріске шығарған ешкім жоқ, теріске шығару қиын да болар. Осыған байланысты біздің советтік трагедия бар ма, жасауға бола ма? деген сұрау қойғым келеді. Я болмаса, драматургияның Белинский атаған биік шыңы (трагедия) бізде болуға мүмкін емес пе? Әлде бізде антагонистік таптар жоқтығы трагедияға керекті жағдайларды жоққа шығара ма?

Мен Треновтың «Любовь Яровая» атты пьесасы мен «Чапаев» картинасының күші — трагедиялық жоғары сатыға көтерілгендігінде ғой деп ойлаймын. Сондықтан, бізде советтік трагедияны жасауға болады, жасалуға тиісті, деп жауап берем. Бірақ, совет трагедиясын жасау үшін трагедияның ескі түсінігінен безуіміз керек. Алдын біржола тағдыр болжап,

кесіп-пішіп қойған, үміт етер саңлауы жоқ қапас өмір «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген сияқты, адам баласының лажсыздығын дәлелдеуге арналған идея, әрине, совет трагедиясының маңына да жанаса алмайды. Біз трагедияның қатал сындарға салатын ерекшеліктері мен романтикалық серпінін алуымыз керек.

Мысалы, азамат соғысының батырлары Чапаев, Щорс, Аманкелді жайында жазылар драмалық шығармалар осы мағынада трагедиялық сатыға көтеріле алса, ойдағы жерден сонда шығар еді деп ойлаймын. Болмаса, Зоя Космодемьянская мен Александр Матросовтың, Мәншүк пен Әлияның өмірлерінде әрі үлкен романтика, әрі терең трагедиялар жатқан жоқ па!

Бұл тақырыптарды, яғни совет халқының осындай батырларының образын жасауды мен трагедиялық биіктерден іздеу керек деймін. Әрине, жазушы геройларын қазаға ұшыратумен бірге, алға сүйрер идеясын да қазаға ұшыратып алмасқа керек. Өйткені, онысы өмір шындығына да жатпас еді, трагедияны ескі мағынасында түсінуден де аспас еді.

Терең идеялы драмалық шығармалар жасауды сөз қылғанда, біздің ылғи атүсті қарайтын тағы бір мәселеміз бар. Ол — әр жанрдың өзіне лайық тілектер қою керек екендігін ылғи ескере бермейміз. Мысалы, үлкен романдарға қойылатын тілектерді сахна өміріне арналған драмалық шығармаларға да қоя беруге болмайды. Өскен әдебиеттің әр жанры өз шеңберінде олқы соқпай отыруға тырысады. Бірақ атан жүгін тайға арту, роман тілектерін драмаға арту сияқты нәрселерге баспайды. Белинский драмалық шығарманың тақырыбы әрі нақтылы, әрі айқын, әрі жинақы болсын дейді; драмалық тартыстар негізгі идеяның айналасында өріліп отырсын деген талапты қояды. Біз кейде бір пьесаға ананы да кіргіз, мынаны да қос деген талаптар қоюымыз арқылы, шығарманың тереңдеу орнына, жайыла беруіне себепші боламыз. Осының арқасында, негізгі идеяң үнемі үзіліп отырғандықтан, шашылып-төгіліп, айқын жарқырай алмай қалады. Мен драмалық шығарманың кең де, таяз да болғанынан гөрі, жинақы да, терең де болғанын қолдағым келеді. Қырық құрау етіп, жеріне жеткізбей, жол бойы шашып-төгумен тауысқан көп ойлардан гөрі, түйдектетіп, түйіп айта алған, сана-сезімге берік құйып кеткен аз ойлар артық.

Совет адамдарының өмірі мен ісін жете білу, еңбектегі ерліктердің сана-сезімдегі түп тамырларын көркем түрде аша білу, совет драматургтерінің алдына бар салмағымен, бар мағынасымен қойылып отырған мәселе. Сонымен бірге, бұл —

жазушылардың алдына қойылып отырған партиямыз бен халқымыздың талабы. Бір қалыптас «жауыздар», бір тұқымдас оппортунистер, біріне бірі ұқсас басқа геройлар жазушының шығармасына өмірден келіп кіріп жүрген жоқ, өз ойындағы схемадан келіп кіріп жүр. Чернышевскийдің «Ең көркем, дейтініміз — өзіміздің осы өмір болады!» дегенін енді тереңірек ұғынатын уақыт жетті. Чернышевскийдің уақытында болашақтың мүмкіндігі, я болмаса, арманды ойдың романтикасы сияқты алыстан елестейтін нәрселер біздің заманда әлдеқашан жүзеге асып, жаңа қоғамның күнбе-күнгі қолма-қол ісіне айналды. Сондықтан, совет адамдарының өмірін, өндірістік әртүрлі процестерін жете білу керек дегенді жазушы философиялық және творчестволық үлкен қорытындылар тұрғысынан ұғынуы керек. Біз осы өмірді білу керек дегеннің өзіне көркемдік жақтан таяз мән беріп келдік.

Бұл жүйедегі ойымызды толықтыра түсу үшін, драматургия жанрындағы ескі «мектептер» әсерінің де бір қаралып өтуін дұрыс көрер едім. Европаның буржуазиялық мәдениетіне құлдық ұрудың бір түрі — әр ғасырдағы европа драматургтарына талғамай еліктеушілік болады. Еліктеушілік бар да, «мектеп» бар, бұл екеуі екі ұғыныс. Еліктеушіліктің өзін жеткілікті күна деп санар болсақ, «мектеп» одан да тереңірек әкетеді. Осының екеуінен де құлантаза арылып алмай, драматургиямыз өз жолын жат ықпалдардан тазалап алды деуіміз қиын болады. Европа драматургиясы мен орыс тілі арқылы Октябрь революциясынан бергі дәуірде танысқан ұлт республикаларының драматургтарына да батыстың сарындамашыл кертартпа романтизміне еліктеп жүргендері жоқ емес. Кей уақытта бұл «әсер» ұғынысынан шығыңқырап, «ауру» деген ұғынысқа қарай бейімделіп қояды. Сондықтан, Шекспирді құрметтеу,— Ибсенге еліктеу емес екендігін де ескертіп отыру керек сияқты.

Партиямыздың Орталық Комитеті Октябрь революциясының Отыз бір жылдығына арнаған ұрандарында әдебиет шығармаларының көркемдік сапасын жоғары көтеруді, жазушылардан шеберлігін тереңдетуді талап етті. Өз халімізше пленумның көңілін аудару үшін жоғарыда көтерген біраз мәселелер сол көркем сапаның жайы болар деп ойлаймын.

Жоғарыда аздап еске салдық, қазіргі күнде бірталай ұлт республикаларының драматургиялары белгілі дәрежеде нығайып, арнаулы сын көтере алатын халге келді. Енді олардың өткен жолдары мен бастан кешкен тәжірибелерін қорытып, большевиктік сын арқылы жөн сілтейтін, өздеріндік табыстары мен кемшіліктерін атап көрсететін уақыт жетті. Бұл сын,

бұл ағалық жәрдем ең алдымен әрі аға, әрі көсем, орыс әдебиетінен күтіледі.

Біздің байқауымызша, қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан сияқты советтік шығыс елдерінің совет дәуіріндегі драматургиялары екі арнамен өрістеп келеді: бір саласы мол қорлы халық фольклоры мен тарихи тақырыптарды меңгеру жағында болса, екінші саламен советтік бүгінгі тақырыптар сахнаға шықты. Бұл екі саланың тоғысар жері де бар, айрылысар жері де бар.

Алдымен жасырмай айта кететін нәрсе, фольклор мен тарихи тақырыптарға келгенде, азды-көпті сүйсіне суреттеу, қызықтыра көрсету, бұл елдердің қайсысының әдебиетінде болса да күні бүгінге дейін бар: әрине, бір әдебиетте басымырақ, енді бірінде бәсеңірек, бір жазушыда тереңірек, енді бірінде таязырақ, бұлай көрсету бір тақырыптарда орынды болса, енді бір тақырыптарда пайдасынан зияны басым болып шыға бастады.

Ескі тақырыптарды сахнаға шығару бір кезде өте керекті еді. Тарихи даму жолында бұған соқпай өте алмайтын болдық. Өзінің елдігін құрметтейтін ел ұзақ тарих бойында жасаған көркем қазнасын көш-жөнекей шашып-төгіп, тастап кете бермейді. Әңгіме сол тақырыптарды жазушының бүгінгі күннің керегіне қай дәрежеде жарата алғандығында ғана.

Екінші жағынан, онша діндар болмағанмен, өз қараңғылығы өзіне мол жетіп жатқан, жаппайға жақын сауатсыздығын күні кеше ғана жойған қазақ сияқты халықтарды мешіт пен ишанның, молда мен қожаның ықпалынан шығарып алып, театрға, клубқа әкелу үшін, халықтың өзі жасаған ауыз әдебиетінің өз тұсында үлкен мәні болды. Жақсы үгіттің бір маңызы, оның түсінікті болуында болса, қазақтың ауыз әдебиеті мен ән-күйі совет театрының өте жақсы үгітшісі болды. Оның үстіне, қазақ эпосы, кейбір елдердің эпосынан гөрі басқарақ сарында, ақындар арқылы ауыздан ауызға көшіп, әсерлі қалпын жоғалтпаған эпос еді.

Сондықтан, мәдениетіміздің өркендеу жолында, дәлірек айтқанда, белгілі бір дәуірде ескі тақырыптармен ауыз әдебиетінің нұсқалары, жаңа нығайып келе жатқан әдебиетіміз бен көркемөнерімізге жақсы жәрдемші, сенімді «одақтас» болды. Бірақ, қазіргі күнде ескі тақырыппен тоғысар шақтан өтіп, айрылысар шаққа жеткенімізді ұғынуымыз керек.

Бұл жердегі диалектиканы түсіну онша қиын да емес. Өткен заманның сырты сұлу, құнары аз, өнегесі өзінен аспайтын өмірін суреттеуге машықтанып, мақтау естіп, сол жұртта ұзағырақ отырып қалған жазушылар, совет тақырыбына оп-

оңай ауыса алмай жүр. Көп жазушыларымыз үшін бұл оңай да бөгесін еместігін көреміз. Бұл жөнінде кейбір қазақ жазушыларымен бірге мені де қатал сынға ала кеткен Сәбит Мұқанов жолдас дұрыстықты айтты ғой деп ойлаймын. Тереңірек ойлансақ, қазақ совет драматургиясының ала шабырлау халінің үлкен бір себебі осында жатыр.

Осыған байланысты біздің сыншылар мен теоретиктерімізге, жекелеп айтқанда, Фадеев жолдасқа қоятын бір ғана сұрауым бар. Алексей Максимович Горький «Социалистік реализм әдебиеті социалистік тәжірибеден туады» дегені бәрімізге де мәлім. Мен бұл қағиданы былай түсініп келдім: әрбір шығарманың қандай әдіспен жазғандығын бұлжытпай айқындайтын нәрсе, шығарманың идеялық мазмұны. Былайша айтқанда, қандай шығарманы болса да социалистік реализм әдісімен жазылыпты деу үшін, ол шығарма турадан тура социалистік идеяның үгітшісі болуға тиісті. Социалистік идея қосалқы тақырып түрінде де емес, шығарманың негізгі арқауы болуға тиісті. Жалпы адамшылық идея, жалпы алғанда, прогресті идея дегендеріміз, нақтылы жағдайда социалистік идеямен бірге өріліп шығарылмаса, шығарманы социалистік реализм әдісімен жазылыпты деуге дәлел бола алмайды.

Біздің сыншыларымыз бен әдебиет тарихын зерттейтін ғалымдарымыз Октябрь революциясынан бұрынғы орыс әдебиетінің ішінен жалғыз ғана Максим Горькийдің «Ана» атты романын социалистік реализм әдісімен жазылған деп табады. Ал, Октябрь революциясынан бұрынғы, орыс әдебиеті дегенімізге Горькийдің өзінен бастап, совет ақын-жазушыларының талайы-ақ піскен талант ретінде кіріп кетеді.

Егер жоғарыда өз айтқандарымды өзім үстірт түсініп жүрмесем, тақырыбы ескі болсын, жаңа болсын, социалистік идеяда жазылмаған шығарманы социалистік реализм әдісімен жазылыпты деуге тіпті болмайды.

Үйтпеген күнде, жазушыларға осы заманның тақырыбына жаз, осы күнгі өмірді көрсет деп, тақырып жағын тарылтудың да керегі болмас еді. Шығарма жалпы бір жақсы идеяның төңірегін жағалап жүрсе болғаны дер едік. Жоқ, олай емес, социалистік реализм әдебиеті идеялардан, революция жолындағы күрестерден, социалистік өмірді қолмен жасап жатқан совет халықтарының тұрмысынан туады.

А. А. Жданов жолдастың да совет жазушыларының бірінші съезінде социалистік реализмге берген түсінігін мен осылай түсінем.

Сонымен қатар, «социалистік реализм әдебиеті», «социалистік реализм тұрғысынан қарап жазылған шығарма» деген

түсініктердің арасында дәл тепе-теңдік бола алмауға керек. Біздің көп сыншылардың социалистік реализмге берген түсініктеріне қарап отырсаңыз, айқындық әлі жеткілікті емес, кейде қайшылықтар кездессе, кейде екі түрлі ұғымның арасында айырма қалмайды.

Бұл жалғыз ғана драмалық, я болмаса, прозалық жанрдың мәселесі емес, әрі-беріден соң, бұл ұлттық бір әдебиетіміздің ғана мәселесі де емес. Бұл көп тілдегі совет әдебиетінің алдағы күнде өсу бағытын сұрау. Сондықтан, социалистік реализм әдебиеті дегенді қалай ұғынуымыз керек, соған барынша айқын түсініс берілсе екен деймін.

Мен совет драматургиясының тағы бір мәселелеріне тоқтағым келеді. Қазақ совет жазушылары совет дәуірінің тақырыптарына сексеннен артық пьеса жазды. Драматург емес, прозаик дейтін жазушымыз Сәбит Мұқановтың өзі оннан аса пьеса жазыпты. Сөз жоқ, совет тақырыбына жазылған пьесалар өз тұсында өз міндеттерін белгілі дәрежеде атқарды да, баяғы тақыр — әлі тақыр, әлі түк шыққан жоқ деу үлкен қате болар еді. Тұтас алғанда, тақырыбы әлденеше рет асып жатуының өзі үлкен табыс: бұл драматургиямыздың бет алысының мәселесі болады.

Бірақ, ешкім елемей, мән бермей өте беріп келе жатқан кемшіліктеріміз де жеткілікті. Мысалы, жоғарыда аталған сексеннен астам драмалық шығармалардың үштен екісі дерлік сахна бетін көре алған жоқ. Қалған үштен бірі сахнаға шыға алса да, ұзақ өмір сүре алмады. Бірі туғанша бірі өмір сүре тұрып, артқы бір пьеса туғанша, алдыңғы жазылған біреуі айла-шарық жасап келді, ақырында, қазақ совет әдебиетінің отыз жылдық өмірінің ішінде совет тақырыбына жазылып, сахнамызға бекіп тоқтап қалған бір пьесаны атай алмаймыз. Жасыратыны жоқ, қазақтың белгілі драматургтері деп саналатын жазушыларынан совет тақырыбына бірнеше пьеса жазбаған бірде-бірі жоқ. Ескі тақырыпқа орала береді дейтін Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсрепов сияқты драматургтердің де ескі тақырыпқа жазғандары анағұрлым артып жатады. Бірақ, көркемдік салмақ, шығарманың құндылығын көтеретін шеберліктері ескі тақырыптарда болған соң, жаңа тақырыпқа жазғандары сахнаға тұрақтай алмаған соң, әр кезде заңды сынға ұшырасып отырады. Бұл жалғыз қазақ драматургиясына ғана, жалғыз қазақ жазушыларына ғана айтылатын сын емес, советтік шығыс елдеріне түгел ортақ жай. Пленумда еске салып жатқан себебім де осыдан.

Қазақ совет драматургтерінің өндірістен, ауылшаруашылығынан, мәдениет майданынан таңдап алып жасаған образ-

дарының бірде-бірі сахнаға бекіп қала алған жоқ. Өйткені, олар жасанды, бір схемамен жасалған салқын образдар болғандықтан, совет халқының көңіліне қона алмады. Тілек те бар, талап та бар, бірақ көркемдік шындық жете бермейді. Өзіміздің адамдардың образдары өзімізге жатсырап тұрған соң, оған совет көрушісінің де іші жылымайды.

Шынын айтқанда, осы пьесаларымыздың көбінде драматургия заңының «әліп-биі» ылғи өз орнында әркезде айқын тұрады: идея да, ерлік те, еңбек те, алға қарап арман ету де бар сияқты, бірақ, драмалық тартыстың шындығы, адам образдарының сенімділігі, идеяның көркемөнер арқылы ойға қонып, бойды алар қасиетті жағы жұқа. Меніңше бұл кемшіліктер де совет халықтары әдебиетінің талайында кездеседі. Осы жайды қалай бағалауымыз керек? Меніңше, формализм деген ұғынысқа жататын бір хал осы деп білемін. Бірақ, бұл формализмнің жаман түрі. Өйткені, мұнда әңгіме сыртқы түр жайында емес, ішкі мазмұнды, идеяны білдіріп көрсету жайында: сыртынан қарағанда, советтік тақырып, советтік идея сияқтанғанмен, салмақтап көруге, халыққа ұсынуға құнсыз болған, құр ғана атына сүйеніп, сыртымен «советтік», сыртымен бүгінгі тақырып болып көрінетін нәрсе формализмнің бір түрі және жаман түрі деуіміз керек. Формализмнің бұл түріне де рақымсыз шабуыл жасау жөн.

Ескі өмірдің қайғы-қасіретін, мұңы мен зарын, жеке адамның мүгедектігін көрсеткенде, сөзсіз елеулі табыстары бар қазақ драматургтері совет тақырыбына идеясы мен көркемдігі сай келген ірі шығармалар бере алған жоқ. Сондықтан, социалистік өмірді көрсетуге совет жұртшылығының алдында қарыздар болып отыр; әсіресе аты барларының қарыздары көп.

Бізде совет халықтарының достығын көрсету жөніндегі бірнеше кемшіліктер әлі жойылмай келеді. Біздің драмалық шығармаларымыз арқылы ондаған Егор, Алексей, Иван Петрлер өтті. Олар бір шығармаларда орыс пролетариатының өкілі болып, қазақ даласына социалистік идеяның ұрығын шашу үшін алынған; берірек келе, совет халықтарының достығының бейнесі, ұлы орыс халқының, я болмаса басқа бір совет халқының, өкілі болып кіріп жүр. Бірақ, шынын айтуымыз керек, бұл «өкілдерден де» сахнаға бекіп, ойға қонып қалғаны жоқ әзірге. Ондаған «өкілдер» бастарын жұртқа бір-бір иіп тарасып кетті. Бұ да әрбір еліміздің драматургиясында ұшырасып отыратын жай. Мысалы, халықтардың достығын көрсету үшін алынған «он екі Апостолдың» бірі Корнейчук жолдастың «Майданындағы» қазақ Шаяхметов та

қонымды образ бола алған жоқ. Штейн жолдастың «Намыс заңы» атты пьесасындағы Кәримов та сенімді емес. Өз халқымыздан басқадан алған геройларымыз белгілі бір схемадан аса алмай, өсе алмай, көбінесе, сыртымен ғана көрініп жүр.

Мұның бәрін айтып жатқан себебім — совет адамдарының ісі мен өмірін жете білу керек деген талаптарымызға совет халықтарының өмір мен мінездерін, әрқайсысының ұлттық ерекшеліктерін жете білуіміз керек деген талап қосылуға тиісті. Өйткені, қай тағдырдан алып қарасақ та, сахнамызда совет халқының достығын толық көрсете білу, совет жазушыларының үлкен де, ардақты да міндеттерінің бірі. Бұл ең алдымен совет жазушыларының тақырыбы.

Ең соңғы тоқталайын деген мәселем — ұлт жазушыларының драмалық шығармаларын ең ортақ тіліміз орыс тіліне аударып, орыс театрларының сахнасынан өткізуді бір тәртіпке салу керек демекшімін. Бұл біз үшін ең үлкен, ең керекті мектеп. Мен, қазақтың талантты драматургі Әлжаппар Әбішевтің «Бір семья» деген пьесасының жақсы жақтарын, шала аударылған күйінде байқап қалған А. Софронов жолдасқа үлкен рахмет айтамын. Сонымен бірге, Ә. Әбішевтің «Бір семья», «Достық пен махаббаты» сияқты, бұл күйіндегісінен де өсе түсуге мүмкіндігі бар шығармалардың орыс тіліне аударылып қана қоймай, орыс театрларының сахнасына да шығып тұруын үлкен тілек етер едім. Өйткені, тағы да қайталап айтам, совет халықтарының драматургиялық күштеріне жәрдем етуге, драмалық шығармалардың идея және көркемдік сапасын жоғары көтеруге бұл әрі нақтылы, әрі үлкен мектептердің бірі болар еді.

1949 ж.

ЖОҒАРЫ ИДЕЯЛЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖАСАЙЫҚ[1]

Осында жиналған қауымға түгел мәлім, әдебиет, көркем-өнер, ғылым, кино, ән-күй сияқты идеология майданының бірнеше негізгі салаларын түгел қамтыған партиямыздың Орталық Комитеті мен Қазақстан Орталық Комитетінің қаулыларынан кейін мәдениет майданында күрт өзгерістер болды. Мәдениетіміздің әр саласы өз өміріндегі бай тәжірибелерін қорытып үлкенді-кішілі бөгесіндерден жедел арылар-лық шараларын белгіледі: буржуазиялық батыс мәдениетіне құлдық ұрып бас июшілік, отансыздық, надандық, ұлтшыл-дық, партиясыздық, либеральдық, принципсіздік, сыбайлас-тық сияқты хауіпті аурулардың өрістер жолын кесіп, ендігәрі қайталанбас шаралары істелді. Сонымен бірге, соғыстан кейінгі жаңа жағдайда кідіріссіз алға басудың айқын жолдары тартылды.

Партиямыздың осындай ұлы шараларын іске асыру арқасында совет әдебиетінің тез өркендеп кеткенін көреміз. Мәдениет майданының негізгі салаларын салыстырып қарасақ, одақтық совет әдебиеті үздік озық орында дей аламыз. Өйткені сахна өнері, кино, радио сияқты салт-саналық ұйымдардың бәрінің ісіне де негізгі арқау — әдебиетте ғой. Әдебиет арқауы болмаған кино да, театр да болмақ емес. Соңғы бес жылдың ішінде жиһангерлік соғысқа, империалистік агрессияға қарсы, дүние халықтарының бұқаралық қозғалыстарына дем беретін көп еңбектер жазылды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі ел еңбегін көрсететін үлкен романдар, повестер, пьесалар, кинофильмдер туды.

---

* Қарағанды ақын-жазушыларының облыстық кеңесінде сөйлеген сөзінен қысқартылып алынды.

Осындай озық әдебиеттің көрнекті бір тармағы қазақ совет әдебиеті. Қазақ ақын-жазушыларын тәрбиелеп өсірген партиямыздың отыз жылдық еңбегі ақталғанын қазіргі күнде толып жатқан айғақтармен дәлелдеуге болады. Былтыр Москвадағы өткен қазақ совет әдебиетінің он күндігі ұлт әдебиеттерінің ішінде ең жоғары бағамен өтті десек, онымыз асырып айтқандық болмаса керек.

Қазақ совет әдебиетінің таңдамалы шығармалары орыс тіліне аударылып, Москвада басылып шыға бастады. «Абай», «Ботакөз», «Миллионер» «Қазақ солдаты» сияқты романдар орыс тілі арқылы бүкіл одақ халықтарына таныла бастады. Бұлардың ішінен батыс елдерінің тілдеріне аударылмағаны да жоқ. Қазақ драматургиясының таңдамалы шығармалары Москва сахнасына қойыла бастады. Бұрын орыс тіліне аударылған ақындар Абай мен Жамбыл ғана болса, қазір Ғали Орамовтың, Жұмағали Саинның, Әбділданың, Асқардың, Қалижанның, Қасымның өлең жинақтары Москвада шығып жатыр.

Бұл қазақ совет әдебиетінің идеялық және көркемдік жағынан өресі көтерілгендігін көрсететін фактілер. Сонымен қатар, қазақ совет жазушыларының халық алдындағы міндеттерінен атқарылмай жатқандары да аз емес. Әсіресе, еңбекшілер өмірінен ірі шығарма беру жағынан қарыздармыз. Әлі де шабандығымыз жетіп жатыр.

Бірақ, қазақ совет әдебиетін Алматыдағы ақын-жазушылар ғана жасамайды, облыстағы, аудандағы, өндірістегі, колхоздағы барлық үлкен коллектив, кең қауым жасайды. Мәдениеті өскен қазақ халқы әр ғасырға бір ақыннан санап отыратын заманға енді оралмайды. Олай болса, Алматыдағы үркердей ғана бір топ ақын-жазушылардан басқалардың да әдебиет өміріне белсене қатынасатын уақыты жетті. Осыған байланысты ақын-жазушыларымыздың облыстық кеңесін өткізу жөнінде, біз, Қазақстандағы 16 облыстың ішінен Қарағанды облысын таңдап алып отырғанымыз да әшейін емес. Бірінші бұл Қазақстандағы ең өндірісті облыс. Екінші Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда, бұл облыстың әдебиет күштері де молырақ.

Шақырылып отырған облыстық кеңесіміз осы күштерді дұрыс басқарып, жазу еңбегіне түгел қатынастырып, елеулі шығармалар туғызудың жолын кеңесу үшін, сын, өзара сын арқылы кемшіліктерімізді жою үшін шақырылып отырған жиналыс. Осы тілектер тұрғысынан қарағанда, Әуезхан Көшімов жолдастың жасаған есепті баяндамасына, әрине, қанағаттануға болмайды. Әуезхан жолдас төрт-бес жылдың ішінде

жасалған еңбектердің есебін берді. Төрт-бес жылды қосып айтпаса Әуезхан жолдасқа ауыз толтырарлық есептің қисынын табу да қиын еді.

Менімше, алдағы күнде бірінші кезекте қолға алатын, керек десеңіз, кезек күттірмей қолға алатын нәрсе — ақын-жазушылардың коллективтік бірлестікпен ойласып, жәрдемдесіп отыратын творчестволық орталық жасау. Ынтымағы біріккен әділ сын, өзара сын негізінде тілегі мен білегі біріккен әдебиет қауымы жасалмай тұрып, ақын-жазушыларымыздың әдеби еңбектеріне дұрыс басқарушылық жүргізуге де болмайды.

Әдебиет қозғалысын дұрыс басқару үшін, кімнің не жазып жатқанын, қалай жазып жатқанын ұйым біліп отырумен қатар, ақын-жазушының кездесіп қалған кідірісі болса, қол ұшын беруге міндетті. Мұны істеу үшін ұйымның жұмысында творчестволық жоспар болу керек. Әуезхан творчестволық жоспар бар дегенді айтады. Қағаз жүзінде, Алматыға берілген бір жауап ретінде жазылған қағаз бар екені рас. Бірақ, оны творчестволық жоспарымыз деп орындалу жағын бақылап отырған ұйым да жоқ, орындап отырған ақын-жазушылар да жоқ. Ол аз болса Жазушылар одағының мүшесі едік қой, жергілікті жердің әдеби өміріне жауап беруімізге тиістіміз ғой деп, өзара пікір алысқан жазушыларымыз да болмапты.

Екінші жас буынның арасынан қарасы байқалған жас қалам қайраткерлерінің әдебиетке келіп қосылуын Алматыда, Москвада отырып көре қоюға болмайды, жас кадрларды тауып алып, қорғаныш жасап, тәрбиелеп, әдебиетке тартатын біздің облыстардағы өкілдеріміз, облыстық, аудандық жердегі ақын-жазушыларымыз болуға тиісті. Ол үшін сол ақын-жазушыларымыз оқу орындарымен, қабырға газеттерімен, әдебиет үйірмелерімен үздіксіз байланысты болуға міндетті.

Үшінші әдебиет халық қазынасы дейтін болсақ, сол халқымыздың қалаулы бір тобы жұмыскер табы емес пе? Жұмыскер табының Қазақстан топырағында ең қорлы жері осы Қарағанды облысы. Сол жұмыскер табына көркем әдебиетті қалай таныстырып отырмыз? Менімше өте нашар, дәлірек айтқанда Қарағандының ақын-жазушылары биылғы жылдың ішінде жұмыскерлер арасында әдебиет кешін бір рет те өткізген жоқ. Бұл кемшілік қана емес, саяси қылмыс, ақын-жазушымыз деген адамға ұят мінез.

Төртінші Қарағандының ақын-жазушылары осындағы барлық көркемөнер ұйымдарына әсер етуге, жәрдем етуге әлі кіріскен жоқ.

Сонымен, Қарағанды ақын-жазушыларының алдында тұрған міндеттер екі саламен келуге тиісті: мұның бірі, Қарағандыдағы совет ақын-жазушыларының облыс көлеміндегі әдебиет өмірін басқару жағындағы міндеттері; екіншісі, өздерінің шығармалық еңбектерін дағдылы қалпынан жоғары сатыға көтеру жөніндегі міндеттер.

Облыс көлемінде әдебиет өмірін басқару үшін, ең алдымен не істегің келетінін анықтап, істеймін деген ісіңе негізгі желі, жоспар жасауға тиісті. Енді творчестволық мәселелерге біраз тоқтағым келеді.

Ең алдымен Қарағанды облысында бірнеше қабілетті жазушылар барлығын айта кетуім керек. Аллажар Теміржанов, Николай Пичугин, Мағзұм Тиесов, ақын Игенсартов бұлар қаламы ұшталған, шындап кіріссе, үлкен шығармалар бере алатын, белесіне жеткен, піскен ақын-жазушылар. Бұлардың ізін баса, өкшелес келе жатқан тағы бір топ ақын-жазушылар бар. Бір жағы жазуға көше алатын, енді бір жағы бұрынғы ауызша күйде айтатын ел ақындары да бұл облыста қомақты бір топ. Олай болса, Қарағанды облысында әдебиет өмірі бұл күндегіден анағұрлым жоғары сатыға көтеріле алады деп сенуіміз керек.

Бірақ, жетпей жатқан не? Ол — жетпей жатқан, қазақша долбарлап айтсақ, әдебиеттік қауым, қоғам, ақын-жазушылардың арасындағы ұйымшылдық, орысша айтсақ — творческая среда — творчестволық орта. Демек, барлық әдебиет тарихымен бірге жасап келе жатқан, әбден сыналып, өзін-өзі ақтаған тәжірибе. Қарағанды ақын-жазушыларының арасында бұл жағдайдың жасалмауы тағы да басқара білмегендігімізге, енжарлыққа, ынтасыздыққа байланысты.

Әдетте ісіміздегі кемшіліктерді түзетудің негізгі бір құралы большевиктік сын мен өзара сын болады. Қарағанды ақын-жазушыларының арасында сын мен өзара сын өріс алмай қалған. Көшімов жолдастың баяндамасында да бұл жағы өте әлсіз болды. Сын мен өзара сын, бізге біреуді мұқату үшін керек емес, басқару-ұйымдастыруымызды түзету үшін әркімнің жазған шығармасындағы олпы-солпысы мен мінін түзету үшін керек. Творчестволық орта жасалудың негізінде большевиктік сын мен өзара сын жатуға тиісті.

Қарағанды ақын-жазушылары қарап жатқан жоқ, ұлылы-кішілі еңбек жасап жатыр. Бірақ, соның бір де бірі жарыққа шыға алмай, бірнеше жылдың бойына тағдыры шешіле алмай, ал жарыққа шыққандары әлсіз болып келеді. Мысалы, көрнекті ақындарымыздың бірі Ғабдыман Игенсартов жолдастың «Лавадағы өмір» деген үлкен поэмасын алайық. Бұл үл-

кен шығарма, жұмыскер өмірінен алынған, озық ақындардан талап ететін тақырыптардың бірі. Бірақ, поэманың жақсы жақтарымен қатар, елеулі кемшіліктері де жоқ емес екенін ашып айтуымыз керек.

Поэманың материалы реалистік әдіспен жазуды керек ететін болса, Исенсартов жолдас оны негізінде қазақ халық поэзиясының үлгілеріне сүйене жазған; поэманың «Лавадағы өмір» деген атына қарай, лаваның өмірін кеңірек алмай, тар сүрлеумен ғана, бірді-екілі адамның әрекетімен ғана қанағат еткен; Тойлан мен Әсия болмаса, өзге жұрт өрісті оқиғаға кірмей қалады, адамның өсуі, қиындықтарды жеңуі, техниканы меңгерулері тым оңай, тым тез.

Осылардың бәрі қосылып жап-жаңа тақырыпты ескі әдебиеттің мұрасына көбірек ұқсатып тұр.

Менімше, Игенсартов жолдас өзін ел ақындарының қатарына қосады да, шын жаңа поэзияның тілектеріне салдырсалақ, енжарлау қарайды. Бұл, әрине дұрыс емес. Игенсартов жолдас өсу жолдарын арт жаққа қарап іздемей, алға қарап іздеуі керек.

Мағзұм Тиесов жолдасты алайық. Мағзұм әдебиетке ертерек бір араласып, он жылға жақын үзіліс жасап, соғыстан кейін қайта оралды. Бұл оралғанда, көп ойланған, көпті қорытып келген жазушы қатарында, елеулі еңбекпен келді. Мен әдебиеттен бірдеме ұғынатын болсам, Мағзұмның «Орыс ормандары» деген повестісі, алғашқы әкелген күйінде де енді бір өңдеумен түзеліп кететін және өмірлі шығармалардың қатарына қосылатын еңбек еді.

Мағзұм ол еңбегін өңдеп болмастан бұрын аудартуға асықты да, аударушының шалағайлығынан болған көп кемшілікті өз мойнына алып қалды. Кінәнің көбі аударушыдан болғанын біле тұрып, оны Жазушылар одағының президиумына салып, повестің басын әлі күнге аршып алған жоқ. Сонымен біткен еңбек бітпегендей болып әлі күнге әрі-сәріде жүр. Мағзұм ол повестін сол күйінде тастап, орысша бір повесть бастапты («Гордость простого человека»). Онысы әлі аяқталған жоқ. Оны аяқтамастан «Асубай» атты повесін бастады. О да аяқталған жоқ. Бұларын аяқтауға Мағзұмға жылдар керек сияқты. Мағзұмның өз айтуына қарағанда халжайы осылай көрінеді.

Көптен жазып келе жатқан Жұмағали Сәрсеков жолдас бар. Жұмағали, сөз жоқ көп еңбектенетін, ерінбейтін адам. Бұл жазушы үшін өте жақсы қасиет. Жұмағали, әсіресе, сыншы ретінде, көп пайда келтірген, әлі де көп пайда беретін адам. Сонымен бірге, Жұмағали жолдас әдебиеттің әртүрлі

жанрында жаза береді де, әлі күнге бір жанрға берік тұрақтаған жоқ. Сондықтан, неше жылғы еңбегі шашыранды болып жүр. Жұмағали очеркист пе, фельетонист пе, сыншы ма, прозаик пе, драматург пе бұл арасын айыру қиынға соғады. Әр жанрды жақсы меңгерген үлкен жазушылар болған да, бар да, бірақ, ол бәріміздің қолымыздан келе бермеуі мүмкін.

Мен Жұмағали Сәрсеков жолдасқа бір жанрға берік тұрақта да, өзгелері қосалқы түрде жүрсін дегім келеді. Шынында Жұмағалидың қаламынан шыққан еңбек тіпті аз емес, көп, бірақ белгілі бір жанрдың салмақтанып, шоқтарылып, қорға айналғаны жоқ. Мен Жұмағалидың соңғы жазған повесін оқып шығып, өз ойыма келген творчестволық кеңестерімді айттым.

Пичугин жолдастың аяқталып келе жатқан повестімен қатар Жұмағалидың повесті де ойлаған жерден шығуына тілектеспін. Қарағандыдағы ақын-жазушылар жолдастық сын арқылы адал кеңестерін беріп тұрса, ол еңбек ойдағы жерден шығуға тиісті.

Қарағанды облысында болсын, Қазақстан көлемінде болсын, Аллажар Теміржанов жолдас енді аға жазушылардың қатарында болуға тиісті. Асқар, Тайыр, Әбділдалардан гөрі кейінірек шыққанмен Аллажар он бес жылдан артық тәжірибесі бар ақын. Аллажардың шығармалары әр кезде басылып, оқушы жұртшылыққа жақсы таныс болған, танылған ақынымыз.

Біріншіден ақын-жазушының бар-жоғын еңбегі арқылы ғана көреміз. Оны ұйымнан гөрі, оқушы жұртшылық көреді, барды бар, жоқты-жоқ деп отыратын сол жұртшылығымыз. Аллажар жолдастың жинағы басылмай жатқанын мен Жазушылар одағының кінәсі деп танимын да, сонымен бірге соңғы он жылдың ішінде Аллажар елеулі еңбек берген де жоқ деймін. Аллажар енді құлашын кеңірек жаятын кезіне келіп қалды емес пе? Өзі негізінде бір ғана жанрда жазатын ақын. Бұл арада «шабандықпен» ғана құтылуға да болар ма екен? Егер біз Мақсұт Байсеитов, Сафуан Шаймерденов сияқты жастарға кешірім көзбен қарасақ, Аллажар ол дәуірден өтіп кетті. Аллажардан жинақтан гөрі үлкенірек, желілі еңбектер күтеміз.

Әуезхан Көшімов жолдастың басқару, ұйымдастыру жағындағы кемшіліктерімен бірге, оның шығармасындағы кемшіліктерді жолдастар дұрыс сынап шықты ғой деймін. Шынында да Әуезхан жолдас әлі аяғын кібіртік басады. Алған тақырыптарына тереңірек бойламай, үстірт қалпиды, ақын өз көзімен көрудің орнына жұртқа таныс, жалпыға ортақ болып

кеткен жайларды өлең етеді, аз ойланады, қиналмай, толғанбай жазады. Әуезхан енді жастардың қатарына қосылмайды, шеберлік дегенді меңгеретін уақыт болып қалды. Поэзияда он-он бес жыл деген көп өмір. Біздің қазіргі ақындарымыздың ішінде өз шығармасы жөнінде қатты ойланатын, өзінеөзі қатал сын көзімен қарап, шығармасының сапасы жөнінде көп іздену керек ететін ақындардың бірі осы Әуезхан жолдас. Аллажар мен Әуезхан жұртшылық алдына жинақтарын тосудан бұрын жаңа шығармалармен, көлемді еңбектерімен келуге тырысулары керек.

Қойшыманов, Омарбаев жолдастардан да көптен бері үміт етумен келеміз. Кеше Қойшыманов жолдас Жазушылар ұйымы мен оның өкілін дұрыс сынға ала отыра өзінің не жазып жатқанын да ұғындыра айтып кетуі керек еді. Қойшыманов пен Омарбаев жолдастар, он жылдың ішінде бір көрнекті еңбек бермеулеріңіз келіспей тұрған сияқты. Меніңше, мұның негізгі бір себебі — жазу мәдениеті, шеберлік дегендерге енжар қарауларыңызда болу керек. Басқару, жәрдем беру жоқтығын мойындаған күнде де, шығарманың жазылуы сіздердің өз қолдарыңызда емес пе? Сол шығармалар сіздерден тумай жатыр.

Бұл екі жолдасқа арнап айтқаным емес, ұйым мүшелерінің саны бәлен дегенде кейде құр тұлыпқа мөңіреп жүретін жайларымыз бар. Жиырма мен отыздың, отыз бен қырықтың арасында бір қарасын айқын көрсетпеген ақын-жазушы, енді қанша уақыт тілейтінін мен біле алмаймын. Жолдастар, бұл қатты ойланатын нәрсе. Құр санымен емес, сапамен ғана жасалады әдебиет. Сын, өзара сын жоқтықтан кімнің не істеп жүргенін білмейміз де, ұзақ уақыт есепсіз өтіп кетіп жүр. Өкіліміздің бұ да бір кемшілігіне қосылады. Осындай кемшіліктердің бәрі де жазушылардың өз талқысына көбірек салынып, сыналып отырса тез жойылар еді.

Сын жоқтығынан кейбір жас ақындардың өз табысына өзінің мардамсып кеткенін көреміз. Оған мысал Мұқышев жолдас. Менімше, Мұқышев жолдастың қоғамдық мінездерінде едәуір оғаштықтар бар. Еңалдымен, бұл ақынымыз өзін совет ақынынà лайық сыпайылық шеңберде ұстай алмайды. Кейбір мінездері деградация жағдайынан туатын богемщинаға ұштасып жатады. Әдеби еңбекте де, әлеуметтік еңбекте де ақын Мұқышевтің абыроймен аяқтаған ісі сиреп барады деуге болады. Өзін-өзі жұрт түсінбеген реуіште ұстау дейсіз бе, күнәсіз жәбірленген адам ролын ойнау дейсіз бе, ақын деген атын орынсыз пайдалану дейсіз бе, әйтеуір, Мұқышев жолдас совет жасына, совет ақынына лайықсыз позалардың едәуірін

бойына жинап алыпты. Мүмкін, Мұқышев жолдасты Жазушылар ұйымына мүше етіп оңай алғандығымыздың да содыры тиген болар, әйтеуір бұл жігіт бір талай әлеуметтік талқыға түсуді керек ететін сияқты.

Сын, өзара сын сияқты партия құралын Қарағандының ақын-жазушылары берік ұстаған болса, Мұқышев былай шығандап кеткен болмас еді. Енді оған айтарымыз, босқа сәнденуді қой, шырағым, адамды адам еткен еңбек дейді, ойланып, совет ақыны деген атыңды ақтайтын еңбекке отыр деуіміз керек. Әзірше, айта қаларлықтай үлкен еңбек бере қойған жоқсың деуіміз керек.

Енді Әуезхан Көшімов жолдастың Қазақстан совет жазушыларына айтқан сындарына келейік. Менімше, Көшімов жолдас көп мәселелерді дұрыс көтеруге, қаттырақ қоюға бет алған сияқты еді. Онысын мен де дұрыс көріп едім. Бірақ, баяндамасын жасай келе, жасқаныңқырап қалған сияқты болды. Сын жағын сөйлеушілер біраз толықтырмағанда, Қазақстан совет Жазушылар ұйымының басқару жағында елеулі мін жоқ екен деп қаларлық еді. Дұрысында олай емес, жолдастар, кемшілік өте көп: жергілікті жазушыларға түрткі салып, басшылық істеу жағы, творчестволық жәрдем көрсету жағы қанағаттанғысыз.

Сонымен, жолдастар, облыс көлемінде әдеби өмірдің жанданып, жаңа сатыға көтерілуін шұғыл қолға алайық. Қарағанды облысында Қарағанды совет Жазушылары ұйымының бөлімі ашылып, оның қатары кеңіп, іргелі ұйым болуын жауапкершілігімізге алайық. Қарағандыдағы ақын-жазушыларымыз жауапкершілікті қатты сезініп, сын, өзара сын арқылы бір жағынан әлеуметтік міндеттерді мінсіз атқаратын болсын, екінші жағынан, идея мен көркемдігі сай шыққан шығармалар беретін болсын!

Сентябрь, 1950 ж.

«АБАЙ» — ҚАРАҒАНДЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ЖАҢА ТАБЫСЫ

Кең шиыр көп салалармен келіп түйілетін «Абай» романын бірнеше сағаттық сахна ойыны арқылы меңгеріп көрсете алу қай театрға болса да үлкен сын. Театрдың көркемдік тану, образ жасай білу, сонымен қатар идеялық негізгі желіні ой мен сезімге дәл қондыра беру, бере алмау жақтары, артистердің талант күші мен мәдениеті, осындай шығармаларда қатал сынға түседі. Театрдың көркемөнер өміріндегі орнын көрсетіп, сырын ашып тұратын өлшеулер де осылар.

«Абай»— қазақ елінің ұзақ бір дәуірін ұлы ақынның өмірінде кездескен шатқалаңдар арқылы көрсететін шығарма. Медіреседен қайтқан он үш жасар бала ақыл иесі, бұқара мұңын өз дәуірінің таразысына тарта алатын, одан әрі, бұқара тіршілігі үшін, мыңмен жалғыз алысқан Абай аға атанғанша, оқушының көз алдынан көп белестер өтеді. Құнанбай бастаған бір топ, қоғамдық бір үстемдік, құлдилап құлап келе жатады да, Абай бастаған бір топ елдің алға ұмтылған ойындай өсіп, жоғарылай береді. Бұл екі топта екі түрлі ерекшелік бар: бірі — күзі жеткен өмірдің құлази бастауы, бірі — жас өмірдің жайқала бастауы. Романның басында бар құдіретке ие сияқтанып көрінетін үлкен топ, күзі жеткен жапырақтай, бірінен соң бірі үзіліп түсіп, әр белестің өз адамдары, өз мінездері қосылып отырады. Сахнада бұл жәй жиі өзгеріп отыратын суреттер, жаңа адамдар арқылы көрінбек. «Абай» постановкасының қоюшыға сын болатын бір жағы да осы.

Өрі көп, құламасы көп, қалың шытырманның арасымен үзілмей, өшпей жүріп отыратын негізгі бір идея — қалтырап қана әлсіз тұтанған жалғыз шам сөніп қалмай, жанған сайын күшейе түседі; жалғыз ұшқын өшпейді, өсіп, маздаған отқа айналады. Ол — Абай. Ол ұшқынды әуелі үстем топтың ті-

зесі мен қалың бұқараның тіршілік зары тұтатса, кейінірек дем беріп, өсіріп жіберетін ұлы орыс халқының бұқарашылдық қозғалысының лебі. Ол — Михайлов. Көп соққыдан, көп ит жығыстан, түндей басқан надандықтан жалғыз Абайдың қажымауына, қайта қайраттана түсуіне сол ұлы леп арқа сүйеу болады.

Ұлы ақынымыз Абай өзі «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» десе, совет жазушысы Мұхтар Әуезов жолдас бұл жөнінде ақынның жете аңдамаған жақтарын толықтырып, оның жалғыз болмағандығын, қасында бұқара болғандығын көрсетеді. Ол — Дәркембай, Базаралы, Балағаздар.

Абай өзі:

«Баяғы жартас, бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас...
Сөзіңді ұғар бір жан жоқ...»

десе, Абайдың өзі көре алмағанын совет жазушысы, Мұхтар көрді. Шындыққа сүйеніп, бұқараны қосып берді оған. Басқарусыз, басшысыз бұқара қоғамдық күрестің жолын ешуақытта өзінен-өзі дәл тауып түсе қойған емес. Дәркембай, Базаралы, Балағаздар да солай. Қоғамдық өмірдегі наразылықтарын жеке басының кегіне айналдырады. Бірақ, бұлар өсе алатын, әрқайсысы өз жолымен, адасу, аңдамай басулар арқылы келіп, түбінде бұқара көпшілігінің өкілі болып қалатын адамдар. Қазақ елінің жалпы бейнесін, әдет-ғұрпын, томырық мінездері мен жалпы мағнада жақсылық қасиеттерін романның өнбойынан көрсек, бұқара бейнесін осылардан іздеуіміз керек. Бұл театрдың естен шығармай отыратын бір нысанасы.

Совет әдебиетінің үлкен табыстарының бірі болып қосылған «Абай» романын сахнадағы үш жарым сағаттың ішінде түгел көрсет деу орынсыз тілек болар еді. Бірақ, жоғарыда айтылғандар, біздіңше, толық көрсетілуге тиісті. Жақын арада «Абайды» қойған Қарағанды қазақ драма театрына да сол айтқандарымыздың ізімен келмекпіз.

Кейде көтеріліп, кейде сүрініңкіреп кетіп келе жатқан Қарағанды қазақ драма театры, бұл жолы үлкен өскендіктің нышаналарын көрсетті. Театр коллективінің ойланып еңбектенгендігі, үлкен жауапкершілік сезінгендігі айқын байқалды. «Абайды» қойған Лурье жолдас пен артистердің арасында бірін-бірі жете түсінгендік, бірге ойласып, бірге өлшесіп, коллектив қолымен бірге көтеріскендік байқалады. Облыстық театрлардың күші жете бермейтін нәрселер, Қарағанды театрында жамау-жасқаусыз, күлді-көмешсіз, көңіл толарлық,

көз тоярлық салмақпен көрсетілген. Романдағы негізгі оқиғалар, негізгі типтер, негізгі идеялар, әйтеуір «тұяққа-тұяқ» болып шықпай, ой мен сезімге дәл соғып, Абайша айтқанда, бойға шымырлап жайылады, мәдени тілегі өскен жұртшылық үстірт қарпылған нәрселерді қабылдай қоймайтын көмірші жұртшылық «ой-о-о-ой!» десіп отырып, қарайды. Кәрі Зере мен Құнанбайдан бастап, ең жас Оспанға дейін, әр артист ұзақ дәуірдің бір сырын айқын ашып береді. Сонымен бірге, әрқайсысы өзімен өзі болып кетпей, спектакльдің еңсесін көтеріп, коллектив еңбегінен ғана туа алатын үлкен табыстың бойын өсіріп, тасын қаласып жүр.

Әсіресе, Абай ролінде ойнайтын Қазақстанның көркем-өнерге еңбегі сіңген артисі Мүлік Сүртібаев жолдастың творчестволық табысын ерекше атау керек. Сүртібаев жолдас — қай рольді болса да үлкен жауапкершілікпен, әзірлікпен ойнайтын адам. Абай роліне көп толғанып, көп ойланып әзірленгендігі байқалады. Сахнаға қонымды сырт көрінісімен қатар, бұл іші бай, мәдениетті артист. Қозғалыс-қимылдары есепті, бос қозғалысы жоқ, жүзінің аз құбылысымен көпті аңғарта алады. Сүртібаев жасаған Абай образына қалтқысыз сеніп отырасың. Абайдың жүзі, көзқарасы кейде сараң, кейде ағынды сөйлеген түрі ішкі дарынының күш-қуатын аңғартып тұрады. Жақтағаны да, жаратпағаны да шын, қараушы жұрт Абайдың әр сөзіне қосылып, бірге жақтасып, бірге жаратпай отырады. Біздіңше, Абай ролінде ойнаған қазақ артистерінің ішінде ең ұнамды образ жасағаны, осы Сүртібаев жолдас. Театралщина дейтін қиқаң-сиқаң, еліктеу, құр сыртымен ойнау сияқты нәрселер Абай образындағы Сүртібаев жолдаста байқалмайды. Абайдың мұңаяр уақыты бар, қуанар, қызығар уақыттары бар. Әке алдында іркілер, зұлымдық көріп күйінер, кектенер уақыттары бар. Адам халінің осындай бір жағына ғана қалыптасып алған, күйінішінің өзін күлкіге айналдырып алатын қылық сахнаның үлкен шеберлерінен де кездесіп қалады. Шынында, әлі жас артист, тапқанынан іздейтіні көп артист Сүртібаев жолдас, Абайдың қандай халін көрсеткенде де тиісті мөлшерден шығып кетпей, өзін уақытында іркіп қала алады. Лоқсымай, жұмсақ іркеді. Әр кезде ойлы көзқарасымен қолдарын ұстай білуі де Сүртібаев жолдастың артистік жақсы қасиеттерінің бірі. Айта кету керек, сахнада денені ұстай білу, әсіресе, көз бен қол қозғалыстарын есеппен пайдалану артист үшін ең керекті қасиеттердің бірі.

«Шабытты ақын көңілі, қазір көз алдында дала емес, теңіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, өмір, та-

рих мол мұхитына бір кеме, жалғыз жалауын көтеріп жол тартты... Белгісіз болса да ғажайып шұғылалы бір жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме... Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты...» Сол келешек қазіргі біздің қоғам, біз боламыз. Мүлік Сүртібаев Абай орнына сол кемені де, сол келешек деген жағаны да көріп тұрған күйде. Ақынша алысты көріп тұр. Азапты ұмытқан, жүзінде қуаныш шұғыласы ойнайды. Осымен шымылдық жабылады. Ұзақ спектакль бітті. Журт Абайды қайта көргісі келеді.

Аз көрінсе де Михайлов образы да есте қалады. Өзінен өзгенің қайғы мұңында жұмысы жоқ, әделет танымайтын озбыр топ, заңсыздықты заң қолымен, жұдырық күшімен жүргізіп, бір Абайға даласы мен қаласы қосыла жабылып жүргенде, Михайлов Абайға күнделіктің мұңы емес, болашақтың жөнін сілтейді. Арқаға қағып жоғарыдан қарамай, теңдес досша, ақтарылып айтады. Революционер-демократтардың бұқарашыл идеялары қазақ даласына да қона алатынын аңғартады. Жат ел, мәдениетсіз қауым демей, жалпы Россия топырағы нені тілесе, ұлы ойлар қайда жетелесе, Михайлов Абайға соны ірікпей байымдайды. Михайлов ролін атқаратын артист Ныгыманов Құсайын жолдас бұл жерде «орыс адамының» образын жасаймын деп, жоғарыдан қарап кетсе, я болмаса ұлы сөздерді құр жаттап алғандай айтса, Абайға, Абай арқылы бүкіл қазақ бұқарасына тиген революцияшыл-демократияның лебі дегеніміз сенімсіз болып көрінер еді. Іздену, ойлану жолындағы Абайдың шешусіз жұмбақтары Михайловпен кездесулері арқылы оңай шешіліп, надандық пен өмір иесі озбыр топқа қарсы күресі тереңдей береді. Ныгыманов жолдас осыған сендіре алады. Аз көрініс арқылы берілген осы бір маңызды жағдайды «Абайды» қойған Л. Е. Лурье жолдас та зер сала көрсеткен.

«Абай» спектаклін көрушінің үнемі жан тартып, бірге қайғырып, Абай арқылы келетін аз қуаныштарына өмір тілеп отыратын адамдары Ұлжан мен Зере кемпір болып шыққан. Ұлжан ролiндегі Мария Николаева өмірден көрген көп зәбір-жападан іштей түйіліп қалған мұңды ананың бейнесін шеберлікпен жасаған. Бұл шағынбайтын, зарланбайтын, жылаумен жасымайтын ана. Өмірден тартқан опасыздығы көп Ұлжан өзі түгіл ең жақсы көрген баласы Абайдың қуанышына да ішкі бір елегізумен қарайды. Әсіресе, сүйген ұлына мейрім нұрын төге қарағанда, Мария Николаева жолдас жантәнімен Абайдың тілегін тілеп тұрған ананың бейнесін өте жақсы береді. Сөйлеу түрінде, езу тартқанында, әрбір қоз-

ғалысында күрсініс бар ананы көресің. Құнанбайдың әйелі екені біржола ұмытылады да, көз алдында Абайдың анасы қалады. Қатал әке, тоңмойын жақын туысқандарымен алыс-жұлыста Абайдың арқа сүйер анасы барлығы ойын көрушілер үшін қуаныш сияқтанып кетеді. Өмірдегі өз еншісі азайып қалса да, жұрт тіршілігі үшін терең қайғыра білетін, ел анасы дерлік Зере ролінде ойнаған Мәпруза Баязитова жолдас та сахнадағы өз өмірін есте қаларлықтай етіп шығарады.

«Абай» постановкасында ойдағы жерден шықпай жүрген Тоғжанның образы. Сыртқы қимылдан гөрі ішкі қасиетімен толық жасалған Тоғжан образы Қазақ Академиялық театрында да шыққан жоқ. Қарағанды театрында Тоғжан ролін ойнайтын Мұсабекова Әйкен жолдасқа да Тоғжан образын толықтыра түсіңіз дегіміз келеді. Айта кету керек, бұл жөніндегі кінә еңалдымен «Абай» романын сахнаға лайықтаған Айманов пен Штейн жолдастарда. Сахнаға бұлар Абай мен Тоғжан арасындағы ғашықтықты ғана алып шықты да, әдет-ғұрыптың темір бұғауын елеусіз қалдырды. Сондықтан, жас жүректердің бар күшімен басталған ғашықтық не өрістей алмай, не тас кедергісіне соғылмай, сол замандағы бар қыздың байырғы жолы қалың берген жеріне талассыз, қарсылықсыз ұзатыла салумен бітеді. Тоғжан басында өз бақытына қол созу, ұмтылу жоқ, байырғы әдетпен көне кету, көндігіп кету бар... Бұл Тоғжан ролін ойнаушы артискаларымыздың азғана арқа сүйеу етер жағы. Бірақ, сахнада көрсетуге арналған рольдің өз көлемінде толық көрінуі — ол әрбір орындаушыға қойылатын тілек.

Мұсабекова Әйкен жолдас келіншек Тоғжанның ролінде ойдағыға жақын шығады. Аңнан суыққа шалдығып келген Абайды көргенде, келіншек Тоғжанның жүзінен көп нәрсені оқуға болады. Құр бақырайып қарап қалмай, бір сәтте Абайдың жанына жаны қосыла кеткенін сезінесің. Содан кейін, Тоғжан тіл қата бастағанда-ақ спектакльдің бас жағында бірінші көрінетін қыз Тоғжанның қате жасалған кейпіне көшеді. Дегенмен, келіншек Тоғжаннан алатын әсерің жақсы күйінде сақталып қалады.

Ал, қыз Тоғжанның образын жасаудағы Мұсабекова жолдастың қатесі неде?

Біздіңше, біріне-бірі орай келетін екі қылығында. Ең алдымен, Абайды күтіп отырған қыз Тоғжанда, жас қыздың жан тазалығы байқалмайды. Бұл қылаң-сылаңында белгілі мән бар, тән қызуын аңдататын сақа қыз. Күнәні сезбейтін, алып ұшқан жүрек лүпілі емес, қол тұзағын құрып қойып, аң-

қау жастың іліне кетерін біліп отырған адам. Осыған орай, сөйлеу түрі де қылтың-сылтың... Мұсабекованың жай өмірдегі дауысы, сөйлеу манерасы бұдан басқа болу керек. Ал, қыз Тоғжанның осы екі түрлі қылығы, оқушы ұнатқан образдан алыстатып әкетеді. Бұл кемшілікті Лурье жолдас та түзетпеген. Толық шығуға жақын тұрған образды Мұсабекова жолдастың тереңдете түсуін, қате алған бағытын түзетуін күтеміз.

Бұқара көпшілігінен Абайға сеніп ерген топтың ішінен Дәркембайды бөліп алу керек сияқты. Әбдікәрімов жолдас Дәркембай образын шындық, реалистік бағдарда жақсы жасаған. Құнанбайға қарсылығы бар көптің ішінен ерекше көрінетін Дәркембай, кейін өсуге тиісті бұқара тобының, алғаш бас көтерген төлбасы сияқты, дұрыс әсер қалдырады. Біржан ролінде қорашырақ көрінген Әбдікәрімов Дәркембай ролінде өте жақсы. Бірақ, бұқараның екінші буыны сияқты, Базаралы мен Балағаз әзір өз биігіне жеткен жоқ. Ербол мен Жиренше де солай. Бұл рольдерді ойнайтын жолдастарға жетпей жатқан бір нәрсе, әрқайсысы бірінен-бірі айқын айырылып әр мінезді, әр түрде сөйлейтін адам бейнесін жасамай, бірінен-бірі біраз үлкен, кіші деген сияқты айырмаларға ғана сүйенген сияқты.

Театр сахнасында кішкене делінетін рольдерді ойнау қиын. Серпілуге уақыт жетпей, көптің арасында кете барады. Сондықтан да, қысқа желіге құрылған образдардың бояуы айқын, мінездері мен сөздері біріне-бірі тіпті ұқсамайтын болуға тиісті. Бұқараға жататын жастар жағының қырсыздау шыққаны постановканың басты кемшілігі, бұл топ әлі біраз толықтыра түсуді тілейді. Мысал үшін айтсақ, Майбасарда да көп іс, ұзақ желі жоқ. Бірақ Ыбраев Әнуәрбек бірер ғана қозғалыс-қимылымен, өзгелерден ерекшерек сөйлесуімен жарқ етіп көзге түсіп қалады да, ұмытылмайды. Бұқара жағының Дәркембайдан басқасы айқын бейнесіз болып қалуы, сөз жоқ, қынжылатын нәрсе.

«Абай» постановкасының екі ортан қазығының бірі Құнанбай. Әрине Құнанбай әлсіз шықса, Абайдың істері де ұсақтап қалар еді. Оған себеп — Құнанбай айқын қатал мінезді әке ғана емес, қыры көп, ру басы — феодал. Сол дәуірдегі үстем таптың бар бейнесі, жол-жорасы, қайрымсыздығы, қанау жолдары Құнанбай істерінен толық көрінеді. Әке мен баланың әр кездегі соқтығыстары ылғи қоғам тіршілігінің айналасында. Тоналып жатқан әлсіз бұқараны, тонаусыз отыра алмайтын Құнанбай, тағы да тонай бергісі келеді, арашада Абай жүреді. Бір кезде иек көтергені орындалып отыратын

Құнанбай романның аяғында тұғырдан түседі де, бір кезде арашамен жүретін Абай, бұқараны айқын жақтайтын, күреске белді буып түскен, оның үстіне жеңіп шығатын ел қамқоры болады. Құнанбай үстем таптың жалаң ғана содырлысы емес, ойлысы да, тілдісі де, қайраты мен қажыры да. Құнанбай ролін ойнайтын Көшкімбаев Зейнолла Құнанбайдың осы орнын түсірмей, әлсіретпей ойнайды, Қалибекке жақындатып шығарады. Ұсаққа айналақтамай, Құнанбайға ірі мінездер, кесек қозғалыстар береді. Бір кезде дәуірлеп тұрған үстемдіктің әлсіреп, ылдилай бастағанын Көшкімбаев едәуір шеберлікпен келтірген. Көшкімбаев жолдасқа айтар бір кеңесіміз, еркінірек сөйлегені дұрыс болар еді. Кейде тістеніңкіреп, қызылданқырап, тамағымен сөйлеп қалатыны бар сияқты. Ру басы — Бөжей, Сүйіндік, Қаратай рольдерін ойнаушылар да белгілі шеңберде жақсы шығарды деуіміз керек. Жалғыз ескерте кететін нәрсеміз — қолына байлық пен өмір тисе, бұлар да Құнанбай ғой! Бұлар ешуақытта бұқара жоқшысы емес, өз тілектерінің жоқшысы. Сондықтан бұларды жәбірленген адам етіп, ойын көруші бұларға жан тартатын, жақтайтын етіп ойнамауға керек.

Осы айтқандармен қатар, бірнеше жалпы кемшіліктерді көрсете кеткіміз келеді. Сахнада үлкен-кіші рольдердің қайсысын ойнаса да, жауаптылықпен ойнау керек. Сол сияқты, сахнада ойнайтын артист жұрттың көзі оның аяқ-қолына да, қозғалысына да, бет-аузы мен көзіне де қалай ренжіп, қалай езу тартатынына да түсінетінін ұмытпау керек. Театрға келген адамның, шам сөніп, шымылдық ашылғаннан кейін, басқа алаңы жоқ, екі көзі сахнаға қадалады. Артист әр сөзін айтқанда, не айтқысы келетінін көзімен, қолымен, дене қозғалысымен толықтырады. Осы жақтарында Қарағанды артистерінің едәуір кемшіліктері бар сияқты. Кейбір артистердің сахнаға шығатын күні қолының қандай екенін қарамағаны, қозғалыс-қимылдарын есептемегені көрініп тұр. Артист көзін жұрттан жасырмай ұстауы керек, көз сөйлеп тұратын шамшырақ. Шынын айту керек, сахнадан көрген көп көздеріміз ешнәрсе айтпаған күйінде қалды. Сахна еңбегін артист бар денесімен, жанымен, жүрегімен атқаратынын ұмытпауымыз керек.

Екінші, артист ешнәрсені, өз ойынша ұсақ көріп, жұрт елемес-ау деп өткізе салудан аулақ болу керек. «Абай» спектаклінің аяғында Құнанбай аппақ-қу шал болған, Абай есейген. Ал, Жұмағұл, Базаралы, Балағаздар жас қалпында қалған. Жұмағұл мен Базаралы тіпті Абайдан жасырақ көрініп кетеді.... Не болмаса, Дәркембай Құнанбайды атамын дейтін

жерінде талай кезеніп, ата алмай тұрады. Бұған әлі атпа деп бөгеу жасаған да ешкім жоқ, атсам ба екен, атпасам ба екен деп өзі де ойланып тұрған жоқ. Тек, мылтықты ұсынар кезін есептемейді. Ерте нұсқап қалғандықтан, босқа сасқалақтап тұрады. Ол екі арада адам түгіл, аспанда кетіп бара жатқан сұқсырға үш-төрт атып қаларлық уақыт өтіп кетеді. Мылтықтың көздеуіне «тоқта!» деген дауыс сақ етіп қалуға тиісті.

Қодардың түйеге асылуы да жұртты түршіктірудің орнына, дәл орындалмағандықтан, еріксіз күлдіріп жібереді. Өйткені, түйеден Қодар биік... Қодарды жұрттың дәл, қарсы алдына асатын болғандықтан (мұны дұрыс деуге де болмайды), оны дәл есептеп, сенімді етіп орындау керек. Қалайда, Қодардың дарға асылуы бойыңды шіміріктіруге тиісті.

Абай мен Тоғжаның бұрынғы бір кездесуін елестетуді бұл күйінде ерсі дегіміз келеді. Роман бойынша бұл Абай мен Әйгерім арасында болған нәрсе. Семейден қайтып келе жатқанда, «Көктопай» әнін салған Әйгерімнің даусын естіп Абай елеуреп оянады, Тоғжанға ұқсатады. Екінші бұл «елесті» театр Абай мен Тоғжан кездеспестен бұрын беріпті (Қазақ академиялық театрында да осылай). Мұның қателігін Айманов пен Штейн жолдастар өздері де мойындаған еді, бірақ сол күйінде жібере салған. Сол елес ауырып жатқан Абайдың алдынан өтсе де сыйымды болар еді, қазіргі күйінде ерсі-ақ.

Тіпті ерсі тұрған тағы бір қате бар. Абай бір жерде елді әуелі қойға, одан соң түйеге, аяғында жылқыға теңейді. Ел деген халқың ғой. Халқыңды төрт түліктің қайсысына теңесең де, хайуанға теңеу болып шығады және бұл теңеу елді басқаратын би-болыстарға арналып айтылған емес, басқарылушы көпке, бұқараға арнап айтылған. Бұл, әрине, автордың қатесі. Әсіресе, Абайдың аузынан айтылғандықтан ауырлай түсетін қате. Абайы, Шоқаны, Ыбырайы бар ел, сол дәуірдің ішінде болашағын ойлай алған ел, өзін-өзі тағымын дей алмасқа керек. Абай оны айтпасқа керек, театр ол қатені қайталамасқа керек.

«Абай» спектаклінен біздің көрген қуанышты табыстарымыз да, азды-көпті кемшіліктеріміз де осылар. Театрдың бұл табысы тереңдей алатын, шыңдала беретін табыс. Кемшіліктері болса, қиналмай түзелетін нәрселер. Басым жағы табыста, кемшіліктері тереңде емес, бетінде ғана. Сондықтан, «Абай»— Қарағанды қазақ драма театрының мақтана алатын творчестволық үлкен табысы дей аламыз.

«Абайға» байланысты Қарағанды театрының алдағы күндеріне көз салуға болады. Театр бұл күнге дейін екі жақтап, бір арнаға табынып тап баса алмай келді. «Қыз Жібек»,

«Тарғын», «Жалбыр», «Айман-Шолпан» сияқты жарым-опера, музыкалы спектакльдермен қатар, «Еңлік-Кебек», «Қозы-Көрпеш», «Ақан Сері», «Қобланды», «Бір семья», «Миллионер» тағы басқа таза драмаларды қойды. Оркестрі әлсіз, дауыстары тозыңқыраған, «дауысты қоюшы» шын маман жоқ. Оның үстіне артистер коллективі белгілі бір жанрда ысыла алмай, әлі күнге әр жанрға жүгірінді болып келеді. Біздіңше, енді мұны тоқтатып, драмалық жанрға берік табандағандары дұрыс сияқты. Театр коллективінің негізгі күші драмалық жақта. Драма жағына тұрақтап, іздену бетін осы жағына қарай тереңдете берсе, Қарағанды қазақ драма театрының болашағы нығая беретіні байқалады.

Қазір Қарағандыда мәдениет сарайы біткелі тұр. Бұл мәдениет ордасы болмақ. Қарағанды облысындағы орысша-қазақша екі драмалық театрдың тынысын кеңейтіп творчестволық шын жағдай туғызатын да сол мәдениет сарайы болады деп сенуіміз керек.

1951 ж.

НАЗЫМ ХИКМЕТ

Темір торлы тас зынданнан он екі жыл үздіксіз соққан қаһарлы үн — түрік бұқарасының атақты ақыны Назым Хикмет үні еді. Ол үн Бурса шәһарінің қараңғы көр — сыз түрмесінен соғатын. Он екі жыл бойында үн бір тынған жоқ, әлсіреген жоқ, түрме қысымынан ерегісе соқты, сахараның еркін есқек желіндей, іркілмей соқты: азаттық күресіне шақырды, күрес дүниесіне дабылын қосты. Хикмет үнін италия фашизмі мен қан кешіп жүріп алысқан Абиссиния халқы да естіді, Испанияның бұқара қозғалысының күресшілері де естіді, фашизмнің туын жығып, ордасын ойрандаған совет халқы да естіді. Әрине, ең жақыннан естіген, ұйып тыңдаған Түркияның өз бұқарасы, ояна бастаған бұқарасы.

Жалынды ақын, коммунист ақын Назым Хикмет Түркия бұқарасының халі ең ауыр кезеңге кірген дәуірде күрес майданына шықты. Дүниежүзілік бірінші соғыстың тұсында Германия капиталының қолтығында болған Түркия басқарушылары Ұлы Октябрь революциясының отты лебінен ықтай-ықтай барып, кейіннен фашистік Германияның қанжығасына байланып кетті: ықпалына біржола бас иіп, дегенін бұлжытпай орындап отырды. Бір жағынан, ислам дінінің рақымсыздығын бұлжымас заң етіп, янышардың қаруына сүйенген феодализмнің қанауында келе жатқан, екінші жағынан, фашистік талан-таражға түскен түркия еңбекшілері өмірдің жұты мен шөліне біржола қамалды. Ақын жанын ашындырған, күреске аттандырған сол халықтың мұң-зары мен өмірлік арман-тілегі еді. Күреске құрал іздеген, құралына қайрақ іздеген жас ақын он сегіз жасында Совет Одағына келеді. Жаңа өмірдің мұнайындай бұрқыраған Бакуде болады. Жаңа дүниенің үлкен жүрегі — Москвада болады. Шығыс халық-

тарының коммунистік университетінде оқиды, коммунизмнің ұлы мектебінен сабақ алады. Қанау құлдығынан босанған елдердің социалистік жолмен өрлей жөнелген алғашқы табыстарын көреді.

Әрбір революция ақыны сияқты, Назым Хикмет ақындық ұстазы — ұлы Маяковский, Хикмет поэзиясы да Маяковскийдің поэзиясы сияқты, мазмұн мен түрі қайнасып тұтасқан революциялық поэзия. Әзірше, совет оқушыларына түгел жетіп болмаған Назым Хикмет шығармаларының көркемдігі идеясына сай келеді, шын мағнасындағы революциялшыл ақынның қаламынан туғандығын айқын көреміз. «Аш көздер», «Анатолия романтикасы», «Зоя», «Жүрегім менің мұнда емес», «ССРО-мен қоштасу» сияқты совет оқушыларына таныс шығармалары осыны дәлелдейді. Назым Хикмет шығармаларының мазмұны да, түрі де жаңа, революциялшыл поэзияның шын лебін береді. Біздің Совет Одағында 1928 жылы ең алғаш басылып шыққан «Күн нұрына суарылғандар жыры» дейтін жинағы да осы бағыттағы үлкен серпінді аңдатқан еді.

Әрине, мұндай ақыннан Түркияны билеп отырған фашизмнің жалданба құлдары қатты хауіптенеді. Совет Одағынан оқуын бітіріп қайтысымен-ақ қараңғыда жатқан халқына сөнбес жарықтың бір ұшқынын экелген ұлы ақынның әр адымын бақылауға алды, амалын тауып үнін өшірудің шарасын іздеді. Гитлер Гейне мен Гетенің ұлы еңбектерін көшеде өртетіп жатқан кезде түрік фашистері Назым Хикметтің барлық шығармаларын басылудан, оқудан тоқтатты. Бірақ халыққа арналған өмір жыры өшкен жоқ, өрши берді, еңбек жұртының жүрегіне, ойына тарады, студенттердің қойнына, солдаттардың қонышына түсті. Хикметтің тыйым салынған шығармалары офицерлердің чемодандарынан да табылды. Түркияны билеп отырған фашизм жалдаптары бұқара халық арасында ықпалы күшейіп бара жатқан күрес ақынынан құтылу шараларын іздеді. Сөйтіп 1938 жылы «соғыс қызметкерлерін көтеріліске шақырғандығы үшін» соғыс трибуналы Назым Хикметті он бес жыл түрмеге жабуға үкім кесті. Хикмет шығармалары теңізшілердің арасына да кең таралып кеткен екен, соғыс-теңіз флотының трибуналы оған тағы да он үш жыл түрме жазасын қосты. Сонымен жинағы жиырма сегіз жылдық түрме кесімін алып, Назым Хикмет Бурса шәһәрінің зынданына түстіl Фашизмнің алдында дір қағатын Түркия билеушілері «бір адамға екі кесім болмайтындығын» елең де қылған жоқ. Ол аз болса, отыз алты жастағы ақынға ойларына келген бәленің бәрін жауып,— тағы да

жиырма жеті жылдық түрме жазасын қосты. Мұнымен отыз алтыдағы Хикмет ақын табандатқан елу бес жыл түрмеде отырып, отыз алты да елу бес — тоқсан бір жасында түрмеден құтылмақ еді!

Бурса түрмесінде Назым Хикмет он екі жылдан артығырақ отырды. Тереземде темір тор, тас қапаста қамаудамын деп, күресші ақын мойыған жоқ, өзін үнемі күрестемін деп есептеді. Хикметтің торды бұзып шыққан өлеңдері Абиссиния, Испания, Греция, Қытай жерлерін аралап кетіп, ағылшын-американ агрессорларымен алысушыларға дем береді.

Хикмет түрмеде отырған кезде жер дүниеде ұлы оқиғалар өтті. Фашизмнің туы жығылып, ордасы ойрандалды. Түркиямен көршілес елдер — Болгария, Румыния, Албания, Венгрия, Чехословакия, Польша халықтары капитал үстемдігінен құтылып, халықтық бұқара үстемдігін орнатты. Жер жүзіндегі адам баласының төрттен біріне жақын келетін Қытай халқы елді басқару тізгінін өз қолына алды. Зынданда отырған Назым Хикметке қажымас қайрат берген де осы оқиғалар еді.

Қазіргі түрік үкіметін басқарып отырған феодалдық топтың қалай қарай бастап бара жатқанын Назым Хикмет түрмеде отырып-ақ айқын көріп отырды. Зынданды күзеткен янышарлар бір кезде неміс фашизмінің киімін кисе, дүниежүзілік екінші соғыс біткеннен кейін ағылшын-американ әскерлерінше киінді. Еңбекші түрік халқы үшін Назым Хикмет көп қайғырды, көп мұңайды, бірақ қажыған жоқ, азаттық үмітін үзген жоқ, капитал үстемдігінің күні санаулы екенін сеніп жырлады. «Мен өз қызметімді түрмеде атқарып отырмын!» деді Хикмет. Бұл ұлы шындық! Назым Хикмет зынданда отырды, оның өлеңдері қоғамдық күрестің алдыңғы сапында жүрді.

Заңсыз тұтқынға алынған ақын түрік үкіметінен босатуды талап етті. Сайлау алдындағы жанталас кезеңіне келіп қалған түрік үкметі жұрт көңілін азырақ тыныштандыру үшін Назым Хикметті босатуға ұйғарды. Бірақ осы кезеңге Түркияның шын билеушісі — Американың елшісі мен бір генералы келіп қалды да, Түркия үкметі жариялауға әзірленген жарлығын жоқ етті.

Зәбір-жапаның азиялық сорақы түрлерін талай көрген Назым Хикмет туған елінің елдігіне тиіп жатқан қорлыққа ерлерше жауап берді: озбырлыққа, қорлыққа қарсы аштық жариялады, қашан осы түрмеден босанғанша ашығуын тоқтатпайтынын жариялады: темір торды күшпен бұзып шығуға бел байлады. Баласымен бірге жетпіс бес жастағы соқыр кәрі

анасы Жәлел де ашығу жариялады. Ана мен бала бес күн ашықты, ауыздарына нәр салмай, қайтпайтын қажыр көрсетті.

«Менің күшім — ұлы дүние күшінде» деп Назымның өзі айтқандай Совет Одағы бастаған ұлы дүние ақынды тас қапастан босатып алды. Миллиондаған бұқара жұртшылық азаттық пен бейбітшілік жолындағы күрескерлер ақынды босатып алуға бар күшін салды. Түркияны билеушілердің басына Хикметтің босануын талап еткен қатаң жолдамалар қардай борады. «Халық сүйген ақын Назым Хикмет түрмелеріңде аштан өлсе, Түркияны билеушілер, өздеріңді жуып кетіре алмас қара таңбамен масқаралайсыңдар!» деп жазды совет ақындары. Бұқарашыл елдерде Назым Хикметті қорғайтын комитеттер құрылды. Түрік жұмысшылары Стамбулда Хикметтің босануын талап етіп, үлкен митинг өткізді. Осы ұлы дүниенің талап етуімен Назым Хикмет 1950 жылдың июль айында қапастан босанды.

Назым Хикмет тас зынданынан босанғалы міне бір жыл өтті. Жалынды ақын еркін күресшілер қатарына қайта қосылды. Бейбітшілік жақтаушыларының дүниежүзілік екінші конгресінде Назым Хикметке агрессиямен күрескен әдеби еңбегі үшін Халықаралық бейбітшілік сыйлығы берілді.

Түркия шіруі жеткен ескі түбірлердің бірі. Түркияда шын мағнасында қараңғылық дүниесі. Бұдан он ғасыр бұрын туған ескілік заңы әлі күнге күшінде. Түркияны билеушілер, бір жағынан, сол ескілікке сүйенсе, екінші жағынан, империалистік дүниенің фашизм, агрессия сияқты ең соңғы зұлымдығына арқа сүйеп отыр. Осы жылдың бас кезінде «Правда» газетінде үзіндісі жарияланған түріктің жас жазушысы Махмұт Мақалдың ұзақ әңгімесі сол қараңғылық дүниесінде қалған түрік еңбекшілерінің ауыр халін, правосыздығын, қайғымұңын толық елестетеді.

Қазіргі Түркия — Америка агрессиясына тәуелді болып қалған ел. Корея халқын отарлап алғысы келіп, шығыстан соғыс өртін тұтатқан Америка агрессорларының бір ғана иек көтеруімен жәрдемге әскер жіберіп, масқара болғандығы да сондықтан. Азаттыққа, елін тәуелсіздік тұтқынынан құтқаруға, туған еліндегі помещиктер мен феодалдардың шіруі жеткен үстемдігін құлатуға тынбай шақыратын Назым Хикмет Түркия топырағында туған революционер ақын, халық ақыны, дүние жүзінің бұқарасына дос ақын.

Қазір Назым Хикмет Москвада, ол Совет еліне қонаққа келді. Ол әр кезде совет халқының шын досы еді. «ССРО-мен қоштасу», «Зоя» деген шығармаларында Назым Хикмет

ойы мен жүрегі біздің совет халықтарымен бірге екенін көрсетті. Осы жолы Москваға ұшып келіп түскенде, Назым Хикмет:

— Москва!.. Нағып мен сағынған Москвама келіп қалдым!— деп, қуанып көзіне жас алыпты. Ұлы Москваның тұлғасын түгел бір көргісі келіп, бірден Ленин тауларына барып шығып қарапты.

Ия, ақын Хикмет, туысқан ақын! Ұлы Москваны биіктер биігінен ғана түгел көруге болады. Ойда тұрған адам оны көре алмайды.

— Анамнан қайта туып, дүниеге жаңа келіп тұрғандаймын!— деді, Хикмет ақын социалистік дүниенің ұлы ортасына келіп түскенде.

Туысқан Хикмет ақын! Темір тордан сіз босандыңыз, бостандық дүниесіне келіп, анадан қайта туғандай болдыңыз. Бірақ, Түркия бұқарасы темір тордан, тас қапастан босаған жоқ әлі. Сіздің туған еліңіздің бұқара халқы да сол қапастан тезірек босануын тілейміз.

Қош келіпсіз, құрметті ақын, совет елінің төріне шығыңыз! Өзгерген, өрлеген өмірін көріңіз, Қазақстанға да келіңіз: бұрын ең артта қалған халықтың қандай «хикметтермен» ең озық елдердің қатарына қосылғанын көріңіз! Бірге болайық, бірге күлейік, әнді бірге салайық, бірге күресейік, бірге қуанайық!

Июль, 1951 ж.

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ОЗЫҚ ЖАЗУШЫСЫ

I

Совет жазушыларының, әсіресе болшевик жазушының ерекшелігі — оның шығармаларындағы үздіксіз өрлеп отыратын үлкен идеялық мазмұнында болмақ. Қоғамдық үлкен мақсаттарды көздейтін шығармалар Ұлы Отанымыздың күш-құдіретін қорландырып, байытып жатқан миллиондардың тарихи ұлы еңбектері мен тілектеріне үндес шығып отырмақ. Ұлы совет халқымен, Ленин партиясымен жазушыны тығыз байланыстырып отыратын да сол социалистік күрес жолындағы үндестік болады. Осыған қарай, әрбір совет жазушысы коммунизм орнатып жатқан халықымыздың ортасынан өзінің орнын табады. Жазушыға сенімді қуат, қаламына қанат беріп отыратын да сол ұлы халқымен, Отанымен мақсат бірлігі.

Социалистік реализм жолындағы совет жазушысы «күнделік шындығы» деп аталатын аздың әсерімен одыраймай, ұлы заманымыздың үлкен шындығын кеңірек қамтуға тырысады. Адам баласының бұрынғы тарихында көтеріле алмаған қоғамдық үлкен мәселелерді көтереді. Жаңа типтегі совет жазушысы деп соны айтамыз.

Кең серпіп, аздан көпті көру, бүгінгі бой жазбаған белгілерден ертеңгі үлкен мағнаны тану ұлы пролетариат жазушысы А. М. Горькийдің, Маяковскийдің ерекше қасиеттері еді. Қандай терең идеяны, қандай ұлы ойларды өмірлік күрестің шындығы арқылы шығармаларының көркемдік күші арқылы оқушының ойы мен сезіміне бірдей құйып бере білу — біздің совет әдебиетіне осы ұлы жазушылардың үлгісі болып кірді. Бұл ұлы жазушылардың әр шығармаларында бүгінгі күннің шындығы заманымыздың шындығы болып, үлкен мақсаттарға арналып отырады. Айтар алғысы көп барлық совет халық-

тарының бүгін елу жасқа толғанын тойлап отырған большевик жазушысы Александр Александрович Фадеев совет жазушыларының осы тобына, озық тобына қосылады.

Социалистік реализм әдебиетінің негізін қалаған ұлы жазушы Горькийдің дарынды шәкірті, әрі әдебиетімізде ұстазының дәстүрлерін айнытпай жүзеге асырып отыратын озық жазушыларымыздың бірі Александр Фадеев ескі Россияның революцияшыл демократтық бағыттағы қоғамының ортасында туып-өскен. Жазушының өз әкесі Александр Фадеев — селолық мұғалім, революциялық істері үшін жер аударылған адам. Өгей әкесі фельдшер Г. В. Свитыч социал-демократ, 1905 жылғы революцияға қатынасқан. Шешесі Антонина Ивановнаның үйінде әр кезде революциялық әдебиет пен қару-жарақтың жасырын қоймасы болады екен. Жазушының жақын ағасы Всеволод Сибирцовті Қиыр Шығыс партизандарының атақты командирі Сергей Лазомен бірге жапон басқыншылары тірідей паровоздың пешіне салып өртеп жіберген. Міне, жазушының қоғамдық көзқарастарын ерте кеңейтіп, таптық сана сезімін шыңдап берген, әрі жалынды жүрегіне өшпейтін із қалдырған қоғамдық ортасы осындай.

Совет халқының ерекше сүйетін озық жазушыларының бірі Александр Фадеев сан жағынан аз болғанмен, сапа жағынан аса бағалы еңбектер берген жазушы. Оның азы, басқаның көбінен анағұрлым құнды, анағұрлым салмақты. Фадеевтің «Тас-талқан», «Жас гвардия» сияқты романдары Горький айтқан өлмейтін, қартаймайтын шығармалардың қатарына қосылады. Ұлы заманымызда совет жазушылары, совет суретшілері, совет композиторлары қандай өлмейтін еңбектер бере алса, Фадеевтің романдары солардың алдыңғы қатарынан орын алады.

Совет жазушыларына түгел белгілі — Фадеев жолдастың қаламынан туған үш атақты роман бар — «Тас-талқан», «Удэгелердің соңғысы» және «Жас гвардия». Бұл сияқты совет әдебиетінің әр дәуірін жаңа бір белге көтеріп тастаған ірі шығармаларына ертеректе жазылған «Тасқын» повесті, «Ағымға қарсы» әңгімесі және екі үлкен очерк жинақтары қосылады. Саны осындай көп болмаса да Фадеев жолдастың әрбір жаңа романы, А. Толстой, М. Шолохов жолдастардың еңбектері сияқты, барлық совет жазушыларына толғанарлық ой салып, творчестволық жаңа талаптар қоюмен келді. Идеялық және көркемдік жағындағы ұғыныстарымызды ылғи кеңейтіп, жазушы жұртшылығын бір биік белдерге шақырады.

Социалистік реализмнің теоретиктерінің бірі жазушы Фадеев сол социалистік реализмнің негізгі принциптері мен

әдістерін өз шығармаларында іске асырып, шеберлік үлгілерін көрсетіп келеді. «Тас-талқан», «Жас гвардия» сияқты шығармалардан совет жұртшылығы өмірді өзгерту күресінің үлкен үлгілерін көреді. Фадеев жолдастың әрбір геройы өмірге қояр өзінше тілегі бар, үлкен коллективтің белсенді мүшесі. Өмірлік үлкен күрестер арқылы жазушы советтік Ұлы Отанымыздың күн санап ілгері дамыған ірі адамдарын елестетеді. Фадеев шығармаларындағы өмірді өзгертудің мәнмағынасы да осында.

Социалистік реализмнің негізгі принциптері мен талаптарын терең ұғыну жолында Фадеев жолдастың теориялық еңбектері де, көркем шығармалары да көп ойлар береді. Шығарма тақырыбы — бүгінгі советтік заманымыз болсын деген жалпы талапты Фадеев — оның ішінде елеулі оқиғалары дәуіріміздің бейнесін бере алатын күрестер болсын деп толықтырады. «Тас-талқан», «Жас гвардия» романдарын көңіл қоя оқыған адам бұл шығармалар тұтас бір дәуірдің бейнесі екенін айқын көруге тиісті.

Фадеев жолдас өзі жаза бастағаннан бері көп жылдардың ішінде айнымай, жалықпай, озық совет адамдарының образдарын жасауды өзіне творчестволық талап етіп қойып келеді. Бұл, ұстазымыз Горький айтқан жаңа адам, жаңа типтегі совет адамы. Ол адамның қоғамдық, таптық көзқарастары да, жалпы дүние тануы да, моралдық қасиеттері де, ой-санасы да терең, ол үлкен адамгершіліктің бейнесі, әдебиетке совет жазушылары арқылы ғана кірген бейне.

Фадеев Горькийге қосыла жаңа адамның образын жасап келе жатқан жазушы. Ең алғашқы үлкен еңбегі «Тас-талқан» романында ол коммунизм үшін күрескен Левинсон, Метелица, Морозка, Бакланов сияқты адамдардың бейнесін берді. Левинсон көпшілік күресін басқаратын большевиктің бейнесі болса, Метелица, Морозкалар еңбекші халықтан шыққан геройлар. Большевик Левинсон әр кезде өзін-өзі тізгіндеп отыратын тәртіптің адамы. Ол жалғыз ғана өзі басқарып жүрген отрядтың тағдырын ойламайды, сонымен бірге адамдарының социалистік санаға көтерілуіне бағыт беріп отырады. Оның ойында жалғыз сол дәуір емес, бүгінгі социалистік үлкен қоғамның үлкен істері жүреді. Екінші, Фадеев өмір шындығын боямай дәл көрсетуді сол бірінші еңбегінің өзінде-ақ творчестволық талап етіп қойғанын көреміз. Морозка былапыт сөздер айтудан тыйыла алмайды, қауын да ұрлайды. Демагог мещан сыншы үшін мұнысы озық адамға жала жапқан болып табылар еді, бірақ реалист жазушы дәуірдің шындығын бояған жоқ, бұл да алдағы күнде жойылуға тиісті мінез деп көр-

сетті. Бірақ мінезінде әртүрлі ескілігі бар Морозка жаңа дүние үшін, революция үшін күрес мәселесіне келгенде, ол өте саналы адам. Анархист, эсер Мечик жолдастарын жау қолына түсіріп жіберіп, өз басын қорғап қалса, Морозка жолдастары үшін ерлік көрсетіп өледі. Бақташы баланы қорлап тұрған ақ жасауылды көргенде Метелица қандай шыдай алмай кетеді! Оның қорғамақ болып аттанғаны сол бақташылар, сорлылар еді ғой. Бақташы баланың жәбірленіп жатқанын көрген Метелица ақ жасауылға құр қол айқасып, қаза табады.

Большевик Левинсон терең ойлы, ішкі дүниесі өте бай адам. Ал халықтан шыққан ерлерді Фадеев бар шындығымен, орынсыз әсерлемей сыйпаттайды. Олардың айқын-ашық келбеттері халық ісінде, күрес үстінде толық көрінеді. Бұл геройлар бізге — әңгіме жүрттың оңай көрер ұсақ-ұлаңында емес, ұлы істерінде деп тұрған сияқты болады. Сондықтан да Серафимовичтің «Темір тасқыны», Фурмановтың «Чапаевы», Гладковтың «Цементі» сияқты, «Тас-талқан» да совет әдебиетінің алғашқы классикалық шығармаларының бірі болып қалды.

«Тас-талқан» романынан кейін, Фадеев жолдастың жазып келе жатқан үлкен еңбегі «Удэгелердің соңғысы» атты романы. Ол әлі біткен жоқ. Жазушының өз айтуынша бұл романда революция арқылы капитализмнен социализмге көшкен үлкен дәуір көрсетілмек. Әзір бұл роман жөнінде айта алармымыз, таптық жағынан, қоғамдық жағынан халықтың бар бейнесін қамти алатын ондаған геройлар кең жоспарда алынып, қатар жүргізіліп келеді. Орталық образдар Петр Сурков, Алеша Маленький — бұлар жоғары сананың, большевиктік партияның өкілдері.

Совет әдебиетінің дамып, дәуірлей беруіне үлкен әсер еткен шығармалардың бірі — «Жас гвардия». Бұл романнан бізде социалистік жаңа қарым-қатынастар мен жоғары сананың нығайғандығын, енді бұл қасиеттер жеке адамдардың өзгешеліктері емес, жалпы совет қоғамының өзгешелігі екендігін көреміз. Бір топ жас күрескерлер, ең алдымен оқушыға осының байымдайды. «Тас-талқан» романындағы озық адамдар совет құрылысын арман етсе, Земнухин, Кошевой, Тюленин, Артюнянц, Уля, Любалар сол совет құрылысының жемісі, совет мектебінің оқушылары. Жастықтарына қарамай, олар үлкен социалистік санадан туатын ерліктер істейді. Олардың істері арқылы, біз Ленин партиясының ұлы тәрбиеші, ұлы жетекші екенін көреміз. Сондықтан «Жас гвардия» романы социалистік заманымыздың бейнесін толық көрсете

алатын шығарма деп танылады. Мұнда совет патриотизмі деген — совет адамының ойы мен сезіміне терең орнаған қасиет, бұрынғы-соңғы капиталистік қоғамда жоқ қасиет екенін көреміз. Жазушы үлкен идеяны үлкен көркемдік арқылы бере алған. Совет халқының асқан ерлікпен, тарихи жеңіспен аяқтаған Ұлы Отан соғысын мұндай көлемде көрсете алған үлкен шығарма дүние жүзілік әдебиетте әлі туған жоқ. «Правда» газеті өте дұрыс сынаған партия өкілдерінің образдарын жасаудағы кемшіліктерін жазушы өзі мойнына алды.

Осындай үлкен шығарманың қазақ тіліне аударылғанда өңі қашып шыққанын айта кетуіміз керек. Аудармашы Ғабдол Сланов жолдас аударуға бар күшін салмағандай, аударма романның сұрғылт көлеңкесі ғана болып шыққан. Бұл аудармадан жазушы Фадеев бірнеше белдер астынан ғана елестейді. Сөз жоқ, романның аударуына Сланов қайта бір оралуы керек, ұқыпты, жауапты түрде оралуы керек.

Советтің озық жазушыларының бірі Александр Фадеев сонымен қатар мемлекеттік ірі қайраткерлеріміздің бірі. Ұлы Отан соғысынан бергі дәуірде Фадеев жолдас бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік күресіне үлкен еңбек сіңіріп, миллиондаған совет халықтарының атынан сөйлеп жүр. Ол Вроцлав, Париж, Нью-Йорк қалаларында болған бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік конгрестеріне қатынасты. Оның Парижда болған бейбітшілік конгресінде сөйлеген сөзі бүкіл дүние еңбекшілерінің арасына тарап кетті.

ВК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Совет Жазушылары одағының Бас секретары Александр Фадеев жолдас — біздің совет құрылысы мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің болашағы үшін күресте осындай ірі еңбектері бар жазушы.

II

Жазушылар одағын Горькийден кейін Фадеев басқарды. Біздің әдеби ортамыз бен партиямызға Горькийдің ісін алға апаратын, көп ұлтты әдебиетті басқаратын адамды таба қою оп-оңай емес еді. Бұндай таңдаудың Фадеевке тап болуы да тегіннен-тегін емес-ті.

Александр Александрович Фадеев тек үлкен талантты жазушы ғана емес, лениндік іскерлікпен сусындаған кең қарымды қоғамдық қайраткер еді.

СССР халықтарының әдебиеттеріне ыңғай шұқшия назар аударып отыратындығымен, орыстың да, өзге ұлттардың да

көрнекті жазушыларының творчествосын жетік білетіндігімен ол біздің елдің жазушыларының арасынан ала бөтен көзге түсуші еді. Өз басым туысқан республикалардың үлкен жазушыларынан Фадеевпен жете таныс болмаған, оның жомарт достық көмегін көрмеген жазушыны білмеймін.

Мен республикалардағы әдеби ұйымдарды құру, нығайту шаруаларымен талай рет Фадеевке жолығып жүрдім. Оның қазақ жазушыларына деген айрықша ықласы қайран қалдыратын. Ол тек Әуезовты, Мұқановты, Мұстафинді ғана емес, Жароков, Тәжібаев, Ормановты, қазақ әдебиетінің аға өкілдерінің көбінің творчествосын жақсы білетін.

Фадеев бірінші қазақ онкүндігі жөнінде жақсы пікір айтты. «Қыз Жібек» постановкасын әрбір орыс адамы үшін қазақ өнерін жете танытатын жаңалық деп білді. Оның әрқайсысымызды құшақтап, құттықтағаны, әрқайсысымызды «Қыз Жібек» кейіпкерлерінің атымен атап еркелете әзілдегені, Москва жазушыларына «Қыз Жібекті» көрмесеңіз, қазақ халқының аса жоғары көркем өнерінен құлақкесті бейхабарсыз»— деп қайта-қайта айтып жүргені әлі есімде.

Осынау үлкен орыс жазушысымен болған екі қызықты жолығыс, әсіресе, есімде қалыңқырапты.

Фадеевтің қабылдау бөлмесі халыққа лық толы. Ол қазір сайлаушыларына кетпек. Бірнеше минутке соға кетуге кірді. Амандасып, кімнің қайдан, неге келгенін білген соң, маған:

— Қазақстан, кір.

Грузин ақыны Леонидзеге

— Грузия, кір.

Сібір жазушысына:

— Сібір, сен де кір,

Қалғандарға:

— Россия, үйіңе қайт,— деді.

Кабинетінде Фадеев ең алдымен біздің қандай шаруамен келгенімізді білді. Мен Абайдың қайтыс болғанына елу жыл толғанын атап өту мәселесімен кіргенмін. Қалғандар өздерінің жеке бастарының шаруаларымен кірген екен.

Олардың мәселесін тез-тез шешіп, ол: «Ал сенімен дұрыстап сөйлесу керек. Біздің үйде жолығармыз»— деді.

Біз ол күні, шынында да, дұрыстап сөйлестік. Александр Александрович Абай туралы аз білмейтін, бірақ бұл жолы әңгімені жаңа қырынан қозғады: Абай кім, қандай әлеуметтік ортадан шықты, оның мектебі қандай, осы заманғы қазақ поэзиясына әсері қандай?

Біз Абай туралы, оның А. Пушкиннің «Евгений Онегенінен» жасаған аудармалары туралы ұзақ әңгімелестік. Бұл ау-

дарманың еркін аударма екені жұртқа мәлім. Абай шығарманың соңын өзінше өзгерткен ғой. Фадеев бұл жайға ерекше тебіреніп кетті де, мені сұраққа көміп салды.

Мен де Горький әңгімелерін еркін аударғанмын. Өзімнің еркін аударма туралы көзқарасымды баяндай отырып, Абай әуендерін толығырақ жеткізуге, Пушкин образдарының қазақ оқушыларына соншама етене сіңісіп кету себептерін түсіндіруге тырыстым. Фадеев Әуезовтың «Татьянаның қырдағы әні» дейтін мақаласын жақсы білетін еді.

Александр Александрович Абай мәртебесін арттыратын бірталай ақылды пікірлер айтты.

— Шығарма сол өзі аударылған әдебиетке сіңісіп кетпесе, мақсатынан шықпағаны. Әншейін аудару үшін ғана аударылған кітап ештеңеге де қажет емес. Абай «Евгений Онегинді» өз халқына сүйікті кітап етіп шығарса, өте данышпандық жасаған.

Содан кейін ол менің Горькийден жасаған аудармаларымның жайын қызыға сұрады; оларды еркін аударып, өте дұрыс жасағанымды айтты.

Кейіннен Фадеевтің жеке өзінің бас-көздік етуімен бүкіл одақ көлемінде Абай юбилейі өтті.

Екінші бір ұмытылмастай қызықты жолығысым Леонид Соболев құрастырып редакциялаған «Дала жырлары» атты орыс тілінде шыққан тұңғыш антологиялық кітап шығар қарсаңда болды. Бұл кітапқа енген барлық жазушылардың творчестволық жолын баяндап шықпас бұрын маған біраз терлеуге тура келді. Ол кітапта менің де ана жәйлі әңгімем бар еді.

Фадеев Соболевтің әңгіменің ерекшеліктерін қалай жеткізе білгенін сұрады. Мен өзімнің Соболев аудармасына аса риза екенімді айттым. Сол арада Фадеев біздің еркін аударма туралы әңгімемізді еске алды, менің түпнұсқа шығармаларымның да, қазіргі Соболев аудармасындай, Горькийден еркін аударған аудармаларымның да стилін енді жақсы түсінгенін айтты. Біз үйрену туралы, көркемсөздің көрнекті шеберлерінің мұрасын жете меңгере білу туралы пікірлестік.

— Кім де кім шын творчестволық ыждаһатпен үйренгісі келсе, ол үйренуді аударудан бастасын. Аударма — нағыз терең үйренудің бірден бір жолы,— деп түйді Фадеев[1].

1951, 1964 ж.

---

[1] А. А. Фадеевпен ертеректе тағы бір кездескенімді «Би ағаң» деген әңгімемде жазғанмын. Ғабит Мүсірепов.

«ЖАМБЫЛ»

Тоңмойын заманның қитық-қырсықтары мен әр адымын аңдыған тосқауылдарынан өмірлік күшінен айрылып, әлсіреуге айналған халықтық дарын советтік дәуірдің көктеміне ілегіп, қайта құлпырып, қаулап кетті. Жетпіске келген кәрі ақын қайта жасарды. Аяқасты болған жалынды жыр жаңа күш тапты. Совет заманы әлі айтылмаған тың сөздерге жол ашты. Ақын сөзі қоғамдық еңбекке айналды. Жас шағында, күш-қуаты толыққан дер кезінде аз ғана рулардың шеңберінен шыға алмаған Жамбыл атағы. тоқсанға жеткенде бүкіл Совет Одағына танылды. Бір кезде көк есек мініп, күңіреніп жүретін «Екей шалы» ұлы совет халқына Жамбыл ата атанды, жер-су асып даңқы кетті. Шашылған құмалақтай әр жерде домаланған бытыранды жер үйлі аз ғана ауыл — «Қарақастек» шалы Ленин қаласының қаһармандарына «Ленинградтық өрендерім!» дей алармық биікке көтерілді. Ол правоны оған Лениннің ұлы заманы берді. Ол сөзді оған совет халықтарының бұлжымас достығы, берік шыңдалған бірлігі айтқызды.

Үстінен қарпып айтсақ, тоқсанға келгенде халықтық поэзияның алыбы атанған атақты Жамбыл ақынның бір заманның шырғаландарында басталып, сөнуге айналған, советтік кең өмірде асқар биікке көтерілген ақындық жолы осылай елестейді. Сонымен бірге, бұл қазақ сияқты қос-қабат қанауда болып, тек қана советтік құрылыс арқылы күрт көтерілген халықтың да жолы. Николай Погодин, Әбділда Тәжібаев жазған сценарийдан да, режиссер Ефим Дзиган жасаған «Жамбыл» картинасынан да осыны көреміз.

Ұзақ жасаған, өмірдің толып жатқан асуларына кездескен, революциялық ұлы кезеңдердің күрес-тартысына әр дә-

режеде қатынасы болған Жамбыл образын бір шығармаға сыйғызудың қиыншылығы да көп. Ондай үлкен өмірді кең көлемді романдар ғана қамти алады. Қысаң көлемді кинофильм сол үлкен өмірдің айқын да мәнді, елеулі де салмақты қортындысы болмақ.

Біздіңше, Жамбыл ақын туралы кинофильм жасаған авторлар мен режиссердің алдында екі түрлі көркемдік әдіс тұрады: екеуі де заңды, екеуі де қалай орындалғанына қарай бағаланатын әдістер.

Біріншісі — ақын өмірінің кесек бір дәуірін алып, драмалық желінің сол дәуірдің алды-артын елестете алар мағынада шарпынды етіп жасау. Бұлай еткенде оқиғада тұтастық болғандықтан алған тақырып әсерлі шығады, сюжет аттамаға ұрынбай, конфликт үздіксіз жамаусыз тұтаса өрістейді. Бірақ, алған дәуіріңе қарай, картинаны көрушінің ойында — Жамбыл жас шағында қандай болды екен, я болмаса, қартайғанда қандай болды екен, атақты жырларын қалай шығарды екеч деген сияқты сұраулар ашық қалады. Өнерде көрушінің өз ойымен толықтыра беруге қалдырылатын сұраулардың тегі де осындай болмақ. Тек, авторлар алған оқиғалар мен жасаған бейнелер ол сұраулардың қалай шешілуіне дұрыс жөн сілтеп тұруы шарт.

Екінші әдіс бас геройдың бар өмірін қамтиды. Ұзақ өмір бойында шешілуі табылмай өрістей беретін тартыс тақырыбы болмайтындықтан, драмалық желінің тұтас болуын шарт етіп алмайды да. Әр кезеңнің ұлылы-кішілі оқиғалары бірінің-бірі заңды жалғасы есебінде негізгі геройдың іс әрекеттерін толықтыра береді. Аяқтап келгенде әралуан істе, әртүрлі халде көрінген, ой мен сезім толқындарында белгілі бір тұрақтылық тапқан характер, бейне жасалады. Бұл әдісті қолданғанда әр кезеңнен алынған оқиғалар кесек-кесек, новелла түрінде бас геройды әртүрлі халде көрсете алуға тиісті. Бұл талапты қалай орындағандары өз алдына сөз.

«Жамбыл» картинасын жасаған творчестволық коллектив осы екінші жолды қолданып, ақын өмірін кең көрсете алған. Жеке бастың тағдырын қоғамдық күрестермен бірге өріп, бірінің-бірі көлеңкесінде қалмастай етіп көрсетуге тырысқан.

Ақау кіре бастаған ескі мола құтсыз замандардың күзетінде қалғандай, айналасы жосылған құм... Көптің еңбегі аздың құлқынына бітеу кетіп жатқан дала бейнет жұртына еміренбестей безеріп жатыр. Үстем таптың бұл сүреңсіздікті өзгертер ойы да жоқ. Қайта сол ескілікті жамай береді, нығайта береді. Көңмен, қоқтықпен бүтіндей беретін ескі қорасындай, ескімен, тозғанмен бекітеді. Адам еңбегі жаңаны жа-

сауға емес, ескіні сақтауға кетіп жатыр. Ескі ауылдың кейін тартар кертартпа бір шындығы да осында. Сол болмысты сақтау үшін бидің тілі, балуанның білегі, ақынның жыры да керек.

Азулы мен тырнақтыға ырық бермей өткен беделді ақын Сүйінбай әл үстінде... Енді оның орнын кім басып, кім «уәлі ауыз» болып қалады, бұл бұқара үшін де, байлар үшін де үлкен тартыстың әңгімесі. Дала бұқарасының қатты есептесер, айтқанына құлақ асар тілді бір тобы — еркіндік сүйер ақындары еді. Сүйінбайдан кейін сол «уәлі ауызды» өз ықпалындағы құйыршық ақыны Шаймағамбет ету үшін Қадырбай болыс атқа мініпті. Кәрі Сүйінбай батасын беріп, өз аузынан — менің мұрагерім Шаймағамбет — десе, Қадырбайдың арқа сүйері бекіне түспек.

Бірақ, ақын сөзінің ел тағдырына байланысты екенін өз өмірінде көп кездестірген Сүйінбай мұрагерім деп жас Жамбылды атады, домбырасын Жамбылға берді. Бұл қылыққа Қадырбай тобының күйіне шамдануы әлі бойы көрінбеген жас ақынның байлар жағына қырын қарайтынын бір аңдатып қалады. Аз-кем олақтау жасалғандықтан экранда турадан-тура Сүйінбайдың домбырасына таласу сияқты көрініп кететін оқиғаның мән-мазмұны сырт көрінісінен тереңіректе, әлеуметтік тартыста жатыр. Олай болса, драмалық түйін осы оқиғадан босатылып та кетті.

«Жамбыл» картинасында аяғына дейін үзілмей келетін драмалық желі сол домбыраға байланысты. Әл үстінде жатқан ақын мұрагерім деп, домбырасын Жамбылға беріп еді, кейін ол домбыраны ақын қолынан патша чиновнигі тартып алды да, Совет Армиясы иесіне табыс етті. Домбыра күшті үнмен серпіле сөйлеп кетті. Енді ол домбыраның ақындық символы екенін де қалтқысыз танимыз. Ескі заманы ерік бермеген ақындық советтік дәуірде еркін шарықтап кеткені Совет заманының шындығы, үлкен мәні бар шындық. Картинаның бас жағында безеріп жатқан құтсыз даланың кейін жайнап кетуімен ақын жырының төгіліп кетуінде үндес жатқан үлкен мән бар. Бұл екеуін ән мен өлеңдей қоса өріп шығару — авторлардың творчестволық елеулі табысы.

Көп соққы, көп тоскауылдан назалы ақынның бір күйден екінші күйге ауысар түйінді кезеңін авторлар есте қалар суреттеу арқылы бере алған. Көзге таныс, буалдырда сыз сезілетін жер үйде шалқасынан Жамбыл жатыр. Ақын жүзінен терең шер көресің. Патша чиновнигі домбырасын тартып алып Шаймағамбетке берген. Бекболат сияқты азаттық жо-

лында күрескер азаматтар айдауға кетті. Күнәсіз қара үйлі ауылдар өртеніп жатты... Жамбыл жүзінде осылардың қайғымұңы бар. Шарасыздыққа мойындаған кескін емес, ойға түйіккен пішін. Осы күйде жатқан Жамбылдың үйінде революция көсемі Ленин жазған «Еңбекші және қанаудағы халықтың праволарының декларациясы» оқылады. Дауысы азырақ қалтырап, бірінші кездесіп отырған үлкен сөздер ойына сыя алмағандай, бөгеліп оқыған жас бала Алғадай — Жамбылдың өз ұлы. Декларацияны оқи келе баланың дауысы бекінген сайын Жамбылдың да көзі ашылып, ойы сергіп кетеді. Бұл арада авторлардың ойын дарынды артист Шәкен Айманов үлкен шеберлікпен толықтырған. Осы күннен Жамбылдың екінші дәуірі, ақындық талантының арман етер биігіне көтеріле алған дәуірі басталады. Жамбыл өмірінің үлкен шындығы да осында.

Ұзақ жасаған Жамбыл ақын бері алғанда қазақ халқының, әрі алғанда бүкіл Россия халықтарының бастарынан кешкен тарихи кезеңдерге кездесті. Картина сол кезеңдерге ақын көзқарасының қандай болғанын көп нәрселерді қамти көрсетеді. Бұл жөнінде авторларға схематизмге ұрынғандық жөнінен талай сын айтуға болады да, қамтуы аз деген кіна тағуға болмайды. Осыған байланысты, ең алдымен Жамбылдың ақындық бағытын қатал сынға салған екі оқиғаны еске алғымыз келеді. Оның біріншісі — Салтанат жайы. Егер жас ақын Қадырбайдың өлген итіне мақтау айтып, жарамсақ мінез көрсетсе, мүмкін, Салтанаттан айрылмаған болар еді, оның үстіне ел билеу тізгінін қолына ұстап, отырған тойдың кәріне ілікпей, шылауына ілігер еді. Арман-тілегі елімен бірге ақын ол қақпанды баспай — өзің өліп, итің аман қалса етті!— деді. Қадырбайға әзір серігі жалғыз домбырасы болып жүрген жас ақын теңесе алмас күштен ықтаған жоқ. Екінші, губернатор алдына ақындарды салып, болыс-билер қошемет көрсетпекші болғанда, «мереке» шырқын бұзып бұқара кірбеңін бүркемей айтып кеткен жалғыз Жамбыл. Бұл патшалыққа қарсылық сияқты ең үлкен айып қой! Жамбыл бұл қауіптен де бұғып, қала алған жоқ. Бұл да Жамбылды өзге көп ақындарға ұқсатпайтын, бұқаралық бағытында тереңдік, табандылық барын ұғындыратын үлкен сыр. «Халықтық поэзия тек қана қайнаған өмірі бар, албырттығы мен ақ көңілділігі бар, адамгершілік қасиеттері толық, әулетті халықта өрістей алады».— дейді Чернышевский. Жаңағы келтірілген кездесулерде Жамбыл халықтық поэзияның да, қазақ халқының да, Чернышевский айтқан қасиеттерін көрсетеді. Осы мінездерінен Жамбылдың әріден келе жатқан әлеуметтік беті та-

нылады да, кейін совет дәуіріндегі жалынды жырларына заңды баспалдақ барын көресін.

Он алтыншы жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тұсында Жамбыл ақынның халық тілегінде боларын одан бұрынғы әрекеттерінің өзі-ақ айтып тұр. Бірақ, сол тұста ақынның жеке қара басы тағы да сынға түсті. Генерал-губернатор ақындардан бұралқы сөз — бұзақы жыр айтпасқа қолхат алып жатыр. Қадырбай сияқты, патшалықтың тыңшы-сақшылары найза ұшына Жамбыл сияқты елдің шын ардақтысын қадайды. Жамбыл бұл сыннан да иілмей өтті. Бармағын сияға батырып алып, қатар етіп басып-басып қалғанда Жамбыл жүзінде мазақтау ғана бар. Әрине, ондай ақын ұзамай тұтқынға алынады, күреске шыққан елінен ажыратылады.

Жамбылдың сол тұтқында отырған күндері есте қалар лықтай жақсы, жаныңды қозғарлықтай жылылықпен жасалған. Күзетте отырған солдат Василий Власов орыс халқының терең мұңын аңдатарлық өлең айтып отыр. Өзі осында, ойы қанаудағы елінде екенін танисың. Қамаудағы Жамбыл сол мұңды ән сарынынан ұғынады. Ақын жүрегі сол мұңға қосылмаса, ақын домбырасы сол әнге де қосыла алмас еді. Жамбыл сол үлкен мұңды, өз халқының мұңындай жан-тәнімен жақын сезінгендіктен, қазақы домбыра орыс әніне жатсырамай қосылады. Орыстың генерал-губернаторы тұтқынға салып қойғанда, орыстың солдаты мен Жамбыл мұңы тамырлас екені танылады. Ұлттық достық басталады. Жасанды емес тамырлас, өмір тілегінен туатын достық басталады. Осы тұста келіп оқиғаға араласатын мұғалима әйелдің Жамбылды жақтап, күнәсіз жазаланып жатқан кедей ауылдарға жанашырлық көрсетуі әрі осы бағыттағы достықты, әрі екі елдің бұқаралық қозғалыстарда бірге боларын толықтыра түседі. Кейін, революциялық күресте, одан кейінгі бейбітшілік өмірде бұл достардың әрекет жолдары социалистік мәдениет майданында, жаңа өмір құрылыстарында тоғысқанын көреміз.

Революциядан бұрынғы заман халықтың дарынды ақынын ел мүдделерінен айырып жіберуге барын салған еді, советтік дәуір оны елдің барлық тіршілігіне белсене араласуға еркіндік берді. Әр өлеңі социалистік Отанының ұлы тілектерінен туып отыратын Жамбыл ақын бұл дәуірде өзінің барлық совет жұртшылығына танылған үлкен бейнесінде. Қайта жасаған кәрі ақын жаңа отырғызған әрбір бұтаның, жаңа себілген әрбір дәннің тезірек бой түзеп кетуін асыға күткендей дамылсыз да тынымсыз, жаңа өмірдің бау-бақшаларын кезіп жүр. Мәуесі төгілген колхоз бақшалары да, қала-дала-

дағы әні мен жыры, ойыны мен күлкісі төгілген жастар да, қазақ даласын танылмастай өзгертіп жатқан үлкен-үлкен құрылыстар да ақын жанына арман еткен өмірінің ұлы үніндей жылы тиетінін сезінесің.

Арғы өмірінде тосын-тосқауылдардан қанатын серпе алмай келген ақынның бұл кезде нағыз халықтық мол үнмен, алыпқа лайық кең тыныспен сөйлеп кеткені мәлім. Хат танымайтын тоқсандағы қарт Ленин көсемімізге арнаған, Қызыл Армияның ерлігін, Отанымыздың күш-қуатын жырлаған поэмалар, өлеңдер шығарады. Ақынның осы дәуірде шығарған мол еңбектерін елестете алатын «Ленинградтық өрендерім!» дейтін атақты жыры ақынның осы кезін елестетер мағынада картинаға да заңды кірген. Осы айтылғандарды қорыта келгенде «Жамбыл» картинасын жасаған авторлар мен режиссерлер, картинаға қатысатын артистер коллективі қуанышпен құттықтарлық еңбек еткен деуіміз керек. Бұл ойымыз Қазақстанда кинофильм жасау жұмысы оңала қоймағандықтан бірінші табысқа жасай салған мырзалық емес, істелген еңбектің заңды бағасы.

«Жамбыл» картинасына қатысқан Шәкен Айманов, Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров, Ғарифолла Құрманғалиев, Нұрсұлу Тапалова сияқты талантты артистеріміздің творчестволық еңбектері ерекше тоқтап, даралап бағалауды керек етеді. Ең алдымен Жамбыл ролін ойнаған, Қазақстанның халық артисі Шәкен Айманов жолдастың үлкен табысын құттықтауымыз керек. Бұл күнге дейін театр сахнасында, ара-тұра түсіп жүрген кинофильмдер Шәкен Айманов жолдас Жамбыл образындай шын мағынасындағы үлкен образ жасай алған жоқ еді. Шәкен жасаған образдардың ішінде Жамбыл — ең бірінші, ең елеулі жасалған образ. Жамбылдың жас шағынан бастап қарт шағына дейін созылып келетін картинада бірде жалынды жас, бірде байсалды ер — ортаны, одан кейін ақ сақалды қарт ақынның образын жасау, әр кезіне лайық ішкі мінез, сыртқы бояу табу көп ойландырарлық еңбек болуға тиісті. Кейде ісінде көрінсе, кейде ішкі құбылыстардың лебі жасанды болмай, сенімді шығуы үлкен талант-тың қолынан ғана келмек. Біздіңше, барлық совет адамдарының ойы мен жүрегіне тірі Жамбылдың бейнесі қалай ұяласа, талантты сахна шебері Шәкен Айманов солай шығара алған. Шәкенге түгел сенесің, көп жерлерде бірге мұңайып, бірге қуанасың. Ленин мавзолейінің алдында, пионерлер арасында, Алғадай өлімін естігенде, көзіңе еріксіз жас та келеді. Шәкенге тағар жалғыз кінәміз — ән салар, өлең айтар жерлерінде әсерлі емес, көбінесе күңгірттеу шығады. Мүмкін, өлең

мен әнге басқа дауыс салынса, ақынның образы бұдан да жарқынырақ шығар еді дегіміз келеді.

Жамбылдан кейінгі айқын жасалған образ Шаймағамбет ақындікі. Талантты артистеріміздің бірі Ғарифолла Құрманғалиев жолдас өзіне берілген шағындау рольде үнемі жарқылдай шығады. Бұл — өзі жасайтын образдың қай көрінісінде болса да дүдәмалы жоқ, басынан аяғына дейін тұтас ойланып, ішкі-тысқы құбылыстарын сұрыптап ала алған артистің еңбегін көрсетеді. Жоғарыда Шәкенге қойған өз кінәміз кейде оны Ғарифолла дауысының басып кетуінен де туып отыр. Төкпелі жырға машық әншіге әлдеқашаннан меңгеріп алған әндері де кез келіпті. Шаймағамбеттің Қадырбайға еріп жүргенінен басқа мінездемесі болмағандықтан, Жамбылмен ән арқылы салғыласа кеткенде нағып төмен бағаланды деген ой туғызуы мүмкін. Бұл әрине, Ғарифолла Құрманғалиев жолдастың образ жасау әдісін түсірмейді, қайта жоғары бағалауды керек етеді, артисті экранға ұсынады.

Қадырбай болыс картинада бастан-аяқ Жамбылмен алысып өтетін бай адам, әлеуметтік бір таптың арнаулы өкілі. Бұл рольде сахна сынынан талай өткен дарынды да жалынды артисіміз Құрманбек Жандарбеков. Қадырбай әр көрінісінде бір жанжалдың басында жүреді. Сүйімбайдың мұрагерлігін өз ақынына алып беруге таласты, Салтанатты Жамбылға бермей қалды, патшаға қарсы қозғалыс кезінде Жамбылды қамауға алдыруға жанын салды, ең соңғы көрінісінде ол басқа жаққа көшіп кетіп барады. Қадырбай ролі Құрманбектің барлық шеберлігін көрсетуге емес, жарқын көрінетін қызу темпераментін көрсетуге ғана мүмкіндік береді. Өйткені оның барлық көрінісін бір беткейде, іштей емес, сыртпен ойнамасқа амал жоқ. Қадырбайда теріс азу, жанжалқой адамның характері айқын да, әлеуметтік типтің бояулары жетпей жатыр. Қадырбай ролінде типтік толықтық жоқ, бұл автордың бір жақты жасаған образы. Бұл артисті сырт көріністері жағынан ғана сынға алатын образ. Сондықтан, артистің өзіне берілген образды қалай жасағанын кеңірек әңгіме ету де қиын.

Қапан Бадыров пен Нұрсұлу Тапалова ойнайтын рольдерде артистік талантты көрсете алар өріс жоқ. Бұл рольдер қысқа-қысқа көріністермен аяқталып қалады. Әсіресе, Қапан Бадыров ойнайтын қазақ большевигі Боранбаевтың образы өріссіз болғаны жәбір. Оны Бекболат та толықтыра алмайды. Қайта осы екі рольді біріктіріп, революция қарсаңындағы әлеуметтік күрестерге белсене қатынасып, орамдырақ көрінетін бір образ жасаса, большевик бейнесі толығырақ шығар

еді. Авторлардың большевик образына баса зер салмауы — картинадағы елеулі кемшілік. Жамбыл қамауда отырғанда Власов оған бейімдестік білдіреді, болашақ қазақ большевигі де сонда келіп кетті. Осы тұста революциялық сарынның елеулі бір түйінін салуға кеш те емес еді. Кейін қалада көрсетілетін демонстрацияның алдында кейбір әрекеттер көріне алса, революциялық қозғалыс та қамтылған дер едік. Әсіресе, кейін республиканың басқарушылары деп көрсетілетін Власов пен қазақ большевигі Боранбаевтың образдары сенімді де сүйкімді шығар еді. Картинада олай болып шыға алмаған.

Талантты актрисаларымыздың бірі Тапалова ойнайтын Салтанат ролі тіпті қысаң. Айналасы бір эпизодтың ішінде жас ақынды сүйгенін де, қосыла алмай айрылғанын да көреміз. Қатардағы адам емес, жалынды ақын Жамбыл сүйген қызын байдың тырнағынан жұлып алуға жанын да салмайды. Қыз да тағдырына бойсұнғандай қала барады. Оның үстіне бұл кезде Жамбылға болысар бұқара барын да көреміз. Осындай жағдайда Жамбыл мен Салтанат арасындағы лирикалық тақырыпты (түптеп келгенде бұл да әйел бостандығы ғой) соза түсуге, қазақ жастарының бас бостандығына ұмтылғанын толығырақ көрсетуге не кедергі болғаны түсініксіз-ақ.

Тұтас алғанда «Жамбыл» картинасына жоғарыда берілген бағамызды жуып-шайып жібере алатын дәлел жоқ. Картина сөз жоқ үлкен табыс. Сонымен бірге, картинада кездесетін елеулі кемшіліктерін бүркей кетуді де әделет көрмейміз. Ол кемшіліктердің негізгілері мыналар сияқты:

Бірінші — массовкада көрінетін бұқара халықтың сүреңі нашар. Бұқара кедей де болады, ескі-ұсқы да киінеді, бірақ, соның өзінде де ширақ жұрт па, босаң жұрт па, белсенді қимылға әзір ме, жоқ па, кездесіп жатқан оқиғаларға қалай қарайды деген сияқты толып жатқан сұрауларға өзінің сырт көрінісімен жауап беріп тұрады. Былайша айтқанда, бұқара елдің сипатын көрсетіп тұрады. «Жамбыл» картинасында бұқараның осы сырт көрінісі сүреңсіз, енжар берілген. Қазақ халқының рухани бейнесі шектен тыс сүйкімсіз берілген. Бұл режиссерлардың қалай болса солай қарамайтын мәселесі болса керек еді.

Екінші, жоғарыда ескерттік, большевик образдары түгел шықпаған (Власов, Боранбаев). Оның үстіне Жамбыл ақынның революция қарсаңындағы әрекеттерін большевиктермен тығызырақ та айқынырақ байланыстыруға болатын еді. Жамбылды большевик етіп көрсетудің, әрине, керегі жоқ, бірақ бұған қамқорлық етіп жүрген Власовтармен, қазақ больше-

виктерімен Жамбылдың жеке басының достасып кетуі де көп нәрселерді тұспалдап жатар еді. Авторлар осы ойға жақындап келіп, қайта айнығандай әсер етеді. Революция тақырыбына соққаннан кейін есте қаларлық көріністер іздеуге тиістіміз. Авторлар мұны бекер елемеген.

Үшінші, Жамбылдың арғы-бергі дәуірінде де достық-тілектес серігі жоқ, айналасы тым жалаңаш. Ақынның жолы әлеуметтік күрестер арқылы салынғаннан кейін ол жолда бұқарадан шыққан, бірге қуанып, бірге қайғыратын серіктері болуы керек те. Картинаның бас жағында не ауыр жазадан, не тіпті өлімнен құтқарып алған жас бала кейін Бекболат болуға да, Борамбаев болуға да әзір тұр ғой! Ұзамай, сол баланы қуғандардың да Жамбылды жақтайтынын көреміз. Осы топтардан Жамбыл айналасына арқа сүйер бұқара жинау керек еді. Жамбыл совет дәуірінде де жалғыз көрсетіледі. Жамбылдың алыптығы оның ауызша айтар ескі ақындық салтында қалып қоймай, советтік жазба поэзияның озық үлгілерін ұға алғандығында, совет ақындарымен қолдаса қимылдағанында. Сондықтан, бергі советтік дәуірде толып жатқан жас серіктері болғандығы бекер ұмтылған. Сүлеймен Стальский, Якуб Колас, Маршак сияқты совет елінің озық ақындарымен кең байланысты болғанын көрсете кету де артық емес еді. Якуб Коластың кабинетіндегі пешінде сырлы бояумен жазылған төрт жолды өлеңнің басында Жамбылдың аты тұр. Тек осыны көрсетудің өзі қандай жылы әсер етер еді!

Төртінші — онкүндік тұсында Жамбылдың Москвада болған күндері бұдан гөрі салмақтырақ көрінер деп күткен едік. Жамбылдың Ленин мавзолейі алдындағы барлық ішкітысқы халі, жан-жүрегінің елжіреп еріп, толқындап тұрғаны, тұтас алғанда сол бір көрініс көзіне жас әкеледі. Москвамен, Ленин атымен байланысты көріністер созыла беруін тілегендейсің. Мүмкін, осының салдары болу керек, Москва суреттері аздау сезіледі.

Бесінші — одақтық және республикалық баспасөздің бір ауыздан дұрыс та қатал сынға алған үлкен кемшілігі — «Жамбыл» картинасының драмалық желісінде үзік көп. Конфликті оқиғалар созымды әрекеттер арқылы өрістемей тез-тез үзіліп кетеді де, кейде тіпті әсерін жоғалтып алады. Авторлар жоғарыда айтылған екінші әдісті шеберлікпен пайдалана алмаған. Әлеуметтік мәні бар үлкен оқиғалар көбінесе сырт көрінісімен елес береді де қызықтырмай, тартпай, басқаға ауысып кетеді.

Н. Крюков, М. Төлебаев сияқты аты бар композиторларымыз жазған музыканың да елсулі кемшіліктері бар. Оқиға-

ға сүйемел болып отыратын музыкада айқындық та, ажар да бар, бірақ «Жамбыл әні», «Салтанат әні» деп, картинаны көргеннен кейін үйіңе қарай ыңырси қайтар ән жоқ. Ән жағынан есте қаларлықтай композиторлардың жаңадан шығарғандары емес, құлаққа таныс қазақ әндері, қазақ күйлері. Осы ретте ең алдымен Жәкеңнің өз әні «Угай-ай» алынған болса, картинаны көрген совет халықтарының есінде қалатын сол болар еді.

Қорыта айтқанда, осы сияқты мүмкіншіліктер толығырақ пайдаланылғанда «Жамбыл» кино-картинасы мазмұндырақ та көркемдірек шыққан болар еді.

1953 ж.

АҚЫН ТУРАЛЫ СӨЗ

I

Асқар Тоқмағамбетов қазақ совет оқушыларына ертеден танылған көрнекті ақын. Әдебиетімізде оның өзіндік беті, қалыптасқан стилі, өзіне ғана тән ақындық, асқарлық шеберлігі бар.

Асқар өлеңді 1920 жылдардан бастап жазды. Оның «Ленин суретіне» деген өлеңі — асылында, ақын творчествосының басы болып саналатын тұңғыш өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде 1925 жылы басылды. Асқардың тұңғыш өлеңдерінің Ленинге, Ленин бастаған ұлы идеяға арналуы, әрине, кездейсоқ емес-ті. Шынында да осы бір бала қаламнан туған шағын өлең Асқар жүріп келген былайғы жолдың — творчестволық ұзақ жолдың саяси бетін танытады.

Асқар творчествосы облыстық, республикалық газеттермен тығыз байланысып жатыр. Оның ірілі-уақты шығармаларының қайсысы болса да оқушысына еңалдымен газет арқылы жеткен. Асқардың газеттермен осылай тығыз байланысты болуының айқын ізі, оның өз творчествосында көп байқалады. Асқар өлеңдері күнделікті өмір аса қажет еткен тақырыптардан туып, өз тұсындағы оқушы жұртшылықтың талғауы мен талабына орайласа кетеді. Оның оқушылар арасында кең танылуының да бір себебі осында жатса керек.

Күнделікті газет оқушыларының талабымен қатты санасқан Асқар творчестволық жемісті де мол берді. Оның жиырма бес — жиырма жеті жылдық ұзақ творчестволық жолы бар. Асқар қаламынан, әр кезде өз қызметін артығымен атқарған ұсақ өлеңдерді былай қойғанда, ондаған поэма, сондай очерк, әңгімелер, сатиралық шығармалар, аяқталмай жатқан бірер роман, повестер туды. Осы жылдардың ішінде Асқардың жиырмадан артық үлкенді-кішілі жинағы шықты.

Осы бір жол — 1925—1952 деген сандардың арасындағы жәй бір сызықша емес, іздеулері, кейде артық кетіп, кейде кем соғулары бар, бұрылыстары мен қалтарыстары, байқаулары мен сәтсіздіктері де бар ұзақ творчестволық өмірдің күрделі жолы, жетістігі болса, кемістігі де байқалған жол. Алайда, қай кезеңде болмасын Асқардың саяси бағыты дұрыс ақын екенін көресің. Ол қашан да жаңа заманның жыршысы, жаңа адамды мадақтаушы.

Асқар ең алдымен тақырыпқа бай ақын. Социалистік қай күннің қай бір ісі, қай бір мәселесі болмасын ақын көңілінен жаңғырық үн тауып, ақын өлеңінен орын алып жатады.

Октябрь революциясынан кейін бас бостандығын алған әйелдің сол өз правосын қорғау жолындағы күресі, ауылдағы тап тартысы, құлдық тұрмыс, мешеу етіп, ақыл-ойдан да, әлеуметік істен де жырақ қалып енді заманы туған соң ояна бастаған жалшының қайта қалыптасу процесі де, коллективтендіру дәуірінің эпизодтары, алғашқы бесжылдықтардағы құрылыстар, СССР Конституциясы, Солтүстікке аттанған совет адамдарының қаһармандық істері, Ұлы Отан соғысы, әр кезеңдегі әр қилы болып көрінген ескілік қалдықтары — міне Асқар творчествосының жалпы тақырыптары осылар.

Қазақ совет әдебиетінде сатира, фельетон жанрлары шынында Асқардан басталады. Бұл салада ол әлі де жалғызға жақын жазып келе жатқан ақын.

Оның саяси лирикаларында болсын, не поэмалары мен сатиралық шығармаларында болсын, қысылмаушылық, еркіндік байқалады. Ол қазақ поэзиясында бар форманы орынымен пайдаланады. Асқар творчествосында форма мен мазмұн бір-біріне көлденең келмейді, шақтап тіккен, денеңе қонымды киімдей сыптығыр тұрады. Бұл, әрине тіл байлығын танытады. Асқар тілді ақын, ол совет адамдарының қаһармандық істерін көтеріңкі пафоспен жазса, ескілік қалдықтарын өткір тілмен шеней біледі. Бұл Асқардың ақындық бір ерекшелігі секілді.

Тоқмағамбетов үгіттің ақыны. Ол күнделікті науқанның қайсысын болса да үлкен пафосты лирикаға айналдыра алады. Соғыс уақытында, Асқар Гурьевте командировкада болған сапарында «Мұнай бер» деген өлеңін жазды. Үгіт екені атынан-ақ белгілі. Алайда, бұл шығарма кезінде оқушы арасында кең тараған, жатталып кеткен шығарма болатын.

Асқарда мұндай шығармалар көп-ақ. Алайда, сол шығармалардың болашағы туралы сөз қозғасақ, ақын творчествосының әлсіздігі де осы ретте байқалып қалатындай.

Әдетте, таңдамалы шығармалар жинағын ұсынуды ақын-

ның өз оқушысына өзінің творчестволық жолы туралы жасаған есепті баяндамасы деп қарау керек. Ондай жинақ осы бір ұзақ жолдың творчестволық байлам, түйіні. Сол жолдың кемшілік, жетістігі де осы бір шақта ашылады. Таңдамалы шығармалар жинағы бір жағынан оқушыға сол ақынның творчествосымен толығырақ таныстыратын болса, екінші жағынан ақынның өз алдына да тың талап, міндеттер қояды.

Жиырмадан артық жинақ берген ақын архивына осы принципті қадағалай отырып үңіліп, осы алдарыңа ұсынып отырған жинақты іріктеп алдық.

Бұл жинаққа кірмей қалған Асқар шығармаларының ішінде кезінде тым тәуір деп танылғандары да бар. Алайда, олардың біразы бүгінгі күннің талабына сай келмейтін, заман сынына шыдай алмаған шығармалар. Асқардың көпшілік шығармаларының осындай ғұмырсыз, бала жаспен архивке ауысар себебі неде?

Осындай сұрақ үстінде Н. А. Добролюбовтың — философияшыл ойдың да, данышпан жазушының да, ұлылығы өмірдің ұсақ, елеусіз құбылыстарынан оның ең бастысын, ең маңыздысын ажыратып ала білуінде деген данышпандық сөздерін еріксіз есіңе түсіресің.

Біздіңше, тақырыптың жаманы жоқ та, үлкен-кішісі, маңызды, маңызсызы болады. Күнделікті өмір тақырыбы да, заман тақырыбы да бар. Бұл екеуі бір емес. Күнделікті өмір тақырыбы сол күннің өзіне қажет болғанымен, көбінесе заман қажетін өтей алмайды. Заман көтерген мәселені қамти алмайды. Сол күннің батуы мен сол тақырып та өз маңызын жоғалтады. Шығар күн жаңа міндетпен келгендіктен кешегі тақырып енді қайтып оралмайды да.

Біздің ойымызша, Асқар заман тақырыбынан көрі, күнделікті өмір тақырыбымен аралас-құралас қонып жүрген ақын. Оның творчестволық жолы газетпен тығыз астасып жатқандықтан, ол көбіне өлеңді газет қарызын өтеу үшін жазады. Сол себепті Асқарда кең толғам, кең диапазон жоқ. Құлашты кеңге сілтеп қалса, түбі көрініп, саяздап қалады.

Күнделік тақырыпқа жазылған кей шығарманың заман қажетін өтеп кететіні де кездеседі. Оған, әрине, үлкен ақындық мәдениеттің болуы шарт.

Асқар сөзсіз талантты ақын десек те, оның көбінесе ақындық мәдениеті жетісе бермейді. Құлаштай салса саяздап, тереңге тартса қусырылып қалар себебі де осында. Өмірдің ішінде отырып тақырып таба алмаушылық, немесе, ол баста бір жазып кеткен бір тақырыпты ығыр ете берушілік сияқты кеселдің де тамыры сонда жатыр.

Асқар творчествосының қайсысы болсын халыққа түсінікті келеді. Ол өз шығармаларын халықтық етіп, қарапайым етіп жазуға тырысатын ақын. Осындай принцип ұстаған оның кейде екінші бір кемшілікке де ұрынып кететіні бар. Асқардың кейбір шығармалары сол халықтық қарапайымдылық дәрежесінен көп төмен жатады.

Бір кезде ақындық жемісті мол берген Асқарда қазір ол қарқын бәсеңдегені байқалады.

Бұдан Асқар келешегі осымен тәмам болды деген қортынды тумайды. Еңалдымен Асқар Қазақстандағы маңдай алды фельетонист ақын. Осы тақырыпты оның ілгері тереңдей дамытқаны дұрыс.

Партиямыздың XIX съезі біздерге — ақын, жазушыларға тамаша перспектива жасап берді.

«Біздің жазушыларымыз бен суретшілеріміз қоғам ішінде орын алып жүрген кемістіктерді, кемшіліктерді, зиянды жағдайларды өздерінің шығармаларында түйреп отыруға тиіс, жағымды көркем образ арқылы жаңа типті адамдарды адамгершілік асыл, ізгі қасиеттерімен түгел көрсетуге тиіс, сөйтіп біздің қоғамымыздың адамдарын капитализм тудырған мерездер мен кемістіктерден сау мінездерге, дағдыларға, әдеттерге үйретуге көмектесуге тиіс. Сонымен қатар кинематографиядағы сияқты, біздің совет беллетристикасы мен драматургиясында да көркем шығармалардың сатира сияқты түрлері осы уақытқа дейін жоқ. Біздің совет өмірінде сатира болармық материал жоқ деп ойлау дұрыс болмас еді. Бізге теріс нәрсенің, ірік-шіріктің, өліп-өшкеннің бәрін сатирамен өртеп отыратын совет гогольдері мен щедриндері керек»— делінді Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінде жасалған есепті баяндамада.

Міне, партиямыздың бұл нұсқауы Асқар секілді оқушы жұртшылыққа танылған сатира саласының ақынының еркін қимылдауына кең жол ашып беріп отыр.

Асылында, Асқар кемеліне енді келген ақын. Оның алдында жазылмаған талай саяси лирикалар, сықақ әңгімелер, поэмалар тұр. Оқылмаған талай беттер жатыр. Оқушы жұртшылық өзінің бір кездегі сүйікті ақынына сол шығармаларды жазар, сол беттерді оқыр деген ізгі үміт, тілеумен қарайды.

II

Асқардың «Ленин суретіне» дейтін өлеңі мен «Мысық пен шыбын» дейтін өлеңмен жазылған фельетонының арасында отыз жылдық бай да, мағыналы да өмір жатыр. Жиырма жа-

сында комсомол ақыны аталып, жұртшылық көзіне шалынған Асқар кәзір елуге толды.

«Біз жастар артында,
Жолыңнан қайтпаймыз,»

деп, Ленин бабасына бірінші өлеңімен серт берген дарынды жас ақын отыз жыл бойында сол жолмен өсіп, идеялық ұлы майданның белсенді де беделді қайраткеріне айналды. Кәзір Қазақстанның көрнекті ақындарының бірі болған Асқардың елу жасқа толғанын тойлағанда мәдениет жұртшылығы оның совет халқы алдындағы осы еңбегін бағалайды.

Асқар Қазақстанның қай түкпірінде болса да кең таныстығы бар ақын. Ол халқымыздың ең сүйсініп оқитын ақындарының бірі. Байтақ оқушыларының сана-сезіміне, жан-жүрегіне бұралаңсыз апарар жолды таба алған, өзінің шеберлігі қалыптасқан ақындарымыздың бірі.

Комсомол ақыны атала бастаған Асқардың алғашқы шығармаларында да халықтық бейнелеулер мен теңеулердің тұрақты үлгілері бірден-ақ қоюырақ байқалып еді. Қалың бұқараның үстінен қарамай ортасында отырып ойланып, сол бұқараның күнделікті мұң-мұқтажын өзіне дәл жететін тілмен, халықтық теңеулермен сипаттау Асқардың бір өзінің ерекшелігі. Бір кезде жүзден тоқсан тоғызы хат танымайтын дала бұқарасы үшін бұл ерекшеліктің маңызы да үлкен болды. Социалистік құрылыс сияқты ұлы өзгерістердің әр кезеңін көшпелі елдің қалың бұқарасына «әліпбиден» бастап ұғындыру керек болғаны өзінен-өзі-ақ даусыз нәрсе. Олай болса, Асқардың бұл ерекшелігінің мәнісін түсіну де қиын емес. Сонымен бірге, оның аудармалап ойлаудан, жасандылықтан аулақ ақын екендігін де ұмытпауымыз керек. Ол ұлттық төркіні айқын көрініп тұратын жатық бейнелеудің ақыны.

Асқар кәзір ақын-жазушы үшін аса үлкен мағнасы бар жаңа кезеңге шықты: ақынның тәжірибесі толықты, сонымен бірге ақындық дарыны да толықты. Бұдан жиырма-отыз жыл бұрынғы қараңғы халық та жоқ. Әрбір ақын-жазушының алдында бүгінгі өскен қоғам — мәдениетті қоғам тұр. Ол осы советтік дәуірде қалыптасқан жас қоғам, ақын-жазушыға өз дәуіріне лайық жоғары талаптар қоятын жаңа қоғам. «Әліппе» дәуірінің артта қалғанын ескере алмаған ақын-жазушы артта қалады.

Осы тұрғыдан қарағанда әрбір ақын-жазушыға қойылатын талаптарды Асқардың алдына да қоюға міндеттіміз. Әсіресе, оның жоғарыда ескертілген ерекшелігіне байланысты

талапты ұмытпауымыз керек: бір кезде тым «қазақы» оқушыларымыз үшін үлкен маңызы болған ескі теңеулердің енді әжетке жарамай қалғандары бар. Поэзияның әлеуметтік мәні өсумен бірге, мазмұны тереңдеуімен бірге, түріне қойылар талаптар да өз дәуіріне сәйкес болатынын ешбір ақын-жазушы ұмытпауға тиіс. Партиямыздың XX съезі идея мен көркемдік арасында шалғайластық болмауын бірінші талап етіп қойып отыр. Отыз жылдық үлкен дәуірдің ішінде болған қоғамдық ұлы өзгерістердің бәріне де үн қосып отырған Асқар ақынымыздың осы жағынан едәуір ойланатыны да бар. Кейде қарапайымдылық қуып қарадүрсіндікке көбірек ұшырап жататын ақын-жазушыларымыздың аз еместігін еске алсақ, бұл ескертудің ешкімге де зияны жоқ.

Бірақ, бұл айтылғандарға қарап, Асқар поэзиясының түрі түгел ескіріп қалған екен деген қорытынды шығару үлкен қателеу соқтырады. Асқар өлеңдері, Абай қойған талапқа сәйкес, жүрекке жылы, тегіс те жұмыр, жатық келеді. Мысалы:

Қалыпты қаз да келіп, қу да келіп,
Үйрек жүр көлеңкесін суда көріп,
Шұбырып үйір-үйір қырдың аңы,
Теңізге келіп жатыр мыңдап өріп...

Шындап зер салсаң, ақындарымыз үшін Асқардан үйренетін көп нәрселер бар екенін осы төрт жол өлеңнен-ақ аңдауға болады. Әрең сүйреп әкеліп, күшпен сыналап қойған ұйқастар, мағнасы әрең аңғарылатын жолдар Асқар поэзиясынан кездесе бермейді. Бұл, біздіңше үйренуге тұратын өнер: шеберлік мәселесі.

Екінші, басқа ақындарымыздың пайдаланып жүрген өлең түрлерінен және теңеулерден безініп, ескінің айналасында қалып қойған Асқар да жоқ. Ескірген тақырыптар бар, ескірген теңеулер бар, газет күнделігінен туып, заман шындығына көтеріле алмаған шығармалар бар. Біз Асқардың 1953 жылы басылып шыққан «Таңдамалы шығармаларына» жазылған алғысөзде осыны ескерткіміз келген.

Қазақ совет әдебиетінде Асқар сатиралық жанрды жалғыз сүйреп келеді деуге болады. Соңғы жылдарда фельетон, сатиралық өлеңдер жаза бастаған бір топ жастарымыз шығып қалғанымен тұрақтағандары әлі аз. Асқар творчествосында сатиралық жанры ертеден белгі берсе, соңғы жылдарда едәуір қанаттанып қалғанын көреміз: «Әке мен бала», «Көкек», «Мяу мен Лен», «Лепірген қоян», «Мысық пен шыбын», тағы басқа мысалдары ақынның күнделікті өміріміздегі ескілікке, кертартпалыққа, надандыққа қарсы ең өткір құ-

ралды орынды пайдалана алғанын көрсетеді. Соңғы айлардың ішінде «Ара» журналына ауысқалы Асқардың сатиралық қаламы бұрынғысынан да ұштала түсті. Кәзір ол аға сатирик ретінде бір топ жастарды да баулып жүр. Журналға басылып жүрген сатиралық өлең, фельетондардың ішінде Асқардың қаламынан туғандары, әрине, оқшау тұрады.

Жоғарыда Асқардың жаңа кезеңге шыққанын, толыққанын ескерттік. Сол толыққан кезеңіне қарай, толығырақ талаптар қойылатынын да ескертуіміз керек. Әдебиеттің әр жанрына да бейімі бар ақын «Алыстағы ауылда», «Асыл азамат» деген екі повесть, «Маржан қыз» деген киносценарий жазып жүр. Сатиралық қаламының өткірлене беруін, сол еңбектерінің сәтті аяқталуын тілейміз.

1953—1956

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ ЖАЙЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Творчестволық кадрлары молайған қазақ совет әдебиеті дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы көп ұлтты совет әдебиетінің нығайған және өскелең отрядтарының бірі болып табылады. Өз дамуында орыстың классикалық әдебиеті мен қазіргі совет әдебиетінің озық тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ әдебиеті ширек ғасырдан артық жол өтті және жазба әдебиеттің барлық жанрларында шығармалар жазудың күрделі тәсілдері мен түрлерін барған сайын мол да терең игеріп келеді. Егер Октябрь революциясына дейін бізде поэзиядан басқа бірде-бір есейген жанр болмағанын еске алсақ, онда өзінің нағыз жазба әдебиетінің тууы мен дамуы үшін қазақ халқы рухани күштерінің жан-жақты көрінуіне өріс берген советтік дәуірге ғана борыштар екендігі өзінен-өзі айқын.

Сөйтсе де, ұлттық әдебиетіміздің тарихының балаңдығын жазушыларымыз бен ақындарымыздың творчестволық еңбектеріндегі сәтсіздіктер мен сүрінушіліктерді ақтау үшін пайдалануға болмайтындығын ескертуге тиіспін, өйткені, біріншіден, ширек ғасырдан аса уақыт ішінде үйрену, өз өнеріміздің шеберлігін игеру үшін әбден жеткілікті мерзім; екіншіден, біз дүние жүзіндегі ең сау, ең таза реалистік мектептен өттік.

Біздің шығармаларымыздағы идеялық, көркемдік сәтсіздіктердің себебін басқа жақтан — творчестволық үйренуге немқұрайды қараушылықтан, жалқаулықтан, жазушының өзіне тиісті талапты қоймайтындығынан іздеу керек, ал бұл айтылғандар сайып келгенде өз өнеріміздің шеберлігін, өз өнеріміздің мәдениетін үстірт игеруге әкеліп соқтырады.

Егер біз бұл кезеңнің мазмұнына тереңірек ой жүгіртсек, онда бірден-бір дұрыс қорытындыға келеміз — бұл кезең әде-

биетіміздің жемісті реалистік бағытын ғана емес, сонымен бірге оның тарихи кең перспективасын да алдын-ала белгілеп берді.

Бізде қалам қайраткерлерінің әдеби творчествоны өздерінің меншігі ғана деп қарамай, социалистік Отанға қызмет ету деп білетін үлкен қоғамы бар. Осы кезеңнің ішінде бізде әдебиеттің басқа ешкім емес, Ленинніңұлы партиясы өсірген және тәрбиелеген кадрлары туды. Қазақ әдебиетінің соңғы кезеңдегі табыстары бұдан он-он бес жыл бұрынғыдан гөрі әлдеқайда тиянақты әрі елеулі екендігін баса аңғартуды қажет деп санаймын. Бұл қуанарлық құбылыс бақытты кездейсоқтықтан, болмаса жазушылардың кездейсоқ «жолы болуынан» емес, әдебиетіміздің кадрларының өскендігінен келіп туды.

Біріншіден, қазақ жазушыларының аға буыны деп аталатын, тәжірибемен және марксткік-лениндік теориямен молыққан, жетекші тобы, қазір мазмұн жағынан да, түр жағынан да терең, бағалы шығармалар бере бастады.

Екіншіден, Совет Одағының басқа жерлеріндегі сияқты, соғыстан кейінгі кезеңде біздің, әдебиетімізге де дайындығы бар, талантты жастар келіп қосылды. Және бұл жастардың теориямен жақсы қаруланған, өткенде де, қазір де ең озық әдебиеттің таңдаулы дәстүрлерімен, үлгілерімен тәрбиеленген кейбіреулері аға буынның тәжірибесін біраз толықтыратынын, жөндейтінін тағы да, баса айтуға керек. Жас көздің айқынырақ көретіні табиғи нәрсе, жастар сезімі өткірірек. Бірақ қалам ұстауға жеткілікті тәжірибе болмауы олардың кең және үлкен қорытындылаулар жасау үшін бар мүмкіншіліктерін тарылта береді.

Қазақ совет әдебиетінде көркем жанрлардың әр дәрежеде дамыған, нығайған, кемелденген түрлері де және буыны әлі бекімеген, жас түрлері де бар.

Егер өсу дәрежесі туралы үзілді-кесілді пікір айтуымызға қиындық келтірген бір нәрсе бар десек, бұл ретте, балалар және жасөспірімдер әдебиетін атауымыз керек. Бізде балалар жазушылары қазір аз емес, бірақ совет балалары мен жастарының өскелең тілегіне біздің творчестволық жауабымызды қанағаттандырарлық деп тануға болмайды. Балалар әдебиетін жасауда кейбір жазушылардың жекелеген табыстары бар екенін мен даусыз деп санаймын, бірақ менің көз қарасымша, бұл сол табыстардың тұрақтылығына шүбасыз сенуге жеткілікті негіз болмайтын сияқты. Сан тұрақты сапаға әлі айналған жоқ, ал өнер дегеніміз — ең алдымен, сапа. Бұл ретте бір ғана нәрсе күдіксіз де даусыз — Қазақстан жазушылары со-

веттің жас азаматтары алдында қашаннан бері үлкен қарыздар. Қазақстанның малшылары мен балалары, әсіресе қазақтың колхозшы-шаруаларының балалары әлі ештеңеге кенелеқойған жоқ.

Егер көркем әдебиеттің негізгі жанрлары проза, драматургияға келсек, онда қазіргі совет тақырыбын көтеруге біраз кенжелеушілікке қарамастан, қазақ совет әдебиеті тұтас алғанда биік талаптардың өрісіне, кемелдену өрісіне шықты. Әсіресе проза көбірек кемелденіп, салмақты да сенімді дамып келе жатқан сияқты және бұл жанрдағы табыстарымыздың тұрақтылығын оның күрделірек формалары — романдар мен повестердің басым жатқандығы арқылы-ақ көрсету қиын емес. Сөйтсе де, прозаның шағын түрлерінде төмен түсушілік барын атап көрсетпесек, бұл айтқандарымыз шынында да тура болмас еді. Прозаиктер санының өсуіне, біраз жас прозаиктардың келіп қосылғанына қарамастан прозаның шағын түрлері — әңгіме, новелла, көркем очерк, скетч т. б. әлі де шындап толық дамып кете алған жоқ. Прозаның шағын түрлері соңғы он жыл бойына осындай халде, мен айтар едім өте ауыр халде қалып келеді және ең бататыны бұған тыныш-сызданып жүрген ешкім жоқ. Біздің сыншыларымыз прозаның шағын түрлерінің артта қалуының себептерін ашуға, зерттеуге назар аудармай-ақ келеді, ал біздің бүкіл прозамыз осы шағын формалардан басталған жоқ па?

Бізде прозадан кейінгі екінші орынды, менің көзқарасымша, драматургия алатын сияқты. Біздің театр өнеріміздің тууы мен дамуы, қазақ сахнасының талантты кадрларының тууы мен қалыптасуы осы драматургиямен тығыз байланысты. Біздің драматургия бүкіл одақтық аренаға алғашқы табысты қадамдарын жасауда. Біздің драматургиямыздың таңдаулы шығармаларын Б. Лавренев, А. Якобсон, А. Дроздов, А. Суров сияқты ірі совет драматургтары аударады. Егер Ұлы Отан соғысына дейін біздің драматургиямызда өткен күннің тақырыбы басым болса, қазір бұл жағдай мүлдем өзгерді, драматургия қазіргі совет тақырыбына бет бұрды. Бұл реттегі ең басты және шешуші жағдай сол — әдебиетіміздің басқа көптеген жанрларынан көрі біздің драматургияның ысылған творчестволық кадрлары бар. Біздің драматургия, соңғы кезге дейін душар болып келген және қазір де басынан кешіріп отырған үлкен олқылықтан құтылатындығына әбден сенуге болады. Егер барлық істің тетігін кадрлар шешеді десек, онда біздің драматургияның кешеуілдеген жағдайы жақсаратындығына мен өз басым сөзсіз сенемін.

Біздің ақындарымыз көңілдеріне қанша ауыр алса да, ме-

ніңше, өзінің идеялық-көркемдік дәрежесі жағынан қазақ поэзиясы дәл қазір прозамыздан кейінгі орында қалып қойып отыр. Қазақтың жазба әдебиетінің басқа жанрларынан гөрі біздің поэзияның тарихы әлдеқайда ұзақ. Біздің поэзияның Абай сияқты ұлттық үлгілі мектебі бар, ал бұл мектеп орыстың революцияшыл-демократиялық поэзиясының идеялық-көркемдік негіздерін терең игерудің нәтижесінде келіп туған болатын. Қазақ ақындары Абай аудармалары арқылы өздерінің ана тілінде Пушкин және Лермонтовтың поэзиясымен советтік шығыстағы көптеген ұлт республикаларының ақындарынан әлдеқайда бұрын танысты. Бүкіл Совет Одағындағы сияқты біздің ақындарымыз да поэзияның жаңашылы В. Маяковский бастаған озық, революцияшыл ақындардан талассыз үйрене жүріп қалыптасты. Оларды зерттеп үйрене және аудара жүріп, біздің ақындарымыз поэтикалық нормалардың негіздерімен жеткілікті таныса алды. Поэзияның кадрлары сан жағынан — басқа жанрлардың кадрларын қоса есептегенде де,— олардан асып түсіп жатады. Ендеше өзіміздің поэзиямыздан қазіргі күйінен әлдеқайда кең құлашты, үлкен кемелдікті күтуіміз әбден орынды еді. Біздің поэзияның табыстары барын, кейде тіпті елеулі табыстарға қолы жеткенін ашық айта отырсам да, мен оған бұдан гөрі жоғарырақ талаптар қою керек деген пікірді жақтап қаламын.

Жоғарыда аталған елеулі олқылықтарына қарамастан, қазақ совет әдебиеті бүкілодақтық және дүниежізілік аренаға, кемелденген, талапты оқушының алдына шығып отыр. М. Әуезовтың «Абай» романының үш кітабы, С. Мұқановтың «Ботакөз», «Сырдария», «Менің мектептерім», Ғ. Мұстафиннның «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты». Ғ. Слановтың «Кең өріс», Д. Әбілевтің «Алтай жүрегі» сияқты шығармалары, Ә, Тәжібаевтың, Жароковтың, Ормановтың, Мәуленовтың, Саниның және басқалардың өлеңдері орыс тіліне аударылды.

Қазақ жазушыларының таңдаулы шығармалары дүниежүзінің көптеген тілдерінде, оның ішінде, ең алдымен, халықтық демократия елдерінің тілдеріне аударылды. Біздің жазғандарымыздың басқа емес дәл демократиялық дүниедегі миллиондаған адамдардың жүрегінен үндестік табуы, біз үшін өте маңызды да құнды.

Сөйтіп, біздің әдебиет бүкілодақтық және дүниежүзілік аренаға шығуда.

Орыстың және дүниежүзілік классикалық, сондай-ақ совет әдебиетінің таңдаулы шығармаларының қазақ тіліне аударылғанын біздің рухани мәдениетімізге қосылған баға жетпес,

мол үлес және оның мызғымас алтын қоры деп қарауға тиіспіз. Бұдан жүз жыл шамасы бұрын Абай бастаған бұл іс қазір, әрине, әлдеқайда кең өріс алды. Совет оқушыларының қазақ тіліндегі кітапханасы қазақтың төл әдебиетінен гөрі аударма әдебиетпен анағұрлым көп молықты. Қазақ тіліне Л. Толстойдың «Анна Каренинасы», Пушкиннің поэмалары мен лирикалық өлеңдерінің төрт томы, «Капитан қызы» повесі, Лермонтовтың «Уақытымыздың геройы» аударылды. Гоголь мен Тургеневтің негізгі шығармалары аударылып болуға жақын, Крылов (мысалдар), Грибоедов («Ақыл азабы»), Лермонтов (лирикасы және «Уақытымыздың геройы), Островский («Найзағай», «Таланттар мен табынушылар», «Мысыққа күнде той бола бермес»), Чехов (әңгімелер), Шекспир («Отелло», «Асауға тұсау»), Шиллер («Зұлымдық пен махаббат»), Гюго, Бальзак, Мериме, Д. Дефо, Жюль Верн, Свифт, Назым Хикмет («Махаббат туралы аңыз» және өлеңдері), Пабло Неруда (өлеңдері), халықтық демократия елдерінің жазушылары мен ақындарының жекелеген әңгімелері аударылды.

А. М. Горький және В. Маяковский бастаған совет жазушылары мен ақындарының тамаша шығармаларын аудару ісінің жәйі бұдан да көрі тәуір. Соңғы он жылдың ішінде Горькийдің «Менің университеттерім», «Балалық шақ», «Ана», «Фома Гордеев», «Шыңырау түбінде», «Васса Железнова» сияқты шығармалары мен әңгімелерінің бір томдығы, В. Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасы мен өлеңдері қазақ тілінде басылып шықты, Горькийдің «Кісі есігіндесі» аударылып жатыр.

Горький мен Маяковскийді аудару Жазушылар одағының, әдебиет журналдары мен баспаларының жылма-жылғы іс жоспарынан орын алып отырады. А. Фадеевтің «Жас гвардиясы» екінші рет басылып шықты, М. Шолоховтың «Көтерілген тың» мен «Тыныҡ донның» бірінші кітабы, А. Толстойдың «Бірінші Петрының» алғашқы екі кітабы, Макаренконың «Ұстаздық дастаны», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» мен «Дауылда туғандары», Новиков-Прибойдың «Цусимасы», Бубеновтың «Ақ қайыңының» бірінші кітабы, Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», Кожевниковтың «Нәрлі суы», Лацистің «Дауылының» екі кітабы, Полевойдың «Нағыз адам туралы повесі», Василевскаяның «Шұғыласы», Панованың «Кружилихасы», тағы басқа көптеген шығармалар қазақ тілінде басылды.

Қазақ тіліндегі көркем әдебиеттің жәйы жалпы алғанда осындай.

Бұл фактылар нені көрсетеді? Бұл айтылғандар қазақтың көркем әдебиеті аударма арқылы өсіп, молығып қана қоймай, сонымен бірге, халықтың бағалы игілігі әрі қалың бұқараны тәрбиелеудің маңызды идеологиялық құралы болғанын және оған қалай болса солай жауапсыз қараушылықты түп тамырымен құрту керектігін көрсетеді.

Ендеше, Жазушылар одағы әдебиет сынының — біздің әдебиетіміздің болашақта бұдан да гөрі толығырақ дамуының жолын көрсетіп беруге тиісті ғылымның проблемаларын кеңінен талқылауға қоюы мүлде кездейсоқ емес. Меніңше, бізде әдебиет өмірінің осы саласында төзуге болмайтын, тіпті моральдық қылмысқа барып ұштасып жататын жағдай бар екенін үзілді-кесілді мойындайтын мезгіл жеткен сияқты. Екіншіден, сындық-теориялық ойдың мейлінше артта қалуына осынша төзген, болмаса өзінің көп жылдық тәжірибесіне мүлдем теориялық қорытынды жасамай-ақ, дами алған өскелең әдебиетті табу мүмкін емес. Егер қажетті сын мен маркстік-лениндік ғылми теорияны жеткілікті қолданғанда біздің әдебиетіміздің табыстары әлдеқайда жоғары әрі күрделі болатын еді, бұған мен шексіз сенемін. Егер теориясыз тәжірибе қараң екенін, бізде төл әдебиеттің материалына әдебиет теориясын қолдану толығымен жоқтығын, әдебиет пен өнердің тіпті ең басты мәселелері жөнінде бізде әлі күнге дейін немқұрайды үнсіздік барын әбден мойындасақ, онда әдебиет сыны туралы мәселе қоюдың қаншалықты кезек күттірмейтін маңызы бары өз-өзінен белгілі.

Әрине, әдебиет сынының проблемаларын бүкіл совет әдебиетінің, сондай-ақ советтік озық сынның алдындағы жалпы міндеттерден қандай жолмен болса да бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені, қандай да болса оңаша, дара алынған әдебиет үшін әдебиеттің ерекше теориясы болып көрген емес, болмайды да.

Бұл ретте әңгіме бізде сындық ойдың әлсіз дамып отырғандығы, бізде әдебиет сыны — көп еңбек тілейтін, нағыз ғылми творчестволық жұмыс ретінде жете бағаланбайтындығы жайында болып отыр.

СССР Жазушылар одағының XIII-пленумында жасаған «Әдебиет сынының міндеттері туралы» деген баяндамасында А. Фадеев жолдас әдебиет сыны мен теориясының проблемаларына арналған ондаған ғылми еңбектерді атады, ал біз дәл бүгін, біздің бүкіл әдебиетіміз, болмаса тұтас бір жанр туралы сөз етпегеннің өзінде, бір жазушының творчествосын, тіпті бір шығарманы сынап, талдауға арналған мұндай бірде-бір еңбекті атай алмаймыз. Фадеев жолдас атаған жалғыз еңбек

және М. Әуезов пен С. Мұқановтың творчествосына арналған екі кітап жақсы атаққа ие бола қойған жоқ, шындап жарық көрмей жатып-ақ құрып кетті. «Сынау орнына мадақтау»— міне бұл еңбектерге «Правда» газеті берген әділ баға осы. Сын туралы өткен пленумнан бергі төрт жылдың ішінде әдебиеттен әртүрлі ғылми атақ, дәреже алған адамдардың саны аз емес, бірақ әдебиет туралы еңбектер сол баяғы күйінше әлі жоқ. Әдебиет туралы жазылған еңбектердің ғылми атақ алуға жарап, ал өмірде пайдалануға неліктен жарамайтыны біз сияқты, ғылымнан шалғай адамдарға, әрине, түсініксіз.

Тегі, біздің кейбір адамдарымыздың өз басы әртүрлі ғылми атақ алуға тырысуы мен ғылым алдындағы жауапкершілікті сезінуінің арасында да дәл осындай алшақтық бар секілді.

«Правда», «Литературная газета» және басқа көптеген орталық журналдардың беттерінде совет әдебиетінің аса маңызды мәселелері үнемі көтеріліп келгені және көтеріліп отырғаны белгілі, бірақ бізде соларға үн қоспайды, соларды өз шындығымызға, өз әдебиетімізге жанастыра алмаймыз. Қазақ әдебиетінде едәуір артта қалушылық барын біле тұра біздің сыншыларымыз бен әдебиетшілеріміз сол артта қалушылықтың нақтылы себептерін зерттеп табуды және оларды жою ісінде көмектесуді әлі күнге дейін қажет деп санаған жоқ.

Орталық баспасөз беттерінде ұнамды герой проблемасы, типтілік проблемасы, әдебиеттік шеберлік, әртүрлі жанрлардың өзіндік ерекшеліктері туралы тағы басқа көптеген мәселелердің төңірегінде дискуссиялар болды. Бірақ, біздің республикада бірде-бір баспа органы қажетті теориялық дәрежеге көтеріле алмады, Қазақстаннан үн қоса алмады, қазақ совет әдебиетінің көптеген аса маңызды мәселелерінің тым болмаса біреуі туралы дискуссия ұйымдастыра алмады. Ал, Қазақстанның көптеген жазушылары бұдан үндемей құтылды.

Біздің совет әдебиетінің, теориялық майданында — орыстың ұлы ойшылдары, революцияшыл-демократтар — Белинский, Чернышевский, Добролюбовтың және марксизм-ленинизм классиктерінің аса бай сындық-теориялық мұраларын игеру жолында қазір ондаған адамдар еңбек етіп жүр. Бұл — жазушылар үшін де, сыншылар үшін де маңызы аса зор жұмыс. Бірақ, осы еңбектердің түсінікке жеңіл аудармасы қазақ тілінде мүлдем аз. Сабақ ана тілінде жүргізілетін қазақ мектептерінде Белинский де, Чернышевский де кеңінен өтіл-

мейді, олар туралы мәліметті оқушылар естігенінен, ұзын құлақтан ғана алады.

Белинскийдің сын мақалаларының біздің ғалым әдебиетшілеріміз аударып шығарған шағын ғана жалғыз жинағы қателіктерге, өрескел бұрмалауларға толы, пайдалануға жарамсыз. Ең ғажабы сол — революциялық демократтардың сындық-теориялық мұрасын ана тілімізде кеңінен игеру үшін Жазушылар одағында да, баспаларда да, оқу орындарында болмаса ғылми-зерттеу институттарында да жүйелі жұмыс жүргізілмей келеді. Марксизм-ленинизм классиктерінің әдебиет пен өнердің аса маңызды мәселелері туралы айтқан пікірлері әлдеқашан-ақ сапалы түрде аударылып, жеке кітап болып шығарылуға, сөйтіп әрбір қазақ жазушыларының қолынан тастамайтын кітабына айналуға тиіс еді. Бірақ мұндай кітап бізде әлі де жоқ. Бұл — біздің сындық ойдың дамуындағы үлкен олқылық, әдебиет теориясы саласында мұндай олқылығы бар әдебиет — озық ғылми агротехникасы жоқ егін шаруашылығы сияқты.

Ал бізде әдебиет сыны кадрларының жәйі қалай? Бірінші ден, сыншылар бізде әрқашаннан-ақ жетіспейді, ал бұл жәй қазір де сонша көп өзгере қойған жоқ. Екіншіден, қазақ сыншыларының үміт күттірген алғашқы буыны бұл «жанжалы көп» саладан әлдеқашан және, тегі, біржола кеткен сияқты. Сірә, олар әдебиет тану ғылымы мен әдебиет сынының арасынан ешқандай тұтастық таба алмай, түрлі оқу орындарында, академиямыздың институттарында ғана істейтін әдебиет мамандары болып қалған сияқты. Олар әдебиетті ұнатады, бірақ оның қуанышына да, азабына да ешбір ортақтаспайды.

Сыншылардың жас кадрлары бізге соғыстан кейінгі кезеңде жоғары дәрежелі оқу орындарынан келді. Бұлар жоғары дәрежелі білім алған, көпшілігінің әдеби дайындығы бар жастар. Біз бұларға алғашқы буыннан гөрі көбірек үміт артамыз. Ахтанов, Букетов, Қирабаев, Сәрсекеев, Әлімқұлов, Қабдолов, Нұрқатов, тағы басқа жас сыншылар өздерінің жақсы дайындығы барлығын көрсетіп жүр. Бірақ өздерінің мүмкіндіктерін шындап ашу үшін оларда батылдық пен өз күшіне сенім аз, жеткілікті тәжірибе жоқ. Тегі, олардың өте аз жазатыны және, көбінесе, рецензиямен шектелетіні де осыдан болса керек. Бізде жас сыншылардың қызмет етуіне ешқандай бөгет те, тосқауыл да жоқ, бірақ жас сыншылар, олардан күткеніміздей, онша батыл, белсенді емес. Егер батыл қимылдаса, талаптанса, олар, сөз жоқ, анағұрлым терең, мол іс тындырған болар еді.

Бірақ гәп біздің сынымыз кадрларының жастығы мен аз-

дығында ғана емес. Бізде сыншының еңбегін — қоғамдық ойдың ең озық өкілі жасайтын, нағыз творчестволық қасиетті еңбек деп санайтын қажетті мәдени дәстүр әлі де болса жоқ. Міне, гәп осында. Бізде көпшіліктің таза эстетикалық талғауы туралы, адамдардың санасында совет гуманизмінің, адамгершілігінің, ізгілігінің принциптері берік тұрақтауы үшін шын жүректен, жан-тәнімен қам жейтін адам аз. Бұл қамқорлықты, әсіресе, сыншылардан аз кездестіреміз.

Сөз жоқ, біздің әдебиет сынымыздың мәдени-теориялық дәрежесі төмен болуы жоғарыда айтылған осы жағдайларға байланысты. Біздің әдебиет сынымыз көбінесе бір бет, тұрпайы болып келеді, оның кейбір жекелеген соққылары, мықты боксердің ұрғанындай, талдырып түсіреді. Біздің әдебиет сынымыз тайыз, ешқандай сабақ бермейді және көбіне сыңаржақ. Біздің сынымыздың бір шығарма туралы айтқан пікірі сол шығарманың маңынан ұзамайды, өзінің негізі идеясы арқылы әдебиеттің қандай болмасын жалпы творчестволық проблемаларын қозғамайды. Бүкілодақтық мамандаңған сын жекелеген кітаптар орыс тілінде шыққанда ғана біздің әдебиетімізге назарын аударады, бұл әрине, өзінен-өзі түсінікті. Ал біздің жазғандарымыздың негізгі көпшілігі орыс тіліне аударуға келе бермейтіндіктен жазушыға көмектесетін шын мәнісіндегі сынның көзіне түспей қалады. Творчествосы бірде-бір рет сынға, талдауға ұшырамаған авторларды ондап санауға болар еді.

Біздің әдебиетімізді дамытуда, оның жас кадрларын өсіруде, әдебиетіміздегі үлкенді-кішілі қателіктерді жан-жақты және дер кезінде көрсету ісінде республикалық баспасөз атқарған үлкен жұмысты елемеу мейлінше әділетсіз де теріс болар еді.

Бірақ біздің редакторларымыз кейде принципсіліктен, байыптылықтан мүлдем айрылып қалады. Республиканың жекелеген басшыларының кейбір жазушыларға деген қарабасының қатынасы өзгергенін байқап қалып және солардың ойлаған жерінен шығамын деп, редакторлар объективтік әділетті, шындықты оп-оңай құрбан ете салады, сөйтіп советтің озық жұртшылығының пікірін білдіруші газеттің биік беделін төмен түсіреді.

Өз байлауларымыздың әділетті екенін көрсету үшін осы өткен 1953 жылы М. Әуезовтың «Абай» романы мен С. Мұқановтың өмірбаяндық романы «Өмір мектебі» қандай күйге ұшырағанын мысалға келтіруге болады.

«Абай» романының бірінші кітабы 1942 жылы жарыққа шыққаннан бері, яғни он жылдан астам уақыт бойына бүкіл

совет баспасөзі, оның ішінде біздің республикалық баспасөз және кейіннен халықтық демократия елдерінің баспасөзі де «Абай» романының идеялық-көркемдік қасиетін, оның үлкен де көркем полотно ретіндегі құндылығын талай рет жоғары бағалағаны белгілі. Шындығында да, советтің қалың жұртшылығы түгел танығанындай, «Абай» романы тек қазақ әдебиетінің ғана соны да кезеңді сөзі емес, сонымен бірге озық совет әдебиетінің тамаша шығармасы болып табылады. Ал дәл осы шығарма жайында баспасөз беттерінде өте зілді мақалалар жазылып, романды пайдаланудан шығарып тастау керек деген қортынды шығаруға болатын пікірлер болды.

«М. Әуезов басты герой Абайдың образын теріс ашады... Біз Абайды көбінесе өз уақыттарын мақсатсыз, жұмыссыз өткізетін феодал-бай жастарының арасында көреміз...

Қазақ халқының жексұрын жаулары болған, кейіннен нағыз буржуазияшыл ұлтшылдарға айналдырғандарды автор олар Абайға бейнебір әсер еткендей ғып, ұнамды геройлар ретінде бүркемелеп суреттеуге тырысады...

Әуезов орыстың озық адамдарының образын жасау үшін жарқын бояулар таба алмайды... Олар өздерінің кейіптерін жоғалтқан, олар ұлы орыс халқының таңдаулы қасиеттерін бейнелей алмайды.

М. Әуезов еңбекші халықты елемейді».

Осыдан кейін зілді де көмескі мынадай қортынды бар:

«М. Әуезов романда орын алған елеулі бұрмалаушылықтарды жоюға тиіс».

Міне, мұнда әрбір фраза заңның айбарлы тармағындай болмаса прокурордың айыптау сөзіндей естіледі. Совет әдебиет сынының принциптері мен біздің оны беталды түсінуіміздің арасында қаншалықты үлкен қайшылық барлығы және біздің қолымыздан бұрмалаушылық келетіндігі жайында тек осы бір мақала бойынша-ақ үлкен трактат жазуға болар еді.

Роман әлі біткен жоқ, оның аяғы жазылып жатыр емес пе? Роман туралы үзілді-кесілді тиянақты пікірді біз оны автор бітіргеннен кейін ғана айта аламыз, ал қазір роман жазылу процесінде тұрғанда біз көп жылдық үлкен еңбегі табысты аяқталуы үшін авторға пайдасы тиетін және ол ескеретін пікірлерді айтуға тиіспіз. Осы тұрғыдан қарап, мен авторға романның толықтыруды керек ететін кейбір жайлары турасында өз пікірімді айтқым келеді.

Біріншіден, меніңше, өз заманының озық әлеумет қайраткері әрі, қазіргі айтатынымыздай, ағартушысы Абайдың әрекеті онша белсенді емес. Одан халықтың қалың бұқарасын феодалдық-патриархалдық үстемдікке қарсы күреске үндей-

тін идеялар таралып жатқан жоқ. Екіншіден, Чернышевский бастаған орыстың революцияшыл-демократиялық қозғалысының идеялары қазақ даласына да келгені жайында романда жиі айтылады. Бірақ, осы идеялар дала өмірінде қандай әлеуметтік негіз тапты және Абайдың өзі сол идеяларды қаншалықты жүзеге асырды, әрекетке айналдырды — міне осы мәселе әзірше көмескі. Базаралы мен Дәркембайдың әрекеттерінен, Тәкежанның екі мың жылқысын қырып тастаудан мен өз басым, қоғамдық күрестің ешқандай прогресшілдік лебін сезе қоймаймын. Мұндай әрекеттер даланың ірі байларына тән болатын, бірақ, дала кедейлері де сондай әрекеттер жасады деуге илану қиын. Үшіншіден, Абайдың кексе тартқан кездегі әлеуметтік қызметі де бұдан әрі де романда басты орын алуға тиіс. Егер «Абай» романының үшінші кітабында Оспан туралы, ол өлгеннен кейін оның мұрасын бөлісіп алудағы дау-дамай туралы, болмаса Абайдың баласы Абдрахманға қыз айттыру, құда болысу туралы тараулар жоқ болса, сірә бұдан келіп-кетер үлкен олқылықты ешкім сезе қояр ма еді. Қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы үлкен ойшылы болған, орыстың демократиялық мәдениетіне өз халқын соншалықты тамаша әрі шебер жақындастырған Абайдың тағдыры, оның жан-жақты қызметі бізді бәрінен де көп қызықтырады, толғантады.

Жазылып жатқан романға талай елеулі талаптар қоюға болады, бірақ үкім айтуға, әсіресе жазушыны қарусыздандыратын, оның қолынан қаламды тартып алатын үкім шығаруға бола қоймас деп ойлаймын.

Республикалық комсомол газеті «Ленинская смена» тарапынан болған жағдайдың рабайсыздығы да бұдан кем болған жоқ. 1953 жылы, 25-апрельде бұл газетте С. Мұқановтың бұдан он сегіз жыл бұрын жазған жартылай көркем, жартылай мемуарлық кітабы —«Өмір мектебі» туралы «Ескілікке іш тарту» деген редакциялық мақала жарияланды. Бұл мақала «Абай» романы туралы мақалаға өте ұқсас болғандықтан мен одан ұзақ үзінділер келтіруді қажетсіз деп табамын. «Ескілікке іш тарту» деген атынан да көрініп тұр, бұл мақала өткенді дәріптедің, тарихи шындықты бұрмаладың, феодалдық-патриархалдық ескілікті көкседің деп авторды ауыр айыптайды. Мақалада контекстен үзіп-үзіп алған цитаталар талданып отырған кітаптың мазмұнын бұрмалап теріс баяндау көп-ақ. Сөйтіп, газет өзінің бұрмалаушылық мақсатына қолайлы материалды қолдан жасап алады. Газеттің қолапайсыз дөкірлігі соншалық «ол автордың жарлы-жақыбайларға, олардың жарық өмірге ұмтылуына тілектестігін «екіжүзділік сөз» деп

атайды. Мақала осындай дөкір, тұрпайы сынға тән мынандай қорытындымен аяқталады. «Осыған бола қолға қалам алмаса да болатын еді». Міне, тып-типыл қылатын, аяусыз соққы. Бұл мақалаға бұдан әрі тереңдеу қажетсіз деп ойлаймын. Бірақ осы мақалаларға жазушылардың өздері қалай қарағанына назар аудармасқа болмайды.

Еңалдымен, жазушылардың барлығы да бұған айранасыр таңқалысты. Талай жыл бойына осындай «сынға» ұшырасып жүргендіктің салдарынан біздің қазақ тілінде осындай сын мақалалардың сипатын анықтайтын —«өлтіріп салыпты», «сойып салыпты» деген екі сөз пайда болды. Алғашқы жағдайда адам табан аузында сеспей қатады, ал екіншісінде де өледі, бірақ қоштасуға мұршасы келіп барып өлетін сияқты. Өткендегі қарақшылар мен ұрылардың жаргонынан алынған бұл сөздер біздің әдеби сөздігімізге қосарланбауы керек еді, бірақ солар текке қосарланбаған сияқты.

Әдебиет сынын тұрпайы, бұрмалап қолданушылық туралы шолуды осымен бітіргім келеді. Бұл туралы жалықтырарлықтай әрі ұзақ сөз еткен себебіміз әдебиет сынымыздағы ең басты кесел осы. Мұндай бұрмалаушылықтар жас сынымызды шыңдап, байсалдылықпен дамытуға мүмкіндік бермеді, сынды да, жұртты да адастырды, біздің реалистік эстетиканы бүлдірді, социалистік қоғамның гуманизм негіздеріне балта шапты. Ал мұндай жағдайда совет жазушылары қатты, келіспес қарсылық білдіруге керек.

Біздің әдебиет сынымыздың басқа кемшіліктері туралы да немқұрайды жай тыныш қана сөз етуге болмайды. Біздің сынымыз кемшіліктерге тым төзгіш, кейде тіпті битарап, көреген емес. Әдебиет майданындағы елеулі кеселдерді ол кеш байқайды және әбден асқындырып алғаннан кейін барып араласады. Бізде аударма әдебиет төл әдебиеттен әлдеқайда басым екенін мен жоғарыда айттым. Ал осы аударманың жәйі қалай? Ашық айтам, аударманың жәйі бізде мүлдем нашар. Орыс тілінен қазақ тіліне аударатындардың көпшілігі көркемдік ойлаудан мүлде шалғай, әншейін әдеби ұсақ кәсіпқорлар. Олардың аудармалары, еңалдымен, жай кәдімгі түсініксіз. Өзінен-өзі түсінікті сөздер, ескі базарларда шаруалардың арбалары қалай тұрса, дәл солай орналастырылады, соның салдарынан көркем тілдің орнына құлаққа түрпідей естілетін сөз тіркестері мен сөздердің бей-берекет жиынтығы келіп шығады. Әрине, мұндай нәрселерді оқығанда эстетикалық рахат алу қиын екені белгілі.

Поэзиядан басталық. Жоғарыда айтқанымыздай, Пушкинді аудару бізде барған сайын белгілі жүйеге түсіп келеді,

мұны әбден құттықтауға керек. Бірақ аударманың жәйі онша айта қаларлықтай емес. Неліктен екені белгісіз, Пушкиннің ең басты шығармасы «Евгений Онегин» романын аудару жас ақын Қ. Шаңғытбаевқа тапсырылды. Ол бұл романды нашар аударды. Бірақ біздің Жазушылар одағының ұнатуымен екі бірдей баспамыз бұл аударманы жөнді редакторлық өңдеусіз-ақ шығарып жіберді. Шаңғытбаев аудармасының бірде-бір жолы Пушкин поэзиясына ұқсамайтындығы жайында талай рет айтылды. Бұл — поэтикалық аударма емес, қалай болса солай ұйқаса салған арзан сөздердің жиынтығы. Бірақ дүние жүзі өнерінің енді қайтып тумайтын шығармаларының бірі осыншалықты аяусыз бүлдірілгеніне, сірә, бірде-бір сыншымыздың жаны ауырмаған болу керек.

Ә. Тәжібаевтың («Руслан мен Людмила»), Т. Жароковтың («Кавказ тұтқыны», бірақ «Граф Нулин» емес), Қ. Бекхожиннің («Гаврилиада»), Ғ. Ормановтың («Мыс салтатты»), Т. Әлімқұловтың («Ағайынды қарақшылар» және «Бақшасарай фонтаны»), Қ. Аманжоловтың («Полтава») аудармаларын ақындарымыздың творчестволық үлкен табысы деп қарамауға болмайды. Әртүрлі кемшіліктері барлығына және қазақ өлеңінің Пушкин поэмаларын аударуда қолданылған формалары жайында даулы проблемалар барлығына қарамастан, Пушкин поэмаларының аудармасын, тұтастай алғанда, мен біздің ақындарымыздың үлкен табысы деп санаймын. Олар біздің әдебиетіміз үшін де, сондай-ақ өздері үшін де үлкен игі жұмыс атқарды, өйткені өнердің тамаша шығармаларын аудару — бұл үлкен творчестволық мектеп, ол өз творчествоңды да молықтырады.

Жалпы аудармаға байланысты бір мәселені айтыс ретінде көтергім келеді. Соңғы он жыл ішінде ақындарымыз өте жиі қолдана бастаған, шалыс ұйқасты, он бір буынды силлабикалық өлең, маған ескірген тәрізді көрінеді. Абай оны ешқашан да пайдаланған жоқ.

Меніңше, мұндай шалыс ұйқас өлеңнің құрылысын, әуезділігін көріне көзге сындырады және оның тынысын тарылтатын тәрізді, Абайдың шалыс ұйқастары оқушының эмоциялық түйсінуін күшейтеді, өлең өзінің әуезділігі мен ырғақтылығын жоғалтпайды, ақындық ой ыдырамай, өзінің сезімге тигізерлік әсерін тұтасырақ сақтап қалады...

Мен Абайдың 7, 8, 9 және 10 буынды өлеңін қатты ұнатамын. Тегі, Абай мұны орыстың он тоғызыншы ғасырдағы реалистік поэзиясымен кеңірек танысқаннан кейін барып тапқан тәрізді. Мейлі шалыс ұйқаспен жазылсын, немесе онсызақ болсын, өлең қиыстырудың бұл формасы өзінің құрылысы

жағынан әсерлі, қуатты және интонациясы да бай. Ақын Т. Әлімқұловтың «Ағайынды қарақшылар» мен «Бақшасарай фонтанын» аударғанда осы форманы пайдаланған және оның аудармасы басқалардан гөрі түпнұсқаның рухына көбірек жақын.

Қазақстанның бірталай жас ақындары да Пушкин поэзиясын аударуда өздерінің творчестволық өскендігін көрсетті. Мысалы, С. Мәуленов, М. Әлімбаев, Қ. Жармағамбетов, Ж. Өмірбеков, А. Шамкенов, Т. Исмаилов және басқалардың аудармасы — олардың күрделі нәрселерді жемісті аудара алатындығына куә. Бірақ олар қазақ өлеңінің көнерген формаларына жоламаған жерде ғана аудармаларының сапасы әжептәуір жақсы екенін атап көрсету керек. Исмаиловтың «Олегтің қалқаны», Өмірбеков пен Ебікеновтың «Жаңғырығы» да — онша сәтті аударма емес. Бұл аудармаларда Пушкин олардың өздерінен биік тұрған жоқ.

Бізде В. Маяковскийді аударудың жәйі тым ауыр. Бұл түсінікті де, оны силлабикалық өлеңге аудару қиын. «Менің өлеңдерімді аудару ерекше қиын,— дейді Маяковскийдің өзі де,— өйткені мен өлеңге кәдімгі сөйлеу тілін енгіземін».

Пушкин мен Лермонтовты аудара жүріп Абай өзі де үйренді, жаңа мазмұнға сәйкес жаңа өлең формаларын тапты. Ал қазіргі біздің ақындарымыз Маяковскийді аударғанда жаңа формаларды тым аз іздейтін тәрізді, соның салдарынан бар формалардың шеңберінен шыға алмай, соларды құбылта береді. Мен Маяковскийден жасалған аударманың бірде-бірін шын мәнісінде сәтті деп атай алмаймын.

Маяковскийдің жекелеген жолдарының мағынасын бұрмалағаны үшін біздің кейбір аудармашы ақындарымызды кезінде «Правда» газеті дәл сынады. Аудармамен жақынырақ танысу үшін бұл сынның әділдігін растап қана қоймайды, сонымен бірге бізден Маяковскийді аударудағы принципті түбірімен қайта қарауды талап етеді. Гәп жекелеген сөздер мен жолдарды аударудағы бұрмалаулар мен мұлт кетулікке ғана емес, ең бастысы сол, аудармада Маяковскийді тек оның өзіне ғана тән ақындық айқын стилімен түйсіне алмайсың. Біздің аудармаларымызда Маяковскийдің ырғағын мүлдем дерлік сезінбейсің, ал оның жалынды поэзиясының бұрқанған тынысы тек кейбір жекелеген жолдарда ғана сезіліп қалады. Біз Маяковскийді аударудың нағыз кілтін таба алмаған сияқтымыз.

«Әдебиет пен искусство» журналының осы жылғы бірінші номерінде Т. Әлімқұловтың жап-жақсы мақаласы басылды. Бұл мақала Маяковскийді аударушылардың елеулі қателіктe-

рін ашады. Мен өз тарапымнан «Советтік паспорт туралы жыр», «Бар дауыспен», «Владимир Ильич Ленин» сияқты, күрделі шығармалардың аудармасы әлі де көп жөндеуді талап ететінін атап айтқым келеді. Ақын Т. Жароковтың қолынан тәуірірек аудару, өз аудармасын оқуға жарарлықтай ету келетін еді. Түпнұсқада өткір де айқын жететін сөздер мен ойлар аудармада солғын, көмескі тартқан, тіпті кейде түсініксіз болып кеткен.

Меніңше, бұның бәрін Маяковский поэзиясы деп тану қиын. Әр жолға шашыраған сөздер қазақтың шалыс ұйқасты, 11 буынды өлеңінің бөлшектелген түрі емей немене? Шалыс ұйқаспен келетін 11 буынды өлең тек көнерген ғана емес, сонымен бірге нағыз дәрменсіз форма екенін мен тағы да қайталап айтамын. Әрине, мен өлеңнің формасына емес, Маяковскийді аудару үшін лайықты форма таба алмаған көрнекті ақынымызға кінә таққым келеді. Ал оның мұны табуына болатын еді.

Өнердің тамаша шығармаларының бірі — Грибоедовтың «Ақылдан азабы» нашар аударылған. Бұл шығарманың көптеген фразалары мен жолдары орыстың сөйлеу тіліне афоризм ретінде әлдеқашан енгені белгілі. Бұл афоризмдер сәл ғана өзгертілген күйде басқа тілдерге де ауысты. Маяковский сияқты, Грибоедов та поэзияға сөйлеу тілін батыл енгізді. Бірақ олардың екеуінде де бұл көзге жат көрініп тұрған жоқ, қайта өлеңнің жалпы құрылысында жанды тұтастық туғызады, өлеңнің ырғағы мен ұйқасын бұзбайды. Қиындық детальдарда емес, ақындық ойды түпнұсқадағы поэтикалық сапамен бере білуде екені анық. Ал, біздің аударуымызда «Ақылдан азап» өз дәуіріне айтылған тең дәсі жоқ өткір сатира емес, соның жүдеу көлеңкесі сияқты. Аудармадағы диалог сахнаға жарамайды, ол Грибоедовтегі өткірлігі мен дәлділігінен айрылған. Бұл — өлеңмен жасалған, болмаса прозамен жасалған аударма екенін анықтау қиын, дұрысырақ айтқанда, аудармашы авторға еліктегенмен, екі жағдайда да керекті дәрежеге көтеріле алмаған.

Совет жазушылары мен ақындары өткен замандарда жасалған бағалы, үлгілі және прогресшіл нәрсенің барлығының тікелей мұрагерлері. Олар сол мұраны бұлдіруге жол бермеуге, оны қасиеттеп сақтауға тиіс, бірақ біздің сыншыларымыз тым төзімді екені айқын.

Прозаның аудармаларында да кемшіліктер аз кездеспейді. Және қаншалықты өкініште болғанмен, осы кемшіліктер Тургеневтің «Дворян ұясы» романының біздің таңдаулы прозаигіміз М. Әуезов жасаған аудармасында бар. Тұтас алғанда,

«Дворян ұясының» аудармасы аудармашының өз прозасынан қилы төмен. Мысалы, М. Әуезов өз прозасында орыс адамына: «аз заманда ол өзі қайтыс болып», «әлі де ажары көрікті», «әлі күнге ерім жайлы қобалжумен еске алады» болмаса «япырай» деген сөздерді тіпті де айтқызбас еді. М. Әуезовтың прозасында теріс сөз тіркестері тым сирек кездеседі, бірақ олар осы аудармада әжептәуір жиі ұшырасады. М. Әуезов сахна үшін Треневтің «Любовь Яровая», Гогольдің «Ревизор», Шекспирдің «Отелло», «Асауға тұсау» сияқты, тағы да басқа көптеген пьесаларды тамаша аударды. Бірақ «Дворян ұясының» аудармасынан қатаң творчестволық талап болғанын толық сезінбейсің. Ал «свет» «высший свет», «имение» деген сөздердің әлеуметтік мағынасы неліктен өзгеріле салынғаны түсініксіз. «Свет» және «высший свет» деген сөздер «өнерлі қоғам» болмаса «жақсылар арасы» болып, ал «имение»— біресе қыстақ, біресе қала мағынасында, «светская наука»—«сыпайылық ғылымы» делініп аударылған.

«Жас гвардияның» Ғ. Сланов жасаған аудармасында да қателіктер барырақ. Түзетіліп, екінші басылуында аудармашы өз аудармасын стиль жағынан едәуір жақсартқан. Алғашқыдай емес, кітаптың соңғы аудармасында Слановтан гөрі Фадеевтің қолын көбірек танып отырамыз. Бірақ аудармада қателер, яғни түпнұсқаны бұрмалау, өз жанынан қосу, теріс құрылған сөз тіркестері әлі де бар.

«ТыныҚ Донның» бірінші кітабының (аударған Н. Баймұхамбетов), «Петр Бірінші» романының екі кітабының (аударған Х. Жабасов) аудармалары елеулі жөндеуді және қадағалап редакциялауды керек етеді. Біз қарап шыға алмаған басқа кейбір аудармалар туралы да осыны айтуға болатын сияқты.

Мен «Капитан қызының» Ә. Тәжібаев жасаған аудармасын, «Уақытымыздың геройының» Ж. Саин жасаған, «Карменнің» (Мериме) Ә. Ипмағамбетов жасаған аудармаларын прозалық шығармаларды аударудағы үлкен табыс деп көрсетуді қажет санаймын. Бұл аудармаларда тек кейбір жекелеген еркін кетушілік пен болмашы кемшіліктер ғана ұшырасады.

Біздің әдебиет сыны баса назар аударуға тиіс болған тағы бір елеулі мәселе бар еді. Ол — әдеби тіл туралы мәселе. Бұл мәселе жайында республикалық баспасөзде бірқатар пікір болды.

Мен «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған екі мақалаға — профессор М. Балақаев пен жазушы М. Әуезовтың мақалаларына тоқталамын.

Профессор М. Балақаев әдеби тілдің тазалығын, оның объективтік заңдары мен нормаларын сақтауды әділ талап етеді. Оның кейбір жазушылар инверсияны дұрыс қолданбайды деген пікірі де әбден дұрыс. Балақаевтың келтірген мысалдары оның бұл реттегі кіналауын мүлдем растай түседі. Шындығында да, сөз қолданудағы мұндай салақтықты, кейде тіпті ағат кетушілікті қазақтың көптеген жазушыларынан-ақ кездестіруге болады. Біздің бірқатар жазушыларымыздың қолдануында инверсия, яғни сөздердің орнын алмастыру тұтас сөйлемнің болмаса фразаның экспрессиялық қасиетін күшейтпейді, қайта оны әлсіретіп, түсініксіз етіп жібереді. Бірақ құрметті профессор М. Балақаев М. Әуезовтың тіліндегі кемшіліктерді тіпті әдейі әсірелейтін сияқты және мейлінше әділетсіз қортынды жасайды: «Бірақ оның сол шеберлігі соңғы кездерде еркіндікке айналып, оның тілі халық тілінен қашықтап барады... Әуезов біздің байқауымызша, терең мазмұнды ойды шатқаландықиын тілмен айтуды көркемдік деп те түсінетін сияқты...»

Бірнеше ұсақ та нанымсыз мысалдар алады да, профессор мынадай пікірге келеді: «Осылардың бәрі автордың ана тілінің заңдарын елемей... тілдік нормадан ауытқып шығып та кете беретінін көрсетеді». Әуезов — сөзге қатаң талап қоя қарайтын жазушы екені белгілі және сыншының дәл осындай қортынды жасауына керекті мысал оның шығармаларынан табылмайды да. Нөпір, нор сияқты, әлдеқашан ұмыт болған, жекелеген сөздер, әрине, тек жазушының шығармаларында ғана сақталады да, ал қазіргі сөйлеу тілінде қолданылмайды. Бірақ осыдан Әуезов тілдің нормаларымен санаспайды деген қортынды жасауға бола ма? Әуезов біздің әдеби тілімізді жаңа мағынаға ие болған әдеби сөз тіркестерімен молықтырады, сөйтіп сөздердің ішкі мағынасын кеңітеді және тереңдетеді. Ал мұны тілдік нормаларды бұзу деп тануға болмайды.

Профессор М. Балақаевтың мақаласына қайтарған өзінің жауабында М. Әуезов бұл мақаланың үлкен принциптік мәні барын алғаш мойындағандай болады да, пікір айту үстінде оны бірте-бірте мүлдем жоққа шығарады. Және оның ең басты тірегі —«Поэзиялық лексика жай лексика емес» деген бір ғана фразада. Мұнда поэзиялық лексиканың мәні не екенін саралап анықтау қажет, өйткені жай лексика дегенді түсінудің өзі қиын. Ал мұны сараламай тұрып, айтысу да қиын. Егер автор бұл ретте қазақ тілінің сөздік қорын немесе жазушылардан басқа барша жұртшылықтың сөздігін айтса, онда біз, тегі, автормен үлкен айтысқа түсетін сияқтымыз. М. Әуезовтың тілге тиек еткен бұл пікірін мына сөйлемінен

де түсіну қиын. Әуезов жолдас былай деп жазады: «Кейде шешендік үшін поэзиялық синтаксистік, поэзиялық лексиканың соны сөздерден құралуы ерекше қызықты болады». Меніңше, «шешендік», «синтаксис» деген сөздер жағдайды тіпті қиындатып тұрған сияқты. Бұл сөздер мен фразалардың нақтылы мағынасына қарамастан, поэзиялық лексика аулақтануға тырысса, онда ол кедейленеді, ол бізді өмірден аулақ әкетеді, дегім келеді.

Мысалы, Салтыков-Щедрин сатирасының тілі жайында үлкен кітап жазылды, онда жазушының тіліндегі публицистикалық, ғылыми-терминологиялық, кітаби-беллетристикалық және басқа лексика талданады. Бұл өте жақсы ғылыми еңбек поэзиялық лексика тұрмыста көп қолданылатын тілге, яғни Әуезов айтқандай «жай лексикаға» неғұрлым бай болса, жазушыға да соғұрлым жақсы екенін ыспаттай түседі. Щедриннің «рыцари беззаконной оплеухи», «убеждение затылка», «словесные подзатыльники» болмаса «у нас переменили губернатора и дали одного из сукиных детей Муравьевых» деген «поэзиялық емес» фразалары ұлы жазушының лексикасын зәредей де бұзбаған сияқты.

Осыған байланысты менің қазақтың көркем әдебиетінде, айталық, публицистикалық, заңдық, медициналық, кеңселік — ресми лексика мен фразелогияның жоқтығы мейлінше қиындық келтіретінін айтқым келеді. Қажет болған уақытта біз бұл олқылықты әртүрлі ауыстырулармен толықтырамыз. Бізде қазақтың басшы қызметкерлері ана тілінде публицистикалық мақалалар жазуды мүлдем қойып кетті. Олар тым болмаса екі тілді (орыс және қазақ тілін) еркін игеруді мәдениетті адам үшін артық деп санайтын тәрізді. Олардың өздерін қазақшаға аудару қажет. Екіншіден, біздің қалаларда ата-анасы орысша оқи алмайтын, ал балалары қазақша оқи алмайтын семьялар аз емес. Ал олар өзара үй ішінде айтылатын азын-аулақ сөздермен ғана сөйлеседі. Қазақ жазушыларының балаларының басым көпшілігі өз әкелерінің шығармаларымен аударма арқылы ғана таныс. Ресми қағаздар, баяндамалар т. б. қазақ тілінде қалай жазылатынын біз білмейміз, өйткені олар жазылмайды. Сондықтан да, советтің алдыңғы қатарлы адамы, басшы қызмет атқаратын қазақ туралы жазғанда біз ол үшін өзіміз сөйлеуге мәжбүр боламыз. Ал оның өзіне тән сөздер жоқ. Бұл мәселе жайында тек әдебиеттің мүддесі үшін ғана емес, жалпы ойлану қажет, публицистиканың, публицистикалық лексика мен фразеологияның жан-жақты қызметінің бәрін біздің күнделікті баспасөз бен саяси аудармалық әдебиет атқарып жүр. Бірақ, өкінішке

қарай, тіліміздің дамуындағы осы олқылықтарды сыншыларымыздың бірде-бірі сөз еткен жоқ.

Бізде сын өзінің кадрлары жағынан да, тәжірибесі жағынан да жас. Егер орыс тілінде әдебиет сыны мен теориясына байланысты үлкен ғылми еңбектерді ондап санауға болса, ал бізде тым құрыса бір шығарманы жан-жақты талдаған мұндай жалғыз еңбек те жоқ. Ал ендеше әдебиет сыны туралы айтқанда біз күнделікті баспасөз беттеріндегі рецензиялар мен сын мақалаларды ұғынамыз. Бізге дәл қазір қолда бар мүмкіндігіміз осы болғандықтан, сынның осы түрін жандандыру, оның мазмұнын тереңдету қажет.

Біздің сынымыздағы тезірек жою керек деп санайтын кемшіліктер мен олқылықтар қандай?

Біздің сынымыздың ең басты олқылығы оның схемалық стандарттылығында, шығармаға қоятын талаптары мен оны мақтауының бірсарындылығында дер едім.

Мұндай сын жырдың өзіндік ерекшелігіне, оның заңдары мен нормаларына мүлдем соқпайды, шығарманың идеясы жайында шұбалтып айта береді, ал осы идея көркемдік жағынан қалай берілгені мүлдем сөз болмай қалады. Яғни, онда жұрттың бәріне мәлім жайлар қайталанады.

Мұны сыншылар пікіріне басқа жанрлардан гөрі көбірек ілінетін драматургиядан мысал алып көрелік. Өткенгі және қазіргі сынға тән бір рецензияны, яғни жас драматург М. Иманжановтың «Менің махаббатым» деген пьесасы туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде (1953 жыл, 9 декабрь) жарияланған рецензияны мысалға алып қаралық.

«Шүйгін өлке... Алатау жотасынан басталып, Балқаштың жазығына қарай көсіле жатқан алап — төрт түлік малдың қысқы-жазғы өрісі. Республиканың байтақ жеріңің тап осы бір шағын ғана өңірін мал шаруашылығын өркендетуге бағытталған ой мен еңбектің дүкені десе болғандай.

Ғылыми лабораторияларда жүргізіліп жатқан әр салалы зерттеу жұмыстары. Колхоз, совхоз өндірісінің бай тәжірибесі. Әрбір ғалымның, малшының творчестволық ойы. Осының бәрі бір арнаға құйып жымдаса келе, игі жаңалықтар ашып, социалистік мал шаруашылығымызды өркендете берудің кең қамтымды программасына бағалы үлес қосумен келеді...

Міне, жазушы Мұқан Иманжановтың... «Менің махаббатым» пьесасы осы тақырыпқа арналған. Онда жергілікті жағдайға төзімді, етті, биязы жүнді «Алатау» қойының тұқымын сынау, өсіру тәжірибесі баяндалады.

Қазақстан мал шаруашылығы жөнінен елімізде үлкен орын алатыны белгілі. Малдың басқа түлігімен қатар, әсіресе,

биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету республика еңбекшілерінің қазіргі баса назар аударатын мәселесі болып отыр...»

Міне, мақаланың авторы Ж. Алтайбаев жолдастың негізгі пікірі осындай идеялық түйіннен келіп тарайды. Әрине, бұдан әрі конфликттің мәні, яғни биология ғылымындағы ескі көзқарастардың өкілі профессор Еділов жас ғалым Кемеловтың ғылыми жаңалықтарына кедергі жасағаны жас ғалымның, сөз жоқ, жеңіп шыққаны сөз болады. Мен драматургиядағы мал шаруашылығы тақырыбын кемсітейін деп тұрған жоқпын. Бұл тақырыпқа әлі талай рет жазатын боламыз. Бірақ, шығарманың идеясы туралы біздің сыншымыздың мұндай түсінігі, әрине мүсәпірлік қана. Негізгі конфликт драматургиялық жағынан қалай шешілді және ол қаншалықты дәрежеде тың әрі типтік екендігі жайлы рецензияда бір ауыз сөз де жоқ.

«Драма бастан-аяқ әрекетті, әсерлі болуға тиіс» дейді Горький «Пьесалар туралы» атты мақаласында. Қазіргі әлеуметтік тартысқа құрылған жаңа пьесаларда автордың азғантай да болса табысқа жетуі біз үшін маңызды, ал автордың таңдап алған осы тартысы әрекетті, қаншалықты өрбітетіндігі одан да гөрі маңыздырақ. Тартыс — бұл өзара қарама-қарсы екі күштің тартысы, драмалық шығарманың әсерлілігі тартыстың шынайылығына және оның эмоциялық өрбу үшін икемділігіне әсіресе байланысты. Бірақ біздің сыншымыз бұл мәселелерге соқпайды, тек өзі де түсінбеген идеяның төңірегінде шыр айналады. Тартыстың өрбуі өзінің идеясымен және шынайы көркем шешілуімен көрушіні қаншалықты еліктіріп тартып отыратындығы жайында ашық пікір айтудан сыншы жалтарды. Ал мен өз басым осы тартысқа да, оның схемалық түрде шешілуіне де енжар күйде қалдым.

Ал бірақ тартыстың шынайылығын орағытып барып дәлелдеу үшін автор мынадай «салмақты» дәлелдер келтіреді: «...Ленин атындағы колхоздың қой фермасының меңгерушісі Сахан Нұрахметовтың «Алатау» қойының тұқымын өсіруге әзірлігі жоқ «Ақсай» колхозына бір қошқарды жасырып беріп, сол себепті онда қозы шығынының көбеюі, ал мұны осы істің басы-қасында жүріп Ақанның білмей қалуы... автордың өмірде болатын шындыққа байсалды көзбен үңіле білгендігінің белгісі деп қарауға болады».

Сыншының қортындысы мынадай: «Менің махаббатым» озаттықты, ғылым мен тәжірибенің дұрыс ұштастырылуын насихаттайды. Оның құндылығы да тақырыбының актуалдығында».

Тақырыптың актуальдылығын қорғаштаған адам, әрине, жұрттың бәріне қашаннан-ақ белгілі жайларды қайталайды. Бізге осы актульды тақырыптар қайткенде шебер, көркем де шынайы бейнелеуге болатынын аңдатарлық кенеулі ой керек. Мұндай стильде және мұндай дәрежеде, идеялықты дәл осылай жақтап, сыншы болмай-ақ қою керектігі туралы мен сөз етіп те тұрған жоқпын. Сынның авторы, тіпті, пьесаның «Менің махаббатым» деген аты жайында, бұл махаббат кімге болмаса неге арналған — ғылми қызметке ме, қойға ма, әлде геройлардың біріне ме — міне осы жайында да ойланбаған.

Пьеса неге болсын өндірістік қатынаспен қарайтын адамдар жайында, дұрысырақ айтқанда барлық нәрсенің иесі — совет адамының ойы мен сезімін көмескі қалдырған өндіріс жайында екені келтірілген үзінділерден мейлінше анық көрінеді, әрине, бұл дұрыс емес және бізді қуанта алмайды.

Тағы бір мысал келтіремін. «Советский Казахстан» журналының 1953 жылғы екінші номерінде Ә. Тәжібаевтың «Гүлден, дала!» пьесасы туралы филология ғылымының кандидаты А. Маловичконың мақаласы басылды. Пьесаның жақсы жағы туралы бұл мақалада айтылған пікірлер бұрын Жазушылар одағында да, республикалық баспасөз беттерінде де аталып көрсетілген болатын. Тек «Лениншіл жас» газеті ғана бұл пьесаны қатты сынға алды. Пьеса Жамбыл атындағы сыйлыққа ілінді, ендеше оның құндылығы тек әдебиет төңірегінде ғана танылып қойған жоқ. Осы пьеса туралы Маловичко жолдас былай деп жазды:

«Гүлден, дала!» пьесасы қозғаған проблемаларының маңыздылығымен назар аударады, онда совет көрушісін толғантпай қоймайтын мәселелер көтеріледі.

Пьесаның негізгі мазмұны — колхоздардың дамуының болашақ жоспарына партиялық, мемлекеттік тұрғыдан қарауды орнықтыру және колхоздарды дамыту мәселелеріне теріс, тараң тұрғыдан келуді сынау. Пьесаның негізгі тартысы да осы әртүрлі көзқарастардың соқтығысында.

«Гүлден, дала!» пьесасының тақырыбы қазіргі совет әдебиетінде, оның ішінде драматургияда да соншалықты тың емес. Бірақ Ә. Тәжібаев пьесаға керекті материалды өмірдің өзінен алып, бұл тақырыпты өзінше шешеді, ол біздің шындығымыздан мейлінше типтік тән нәрселерді көре біледі, қортындылаулар жасай алады».

Және мынадай салмақты да жалпылама қортынды бар: «Гүлден, дала!» пьесасында автор ұнамды характерлерді де, сондай-ақ Телғара Темірбековтың образында ұнамсыз сипаттарды да типтендіре алған».

«Дружба народов» альманағының өткен жылғы алтыншы нөмірінде дәл осы пьеса туралы И. Горелова жолдастың: «Характерлер орнына тезистер» деген рецензиясы басылды. Атынан-ақ анық көрініп тұр, бұл рецензиядағы пікірлер Маловичконың, сондай-ақ барлығымыздың дерлік пікірлерімізге қарама-қарсы. Және, И. Горелованың рецензиясын оқығанда біз мүлдем сасып қалғанымызды мойындауымыз керек.

Бірақ біздің көзқарасымыз бен Москва сыншысының көзқарасы арасында принциптік айырма барын атап көрсету қажет. Біз үшін типтік болып көрінген нәрсе Москва сыншысы үшін мүлдем олай емес. Маловичко жолдас конфликтінің елеулі негізі деп тапқанның барлығын И. Горелова жоққа шығарады.

«Бірақ әңгіме мынада,— дейді Горелова,— шындығында да мұнда ешқандай қайшылық жоқ, өйткені екі жақ та сайып келгенде колхозшылардың мүдделерін өтеуге тырысады. Сондықтан да Тәжібаевтың еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартуды көздейтін идеяны-артта қалған, сыналатын және түзеліп шығатын идея ретінде суреттейтін пьесасының тартысы соншалықты бір түрлі ғажап болып көрінеді».

Меніңше, И. Горелова жолдастың колхоздың өндірістік міндеттері мен содан туатын тұтыну міндеттерін бір нәрсе деп санауы теріс.

Тәжібаев пьесасындағы конфликтінің мәні де осында: біреулер өндірістік міндеттерді, ал басқалар — тұтыну міндеттерін жақтайды. Бірақ, И. Горелова мына мәселеде дұрыс пікір айтады. Ол былай деп жазады: «егер авторға болмаса оның геройы Телғараға су қоймасын неге жасағың келмейді, деген тура да заңды сұрақ қойылса, олардың ешқайсысы да жауап бере алмайды. Қайткен күнде де, пьесада мұндай жауап жоқ».

Бұл ретте мен сыншыға түгелдей қосыламын. Авторда мұндай жауап жоқ. Тартыстың негізі ретіндегі идеялық қайшылықтар күрделі де шынайы психологиялық мотивировка түрінде емес, жалаң схема түрінде беріледі. Сондықтан да И. Горелованың: «Ал, неліктен Телғара өз жерінің бұдан да жақсы жеміс беруін қаламайды. Жанастың жақсы үйде неге тұрғысы келмейді?»— деп сұрауы әбден орынды. Образдардың психологиялық терең ашылмауы, олардың әрекеттерінің психологиялық мотивировкасының жоқтығы табиғи түрде схематизмге ұрындырады.

Егер менен — Телғара сияқты, колхоздың артта қалған председателі типтік пе, әсіресе Қазақстан үшін типтік пе деп сұраса, мен ие деп жауап берер едім. Біз кешегі емес, бүгінгі

міндеттің дәрежесінде тұрған жақсы басқарушыларға үлкен мұқтажбыз. Бірақ осы артта қалған адамдар әдеби образға ауысқанда, жазушының міндетін оңайлатпайды, қайта керісінше қиындатады, біздің шындығымызды — жаңа мен ескінің, артта қалғанның арасындағы тартыс арқылы шынайы суреттеуді қиындатады, жазушыдан айқын да сара мотивировкаларды талап етеді. Бұл реттегі кемшілік тек қана Тәжібаевта емес, басқаларда да бар. Міне сондықтан да, шындықтағы типтік нәрсе әдебиетте бұрмаланады, автордың ойындағы дұрыс та мінсіз нәрсе шынайы көркем бейнеге айналмайды. Сондықтан да біз өзіміздің көптеген шығармаларымыздың геройларын «таныс бейтаныс» (Белинский типтік геройды осылайша анықтаған) деп айта алмаймыз.

Осы ретте бізде ұнамды геройлар әсіресе сәтсіз «Гүлден, дала!» пьесасындағы партия ұйымының секретары Арман, «Менің махаббатымдағы» Кемелов көп сөйлейді, әрекетті аз жасайды. Олар есте қалмайды, театрдан қайтып бара жатып, оларды ұнатқаныңды болмаса олармен немқұрайды қоштасқаныңды өзің де түсінбейсің. Бірақ сен қарапайым да айқын характер бере алмаған авторларға ренжіп қайтасың.

Осыған байланысты мен Ә. Тәжібаевқа өзінің жаңа комедиясы «Дубай Шубаевич» қойылғанға дейін ондағы ұнамды геройлардың образдарын зер сала қайта қара деп кеңес берер едім. Пьеса тартымды, жақсы, комедиялық тілмен жазылған, ол бірінші картинасынан бастап аяғына дейін әсерлі. Бірақ пьесаның ұнамды геройлары туралы творчестволық талқылауда біз, тегі, онша талап қоя сөйлемеген тәріздіміз. Әңгіме, біріншіден, мынада — ұнамды геройлар сол оқиға болып жатқан коллективтен алынбаған, яғни сол ортаның табиғи алдыңғы қатарлы өкілдері емес, сырттан келеді. Мысалы, газет тілшісі жас жігіт. Сол сияқты, басты геройдың туыс қызы да сырттан, оқуды бітірген соң келеді. Ал егер іс оларсыз, айталық, озық ойдың кездейсоқ өкілдерінсіз болып жатса, қайтер еді?— деген сұрақ туады. Бұл сұраққа әзірше жауап жоқ. Екіншіден, негізгі тартыспен тұтаса қабыспаған, дұрысырақ айтқанда жасанды байланысқан бұл ұнамды геройлар өздерін белсенді көрсете алмайды, өздерінің алдында болып жатқан оқиғаларға әсер ете алмайды. Меніңше, осыны ескеру авторға пайдалы.

Поэзия мен прозаға байланысты сын пікірлерге көшемін. Бірқатар көрнекті ақындарымыздың творчествосында бір маңызды кезең, поэзияның үлкен шығармаларына ауысу белгіленгенін атап айтуға керек. Х. Ерғалиев: «Біздің ауылдың қызы», «Әке сыры», «Үлкен жолдың үстінде», «Сенің өзенің»

атты үлкен-үлкен төрт поэма, Т. Жароков: «Жапанды орман жаңғыртты», «Қырда туған құрыш» поэмаларын, Д. Әбілев өлеңмен жазылған роман делініп жүрген «Алтай жүрегі» поэмасын жазды, ал драматургия жанрына ауысқан сияқты болып жүрген Ә. Тәжібаевтың жерлерді игерудің алғашқы көктеміне арналған «Комсомол сөйлейді» атты шағын поэмасын бітіруге жақын. Аттарынан да аңғарылып тұр, бұл поэмалар совет адамдарының еңбектегі үлкен энтузиазмын, олардың темір жол құрылысындағы, заводтар мен рудниктердегі табыстарын суреттейді, осы жаңа да игілікті құбылысқа байланысты, тұтас алғанда кейін қалып отырған поэзиямыздың жалпы дәрежесі төмендігін де атап көрсету керек.

Біздің ақындарымыздың көтеріле бастағанын байқататын осындай творчестволық жаңа ұмтылу әдебиет сынының назарын аударуға тиіс еді. Бұл поэмалар жайында республикалық баспасөз беттерінде ақындар мен жазушылардың бірсыпырасы пікір айтты. Бірақ оларды не үшін сынайтынын, неге мақтайтынын ешкім де тура, бүкпесіз, ашық айтпайды. Бұл мақалада «игі талап», «күткен жауап», «актуальды тақырып», «елеулі тақырып», «шеберлікті көреміз», т. б. фразалар тым көп-ақ болады. Бірақ осының бәрін қайдан көретіні, неден сезінетіні жайында үндемейді. Бұл поэмалардың композициясы да, сюжет өрбуі де, геройлардың нақтылы образдары да әлі күнге дейін терең, зер сала талданған емес. Біз жаңалықты сезе білу керек деп жиі айтамыз. Ал, соны бір шығармада осы жаңалық бола қалса, біз өз тарапымыздан ештеңе білдіре алмаймыз. Біз оларды факт ретінде тіркейміз, ал кемшіліктерін жоюға жәрдемдеспейміз, онға тарта поэма — қандай поэзия үшін болса да әншейін нәрсе емес. Егер сәтті жазылған болса, оларды біздің поэзияның жаңа сөзі ретінде бағалау керек еді, өйткені бұл басқа ақындардың творчестволық өсуіне септігін тигізеді. Сыншылар тек рецензиямен ғана негізінен, мақтайтын, бірақ онша нанымды емес рецензиямен ғана тынды. Ал қызу пікірлер, толғанулар мүлдем болған жоқ.

Біздің ақындарымыздың кесек шығармалар беріп жатқаны және осының өзі творчестволық үлкен табыстарға апаруы мүмкін екендігі СССР Жазушылары одағының ұлт әдебиеттері жөніндегі комиссиясының да, поэзия комиссиясының да назарын аударған жоқ, біз нағыз творчестволық кеңестер мен консультациялар ала алмадық. Ашып айту керек, бұл поэмалардың қай-қайсысында болсын кемшіліктер жоқ емес еді, айталық, біреуінде схематизмнің ізі, басқа біреуінде шикілік бар болатын. Бірақ, ұлт әдебиеттері жөніндегі комиссия мен поэзия комиссияның тарапынан творчестволық маман кеңес

болғанда, бұл поэмалардың әрқайсысы-ақ жөнделіп, біраз тәуірленетін еді, сөйтіп бүкілодақтық көлемге шығатын еді. Алайда, бұлай болмады. Москва ақындарының кейбіреулері бұл поэмаларға баспамен шарт жасауға, сол шығармалардың жарауы, жарамауы тұрғысынан ғана қарады, ал біздің кейбір ақындарымыз москвалық жолдастардың әділ пікірлерімен санаспады. Осыған байланысты мен ұлт әдебиетін тек қолмақол аударма арқылы ғана білу, пікір айту дер едім. Меніңше, шығарма туралы нағыз пікір түпнұсқаға негізделуге керек.

Біздің сыншыларымызды бұдан басқа, ұнамсыз құбылыстар да аз толғантады. Меніңше, Қ. Әбдікадыров, Ж. Сыздықов, А. Хангельдин, С. Бегалин, А. Тоқмағамбетов, С. Машақов, М. Хакімжанова, Малқаров, Оңалбаев сияқты ақындар және басқалар ақындық дауыстан көріне-көзге айырылып барады. Әрине, мен бұлардың ақындық дауысты жоғалтуы бір дәрежеде демек емеспін, бірақ осы біздің бүкіл поэзиямызға салқынын тигізеді. Нағыз белсенді жанр болғандықтан, мұндай бәсеңсу поэзияда әсіресе айқын сезіледі. Мұны комсомолдардың тың жерлерді игеруге аттануына арналған өлеңдерден тіпті анық көреміз. Бұл аса маңызды халықтық іс, тегі, біздің поэзиямызда жүректен туған отты сөз ретінде, ақындарымыздың жанындағы нағыз толқыну ретінде әлі суреттелмеген сияқты. Осы тақырыпқа жазылған өлеңдердің барлығы да шыншыл емес, нанымсыз, жасанды. Ақын Ж. Саин, негізінен, орыс, украин, қазақ халықтарының достығы туралы Отан соғысы жылдарында жазған өлеңдерінде айтқанымен ғана тынды. Ал оның Қазақстанға РСФСР мен Украинадан келген комсомол жастарға арнап «Кел бауырым! Келші көзім қарасы» деуі тіпті біртүрлі әсіре естіледі.

Жас ақын М. Әлімбаев өзінің «Әке салтымен» деген өлеңінің 18 жолын (өлең небәрі 34 жол) Айша дастарханды дайындап қойып, жаңа қонақтарды күтіп отырғанын суреттеуге арнаған, ал қалған 16 жол қонақтың тост көтеруі жайында. Ол алғашқы бесжылдықта әкесі Амурға барғанын, ал өзі енді әкесінің сол дәстүрі бойынша Қазақстанға келгенін айтады. Осыдан кейін шарап ішіледі. Бұдан басқа ешқандай ой жоқ. Ақын Т. Әлімқұлов та бұрын құлазып жатқан даланы лирикалық суреттеуден артық ештеңе таба алмаған. Ол өлеңнің соңғы сегіз жолында ғана (барлығы 52 жол) трактор туралы, тың жерді қопару туралы айтады. Ал, Аманшиннің өлеңінде алғашқылардан гөрі ой басым, бірақ көркемдігі соншалықты нашар.

Мұның бәрі поэзияның көптеген кадрлары өз дауысын жоғалтып бара жатқанын, ал біздің сынымыз бұған немқұ-

райды қарайтынын көрсетеді. Біздің кейбір жазушыларымыз бен ақындарымыздың артта қалып қоюының себебі ап-айқын — олардың мәдени дәрежесі тым төмен. Жазушының жақсы жазуға ықыласы жоқ, болуға мүмкін деп ойламаймын, бірақ жақсы жазу үшін мәдениет керек, білім керек. Меніңше, біздің көптеген ақындарымыздың өз даусын жоғалтып бара жатқандығының себебі осында. Немесе жақсы даусы бар әншіні біраз уақытқа дейін қатардан шығара тұратын — ангина сияқты басқа өткінші себептер де болуы мүмкін. Сыншылар осының барлығын зерттеуге, жазушыға дер кезінде көмектесуге тиіс. Жазушы қиындыққа ұшыраған кезде көмекке, әсіресе, ділгір болады.

Ал, сыншы кемтар нәрсені мадақтаса, ол әдебиетке нашар көмек көрсетеді, бұл зиянды жұмыс, егер осындай көмек беделді газеттің тарапынан көрсетілсе, бұл әсіресе зиянды. Бірде-бір газет жаңа жаза бастаған ақындарға дәл осындай көмек көрсетті. Бұл газет 1953 жылы 17 ноябрьде, редакцияға түскен өлеңдерге шолу мақала берді. Шолудың тақырыбы — «Партия туралы ойлар» делінген. Көріп отырсыздар, бұл аса елеулі әрі көп нәрсе күттіретін тақырып.

«Халықтың партияға деген сүйіспеншілігінің шегі жоқ,— деп жазады газет,— міне сондықтан да халық өзінің жүрегінен жарып шыққан ең жақсы ойын, асыл сөзін, жалынды пікірін туысқан партияға арнайды». Бұдан әрі мақалада үзінділері келтірілген өлеңдерді бағалай келіп, газет былай дейді. «Бұл өлеңдердің бәрі партияға деген халық жүрегі махаббатының тасқынды күшін аңғартады».

Осындай аса жауапты қортынды жасау үшін газет қандай өлеңдерді мысалға келтіреді? Нені газет жүректен жарып шыққан жалынды сөзге санайды? Пікір мен мысалдың арасындағы нағыз алшақтық міне осында. Газет үзінділерін келтірген өлеңдердің бірде-бірін сәтті шыққан деуге болмайды. Бұл өлеңдер, негізінен, белгілі халық ақындарынан және Тоқмағамбетов, Орманов, тағы басқа ақындардан көріне көшірілiп алынған. Бір-екі мысал келтірейік:

«Коммунистік партия
Күн болып туды еліме.
Октябрь таңын атқызып,
Нұр орнатты жеріме.
Бастауымен партия,—
Өмірдің жеттің кеңіне.»

Болмаса:

«Астық пен малға шалқыған,
Теңізге өлке тең болды.
Өлкені басқан — өндіріс,

Фабрика, завод, кен болды.
Қуарған шөлейт, шөл дала
Гүлденген баулы жер болды,
Ұлы Отанда қыз бен ұл
Еңбекте озық ер болды!»

Мұның бәрі әншейін жай қайталаулар ғана емес, олақ түрде иеленілген басқа авторлардың өлеңдері. Ал енді бір өлеңде Н. Баймұхамедовтың әнші Роза Бағланова талай жылдан бері айтып жүрген текстінен тұп-тура алынған ұрлық барын да газет аңдамай қалған. Баймұхамедовтың текстінде былай делінген:

«Партия қайда болса, жеңіс сонда». Осы жол әртүрлі вариантта бірнеше рет қайталанады. Ал газет балалық аңқаулықпен мынадай қортынды жасайды: Зал Жүнісов «Мәңгі жаса, партия» деген өлеңінде:

«Партия қайда болса, халық сонда
Халық қайда болса, даңқ сонда»,—

деп өлеңін терең пікірмен түйеді.

Осының бәрі нені көрсетеді? Бұл ретте газет мүлдем жарамайтын нәрсені ойланбастан мақтаған, халтураны да айыра алмаған, тіпті ұрлықты да байқамаған.

Менің тағы да бір сын мақалаға қысқаша тоқтағым келеді. Бұл мақала дайындығы мол сыншылардың бірі Т. Ахтанов жолдастың қаламынан шыққан, ал талданған шығарма — менің «Оянған өлке» романым. Кітап авторының көңілі үшін де мақаланың көлемі жетіп жатыр. Ол газеттің екі подвалын алған. Сыншы романды мейлінше мақтайды, әрине, жазушы атаулының мұндайды жаны сүйетіні белгілі. Мақала сауатты әрі мәдениетті жазылған, ал мұның жақсы аты сыншының өзіне. Сыншы кітаптан көптеген сәтті, жаңа нәрселер тапқан. Бірақ мен мақалаға қанағаттанбай қалдым.

Айталық, мен сізге Қарағандыдағы мәдениет Сарайын мақтай бастаған екенмін дейік. Мен вестибюльдің мраморланғанын, бөлмелердің әдемілігін, хрустальды люстраларды, үлкен есіктері мен терезелерін, паркетін, т. б. суреттеймін, болмаса айтып беремін, бірақ бұдан сіз Сарай туралы архитектураның шығармасы ретінде тұтас айқын түсінік ала алмайсыз. Сол сияқты Т. Ахтановтың мақаласы бойынша менде роман туралы тұтастай, айқын түсінік туған жоқ, өйткені автор романның композициясы туралы, оның шебер немесе олақ құрылғаны туралы мәселені, сюжеттік желілердің өрбуі, образдардың типтілігі, дәуірді бейнелеудің шынайылығы туралы

мәселені сөз етпеген. Ал мұндай негізгі элементтерсіз нағыз әдебиет сыны болуы, әрине, мүмкін емес.

Сөйтіп, жалпы алғанда бізде сынның жәйі нашар. Мен, әрине, бәрін де бірдей қамтыған жоқпын және көптеген қажетті де көрнекті нәрсені қалдырып кетуім де мүмкін, бірақ істің жайын өзгертіп жібере алармық ештеңе таба алмағанымды мойындаймын. Біздің әдебиет сынының мәдени-теориялық дәрежесі төмен. Бұл — едәуір кенжелеп қалған жанр. Әдебиет сыны туралы баяндаманың әдебиет зерттеуші де, сыншы да, тіпті атымен теоретик емес маған тапсырылмағанның өзі-ақ мен айтқаннан анағұрлым көп жәйді аңғартады. Әдебиет майданындағы дөрекі әкімшілікті жою бізге әлдеқайда оңай, өйткені ондай нәрселер совет жағдайында ұзақ өмір сүре алмақ емес. Ал әдебиет сынының дәрежесін партиялық принциптілікке, ғылыми объективтік пен тереңдікке көтеру — көп үшін, еңбек, уақыт жұмсауды талап етеді. Ал біз бұл қиын жұмыстан бастартпауға тиіспіз.

1954 ж.

ҚАЗАҚ СОВЕТ ПРОЗАСЫ ТУРАЛЫ

Съезіміздің күн тәртібінде тарихи ұлы оқиғалар мен жеңістерге толы соңғы он бес жылдық өміріміздің ішінде қазақ совет әдебиетінің қалай өсіп-өркендегенін толығырақ қамту тілегімен қойылған әдебиетіміздің барлық негізгі жанрлары тұр. Бірақ, сайып келгенде шешер мәселеміз біреу ғана. Ол — социалистік бай шындықтың әдебиетімізде қаншалықты терең де сенімді, идеясына көркемдігі сай мағнада көрсетіліп келе жатқанын анықтау, екінші сөзбен айтқанда, қазақ совет жазушыларының социалистік реализм әдісін қандай дәрежеде меңгере алғандықтарын анықтау. Егер осы мәселе өзінің әділ де дұрыс шешімін тапса, әдебиетіміздің шын жайы да белгілі болады. Жетістіктеріміз бен бірге кемшіліктеріміз де дұрыс табылады, алдымызда тұрған міндеттеріміз де айқындалады. Съезіміз де ойлаған дәрежеде өз міндетін атқарған болады.

Әрине, бұл мәселенің шешімі бір адамның шамасынан да келмейді, бір баяндаманың шеңберіне де сыймайды. Бұл көп болып, коллектив күшімен шешетін мәселе. Мен де сол көптің бірі болып, қазіргі прозамыздың жайлары мен міндеттері турасында сөйлемекпін.

Бұдан он бес жыл бұрын өткен Қазақстан совет жазушыларының екінші съезіне біз жаңа ғана аяқтана бастаған жас прозамыздың шағын жанрымен, қысқа әңгімелермен, кейде аяқталмаған, аяқталса піспеген бірен-саран повестермен, бірді-екілі ғана роман деп танылған шығармалармен келіп едік. Ол съезде біздің елеулі шығарма ретінде ауызға алғанымыз Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалауы», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір мен өлімі», Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» дейтін ұзақ повесті еді. Әрбір әдебиеттің толық мағына-

да өскендігіне сенімді айғақ болатын үлкен роман мәселесі әлі алысырақта тұрған армандай қызықты да күдікті елестейтін. Ал, социалистік реализм әдісін қай дәрежеде меңгере алғандығымыз туралы ол съезімізде кеңірек сөйлесуге өреміз де жетпеген, батылымыз да бармаған.

Бүгін біз екінші съездің тұсында жеке жазушылардың ғана мүмкіндігі сияқты сезілетін көркем проза жасау мәселесін ол кездегіден анағұрлым үлкен де өскен топ болып қолға алып отырмыз. Қазақ совет прозасының тұрақты қайраткерлері сан жағынан да, сапа жағынан да өсті. Бұдан он бес жыл бұрынғы жастарымыз есейді де, есейгендері күшейді, сенімді үміт күтетін бір топ жастар келіп қосылды. Екінші съездің тұсында біздің ұлттық мағынада ең берік сезінетін арқа сүйеріміз (тыл) бұрынғы-соңғы поэзиямыз болса, қазір алдағы кезеңдерімізге сенімді арқа сүйеу бола аларлық қазақ совет прозасының үлкенді-кішілі түрлері түгел туды. Біздің жас проза өз әдебиетіміздің ең озық жанрына айналумен бірге ұзақ тарихы бар, піскен деп саналатын ұлттық прозалардың еңбектері біріне-бірі тәжрибе, әрі мектеп, әрі түрткі болып, жақсы мағынасындағы бәсекелік сезімді тұтата алатын дәрежеге жетті. Қазір біз қазақ совет прозасының кадрлары да, табыстары да әрі елеулі, әрі тұрақты деп жауапты түрде айта аламыз. Екінші съезге жас келген қазақ совет әдебиеті тұтас алғанда көп ұлтты еліміздің мәдени тарихынан өзінің келісті орнын алып отырса, қазақ совет прозасы орыс әдебиеті арқылы Одақтық және дүние жүзілік кең өріске шықты. «Абай», «Ботакөз», «Миллионер» сияқты шығармалар өз республикамыздың шеңберінен шығып, байтақ демократиялы дүниенің рухани қорегіне айналды.

Қазақ совет прозасының табыстары — жазушыларымыз социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарын қалай меңгере алғандықтарына байланысты. Социалистік реализм әдісі идея мен көркемдікті, мазмұн мен түрді бірінен бірін айырмай, тұтас талап ретінде қоятынын еске алсақ, әрбір шығарманың да құнды-құнсыздығы осы талаптың қалай орындалғанына байланысты болуға тиісті.

Қазақ совет прозасының идеялық мазмұнымен, кең мағынадағы өмірге қаншалықты терең сұғынғандығын мына сияқты үстірт қарағанда сырт ақпарлармен де сипаттауды дұрыс көрем. Соңғы он бес жылдың ішінде бір ғасырдың тең жартысын түгел сипаттап, қазақ даласындағы әлеуметтік қарымқатынастарды кең қамти келіп бірінші буржуазиялық революция қарсаңымен аяқталатын, совет жұртшылығына кең таныстығы бар Мұхтар Әуезов жолдастың «Абай» атты төрт

томдық романы жазылды. Бұл кең мағнасындағы совет жұртшылығынан қазақ халқының тарихи ерекшеліктерімен терең таныстырған, ұлы ақынымыз Абайды танытқан, барлық совет әдебиетінің көрнекті табысы деп танылған шығармамыз. Даладағы сол әлеуметтік қайшылықтардың өсе келе, шиеленісе келе революциялық шешім тапқанын Сәбит Мұқанов жолдастың «Жұмбақ жалау» атты романынан көреміз. Колхоздасқан еліміздің өскелең ойлы жаңашылдарын Ғабиден Мұстафин жолдастың «Шығанақ», «Миллионер» атты романдарынан көрсек, колхоздасқан еңбектің қандай ұлы күшке айналғанын Сәбит Мұқановтың «Сырдариясынан», Ғабдол Слановтың «Кең өрісінен» көреміз. Кейінірек тоқталатын бірде ауыр, бірде жеңіл кемшіліктері барлығын еске ала отырсақ та, бұл еңбектер социалистік бүгінгі өміріміздің жырлары, бүгінгі өмірге белсене сұғынғандықты көрсететін шығармалар.

Осы дәуірдің ішінде Отанымыздың басынан өткен дүниелік мәні бар жеңіспен аяқталған тарихи оқиғалардың ең үлкені Ұлы Отан соғысы болса, бұл тақырыпқа «Жас түлектер» деген Әлжаппар Әбішевтің повесі, жас жазушымыз Әбдіжәміл Нұрпеисовтың «Курляндия» деген романы, жас жазушы Оразалинның «Жексен» атты повесі және «Қазақ солдаты» жазылды. Соғыс тақырыбы қазақ жазушыларына тосын да тың сынау болғанын еске алсақ, бұл шығармалардың тыңға ұмтылған жақсы талаптың жемісі екендігін бағалауға міндеттіміз.

Қазақ совет жазушыларының көпке дейін жүрексініп келген, сондықтан әсіресе прозамызда көп жылдар бойы орны үңірейіп ашық тұратын тақырып жұмысшы табы, өндіріс өмірі болатын. Қазір Қазақстан жұмысшы табының өмірінен алынып жазылып, әдебиетке елеулі табыстар қатарында қосылған төрт романымыз бар. Ол басылып шыққан жылдарының ізін қуалай атағанда Слановтың мұнайшылар өмірінен алынған «Жанар тауы», Мұстафиннің «Қарағанды» романы, Әбу Сәрсенбаевтың балықшылар өмірінен алынған «Толқында туғандары» және «Оянған өлке» романы. «Қарағанды» мен «Оянған өлке» көміршілер өмірінің екі кезеңін суреттейді.

Мен әсіресе, әдебиетімізге Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде келіп қосылған жас прозаиктарымыздың әралуан үміт күттіретін алғашқы табыстарын ерекше атағым келеді. Биологиялық ғылым майданындағы кертартпалықтармен күресу үстінде совет ғалымдары мен совет студенттерінің өмірін көрсететін Сафуан Шаймерденовтың «Болашаққа жол»

атты романы, совет мектебіне политехнизация жолын ұсынған Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» атты повесі, Бердібек Соқпақбаевтың «Алыстағы ауылда» деген повесі прозамыздың совет жастары мен совет балаларының өмірін көрсетудегі олқылықтарын толтыруға арналған бірінші елеулі еңбектер.

Бұл айтылғандардан шығарғалы келе жатқан менің негізгі қортындым — Қазақстан жазушылары социалистік бай өміріміздің әр саласына белсене де сұғына араласқан, совет әдебиетіне берік арқау болатын салмақты да соны тақырыптарды қамтуға тырысқан демекпін. Бұл қандай әдебиетте кездессе де қуантарлық, өрістей беруін тілесерлік нәрсе. Ұлы Горькийдің сөзімен айтқанда XIX ғасырдағы буржуазиялық әдебиеттің өмірге өктем араласып, оған елеулі әсерін тигізуі үшін тұтас бір ғасыр, жүз жыл керек болған болса, қазақ совет жазушылары ол асуды өз заманының екпініне сай санаулы ғана жылдардың ішінде өтті дей аламыз. Бұған қоса айта кетуге тиісті деп санайтын тағы бір ойым, ол қазақ совет прозасында, осындай еңбектер арқылы бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған іргелі мәселелерін көтерумен бірге ертеңгі күніміздің талаптарын да қоса көтеруге ұмтылған, болашағы нәрлі сезілетін игілікті бағыт бар.

Қазақ совет прозасы жанрлық жағынан да бұдан он-он бес жыл бұрынғы халынан анағұрлым кеңейді. Қазір бізде Сейтжан Омаров, Мұқан Иманжанов, Бердібек Соқпақбаев, Төлеухан Сағымбаев сияқты прозаның қысқа әңгімелер жазу жағында қаламдары қалыптасып келе жатқан бір топ жазушылар бар. Жазушылық өмірі тым қысқа болған, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Баубек Бұлқышев аз да болса айқын жарқ еткен көркем де өткір еңбектерімен прозамыздың публицистикалық саласын едәуір көтеріп кетті. Алдағы күнде туар үлкен еңбектердің барлаушысы есебінде саналатын көркем очерк саласы да қалыптасып келеді. Мұны мен қазақ совет прозасының жанрлық ішкі кеңеюі дер едім.

Жоғарыда аталған шығармаларымыздың социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына толығырақ жауап беретіндері өрісті де өмірлі болып келеді. Ондай шығармалардың ішкі-тысқы оқушылары да көп, туа қартаймай, жаңғырып-жасарып, өмірлі екенін танытады. Сонымен бірге ондай шығармалар әдебиетіміздің алдағы күндердегі өсуіне де үлкен әсер ететінін аңдатады.

Бұл ретте, одақтық көлемде (оның үстіне демократиялық елдерде де) қанша көп ауызға алынып, жете бағаланса да екі съездің арасындағы жеке-дара үлкен табысымыз деп біз

Мұхтардың төрт томды «Абай» романына тоқтаймыз. Оның себебі құрметті жазушымызға тағы бір рет мақтау айтып, мадақтап қалғымыз келгендіктен емес, социалистік реализм талаптарына ең толығырақ жауап береді деп танитын шығармаларымыздың идеялық, көркемдік, шеберлік жақтарындағы ерекшеліктерін, озықтығын ұғынуда. Бұл әдебиетіміз бен жазушыларымыздың өсуі үшін, үйренуі үшін керек. Әрбір шығармаға айтылар баға түптеп келгенде не авторды мақтау, не жамандауға ғана сайып, әдебиетімізге берер нәрі сұйқылт болып шықса, оны пайдасыз қызыл сөз, жарамсақ пен жалтаңның күнделікті ұсақ кәсібі деуіміз керек. Қашан да қай заманда да жеке адамның еңбегінен туатын әдебиеттік шығарманың ерекше бір қасиеті — ол толғағы жетіп туған болса, өзінің идеялық күші мен көркемдігіне қарай қоғамдық, ұлттық, елдік рухани қазынаға айналады, бірдің тәжрибесі көпке ортақ болып кетеді. Біз әрбір шығармаға осы тұрғыдан қарауға міндеттіміз.

Қазақ совет прозасының басты табыстарымен таныстыруға кіріспестен бұрын мен көркем шығармаға социалистік реализм әдісінің қоятын идеялық және көркемдік талаптарына біраз көңіл аударғым келеді. Соңғы жылдарда одақтық көлемде де, біздің республикалық баспасөзде де жағымды образ жасау мәселесі, конфликт, композиция, тіл, идея, форма мәселелері жеке-жеке алынып сөз болып жүр. Бірақ, бұл мәселелердің әрқайсысы жеке алынып, басқалармен байланыссыз сөз болатындықтан көркем шығармаға қоятын социалистік реализм талаптары тұтас күйінде көз алдыңа келе де бермей, кейде бытырап, шашырап бұлдырға тартады. Кейде шығарманың идеясы жақсы, тілі жақсы, не болмаса жақсы образдар жасаған деген сияқты біржақты көзқарастар көркем шығармаға тұтасынан қойылар үлкен талаптардың көпшілігін бүркемелеп кетеді. Меніңше, социалистік реализм әдісі шығармадан терең идеяны қандай талап етсе, көркемдік сапаны да сондай талап етеді. Мазмұн мен түрді екі айырып қарауға болмайтыны сияқты, идея мен көркемдік сапаны да екі айырып, бірі болса, екіншісі өзінен өзі өтеліп жататын нәрседей етіп қарауға болмайды. Әсіресе бірінің жолына бірін құрбан етуге болмайды. Шығармада жағымды образдардың қандай сенімді, қандай көп қырлы болса, онымен, алысар жағымсыз образдар да сондай сенімді, тартысуға тұратын етіп жасалуы керек. Конфликт дегеніміз екі түрлі, я болмаса одан да көбірек көзқарастардың іс жүзіндегі әрекетке айналған тартысы. Тартыс арқауының бір ұшын мықты қолға беріп, екінші жағын жарымжан біреуге тапсырсаң, бұдан ең ал-

дымен ұтпай шығатын жағымды геройың болады. Бұлай болғанда біз үлкен әлеуметтік мәні бар тартыс орнына, орыс тілімен айтқанда «тышқандардың тырбаңдасуын» ғана бере алған боламыз. Автордың үлкен идеясы өмірдің әрбір кезеңіне, әрбір нақтылы деп аталатын жағдайға лайық сенімді күрестер, тартыстар арқылы өсіп келіп, ақтық нәтижесімен ойыңа ұялап қалады. Ал, тартыстың өзі шығарманың композициялық құрылысымен бірге өседі. Тартыстардың бұрмасы мен соқпасы әрі жеткілікті, әрі созымды болуы таңдап алған геройларыңа, талғап бере алған әрекеттеріңе байланысты. Образ іс жүзіндегі, әрекет туғызарлық ойлар арқылы жасалады. Тегінде әрекетсіз образ жоқ. Кейде біз көбінесе шығарманың идеялық мазмұнын тереңірек ұғынамыз да, көркемдік дегенді шығарманың тіліне ғана байланыстырамыз. Дұрысында көркемдік деген жалғыз ғана тіл емес, сонымен бірге композиция шеберлігі, оқиға желісінің сатылап жоғары өрлей беруі, тартыстардың дамуы, образдардың өсуі, эстетикалық шектерден шығып кетпеу сияқты мәселелердің барлығын қамтиды. Осылардың бәрі, мен айтып тұрғандай олпылы-солпылы қарапайым мағынада емес, теорияның терең де, толық мағынасында, бірінен бірін айырмай, бөлмей, бірімен бірін бүркемелемей, тұтас күйінде әрбір шығарманың алдына қойылатын талаптар. Ал, бұл талаптардың қай дәрежеде орындалуы жазушының идеялық және көркемдік күшіне байланысты, шеберлігіне байланысты. Мен ең алдымен Мұхтардың «Абай» романын атағанда социалистік реализм әдісінің идеялық көркемдік талаптарына ең толығырақ жауап беретін шығармамыз деп атаймын.

«Абай» романдары қазақ совет прозасының қалыптасуына көмектесуімен бірге шығарма алдына қойылар талап дәрежесін жаңа бір биікке көтерді. Жазушылық өнерден сенімді үміті бар жасымыз да, жасамысымыз да «Абайдан» үйрене отырамыз, сүйене де отырамыз. Ең алдымен «Абай» романындағы образдың көбі-ақ, әсіресе Абайдың өзі, Белинский айтқан «таныс бейтаныс» (знакомый незнакомец) дәрежесіне көтеріле алған. Ақын Абайды әрқайсымыз қалай ұғынсақ, ішкі-сыртқы сипатымен қалай көз алдымызға әкеле алсақ, Мұхтар Абайды сол бейнеде көрсете алды. Сондықтан Абай алғашқы кездескенде-ақ мен сол халық көңіліне орнаған Абайыңмын деп тұрғандай болады. Оқушы жұртшылығы күдіксіз сеніммен қабылдады. Абайдың өз шығармаларынан, халық есінде қалған нәрселерден ұзақ жылдар бойында әрі үстемеленіп, тереңдеп, сондықтан қиындап та кеткен Абайдың ішкі дүниесі Мұхтар романында көп нәрселерден ары-

лып, шынын тапқан. Абай әрі ұлы ақын, әрі өз заманынан биік тұрған қоғам қайраткері, бүкіл қазақ халқының болашақ тағдырын ойлап күйзелген және соған жөн сілтеген ұлы орыс халқымен бауырласуға шақырған адам екенін біз романның өнбойынан көріп отырмыз.

Сонымен бірге, Абайдың арқа сүйер адамдары да қалың еңбек бұқарасының әр тобынан алынып, әрқайсысы сөз шындығымен, дараланған бейнесімен көрінеді. Дәркембай, Базаралы, Дәрмен сияқты адамдар лайымен тұнған феодалдық-патриархалдық болмыстың қазақ даласында әлі де берік тұрған қорғандарына өз заманына лайық әрекеттерімен қарсы аттанады. «Абай» романынан біз бұқара бас көтеруінің оқыс мінездерін де, әлсіздігін де көреміз. Ол даланың шындығы болатын.

Мұхтар Абайдың өз образын, бұқара өкілдерінің образдарын даралай да кесек жасай отырып, қарсы жақты да әлсіретпеген. Абайға қарсы топтың ішінде үріп қалсаң, ұшып кете қояйын деп тұрған бір адам жоқ. Құнанбайдан бастап Тәкежанның баласына дейін созылатын тоң мойын бір топ барлық үстем ескілігімен қайнасып қалған күйінде Абайдың өмір бойы алысқан өз айналасы болса, Алшынбай, Бөжей, Қаратай және басқалар арқылы біз қазақ даласындағы феодализмнің беріктігін көреміз. Бұл бір жағынан заман шындығы болса, екінші жағынан әлеуметтік тартыстың қарама-қарсы күресушілерінің бір жағын оғаш күшті, бір жағын күресуге тұрмайтын әлсіз етіп шығармайтын дұрыс тәсіл.

«Абай» романында Қодар өлімінің шын себебі болып шығатын әлсіз рулардың жерін тартып алу әлеуметтік тартыстың басы болса, сол тартыс төрт кітаптың өнбойында әлсіремей, ылғи қызықтырып, оқушыны еріксіз жетелеп отырады. Дәркембай, Тоғжан, Иіс кемпір, әсіресе, Абайдың өз тағдырына кейде жаның ауырса, кейде бірге қуанасың. Мен мұны жазушының композициялық шеберлігі, оқиғаны өсіре білуі, образдарын әрекет үстінде өсіріп, шын сүйгізе алғаны, не шын безіндіре алғаны деп танимын. Бұған жазушының кең тынысты, ойлы да образды тілін қоссақ, «Абай» романдарының бірсыпыра өзгешеліктерін толығырақ ұғынған боламыз.

Оқиға шеңбері жарты ғасырлық болса да одан арғы бірнеше ғасырлардың шындығын да қамти отыратын кең жайылымды роман түптеп келгенде барлық қазақ халқының болашақ тағдырына байланысты үлкен бір идеяны ойыңа құяды. Ол — ұзақ ғасырлар бойында қоғамдық өркендеудің төменгі сатысында тұрып қалған қазақ халқының болашағы ұлы орыс халқымен достасуда, сол халықтың алға сүйрер мәдениетін-

де, ойында екендігі. Шеберлікпен өрбітіп әкеліп, шеберлікпен берілген идея әдейіліксіз-ақ, сығарлаусыз-ақ сана-сезіміңе ұялап қалады. Өйткені, сол идеяның тартыс жолында жазушы сені талай толғандырды, талай мұңайтты да қайғыртты, енді сен сол идеяның жеңіп шыққанына бар сезіміңмен қуанасың. Әлеуметтік, таптық күрестердің стихиялы түрі өзін өзі сарқып болып, енді қазақ бұқарасының алдында революциялы дәуір тұрғанын сезінесің. Абайды біздің заманға жақындатар идеялық желі де осы.

Әрине, «Абай» романдары алды-артымен байланыссыз өздігінен ғана туа салған жоқ. Оның алдында он бес — жиырма жыл ішінде өмір сүрген қазақ совет прозасының, соның ішінде Мұхтардың өзінің де тәжірибесі бар еді. Осы кезде шеберліктің көп сырларын меңгерген, кемелденген, дер шағында деп атарлық жазушыларымыз ол кезде жас та тәжірибесіз болғандарымен прозаның жеңіл түрлерін едәуір меңгеріп қалып еді. Сәбит Мұқанов сияқты қазақ совет әдебиетінің іргесін қаласушылардың бірі ондаған мың жолдармен саналатын поэзиясымен қатар бірнеше роман да беріп тастаған. Қазақ романының төл басы деп саналатын «Жұмбақ жалау» «Абай» романының тууына әсер етті, жалпы алғанда прозамыздың өсуіне де әсер етті. «Жұмбақ жалау» романы қазақ совет прозасында да, оның ішінде Сәбит Мұқановтың өз творчествосында да өзінің елеулі орнын алады. Оның негізгі бір себебі — Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты прогресшіл ойшылдарымыздың арман етсе де, шешімін нұсқай алмаған әлеуметтік, таптық қайшылықтардың, сонымен бірге қазақ халқының барлық болашақ тағдыры пролетариат революциясы арқылы шешілгенін біздің әдебиетте ең алдымен «Жұмбақ жалау» романынан көреміз. Абай мен Шоқанды жеке-жеке толғандырған, бірақ олардың көбінесе жекелеп алатын қазақ даласында әлі заманы тумағандықтан жөнін де сілтей алмаған революциялық жолға «Жұмбақ жалаудың» бас геройы Асқар түседі. Шоқан мен Абай дәуірлері Асқарды революциялық биікке көтеретін әлеуметтік қарым-қатнастардың баспалдағы болады да, Асқар өзі Абай, Шоқандардың өзгерген жаңа жағдайдағы логикалық жалғасы болып шығады. Мен Асқарды да Белинский айтқан «таныс бейтаныс» кейіпкердің қатарына қосамын.

Ауылдық мектептің жұпыны ғана мұғалімдігінен өсіріп алып шыққан Асқар қазір бізде бұқаралық қазақ интеллигенциясынан шыққан революционер образында берік қалыптасып қалды. Оның себебі бұл образдың өз дәуірінде толық бейне болып шығуында. Жазушы бас геройын оңай жолмен

бірден-ақ қызарта салмай, басынан талай ауытқуларды кешіріп, дала санасының өзіндей баяу өсіріп, аяғында қалыптасқан революционер дәрежесіне көтереді. Жазушы оны белсенді әрекет арқылы да ішкі, сыртқы сезім, ой құбылыстары арқылы да толық әзірлеген.

Асқар образында бұл айтылғаннан гөрі тереңірек те мән бар. Осы образ арқылы жазушы үлкен бір идеяны жақсы ашады: ол — революциядан бұрынғы қазақ халқы сияқты елдерге Асқар жүріп өткен жолдан басқа жол жоқ, басқа жолдардың бір де-бірі бақытсыздық, теңсіздік, өгейлік шеңберінен шығара алмайды деген идея.

Сәбиттің «Жұмбақ жалау» романы өзінің ұзақ өмірлі еңбек екенін танытқан роман. Жазушы бұл романында социалистік реализм әдісінің талаптарына көп тұрғылардан толық жауап бере алды. Талап ретінде оңай қойылғанмен орындауы қиынға түсетін әлеуметтік, таптық тартыстар «Жұмбақ жалау» романында басты геройлардың тағдырына тығыз байланыстыра берілгендіктен кітаптың аяғына дейін әлсіремей, ой мен сезімге бірдей қонымды болып шығады. Сәбит бұл романында идеялық және көркемдік талаптардың өсуіне сай өз өскендігін де көрсетті. «Жұмбақ жалау» да бас геройдың серіктері де, қарсы жақтың адамдары да күресе алатын, күресуге тұратын, созымды тартысқа шыдасатын етіп алынған. Осындай басты қасиеттерімен, көп роман жазып ысылған, піскен жазушымыздың алдына енді одан да салмақтырақ талаптар қоюға болатынын да аңғарта, «Жұмбақ жалау» романы қазақ совет прозасынан өзінің үлкен орнын алып қалды. Менің бір қарсы боларым осы романның «Ботакөз» деп өзгерткен аты жөнінде. Сайып келгенде басты герой қазақтың қызы емес, ұлы болғандықтан және кітаптың негізгі салмағы лирикалық қосалқы тақырыпта емес, әлеуметтік тартыста болғандықтан, бұл аты кітаптың үлкен идеясын азды-көпті әлсіретіп тұрған сияқтанады. «Жұмбақ жалау» екінші съезіміздің қарсаңында шығып содан бері көп айтылып, жете бағаланып келе жатқандықтан, мен осымен ғана тоқтағым келеді.

Мен жоғарыда қазақ совет прозасының социалистік өмірімізге өктем араласып, бүгінгі күнімізбен бірге ертеңіміздің мәселелерін де көтере бастаған бағыты барлығын ескерттім. Бұл сияқты болашағы нәрлі сезілетін игілікті бет бізде алдымен Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер» атты еңбектерінен басталып, кейінірек «Сырдария», «Алғашқы айлар», «Болашаққа жол», «Кең өріс» сияқты роман, повестермен толықтанып келеді. Тұтас алғанда реалистік өмір негізінде өрістеп келе жатқан қазақ совет прозасының бұл бағыт

жаңа бір қырқасы. Айта кетуге міндеттіміз, бұл жаңалығымыз Ғабиден Мұстафин романдарынан басталады.

Екі съездің арасындағы он бес жылдың ішінде үш роман берген Ғабиден Мұстафин осы дәуірдің ішінде қазақ совет прозасынан өзінің тиісті орнын алумен бірге әдебиетіміздің бетін бүгінгі өмірге бұруымызға да үлкен жетекші болды. Бұл оның творчестволық биографиясындағы елеулі ерекшелігі. Басқа жаққа ауытқымай, бүгінгі совет шындығын жырлау екінің бірінде кездесе де бермейді. Оның үстіне, жазушының іздену талаптары тұтас бір бағытта болғандықтан табысы да олқы емес. Ғабиден типтерді де, типтік жағдайларды да өзіміздің совет шындығынан алып өсіп келеді.

Ғабиденнің «Миллионері» көп тілдерге аударылып, халық аралық кең арнаға шығып кетті. Бірақ мен өз қара басым социалистік реализм талаптарына толығырақ жауап беретін роман «Шығанақ» деп білемін. «Шығанақ» менің ойымша біздегі көп жайларды ашады. Романның бас кейіпкері Шығанақтың өзі күріштегі, қызылшадағы, мал шаруашылығындағы еңбек адамдарының озық адамдардың жиынтық бейнесін береді. Сондықтан бұл шын мағынасындағы типтік кейіпкер. Шығанақтың ұлттық бейнесі де, еңбектегі тәжірибесін ғылымға сүйеуге ұмтылған озық ойы мен табандылығы да әлеуметтік мағынадағы типтілікке жатады. Ең жақсысы — Шығанақтың еңбек әрекеттерінде, ойлау жүйесінде жасандылық жоқ, ол өзінің қарапайымдылығымен, колхозшыға тән шындығымен нанымды жасалған. Шығанақ мінез-құлық, психика, өмір сүру жақтарынан ұлттық дәстүрдің жақсы жақтарын бойына сіңірген, сонымен бірге ол шеңберде қалып қоймаған біздің дәуірдің озық еңбекшісі, сондықтан да ол колхозшы көпшілігіне өнегелі образ болып қалды.

Жазушы Шығанақтың жаңашылдық жолындағы көп іздену, еңбектену жақтарын көрсетумен бірге қазақ колхоздарының нақтылы жайларындағы ескілік қалдықтарын да, көз бояу, құр айқай сияқты біздің жағдайда шын болған, колхоз өмірінің өсуіне кесірі тиген нәрселерді де батыл әшкерелей отырады. Меніңше, романның идеялық мазмұнын «жаңашылдар мен ескішілдер» деген сияқты екі сөзбен аңғартуға болса, романдағы жағымды-жағымсыз типтердің бәрі дерлік өзінің жағдайында, өзінің уақытында нанымды алынған. Егістің түсімін арттыру сияқты жаңашылдар бастаған күресті ала отырып, жазушы шындық шеңберінен шығып кетпеген. Реалистік колхоз өмірінің өзіне тән тартыс шындығы бар да, аласұрған тасыр-тұсырымен келетін жалған пафос жоқ. «Шығанақ» осынысымен-ақ жалықтырмай оқылып шығады. Олай

болса, жазушы алған идеясын жеткізе аларлық көркемдік шешімін тапқан. Сондықтан мен социалистік реализм эдісінің қоятын талаптарына «Миллионерден» гөрі «Шығанақ» толығырақ жауап берді деймін.

Сөз жоқ, «Миллионер» колхоз құрылысының өсіп-нығаю жолындағы аса бір маңызды мәселесін көтереді. Ол қоғамдық меншік пен жеке меншіктің арасында біріне-бірі бөгеу болмай сүйеу болатын белгілі бір теңдестік шегі қойылуын талап етеді. Бұл жазушының байыған колхоздың шындығынан алып, ертеңгі күні барлық колхоздар үшін ұсынған идеясы, сеніп ұсынған болжалы.

Колхоздың қоғамдық меншігі молайған сайын колхозшының жеке меншігін өсіре берудің қажеті азая беретінін біз бірталай озық колхоздардың тәжірибесінен көріп отырмыз. Колхоз мүшелерінің шаруашылық мұң-мұқтажын еңбек күнінің табысы артырымен жауып отырған колхоздарда жеке меншіктің жайыла беруі кейде сол еңбек күнінің өсе беруіне бөгесін жасайды. Егер жазушы Ахмет образын осы тұрғыдан алып, колхоздың қорланған мол табысына қарай еңбек күнінің салмағы ауырлағанын суреттеу арқылы жеке меншіктің бөгеу бола бастаған процесін көрсетсе, «Миллионер» ертеңгі күннің үлкен бір мәселесіне дұрыс прогноз жасаған болар еді де, Ахмет образы саяси мағнадағы типке айналар еді. Кітапта бұл идея тартыс желісіне кірмеген, ол идеяның жақтаушылары мен қарсыласушылары да жоқ. «Миллионердегі» тартыс желісі жаңашыл Жомарт пен тоқырап қалған Жақыптың арасына ауып кетеді де, үлкен идея, автордың өзі де сене алмай көтергендей, тартыс әрекетінен оңай шығып қалады.

Социалистік өмірімізге өктем араласудың талабынан туған үлкен еңбектің бірі — Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы. Мұнда біз сусыздықтан қысырап жатқан көп жерді ұйымдасқан колхоз еңбегі арқылы қоғам байлығына айналдырып жатқандарды көреміз. Жазушының адал ойы Ұлы Отан соғысының қиын жағдайларында да социалистік елде экономикалық, мәдениеттік құрылыстар тоқтап қалмай, қайта, бейбіт еңбегімізге апатты содырын тигізген фашизмге қарсы кекті жігермен қарыштай беруін көрсету. Бұқара тіршілігін жақсы білетін жазушымыз сол ауыр жағдайда халықтық еңбек творчествосының ірі-ұсақты, ескілі-жаңалы табыстарын да қамти отырады. Біздің елде канал қазу, плотина салу сияқты үлкен құрылыстардың жалпы халықтық қозғалысқа айналғанын суреттейді. Колхоз өндірісін кеңейту, молықтыру көзімен қарағанда «Сырдария» романы қазіргі тың жерлерді меңгеру міндеттерімен де үндес шығады. «Сырда-

риядағы» бас геройлардың бірі адал еңбектің адамы Сырбай, Шығанақ сияқты о да типтік кейіпкерге айналып кетті. Шығанақ пен Сырбай типтес бір шалдар соңғы жылдарда басқа жазушыларымыздың пьесаларында да кіріп жүр. Совет еліндегі үлкен шындықтарды көрсету жолында «Сырдарияның» осындай мәні бар.

Бұрын көшпенді, мал өсірумен ғана айналысқан қазақ сияқты халыққа бүгін егін егу, канал қазу, ауыл шаруашылығының жаңа техникасын меңгеру, шын мағынасындағы социалистік еңбектің озық өнегелерін бойына сіңіру барлық жерде бірдей оңайшылықпен табылып жатқан жоқ. Бұл мәселелер жөнінде бізде әлі де толып жатқан теріс ыңғайлықтар кездеседі. Совет Одағының озық аудандарында алдақашан кешіп өткен кезеңге айналған нәрселер біздің кейбір қазақ колхоздарында әлі жойылып болған жоқ. Қоғамдық меншіктен гөрі жеке меншігіне көбірек зейін аудару, жалқаулық, қыдырымпаздық, техниканы тез меңгеруге селсоқтық сияқты ескі ауылдың әдеттері әлі де көп күресуді керек етеді. Сондықтан, «Сырдария», «Кең өріс» сияқты социалистік еңбекті жырлайтын шығармалардың әлеуметтік мәні барлығын бағалай білуіміз керек.

Социалистік өміріміздің ауыл шаруашылық саласының басты мәселелерін көтеруге арналған осындай бір топ шығармаларымыз болса, қазір жұмысшылар өмірінен алынып жазылған тағы бірнеше елеулі еңбектеріміз бар. Жазушыларымыз көмір, мұнай, балықшылар өмірі сияқты тақырыптарды алып, бір кезде тұтасынан тусып жатқан тыңды көтеріп келеді. Айта кету керек, жұмысшы өмірінің тақырыптарына тереңдей алған жазушылардың өкінбейтіні байқалады. Әлеуметтік озық таптың қай дәуірде де қандай күресте де алда отыратындығы жазушыларымызға прогресс жолындағы үлкен идеяларды беріп келеді. Ірі өндірістің ауыл шаруашылығын мол құдіретпен көтеріп әкететін ерекшелігі сияқты, жұмыскер табының өмірі әдебиетімізге де қорлы нәр болатындығын көрсете бастады: Аз уақыттың ішінде-ақ ауызға алынып, нанымды тип деп танылған жұмысшы образдары жасалды. Бұл өмірмен таныстығы жоқ қазақ оқушыларының рухани дүниесін кеңіте түсетін еңбектер туды.

Жұмысшы тұрмысы біздің оқушыларымызға қандай жаңалық болса, жазушыларымызға да сондай жүрексініп барған жаңалық еді, қазір біз ол дәуірден өтіп, үлкен бір тақырыпты меңгере бастаған сенім үстіндеміз. Жұмысшы табының өмірін көрсетуге арналған еңбектердің ішінен қазақша және орысша басылып шығып, оқушы жұртшылығына кеңірек та-

ныс болған Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романын алғым келеді. Орталық және республикалық баспасөз орындарымен қатар оқушыларымыздың бағалауына қарағанда бұл роман көздеген мақсатын атқара алды деп білемін. Бұған дейін бірнеше роман жазып қаламы төселген жазушымыз бұл романында сенімді жасалған образдар берді. Арғы дәуірден қалған мұра деп танырлық еш нәрсе жоқ жалаңаш далада Қарағанды сияқты алыптың қалай орнағанын көрсетті. «Қарағанды» романы совет жұмысшыларының бүгінгі дәуірі, онда сыйпатталатын совет адамдары. Романның Мейрам, Щербаков сияқты басты кейіпкерлері типтік талаптарға жауап бере алады да, роман өзі көркем шығармаға қойылатын идеялық және көркемдік талаптарымызға негізінде қанағаттанарлық жауап береді. Совет жұмысшыларының өмірін көрсетуде пионерлік жасаған бірінші романымызды оқушы жұртшылығымыз жақсы қарсы алды. Бұл кітаптың құндылығын сыйпаттайды.

Бұл дәуірдегі қазақ совет прозасының бір ерекшелігі өмірге өктем араласуында деп жоғарыда ескерткен едік. Осы өзгешелігімізді жас прозаиктарымыз туралы да айтуға әбден болады. Мұқан Иманжанов өзінің «Алғашқы айлар» деген повестінде қазір өте зор маңызы бар оқушыларға политехникалық білім беруді көтерсе, Сафуан Шаймерденов «Болашаққа жол» деген көпті үміттендіретін романында биология ғылымының майданындағы кертартпалықпен күресуді көтереді. Жас жазушыларымыздың бірі Әбдіжаміл Нұрпеисов Ұлы Отан соғысы сияқты үлкен сында коммунистік партия тәрбиелеп өсірген совет жастарының қажыр-қайратымен бірге саналылығын суреттейді. Жас таланттарымыздың шығармалары арқылы Бозжанов, Добров сияқты ғалымдардың, Есей, Скориков сияқты совет жауынгерлерінің сүйкімді образдары келіп қосылды. Совет жастарының мінез-құлқын, сана-сезімдерін суреттеуде жас жазушыларымыздың әрқайсысында өзіндік ерекшелік жақсы білгендіктен, жақсы сезінгендіктен ғана туатын нәзік детальдау, балғын бояулар бар. Бұл біздің прозаға өте керектің бірі.

Бұл айтылғандардан жасалғалы келе жатқан бірінші қортындым — қазақ совет прозасы тақырып кеңдігі, өмірге өктем араласу, идеялық жақтарынан дұрыс бағытта және сатысаты өсу, тереңдеу жолында демекпін. Бұл біздің алдағы күнде де кеңейте түсетін, тереңдете түсетін бағытымыз.

Сонымен қатар, социалистік реализм әдісінің идялық және көркемдік талаптарына қазақ совет прозасы түгел толық жауап бере алар дәрежеге жетті десек, не болмаса жоғарыда

айтылғандардан сондай қортындыға келер болсақ, онымыз әрі адастырғандық болар еді. Өсу жолында барлық совет әдебиетіне тән дұрыс бағытын тапқан қазақ совет прозасының әлі шеше алмаған творчестволық көп мәселелері бар. Мен әсіресе осы жақтарымызға денірек көңіл аударғым келеді. Біз идеясыздық, я болмаса идеялық тұрақсыздық деп танырлық нәрселерден арылғанымызбен, идея мен көркемдік арасындағы, тығыз байланысты сақтай алмағандықтан, жақсы идеяның өзін жасытып алудан арылып болғанымыз жоқ. Социалистік реализм талаптарына толығырақ жауап береді деген болып табылмайды. Біздің бір жазушыларымыз типтік образ жасау жағынан молырақ табысты болса, екінші бір жазушымыз өрісті конфликт жасау жағынан табысты, үшінші бір жазушының басымырақ жетістігі басқа жағында. Оның үстіне, социалистік реализм әдісінің көп талаптарына жауап бере алмайтын, сондықтан, идеяны өз қолынан өлтірген шығармалар да бар. Толық мағынасындағы көркемдік арқылы берілмеген идея өлі туғанмен тең. Мұндайлардан біз арылып болғанымыз жоқ.

Мен жоғарыда социалистік реализм әдісінің талаптарына біздің прозамызда ең толық жауап бере алатын шығармамыз деп Әуезов жолдастың Абай жайындағы романдарын атадым. Бірақ жазушының көп жылдық үлкен еңбегі қай жағынан алсақ та толыққанды болып аяқталуына айтар түк тілегіміз болмаса, онымен өзіміздің өспегендігіміз дер едім, не болмаса, сезіне тұра ықтап қалғандық дер едім. Мен өзім «Абай» романдарының басылып шыққан үш кітабына былтырдан бері айтып келе жатқан бірнеше тілегім бар, сонымды қазір де қайталағым келеді.

Маған қазіргі кемеліне келген Абайдың қоғамдық қозғалыстардың басында болмай, көбінесе қасында болуы, бұқараның стихиялық қарсылықтарына керекті кезінде ғана келіп арқа сүйеу болуы жеткіліксіз сияқты көрінеді. Мұны мен басты геройдың, әсіресе бұқара көсемінің орнындағы герой — Абайдың белсенділігі жеткіліксіз деген мағынада қойғым келеді.

Екінші бізге жазушының өзі берген бір үлкен уәде бар. Ол — Чернышевскийдің шәкірттері, я тілектестері арқылы қазақ даласына революционер-демократтардың идеялары жетіп, Абай оны әлденеше рет ұйып тыңдап еді. Сол идеялар қазақ даласынан, яғни бұқара арасынан қандай почва тапты? Сол ұрық себілді ме, себілсе қалай өсті, Абай өз көзқарастарын қай дәрежеде өзгертті? Абай сияқты ақынды өз заманынан не биік, не төмен ететін нәрсе сол заманның қоғамдық

қозғалыстарына көзқарасы болса, Абайдың осы жағы дала шеңберінде ғана қалып қоймауы керек. Абайға арналған бір цикл көп томды романның төртінші кітабы жазылып аяқталса да, әлі пікір алысқанымыз жоқ. Мүмкін, жазушы бұл сұраулардың жауабын сол қортынды томында беріп те қойған болар, бірақ, мен өзім сезінген олқылықтарды айта кетуге міндеттімін деп санаймын. Оның үстіне, соңғы кітаптың журналда жарияланған алғашқы тарауларында ол жауап әзір жоқ екен.

Басқа жазушыларымызға айтар сындарымыз бұдан анағұрлым ауырырақ та көлемдірек болатыны өзінен өзі түсінікті болса керек. Оның себебі социалистік реализм талаптарын жете меңгере алмауымызға байланысты. Біз әсіресе, өзіміздің советтік дәуірді көрсетуге келгенде көбірек ақсаймыз. Жасаған образдарымыз сүйкімді де өмірлі болып шыға бермей жүр, олардың іс әрекеттеріне оқушыны ойдағыдай қызықтыра алмаймыз. Көп жайларда совет адамдарының өмірі сұрғылт шығады да, олардың сана-сезімдерінде қарапайымдықтан гөрі қарадүрсіндік басым танылып тұрады. Рухани таяз геройларды оқушы да ұната алмайды.

Мысалға жоғарыда құнды шығармаларымыздың бірі деп бағалаған «Шығанақ» романынан бір үзінді келтірейік. Мұнда бірін-бірі сүйетін екі жас — Жанбота мен Амантай бір жерде былай сөйлеседі:

«Жанбота таранып, қаранып тұрып-тұрып суға қойып кетті. Амантай атып түсіп, бар киімін сыпырып алды.

— Өй, әдепсіз!— деді Жанбота көре салып.

— Сен әдепсіз!— деп Амантай киімді басып алды.

— Мен неге әдепсіз?

— Е, менің көзімше неге жалаңаштанасың?

— Қашан сенің көзіңше? Жаңа келдің ғой жалақтап.

— Жоқ, мен манадан бері көріп жатқанмын.

— Көзің тойса, киімді бер.

— Көңлім әлі тойған жоқ. Шық бері!

— Сен көрген етімді шабақ жесе болмай ма!

— Ендеше отыр солай,— деді де, Амантай киімді қолтықтап жүре берді.

— Тоқта, тоқта!— деді Жанбота шыдай алмай. Амантай қайта оралды.

— Не айтасың?

— Сен қазақтың ескі салтын істедің. Лайық па осы бойыңа?

— Өзгесін білмеймін, қазақтың осынысы ұнайды маған.

— Мәдениеттен безіп пе ең?

— Малталап езер уақытым жоқ...

— Махаббат нәзік нәрсе, домбайыңа көне бере ме?

— Жоқ, махаббат берік нәрсе. Балталасаң да сынбайды. Кейбіреулер өңдеймін деп мойнын қылдай, сыйрағын шидей қылады да, сынып кетсе, ойбай сап отыра қалады. Менің махаббатым дөрекілеу болар, бірақ сынуға жоқ. Өмірге жетеді.

— Әй, тентек, рас па осы сөзің!— деді Жанбота».

Ғабиденнің «мойны қылдай, аяғы шидей» махаббатқа қарсы қояр жуан мойын махаббаты жазушының сүйкімді образ жасау ниетімен алған жастарын сана-сезім жағынан дөкір етіп, анайылыққа қарай бұрып әкеткен. Суға түскен қыздың киімін ала қашу да, одан кейінгі «лирикалық» диалог та соны қуаттайды. Бұл біздің адам өмірін балтамен жасау дәуірінен аттап өтіп, өткірдің жүзімен жасайтын кезеңге шыққақ та, оны меңгере алмағандығымызды көрсетеді.

Эстетикалық шектерге мән бермей, қарадүрсіндікке, кейде тіпті дөрекі натурализмге соғатын жайлар соңғы дәуірдің ішінде Сәбит Мұқанов жолдастың шығармаларында көбірек кездесіп жүр. Атап айтқанда «Балуан шолақ» повестіндегі идеялық және көркемдік кемшіліктері осы натурализм жеңісі еді. Жазушының жағымды кейіпкер ретінде ұсынған басты геройы Балуан Шолақ ойсыз қара күш, ақты-қараны айыра алмай, күналыға да, күнасызға да орынсыз соқтығатын сотқар болып шықты. Аяқтап келгенде әлеуметтік күрестің саналы қайраткері деп суреттелетін Балуан Шолақ орыс пен қазақ халықтарының достығына содырын тигізетін жексұрын қара күш дәрежесінен аса алмады. Жұртшылығымыз ол кітапты қабылдаған жоқ.

Әлеуметтік салмақты идеяға құрылған Сәбит Мұқанов жолдастың соңғы романы «Сырдария» да ысылған жазушымыздың жаңа биікке көтерілгенін дәлелдей алмайды. Кітапты көтеріп тұрған бүгінгі дәуіріміздің үлкен идеясы болса, ол идея көркемдік шешімін түгел таба алмаған. Романның көптеген жақсы жақтары бола тұрса да, соншалықты сәтті шығарма деуге қиналасың. Көп жерде романның композициялық жібі тіпті босап кетеді. Сюжеті бірде тартып, бірде жалықтырып жіберіп отырады. Автор өзі білгенінің бәрін де ретті, ретсіз кітабына тықпалай берген. Мұнда характерлерді ашуға септік етпейтін, негізгі сюжетті желіден алыстатып әкететін естеліктер де, аңыздар да көп. Негізгі басты геройлар да өз бойымен істе көрінбейді. Ал партия өкілдерінің образы тым солғын. Авторлық баяндаулардан, ұзақ-ұзақ диалогтерден әйтеуір олардың ақыл айтқыш, түзу ниетті басшылар екені сезіледі. Бірақ, өз ерекшеліктерімен іс үстінде дараланып, бе-

дерлі көрінбейді. «Сырдария» романындағы орыс адамы Полевой мінез-құлық, салт-сана, ойлау, сезіну, сөйлеу жақтарынан тура қазақтың бір шалы болып шыққан. Романның тілінде де сырдаңдық бар. «Өйтті», «бүйтті» деген құрғақ баяндаулар көп те, тартымды, бедерлі картиналар аз. Адам психологиясына сүңгіп кетіп, тебіренте толқытып отырар нәзік шеберлік сирек ұшырасады. «Сырдария» «Жұмбақ жалаудан» кейінгі жаңа бір биік ретінде қуанта алған жоқ, жазушы жолдастық сындарға да жеткілікті мән берген жоқ.

Ойлап қарасақ, Сәбит басындағы осы сәтсіздіктердің бір ғана себебі барға ұқсайды. Ол себеп идеялық негізде де емес, Сәбиттің жекелеген қателік, кемшіліктері болғаны рас, бірақ оның әрқашан да саяси беті ашық, почвасы берік жазушы. Ол себеп, шеберлік деген мәселенің төңірегінен келіп туатын сияқты.

Сәбит халыққа түсінікті, қарапайым әдебиетті жақтаймын дейді. Бірақ, ол осы категорияларды теріс мағнада түсінеді де, шығармаларын қарадүрсіндікке ұрындырып алады. Сәбит бұл қате түсінігін түзеу жолында ойлануға тиісті. Ең алдымен бұл қате түсінік он-он бес жыл бойына оның талантына бұғау болып келгенін түсінуге тиісті.

Социалистік эстетика халыққа түсініктілік дегенді көркемдіктің ең биік шыңы деп түсінеді. Бірақ, бұл қарадүрсінділік емес, әлі қолымыз еркін жете алмай жүрген биік талап, үлкен шеберлікті тілейтін талап.

Партиямыз совет адамының идеялық және мәдени дәрежесінің өскендігін, ал оның талғауы әдебиеттің ең жақсы шығармаларымен кемерлес келетінін үнемі ескертіп келеді. Ал, қарадүрсін шығармалар бүгінгі совет адамының талғауына татымайды.

Әлжапар Әбішев және Ғабдол Сланов жолдастарға мен бұдан да қаталырақ сын айтқым келеді. Бұл екі жазушымыздың прозаға қатынаса бастағанына жиырма жылға жақындап қалды. Әбішев творчествосының ден салмағы драматургияда болғанымен, ол проза жанрында да төрт-бес повесть жазған адам. Айта кету керек, республикалық және орталық баспасөз бетінде қатал сынға ұшыраған «Жас түлектер» повесі драмалық жанрға аударылып «Достық пен махаббат» деген пьесаға айналғанда сол сындардың жәрдемі тиюмен бірге кейде асыра сілтегендік болғаны да байқалды. Автордың идеясында совет жастарын қисық айна арқылы көрсету мақсаты жоқ екен. Дегенмен, Ұлы Отан соғысының ерлері арқылы совет жастарының қандай сынға да қайыспайтындығын көрсетуге арналған повесть әдебиетіміздің қорына қосылып қала алма-

ды. Одан бұрын жазғандары да, кейін жазғандары да соған ұшырады. Біздің жазушы жұртшылығымызды ең ауыр ренжіткен Әбішев жолдастың ең соңғы жазған «Сахра сәулеті» және «Терең тамырлар» деген повестері. Көркем әдебиетке қойылар талаптардың өскен дәуірінде Әбішев жолдас біздің алдымызға қоғамдық шаруашылықты өсіру, молайту керектігі сияқты жалаң идеяны ғана әкеліп салды. Көркемдік, шеберлік деген жақтардан ойланбағандық көрсетті. Қандай дәрежеде нашар жазылғандықтың мысалдарын бұл екі еңбектің қай бетінен де оңай табуға болса да, ондайды қызықтау дәуірінен өттік қой деген оймен, мен ол мысалдарды келтіріп жатуды артық көрдім: Бірақ, жақсы жазылғандықтың мысалдары қиындықпен кездеседі. Әсіресе, соңғы «Терең тамырлар» деген повесті олай ет, былай ет деуге де келе бермейді, яғни, сынмен түзелердің катарына қосу қиын. Көрер көзге жасанды конфликт, ашықтан ашық боямалау, өмірдің өз қайшылықтарының орнына оны жалаң схема түрінде ойдан жасау сияқты, социалистік реализмге қарсы келер тәсілдер Әбішев шығармаларының бәрінде де мол кездеседі. Әсіресе, қатал сындарға ұшырасқаннан кейін одан сабақ алып, қатеңді іздеп табу деген жақтарда Әбішев жолдас әзір күткен жауабымызды бере алған жоқ. Соның салдарынан алғашқы ұсақ әңгімелері арқылы оқушыларын үміттендірген жазушымыз жиырма жылдан кейін ол үмітті босқа сайып барады.

Жазушылардың табыстарына қандай қуана білсек, сәтсіздікке ұшырауына сондай қайғыра да білуіміз керек. Жазуға қабілеті бар адамның сәтсіздікке ұшырай беруін мен социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік талаптарына тереңдемеуде, керекті өнегені совет әдебиетінің тәжрибесінен іздемей, басқа жаққа ауытқуында деп ойлаймын. Біздің бірден бір творчестволық мектебіміз ұлы орыс халқының XIX ғасырдағы реалистік әдебиеті мен қазіргі совет әдебиеті. Жоғары идеялылықты біз марксизм-ленинизм ғылымынан үйренсек, көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін, шеберлік жолын А. М. Горький, Маяковский бастаған, осында отырған құрметті қонағымыз Шолоховтан, Леонов, Толстой, Фадеев сияқты социалистік реализм әдебиетінің озық жазушыларынан үйренеміз. Біздің кейбір жазушыларымыз үйрену, оқу, шеберлену деген жақтарда үлкен үстірттік жасайды. Оның аяғы үлкен көңілсіздікке соғарын жете бағаламайды да.

Әлжаппар Әбішев жолдас өткен пленумда өзін әлі жанрын таба алмаған жазушылардың қатарына қосып еді, мен сол іздеген өнімді жанры драматургия ма деген қортындыға келемін.

Әлжаппар Әбішев жолдасқа айтқанды аз-кем өзгертіп Ғабдол Сланов жолдасқа айтуға болады да, ол екеуіне айтқанды әдебиетке олардан көп бұрын келген Мағзұм Тиесов жолдасқа айтуға болады.

Сланов жиырма жылдық тәжрибесі бар, Совет дәуірінің үлкен-үлкен тақырыптарына төрт роман берген жазушы. Жазушының барлық өмірін арнағаны әдебиет те, жанры бірыңғай проза. Сондықтан, ысылып-шеберленер уақыты да жетті. Бірақ, Сланов жолдастың еңбектерінің өмірі қысқа, әдебиетіміздің қорынан оңай шығып қала береді, жасаған образдары есте қалмайды. Мысалы «Жанартау» мен «Кең өріс» (қазіргі «Шалқар») социалистік бай өміріміздің үлкен салаларына, жазушының аса жауапты қарайтын тақырыптарына арналған. Ал, тақырыпты меңгеру жағынан ешбір баяндамаға сия алмайтын кемшіліктері бар. Идея мен көркемдік арасында толып жатқан шалғайлық кездеседі. Автор тартыс желісін құру, образдарын ішкі-сыртқы мінездемелермен үнемі толықтыра отырудың орнына әзір тұрған схеманы өрлеп шұбалта береді. Конфликт жасанды болғандықтан өрістей алмайды да, кітап көлденең әкеліп қабаттастырған әңгімелермен өседі. Ұзақ желісі бар тартыстың бұрылыс-қалтарыстарымен бірге өсіріп отырмағандықтан, алған образдары басында қалай көрінсе, кітаптың аяғында да сол күйінде, өспеген, ашылмаған күйінде қалады. Басылып шыққан жаңа кітап ретінде бір шолып шықтың, енді қайтып оралмайсың. Оның себебі — роман жалған конфликтіге құрылған. «Шалқардың» басында Тасеген орманына жол салу мәселесі көтеріледі. Біреу жолды орманнан тура колхозға тарту керек дейді. Екінші біреу станцияға тарту керек дейді. Алғашқының екіншіге айтар қарсылығы — жол станцияға тартылса, орман аудан уысынан шығып кетеді дегенде ғана. Және автор осы жершілдік мәселесін қуаттап отыр. Жершілдік деген онша қуаттайтын, оның үстіне проблема етіп қостай көтеретін мәселе болып саналмайды. Ал, жол салу деген елеулі конфликт те емес қой. Мұндай істерде образды өсіру де оңайға соқпайды.

Көркем әдебиет жалаң ғана жақсы ниет, жалаң ғана идея емес екендігін жазушыларымыз жақсы білуге тиісті. Идея дегеніміз көркем суреттер арқылы, тартыс әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын мақсат. Ол мақсат көркемдіктің басты шарттарын орындау арқылы ғана іске асып идеяға айналады. Оның түп тамыры шеберлікке әкеп тірейді. Ал қазіргі дәуірде шеберлікті өзіне өзі үлкен талап етіп қоймаған жазушы, сөз жоқ, қауіпті халға ұшырасады. Идеялы шығарма деген ең алдымен шын мағынасындағы көркем шығарма деген сөз

екенін терең ұғынарлық уақыт жетті. Көркем болып көріне алмаған авторлық ниет ешуақытта да идеяға айнала алмайды.

Проза жанрына келіп қосылғанына ширек ғасырдан асқан Мағзұм Тиесов жолдасқа да осыларды айтқым келетінін жоғарыда ескерттім. Оған қосарым «Құтқару» сияқты повесть өзің редактор болып тұрғанда ғана басуға болатын, тексеріске салып, сын айтуды көтермейтін нәрсе екен. Бұдан басқа бітірген еңбегін әлі көргеніміз жоқ.

Әлжаппар Әбішев, Ғабдол Сланов жолдастар туралы бір айта кетерлік елеулі кемшілігіміз бар. Ол Жазушылар ұйымының ішіндегі әртүрлі сауықпаған жағдайларға байланысты, әдебиетке сонша жылдар еңбек сіңірген адамдардың шығармалары талқыға салынбай келгендігі, біз бұл жолдастардың әрбір шығармаларындағы кемшіліктерін кезінде айқын көрсетіп, сын жәрдемін берудің орнына, көңіл жықпайтын либералдық жасап маңдайдан сыйпап келдік. Бұл жазушыға жолдастық жәрдем де емес, әсіресе адалдық емес, кімді болса да өсірмейтін нәрсе. Мен әлі де бұл жазушылардың не жазғандарын сонау басынан бастап тексеріп, адасқан жерлерін, ұғынбаған нәрселерін айқын-айқын көрсетіп беру керек деймін. Жазушының нашар жазғанын айта салу оңай да, одан құтылу жолын дұрыс сілтеу көп еңбекті керек етеді. Бұл біздің ұйымның әлі күнге қолға ала алмай келе жатқан ісі.

Осы айтылғандарға қарайлас кемшіліктер Мұқан Иманжановтың, Жәрдем Тілековтің тағы басқа бірталай жас прозаиктердің шығармаларынан да көп кездеседі. Біразының әлі қалыптаспаған жазушы екендіктерін ескере отыра, тегінде теріс бағыт алып кетпеулерін де ұмытпауымыз керек.

Иманжанов жолдас «Алғашқы айлар» деген повестінде бүгін маңызы зор, оқушыларға политехникалық білім беру мәселесін сөз етеді. Ал, автордың осы ниеті идея дәрежесіне көтеріле алды ма деген сұраққа, не деп жауап беру қиын-ақ. Оның басты себебі — осы повестегі коллизияның жалғандығында. Автор оқуды жаңа бітіріп келген жас жігітті бүкіл ауылға, ондағы еңбек адамдарына қарсы қояды. Барлық істің бастамасы осы оқу бітіріп келген жас жігіт Жақыпбектен таралып жатады. Ал егер, Жақыпбек бұл ауылға келмесе ше? Онда жаңағы көтерілген мәселенің бірде бірі шешілмейтін сияқты. Конфликт мәселесіне бұлай жеңіл қарауға болмайды. Оның үстіне Иманжановтың бойында жасандылық, сентиментализм, жеңіл күйректік, кейде сырты жылтыр, іші қуыс сөздерді қуалап кетушілік қалыңдап барады.

Иманжановтың 1948 жылы шыққан жинағында «Гүл» деген қысқа әңгімесі бар. Осы әңгімені оқысаң, әлденеден Тур-

геневтің «Әкелер мен балалар» романындағы Базаров есіңе түседі.

Түсінбей, үстірт оқыған адамға «Әкелер мен балалардың» бар мазмұны мынау ғана: Базаров жолдасына еріп каникул кезінде деревняға келгенде, қолын жарақаттап алады да, өліп қалады. Ақыры бір төмпешік қабырдың үстінде күйініште ата-ананы көресің.

Иманжанов та да осылай. Бұл әңгіменің екінші абзацы. «Аты Арман еді оның. Атына лайық өзі де арманда кеткен, жастай қыршынынан қиылған жан еді»— деп басталады. Не сұмдық болып қалды деп әрі оқысаң, оқиға былай екен: сүйген қызы қысқы каникулға кеткенде Арман деген жігіт лимонад ішіп, суық тиеді де, өліп қалады. Содан кейін қыз бен жолдасының күйініші, ақыры төмпешікке айналған мола, оның басында өскен гүл, молаға келген сүйген жары, сүйікті шешесі, адал досы... Бары осы ғана.

Иманжанов жолдас бұл әңгімесінде не айтпақ болғаны маған жете алған жоқ. Егер бұл трагедиялық сарын болса, онда толып жатқан үстірт ұғынғандық, сырт еліктеушілік деуден басқа аты жоқ.

Бұл әңгіме Иманжановтың жасырақ кезінде, 1940 жылы жазылған екен. Сол себепті ол туралы айтпаса да болатын еді. Бірақ, жазушы бұл әңгімесін сегіз жыл өткеннен кейін 1948 жылғы жинағына да қосқан. Сентименталдық элемент Иманжановтың барлық еңбектерінен де кездесіп отырады. Бізге күдік салатыны да осы. Мен оған мұндай жалған трагедиядан, сентиментализмнен аулақ бол дегенді қатты ескерту керек деген қортындыға келдім.

Совет жастарының типтік ерекшелігі күйректікте емес, өршілдікте, ашықтық пен турашылдықта, өмірлік қуанышты сезінулерінде.

Кейбір жазушыларымыздың бүгінгі күн тақырыбына жазған шығармаларында халқымыздың социалистік өмір тереңіне батыл бойлап, соның сырын ашудың орнына бүгінгі күніміз жақсы, кешегі күніміз жаман еді деу сияқты көбінесе арзан тамашалаулар басым. Ал, несімен тамаша деген сұрауға Тілеков жолдас «Қайнар» деген повесінде былай жауап береді:

«Бұлардың өзара терминдері «гектардан он, немесе он бес центнер астық» емес, «қойдан екі кило жүн». Сондықтан Сарқыт өзін ауыр артиллеристің орнына қойып, Құрманбайды «қол гранатшы» деп келемеждей бастап еді, оны Мария тоқтатып тастады. Өйткені, оның көз алдындағы жүні қырқылып болған Еділбай тұқымдас құнан қой құйрығын зорға

көтеріп орнынан азар тұрды, салмағын өлшетіп көріп еді, сексен бес килограмм тартты. Оның бір кило күзем жүн беретіні даусыз. Оның өзі көп қойдың ішіндегі ең семізі, ең жүндісі болсын-ақ, бірақ, ол өзге бәсеңдерінің бәрі де жыл аяғына дейін өзіндей болып семіру мүмкіндігіне айғақ сияқтанады».

Сонымен Тілековтың алған Еділбай қойы басқа қойлар үшін сүйкімді образ болып шыққан.

Бұл әрине көркемдік бейнелеу жүйесіне жатпайтын, тіпті тілмаш арқылы әрең түсінерлік сөздер. Шығармасына мұндай сөздер кіріп кеткен жазушы өз шығармасының бетін өзі күйелеп жібергендей сезінуі керек.

Бұл айтылғандар өмір шындығын жан-жағынан қоршаулап, әр дәрежедегі биікке көтеріліп, тұтас алғанда жақсы өсіп келе жатқан қазақ совет прозасында кездесіп отырған дөрекі түрдегі кемшіліктер. Мұндай өрескелдік көбінесе, жалпы мәдениеті таяз, шеберлік талаптарын меңгере алмаған жазушыларымызда молырақ кездеседі. Ол табиғи нәрсе болғанымен, жазушылар арасындағы саяси және әдебиеттік мәдениетіміздің жоғарылауын қатты талап ретінде қоюды ескертеді. Біздің алдымызға қойылатын негізгі талап жиналыстарда ұтқыр да шешен сөйлеу мамандығы емес, көркем шығарма беру екендігін ұмытпасақ, ең алдымен, көркем шығарманың қалай жасалатынын үйренуіміз керек, екінші тілмен айтқанда, социалистік реализмнің идеялық, көркемдік талаптарын қалай орындауды, шеберлікті толық үйренуіміз керек. Ол мектеп теориялық жағынан да, тәжрибелік жағынан да сенімді көп ұлтты совет әдебиеті.

Біз қазір өмір шындықтарын да, әдебиеттік талаптарды да заңды баспалдақтарымен төменнен жоғары өрлей меңгеріп келе жатқан дәуірдеміз. Егер совет дәуірін көрсетуде, совет адамдарының типтік образдарын жасауда кемелдеп қалдық деп ойласақ, онымыз шындық болмас еді. Көріп отырсыздар, соңғы он бес жылдың ішінде жазылған отыздан артық роман, повестеріміздің ішінен толық мағынасындағы жағымды образдарды аз атап тұрмыз. Сан жағындағы табыстарымыз сапалық қасиетке түгел ауысып болған жоқ. Біріміз конфликт жасай алмасақ, біріміз іс үстінде өсірген образ жасай алмаймыз, енді біразымыз шындық орнына жасандылыққа, сырт бояушылыққа ұрынамыз. Ал, совет өмірін арзан бояулармен жалтылдатып көрсетушілер де, терең бойлай алмағандықтан сұрқылт көрсетушілер де, ылғи кемшіліктерді әсірелеушілер де, түптеп келгенде тамыры бір болып шығады. Бұлардың біріне кешірім, біріне сүйемел жасамай, бәріне де

социалистік әдебиетіміздің қатал талап қоятын жолына түсуге жәрдем етуіміз керек.

Дүниежүзілік әдебиеттің өткен ғасырлардағы классикалық шығармалары совет әдебиетінің өресі жетпес, мәңгі алдырмас асусыз биік екен деп қарауға болмайды. Совет әдебиетінде қазірдің өзінде классикалық болып берік орнын алған шығармалар бар. Шекспирді, Пушкинді, Толстойды берген адам баласының дарын қоры өткен ғасырлармен сарқылып қалмасқа керек. Көп ұлтты совет әдебиеті бұдан былайғы дәуірде жаңа биіктерді талап етіп қоятынын сезінуге тиістіміз. Олай болса, алдымызға бүгінгімізден гөрі анағұрлым биік талаптар қою үшін шеберлік өнерін түгел меңгеруге міндеттіміз. Алдағы күнде қатал қойылатын мәселенің бірі осы.

Совет әдебиетінің сондай қарсаңда тұрғанын еске алсақ, біздің басты жазушыларымыздың өздерінде де көп нәрселерді меңгере алмағандық барын баса айту керек. Жоғарыда аталған Әуезов, Мұқанов, Мұстафин жолдастардың сөз жоқ күрделі еңбектерінде де кемшіліктер барын ескерттік. Ол кемшіліктер менде де бар. Өзіңді өзің сынау әдебиет сынының бірден бір ғана жолы емес шығар деген оймен айтпағаным болмаса, мен де ылғи табыстан табысқа шүйгіп келе жатқан жазушы емеспін. Азды-көпті еңбектеріме қатал сын айтып, шеберлікті меңгере берудің жөнін сілтеген жолдастарға ықласпен құлақ асармын деген уәде берем.

Басты жазушыларымызға айтар сынды аяқтау үшін мен Ғабиден Мұстафин жолдастың еңбектерінде байқалатын, менің ойымша, жазушының өзіндік әдісіне айналып бара жатқан бір кемшілігіне тоқтағым келеді. Бақылай оқысақ, «Миллионердің» жаңашыл Жомарт пен кері тартқан Жақып арасындағы конфликті тартыстары кітаптың ортасына таяна бере сарқылып қалады екен. Сонымен бірге кітаптың бас жағында көтерілген тартысқа сеп боларлық мәселелердің бәрі де ешбір кедергісіз оңай шешіле береді. Ахмет идеясының айналасында тартыс тумайтыны сияқты, сараң табиғаттың бермесін алу жайлары да қиындықсыз домалай береді. Сондықтан повестің композициялық арқауы босап, аржағы екіүш айдың ішінде оңай істеліп қалған істерді тамашалаумен аяқталады. Повесть тартыстың шиеленісіп болар шегін тым ерте шешіп тастайды да, аржағын босаңсытып алады. Осындай жағдай «Қарағанды» романынан да кездеседі. «Қарағандының» үштен екісін оқып шыққаннан кейін аржағы алақанындағыдай ап-айқын: күрес-тартыстар аяғына дейін сүйрелеп отырмайды да, кейіпкерлердің мінездемелеріне де

жаңалық қосылмайды. Олай болса, көрнекті жазушыларымыздың бірі Ғабиденнің шеберлік өнерін ізденер жолында қатты зерттейтін ісінің бірі конфликтік тартысты созымды етіп жасау әдістері сияқтанады.

Осындай жағдайларға байланысты, әсіресе советтік бүгінгі дәуірді жазып жүрген жазушыларымызға ұлы Гогольдің мына бір сөзін ескерткім келеді.

«Чем предмет обыкновеннее, тем выше быть поэту, чтобы из него извлечь необыкновенное»— дейді ол.

Ұлы реалистің бұл тамаша сөздерінің мәні біз үшін тіпті айырықша. Ол кәдуілгі дағдылы өміріміздің дәнін табу үшін жазушының шеберлігі жоғары дәрежеде болуын талап етеді.

Менің ең соңғы тоқтағым келетін мәселем прозаның шағын жанры деп мәнін түсіріңкірей атап кеткен көркем әңгіме, очерк жайлары.

Біздің прозаның бұл саласында Сейтжан Омаров, Иманжанов, Сағынбаев, Соқпақбаев, ара-тұра Әбішев пен Сланов, Тиесов жолдастар бар. Ал, Әуезов, Мұқанов, Мұстафин, Мүсрепов сияқты аға жазушылардың бұл салаға ат салыспағандарына он жылдан асып кетті. Омаров әңгімелерін заманымыздың пафосына құрады, әр түрлі тақырыпты кеңірек қамтуға тырысады. Иманжанов көбінесе жастар өмірінен алып жазады да, лирикалық сарынға бейімділігін байқатады. Соқпақбаев пен Сағынбаевтың әңгімелері мектеп балаларының өмірінен алынып, ара-тұра колхоз еңбегімен байланыстырылады. Прозамыздың жалпы беталысы сияқты бұл салада да тақырып шеңбері кеңейе бастады. Алайда, көркемдік талаптарының көзімен қарағанда прозамыздың осы шағын саласының жайы қанағаттандырмайтынын съезімізде елеулі әңгіменің біріне айналдыру керек сияқты.

Әділін айтар болсақ, прозаның шағын саласы арқылы кірген есте қаларлық образдар, ертіп әкетерлік жақсы әңгімелер өте сирек. Бұдан он бес-жиырма жылдық жайымен салыстырсақ прозамыздың шағын саласында кейіншектеп қалғандық бар. Қателессем, түзетулеріңізді өтінем, тұтас алғанда бұдан он бес-жиырма жыл бұрын жазылған әңгімелердің сапасы қазіргі қалпымыздан жоғары сияқты көрінеді. Егер соңғы он бес жылдың ішінде төрт-бес автордың жазған әңгімелерінен құралған төрт-бес кітап әдебиет қорымызға берік қосылып өзінің тиісті орнын алған болса, мен мұны айтпаған болар едім. Ондай жайға әлі жеткен жоқпыз. Бүгінгі күннің үлкен пафосы деген адам арқылы берілмей, сырт тамашалауға, жазушының өз сөзімен берілуге қарай бейімделіп барады. Бедерлі образдар, есте қаларлық суреттер, өзгерген адамның

мінез-құлқын дәл бере алармық, не кең шалқулар, не айқын штрихтар, детальдар аз. Омаров жолдас көбінесе сырттық пафосты қуалап кетеді. Иманжанов жақсы ойларын сентиментальдық мінездемелермен бүлдіріп қояды, Соқпақбаев кейде күтпейтін жерден шеберлік көрсетсе, кейде болмашыға сайып әкетеді. Сағынбаев жолдастың алғашқы әңгімелер жинағы 1948 жылы шығып еді, мен жаңылмасам, одан бергі алты жыл бос өтті. Тегінде жас жазушының алғашқы адымына жасаған мырзалығымыз зиянға шықты ма деп қауіптенем.

Қазақ совет прозасының іргесін қалау ең алдымен осы шағын саладан басталған болатын. Мұхтар, Сәбит, Ғабиден он-он бес жыл сол салада өсті. Қазір олар үлкен прозаға бет бұрып кетті де, жас прозаиктарымызда белсенділік аз. Жаңа жаза бастаған кезде алақаның күнде қышынып тұратын сияқты болушы еді, әлің келмес тақырыптарға да ұрыншақтау болатын сияқты едің. Менің жас прозаиктарымызға қояр бірінші кінам — сол — белсенділік тым жеткіліксіз. Оның аржағында жазушының арқасын қоздырарлық өмірден алынған материал кедейлігі жатыр ма деген қаупым да бар. Біздің жас жазушылардың көбі мектеп бітіріп шыққан беттерінде құрылыс жақтарына жақындамай кеңсе маңайында, қалада қалып қойды. Жасанды тақырыптарға ұшыраса берудің бір себебі, әрине, осында жатыр. Осы жайлар біріне бірі қосақталып келіп шағын жанрды менсінбеушілік, мән бермеушілік деп бағаларлық жағдайға соқтырып отыр. Көркем әңгіме, очерк саласының кейіндеп қалуы, енді төзе бермейтін жағдайға айналғанын жете ұғынуымыз керек сияқты.

Ең алдымен бұл әрбір үлкен жаңалықтарға тез жаңғырығып отыратын, жазушының белсенділігін арттыратын сала екенін бағалауымыз керек. Жақсы әңгіме, очерк беретін жазушылар басқа саладағы жазушылардан төмен бағаланбайды да, бағаланған да емес. Қысқа әңгіме жазып шеберленудің жанрға тұрақтау жолында да аса үлкен маңызы бар. Осының бәрі де көпке мәлім жайлар болса да, қысқа әңгіме, очерк саласын жете бағаламаушылығымыз әлі басым. Жазушыларымызда селсоқтық болса, ұйым ол жағынан қысталмайды да.

Партияның XIX съезі мен Сентябрь Пленумінің бер жағында қысқа әңгімелер мен очерктер қос-қосымен туар деп күткен едік, ол әзір туған жоқ, біз әлі күтудеміз. Тың және тыңайған жерді көтеру деген Қазақстан өміріне үлкен жаңалық қана емес, Отан өміріндегі ұлы істердің бірі, тарихымыздың жаңа бір дәуірі. Отан көлеміндік үлкен істің жарымына жақынының Қазақстан еңбекшілері атқарып жатқанда бұған ешқайсымыз қызбағандаймыз. «Кәрілері табандап, жаста-

ры шабандап» деген сияқты, бұл істің жақсы ұраншысы бола алмай қалдық. «Социалистік Қазақстан» газетінде үшеу болып қол қойғанмен Сафуан Шаймерденов жазған бір очеркпен, «Әдебиет және искусство» журналында басылған Соқпақбаевтың «Тыңға сапар» деген көлемді очеркінен басқа көңіл толарлық еш нәрсе туа қойған жоқ. Тыңға барып қайтқан он шақты жазушымыздың көбі әлі толғану үстінде сияқты. Өлеңдер циклы деген сияқты тыңды меңгеру тақырыбына жазылған көркем әңгіме, көркем очерктер циклы да басылып шыға қалса, ол повесть, роман қызметін атқарған болар еді. Біздің ұйым бұл шабандықтың барына мойындап қана қоймай, оны жоятын шараларды да іздестіруге міндетті.

Әрбір шығармаға жеке-жеке тоқтауға шеңбері тар болғандықтан шолу ретімен қорыта келгенде қазақ совет прозасының өсу жолындағы табыстары да, кемшіліктері де осы айтылғандарға соғады. Қай шығарманың болсын жетістік-кемістік жақтарынан көптеген соны пікірлер, елеулі қосымшалар айтуға болады, бірақ оның бірі де жалпы жайымызды өзгертпейтін сияқты. Сондықтан мен алдымызда тұрған міндеттерге қарай ойысамын.

Қай әдебиеттің болсын алдағы кезеңге қояр талаптары сол әдебиеттің қандай дәрежеге көтерілгендігіне байланысты. Екінші съездің тұсында жастар қатарындағы жазушыларымыз қазір ысылған, тәжрибелі жазушылардың қатарына, дер шағына кірді. Соңғы он бес жылдың ішінде жоғары дәрежелі білім алған жас таланттар қосылды. Ұлылы-кішілі кемшіліктерімен бірге қазақ совет прозасының бұл уақытқа дейін жасаған шығармалары енді алдымызға кеңірек те, тереңірек талаптар қоюға берік негіз бола алады.

Осы жайларымызды еске ала отырып, алдағы дәуіріміз үшін мен мынадай талаптар қойғым келеді:

Бірінші, үлкен проза жасау жолындағы бетімізден таймай отыра, прозамыздың шағын саласын да жоғары дәрежеге көтеруді көпшілігіміз болып қолға алуға міндеттіміз. Үлкен еңбек жазу ара-тұра қысқа әңгімелер жазуға бөгет болмайды. Уақыт жағынан қарайтын болсақ, ең алдымен творчестводан басқаға кетіп жататын көп уақыттарды қысқарта білейік, ондай уақыт шығыны бізде әлі көп. Қазіргі қысқа әңгіме жазып жүрген жастардың біразы алғашқы буынның тәжірибесінен көз жазып қалып, коллектив болып көтерер істі оңаша арқалап, сыңаржақ атқарғандай болып жүр. Оларға тәжрибелі жазушыларымыздың қолғабысы керек.

Үлкен еңбек үстіндемін деп Отанымыздың қайнаған өмірінен шеттеп қалу ешбір жазушыға да келіспейтін нәрсе. Өйт-

кені жазушы қандай дарынды болса да, бір кезде қиыншылыққа, жасандылыққа ұшыраспай қалмайды. Бүгінгі шындықты кейін архивтен іздейтін болмай, бүгінгі өмірдің өзінен сұрыптап алуымыз керек. Әсіресе, алғашқы сәтті еңбектерімен көрінген Шаймерденов, Нұрпейісов сияқты жастарымыз прозаның бұл саласына белсене қатнасуға міндетті.

Екінші, социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарына енді терең бойлайтын кезеңге шықтық. Ол талаптарды қалай меңгере алғандығымыз тақырып талғаудан бастап шындықтан алынған конфликт жасай алу, созымды сюжет құра білу, нанымды образ жасау, түсінігі дәл образды тілді меңгеру сияқты, қорыта келгенде шеберлікті меңгеру мәселесіне тіреледі. Шеберлік — біздің алдымызда тұрған бірінші мәселе. Классикалық әдебиет жасау үшін ең алдымен классиктардың сөздерінен үйренуіміз керек. Олардың еңбектеріндегі үлкен шеберлікті меңгермейінше, үлкен әдебиет жасалмайды, тілек орындалмайды. Біз, қазақ жазушылары Толстойдың, Тургеневтің, Гогольдің, Чеховтың, Горькийдің мұрагерлеріміз, ең алдымен осы аталарымыздың шеберлігін меңгере білейік.

Ұлттық шеңбердегі үлгілерді ғана мектеп еткен әдебиет қарқындап өсе алмайды. Ұлт әдебиеттерінің өркендеу жолы барлық совет әдебиетінің, оның ішінде озық жазушыларымыздың тәжрибесіне сүйену арқылы ғана дұрыс өрісін табады. Орыс совет әдебиеті біздегі ең озық, көркем әдебиет. Біздің кешеуілдеп кіріскен тақырыптарымызға ұлы орыс халқының бүгінгі жазушыларынан ылғи өнеге алып отырамыз. Бұл үлкен мектепті ешуақытта естен шығармауымыз керек.

Бірімізге біріміз қатал да әділ сын жәрдемін беріп отырсақ, қазақ совет прозасы алдағы дәуірде үлкен талаптарды көтере алатын кезеңіне шықты.

1954 ж.

ӨСКЕН ТАЛАПТАР ТҰРҒЫСЫНАН

Көп ұлтты совет әдебиетінің бірінші съезден бергі жиырма жылдық бай тәжрибесіне, өсіп-өркендеуіне орай үлкен қортындылар жасаған совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезі болып өтті. Енді алдымызда жаңа бел-белестер, өскен талаптар тұр. Әрбір ақын, әрбір жазушы сол талаптарға творчестволық нәрлі жауаптар беріп, жаңа биіктерге ентікпей де сенделмей көтерілуі үшін біз совет әдебиетінің алдағы кезеңдегі басты мәселелерін саралап алуға кірісуіміз керек. Ол мәселелер съезд үстінде көп ауыздан айтылса да әзір сұрыпталып үлгірген жоқ.

Біздіңше, сондай басты мәселелердің бірі — социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік мазмұны нелермен толықтанды, алдағы кезеңдерге нелер тұрақты талап ретінде бекіді де, нелер жаңарып, нелер ескіріп қалды, осыны айқындап алуда сияқты. Әрине бұл сұраулардың жауаптарын совет әдебиетінің жиырма жылдық тәжрибесі ғана бере алады, тұрақты табыстарымыз ғана айта алады.

Социалистік реализм әдісі — совет әдебиетінің алғашқы бір дәуірдегі табыстарына сүйеніп, оның шексіз шалқар болашағын болжай алған революциялық даму әдісі. Біздің дәуірімізге дейінгі дүниелік көлемдегі әдеби бағыттардың қай-қайсысымен салыстырсаң да социалистік реализм әдісі ең өрісті, ең құнарлы, адам қоғамының революциялық ұтымды сатылармен дамуына сай келетін бірден бір әдіс екенін танытты. Бұл әдісті неғұрлым тереңірек меңгерген сайын сол ғұрлым жазушының еңбегі көркейе де салмақтана түсетінін дәлелдеп жатудың да қажеті болмас. Жазба ақын-жазушыларды атамағанда, халықтық поэзияның тоқсанға келген өкілі Жамбыл да осы социалистік реализмнің идеялық талапта-

рын ұғына алғандықтан сонша жоғарыға көтерілді. Марксизм-ленинизм ғылымынан, ұлы ойлардан туған социалистік реализм әдісі болмаса, бұрын артта қалған талай-талай совет халықтарының ақын-жазушылары қандай «измдерге» соғылып, қандай батпақтарға белшесінен малтығар еді!

Совет әдебиетін кең өріс, асқар биіктерге көтерген социалистік реализм әдісі екенін біздің өзіміз түгіл капитал елдерінің прогресшіл жазушылары да танып, күн санап осылай қарай ойысып келеді. Совет Одағында жылма-жыл көп миллиондаған тиражбен басылып шығатын шетелдердің бүгінгі озық жазушыларының еңбектері осы ойысқандықты көрсетеді. Демократиялы елдердің ақын-жазушылары социалистік реализм әдісін меңгеру үстінде екенін біздің съезде өз ауыздарынан айтып, даусыз дәлелдер келтірді. Олай болса, біздің үлкен идеялар мен жоғары саналарлық көркемдікті талап ететін әдісіміз революциялық дәуірдің, революциялық ғасырдың дүниежүзілік әдісіне айналып бара жатқанын көреміз. Бұл біздің социалистік реализм әдісінің әрі дүниежүзілік, әрі тарихи маңыздағы үлкен жеңісі.

Бұл тарихи үлкен жеңістің тамыры — социалистік реализм әдісінің гуманистік терең де тұрақты принциптерінде, идеялық және көркемдік талаптарының кеңдігінде, ілгері қарай дами беруінде. Дүниежүзілік әдебиеттің бұрынғы-соңғы қымбат мұралары мен дәстүрлерінен безінбей, қайта оларды жоғары бағалайтын социалистік реализм әдісіне «Иллиада» мен «Одиссея» да, «Игорь полкі жайындағы сөз» де, «Нибелунг» де, «Жолбарыс терісін киген батыр» да, ешбір халықтың ілгері ойлы ауыз әдебиет мұралары да жат емес. Капиталистік дүниенің келісімге келмес жаулары танылып, ұлы еңбектері отқа өртелген ой даналары да, көркем сөз шеберлері де шын Отаны мен қадірлей білер мұрагерлерін бізден тапты. Біз ұлы орыс халқының, я болмаса жалпы совет халықтарының ұлы классиктерін қандай бағаласақ, қандай ұстаз көрсек, Шекспир, Байрон, Данте, Шиллер, Гейне, Бальзак, Гюго, Сервантес, Шоу, Тагор сияқты басқа елдердің ұлы классиктерін де сондай бағалаймыз, ұстаз көреміз, үйренеміз. Бұл социалистік реализмнің негізгі принциптеріне кіреді. Өйткені ұлы классиктердің творчестволық дәстүрлері социалистік реализм әдісіне қарама-қарсы емес, негізгі бағытында жанаса да қанаттас, үндес шығып отырады. Шетелдердің Драйзер, Харди, Олдридж, Арагон, Гейм, Неруда, Хикмет сияқты бүгінгі прогресшіл ақын-жазушыларын да ең жоғары бағалайтын біздің социалистік реализм әдебиеті. Өйткені біздің идея жағынан бұлғаңдықты көтермейтін берік принципті

әдісіміз стилдік, әдістік ағымдарға шек қойылмаған еркіндік береді. Халықтар арасындағы достыққа, әділетке шақыратын, бұлжымайтын гуманистік принциптері арқылы біздің социалистік реализм әдісіміз дүние жүзіндегі бұқарашыл, прогресшіл жазушылардың көз тіккен маягіне айналды. Бұл социалистік реализм әдебиетінің соңғы жиырма жыл ішіндегі ең үлкен жеңісі болды. Мұның түп тамыры социализм идеясының жеңуі сияқты үлкен тарихи жағдайда жатқанын ұмытпасақ, социалистік реализм әдебиетінің дүниежүзілік одағын құратын кезеңге таяп қалғанымыз да айқын сезілді.

Екінші, бізге дейінгі барлық тарихи дәуірлерде реализм мен романтика біріне-бірі қайшы келетін бағыттар деп танылатын еді. Пушкин, Лермонтов, Гейне, тіпті одан арғы Шекспир сияқты ұлы ақындардың шығармалары да бұл көзқарасқа қарама-қарсы келіп отырса да, ішкі қайшылықтарға толы капиталистік қоғам өзіне хауіпті ойлардан аттап өте алмады. Ал, социалистік реализм әдісі бірден-ақ шындықпен романтиканың өмірлік тамыры бір деген көзқараста болды. Бұл совет жазушыларының Бірінші съезінің тұсында А. М. Горькийдің талай рет дәлелдеген негізгі қағидаларының бірі болатын-ды. Революциялық даму жолымен белден белге шырқай көтерілген совет шындығын көрсету арқылы социалистік реализм мен революциялық романтиканың тамыры да, өрісі де бір екенін біздің көп ұлтты совет әдебиеті біржола дәлелдеді. Мұның мән-мағнасы совет шындығын көпіртіп емес (преувеличение) көркем етіп көрсетуде (возвеличение), сырлап емес (лакировка), сырын аша көрсетуде, сол шындықтың өз поэзиясын, өз романтикасын аша білуде. Совет әдебиетінің жиырма жылдық тәжрибесі арқылы дәлелденіп, алдағы кезеңдерде бұлжымай сақталатын қағидаларымыздың бірі осы социалистік реализм мен революциялық романтиканың тұтастығы. Бұл тұтастық ескерілмеген жерде, сақталмаған уақытта, шығарма сұрғылттықтан да, қарадүрсіндіктен де арыла алмайды.

Социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік мазмұнына XIX партия съезі аса маңызды толықтандыру жасады. Ол ең алдымен типтілік мәселесі жайында: «Типтік дегеніміз — реалистік искусствода партиялықтың негізгі сферасы болып табылады. Типтік проблемасы дегеніміз — әрқашан саяси проблема».

Егер осы сөздердің мағнасына терең үңіліп, зер сала ойласақ, совет ақын-жазушыларының алдына аса маңызды творчестволық мәселе қойылғанын да аңдасақ керек. Типтілік мәселесі қай уақытта да саяси мәселе болатын болса, мұ-

ны жете түсіну әрбір совет жазушысының ең бірінші міндеті. Маркс пен Энгельстің реалистік көркем әдебиет пен көркем-өнер жайындағы көзқарастарынан туатын талаптарды, В. И. Ленниннің Толстой туралы көп еңбектері мен әдебиеттегі партиялық жайындағы ойларын біздің қазіргі жағдайда қалай ұғыну керектігін жете айқындап берді. Бұл марксизм-ленинизм ғылымының көзқарасы. Типтілік бұдан былайғы жерде совет әдебиетінің негізгі бағытын аңдататын талаптардың бірі болады.

Бірінші, «типтік проблемасы дегеніміз — әрқашан саяси проблема».

Екінші, «типтік жай көп тараған, жиі қайталайтын дағдылы нәрсе ғана емес,— белгілі бір әлеуметтік — тарихи құбылыстың мәніне сәйкес нәрсе».

Үшінші, «Образды әдейі әсірелеу, мейлінше әсерлі етіп көрсету типтілік шырын бұзбайды, қайта оны айқынырақ ашып, жеткізе көрсетеді».

Бұл түйіндерде жазушының алдына қойылатын талаптар да, олардың шешімі де айқын көрсетілген. Үлкен саяси проблеманың белгілі бір әлеуметтік — тарихи құбылыстың мәніне сәйкес екендігін көрсетумен бірге, образды әдейі әсірелеу типтіліктің шырын бұзбай, қайта оны айқынырақ аша түсетін нәрсе екендігі әдейі ескертілсе, оның аты жазушының алдына марксизм-ленинизм ғылымының мол жарығын төккен болып табылады. Социалистік реализм әдісіне XIX партия съезінің қандай маңызды идеялық және көркемдік толықтырулар қосқандығын осының өзінен-ақ терең ұғынуға болады.

Бұл айтылғандарға типтілік туралы арналып айтылған Энгельстің үлкен бір пікірін қосуға міндеттіміз. Гаркнес деген жазушы әйелге жазған хатында Энгельс былай деді:

«Менің ойымша реализм деталдарды шыншылдықпен көрсетудің үстіне, типтік характерлерді типтік жағдайларда дұрыс бейнелеп беруді көздейді».

Біздің ақын-жазушыларымыз мұндай терең мәні бар пікірді мейлінше жете түсінуге міндетті деген оймен, оның орыс тілінде қалай айтылғандығын да келтіруді қажет көреміз:

«На мой взгляд реализм подразумевает, кроме правдивости деталей, верность передачи типичных характеров в типичных обстоятельствах». «(Маркс и Энгельс об искусстве», издание 1933, стр. 194).

Бұдан творчестволық екі үлкен қортынды туады:

Бірінші — әрбір шығарманың ішкі мінездемелері, сыртқы сипаттаулары, жаратылысты суреттеулері сияқты егжей-тегжейлердің бәрі де шыншылдықпен көрсетілуге тиісті;

Екінші — типтілік образдарға да, образдардың әрекет етер жағдайларына да бірдей қойылатын талап, екінші сөзбен айтқанда, типтік характерлер қай уақытта да типтілік жағдайларында жасалуға тиісті. Әрбір геройдың әрекеті белгілі бір жағдайда туып отырмаса заңды да болып шықпайды, шындыққа да жата алмайды. Көңілге қонбайды, тартпайды, «нанымсыз» деп аталатын шығармалардың басты кемшілігі осыдан тумақ. Әрбір характер, әрбір әрекет, өзіне лайық жағдайында бейнеленгенде ғана шындығын табады. Бұл әрбір жазушының есінен шығармайтын нәрсесі.

Осы айтылғандарға байланысты тағы да бір айрықша ескертуді керек ететін нәрсе — типтілік «жағымды, жағымсыз» деп аталатын образдардың бәріне де ортақ қойылатын талап. Басты геройларым, не болмаса, жағымды геройларым типтілік шырайында шықса болғаны деп ойлаған, онымыз үлкен қателерге соқтырады. Шығармаға кірген образдардың қайқайсысы болса да нанымды болуының кілті осы типтілікте деп ұғынуымыз керек. Онсыз «жағымды» образды жақсы көре алмайсың да, «жағымсыз» геройды жек көре алмайсың. Оның үстіне шығармаңа кіргізген образдарыңның жасалуында жақындық та, жаттық та болмасқа керек, оқушы алдында бәріне де жауаптысың.

Совет әдебиетінің өсіп ержеткен дәуіріне сәйкес көтеріліп отырған типтілік мәселесі, типтік образдар жайы, бұдан былайғы жерде қатты зер салатын, көп болып қолға алатын мәселеміз, бұл көп жақты мәселе. Соның бірі типтік нақтылы образ бен жиынтық образ жайы. Ұлы ұстазымыз А. М. Горький әлеуметтік мәні бар типтік образ жасау үшін қырық-елу адамды жете зерттеп, солардың бірі мен бірін толықтырып, тұтасқан типін табуды ұсынады. Бұл, әрине дұрыс сыналған әдіс. Өйткені бұл біреудің көзін, біреудің мұрнын алу емес, белгілі бір ортаның өкіліне тән мінездерді, қоғамдық тілектаңаптарды, қағидалық ерекшеліктерді жете зерттей келіп, ең айқын, ең тұрақты сыйпаттарын табудың жолы. Онсыз типтік характерлер де, типтік жағдайлар да дәл табыла бермейді. Бірақ, осы дұрыс әдіспен жасалған жиынтық образдың өзі нақтылы жағдайда ғана типтік образ болады. Мысалы, осы әдіспен жасалған қазақ колхозшысының жиынтық образы сонымен бірге орыс, украин, латыш, тәжік колхозшыларының образдары да болып шыға алмайды, типтік жағдайдағы қазақ колхозшысының образы болып шығады. Сол сияқты шығармада осы дұрыс әдіспен суреттелген қазақ колхозының типтік жағдайлары мен жеке көріністері сонымен бірге орыс, украин, латыш, тәжік колхоздарының да типтік

жағдайлары болып шықпайды. Совет колхозшыларының алға ұмтылған тілек-талаптары, ескілікке, жаңалыққа көзқарастары бір болғанымен, ұлттық мінез, ойлану-сезіну жақтарында, типтік жағдайларда толып жатқан өзгешеліктері бар. Егер біз типтік характер жасағанда, типтік нақтылы жағдайды бере алмасақ, жалпы озық жұмысшы, жалпы озық колхозшы деген сияқты дайын схемаларға ұрынбасқа шара жоқ. Біздің кейбір жазушыларды кертартпа жасамыс ғалым, ілгері тартқан жас ғалым, кертартпа бұрынғы бастық, ілгері тартқан жас бастық, кейін тартқан ескі мұғалім, ілгері тартқан жас мұғалім сияқты оңай дайын схемаларға соқтырып жүрген осындайдың салдары. Бұл нақтылы дағдылардың типтік шындығы емес, өмірді білмегендіктен ойдан жасалған «типтер», ойдан жасалған «типтік» жағдайлар.

Екінші съезде озық жазушыларымыздың бірі Константин Федин шығармаға қойылатын идеялық және көркемдік талаптардың нақтылы болу мәселесін көтерді. Бұл аса маңызды мәселелердің бірі. Біздің кейбір сыншылар да көрінген болмашыны жиынтық мағнада ұғынып, «бұл совет шындығы», не болмаса, «совет шындығына жат» деген сияқты жалпылама қортынды жасайтын әдет бар. Бұл, әрине, совет әдебиетінің негізгі принциптеріне қайшы келетін теріс әдет. Шығарманың идеялық және көркемдік мазмұны да, сынайтыны мен дәріптейтіні де нақтылы дәуір мен нақтылы жағдайдың шеңберінде тексерілуі керек. Совет елдерінің бір жерінде алдақашан ізі өшкен нәрселердің енді бір жерде тамыры сақталып, қатпар-қалтарыстарда тебеңдеп жатуы мүмкін екендігі де есте болуға тиісті.

Социалистік реализм әдісінің идеялық және көркемдік мазмұнына XIX партия съезінің тағы бір қосқан үлкен толықтандыруы сатира жайында. Бұл бізде өспей келген жанр болғандықтан, сатиралық талай тақырыптар көтерілмей, шіріген ескілікті ескі қоқтықтай өртеудің орнына, қасына келгенде мұрнымызды басып жеркенеміз де теріс бұрылып кетеміз. Адам қоғамын ескілік ірік-шірігінен арылту, әрине, «қара жұмыстарға» жатады, бірақ бұл да біз істейтін жұмыс,— совет жазушыларынан партия осыны талап етеді.

Партия талаптарын совет жазушылары типтік жағдайларды ұмытып, барлық жағдайда бір схемамен шешуге тырысса, басынан-ақ қате жолға түскендік болар еді. Өйткені ең алдымен типтік жағдайларда типтік ескіліктер болатынын ұмытпау керек, шындық та, нақтылық та осында болуға тиісті. Көп ұлтты совет елдерінің ілгері басуына кедергі болатын

ескі қалдықтар әртүрлі, іріген-шірігеннің қалдықтары да әр халықтың, әлеуметтік-тарихи дамуына байланысты әртүрлі екені даусыз нәрсе. Біздің байқауымызша қазақ совет сатириктері сатира отымен өртеуге тиісті ірік-шірік, ең алдымен, патриархалдық-феодалдық ескіліктің қалдықтары.

Қазақ колхоздарында әлі күнге дейін жас қызды қалың-малға сату бар. Бұл тағылыққа кейбір мұғалімдер де, совет қызметкерлері де, колхоз басқармасының мүшелері де қатнасатынын газет бетінен көреміз, сот орындарынан білеміз.

«Оралдықтар», «Баянауылдықтар», «Түркстандықтар» деп аталатын жерлестік пен ыңғайластық, әуендестіктер әлде кімдерге жабылған жала емес, негізі бар нәрсе. Бұдан біз партия тәрбиесінің ізін емес, ескі ауыл тәрбиесінің іздерін айқын көреміз. Кейде айқын, кейде бәсең сезілгенімен, ескіліктің іздері ең алдымен басшы қызметкерлеріміздің бойларынан да әлі арылып болған жоқ.

Қазақ қызметкерлерінің кейбірінде жауапты қызметке жіберілгенде, жауаптылығы ауырлаған істен гөрі дәрежесі көтеріле түскендікті басымырақ сезінетін, дәреже паңдығы аңқып тұрады. Былайғы көпшіліктен алыстап та дараланып, озығырақ та биіктеу тұра бастайды. Дәрежелік жақтарды қолы жеткенше қамтып-қымтып алған талай адамдардың атқарар іске келгенде, сыртын бос сөзбен бүркеген жалынсыздығын, керенаулығын, қашқалағын көресің. Мұны да партиялық дәстүр деп тани алмасақ керек. Мұның түп ізі де ескі ауылға алып барады.

Қазақ колхоздарында мол-молынан қеліп жатқан жаңа техниканы меңгеруге жаппай бой ұрудың орнына, ескі әдеттерден, қалыптасқан салттардан оңай арыла алмайтын керенаулықтар кездеседі. Бұл да бұрынғы баяу өмірдің, ескі ауылдың болмысынан қалған қалдықтар.

«Дені саудың жаны сау» деген ұлы сөз қазір совет халықтарының күнделікті тұрмысына біржола кіріп, берік орын алды. Бірақ, бұл барлық жерде бірдей емес, алашабыр. Қалың қазақ жастары спортқа әлі күнге жеткілікті мән бермейді. Әкелер мен шешелерде әлі де көп қарсылықтар бар: балалары ғалым болуына, инженер, сауда қызметкері, милиционер, дәрігер, сот, кеңсе қызметкері, бухгалтер болуына қарсы емес, бірақ спортсмен болуына ризалығы жоқ. Әсіресе, спорттың сол өздері қалаған қызметтерге бөгет еместігін жете ұғынбайтын сияқты. Осының салдарынан спорттың толып жатқан салаларында қазақ жастары өте сирек кездеседі.

Осылардың бәрі де жанасалап барып ауыл ескілігіне соғып жатады.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жазушы Сейтжан Омаров жолдас «Ауыл мәдениеті туралы ойлар» деген мақаласында колхозшы Бейсенбайдың үй тұрмысын бар шындығымен, жеркене де батыра, жаны ауыра жазған. Бұл қазақ колхозшыларының көбінен арылмаған ескілік қалдығы. Екі жарым мың еңбеккүні бар, он екі жарым мың сом ақшалай, 450 пут астықтай табысы бар, малы Уставтағы нормадан асып кеткен Бейсенбайдың сулық орамалы әбден кірлеп, сауыс болып қатып қалған... Бір қолына өңезденген қаңылтыр леген, бір қолына шойын құман ұстап Бейсенбайдың баласы қонақтардың қолына айнала су құйғанда, колхоздың басты адамдарына мұның бір де-бірі ерсі көрінбейді. Ал сол үйдің бауырсағы мен еті, арағы аздау соқса, мүмкін өкпелесіп тарқасар еді. Жазушы тек Бейсенбай колхозының атын бекер атамай кеткен.

Дәрігерден гөрі емшіге бұрын жүгіру, жуынудың орнына шайына салу, моншамен араздық сияқты нәрселер қазақ колхоздарында әлі де көп.

Бұл тізілгендердің бірі жиі, бірі сирек кездесетінімен бәрі де біздің нақтылы жағдайда әлеуметтік-тарихи мәні бар ескіліктің қалдықтары, сүлеленіп, созылып, айықпай келе жатқан патриархальщинаның қалдықтары.

Сөз жоқ, біздің нақтылы жағдайда да мұндай тозығы жеткен ескіліктерден алдақашан арылып болмағанмен, көбінен-ақ жеңілетін кезіміз болып еді. Ұзақ жасаған ескіліктердің біржола жойылуы үшін белгілі бір уақыт керектігі де даусыз, бірақ соның өзі тым ұзаққа созылып кетті. Оған себеп — бізде ескілік қалдықтарымен нақтылы күрес, көпшілік араласатын күрес, үздік-создық, көбінесе кампаниялық түрде жүргізілді де, тамырлай алмады, тұрақты нәтижелерге жетпей доғарылып отырды. «Адам санасындағы капитализм қалдықтарымен аяусыз күресу керек!» деген, көп нәтиже беріп келе жатқан партия ұраны капитализмнің де арғы дәуірлердің де ескіліктерімен күресуге тыйым салмайтынына жете мән бермей келеміз. Кейде мұндай терең мәні бар күрестерге жөн сілтеп өнеге берудің орнына өз салтымыздан сол ескіліктің жаңғырығуына үндестік табылып қалады.

Қазақ сатириктері қаламның өткір үшін осы сияқты өзімізге тән, нақтылы ескіліктерге қарсы жұмсауға міндетті. Жасыратыны жоқ, бізде әлі «тың» жатқан ескіліктер де, «тыңайған» ескіліктер де жеткілікті.

Совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезі қабылдаған тоқтамдардан туатын мәселелер осы айтылған ғана емес, әрине. Әсіресе, социалистік реализм әдісінің нелер-

мен толықтанғандығын айтып жеткіздік деген ойдан аулақпыз. Образ, стиль, түр, шеберлік және конфликт сияқты әр жанрдың өзіне байланысты нақтылы тексерілетін көп мәселелер ақын, жазушыларымыздың жаппай атсалысуын күтіп тұр. Идея мен көркемдік тұтастығын еске алсақ, осының бәрі де әдебиетіміздің жаңа белдерге көтерілуі үшін аса маңызды мәселелер. Аяғын бірер аттаған «Қазақ әдебиеті» газеті сыншылар мен жазушыларға кең орын беріп, ең алдымен әдебиеттің негізгі мәселелерін қолға алар деп үміттенеміз.

Февраль, 1955 ж.

БІЗДІҢ КЛАССИК

Нағыз көркем шығарманы оқып шыққаннан кейін көп уақыт басқа кітаптарға көңілің ауа алмай қояды. Ол сені өмірдің құз-шатқалды асуларынан асырып әкеліп, жыныс орманына кіргізіп жібергендей, ой-сезіміңді тұтқындап алады да босатпайды. Қуана таңданған сезім сол шытырманды оңай қиып айырыла да алмайды. Асау дауылдар, жаймашуақтар, тасқын сулар, тыныш далалар біресе сұрапыл күшімен, біресе ән салған еркелігімен оқушыны орап алады да құшағынан шығармайды. Сенің ой-сезіміңді тұтқынға алған оқыс үйілген қанды сел оқиғалар да емес, жаттығуымен қызықтыратын басқа бір дүниенің содыры мен сойқаны да емес, өзіміздің өмір, өз заманымыздың шатқалаңдары, мың көрген адамдарыңның мың көрген әрекеттері, күнде көріп, көзің үйренген қарапайым адамдардың күш-қайраты, өнер-білім, ақыл-ой иесі болып шығады. Бір жерде өрт, бір жерде апат, бірақ соның бәрін жеңіп, үздіксіз ілгері басқан, от пен суда бірдей шыныққан қоғам өмірін көресің. Осындай шығарманы қайта оқысаң, тағы да көп жаңа сырларға кездесесің, таныстарыңды қайта танығандай боласың. Жақыныңды да, жатыңды да жақсырақ ұғынасың. Не деген үлкен, не деген түзу айна!

Сол шығарма саған өзіңе белгілі біраз жылдардың ішінде болған кешегі оқиғаларды суреттеді. Абайлап оқысаң, сол еңбекте бүгінгі күн де бар, ертеңгі күн де бар. Шығарма уақыт шеңберін бұзып кеткен.

Сен оны белгілі бір кезеңнің өзіне ғана тән шындығы деп оқыдың, бірақ ол кезең шындығынан туған заман шындығы, дәуір бейнесі болып шыққан. Ол саған заманалық шығармалар заманалық асуларда туады деп тұр. Осы күндерде елу жасқа толғанын бүкіл совет халқы болып, одан тыс прогрес-

шіл қоғамдар, бұқарашыл елдер болып тойлап отырған жазушы Михаил Александрович Шолоховтың еңбектері осындай шығармаларға жатады.

Он сегіз жасында «Дон әңгімелерімен» әдебиетке келген Михаил Шолохов 21 жасында «Тынық Дон» романына кіріскен еді. Тынысы кең, серпіні мол, сенімді дарын Россия тарихының ең ұлы асуын қолға алудан тайсалған жоқ. Үш жылдық қана тәжрибесі бар, 21 жастағы жас жазушы үшін бұл әдебиет тарихында болып көрмеген жүректілік, ерекше, бағаланарлық ерлік талабы еді. Бірақ, ірі таланттың серігі де, заманалық шығарма болып дүниелік көлемде орын алған атақты «Тынық Дон» кінаратсыз, мінсіз аяқталды. Жазушы алты жылда аяқтармын деген еңбегін 14 жылда аяқтаса, жазу үстінде өзі де өсе бөрді, ойға алған еңбегі де өсе берді. Совет жұртшылығы «Тынық Дон» аяқталып болған кезде басталған кезінен анағұрлым тереңдеп кеткен жазушысын көрді. XIX ғасырдағы реалистік ұлы әдебиеті бар елдің дарынды жазушысы социалистік реализм сияқты жаңа бағыттағы әдебиетімізге үлгі болар лық еңбек қосты. Бұл жаңа нығайып келе жатқан социалистік реализм әдебиетінің идеялық және көркемдік талаптарын қандай дәрежеге жоғары көтеріп, қандай жолдармен орындауға болатынын меңзей алған шығарма еді. Көп ұлтты совет әдебиетінің өркендеу жолында «Тынық Дон» үлкен арқа сүйеу болды. Заман шындығын қандай батылдықпен, қандай сүйсінушілікпен, қандай әділдікпен көрсету жолында «Тынық Дон» қандай жазушыға болса да аса сенімді үлгі. «Шолоховтың бұл романы өз елінің халықтарының социализмнің бұлжымайтын бірлігіне әкелген еркін де сұлу өмірді жанын сала жырлаған сенім жыры» деген Американың сыншысы Самюэл Силлен қаталаспаған. Шолохов үлкен өмірден туатын үлкен әдебиеттің үлкен сөзін, өз сөзін айтты. Оны ұлы ұстазымыз А. М. Горький аса үлкен қуанышпен құттықтады.

«Тынық Дон», жұртқа мәлім, бірінші империалистік соғыс сияқты дүниелік өрт кезеңінен басталып, азамат соғысы сияқты тап күресінің ауыр сындары арқылы жаңарған Россияны көрсетеді. Терең тамырлар қопарылып, от үстінде өзін таныған, жеңіп шыққан еңбек елін жырлайды. Оқиға төсегі бұрын өзін бөлек ұлтпыз деп тануға бейім Дон казактарының ортасында болса да, оқушы ұлы асу кезіндегі орыс халқының ерліктерін көреді, орыс адамдарының әр алуан бейнелерін кездестіреді. Бір қызығы — Шолохов жасаған орыс

адамдарының бейнелері, қазақ жазушысы, сенің де ескі таныстарыңдай көрінеді, тосырқамайсың. Образ жасауда да, әр образға лайық әрекет беруде де типтілік принципін сақтау жолы осы болады. Григорий Мелехов, Аксинья, кәрі Пантелей, Михаил Кошевой, Иван Котляров — бәрі де сенің ескі таныстарың сияқты. Олардың тағдыры не болғанын көріп, не қуанып, не ренжіп қаласын. Әрқайсысының мінез-құлықтарына қайшылықты-қайшылықсыз қарысқан істеріне қарай шешілген тағдырларын білгенде сен де жазушының байлауына қосыласың. Сені дауласуға жібермей, өз байламына күштемей көндіру — ол талант күші, көркемдік логиканың күші.

Халықтан шыққан, өзі де адал еңбектің адамы, адамшылығында мін жоқ, ақтардың арасында өзін жат сезінетін Григорий Мелеховқа берген жазушының жазасы қандай ауыр! Төрт томдық үлкен романның аяғында ол жақын жолдастарынан, елінен айрылып қаңғырып қалады. Бірақ, сен Мелеховты жақтамайсың, жазушыға қосыласың. Өйткені Мелехов өзінің елінен айырылып, барлық ісімен, мінезімен халықтың тілегіне қарсы жолға түсіп кетті. Романның логикалық, көркемдік күші сені осыған сендіреді де философиялық терең байламға жетелейді. Өз мүддесін халық тілегінен жоғары қойған адамды сен ешуақытта жақтай алмайсың. Қандай қиын шатқалдарды кездіріп әкеліп, жазушы Григорий Мелеховтан безділіп шығарады.

Заманына үндес қана емес, заман үнінің ойлағандай шығуына әсер ете алар күш барын да жақсы сезінетін еркін, дарын сынды асуларда, өмірлік күрестерде нелер кейін тартқанын, нелер мін екенін, кімдер ілгері ұмтылғаның барлық шындығымен, әділдігімен көрсетті. «Тыныҡ Доннан» біз ескі өмірдің жеке адамға басқан таңбаларын да көреміз, озық адамдардың қиядағыны көрген қырағылығын да көреміз. Тарих сынын, заман талабын айта алар жазушы ғана осылай жазады.

Кемерін толтыра байсалды аққан ұлы өзен сияқты, еркін де көркем болашақ үшін болған ұлы драманы суреттейтін «Тыныҡ Дон» романын оқып шыққанда көз алдыңнан неше ғасырдың шеше алмаған талас-тартыстары, неше буын жұрттың шер-арманы өтеді. Дон казактарының басынан өткен ұлы драма бүкіл Россия халықтарының бәріне ортақ әрекетті елестетеді. Адам баласының жаңа тарихы қалай басталғанын тағы бір рет басыңнан кешіресің.

Михаил Шолохов бар күшін советтік заманымыздың революциялық ұлы кезеңдеріне арнап келе жатқан жазушы.

Еңбекші шаруа өмірі колхоздасу сияқты ұлы бір асуға кездескенде, Шолохов «Тынық Донды» тоқтата тұрып, «Көтерілген тың» романына кірісті. Белгілі жай, колхоздасу дәуірі социалистік құрылыстың аса елеулі бір кезеңі. Өз жерім, өз малым деген сияқты қасырлар әдеті ортақтастыру идеясына оңай бас иген жоқ. Григорий Мелеховқа берген ауыр жаза арқылы жазушы еңбекшілерді социалистік рухта тәрбиелеуді күшейту керектігін талап етсе, «Көтерілген тың» сол идеяны жаңарған жағдайда көтереді. Қай шығармасында да кешегі — бүгінгі — ертеңгі күнді тұтас көре алатын жазушының «Көтерілген тың» романы бір дәуірдің көркем ескерткіші болып қалды. Мұндағы Давыдов, Майданников, Нагульнов, қарт Шукарь сияқты басты геройлар — бәрі де халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Партия жіберген жұмыскер Давыдов «Тынық Дондағы» Штопман сияқты, бұқара көпшілігінің басшысы. Осындай озық коммунист арқылы Шолохов кейде өз арманын әсірелеп айтады. Совет адамдарының өмірін мәдениетке бөлеп, ауыр бейнетті машина мен техникаға жүктеп, қоғам өмірі мен жеке адам өмірінің арасында бірін төмен, бірін жоғары қоятын сатыны жою жайын сөйлегенде жазушының тебіренген жүрегін сезінесің.

Күні кеше өзіміздің басымыздан өткен, өзіміз қолдан құрысқан колхоздасу кезеңі «Көтерілген тың» романында философиялық биікке көтеріледі. Миллиондаған шаруалардың жеке меншік үстемдігінен, өзімдікі дегеннің қораштығынан құтқарып, біздікі, колхоздікі дегеннің молшылығына жеткізген социалистік идеясын Майданниковтардың дұрыс ұғынуының үстіне Макар Нагульновтардың дұрыс іске асыруға жетуі керек еді. Бізде белсенді деген жақсы сөз колхоздасу тұсында теріс мағана алып кетті. Ол теріс істелген істерден туып еді. «Көтерілген тың» еңбекші шаруалардың колхоздасуы тарихи ұлы кезең екенін, оған жеңіл қарау қылмыс екенін айтады. Майданниковтың жеке меншікпен айрылыса алмай, ұзақ толқуы қылмыс емес, ол жаңа адамның, ескілігін жеңген адамның тура толғануы.

Михаил Шолохов совет елінің басынан кешкен тағы бір ұлы кезеңді — Ұлы Отан соғысының кезеңін жазып жүр. Әзір аяқталмаған «Олар отан үшін алысты» деген еңбегінің үзінділері қазақ тілінде де кітапша болып басылып шықты. Отанын сүйген үлкен жүрек, оның жауларына кек атады.

«Тынық Дон» өткен заманның қара күштеріне, қанаушылары мен талаушыларына қарсы кекке шақырса, «Көтерілген

тың» совет қоғамының алға басуына бөгет жасауға тырысқандарды әйгіледі, «Олар отан үшін алысты» дейтін романы соғыс арқылы басқа елдерді басып алып, отарлап алғысы келгендерге қарсы атылар кек оғы.

Ұлы Отанның, совет халқының социализмнің болашағына барлық күшін арнаған совет әдебиетінің классигі Михаил Шолохов заманалық шығармалар берумен бірге заманымыздың қоғамдық үлкен қайраткері.

Май, 1955 ж.

ТӘЖІК ИСКУССТВОСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазір қай жағынан алып қарасаң да мемлекеттік кең серпінмен өсіп келе жатқан Советтік Тәжікстан Ұлы Октябрь революциясына дейін ең мүгедек халықтардың бірі — Бұхара хандығының ең артта қалған шығыс жақ шеткейі болатын да, Шығыстық Бұхара аталатын.

Не бары жүз қырық екі мың үш жүз шаршы километр жердің тоқсан үш процентін тау жоталары алып жатады. Өзенді, сулы алқаптар тәжік жерінде жеті-ақ процент. Бұл Кухистан —«тау елі». Совет Одағындағы ең биік таулар мен қырқалар Ленин биіктері осы Тәжікстанда, «дүние төбесі»— Памир. Тәжік сол қатал да тағы табиғаттың оңай бермесін еңбегімен еріксіз алып өскен, еңбектє өскен ел.

Революциядан бұрын қазіргі Тәжікстан жерінің он екі процентten астамы Бұхара эмирінің меншігі, елу алты проценті қазыналық, жиырма төрт проценті дін қауымдарының мүлкі болған. Сонда еңбекші бұқараның еншісіне тиетіні — сегіз-ақ процент! Қазір үлкен бір республика болып отырған елдің меншігіне, егін салу, мақта егу, мал өсіру үшін бір кезде сегіз-ақ процент жер тиген! Артта қалған халықтың артта қалған бір шеткейінде тәжік халқы осынша тарыншылықта, жоқшылықта күнелткен.

Бұхараның ең соңғы эмирі Саид Әлімхан еңбекші халықтың егістік сүмесінен 60 процентіне дейін алып отырып өмір бойында бір мешіт, бір медресе салғызған екен. 1913 жылы Бұхара хандығының кіріс бюджеті 30 миллион сом шамасында болыпты да, соның бір миллионы әскерге, бір миллионы уәзірлерге жұмсалыпты, жиырма сегіз миллионы эмирдің өз қалтасына түсіпті. Әрине, мұндай жағдайда халық мұңына, мәдениет жолына қара гүреш қаржы жұмсалмағаны түсінікті болуға тиісті.

Жалғыз қазіргі Тәжікстан ғана емес, Өзбекстанның да көп жерлері қараған Бұхара хандығының жылдық бюджеті 30 миллион болса, Советтік Тәжікстан үстіміздегі 1954 жы-

лы тек оқу жұмысына ғана 518 миллион сом қаржы жұмсаған, республиканың биылғы жылғы бюджеті бір миллиард екі жүз сексен үш миллион сом. Бұдан Тәжікстан колхозшыларының 1953 жылғы кірістері бір миллиард жеті жүз он тоғыз миллион елу жеті мың сом болғанын қоссақ, бұдан көп нәрселерді аңғаруға болады.

Бұл цифрларда, осындай молшылықта, туысқан тәжік халқының барлық өмірі, еңбек әрекеті жатыр. Тау жоталарын дамылсыз күңірентіп, Памир кеудесін кернеп бара жатқан ауыр өндірістер де, Гиссар, Варзоф, Вахш алқаптарында қызылды-жасылды жайқалған мақта егістері де, Тәжік опера театрынан салынған шырқау әндер де осы цифрларда. Партиямыз бен үкіметіміздің совет халықтарының мәдениетін тереңдете, шалқыта беруге аударған ұлы назары да осында.

Тәжікстан ұлы ақындардың, ұлы ойшылдардың, ғалымдардың — Әбулхасан Рудаки, Әбулқасым Фирдоуси, Әбдірахман Жами, Әбу Ғали Ибн Синаның елі. Тәжік совет әдебиетінің негізін салушы Садреддин Айни, ақын Мырза Тұрсынзада, драматург — прозаик Сатым Ұлуғ-Зада тағы басқа тәжік жазушылары Советтер Одағына кең танылған, белгілі қайраткерлер. Тәжік жазба әдебиеті, дәлірек айтқанда, классикалық поэзиясы мыңдаған жылдармен саналатын тарихы бар, дүниедегі ең көне әдебиеттерге жатады.

Осындай алыстан келе жатқан мәдениет дәстүрі тәжік халқының көркемөнерінде де бар. Тосаң көзге іліге де бермейтін элденелер тұрақты да байырғы дәстүрге айналып ұлттық көркем өнердің түр жағындағы ерекшеліктері ретінде бүгінгі заманымыздың социалистік мазмұнын тапқан. Әңгіме осы ерекшеліктері жайында.

Қазір Тәжікстанда Мемлекеттік тоғыз театр, бір филармония бар. Оның ішінде тәжік көркемөнерінің негізгі табыстарын аңдатып отыратындары — сөз жоқ, тәжік драма театры мен операсы. Бұл майдандағы сахна қайраткерлері сегіз жүз адам. Көркемөнер кадрларын даярлайтын бес мектепте жеті жүзден астам жастар оқиды. Аудандық, облыстық және республикалық көркемөнер коллективтерінде төрт мың адам. Бұл жақтарынан қарағанда Тәжікстандағы жәй одақтас республикалардың бәрінде де бар. Ал, өзгешеліктері неде?

Ең алдымен, тәжік ұлттық көркемөнерінің көпшіліктік жағы көзге соғады. Көзің түскен жерде-ақ көркемөнердің көпшілік ісіне айналғанын көресін. Еңбек пен көркемөнер арасында үндестік табылған да, біріне бірі берік сүйене өсіп келеді. Мақта сабағына көзі бір түсіп кеткенде-ақ қай жағы-

нан, қай қауашағынан бастап ұлпасын алуды бірден аңдап қалатын тәжік әйелінің саусақтары билеп жүргендей. Бір қозғалыспен қауашақтың ұлпасын жұлып алса, екінші қозғалыспен ұлпаны қапшығына салады. Ол саусақтарды қауашақ та тырнамайды, құс тұмсығының қозғалысындай епті де тез саусақтар мақтаның үш ұя болып өсетін ұлпасын ғана шымшып әкеледі. Осы қимылдарына орай айта жүрер жеңіл де көңілді әндері бар. Дененің бар қозғалысы белгілі бір еңбек ырғағын тауып, тез де өнімді қимылдайды. Еңбектегі ырғақ деген ол бір ұлы нәрсе. Қай еңбекте болса да ырғақ табылды дегенше өнімділік табылды деу керек. Ырғақ ой мен сезімнің, жан мен тәннің қосылып салар әні.

Еңбектегі осы ритм тәжік халқының биінде де, әнінде де бар. Бірақ, ол искусство тіліне көшкен. Еңбек искусствоға, искусство еңбекке сүйеніш болып тұр, біріне бірі нәр береді, ажар береді.

Тәжікстанда біз екі үлкен концертте, бір күнге созылған «ән мейрамында» болдық. Бұл концерттер мен «ән мейрамына» барлық облыстардың ансамбльдері қатнасты. Ансамблі жоқ облыс та жоқ екен. Оның үстіне толып жатқан аудандардың өндіріс орындарының көркемөнер ансамбльдері қатнасты. Тоқу комбинаты, полиграфия комбинаты, тағы-тағы толып жатқан өндіріс орындарының ансамбльдері лек-легімен өтті.

Белгілі нәрсе, «ән мейрамы» деген мыңдаған адамдардың қатнасымен ғана өте алады. Бұл көркемөнер көпшілік ісіне айналған жерде ғана мүмкін нәрсе. Тәжік көркемөнерінің негізгі ерекшелігі де осында. Оның үстіне бұл ансамбльдер мемлекет қаржысында емес, шын мағынасындағы көпшілік ісі. Искусство істерін басқаратын мемлекеттік мекемелер мен театрлар ұйымдастыру, басқару жағынан ғана творчестволық жәрдем беріп отырады. Біздің искусство істері мен халық творчествосын басқаратын мекемелеріміз туысқан тәжік халқының бұл өнегесін үйренулері керек.

Тәжік халқының көпшілік араласқан искусствосындағы екінші бір ерекшелігі — ән мен хор, ән мен би; ән мен биге сүйеніш болар ұлттық оркестр бірге ұйымдастырылған. Қай ансамбльді алсаңыз да күйші де, биші де, әнші де бар. Ансамбль түгел хорға да қатнасады, биге де қатнасады. Хорға кейде күйшілері де қатнасып кеткенін көресің. Сонымен қатар жеке билеушілер, жеке ән салушылар, солистер бар. Ансамбльдің ішкі құрылысы бір тапқыр ойдың араласқанын және сол ойдың жалпы бағытқа айналып тұрақталып қалғанын көрсетеді. Хорға, биге, оркестрге қатнасушылардың бә-

рі де «көптің бірі» болып қала бермей, солист қатарына көтерілуге мүмкіндігі бар. Не хорда, не биде, не оркестрде жүріп, кезек-кезек әрқайсысы жеке номерлермен жұрт алдына ылғи шығып отырады. Шын дарыны барлар өсіп, ысылып, профессионалдық сахнаға да ауысады. Өмір бойы «хорист», не «оркестрант» болып қала беру мұндай ансамбльде сирек кездеседі. Сондықтан ансамбльді тұтас алғанда да, жекелеп алғанда да өсе беруіне жолы ашық. Хор, би, жеке ән, жеке би, жеке күйшілері болғандықтан ансамбльдің концерттік программасы әрі кеңейіп, әрі искусствоның әр саласын қамтып жататын сияқты.

Ең маңыздысы ансамбльдерді осылай құру тәжік халқының тарихи дәстүріне, ән сүйетін, би сүйетін елдің дәстүріне сайма-сай болып шыққан. Сондықтан, күндіз еңбек үстінде, не артық, не кем түсіп жүрген қатардағы колхозшы кешке таман концертке араласқанда оған көпшілік үлкен құрметпен қол соғады. Өз ансамблінің концертінен көңілі көтеріліп, бойы сергіп, ертеңгі еңбек үшін дем алып, жадырап қайтады.

Халықтық творчествоның бұл түрлерінде күнделікті тақырыптарды, бүгінгі күннің озық тілектерін тез қамту жағы да оңайырақ болады екен. Жеңіл частушка, әзіл-қалжың, пантомима ретінде жалқаулар мен олақтар, салақтар мен сөлекеттер әр ансамбльдің программасында бар.

Бізде тіпті көрнекті әншілеріміздің репертуарынан қалмай келе жатқан:

—«Есігіңнің алдына су төгіп қой, әкең тайып жығылсын мені қуса!..»— деген сияқты барлық астарымен аңдалып тұратын ескілік тұрпайылығы тәжік ансамбльдерінен әлдеқашан шығып қалған. Оның орнына бүгінгі күннің кеселдерін масқаралап, озықтарын ардақтайтын жаңа әзілдер, жаңа билер, жаңа жырлар туған. Мұндай жаңалықтар әсіресе көпшіліктің өз ортасында, өмірде туып, искусство арнасына түскеннен кейін ажарланып, өңделіп, сол көпшіліктің өзіне қайтып отыратыны байқалады. Өмір мен искусство, өмір мен көркем әдебиет арасындағы саны жоқ байланыстарды зерттегісі келген адамдар Советтік Тәжікстаннан толып жатқан жаңа шындықтар табар еді.

Тәжік искусствосындағы тағы бір ерекшелік — оның тұптамырымен халық өміріне байланысып жатқандығында. Әндері де, хорлары да, билері де тәжік халқының бай өмірін көрсетеді. Ұйымшыл да талантты халықтың әр кездегі күрестері мен тіршіліктегі еңбектері искусствосына үзбей араласып отырады: басымырақ жағы колхозшы өмірі, жұмысшы өмірі әзірге шеттеп қана кірген. Тәжік халқының классика-

лық поэзиясы мен салттық, лирикалық мотивтар да өзіне лайық орнын алған. Қысқасы, тәжік халқының бір концертін көңіл қоя көрген адам сол халықтың өмірінен де едәуір хабардар болып қалғандай, адал да әділ мінезін, еңбек сүйгіштігін танығандай. Халықпен байланыссыз, қалада отырып «халық творчествосын жасаушылардың» ұры іздері тәжік искусствосының бетін шарламаған.

«Қойым семіз болғанға өзім семіз...»— деген сияқты, қойшының сана-сезімін сонша жабайыландырып, тағылық таңбасын басатын өлеңдерді Тәжікстанда естіген жоқпыз.

Осыған байланысты Қазақстан үшін тіпті тарихи мәні бар дерлік бір нәрсе еске түседі. Бұл әсіресе халық дегенді тым жабайы, тым қара дүрсін көретін жолдастар үшін пайдасыз болмас, өйткені сөз ете кеткелі келе жатқанымыз сол халық өкілінің классикалық музыка жайында айтқан бір пікірі. Биыл «Қазахстанская Правда» газетінің 21 июльде шыққан санында механик Крайнев жолдастың отыз екі жолдық, қысқа ғана заметкесі басылды. Ол өзі — механик, Жамбыл облысы, Қордай ауданында тұратын адам.

Сонда механик Крайнев былай депті: «24 июньде Алматыдан радиохабар комитетінің Мансуров басқарған оркестрі вальс-концертін берді. Радио тыңдаушыларды классикалық мұралармен таныстыру керек те, жақсы да іс. Бірақ оркестр тактысынан әлсін-әлі шығып кете беріп, жалған ойнады. Музыка үні орынсыз барқырап құлақты тырналады. Әсіресе Вебердің «Биге шақыруы» жаман орындалды. Бұл вальстің адамды елтітіп әкететін мелодиялылығы, жұмсақтығы мен балғындығы жойылып кетті. Совет адамдарының өскен мәдени тілектерімен республикалық радиохабар комитеті неге санаспайды?»

Міне, ауыл шаруашылық еңбекшілерінің бірі классикалық музыкаларды қалай орындау керектігі жөнінде пікір айтқан. Ал, «Қойым семіз болғанға өзім семіз» деп ән салушы да, сол өлеңді шығарушы да қазіргі қойшылармен таныстығы жоқ адамдар.

Тәжік искусствосында шын мағынасындағы халықтық қасиеттер айқын. Ол идея және түр жағынан да теңбе-тең түсіп, жарықшақсыз шығып отырады. Бір халықтың бұрынғысы мен бүгінгісін, бүгінгісі мен ертеңгісін жалғастырып, ескілігін мінеп, жаңалығын өсіре отырған искусствоны халықтық деуіміз керек. Тәжік искусствосы осы дұрыс жолда. Бұл халықтың өз шындығының ортасында туып, сол халықтың биіктен-биікке көтерілген озық тілегімен бірге өсіп келе жатқан искусство. Өзіндік бояуларын, колоритын дұрыс сақ-

таған искусствосын халқы жақсы түсінеді де жақсы сүйеді. Сонымен бірге тәжік халқының искусствосында өз шеңберінен шыға алмай қалушылық, басқа халықтардың бұрынғы мұралары мен бүгінгі табыстарына жатсырай қараушылық сияқты жат мінездер де жоқ. Орыс, украин, өзбек, қазақ тағы басқа көп ұлтты совет халықтарының әндері мен билеріне, искусство майданындағы табыстарына құшағын кең ашқан. Туысқан елдердің искусствосын өз халқына таныта білген, сүйгізе білген.

Искусство жұмысы олақ басқарылған жерде республикалық театрлардың бойына ғана шақ репертуарды облыстар мен аудандарға да ұсына салу сияқты, профессионалдық көркемөнер коллективтері мен жай үйірмелердің міндеттерін ажырата алмаушылық сияқты доландықтар көп кездесіп отырады. «Атан жүгін тайға артып» деген сияқты, өз шамасында өте пайдалы іс істейтін жергілікті коллективтерге шамасы жетпес жүк артып, қолдан тұралатады. Оның үстіне, эстрадалық, драмалық, опералық репертуарды қатар ұсынғандықтан, ешбір коллектив белгілі бір бағытта тереңдеп өсе алмайды. Тәжікстанда мұндай қойыртпақ жоқ екен. Облыстық, аудандық, өндірістік көркем коллективтердің бәрі де белгілі бір творчестволық тұрақты бағытта өсіп келеді: хор, би, оркестр, осы үшеуінен туатын жеке номерлер. Кейде екі облыстың ансамблінде негізі бір не би, не ән кездессе, онда аз да болса әр облыстың өзіндік бір табыс қосқанын аңдайсың, не болмаса, әр облыстың тұрмыс-салтындағы бір ерекшелігін сақтауға тырысқандықты көресің, оның аржағы облыстар мен аудандар арасындағы бәсекені, ізденуді тудырып отырады. Айта кету керек, көркем сөз жанры Тәжікстанда да әзір өркендей алмаған.

Сөз жоқ, бұл айтылғандардың көбі халықтық творчествоның әр түрлі салаларына жатады. Профессионалдық драма, опера театрлары өзінің заңды жолдарымен өсіп келеді: Совет Одағында жалпы профессионалдық өнер қай жолдармен өссе, Тәжікстанда да сондай.

Тәжікстанның Мемлекеттік драма театрында ұлттық репертуарлармен қатар «Гроза», «Ревизор», «Мещандар» қойылған. Тәжік драматургтарынан Ұлуғ-Заданың «Краснопалочники», «Шодмон», «От ішінде» деген драмалары, Закировтың «Шодиена» атты, Жәлел Икрамидің «Духтари Ноком» атты пьесалары тәжік драматургиясының үлкен табыстарына жатады.

Сахнаға қойылған тәжік драматургиясында мынадай ерекшеліктері байқалады. Тәжік драматургтары классикалық

мұраның сюжеттеріне өзінің тиісті орнын бере отырып, негізгі салмақты советтік дәуірге аудара білген. Көптеген драмалық шығармалардың сюжеті мақташылар, жібекшілер, колхозшылар, совет интеллигенциясы, совет мәдениеті жайында. Ұлұғ-Заданың «Краснопалочники» деген героикалық драмасы тәжік халқының басмашылармен күресін көрсетсе, «От ішінде» деген драмасы Ұлы Отан соғысының майдандарында алысқан тәжік халқының ер ұлдарын көрсетеді. Осы автордың «Шодмон» атты пьесасында, Саидмұратов пен Рабиевтің «Сағадат» атты пьесасында тәжік мақташылары, бүгінгі колхозшылардың бай өмір үшін күрестерін көреміз. Дегенмен, жалпы совет драматургиясының соңғы біраз жыл ішіндегі бөгелісі тәжік драматургиясында да айқын сезіледі. Театрлар көбінесе ұзақ өмірі болмайтын драматургиямен отыр. Совет тақырыптары кең серпінге, шындықтан туған ірі айқастар дәрежесіне көтеріле алмаған.

Соңғы жылдарда тәжік театрлары мен драматургтарының ерекше бір қолға алғандары комедия жанры екен. Бұл жанрда көптеген пьесалар жазылып сахнаға тараған. Ұлұғ-Зада «Іздеушілер», Закиров «Сүйінші», Икрами «Жақынным мен жатым», Наими мен Кладо «Керексіз айлалар», Жәлел Икрами «Жиырма сегізінші түн», тағы басқа бірталай ұлылы-кішілі комедиялар жазылған. Классикалық комедияның биіктері әлі алысырақтан елестегенмен тәжік искусствосында комедиялық жанрдың өркендер беті айқын байқалады. Өйткені бұл жағында бірталай ысылған да тұрақты күштері бар.

Тәжік халқының опера, балет мәдениетінің өсу жолында да бірнеше ерекшеліктері байқалады. Тәжік халқының өзіндік әндері түгелінен тамаққа салмақ сала айтылады. Ән салудың бұл түрі советтік шығысқа түгел ортақ «ашық үн» деп танылатынымен өзбек, тәжік ағайындарда үн шығар жолға түсер салмақ өте басым.

Тәжік операсы әрине дүниелік опера мәдениетінің жолымен өркендеп келеді. 1941 жылы Москвада болған тәжік көркемөнерінің он күндігінде тиісті жоғары баға алған тәжік операсы қазір ондағыдан анағұрлым өскен. Опералық әншілері, көп дауысты хорлары, симфониялық оркестрлері үлкен мәдениеттің, өскендіктің тұрақты белгілерін көрсетеді. Біз одақтас Тәжік республикасының 25 жылдық тойының қарсаңында қойылған «Бахтияр мен Ниссо» деген жаңа операны көрдік. Музыкасы мен либреттоның авторы белгілі композитор Баласанян екен. Опера Советтік Тәжікстанның алғашқы жылдарын көрсетеді. Драмалық сюжетіндегі олақ-

тықтарды былай қойғанда бұл шын мағынасындағы опера, Бас героиня ролінде ойнаған (Ниссо) Тәжікстанның халық артисткасы Ханифа Мәуленова, даусы лирикалық сапрано бола тұра, аса бір драмалық ауыр рольді таң қаларлық шеберлікпен атқарды. Өте сүйкімді даусына драмалық ойынның барынша толықтығы қосылып, талантты жас актриса жасаған жаңа образ айқын жарқырап шықты. Айта кету керек, тәжік операсында жалғыз ғана опералық әнді салу емес, сонымен бірге драмалық ойынды түгел беруге баса зер салынады екен. Бұл реалистік совет театрларының бірден-бір дұрыс жолы. Біздің байқауымызша тәжік операсы дұрыс жолда, әншілері де, көп дауысты хорлары да «жабық үнмен» айтады, жеткізе ойнайды.

Сонымен қатар тәжік халқының байырғы ән салу әдісіне байланысты тез шешіп алар бір мәселе де бар сияқты. Тәжік бұқарасы жаңа опералардан халық әндерін іздейді. Композиторлар халықтық әндердің орындалуындағы тамақпен айтылатынын есте ұстап, бір жағынан ол әндерді «жабық үнге» көшіруден бас тартып, халық әндерінен қашқалақтайтыны байқалады. «Бізде осы мәселе шешімін таба алмай келеді» дегенді опера әншілерінің бірталайынан естідік.

Тәжік ертеден биі бар халық. Опера-балет театрының тез өсуіне бұл жағдайдың көп жәрдемі тиген. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Ашура Насирова, Лутфи Захидова, балетмейстр Валамат-Зада (үшеуі де тәжіктің халық артистері) және республиканың еңбегі сіңген артисі Махмут Кабилов одақтық көлемге аттары таныс балет шеберлері. Балет жағында халық билері музыкадағыдай кедергіге кездеспеген.

Тосын көз үшін бір елдің барлық искусствосына шолу жасап, әсіресе бағалау үшін, әрине бірер ғана көру тым жеткіліксіз. Біз мейрам үстінде көргендерімізді, байқағанымызды ғана жазуды міндет көрдік. Іргелес отырсақ та, мәдениет, әдебиет, искусство жағындағы байланыстарымыздың жеткіліксіз болып келе жатқанын еске алып, мүмкін, сол байланыстың күшеюіне, аз да болса дәнекер болар деген ой келді.

Ең негізгі түрткі болып, мақаланы еріксіз жаздырған нәрсе — туысқан тәжік халқының аз ғана жылдардың ішінде көптеген тұрақты табыстарға қолы жеткендігінің қуанышы, туысқандық қуаныш!

1955 жыл.

ЖАЗУШЫЛАР ЖӘНЕ ҰЙЫМ МІНДЕТТЕРІ

(Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының III пленумында жасаған баяндамадан).

Қазақстан Жазушылар одағының бұл пленумы енді бірекі айдан кейін мұрын сіңбіртуге мұршаңды келтірмейтін, біріне-бірі жалғаса келе жатқан төрт үлкен жиындардың қарсаңында, сол жиындарға әзірлік жайын кеңесуге арналып шақырылып отыр.

Октябрь айында Ташкентте Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясы өтеді. Оған жалғаса Қазақстан жазушыларының IV-ші съезін өткіземіз, декабрь айында Москвада қазақ көркемөнері мен көркем әдебиетінің онкүндігі, оған жалғастыра барлық Одақ жазушыларының III-ші съезін өткіземіз.

Мерзім жағынан бәрінен бұрын келетіні Азия, Африка жазушыларының II конференциясы. Бұл — Совет Одағының шақыруы бойынша Ташкентте октябрь айының бас кезінде өтеді. Азияның қиыр күншығысынан бастап, Африканың күнбатысына дейінгі ұлан-байтақ жерді жайлаған ұлан-байтақ елдерден ерекше қадірлейтін қонақтарымыз, әрқилы ой иелері, әралуан көркемсөз шеберлері, ондаған елдердің мәдениет дәстүрлерінің сақшылары келеді. Ол — қоғамдық өркендеудің әр сатысында, ең бері салғанда феодалдық сатыдан бастап, социалистік жоғары сатыға жеткен елдер. Мұндай конференция өткізуде біздің тәжірибеміздің жеткіліксіздігі Совет Одағының жазушыларына, әсіресе Орта Азия республикалары мен Қазақстанға аса жауапты міндеттер артады.

Әрине, Совет халықтары қырық жылдың ішінде қолы жеткен ұлы табыстарын көрсетуде ешкімнен қысылмайды да, қорынбайды да. Әңгіме аз уақыттың ішінде көпті көрсетуде, көптің ішінен таңдаулысымен бірге еліңді танытарлығын көрсетуде. Қазір сырттан тон пішіп, қонақтарымыздың нені көр-

гісі келетіндерін түгел ескеру қиынырақ болар, дегенмен олардың қазақтың мәдени өсу жолындағы негізгі жаңалықтарын, берік қаланған іргелерін, яғни әдебиет, көркемөнер, ғылым ордаларын көргісі келетінінде дау жоқ.

Азия, Африка жазушыларының конференциясына әзірліктің ең басты мәселесі, әрине, әдебиеттік әзірлік, дәлірек айтқанда, шығыс елдерінің мәдениет байланыстарын күшейте беруге берік арқау болатын кітап аудару мәселесі, көркем әдебиет аударудың мәселесі. Бұл жөнінде істелген істер қанағаттанарлық емес. Керекті-керексізді қоқытып аудара берген, көбінесе көңілдестеріне оңай ақша тауып беруге баса зер салған Қазақстан көркем әдебиет баспасының бұрынғы директоры Балтағожин жолдас пен «Жаңа өмір» баспасының басшылары бірінің ізін бірі басып отанның абройы деген нәрсені тіпті-ақ ойлай алмаған. Мәдени өсудің үлкен бір айғағы — қай халықтың болса да ұлы ақын-жазушыларын, классикалық шығармаларын, өз тіліне аударуда жатады. Өзгені былай қойғанда, біз әлі күнге шығыстың ұлы ақындары: Фирдоуси, Навои, Рудаки, Руставели, Омар Хайямдарын аударған жоқпыз. Сәт төре мен Тұрмағамбет сияқты ақындардың шала да болса ерте бастаған істерін елеусіз қалдырумен бірге өскен дәуірімізге лайық үлкен істердің бірін әлі аяқсыз етіп келеміз.

Шынын айту керек, бұл жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы да түрткі салмаған, баспа орындарының алдына талап қоймаған, қадағаламаған. Бұдан былайғы жерде бұл ұятымызды жууға тиістіміз.

Сонымен бірге Азия, Африка жазушыларының конференциясына тікелей әзірленер кезеңге кіргенде, Қазақстан көркем әдебиет баспасының дәлірек айтқанда баспаның директоры Қаратаев Мұхамеджан жолдастың үлкен іскерлік, мақтарлық ұқыптылық көрсеткенін де атап айтуымыз керек. Осы үш-төрт айдың ішінде Қазақстан көркем әдебиет баспасы шығыстық шетелдердің тілдерінен аударылған 22 кітап басып шығарады. Бірінші рет қазақ оқушылары осындай қомақты да аумақты түрде бауырлас шығыс ақындары мен жазушыларымен танысады.

Ол басылып шығатын кітаптар мыналар: жеке-жеке кітап болып шығатын Р. Тагордың «Күйреу» романы, Чанд Прем әңгімелері, Индия ертегілері, Араб ертегілері мен Араб әңгімелері, Мысыр новеллалары, Вьетнам әңгімелері, Корея жырлары, Афган, Индонезия, Иран, Бирма ертегілері, Азия мен Африка ақындары өлеңдерінің жинағы т. б. барлығы 150 баспа табақ шамасында.

Азия, Африка жазушыларының конференциясын өткізу жөніндегі әзірлік комитетінде қабылданған тағы бір мәселе бар. Ол — конференцияның үстінде қонақтарға Орта Азия халықтары мен Қазақстанның көркемөнерін көрсету жайлары. Әрине, бауырлас өзбек халқы қонақтарға өз көркемөнерін көрсету жағынан кенде етпейтініне біз сенеміз де қуанамыз. Өз онкүндігіне әзірленіп жатқан өзбек бауырларымыздың қазіргі күнде бабында екенін де сезінеміз. Мұнымен бірге келген қонақтар түгелімен барлық советтік шығысты аралап, әр халықтың көркем өнерімен, әсіресе, театр, филармония, оркестр сияқты үлкен ансамбльдерімен танысуға уақыттары болмауға мүмкін. Сондықтан конференция кезінде Орта Азиялық елдер мен Қазақстанның әртүрлі фильмдері Ташкентте көрсетіліп, әншілері концерттерге қатынасуы керек.

Кезекте тұрған екінші мәселе — Қазақстан жазушыларының IV-ші съезіне әзірлік жайлары. Бұл жөніндегі аздыкөпті ойларымыз, жиған-тергендеріміз әзір қолма-қол іске айналған жоқ. Ол ойларымызды осы пленумнің алдына салумен бірге үлкен коллектив, жауапты қоғам болып ақылдасып, съезімізді жоғары дәрежеде өткізудің шараларын белгілеуіміз керек.

Қазақстан жазушыларының IV-ші съезіне әзірліктің негізі бола ма деп ұсынғалы отырғанымыздың біреуі мынау: бұл съездің сыртқы боямасы, даң-дұңы аз, парадтық даурығулары жоқ, барлық әрекетіміз әдебиетіміздің жәйін жете бір тексеріп алуға арналған іскер съезд болса дейміз.

Көп ұлтты совет әдебиетінің идеялық көркемдік міндеттері, әдебиетке қояр негізгі талаптары бір болғанымен, әр алуан тарихы бар ұлт әдебиеттері өзіндік ерекшеліктерін ұмытпауы керек. Одақтық III-ші съезд бұл көп ұлтты әдебиеттің алдағы кезеңіне бағыт белгілеу үшін де әрбір ұлттық әдебиеттің шын жайларын дұрыс есептеуі керек. Міне, бұл анықтауды ашып беретін, Одақтың съезімізге ұсыныстар беретін, негізінде, ұлт жазушыларының съездері болмақ. Оның үстіне жергілікті жазушылар қанша қатал талап қойғандарымен Одақтық съезд сонша көп ұлттардың төрт жыл ішінде берген барлық шығармаларына тәптештелген тексеру жасай алмайды. Ондай талап орынсыз да болар еді. Сондықтан да екі съезіміздің арасында туған барлық шығармаларға жете талдау, тексеру жасап, өсу жолындағы табыстарымыз бен кемшіліктерімізді таразыға тартуды біз өзіміздің съездің міндеті деп біліп, Одақтық съезге екшелген, сұрыпталған ойлармен баруымыз керек.

Ең алдымен, қазақ совет әдебиетінің бүгінгі күнімен бірге ертеңгі күні де сенімді екенін, іргелі әдебиетке ғана тән жақсы бір нышан барын айтқым келеді. Соңғы төрт жылдың ішінде желілі поэмалар, драмалық шығармалар, повестер, романдар, көлемді ғылми сын еңбектері бұрынғы дәуірлермен салыстырғанда жеделірек туа бастады. Көпшілігі идеялық-көркемдік жақтарынан да байсалды, сын көтере алатын дәрежеде. Бұдан бұрынғы дәуірлеріміздің кейде он жылын, кейде тіпті жиырма жылын алып салыстырсақ та, соңғы төрт жылымызға теңдесе бермейді. Ысылмағандықтан, асығыстан, тезірек басып шығаруға құмартқандықтан кеткен ұлылы-кішілі кемшіліктері бола тұрса да, соңғы жылдардағы шығармаларымыздың басым көпшілігі орыс тіліне аударылып, талғамы көп орыс оқушыларына ұсынуды көтере алуы — үлкен бір қуанышымыз. Бұл әдебиет кадрларының сапа жағынан өскендігін, өзіне қояр талабы өскендігін көрсетеді. Өзіне-өзі талап қоя алмай, жолдастарының сынынан қашқалақтап жүретін ақын-жазушылар адақтаған дәуірге кіріп келеміз. Өзін ұйымнан, коллективтен жоғары қоятын бай ауылдың өркөкіректігінен қалған кекірік мінездер жойылуға бет алды.

Соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінің екінші үлкен табысы — ақын-жазушыларымыздың советтік тақырыпқа жаппай бет бұруында. Бұл ұлы заманымыздың еңбек жұртшылығының күнбе-күнгі ерліктерін философиялық, көркемдік мән-маңыз жағынан қорытуға бет бұру деген сөз. Бұл — жан-жақты ойлану, іздену бағыты, социалистік өмірге бойлай араласу бағыты, түптеп келгенде үлкен нәтижелер күте алатын игілікті бет.

Әдебиетке соңғы жылдары қосылған жас қаламгерлердің табысты еңбектерін атай кеткен де жөн. Бұл жастардың бір ерекшелігі — әдебиетке қойылар идеялық, көркемдік талаптарды жаңа дәуірімізге орай тереңірек ұғынатын білім барлығында, екінші ерекшеліктері ойы-қыры көп өмірлік материалдарының жеткіліксіздігінде сияқты.

Соңғы екі жылдың ішіндегі еңбектерін ерекше атауды керек ететін бір жазушы — Бауыржан Момышұлы. Бәрімізге мәлім, Бауыржан ана тілінде емес, орыс тілінде жазады. Сөз жоқ, мұның едәуір қиындығы болу керек. Солай бола тұрса да, Бауыржан жыл жарымның ішінде қырық баспатабақтай көркем шығарма берді. Және ол жазғандары сын көтеретін сапада болғандықтан Алматыда, Москвада басылып шығуына іркілмей ұсынып отырмыз.

Прозаның алдыңғы буын жағына келсек, ең алдымен Әу-

езов Мұхтар жолдастың жиырма жылдық еңбек сіңірген үлкен эпопеясы «Абай» романдарының сәтті аяқталғанын айтуымыз керек. Бұл — дүниежүзіне танылды деп айта алар лық шығармалардың қатарына қосылатын еңбек. Ұзақ еңбектің кейбір жерлерінде олпы-солпы бар болғанымен, бұл — қазақ халқының XIX ғасырдағы хал-жайының үлкен бір энциклопедиясы. Қоғамдық, оқытушылық істерінде үлкен белсенділік көрсете жүріп, Мұхтардың қазақ халқын дүние жүзіне танытқан еңбегін аяқтағанына қуана да білуіміз керек.

Бұл төрт жылдың ішінде Мұқанов Сәбит жолдастың істеген еңбегі де аз емес. «Менің мектептерімнің» екінші кітабы бітті, тың жерді игеруге арналған жаңа бір романды аяқтап, енді өңдеу дәуіріне ауысты. Жаңа тақырыпқа қарай қашанғы бейімділігі бойынша Сәбит «Дала толқынын» жұрттан бұрын қолға алды да, енді асығыстан кеткен олпы-солпысын өңдеуде отыр. Романның қанша кемшілігі бола тұрса да тың тақырыбына бірінші жазылған үлкен еңбекті бағаламауға, сәтті түрде өңделіп бітсе, қуанбауға хақымыз жоқ. Бұл роман туралы айтып жүрген сындарымыз халық болып, бүкіл Одақ болып күтіп отырған еңбектің сәтті аяқталуына ғана арналады. Ал, «Менің мектептерімнің» екінші кітабы үлкен сын көтеретін еңбек болып шыққанына ешкім таласпас деймін.

Бізді тағы бір қуантқалы келе жатқан — Мұстафин Ғабиден жолдастың «Дауылдан кейін» атты жаңа романы. Әзір бас-аяғын тұтас жинап алып оқығанымыз көп емес, бірақ көзге ілінген орысша-қазақша газеттерде басылған жақтары алдымызда бір үлкен қуаныш барлығын сездіреді. Ғабиденнің бұрынғы еңбектерінде кедір-бұдыры көбірек болушы еді, соңғы романы автордың көп іздегенін, өзіне-өзі қатал талап қойғанын аңдатады.

Менің өз бақылауымша қазақ совет поэзиясының соңғы төрт жыл ішіндегі табысы одан арғы он жыл ішіндегі табысымыздан анағұрлым салмақты, анағұрлым жоғары сияқты. Ұзақ бір дәуір поэзиямыз көтерілмей қалған екен де, үшінші съездің алды-артында, әсіресе соңғы екі жыл ішінде қайтадан қарыштап, жаңа бір белге шығыпты. Оған бір ғана дәлел келтірсек те жететін сияқты.

Онкүндікке арналған шығармаларымыз баспаға тапсырылғаннан кейін, соңғы үш-төрт айдың ішінде орысша басты рып шығаруға табаны күректей жеті поэманы аударуға тура келеді. Ол Т. Жароковтың «Құмдағы дауылы», Қ. Бекхожиннің «Ақан Ақтаевы», Х. Ерғалиевтің «Құрманғазысы»,

Ә. Тәжібаевтың «Портреттері», Д. Әбілевтің «Таудағы туы», Ғ. Қайырбековтың «Дала қоңырауы», С. Сейтқазиннің «Ленинградтан келген қызы». Меніңше поэзияда үлкен поэмалар мұндай жедел туып берген уақыты бұрын болған емес.

Ал енді III съездің бер жағын түгел алсақ, поэзиямыздың жалпы өсуі де үлкен қуанышты қорытындыға әкеледі. Жаңағы аталған шығармаларға Жұбан Молдағалиевтің «Жыр туралы жыры», Әбілевтің «Отты толқындары», Ерғалиевтің «Оралдағы отты күні», Асқар Тоқмағамбетовтың «Агроном көктемі», Қажым Жұмалиевтің «Махаббат пен достығы», Жаппар Өмірбековтың «Батырдың қалыңдығы», Мұзафар Әлімбаевтың «Құрбымның күнделігі», Жұбанның «Кішкене Турксибі», Қасым Тоғызақовтың «Сібір Омары» қосылады да, аз жылдардың ішінде жиырмадан артық поэмалар жазылғанын көреміз. Оның үстіне, қазақ совет поэзиясының осы кезеңдегі өсу бағытын белгілеп, басты ақындарымыздың тізе қоса қолға алғандарын көрсететін жаңалығымыз да осы поэмалар екен. Поэзиядағы мұндай табыстар қай елдің әдебиеті үшін де аз олжа емес.

Екінші, «Құрманғазы», «Сібір Омар» сияқты бірлі-жарымдысы болмаса өзгелері түгел советтік дәуірдің тақырыбы екенін еске алсақ, қазақ поэзиясы бүгінгі өмірге бет бұру сияқты әдебиеттік үлкен проблеманы қоса шешіп келе жатқанын көреміз.

Сонымен қазақ совет поэзиясының түгел бет бұрғаны — бүгінгі социализм идеясы, бүгінгі совет адамдарының әралуан образдары. Бұл — өскелең де сезімтал поэзияның қасиеттері, қуанатын қасиеттер. Тың я «миллиард» сияқты тақырыптарға тарпа бас салмағанымен, поэзиямыз бүгінгі өмірдің әр саласына еркін-ақ барып отыр. Есте болатын нәрсе, шығарма шығармаға сүйене де, жарыса да тумақ. Үкілі құйрық өрендер осындай жарыста, адал жарыста әр ақын өзінің шама-шарқын анықтамақ. Әр ақынның өзіндік лебі, өзіндік ерекшелігі анықталмақ. Поэзиямыздың соңғы жылдардағы беталысынан мен өзім осындай үлкен үміт күтем.

Енді драматургия жайлы.

Екі съездің арасында бұл жанрдың табысы поэзиямыз бен прозамыздың табыстарына орай келе бермейтін сияқты. Үшінші съезден кейінгі дәуірді тұтас алсақ, 1957 жылдың екінші жартысына дейін жаңа тақырыпқа да, ескі тақырыпқа да жарқырап шыққан шығарма болған жоқ. Он күндікте көрсетуге ұсынған спектакльдеріміздің көпшілігі ескі тақырып болып отырғаны да сондықтан. Біз, драматург-

тер, кеш қимылдаппыз, мұны мойынға алу керек. Дегенмен, былтырдан бастап драматургиямызда бірталай шығармалар туды. «Шоқан», «Күншілдік», «Майра» «Кім менің әкем?», «Ертіс жағасында», «Тоқаш Бокин», «Жалғыз ағаш орман емес»— пьесалары сахнаға шықты. Қазір жазылып болған, жазылып жатқан шығармаларымызды ертерек бітіріп берсек, сапалы бітуіне жолдастық қауым болып ат салыссақ, онкүндікке ылғи жаңа тақырыппен баруға болады екен. Әттең, мұны істей алмай, қапы кетіп отырмыз. Қазақ драма театрының онкүндікке апаратын спектакльдерінен Москва көрермендері бірілі-жарымды колхоз интеллигенттерін, колхоз адамдарын ғана көріп қалмаса, жарар еді.

Менің бақылауымша, қазақ драматургиясы советтік тақырыпқа бет бұруда едәуір кешеуілдеп қалды да ауыр жанрды әлі меңгере алған жоқ. Тегінде, осы жанрды ерекше бір тексеріп, шамамыз келгенше кедергінің себебін ашып алуымыз керек болар. Қателессек, ашып айтуларыңыз өтініш, советтік тақырыпқа жазылған пьесалардан онкүндікке ұсынылып отырған екі-ақ нәрсе бар:— олар Әбділданың «Жалғыз ағашы» мен Н. Ановтың «Мұрагерлері». Арнап құрылған жюри барлық жаңа тақырыпқа жазылған пьесалардың ішінен осы екеуіне ғана тоқтады, онда да едәуір өңдеуді, өзгертуді талап ете тоқтады. Наразы жолдастар жоқ емес, бірақ біздің ең үлкен наразылығымыз басқаға емес, өзімізге айтылуға тиісті деп білемін.

Совет жазушыларының III съезіндегі баяндама «Коммунистік тәрбие майданында әдебиеттің міндеттері» деп аталады. Бұл Әдебиет пен көркемөнердің халық өмірімен тығыз байланысы деген мағынаны аңғартады. Көріп отырсыздар, баяндама әдебиеттің өзіндік деп аталатын ішкі мәселелеріне емес, әдебиеттің әлеуметтік міндеттеріне арналып отыр. Неліктен олай?

Біз, совет жазушылары, советтік қоғамның озық қауымына рухани күштерінің қауымына жатамыз, партияның сенімді көмекшісі атанамыз. Біздің міндет — совет қоғамының әр буынын, әрбір ұлтын коммунистік рухта тәрбиелеу, озық өнегелілерді үгіттеу, алдағы коммунистік дәуірге жетелеу, совет халқының ұлы табыстарын дүние еңбекшілеріне жеткізу.

Кімде-кім партиямен бірге болса, ол елімен бірге, кімдекім елімен бірге болса, ол партиямен бірге екені бәрімізге мәлім. Ең түйінді мәселе — ақын-жазушының ой жүрегіне біржола қонып, ұялап өсе беретін, жазушы жүрегінен қырғышпен қырсаң өшіре алмайтын, партияның сөзін, достың

досқа айтар сөзін айтады. Сондықтан жазушылар сияқты озық қауым, партияның сенімді досы, берік сүйеніші қандай болуы керек?— деген сұрау туады. Мен онша идеалист адам емеспін, бірақ Қазақстан жазушыларының өркендеп өсу беталысын бағдарласақ, партиялық тәрбие әсерінің күшеюін дұрыс бағаласақ, берекелі бір іске шұғыл кетіп қалатын, қарайламай-ақ кетіп қалатын дәрежеден көп алыс емес сияқтанамыз. Ол әзір арыла алмай келе жатқан, бірақ ұзақ өмірі де жоқ, ырың-жырың, көңілдестік, жерлестік, орайластық, сыбайластық, көңілдес еместік, жерлес еместік, сенімдік пен мендік, өзімдік пен өзгелік сияқты түкке тұрмайтын, бірақ бірімізге емес бәрімізге кедергі болуға жарап келе жатқан бір жаманшылықтан пышақ кесті арылсақ деймін.

Қазақстан жазушыларының арасында ұйымшылдық тұрғысынан алып қарағанда соңғы жылдардың ішінде тұрақтаған едәуір елеулі нышаналар бар. Сонымен бірге өсу-өркендеуіміздің жаңа биігіне лайық мінездер ылғи табыла да бермей қалады.

Жақын арада аға жазушыларымыздың бірі үш үлкен елеулі шығарманың тексеруіне келмей қалды. Одақта әдейі арнап оқылған бұл үш шығарманың үшеуі де алда тұрған онкүндікке байланысты шығармалар еді. Біреуін сол аға жазушының «осының өзін тексеру, қарау керек!» деген ұсынысымен қайта оқытып едік. Бірақ, өзі келмей қалды. Бір сәтте ортақ ісіміздің оңды болып шығуына ұмтылған жақсы ниетін сын айтып, бет шайысып қаламыз ба деген ескі әдеттеріміздің қалдығы оп-оңай жеңіп кетті.

Аға жазушылардың енді біреуі жақын арада ғана үлкен бір шығарма оқылғанда, мыз бақпай отырды да, басқалар бірауыздан мақтап, қабылдағаннан кейін оңаша жағдайда сол шығарманың түкке тұрмайтындығын айтты.

Жұлып әкетпесі бар әсерлі шығармаларды оқығанда, сол әсердің салдарынан кейде елеулі кемшіліктерін көрмей қалуың мүмкін-ақ. Мұндайда көп болып қателесіп отырса да, ол қатені көріп отырған жазушының айтпай қалатын не орны бар? Бұл мінез бұған дейін де, бұдан кейін де жолдастық дәстүрге жатпайтын, партия қойып отырған талапқа қайшы келетін мінез.

Тағы бір аға жазушы шығарманың басылып шығудан бұрын жете тексерілуі сияқты дұрыс талапты одақтың алдына бар салмағымен қоя отырып, үлкен бір шығарманың бірінші тарауын ғана оқып шығып, нашар екен деген қортынды жасады.

Бір аға жазушымыз көркемөнердің аса бір қадірлі ада-

мын жәбірлеп, қазақтың академиялық театрына тіл тигізген. Ол қадірлі адамымыз мұндай сөзді естуге тиіс емес, ең бір адал адам еді. Орынсыз жәбірленген, ұйым болып ұялатын сөз естіген. Екінші өзін өсірген театрға тіл тигізген жазушы енді сол театрдың есігін ашуға ұялатын болады да! Бұл қай жағынан қарасаң да, жазушыға лайық мінез емес.

Ең соңғы мысал, тағы бір аға жазушымыз өзінің шығармасын қабылдамағанда: «Шығарма деген — іштен шыққан перзент, әлдекімнің қолдан жасаған айыптауымен менің баламды өлтіріп, қолдарыңды сол нәрестенің қанына малып отырсыңдар!» деді.

Осы мінездердің бірде-бірі жазушыға жолдас болар мінез емес қой деймін, жазушылар бұлай сөйлеспеу керек. Бір ретте пьесасы нашар шығып, өзі ренжіп жүрген жазушыға мен де шабуылдап, сын айтып, артынан кешірім сұрағаным бар. Адуын мінездер жастарымыздан да шығып қалады. Кейде өзі оқыған жоғары дәрежелі мектептің биігінен қарап, аз білімді аға жазушыларға кекірік қарайтын мінездері де бар. Бірақ, олардың көбін мектепте тәрбиелеп, әсіресе әдебиетке жетелеп әкелген — біз. Сондықтан олардың басым көпшілігінің: «бұл жаман мінезді біз сіздерден үйрендік!» деуге хақысы бар. Сондықтан олардағы үлкенді-кішілі теріс мінездердің бірсыпырасына, біз, үлкендер жауаптымыз.

Екінші, мен, жастардың ескі-құсқыдан арылуы жеңілірек, басшылары бастай білсе, олар тартынбай-ақ, іркілмей-ақ еріп кетеді деп сенемін. Сонымен бірге теріс мінез деп, сынап тұрғанымыз да өсуге емес, өшуге бет алған, жыл озған сайын жақтаушы таппайтын мінез екенін де ұмытпауымыз керек. Бірақ, әзірше бар жараспай тұрған, жуып-қырып тастайтын бір қаспақ.

Мұндай жағдайда объективті партиялық сын өрістеуі мүмкін емес. Ол былай тұрсын, жалпы әділет деген парызымыз ұры сәудегердің безбеніндей ылғи жалған көрсетіп тұруы мүмкін. Совет жазушылары үшін ендігі жағдайда бұл тіпті лайығы жоқ мінездер.

Біз әлі күнге қырық жыл ішінде Бұқар кім, Шортанбай кім — соны бір байламға әкеле алмай келеміз. Осы неліктен? Жақын арада үстірт шолып қарасам, Шортанбай туралы жиырма бес мақала, Бұқар туралы отыз екі мақала басылғанына кездестім. Айналасы екі жүз елу жол өлеңі бар Бұқарды тануға осынша уақыт неге кетіп жүр? Бұл халық ақындарының еңбектерін тексеруге советтік ғылымның өресі жетпей жүргендіктен емес, өлі ақынға да, тірі ақынға да партиялық объективті көз қарасымыз бірікпей жүргендіктен. Был-

тыр ғана Шортанбай туралы «Қазақ әдебиеті» үш мақала басты. Соның қайсысына байлам еттік? Байлам әлі жоқ, қарама-қайшы көзқарастар тірескен күйінде әлі тұр. Бір кезде «Қазақ әдебиеті» газеті ескі мұра өшіп барады деп байбалам салып еді. Қазақстан Орталық партия Комитеті ескі мұраны жедел қолға алыңдар, тексеріңдер, асылын пайдаланыңдар деген қаулы алып еді, байбаламшылардың бір де-бірі белсенділік көрсете алған жоқ. Өзіміздің газет-журналдарымыз да ұйымдастыру жағынан жігер көрсете алмай келеді.

Осының бәрінде де ең алдымен партиялық көзқарастың, идеялық көзқарастың түгел бірікпегендігінің зардабы бар. Ашық-айқын ойыңды айтудың орнына ығысу — ықтау не болмаса белге салу салдары бар.

Бұл бәрімізде де бар мінез, бәрімізге де ортақ міндеттердің мәселесі. Қараңғы қазақтың өзі-ақ «сын түзелмей, мін түзелмейді» десе, сол халықтық даналықтың биігіне әлі шығып болмағандықтың мәселесі, партиямыз нұсқаған бағытта жаңа дәстүр жасаудың мәселесі.

Алдымызда екі съезіміз тұр. Біз ұлттық әдебиетіміздің жайын өзіміздің съезде шама келгенше жете тексеріп, партиялық сыннан өткізіп, алдағы күнге дұрыс бағыт белгілеуіміз керек. Ол үшін, ең алдымен, жазушыларды партиялық принципті бұлжытпай ұстау негізінде тұтастырсақ, біріне бірінің достығын, жолдастығын, бір майданның, бір істің қайраткерлері екендігін ұғардай жағдайға жетсек, бәріміз де бақытты болар едік! Ескі ауылша өлгеннен кейін жоқтамай, тіршілікте, еңбек үстінде сыйлассақ деймін. Бұл бір адамның, не болмаса Одақтың президиумы мен басқармасының да қолынан келетін іс емес. Барлық жазушылар жұртшылығы болып қолға алатын үлкен іс. Мен барлық жазушылар қауымын осыған шақырамын.

Соңғы төрт жылдың ішінде қазақ әдебиетінің өсу бетін анықтайтын нәрселер поэзияда — поэмалар, прозада — роман, повестер, яғни сүйекті еңбектер сияқты. Бұл жақсы нышандар, ержеткендік белгілері, өнімді қарқынның белгілері. Сонымен бірге, енді сол сүйікті шығармаларға қатты үңілуіміз керек. Желілі шығармаларымыз қандай көркемдік сапада, идеялық жаңалықта туып жатыр екен. Өмірге қанша сұғына алдық екен, нелері шын поэзия: нелері атына сай келмей жатыр, сулар, схемалар жоқ па екен, қандай ақынға қай жағынан жәрдем-кеңес керек. IV-ші съезге осы жақтарымызды айқындап келуге міндеттіміз.

Проза жанрында көркем әңгіме кенжелеп қалғандығы айқындалып келеді. Көркем әңгіме, көркем очерк деген бүгінгі

өмірге сұғына араласудың бір мықты түрі. Соңғы екі жылдың ішінде алпысқа тарта адам айлап елге шығып келді. Бірақ, көзге түскен көркем әңгіме алтаудан аса ма екен? Бұл жайды тексеруіміз керек, жөн сілтеуіміз керек, кілтін табуымыз керек.

Бүкілодақтық көлемде алсақ, жас таланттарды жазушылар қатарына тартуда біздің одақ алдағы ұйымдардың қатарында деп танылып отыр. Ал, жастардың шығармаларын жете тексеріп, өсу жолында жәрдем көрсету жағынан алдағы қатарда болмасақ керек. Бұл жақтарымызда ойласып қолға алатын көп істер бар. Съезге бұл мәселені де жақсы дайындап келуге міндеттіміз. Жастар секциясы, балалар әдебиеті деген бізде елеулі істің біріне айнала алмай келеді.

Ұлттық одақтас республикалардың қайсысымен салыстырсақ та, Қазақстан жазушылар ұйымының орыс әдебиеті секциясы бәрінен де күшті екені мәлім. Қазір бізде отыздан арта ұйымның мүшесі — орыс жазушылары бар.

Біздегі орыс жазушыларының басында мынадай бір кемшіліктер бар сияқты: орыс жастарына жетекші болуға лайық кейбір жолдастар секция жұмысына салқын араласады. Бұл әсіресе, Иван Шуховқа батыра айтылуы керек. Басқарма мүшесі, жауапты жазушымыз Шухов секция жұмысына тіпті қатынаспай кетті. Шухов өзін-өзі қандай бағаласа, біз де оның жазушылығын өзінен кем бағаламаймыз. Бірақ оның секцияны кем бағалайтыны байқалады. Соңғы жылдарда Д. Снегин жолдас та секция жұмысына салқын араласады. Макеев, Копытин жолдастар үнемі наразы топтың шеңберінде қалып келеді.

Бұл жағдайды өзгерту керек болады. Секцияны басқарып отырған Л. Кривощеков жолдас орыс жолдастардың арасында партиялық принципке негізделген тұтастық орнатып, орыс жазушыларының коллективтігін нығайта түсу керек.

Орыс жолдастардағы тағы бір кемшілік — қазақ өміріне, қазақ мінезіне жетік емес. И. Шуховтың романдарындағы қазақ образдары, «Ән қанатындағы» Анов жолдастың жасаған қазақ образдары схема төңірегінен әрі аса алған жоқ. Егер Қазақстандағы орыс жазушылары қазақтан қашса, қазақ жазушылары көп ұлтты республикада отырып орыстан, басқа ұлттардан қашса, онда біз сыңаржақ өскен боламыз. Біз алдағы съезде осы мәселені бар салмағымен көтереміз ғой деймін.

Бізде бір топ ұйғыр ақын-жазушылары бар. Екі съезд аралығында Абдуллин Хизмет бір повесть, бір әңгімелер жинағын шығарған. Ескендерев Изим, Хасанов Қадыр, Қа-

дири Рози, Саттаров жолдастардың бір-бір жинақтары шықты. Бірақ ұйғыр поэзиясының шын сапасына біз әлі зер салмай келеміз. Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің өсу-өркендеуіне қазақ жазушылары да жауаптылық сезініп, ұйғыр секциясының жұмысына белсенді араласатын жағдай жасауымыз керек.

Ұйғыр жазу-сызуға Октябрь революциясынан кейін қолы жеткен халық емес, көне мәдениеті бар, шығыс халықтарының көбінен бұрын өзінің жазу-сызуы болған, X ғасырдың төңірегінде классикалық шығыс поэзиясын аудара бастаған, өзіндік варианттарын жасаған ел. Ұйғырдың ғасырлар бойында реконструкциядан өтіп, қазір біржола қалыптасқан 24 түрлі музыкалық аспабы бар. Бұл елдің «он екі мақам» дегені — ол бір мол қазына. Сондай елдің бүгінгі жазушылары үлкен романға, поэмаға, драмаға бара алмаулары, тарихи өсу көзімен қарағанда заңсыз сияқты. Алда тұрған міндет — ұйғыр әдебиетімен өз тілінде жете танысып, хал-қадарына қарай қамшылай түсу керек сияқты!

Біз бұл күнге дейін Москвада болған съезд, пленумдарда ұлттық әдебиеттер баяндамадан қанша орын алды деп, соған баса зер салумен келдік. Ал, жалпы совет әдебиетінің ортақ мәселелеріне аз да үстірт қатынастық. Озық әдебиеттің мінезі олай болмайды, өз шеңберінен шыға, ортақ мәселелерге ұсыныс айтады. Бізде орыс әдебиетінің теориясы, қазақ әдебиетінің теориясы деген бөлек-бөлек ғылымдар болмау керек, біз жалпы совет әдебиетінің теориясын ілгері дамытуға араласуға міндеттіміз.

III съезде социалистік реализм методы сөз болады. Әзірше ойға келетін азғана пікір мынау: біз социалистік реализм әдісін тек қана совет елінің одан асса халықтық демократия елдерінің оңаша меншігі деп қарамауымыз керек. Бұл — адам баласының тарихи даму жолындағы заңды биігі. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет осы жолға түседі. Пролетариат революциясы тарихи даму жолында қандай заңды болса, қанау-қаналудың жойылуы қандай заңды болса, қанаудан, отаршылықтан азат болған еңбекші жұрт өзінің ерлігін, өзінің көрген жапа-зәбірін жыр етпей отыра алмайды. Олай болса, социалистік реализмге бәрі де келеді.

Болашағы былай тұрсын, қазірдің өзінде Европалық, Азиялық жазушылардың бірсыпырасының фашизмге, отаршылдыққа көзқарастары қалың бұқараның; туған елінің көзқарасына орай, социализмнің тілектеріне қабыса шығып отыр. Стефан Геймнің «Крестоностары», Келлерманның «Өлім биі» деген романы, Иржи Тауфердің «Батырлық поэ-

масы», Олдриждің «Дипломаты», «Ол өлмесі», Л. Фейхтвангердің «Ағайынды Лаутензагі», Петру Дмитриудің «Дауылпазы» тағы басқа толып жатқан жаңа романдар менің түсінуімше, социалистік реализм әдісімен жазылған күшті шығармалар.

Сонымен қатар аты біздің совет тақырыбы болғанымен, совет жазушысының қаламынан туғанымен социалистік реализмге қарсы келетін шығармалар да бар. Олай болса, социалистік реализм әдісі бұрынғы шеңберін бұзып, дүниелік теория ретінде жариялануы керек. Мен бұл жөнінде теориялық ұсыныс жасаудан аулақпын әрине, тек қана социалистік реализм совет жазушыларының ғана әдісі дегенге жақындап тұрған тар шеңберді кеңейту керек деймін.

Екінші: социалистік реализм әдісі әдебиеттің идеялық негізін аңғарта ма, я болмаса теориялық негіздерін аңғарта ма деген сауалдар туып жүр. Бұған да орнықты жауап беруіміз керек. Менің ойымша, идеялық бір негіз, теориялық бір негіз болуы мүмкін емес сияқты. Әңгіме идеялық және теориялық негіздің басын құрастырып айта алмай жүруімізде болуы мүмкін. Қалай да жер жүзілік көлемде социалистік реализм әдісіне шабуыл басталып отырған кезеңде біздің оған ауыр соққы болармық жауап бермеуімізге болмайды. Ұлттық өскен әдебиеттің озық өкілдері съезд алдында осындай жалпы советтік әдебиеттің ортақ проблемаларын шешуге талаптануымыз керек.

Сонымен, алдымызда ылғи бір сын белестер тұр. Жазушының өз мәдениеті де жазушылар ұйымының беделі. Ол былай тұрсын, жалпы қазақ халқының өскен-өнгендігі, жақсы дәстүрлері, көркемөнері, мәдениеті сынға түседі. Жазушылар өз атынан ғана емес, Қазақ ССР-і атынан өкілдік ететін сындарға түседі.

Бұл сындарда кім де-кім өз басының ғана қамын қарайлап кетсе, сөз жоқ, жалпы абыройымызға бір кір жұқтырмай қалмайды. Қазақстан жазушылар ұйымының талантты қауымы бұл сындардың бәрінен де сүрінбей өтеріне, партияның сенімді досы, сүйенері деген ұлы атақты ақтарына сенім мол.

Июль, 1958 ж.

ӨМІР ТАЛАПТАРЫ

Әдебиетіміздің кейбір ортақ мәселелері, соның ішінде драматургиямызға байланысты мәселелер мені қатты толғандырады.

Қазіргі драматургияның жағдайы көңіл тоярлықтай дәрежеде еместігі бәрімізге де аян.

Советтік драматургия революцияшыл, қаһарман драматургия ретінде жеңіс салтанатын бастаған еді. Соңғы кезде ол ең бір қымбат қасиетінен — жоғары пафосынан айырылыңқырап қалды, бұған драматургия өнерінде домбытпа драматургтердің көбейіп кеткендігі белгілі дәрежеде себеп болды. Біздің бүгінгі қаһармандық дәуірімізге атүсті қараушылық осы күнге дейін етек алып отыр. Нағыз искусствоға қажетті және де оған геройды биікке көтеруге, оны ірі планда көрсетіп, оқушының ақыл-ойын билеп әкететіндей қуат бітіруге мүмкіншілік беретін ерлік пен романтика жоғалып кетті.

Сүреңсіздік — тек драматургияда ғана бар мін емес. Әдебиетте көркемдігі шамалы дүниелермен пәрменді түрде және мінді бетке тура айтып күресу керек деп білеміз, ал Жазушылар одағы мен Мәдениет министрлігі қажетсіз де сүреңсіз шығармалардың қаптап кетуіне қатаң тыйым салғаны мақұл.

Тартыссыздық (бесконфликтность) «теориясын» сағыздай шайнап шұбалтуға қыруар уақытымыз кетті. Осы бос далбайдың құрығанына қайғырғалы тұрғаным жоқ. Шын жазушылардың бірде-біреуі бұл «теорияны» пір тұтпаған, ол тек нантабарларға қорек болды. Біздің әдеби-зерттеу ғылымымыз конфликт дегеніміз көркем шығарманың қандай түрінің болмасын, әсіресе драматургияның, ең негізгі өзегі екенін тым жақсы біле тұра, қазіргі советтік жағдайымыздағы кон-

фликтінің табиғатын зерттеу ісімен осы уақытқа дейін шұғылданбай отырғанына қынжылмасқа болмайды. А. Сурков өзінің баяндамасында бүгінгі шақтың конфликтілерінің табиғаты адамдардың еңбектегі және қоғамдағы қызметінде туады деді. Бұл, әрине, дұрыс. Ал, осының іс жүзіндегі көрінісіне қарасақ, көптеген дайын стандартқа, схемалы характерлерге бірден тап бола кетеміз. Кейіпкердің еңбектегі және қоғамдағы қызмет-әрекеті оның адамдық келбетін, характерін көп реттерде көлеңкеде қалдырып қояды. Драматургия, негізінен алғанда, дағдылы бір ситуациялардың төңірегінде айналшықтап жүр, мәселен: ері ауданға «тың жерге» баруға ұйғарады, ал әйелінің барғысы келмейді.

Әдебиетті төңіректеп жүрген «қайраткерлердің» біздің әдебиетімізге жат қулық кіргізіп жүрген амалдарын әшкерелейтін уақыт жетті. Характерінің ешқандай даралық, ұлттық сипаты жоқ, алуан түрлі мамандықтың иесі секілді көрінетін кейіпкерлерге толы пьесалар мен киносценарийлер бір республикадан екінші республикаға сапар шегіп жүреді. Егер автор кейіпкерінің есімін Ходжаев деп қойса — ол өзбек ретінде өтеді. Қожабеков деп өзгертсе — кейіпкер азербайжан боп түрленеді. Қожабаев деп ат тақса — кейіпкер қазаққа айналып кетеді. Кейде Москвада жаратпай тастаған нәрсені, ол жақта бәрі де өтеді деп, республикаға қарай сырғыта салу әдеті бар. Бұдан да бетер жолсыздықтар кездеседі. Менің столымда, бұдан бұрын СССР Жазушылар одағында жатып қалған, үлкен романның қолжазбасы жатыр. Авторға бұл романның мүлде шықпағандығын сол жақта да айтуға болатын еді, бірақ оған жайсыз сөзді менің айтуыма тура келді.

Бізге «өндірістік фон» деген теорияның мән-жайын да айқындайтын мезгіл жетті ғой деп ойлаймын. Әрине, мен тракторлар тың жерді сахнада айырсын, немесе спектакль көрушілер фонтанның атқылағанын сахнадан көріп қуансын деген талап қоймаймын. Бірақ та адамды еңбек әрекетінен жырақ әкетуге болмайды. Көптеген пьесаларда жұмысшыны киіміне қарап қана танисың, оның өз өмірінің басты саласында қандай қалпы барлығын көре алмаймыз, мұны искусствоның тілімен жеткізіп айтып беруге әлі жаттыға алмай келеміз. Сонымен қатар, әр әдеби образды «жалпының жиынтығы» (обобщенный) деп, осы ұғымның терең мағнасын жете ескермей, образдың көркемдік сапасын елеусіз қалдырып, өзіміз асыра бағалап жіберетін сияқтымыз.

Енді, өз ойымша, біздің творчестволық өсуімізге байланысы бар ұйымдастыру мәселелері турасында бірер сөз айталық.

Жазушылардың III съезі көп ұлтты совет әдебиетін басқарудың жаңа әдісіне жол сызуға тиіс. Біз, бәріміз де, басшылықтың бұрынғы формасы көнерді деген пікірдеміз. Съезд ұлт жазушыларының тілектерімен де санасуға керек деп ойлаймын.

Ұлт әдебиеттеріне бұрынғыша, туысқан әдебиеттер жөніндегі комиссиялардың консультанттары арқылы басшылық жасауға болмайды. Бұл міндетті одақтың жауапты қызметкерлері өз мойындарына алуға керек.

Ұлт әдебиетінің қай-қайсысы жөнінде де аудармаға қарап кесіп айтуға болмайды. СССР Жазушылар одағының басқарушы органына шығарманы тек орыс тілінде емес, өзге тілде де оқи алатын, ұлт әдебиетін шын мәнісінде жете білетін адамдар сайлануы керек.

Жазушылар одағының барлық басқа органдары редакцияларының жұмысы, олардың бәрі де шын мәнісінде көп ұлтты әдебиеттің органдары болу үшін негізінен қайта құрылуға тиісті. Біздің баспа органдарымыз әдетте ұлт авторларының атағы бар, белгілі бір азғана тобымен ғана шұғылданады. Қалың әдебиетшілер кадрына назар аударып, олардың туындыларын ана тілінде кітап боп шыққаннан кейін үш-төрт жыл өткен соң ғана орыс тіліне аударылатын аудармасына қарап емес, түп нұсқасына қарап дер кезінде бағалап отыратын мезгіл жетті.

Меніңше, газеттер мен журналдардың редколлегияларын, бұлардың құрамына ұлт әдебиеті өкілдерін формальды түрде қосып ұлғайтумен шектелу жеткіліксіз. Жұмысты жақсылап қайта құру керек. Мәселен, «Литературная газетінің» қызметкерлері біздің алдыңғы қатарлы әдебиетімізді түпнұсқадан оқып отырса, өте пайдалы болар еді.

СССР халықтары әдебиетінің орталық баспасын ұйымдастыру өте қажет екендігіне дәлел іздеп жатудың керегі жоқ. В. Лацистің, М. Гусейннің баспасөзде жарияланған мақалалары, О. Гончардың, П. Бровканың және басқа жолдастардың съезде сөйлеген сөздері бұл айтылған шаралардың толғағы жеткендігін жеткілікті дәрежеде дәлелдеді. Осы жазушыларға мен де үн қосамын және съезд бізді бірауыздан мақұлдар деп сенемін.

Июнь, 1959 ж.

ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ[1]

Қазақстан жазушыларының IV-ші съезі бүкіл адам баласының абзал арманы — коммунистік құрылыс — совет жазушысы үшін шынайы шындық болып отырған, аса жаңа, ең бір қолайлы жағдайда ашылып отыр; бұл қоғам біздің жазушылар үшін олар келешекте күш-жігерін сарқа, қуана-құлшына еңбек ететін, оның идеалы үшін өз басын, өзінің ақындық жанының, жалынды жүрегінің бар қайратын беріле бағыштайтын әлеуметтік жағдай болып отырғаны бәрімізге белгілі.

Көп ұлтты совет халқының социализм орнату жолындағы қырық жылдан астам, қиын да қилы еңбекке толы ұлы құрылыстар дәуірі — жаңа, социалистік дүниенің жарқын жеңістер дәуірі — қазір кейін қалды; бұдан былай әрбір тонна металл, жан азығына жарайтын әрбір жақсы кітап, яғни материалдық және рухани мәдениетіміздің асыл туындысы деп аталатынның бәрі түгелдей коммунистік қоғам құрылысының кәдесіне жарамақ.

Дүние жүзінің коммунистік және жұмысшы қозғалысы коммунизм құрушылар съезі деп әділ атаған КПСС-тың тарихи XXI съезі коммунистік қоғамның жаңадан кең өрістеу дәуірін ашып берді. Адамзаттың жаңа тарихын ашып отырған елдің ақыны мен жазушысы, жер бетіндегі жаңа адамзат қоғамын орнатқан ең ұлы революцияны бастап отырған елдің жазушысы мен ақыны енді қандай мақтанышпен, қандай кіршіксіз коммунистік санамен еңбек етуге тиіс! Совет рухани мәдениет қайраткерлерінің ізгі роліне ой жібергенде,

---

[1] Қазақстан жазушыларының IV съезінде жасаған баяндаманың қысқартылған нұсқасы.

біз осы жаңа шырқау биіктен көз салуға міндеттіміз. Өзінің күнделікті творчестволық, жасампаздық іс-әрекетінде бұл қағиданы ұмытқан жан өткен өмірдің өрмегіне көбірек шырмалып өз басына, өз талантына үлкен қиянат жасар еді.

Біз, қазіргі совет жазушылары, барлық дәуірлердің бар ақындары мен жазушыларының арманы да, жүйрік қиялы да жетпеген космос заманасын совет ғылымының ашқанын көрдік, ғажайып шындыққа бақтияр куә болдық. Ол ғылым жердің тарихтағы тұңғыш үш серігін ұшырып қана қойған жоқ, Күн системасына жаңа, советтік планета да қосты. Осы кезге дейін тамаша ғажайып деп жүргеннің бәрі,— Геркулес те, Семирамиданың аспалы гүлбағы да,— кәзір көмескі-күңгірт тартып, адамзат санасының шынайы туындыларының нағыз, тұңғыш ғажайыбы біздің советтік серіктер мен советтік планета болып отыр,— солардың шалқар нұр шұғыласында бүкіл жер жүзінің халықтары социализм еліндегі ой-парасат пен ұшқыр қиялдың шырқап шарықтағанын көріп отыр. Ал парасат пен қиял — көпке мәлім, жазушының әсіресе ақынның ең етене, нағыз төл ісі. Мұны бұл арада әдейі айтқан себебім: біздің осы күнге дейін арман, қиял деп келгеніміз туған елімізде шындыққа айналды және келешекте социалистік реализмнің принциптеріне ноқаттай да нұқсан келтірмей, совет әдебиетінің жақсы дамыған жанрларының біріне негіз бола алады демекпін. Менің топшылауымша, совет шындығымен совет халқының қаһарман іс-әрекетімен тығыз байланысқан реалистік қиял әсіресе әскери және балалар әдебиеті жанрларында бүтіндей төңкеріс жасауға қабілетті тәрізді.

Совет Одағы сонымен бірге бүкіл социалистік дүниенің күш-қуатының, беделі мен абройының қандай болатынын белгілеу үшін бізге арифметикалық емес, геометриялық прогрессия қажет сияқтанады. Бұл тұста, әрине, материалды байлықтарды өндірудің капитализмнің қолы жетпейтін жоғары қарқынын ғана емес, сонымен бірге рухани мәдениетіміздің өсуін де естен шығармау жөн. Әдебиет пен көркемөнер шығармалары арқылы марксизм-ленинизмнің дүниеге көзқарасын мейлінше кең көлемде таратып отырған социалистік дүниенің идеялық-саяси, көркемдік-эстетикалық байлығы, социалистік моральдың сарқылмас бұлағына айналды. Марксизм-ленинизмнің көзқарасы тек социалистік көркем әдебиет пен көркемөнер интеллигенциясының ғана көзқарасына айналып қойған жоқ, сонымен қатар ол, ілгері басқан сайын, капиталистік және буржуазиялық дүние мәдениетінің озат қайраткерлерін кең баурап, құтты құшағына жинай түсуде.

Ондай қайраткерлер қатарының молая, ширай түскенінің өзі бір ғанибет.

Капиталистік дүние әдебиеті мен көркемөнерінің қатарында қазірдің өзінде-ақ социалистік реализм принциптерін талмай насихаттап жүрген және фашизм мен колониализмнің идеялық негіздеріне күйрете соққы беретін шығармалар жазып, агрессия атаулыны, соғысқұмарларды аяусыз әшкерелеп жүрген аса көрнекті прогресшіл қайраткерлердің есімдерін ондап атауға болар еді. Социалистік реализм әдісінің ұтылғанынан ұтқаны әлдеқайда көп.

Социализм дүниесі адам баласы дамуының барлық барысына шешуші әсерін тигізе бастағаны даусыз. Дүниежүзілік екі системаның ара салмағын өз пайдасына өзгерту енді капитализмнің қолынан келмек емес. Біздің социализмнің бүкіл дүниежүзілік салтанаты туралы осы кезге дейін айтып келгеніміздің бәрі қазір тікелей нақтылы іс-әрекеттің сипатына ие болды. Адам баласы қоғамының өсуі туралы ғылымның негізін қалаған кемеңгер Карл Маркс: «Философтар дүниені түсіндіреді, ал оны өзгерту керек»— десе, біз, совет мәдениетінің біз тұрғылас қайраткерлері, сол дүниені өз қолынан өзгертіп, жаңа коммунистік дүние орнатушылар болғандықтан, үлесімізге тиетін үлкен міндеттің көлемін анық ұғынуға міндеттіміз.

Азамат үшін қазіргі жағдайда ең қорқынышты, үрейлі хауіп болып саналатын соғыс қырғынына қарсы Совет Одағы бастаған социалистік дүние қойып жатқан мызғымайтын кедергіні, және жер мен аспанда ғана емес, сол соғыстың апатына алғаш ұшырайтын бүкіл дүние жүзінің еңбекші адамдарының санасында орнатылып жатқан кедергіні КПСС XXI съезінің тұңғыш жетіжылдық жөнінде қабылдаған программасынан көру үшін, шынында да, жазушыға көп қиялдың керегі аз.

Ертеңгі күнге жіті көз жіберсең, лениншіл партия мен совет халқының қаһарман ерлігін жырлайтын көркем сөз, сырлы бояу үшін сүйікті Отанымыздың келер келбеті осындай алып та ғажайып, құдіретті де берік. Олай болса, қаһарман халқының еңбектегі қаһармандығын жырлау үлесіне тиген суреткер ғана өз өмірінде үлкен ерлік жасап өтеді.

Демек, совет әдебиетінің бұрын болып көрмеген жаңа биікке көтерілуі үшін ең қажет, ең басты және ең шешуші нәрсе — әрбір совет жазушысының өнерпаздық қызметі еліміздің жаңа қоғамдық даму кезеңінің мақсаты мен міндетіне мейлінше сай болуы, яғни коммунизм құрылысы дәуірінің мақсат-міндеттерімен барынша қабысып жатуы деп білу ке-

рек. Біз, Қазақстан жазушылары, әдебиетіміздің таяу уақыттарда творчестволық жолмен шешетін барлық мәселелерін, міне, осы тұрғыдан, партиямыздың XXI съезінің программалық шешімдерінің тұрғысынан, ұғынуымыз керек.

Коммунизм орнатушы халықтың қаһармандық ерлігін көрсету жөніндегі әдебиетіміздің, әрбір жазушының ең басты міндетін біз өз съезімізде де келелі кеңеске салуға тиістіміз. Тағы да айтамын, біздің еліміз социализмнің классикалық еліне айналды, бізден жұрт үлгі алады, экономика мен мәдениетті социалистік жолмен қайта өзгертуде, жаңа қоғамның жоғары саналы мүшелерін тәрбиелеуде қолымыз жеткен игі, ізгі істеріміздің бәрінен үйренеді. Ендеше, социалистік реализмнің классикалық әдебиеті туралы мәселені — шығармаларға қойылатын ең жоғары идеялық-көркемдік талаптар туралы мәселені күн тәртібіне біздер қоймағанда, кім қояды, немесе оңдай әдебиет бізде қазірдің өзінде бар десек, ол талаптарды кеңінен біз талқыламағанда, кім талқылайды? Меніңше, Қазақстан жазушылары, көп ұлтты совет әдебиетінің күшті бөлегі болғандықтан, бұл мәселелерді өздерінің осы съезінде жан-жақты көтере алады ғой деп ойлаймын.

Өздеріңіз білесіз, Отанымыздың астанасы Москвада болған қазақ көркемөнері мен әдебиетінің екінші онкүндігі Совет Одағының көп ұлтты мәдениетінің әсерлі де салтанатты мейрамындай, жоғары дәрежеде өтті.

Биылғы 22 февральда біздің республикалық партия газеттеріміз «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» онкүндіктің қортындыларына орынды да әділ баға берді. Олар бір ауыздан творчество адамдарына қанат беретін мынадай тамаша сөздер жазды:

«Халықтың жаппай сауаттылығына, өзінің ұлттық операсына, драмалық көркемөнеріне, симфониялық музыкасына, кинематографиясына, бейнелеу өнеріне, скульптурасына, көп жанрлы көркем әдебиетіне негізделген мәдениетіміздің қазіргі кезеңдегі даму дәрежесі көзге орасан зор көрінеді».

Қазақ әдебиеті онкүндікте өзінің, жас та болса, күшті, есейген, көп жанрлы және көп планды әдебиет екенін көрсетті, ол партия мен халқымыз қойған биік талаптарға лайықты жауап беруге қабілеті жететін әдебиет екенін танытты. Москваның белгілі жазушылары — ақындар, прозаиктер мен сыншылар — әдебиетіміздің даусыз ақауларын сынай отырып, қазақ әдебиетінің материалдары негізінде, бүкіл совет әдебиетінің көкейкесті мәселелерін талқылауға болатынын бір ауыздан мойындады. Шынында да, Москвадағы

онкүндік кезінде әдебиетіміздің басты-басты шығармаларын талқылау, қай ұлт әдебиетіне болса да, мақтануға тұрарлық дәрежеде өтті. Біз үшін әсіресе қымбатты жағдай сол,— онкүндіктің салтанатты қызу кезі нағыз принципшіл сынның өрістенуіне ешқандай бөгет жасай алған жоқ, сондықтан да біз, Қазақстан жазушылары, Москвадан өз республикамызға көп ой, зор жігер алып, жаңа, батыл мақсаттарға рухтанып қайттық.

Мәселен, Мұхтар Әуезовтың «Абай» эпопеясын әдебиет пен көркемөнердің ең әділ де қатал сыншыларының өзі рухани мәдениеттің дүниежүзілік қазнасына қосылған үлкен үлес деп таныса, бұған мақтанбау мүмкін емес; сол сыншылар Сәбит Мұқановтың, Иван Шуховтың, Ғабиден Мұстафиннің, Николай Ановтың романдарымен қатар, Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Тахауи Ахтанов сияқты жас прозаиктеріміздің романдарын, Әбділда Тәжібаевтың, Ғали Орамановтың, Әбу Сәрсенбаевтың, Жұмағали Саинның, Сырбай Мәуленовтің лирикасын, Дихан Әбілев поэмасының үзіндісін Қазақстан жазушыларының басқа да шығармаларын Совет әдебиетіне қосылған лайықты үлес деп бағаласа, бұған да қуанбасқа болмайды. Поэзияның, драматургияның, балалар әдебиетінің және сынның ең жақсы шығармалары да осы дәрежеде бағаланды. Бір айта кететін нәрсе, бұл ауыр жанрлардың кейбіреуі әлі қырық жасқа толып үлгермеген еді. Әйтсе де, Москвадағы талқылау кезінде біздің әдебиетіміздің өмірмен тығыз байланысы, оның тақырыбының алуан түрлілігі, ашық ұлттық нақышы және шеберлігінің жоғары дәрежесі талай-талай сөз болды.

Тақырыбының байлығы үшін, халық өміріне қызу да белсенді араласуы үшін, біздің қазіргі поэзиямыздың — халық эпосына, Абай мен Жамбылға, Торайғыров пен Сейфуллинге, Майлин мен Жансүгіровке, реалистік және революциялық орыс поэзиясына негізделген поэзиямыздың жоғары баға алғанын әсіресе атап өткім келеді.

Қазақ поэзиясын талқылау кезінде Н. С. Тихонов: «Біздің Қазақстаннан келген бауырларымыз өздерінің ұлан-байтақ өлкесінің шеңберінде ұлттық отряд болып қана қалмай, жалпы поэзиямыздың күшті отряды болып отырғанын сезіну, олардың өмірде болып жатқан өзгерістерді суреттеп, халқымыздың санасын кеңейтіп, бір мақсатқа бастап келе жатқанын сезіну қандай жақсы»— деді.

Меніңше, еліміздің ең ірі ақыны, көп ұлтты поэзиямыздың мақтанышы Н. С. Тихоновтың аузынан шыққан бұл жоғары бағаға өз жанымыздан сөз қоссақ, тым асыра мақта-

нып кеткендік болар еді. Менің айтқым келгені: аз уақыттың ішінде — бас-аяғы қырық жылда — бұған дейін талай ғасыр надандық бұғауында келген халықтың әдебиеті осыншама шарықтап өскенін бұрынғы заман мәдениетінің тарихы ешқашан білген емес. Мұндай ғажайып өзгеріс, адам баласының жаңа дәуірін ашқан, не рухани прогресс дәуірін ашқан Октябрь революциясының жеңістері нәтижесінде ғана мүмкін болып отыр. Қазақ әдебиетінің жоғары идеялық-көркемдік дәрежесіне айғақ бола алатын тағы да бір маңызды факт: Ленин сыйлығын беру жөніндегі соңғы турға өткен төрт шығарманың екеуі — қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтікі. Совет Одағы халықтары әдебиетінің ашық та әділ жарысында екі жазушымыз төрт жүйріктің ішінде соңғы мәреге жетіп отырғаны бізді шексіз қуандырады. Бұл — көңіл аударарлық жәй және үлкен мәртебе. Бұл шығармалар социалистік реализм әдебиеті мен көркемөнерін қадірлей білетін қатал да әділ, тәжірибелі де талғампаз билердің сынынан өтті.

Қазақ әдебиетінің осындай жоғары дәрежесіне қазақ прозасының халықаралық сахнаға шығуының өзі де айғақ. Бұл көпке мәлім жағдай болғандықтан, мен бұған тоқталып жатпаймын. Тек ескерте кететін бір жәйт: біздің аса дарынды жазушымыз Мұхтар Әуезовтың роман-эпопеясы басқа әдебиеттерге, оның ішінде шетел әдебиеттеріне әсер тигізе алатын, қазіргі заманның аса көрнекті шығармасы деген биік дәрежеге ие болды.

Жоғарыда айтқандарға әдебиетіміздің үздіксіз өсіп келе жатқанын мейлінше сипаттайтын тағы да бір мысалды қосқым келеді. Егер біз Москвадағы онкүндікке поэзияның 86 кітабын апарсақ, қазір Жазушылар одағының творчестволық секцияларында және оның баспасөз органдарының редакцияларында қазақ тілінде сегіз жаңа роман мен повесть, орыс тілінде бес роман мен повесть, бес жаңа драматургиялық шығарма, жиырмадан астам өлеңдер жинағы жатыр.

Осының бәрі біздің әдебиетіміздің буыны бекіп, бұғанасы қатып есейгеніне, енді бүкіл совет әдебиетінің алдында тұрған ірі де салмақты мәселелерді қайыспай көтере алатынына айғақ. Осы дәрежеде барып біз астанамыз Москвада болған ұлы сыннан өттік, осы дәрежемен коммунистік қоғамның есігін ашып, босағасын аттағалы отырмыз.

Қазақстан жазушыларының екі съезі арасындағы кезең (1954—1959 ж.ж.), партиямыздың XX съезінің тамаша қарарлары әсерін тигізген кезең, әсіресе жемісті болды. Менің-ше, бұл кезеңнің бір ерекшелігі — әдебиетіміздің даму жо-

лында проза мен поэзия, ғылми-зерттеу еңбектері мен сын саласында ірі шығарма жазуға қарай бет бұрғанымыз байқалды. Бұл сапар әдебиеттің ұсақ түрлеріне кейбір сәттерде қолайлы да соқпаған болар, бірақ, оның есесіне, біз адымды кең ашып, құшақты кең жайып, зор олжаға баттық деп айта аламыз. Мұхтар Әуезовтың «Абай» атты көп жылдан бері жазып келе жатқан кесек те ірі еңбегінің, Сәбит Мұқановтың «Менің мектебім» атты автобиографиялық екі томдық романының сәтті аяқталуы бір қуаныш болса, үміт артқан жас жазушыларымыздың бірсыпырасы тұңғыш жазған көлемді шығармаларын ортаға салды. Басым көпшілігі прозамен жазылған шығармалар, ешкімнен сауға сұрамай, екі тілде бірдей жарияланып, Москваның сыншылары мен жазушыларының алдынан мүдірмей өтті. Бір топ талантты жастар жазған шығармалардың идеялық-көркемдік құны — авторларының әдебиетке теорияны жақсы біліп, дайындалып келіп, ер заманымыздың ер кезеңдерін молынан қамтып, ірі шығармалар жазып тастағандарында ғана емес, өз замандастарының ерекшеліктерін, мінез-құлқын, ой-өрісін бұрынғылардан гөрі тереңірек қозғап, нәзігірек сезгендіктерінде.

Прозамызға әскери жанр сияқты үлкен де жаңа бір тарау қосылса, ол тарау, өз заманымыздың тақырыбындағы темір қазықтай, ортадан ойып орын алса,— бұл да осы жастарымыздың екі съезд арасында әдебиетімізге салған үлкен олжасы деймін. Совет жауынгерлерінің жан сүйсінерлік тұтас тұлғалары мен олардың патриоттық ерлігін кемеліне келтіре сипаттау арқылы кешегі, дүниені күңіренткен Ұлы Отан соғысының тамаша суреттері қазақ әдебиетінен бекем де берік орын алады деп айта алар едім.

Бұл ретте менің Әбдіжәміл Нұрпейісовтың мазмұны терең, өрісі кең «Күткен күн» атты романын атағым келеді. Өңделіп, түзеліп, қайта басылғаннан кейін бұл шығарма қазақ әдебиетінің құнды қазынасының қатарына қосылды. Жас жазушының бұл романы Совет Одағындағы халықтар тілінде де, шет ел тілдерінде де өтімді болатындығына күмән болмасқа керек. Совет жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктерін сипаттайтын Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романын да москвалық достар осы дәрежеде бағалады. Ахтановтың романы онкүндік қарсаңында қазақша, орысша басылып шығып еді, енді Москвадағы «Советский писатель» баспасында да, Шығыс Германияда неміс тілінде де басылғалы отыр. Жас таланттың тұңғыш романының шетел оқушыларына қарай алғашқы басқан қадамы осы болмақ.

Жас прозашы Егоровтың «Бас имеген» атты повесі Қазақстан жұртшылығының да, москвалық достардың да, назарын аударды. Өзіміздің «Советский Казахстан» журналында басылғаннан кейін, «Новый мир» журналында қайта басылуы — бұл повестің сәтті жазылғанының айғағы. Александр Бектің біздің әскери жазушымыз Бауыржан Момышұлымен тізелес отырып жазған «Волоколам тасжолы» атты кітабын да мен қазақ прозасының зор табысы дер едім. Бұл тамаша повестің жалғасын «Сыртымызда Москва» деп ат қойып, Бауыржанның өзі жазып аяқтағанын еске алсақ, тап осылай бағалауымыз әбден заңды ғой деймін.

Генерал Панфилов атындағы қазақстандық жауынгер дивизияның көрнекті ерлерін бейнелеп, ақиқатты айтып, шындықты дәлелдейтін шығармаға біз битарап қала алмаймыз. Жалғыз ғана өкініш сол — әдемі басталған повесть эттең сәтті болып аяқталмады. Бауыржанның көңіліне келе көрмесін, талантты екі жазушының творчестволық тамаша достығы тап қызық жеріне жеткенде, сабындай бұзылып сала бергеніне өз басым қатты қынжыламын. Сонымен қатар, бұрынғы достықтарыңды ескі арнасына, қайтадан түсіріп, ортақ еңбектеріңді кемеліне келтіріп, сол бұрынғы әдемі табылған жолдарыңмен аяқтаңдар деп кеңес берген болар едім.

Әдебиетімізге қосылған жаңа тарауға байланысты, Дм. Снегиннің «На дальних подступах» атты көлемді еңбегін, советтік шығыс елдері әйелдерінің ішінен тұңғыш рет Ұлы Отан соғысының батыры болған Мәншүк Мәметова туралы жазған ақын Мариям Хакімжанованың «Мәншүк» поэмасын, қазақтың екінші батыр қызы Әлия Молдағұлова туралы жазылған поэманы, Хамит Ерғалиевтің Чапаев жайлы поэмасын атап өткеніміз артық болмас деймін.

Бір кезде Қасым Аманжолов, Әбу Сәрсенбаев, Жұмағали Саин, Дихан Әбілев, Ғали Орманов, Әбділда Тәжібаев, Леонид Кривощеков, Леонид Скалковский тағы басқа ақындар алуан түрлі жыр еткен Ұлы Отан соғысының тақырыбы өз алдына дербес әңгіме етуге әбден татиды, бірақ мұны, съезден бұрын талай рет сөз болғандықтан енді қайталамауды мақұл көрдім. Алайда, Жұбан Молдағалиевтің татардың патриот ақыны Мұса Жәлилдің ғажайып ерлігіне арналған «Жыр туралы жыр» атты поэмасы жөнінде айта кетпей болмайды. Өлгеннен кейін Лениндік сыйлық берілген ардагер азамат, ақын Мұсаның өмірінен жазған Жұбан поэмасының қасиеті сол — бұл поэмада ерлік пен лирика, асқақтаған ақын ойы мен табиғи қарадүрсін шындық ұстасып отырады да, кейіпкердің айтылмай қалған, бірақ совет елінің жауын-

гер ақын ұлы осылай болса керек еді-ау деген жерлерін оқи отырып, өз ойыңызбен толықтырғандай боласыз.

Жуырда, онкүндік өтісімен, іле-шала, қазақтың жасөспірімдер театры сыпайы жас драматургтеріміз Рахматулла Райымқұлов пен Қалмұқан Исабаевтың антифашистік тақырыпқа жазған пьесасын көрсетті. Бұл спектальді жұртшылық жылы шыраймен қарсы алды. Отан соғысының тақырыбына басқа авторлар да пьеса жазғаны мәлім. Сөйтіп, әлгі айтылған жаңа тарау әдебиетіміздің барлық жанырларынан орын теуіп, келешекте өзінің өрісін кеңітер, тереңдетер деген үміт туғызып отыр. Өз заманымыздың тақырыбына бет бұру партиямыздың XX съезінен кейін етек жая бастағанын, бүкіл совет әдебиетінің әлі шешіліп болмаған осы бір түйінді мәселесінде біздің жас таланттарымыз әдебиетімізге үлкен үлес қосқанын айрықша атап өткім келеді.

Біздің жас ақын, жазушыларымыз совет еліндегі озық, сақа жазушылардың жақсы дәстүрлерін дамытып, проза, поэзия саласында жазған ондаған кітаптарында социалистік өмірді жырлап, колхозшы, жұмысшы, еңбекші интеллигенттердің тамаша тұлғаларын жасай алатын дәрежеге жетіп келеді. Осындай болған соң, жастар жазған жаңа кітаптарда партия мен үкіметіміз жүргізіп отырған өте маңызды шаралар, сол шараларға авторлардың құлшына араласып, қуана жазатындары сезіліп отыратыны да әбден табиғи нәрсе.

Сафуан Шәймерденовтың, Зейнолла Қабдоловтың романдары, Амантай Байтанаевтың, Михаил Кузьминнің, Иван Щеголихиннің повестері, Федор Чирваның, Борис Петровтың, Әзілхан Нұршайықовтың әңгімелері мен очерктері, Мұзафар Әлімбаевтың, Ғафу Қайырбековтың, Ізтай Мәмбетовтың, Еркеш Ибрahимнің, Тұманбай Молдағалиевтің, Аманжол Шәмкеновтың, Валерий Антоновтың өлеңдері, Михаил Балыкиннің Қазақстан магниткасы, Саттар Сейтхазиннің тың туралы поэмасы, жаңа жаза бастаған Әнуарбек Дүйсенбиевтің, Азат Алтаевтың, Тілеген Шопашевтің, Тұрсынхан Әбдірахмановаңың және басқа жас ақындардың өлеңдер жинақтары өз заманымызды жырлау жөніндегі олқы жерлерімізді едәуір толықтырып тастағаны даусыз.

Сафуан Шәймерденовтың біздің III Съезімізден бұрын жазылып, кейін жөнделіп қайта басылған «Инеш» романында, Зейнолла Қабдоловтың «Өмір ұшқыны» повесінде жоғары оқу орындарындағы интеллигенция мен совет студенттерінің өмірі бейнеленеді.

Бұл шығармалардың қасиеті неде?

Ең алдымен, жоғары оқу орындарындағы интеллигенция

өмірінен жазылған романдардың өзі — қазақ әдебиетіндегі елеулі жаңалық; екіншіден, бұл шығармалардың арқауы жас ұрпақтардың өмірмен тығыз араласуында, сол өмірден өнеге алуында, үйренуінде жатыр. Москвада болған талқылауларда бұл кітаптардың кейбір кезеңдерде қаттырақ сыналғандарына қарамастан, бұлардың қасиеттерін де қалдырмай атай кетуді өз борышым деп білемін; үшіншіден, бұл шығармалардың, меніңше, ортақ тақырыптан туған, кейде тым оғаш ұқсастықтарымен бірге, әр автордың алуан талантына айғақ жайлары да бар. Осы ұқсастықтар түп нұсқадан гөрі, орысша аударылғанда, бадырайып көрініп тұратын сияқты. Бұл — жас жазушылардың біріне-бірі еліктегеннен туған кемшілік емес, өзара жарыстың нәтижесі деп білуіміз керек. Иван Щеголихин совет студенттерінің өмірінен алып, «Бір институтта» деген повесть жазды да, кейбір өрескел қателерге ұрынды, бірақ жастарымызды тәрбиелеу жөнінде едәуір ірі мәселелерді қозғай білді. Тіпті, таңырқар түгі жоқ, ғылым мен көркемөнер саласында жүрген адамдардың ерліктерін бейнелеу жөнінде әдебиетіміздің әлі күнге арыла алмай келе жатқан олқылықтарын осы жазушылардың өтеп шығуы да ықтимал нәрсе. Әрине, мұндай шығармалардың сәтті болып шығуы, ең алдымен, авторлардың ұшан-теңіз ой, өнер дүниесімен қаншалық араласа білулеріне байланысты.

Жас жазушылардың ондаған шығармаларын осылай жанай өтіп, жаңа тақырыпқа бет бұрғанымызды дәлелдеу қиынға соқпақ еді, бірақ тап осы арада сол үстірт шолудың онша қажеті жоқ тәрізді.

Алайда, заманымыздың тақырыбына бет бұру тек осы жас жазушылардың шығармаларынан ғана басталды деп ойласақ, өте үстірт, тым ағат, қате пікір болар еді. Шыңында, қазақтың аға жазушылары мен орта буын жазушыларының басым көпшілігі әдебиетке революция тақырыбын жырлай келген болатын. Партия мен халық алдында солардың көбі сіңірген елеулі де игі еңбектері бар. Заманымыздың сан алуан тақырыптарына апаратын қазіргі даңғыл жолдың алғашқы сүрлеуін солар салған. Тіпті жұмысшы табының өміріне байланысты тақырып сияқты ең салмақты, ең ауыр тақырыпты тек қана проза мен драматургия шеше білді десек, о да ағаттыққа апарып соқтырады. Жұмысшы табының өміріне байланысты тақырыпқа қайта оралып, жол салып отырған бір топ орта буын ақындарымыз бар. Олардың бірі Дихан Әбілев осы жаңа ағымға ұйтқы болып, 1953 жылы «Алтай жүрегі» атты поэма жазды да, басқалардың да делебесін қоздырып, соңынан ертіп кетті. Сөйтіп, осы есеп беріп отыр-

ған аз уақыттың ішінде біздің көрнекті ақындарымыз жұмысшы табының өмірінен алынған түрлі тақырыптарға көлемді алты поэма жазып тастады. Бұлар Тайыр Жароковтың «Қырда туған құрышы», Дихан Әбілевтің «Таудағы туы» мен «Отты толқындары», Қалижан Бекхожиннің «Ақан Ақтаевы», Игенсартовтың «Лавадағы өмір» атты поэмасы. Бұл шығармалардың көркемдік жағында елеулі кемшіліктер бары да рас, ол жөнінде кейінірек айтамын. Бірақ Қазақстанның жас жұмысшы табының еңбектегі ерліктерін бейнелеу шама-шарықтарынша осы поэмалардан басталғаны анық. Бұл жайды әдейі атап өтуді орынды көремін, өйткені, меніңше, Дихан Әбілев, Қалижан Бекхожин, Николай Титов сияқты ақындарымыз республикамызда кәсіпорындарының дамуы тақырыбына мықтап кіріскен және одан жуық арада қол үзе қоймайтын тәрізді. «Таудағы ту», «Отты толқындар» поэмасында Әбілев Алтайдың маңызы жөніндегі В. И. Лениннің айтқанын арқау етеді де, сол жердегі өнеркәсіптің іргесі қаланған ауыр жылдарды жыр етеді. Бекхожиннің «Ақан Ақтаевының» тақырыбы — Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жезқазған кенінің көрінісі. Бұл поэмалардың кем-кетіктері жоқ демейін. Жақсы поэма жазған екенсіңдер деп құттықтай қою тым ертерек те болар, бірақ автордың творчестволық іздену жолындағы еңбектерін ескермеуге болмас. Өйткені жас әдебиет, жаңа жанр, тіпті жаңа бастаманың қайсысы болса да, ізденусіз, бейнетсіз, сәтсіздікке ұшырамай, сарт етіп, қалаған жеріңнен шыға қоймайды. Тек тынымсыз еңбек, ұдайы іздену ғана, жаныңмен, жүрегіңмен беріле істеген ұқыпты еңбек қана сәтті аяқталмақ. Ал жұмысшы табының өміріне байланысты ұлы тақырып, заманымыздың бас тақырыбы оп-оңай икемге көніп, ыңғайыңа жүре қоюы өте қиын.

Есепті мерзім ішінде Ұлы Октябрь революциясының 40 жылдық мерекесі болып өтті. Осыған байланысты біздің әдебиетімізде азамат соғысының тақырыбы едәуір молайды. Қазақ даласында Коммунистік партияның, орыс пролетариатының бастауымен жүргізілген тап күресінің алуан тақырыптары ақын, жазушыларымыздың назарын жаңадан аударып, бұл тақырыптарға төрт поэма, екі роман, бір повесть жазылып, мыңдаған жол өлең, ондаған баспа табақ проза жарыққа шықты. Тайыр Жароковтың «Құмдағы дауылы» мен Хажым Жұмалиевтің «Қырдағы күресі»— азамат соғысының Батыс Қазақстанда болған оқиғаларын бейнелейтін, егіз тақырып, сыбайлас құрылған шығармалар. Хамит Ерғалиев Чапаев өмірінің бір көрінісін алып, поэма жазды. Хам-

за Есенжановтың өз жұмысына ойлы, орнықты қарайтынын көрсететін көлемді романы «Ақ жайықта» революцияның оқиғаларын баяндайды. Зейін Шашкиннің «Ұядан ұшқанда» деген повесі мен «Тоқаш Бокин» романында революцияның Жетісуда болған кейбір кезеңдері суреттеледі. Ол уақытта Жетісу өлкесі Қазақстаннан гөрі Орта Азияға, ішінара Өзбекстанға бейім, солармен тығыз байланысты еді, сондықтан бұл шығармаларда оқиғалар осыған орай айтылады. Бұлардан басқа Дмитрий Снегиннің «Верный қаласында» атты романы мен жас жазушы Анатолий Ананьевтің «Верный әңгімелері» атты жинағы да осы Жетісуда болған революция тақырыбына арналды.

Бұдан бас-аяғы үш-төрт жыл ішінде заманымыздың басты тақырыбының кең өріс алғанын көреміз. Осы шығармалардың идеялық және көркемдік қасиеттері — айтылған тақырыптардың айнымас шындығында. Ол шындық — ұлт азаттығы қозғалысының толқыны пролетариат революциясының ұлы арнасына келіп құюы, қазақ еңбекшілері мен орыс еңбекшілері партияның басшылығымен бас қосып, революциялық майданға кірісуі. Қазақстан топырағында болған көтерілістердің ең ірісі — Аманкелді Иманов пен Әліби Жангелдин бастаған Торғай көтерілісінің тарихи маңызы да осы айнымас шындыққа байланысты.

Өкініші сол, осыншама маңызды да байтақ, ғажайып тақырыпқа жазылған шығармаларды оқи келе, мен көңіл қалдырар қорытындыға ұшыраймын. Сапасынан гөрі саны басым, затынан гөрі аты басым, мазмұндары тайыз, идеялық-көркемдік бағасы жетімсіз көп кітаптарды әдебиетіміздің есейген шағында естілген қуатты дауыс, қуанышты үн деп айтуға ауыз бармайтынына қынжыламын.

Қазақ балалар әдебиетінде кейінгі жылдар ішінде ертегі мен мысалдан ауысып, заманымыздың ірі тақырыптарына қарай қадам басқандық байқалады. Ондаған повесть, поэма, өлеңдер мен әңгімелер жинақтары, суретті кітапшалар жарыққа шықты. Бұлардың ішінде Әбу Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» романы, жас прозашы Амантай Байтанаевтың малшы бала жайындағы, Бердібек Соқпақбаевтың колхоз балалары өмірінен жазған повестері, аға жазушылар Максим Зверев пен Сапарғали Бегалиннің шығармалары, Сейітжан Омаров пен Нығмет Ғабдуллиннің әңгімелері — жас ұрпақтарды өмірге баули тәрбиелейтін елеулі табыстарымыз. Москвада болған онкүндік кезінде осы кітаптар қазақтың балалар әдебиетінің зор олжасы танылып, жақсы баға алды.

Сапарғали Бегалин, Өтебай Тұрманжанов, Мұзафар Әлімбаев, Әнуәрбек Дүйсенбиев, Шона Смаханов тағы сондай балалар әдебиетіне араласып жүрген бір топ жазушыларымыздың шығармалары оқушыларға әйгілі болып, кеңінен тарап келеді. Максим Зверевтің сценарийі бойынша балаларға арналып сәтті шыққан «Азаматтың бүркіті» атты кинофильм жас буындардың қабілетін өсіретін, табиғатты зерттеуге шақыратын жақсы құрал болды.

Сөйтіп, балалар әдебиетін дамыту жолында бұл жанрдың қанат жайып, заманымыздың тақырыбына бет бұрған сияқты, бұрынды-соңды болып көрмеген жақсы жәйттердің басталғанын көреміз.

Саяси сатиралық «Ара» («Шмель») журналының шығуына байланысты, сатира мен юмор жанрында жаңа дәуір басталды дегенді айтқым келеді. Бір кездегі Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Асқар Тоқмағамбетовтар бастаған, бірақ кемеліне келіп, толысып жетпеген бұл жанрды енді жас ақын, жазушыларымыз жаңа арнамен дамытып келеді. Садықбек Адамбеков, Николай Зверев, Балғабек Қыдырбекұлы, Анатолий Омелин сияқты талантты фельетон шеберлері, Шона Смаханов, Михаил Балыкин, Мыңбай Рәшев сияқты сатирашы жас ақындарымыз, Борис Чекалин, Леонид Леонтьев, марқұм Михаил Храпковский сияқты ірі суретшілермен, Әмен Хайдаров, Марат Ержанов, Сұлтан Ходжиков сияқты жас суретшілермен тізе қоса қимылдап, бір кезде әлсіреп кеткен сатира жанрын жандандырып, қалпына келтіру былай тұрсын, тіпті едәуір көтеріп тастағаны мәлім. Жаңадан шыға бастаған жас журналдарының бірі бола тұра «Ара» («Шмель») журналының қазір республикамызда көп тарайтыны сондықтан тегін де емес.

Сатира жанрының дамуына аға және орта буын ақын, жазушыларымыз Асқар Тоқмағамбетов, Николай Титов, Қасым Тоғұзақов, Сағынғали Сейітов, Сырбай Мәуленов, Леонид Кривощеков, Берқайыр Аманшин, Сафуан Шәймерденов тағы басқалар елеулі көмек көрсетіп келеді. Қазақстан жазушыларының сатиралық шығармаларының тәуірлері биылғы жылдың өзінде «Крокодил» журналының баспасында екі кітапша болып басылғалы отырғанын сүйсіне атап өткім келеді.

Москвада болған онкүндік кезінде қазақ әдебиетіндегі сынның жәйі сөз болғаны баршамызға мәлім. Дүние жүзілік әдебиеттің М. Горький атындағы институтында өткізілген талқылауға Москва мен туысқан республикалардың әйгілі ғалымдары мен көрнекті сыншы, әдебиет зерттеушілері қа-

тысты. Шығып сөйлеушілер қазақ әдебиетіндегі әзірге жас сын мен әдебиет тану ғылымының аз жыл ішінде анағұрлым жоғары сатыға көтерілгенін бірауыздан құптады. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты жуырда бастырған «Қазақ совет әдебиетінің очерктерін» Москва ғалымдары Қазақстанның әдебиет тану ғылымы жолындағы зор табысы деп жоғары бағалады. Методологиялық дұрыс негізге құрылған бұл очерктер басқа республикаларда шыққан осындай очерктердің ірі кемшіліктерін ескере жазылып, Қазақстан әдебиетшілерінің өз заманымыздағы совет әдебиеті мәселелеріне баса назар аудара білгендіктерін дәлелдеді.

Профессор Есмағамбет Ысмайыловтың қазақ ауыз әдебиетінің нақтылы материалдарын кеңінен қамтыған «Ақындар» атты монографиялық еңбегі Москвада болған кеңесте халық ақындары творчествосының өзгешелігін жете зерттеу жөніндегі ойсыраған олқылықтарды толтырып, бүкілодақтық әдебиеттану ғылымына елеулі олжа салатын ірі еңбек деп бағаланды.

Талқылау кезінде тамаша назар аударып, көрнекті баға алған Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (орысша «Рожденная Октябрем») деген атпен шыққан сын мақалалары жинағы болды. Қазақ совет әдебиеті туралы көп фактыны қамтып, тиянақты қорытынды шығарған бұл кітаптың өте пайдалы екендігін айта келіп, сөйлеушілер бұл еңбектің елеулі өзгешелігі — автор кабинетке қамалған сыншы емес, туған әдебиетіне жаны ашитын белсенді күрескер деп түйді. Бұл кітап туралы Георгий Ломидзе былай деді: «М. Қаратаевтың бұл еңбегінде тағы бір қуат бар — ол публицистикалық жағы. Қаратаев басқа пікірдегілерге семсерін қынабынан суыра қызу жазады, өз пікірін қорғарда зор сеніммен көтеріле айтысқа түседі. Кітапты оқығанда, маркстік-лениндік әдебиет теориясын қорғағандағы табандылығын, көркемдік жөніндегі талғампаздығы мен сезімталдығын көріп, қатты сүйсінесің». Сөйлеушілердің кейбірі қазақ сыншысының М. Шолоховтың «Тынық Дон» романы мен орыс ақын Илья Сельвинскийдің шығармалары жөнінде оқушы қызығарлық жақсы мақалалар жазғанына риза болғандарын айтты. Мұхаметжан Қаратаев пен Алексей Брагиннің «Жыр қанатында» атты кітабы көп кісінің назарын аударды. Очеркше жіпке тізілген қызғылықты әдеби материалды оқығанда, Қазақстанның кең-байтақ даласын аралағандай боласың, қазақ әдебиетінің мөлдір ауасын жұтып, жарық сәулесін көргендей сезінесің»,— десті олар.

Сондай-ақ, талқылау мәжілістерінде қазақ сыншыларының сын-биографиялық еңбектері де сөз болып, Бейсембай Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы, Темірғали Нұртазиннің Сәбит Мұқанов туралы, Айқын Нұрқатовтың Мұхтар Әуезов туралы, Серік Қирабаевтың Ғабиден Мұстафин туралы жазған кітаптары, Тәкен Әлімқұловтың сын мақалаларының жинағы есейген сынның елеулі белгісі деп танылды.

Сын талқылауын қорыта келіп, осы съезімізге қатысып отырған А. Т. Дементьев қазақтың сыншылары мен әдебиетшілерінің зор табыстарына қатты риза болғандығын, бұлар Бүкілодақтық сын мен әдебиет тану ғылымының жуан ортасынан көрнекті орын алуға әбден жарайтындарын атап айтты.

Әдебиетіміздің өскендігін көрсететін нышан, ер жеткендігінің айғағы, меніңше, міне осындай. Осы табыс, осы қуатқа табан тірей, арқа сүйей отырып, алдымыздағы съезіміздің міндеттерін сөз етуіміз керек.

Әдебиетіміздің тамаша табыстарын түгел қамтып, түбін сарқа айта алмадым-ау деп, күдіктеніп тұрмын. Сондықтан негізгі пікірлеріме қайта оралып соққым келеді. Ол пікірлер мыналар:

1. Еліміз коммунизм қоғамын белкүллі орнату дәуіріне кірісті. Бұл ішінара біздің социалистік мәдениетіміз бен әдебиетіміздің даму дәрежесінің жаңа да биік сатыға көтерілетінінің нышаны.

2. Біздің Қазақстан бұл дәуірге тек өрбіген де өршіген ірі өнеркәсібімен, ауыл шаруашылығымен ғана емес, есейген, ержеткен мәдениеті мен әдебиетін қолына ұстай енгелі отыр. Бұл біздің халқымызға, партиялық, советтік басшы ұйымдарымызға — бәрімізге бірдей ортақ зор қуаныш та, мақтаныш та.

Ал, сонымен қатар, жалпы алсақ, бүкіл мәдениетіміздің, жалқы алсақ, әдебиетіміздің бойында мұнан әрі төзбейтін ойсыраған олқылықтар бар, мін бар, алдымызда тез шешілуін көздейтін сан алуан міндеттер бар, түйіндер бар. Оларды шешу жеке-жеке жазушылар емес, жалпымыздың да, жалқымыздың да жабыла жұмылуымызды керек етеді. Өйткені мұнан былайғы жерде осы ірі де игі мәселелердің басын тауып, байыбына жете шеше алсақ, әдебиетімізді күрт көтеруге керек мүмкіндік сонда ғана тумақ. Съезімізде келелі кеңес, байсалды сөз болатын мәселе де осы. Мұның түп тиегі заманымызды жырлайтын шығарманың, мінсіз шеберліктің, әділ сынның мәселелері.

Біздің «Қазақ әдебиеті» газетінің де рухы көтеріліп, ол іске батылырақ кірісе бастады. Бұл газет бірсыпыра ақын, жазушыларымыздың шығармаларындағы кем-кетікке әділ де тура бірнеше сын мақалалар жариялады. Газетіміз келешекте де осы партиялық сара жолдан таймас деп сенемін. Біздің съезіміз әділ сынды әлсіретудің әдісін іздемес, қайта әдебиетімізде орын алып келген ірілі-уақты олқылықтардың тамырын тауып, сонан арылудың амалын қарастырар деп сенемін. Әдебиетіміздің ержеткен белді әдебиет болғанының белгісі де осы боларға керек.

Өзінің жарық көргені үшін жалғыз ғана Ұлы Октябрь революциясына борыштар жас қазақ әдебиеті — жаңа заманның тақырыбымен ауызданған, қаз тұрған, қалыптасқан әдебиет.

Тарихи жаңалықты жанымен сезіну, өз заманының байыбына жетіп, соны көркем сөзбен топшылау, ескілік атаулыны революциялық жолмен талқандауға шақыру — революционер ақын Сәкен Сейфуллин шығармаларының алтын арқауы, асыл діңгегі еді. Бейімбет Майлиннің сан сипатты, терең сырлы шығармалары маған Қазақстандағы социалистік жаңа өмірдің шексіз шежіресі секілді көрінеді. Ілияс Жансүгіровтың өктем үні әлі күнге маған ол бір кезде өмірімізге ілесіп, өлімтігін сүйреткен ескі заманның өңменіне кезенген поэзия оғының зуылындай естіледі. Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың, Ғабиден Мұстафиннің, Асқар Тоқмағамбетовтың, Тайыр Жароковтың, Ғали Ормановтың, Әбділда Тәжібаевтың, Әбу Сәрсенбаевтың, Қасым Аманжоловтың, Дихан Әбілевтің, Жұмағали Сайнның, Әлжаппар Әбішевтің, Шахмет Хұсайновтың, Қалижан Бекхожиннің, Хамит Ерғалиевтің, тіпті басқа ақын, жазушылардың барлығының өсу жолын шолсаңыздар, ілуде біреуі болмаса, осылардың бәрі де әдебиетке жаңа заманның идеясы мен тақырыбы арқылы кірген деген қорытындыға соқпай кете алмайсыздар.

Ал әдебиетіміздің салмағы ескі тақырыпқа қарай творчестволық ізденудің қай кезеңінде, қай кезінде ауды? Оған берер жауабым — сом шығарманың, үлкен көлемнің жолын іздеген кезде ауды демекпін. Меніңше, біздің әдебиетіміз жөнінде, тіпті басқа әдебиеттер жөнінде де, айтар сөздің әділі осы болуға керек.

Бәлкім, осы күні ерсі көрінуі де мүмкін, бірақ ескі тақырыпқа ауытқуды осыдан отыз жыл бұрын өзіміздің ардақты Сәбит Мұқанов бастап, кезінде шу көтерген «Сұлушашын» жазып тастап еді. «Сыныктан өзге жұғады» дегендей, ізінше

осы тақырыптас, осы түрлес поэмалар қойдай өрді де, патриархалдық-феодалдық замандағы қазақ әйелдерінің күндік күйі жырлана бастады. Иса Байзақовтың «Құралай сұлуы» мен «Ақбөпесі», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетауы», Ілияс Жансүгіровтың «Күй», «Күйші», «Құлагері» шықты да, он жыл бойына поэзиямыздың өресі осылармен өлшенетін болды. Бұларға ере бір топ жас ақын он шақты поэма жазып еді, бірақ олары еліктеу болып шықты. Сәбит Мұқановтың өз басы ескі тақырыптан іле жеріп, енді қайтып оралмастай, іргесін ашып, безіп кетті. Бірақ істелер іс істеліп, із салынып қалды. Тіпті жаңашылдың жаңашылымын деп жүрген ақындардың бағзы біреулері осы бағдардан әрі тізгінін бұрып ала алмай келеді. Ол аз болса, осыны қойсаң қайтеді, совет заманының оқушысы ескі ауылдың адамы емес, мәдениеті өскен, талғампаз қауым мұндай шығарманы қабылдамайды десең, аузын ашып таң қалады.

Драматургия саласында да бұған баяғы аға жазушылар — Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсрепов айыпты. Бұл айтқаным қалжың емес, шындықтың өзі осы. Еркіншілікке бой ұрып, мекер өмірде мерт болған ерте заманның ер ұлы мен ерке қызын мадақтауға бұл екеуі де аз еңбек сіңірген жоқ. Сөйтіп, қазақ театрларының, жаңа дами бастаған жас драма, опера көркемөнеріміздің тағдыры ширек ғасыр бойына көрер көзге Мұхтар Әуезовтың «Еңлік — Кебек», «Айман — Шолпан», «Қобланды батыр», «Қалқаман — Мамыр», «Бекет батырының»; Ғабит Мүсреповтың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ақан сері — Ақтоқтысының» шылауында болғаны мәлім. Бір топ жас бұларға да ере шығып, Сағыр Камалов «Ер Тарғынды», Әбділда Тәжібаев «Жомарттың кілемін», «Біз қазақпыз», «Көтерілген күмбезді»; Шахмет Хұсайнов «Алдар Көсені»; Әлжаппар Әбішев «Қамбарды», Мұсатай Ақынжанов «Алтын сақаны» жазды.

Шынында, мәдениеттің жаңа дами бастаған дәуірінде, бұл қашсаң да құтыла алмайтын тарихи заңдылық. Біріншіден, сонау отызыншы жылдары ескіліктен екі арамыз тап қазіргідей алшақ емес еді. Ескілік етегін жинап, тайып тұру былай тұрсын, қайта тамыры терең, азу тісі балғадай, қабырғасы бүтін тұрған шағында халықтың рухани қазынасын исі жаңаның бәріне қарсы жұмсай бастаған соң, біз сол асыл қаруды жұлып алып, сүртіп, тазартып, жаңартып, халықтың өз қолына ұстатуға ұмтылдық. Екіншіден, өз қадірін білетін, өз басын сыйлайтын халықтардың бірде-бірі өзінің азаматтық, мәдени тарихын жасамай тұра алмақ емес. Үшіншіден, халықтың бойына сіңген көне сюжет, драматургияның ірі

түрлерін игеру жөнінде жазушыға жеңілдік беретіні былай тұрсын, тіпті халықтың өзін театр мәдениетіне жақындатуға себепші де болды. Ғасырлар бойы шырмап келген надандықтың шеңгелінен, дін мен ғұрыптың алуан түнек торынан еңбекшілерді айырып ала қою о бір кезде оңайға түспейтін еді. Оның үстіне, ескі тақырыпқа жалаң бір беткей бой ұрылған жоқ, ескі тақырып пен жаңа тақырып арбаса, таласа бірге жүрді. Сонда безбеннің жаңалық жағы анағұрлым салмақтырақ, басымырақ тартты. Мысалы, қазақ жазушыларының 25—30 жыл ішінде жазған 150 драмалық шығармасының 15-і ғана ескі тақырыпқа жазылған пьесалар. Бірақ, не керек, жазушының жүрегінен жылы нәр ала алмаған жаңа тақырып совет жұртшылығының да жүрегін жылыта алмады. Біздің бұл күнәміз кешірілмес күнә. Жаңа пьеса сахнаға шықса, санымызды шапалақтап қуанып жүрдік те, сахнадан тайса, қабақ шытпадық. Демек, заман тақырыбына жазылған жаңа пьесаға керегінше көмек көрсете алмадық та, бір қайнауы ішіндегі шала піскен шығарманы сахнаға шығаруға себепкер болдық. Ондай пьесалар баянсыз болды. Жазушы жүрегінің жылы нәрі тамған, әдемі сөзбен әсіреленген, сырланған, боялған ескі тақырыпқа жазылған пьеса сахнада ұзақ тұрақтаған себебі осыдан екені өзінен-өзі белгілі.

Осыдан көп жылдар бойына созылған жосықсыз практиканың салдарынан ескі тақырыпқа жазылған шығармалар анағұрлым сапалы болып келеді де, біз кешегі өткен онкүндікке апарған он төрт спектакльдің санатына жаңа тақырыпқа жазылған үш пьесаны әзер енгіздік: бұл үшеуі — Николай Ановтың «Мұрагерлері», Әбділда Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес», Қанабек Байсейітовтың либреттосы бойынша жазылған «Достық жолы» балеті.

Бұл жағдай драматургиямыздағы ескі тақырыптың сапа жағынан салмақтырақ болуы былай тұрсын, тіпті сан жағынан да басым болып кеткенін көрсетеді. Оған себеп — тәжірибесі мол көрнекті мосқал жазушыларымыз ескі тақырыпқа күшті көбірек салғандығы болған сияқты. Безбеннің жаңа жағындағы басына схематикалық, ұсақ, поэзиялық қасиеті шамалы, идеялық көркемдігі тайыз шығармалар көп түскен тәрізді. Біздің сыншыларымыз ескі тақырыпқа жазылған пьесалардағы кейіпкерлердің толық тұлғалы болып шыққанын жиі сөз етіп жүреді. Бірақ сондай толық тұлғалы кейіпкерлер жаңа тақырыпта жазылған пьесаларымызда көп пе? Жоқ, көп емес. Өйткені ол образдардың толып жатқан олқы жақтары бар. Өмірбаянының әр кезеңдерінен алынған шалажансар жайлары көп, омырауға тағылған ордендері болға-

нымен, табиғилық, нанымдылық шамалы. Тіпті даңқы жер жарған халық батыры Аманкелді Имановтың образын жасауға бес автор қатынасып (оның бірі — мен), республика театрларының бәрі жабыла қолға алса да, әлі күнге толық тұлғасын не поэзияда, не драматургияда жасап шығара алмай келеміз.

Қазақстан сияқты көп ұлтты республиканың әдебиетінде өзімізбен тізе қосып, өнеркәсіп орындарын орнатысып жүрген, тың және тыңайған жерлерді игеріп, мол егін алуға көмектесіп жүрген орыс, украин сияқты басқа ұлттар адамдарының образы да жасалынбай келеді, әдебиетімізде халықтар достығын жырлайтын жақсы шығармалар жазылған жоқ. Партия, мемлекеттік орындарда басшылық қызметін атқарып жүрген озық адамдардың образдары да жоққа тән. Заманымыздың тақырыбы туралы сөз болғанда, осының бәрі әлі күнге шешілмеген үлкен мәселе болып, алдымыздан кесе-көлденең шыға береді.

Біздің прозамызда ең басты орында тарихи романдар тұрғаны баршамызға мәлім. Тарихи романдардың сан жағынан аз екендігін айтып жатудың қажеті жоқ, бірақ олардың қасиеті — көркемдік сапасында, шебер жазылғандығында. Олар — тәжірибесі мол, қаламы ысылған шебер жазушылардың қолынан шыққан шығармалар. Демек, жаңа заман тақырыбына көп жазып жүргендер — қаламы ұшталып болмаған, тәжірибесі аз, жас жазушылар. Аға жазушылардың ішінен жаңа тақырыпқа жабысып айрылмай келе жатқан жалғыз Ғабиден Мұстафин.

Егер жазушы немесе композитор баяғыда өтіп кеткен заманның тақырыбын алса, ол сол ескі заманды ойлап, соның қамында болатыны, ақыл-ойы «өткен күндердің» шеңберінен шыға алмайтыны табиғи нәрсе,— деп, республикамызда партиялық газеттер дұрыс жазды. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін, біздің басты жазушыларымыздың бірсыпырасы ұзақ уақыт бойына ескі тақырыппен айналысып жүріп, кей кездерде жаңа тақырыптарға қол қойғанын, бұл салада адал да ұқыпты еңбек еткенін, бірақ олардан мәнді шығарма шықпағанын айта кетуді міндетім деп санаймын. Бұған себеп: олар өмірден қол үзіп, ескіліктің шырмауынан шыға алмады.

Соңғы кездерде ескі тақырыпқа тіпті жас қадрларымыздың өзі, белсенді жанр болып танылатын поэзия саласында жүрген жазушыларымыздың кейбіреулері ауытқып, бұрынғы олқылықты онан сайын тереңдете түскен сияқты. 1958 жылы жарыққа шыққан сегіз поэманың алтауының тақырыбы — ескілік. Поэзиямызды нығайту жолында бірсыпыра еңбек сі-

ңірген ақынымыз Хамит Ерғалиев Құрманғазы туралы дастанының бірінші кітабын, өзінің айтуына қарағанда, жеті жыл бойы жазыпты. Енді екінші кітабын жазып жатқан көрінеді. Бұл дастанның жарыққа шыққан бірінші кітабы жұрт қатты да әділ сынға ұшырап, дастанды негізінен қайта қарап шығу керек деген пікір айтылды.

Өте жас ақындарымыздың бірі Ғафу Қайырбеков Ыбырай Алтынсарин туралы поэма жазды. Бұл поэма нашар шыққан шығарма емес, тіпті талантты шығарма деуге болады, бірақ автордың сылдыр сөзді қуып кеткендігі сонша, сын айтқан азаматтар шығармасының қазіргі көлемін кемінде екі есе қысқартуды талап етіп жүр. Осы пікірге мен де қосылямын.

Қасым Тоғызақовтың тәп-тәуір жазылған «Сібір Омар» поэмасының тақырыбы сонау терең тарихтан басталып, Ұлы Октябрь революциясына келіп тіреледі. Әбділда Тәжібаевтың «Портрет» атты эллегиялық поэмасы революциядан бұрынғы дәуірден басталады. Тайыр Жароковтың «Құмдағы дауыл» поэмасы мен Хажым Жұмалиевтің «Қырдағы күрес» поэмасы Батыс Қазақстанда болған ұлт азаттығы күресі мен революциялық қозғалыс жайындағы бір тақырыпқа арналып жазылса да, әдебиетіміздегі жаңа үн, жағымды лебіз болып, бізді қуанта алмады.

Бір қызығы, осы поэмалардың көбі орыс тіліне аударылғаннан кейін, адам айтса, нанымсыз болып, өзгеріп шығады. Реті келгесін, айта кетейік: бізде орысшаға аударғанда, жақсы шығармалар ұтылып қалып, нашар шығармалар ұтып кетіп жүр.

Қазірде әдебиетімізде ескі тақырыпқа ауытқу барлығы, жаңа тақырыпқа күрт бұрылудың керектігі сөз болып отырғандықтан, мен бұл шығармалардың жақсы-жаман жақтарын талдап жатуды артық деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, ескі тақырыпқа ауытқу жаңа тақырыпқа ауытқудан асқан сияқты, осы кемшілікті енді үдетпей, тез жоюдың амалын істеуіміз керек.

Мен көрші өзбек жазушыларының табыстарын күндемеймін, соған қызығамын. Олар Москвада болған онкүндіктерінде әдебиеттің арқауы етіп жаңа тақырыпқа жазылған шығармаларын ортаға салды, ал біз оны істей алмадық. Әдебиетіміз қаншама жоғары дәрежеге көтерілсе де, жаңа заман тақырыбына келгенде, мүдіретін кедергіміз көп-ақ. Кемшілігіміз мол, міндетіміз зор, олай болса, осы мәселені шешуге жұмыла кірісуіміз қажет.

Бұдан Қазақстан жазушылары жаңа тақырыпқа бүтіндей бет бұруға міндетті деген ұғым тууға тиіс. Қай жанрдың болсын, қай жазушының болсын, қолы жеткен табысы заманымыздың тақырыбын қаншалық игере алғандығымен өлшенуі керек. Сол жаңа тақырыпты қаншалық көркем етіп көрсете алғанымен бағалануы керек. Сірә, тек осындай принцип қана әдебиетіміздің идеялық-көркемдік сапасын жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік тудыратын тәрізді.

Екіншіден, жаңа тақырып мәселесін біз бір топ жазушылардың емес, барлық жазушылардың алдына қойып, әдебиетіміздің бір жанрынан емес, барлық жанрларынан талап етуге тиістіміз. Өйткені бәріміз болып күш салсақ қана, барлық жанрларда айтқалы отырған жаңа заман тақырыбын молынан қамтып, толық көрсете алатын дәрежеге жетсек, әдебиетіміздің сапасын әлдеқайда жоғары көтерер едік.

Өз заманымыз әр жазушының басты тақырыбы, басты және бастауыш бағыты болуға тиіс. Қазіргі уақытта өз дәуірімізбен тек үндес болу жеткіліксіз, коммунистік ұлы құрылыстың белсенді бір тобы болып, барлық творчестволық мүмкіндігімізді сарқа пайдалана отырып, халқымыз аттанған ұлы жорықтың ортасында жүре алсақ қана, мойынымызға жүктелген міндетті ақтай аламыз.

«Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттері: «Жалпы құрылысшылар сапында жазушының орны, сайып келгенде, ең алдымен оның өз заманымыздың тебірентер проблемаларына қалай үн қоса алғанына қарай белгілі болмақ»— деп жазды. Бұл әрі әділ айтылған пікір.

Сонымен қабат, өз заманымызға бет бұру дегенді белгілі бір кезеңдегі науқан екен деп, уақыты өткен соң оны тастауға болады екен деп қарауға болмайтынын естен шығармауымыз керек. Бұл — науқан емес, жолдастар. Бұл — әдебиетіміздің алдағы жердегі тұрақты сара жолы.

Бұдан соң жаңа заман тақырыбының мәселесін шығарманың көркемдік сапасынан айырып, оның мазмұны мен түрін бір-біріне кереғар қойып қарауға болмайды. Егерде жаңа заман тақырыбының мәселесі тек жаңа тақырып есебінде көтеріліп, ол олпы-солпы тігілген киім сияқты, көз тартпайтын болса, онда біз жаңалыққа бет бұрдық деп айта алмаймыз. Жаңа жауынгер заманымызға бет бұру деген сөз — шеберлігімізді арттыру деген сөз. Соңғы кезге дейін шеберлікті тақырыппен бүркеп, кемшілігімізді жасырып келгеннен көрген пайдамыз шамалы. Өз өмірімізді сан қилы, жоғары сапалы көркем сөзбен бейнелеп беруге социалистік реализм әдісі шексіз мүмкіндік туғызып отыр. Жаңа заман мәселесін кең

түрде келелі кеңес қылсақ, шығарманың идеясы биік, көркемдігі тамаша болып, сапалы шығуына жауапкер екенімізді ұғамыз.

Ал жаңа заман тақырыбына жазылған шығармаларымыздың көркемдік сапасы қандай? Бұл жағынан мақтана алмаймыз. Жаман кітап жас жазушыға берілген жеңілдік есебінде де, ресми болмаса да, заң күшіне кірген ереже есебінде де жарыққа шығып келеді. Сондықтан нашар кітаптардың көбі сауда орындарының қоймасында шіріп, ақырында ескіқұсқыға айналып, есептен шығып қалды.

Әсіресе поэзиямыз жөнінде қолайсыз жәйттер көп. Соңғы кезде поэзиямызға қойылатын талабымыз тым бәсеңдеп кетті. Бұл, әрине, қуанарлық іс емес.

Поэзия шығармаларынан көркемдікті аз талап етеміз, поэмаға тән қасиеттерді талғамаймыз, композицияның анықтығына, сюжеттің драмалық дамуын, оның өршіп, кеңейіп отыруының қажет екендігін көбіне ескермейміз. Осының салдарынан сөз аяғы ұйқасқан қара дүрсін өлеңмен жазған очерктер көбейіп кетті. Аз-кем оңдау кіргізе, эп-әдемі болып шығатын шығармалар, жазыла салысымен, күлдібадам күйінде баспаға берілетін болып жүр.

Жазушылар одағының басқа да секциялары сияқты, поэзия секциясы өз міндетін көріне көзге ақтай алмай келеді. Мынадай бір мысал келтіруге болады. Әбілев жолдас 1953 жылы көлемі төрт мың жолдық «Алтай жүрегі» атты үлкен поэмасын бастырып шығарды. Поэманың жарыққа шыққанына біз өзіміз де қуандық. Сол поэма 1957 жылы өлеңмен жазылған романға айналып, көлемі бес мың жолға жетіп, қайтадан шықты. Оның жалғасы «Отты толқындар» деген атпен бір мың бес жүз жол болып тағы да басылып шықты. Ал орысшаға аударылғанда, осы өлеңмен жазылған роман қайтадан поэмаға айналып, көлемі 1300 жолға түсті.

Бұл нені көрсетеді? Бұл романды аударғанда ішіндегі суы сарқылып, тек нәрі ғана қалғанын ыспаттайды.

Қалижан Бекхожиннің жұмысшы табы өмірінен жазған поэмасы үлкен сәтсіздікке ұшырады. Әдебиет газетінің «Ақан Ақтаев» поэмасын сынаған мақаласы автордың жанына қаншалық қатты тигенін білеміз, бірақ мақаланың әділдігі мен ақиқаттығын мойындау керек. Мысалы, поэманың бас кейіпкері, тау-кен институтының соңғы курсында оқып жүрген студент Ақтаевтың басына түскен мүшкіл халді шындыққа негізделген деуге бола ма? Оның әкесі сауда орнында қызмет істеп жүріп жаламен сотталады да, Ақанның өзін Қараш деген бір қаңғалақ комсомолдан шығарады

да тастайды. Институтта Қарашты жақтаған бір адам болмаса да, оның дегені болады. Рас, соттың қате соттауы да мүмкін, жоғарғы оқу орнынан студенттің жазықсыз шығып қалуы да ықтимал, бірақ осының бәрін оқушыға жете ұғындыру керек еді, әсіресе сюжет жағын мығымдап, ұқыпты жасауға тырысу керек еді. Поэмада мұның бірде-бірі жоқ. Поэманың басты геройы өзі жақсы көретін қызының Қарашпен көшеде қолтықтасып бара жатқанын бір көріп қалады да, сол жерде түңіліп, қоштаспастан, Алматыдан кетіп отырады. Оқушының өз көзі жетпесе, студенттің жаңа машина жасап шығарғанына, автор айтып отыр екен деп, кім нана қояды? Сайып келгенде, жасанды, дәрекі ілгіші бар, бірақ ақыры «бай болып, барша мұратына жететін» махаббат туралы поэмасымақ болған да шыққан. Ал жұмысшылардың шын өміріне келсек, өнеркәсіп саласында жүрген интеллигенцияның жайына келсек, поэмадағы нәрсенің бәрі тек үстірт, көркемдігі нашар, долбар, ешкім сенбейтін, ешкімді тебірентпейтін құрғақ сөз ғана.

Темірғали Нұртазиннің «Мұрат» атты повестін де сәттішығарма деп айту қиын-ақ. Бұл — әлі иі қанбаған, көп еңбек керек ететін кітап. Повестің сюжеті ауылшаруашылық техникасын шығаратын завод пен тың жердегі колхоздың қарым-қатынасы. Автор егін жинау науқанына құл болып, өз қол-аяғын өзі тұсайды да, ғылми-техникалық ойдың мағынасын талдауға орын таппайды, оған қолы да тимейді. Жүзден астам инженер мен мамандар қызмет істейтін конструкторлық бюросындағылар завод ішінде зыр қағып жүрген, кездесіп қалса, колхоз председателінен ығысып, соның дегенін істейтін атқа жеңіл құбаша, елгезектер болып көрінеді. Біз бұл арада тіпті автордың сюжеттік ғылым мен практикаға тән көріністерді таба алмағанын сөз қылып отырғанымыз жоқ. Өйткені техникадан бихабар бізді сендіре алардық жағдайды автор жасай алмаған. Әсіресе бұл кітаптың советтік интеллигенциясының моральдік бейнесін теріс айналдырып, әйгәпір көрсететін жағдайлары мені қатты қынжылтады. Ол — бірге жұмыс істеп жүрген адамдардың бір-біріне күдік-күманы, қызметтес жолдасына сенбеушілігі, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі тор құратыны, демек советтік өмірге жат, лас қылықтары.

Кітаптың сәтсіздігін дәлелдеу үшін толып жатқан мысалдар келтіруге болады. Осының бәрі өз заманымыздың тақырыбын меңгеру мәселесі — мазмұн мен түрдің шынайы бірлігін қалайтын партиялық талаппен тығыз байланысты екенін, шығарманың идеясы мен суреттеу шеберлігінің мыз-

ғымас біртұтас ұғым екендігін қайтадан ескертуді керек етеді. Бұл шарт орындалмаған жерде — көркем шығарма жоқ. Бірақ шеберлік мәселе теориялық айтыстың шеңберінде қалып, шығарманың көркемдік қасиетіне нақтылы өлшеуіш болатын дәрежеге жеткен жоқ. Келешекте, міне, осы бір қолайсыз жәйтті түбірімен өзгертуіміз қажет.

Әдебиетіміздің қиын да күрделі мәселелерінің бірі — әдеби сын. Ол үлкен ғылми-теориялық мәселе болғандығынан ғана емес, сонымен қатар, әдебиет кадрларын партиялықтың қатал принциптері негізінде біріктіретін мәселелерді қамтығандықтан да күрделі. Амал не, сын дәл қазіргі кезде келеңсіз көп көріністен, жүз шаймаудан айрыла алмай, сөз өнерінің тосын тәсілін қуып, күн сыңайы мен мансап ыңғайын бағып сөйлегендіктен болып отыр. Бүкілодақ болсын, өзіміздегі болсын, жақсы деген, жемісті деген маңызды үлгі-өнегені біз әлі де болса әдеби сынымыздың игі дәстүріне енгізе алмай келеміз, ал бұ жағынан, құдайға шүкір, біз кенже емеспіз. Оның орнына соңғы кезде біздің шаруашылығымыздың берекесін кетіріп, жүйкемізді құртатын, творчестволық жігерімізді құм қылатын аса бір қажетсіз, зиянды бірдемелер көбейіп кеткен сияқты. Ең бастысы, сыншы да, жазушы да біздің ортақ әдеби ісіміздің басы-қасында жүргенмен, жазушылар әдеби сыннан адал досының, жанашыр жолдасының жанға медет болар лық жақсы лебізін сезбей қеледі. Ендеше, жазушы мен сыншы арасында өзара сеніс тік орнаса және ол сеніс тік ақтан жарылған адал шындыққа негізделсе, сөйтіп ол баянды дәстүрімізге айналса, — бұл сөз жоқ, біздің бүкіл мәдениетіміздің аса үлкен жеңісі болар еді. Әзірге мұндай жағдай бізде жоқ, сондықтан біз бұл сапарда көп кедергілерге душар боламыз ғой деп ойлаймын.

Олай болса, сын мәселелеріне соққанда, мен ең алдымен сол сынның қазіргі жағдайына, сынды одан әрі өрістетуге мүмкіндік туғызатын ынтымақ жағдайына тоқталғым келеді.

Бұл мәселедегі ең маңыздысы, менің ойымша, жазушының сыншыға сенуінде, оған сыншы аласыз қамқорлық көрсетіп, жақсысына қуанып, сәтсіздігіне ренжитін жолдас болуында ғой деймін. Екінші жағынан, сыншы да жазушыға иі жұмсақ тулақ деп қарамауға тиіс. Демек, бұл арада әңгіме сыншы қайткенде қаттырақ түйреп, қайткенде жанына батыра сынаудан аулақ болатын, тікені мен шөңгесі жоқ бірінші жолдастық сөзін айтатын коммунистік ынтымақ туралы болып отыр. Көмек орнына жолдастарымыздың сәтсіздігін бетіне басып, оны төмпештей берсек, бұдан мен ешқандай жолдастық қарым-қатынасты көре алмаймын. Сәтсіз

шығарманың авторын дер кезінде сілейте, сілкілеп алсақ, бұдан әдебиетке келетін ешқандай пайда жоқ. Әрине бұл арада әңгіме идеологиялық және шеберліктің ақаулары туралы болып отырғаны белгілі.

Амал қанша, біздің әдеби сынымыз ескіліктің бұл сияқты қалдықтарынан әлі арылып біткен жоқ. Біздің әдебиет газетіміздің өзім байсалды мақалалар деп мақтап кеткен, соңғы кездерде жариялаған мақалаларында да алып тастаған инелердің, тікендердің ізі білініп тұр. Оның үстіне мұнда қойылған талаптар поэманың шеңберінен асып, прозаның шеңберіне шығып кетіп жатыр. Тек осы себептен ғана, автор өзінің сыншы жолдасының ниетінің адалдығына сенбей, оны өзінің дұшпаны деп ойлағандықтан ғана, баспасөзде жарияланатын әрбір сын мақала біздің арамызға ыза мен кектің тулаған толқынын әкеліп жүр. Бұл мәселеде біздің бірінші қолға алатын нәрсеміз — ортақ күш жұмсап, жаңа жағдай, коммунистік ынтымақ жағдайын туғызу болуға керек. Тек сол жағдайды жасағанда ғана, біздің сынымыздың одан әрі жанжақты дамуына нағыз қолайлы мүмкіндік туады ғой деп ойлаймын.

Қалижан Бекхожиннің Жансүгіровке жазған арнауын, ақын Әбділда Тәжібаевтың «Түсімде» деген үлкен өлеңін, жас ақын Берқайыр Аманшиннің «Жанымның жарасы бар жұрт білмеген» деген өлеңін оқысаңыздар, біздегі ынтымақ мәселесінің, оның ішінде коммунистік ынтымақтың қандай аянышты қалыпта екенін аңғару оп-оңай.

Социалистік Отанымыздың табыстарын талай рет талантты да шабытты жырлаған кексе ақындарымыздың бірі Қалижан Бекхожин әлгі арнауында көзінің жасын көл-көсір ғып төгіп отырып, көп жылдар бойында болып келген біздегі ауыр атмосферадан азар да-безер болады. Екінші бір кексе де талантты ақынымыз, өз заманының шабытты жыршысы Әбділда Тәжібаев ұйықтап жатып түс көреді, түсінде өзінің жолдастары оны өлтіреді де, кейін, қабірінің басында, Әбділданы мақтап сөз сөйлейді.

Мен бұл сияқты нәрселерді газет-журнал беттерінде жариялаудың немесе оларды жинаққа енгізудің қаншалық зиянды екенін айтып тұрған жоқпын, бұл болары болып, бояуы сіңген іс, менің айтайын дегенім: мұндай нәрселерден коммунистік ынтымаққа зәредей де пайда келмейді. Олар біздің арамыздағы келіссіз көріністерді суреттейді және оны өз көзқарастарының тұрғысынан жалған суреттейді. Ендеше, өз жолдастарына деген мұндай көзқарас ынтымақты нығайтпайды, қайта оның берекесін қашырып, бұза түседі.

Менің байқауымша, Берқайыр Аманшин өзінің жас ғұмырының ішінде қайғы мен қасіреттің не екенін де біліп үлгермеген ақын ғой деймін. Ол былай деп жазады:

Жанымның жарасы бар жұрт білмеген,
Ауыртты кей ақымақ түртуменен.
Күнәм не — шеккен осы азабымнан,
Көктесе жыр — бақшамда бір түп өлең.

Айттым ғой, тырнап әркім сол жарамды,
Талай шат минутымды олжалады.
Содан ба, кейде оқтай қадалады
Еш әлсіз досымның да қылжалаңы.

Көріп отырсыздар, бұл арада ешқандай түсініктеменің қажеті жоқ. Егер өлеңдері қайғы мен азаптан туса, егер достарының бейкүнә әзіл-қалжыңы жанына жара салса, ақынның моральдық кескін-келбетін аңғару онша қиын да емес сияқты.

Осының бәрінен сынға деген шамшыл көзқарастың күлімсі исі мүңкіп тұр. мұның бәрі ішер асқа немесе нахақ партия жазасына айтылған өкпе емес. Сонымен қатар бұл ынтымақ мәселесін біздің арамызда жаңа үлгіде, қатал талап үлгісінде. абзал коммунистік үлгіде қоюдың қажеттілігін дәлелдейді.

Біздің әдеби сынымызда көп нәрсенің жетпейтіндігінде ең алдымен, батылдықтың аздығында ешкімнің дауы бола қоймаса керек. Мұның өзі — ұзақ жылдардың өнбойында сынға қолайлы жағдай туғызу жөнінде қамқорлығымыз аз болғандығының нәтижесі. Біз әлі де болса сын сөзін тыныш тыңдай алмаймыз, ал шығармаларымыздағы кемшіліктерді батылырақ айтса, көп жағдайда дау-далабамен тарқаймыз. Бір кездегі білгір де іскер сыншыларымыздың енді «аш құлақтан тыныш құлақты» іздеп, әдебиет тану ғылымының жасыл жағалауына барып қонып тепкенін де тек қана осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Бұдан былай біздің әдеби сынымыз үшін де жаңа дәуір басталатынын әркім-ақ ұқса екен деймін. Сын көйгейшіл кәрі әже емес, біздің әдебиетіміздің медеткер, қамқоршы серігі болуға міндетті. Ынтымақ деген ұранды желеу қылып, әдеби сынымызды оның дербес ойынан еркін айырып алсақ, бұл да жаман, онда біз оны «достық құшағымызға» қысып тұншықтырып та алуымыз мүмкін. Ендеше, менің қандай ынтымақ жөнінде айтып отырғанымды әркім де ұғады ғой деп сенемін. Көреген де батыл сынның көмегіне ділгер шығарма бізде әлі де көп. Олай болса, көркемдік құны төмен, барып

тұрған идеясыз шығармамен бейбіт қатар өмір сүру тәсіліне енді мүлде көнуге болмайды.

Біздің жақсы шығарманы көп жазуымызға ешкім де тыйым салмайды, күндіз-түні құдайдан тілегеніміздің өзі де сол. Бірақ, менің ойымша, біздің алдағы туар күн, шығар белестерімізде ту ғып ұстайтын ұранымыз «Аз болса да, жақсы болсын!» деген лениндік ұран болуға тиіс.

Біздің сыншыларымыздың ең басты міндеті де,— қазіргі заман тақырыбына жазылған жоғары идеялы, көркем шығармалар үшін белсене, табанды күресу міндеті де осы.

Сын әдебиеттің негізгі бөлегі болғандықтан, әдебиеттің алдыңғы жаңа дәуірі — әдеби сын үшін де жаңа дәуір болмақ, оның алдында да бүкіл әдебиеттің алдындағы міндеттер мен мәселелер тұр. Осыған байланысты, меніңше, тағы бір маңызды жәйтті айрықша атап өткен жөн. Бұл кезге дейін біздің сынымыз, ең жақсы дегенде, шығармалардың кемшіліктерін ғана көрсетіп келді, енді ол жақсы шығарманы қалай жазу керек, сәтсіз туындыны қалай жөндеу қажет деген сұраққа да жауап беруге тырысуы керек, мұның өзі біздің сынымыздың теориялық дәрежесіне қойылатын талап болып та табылады. Әдеби сын көркем шығарманың негізі компоненттерін — оның композициясын, сюжеттің дамуын, геройлардың характерін жасау тәсілдерін, жанрдың өзгешеліктері мен нормативтерін, тағы басқаларды қағажу қалдырса, онда ол өзіне қоятын барлық талапқа толық жауап бермейді. Мұндай жағдайда сынның ауытқу себептерін іздестіру керек, яғни ол бір нәрселерден қорғалап, әлденеге қарайлайды, не болмаса оның дәрежесі төмен. Демек, біздің сыншыларымыз жоғары идеялы көркем шығарма жайын ойластырғанда, өздері де әдеби сынның жоғары дәрежесін, оның партиялылығы мен үлкен ролін көп ойлап, кең толғануға міндетті.

1959 жыл.

ӨНЕР ТУЫСТЫҒЫ

I

Тарихы тамырлас, тағдыры ұқсас екі халықтың — қазақ пен өзбектің ежелден бергі өзара қат-қабат байланыстарына мысал көп. Бірі аға, бірі інідей тете өсіп, Ұлы Сырдарияны қатар еміп ержеткен елдеріміздің өткеніне көз салсақ, талай-талай маңызды мағлұматтар бар. Торқалы тойда табысқан, жауларын бірге шабысқан, еркіндік үшін тізе қоса күрескен халықтарымыздың достығы ғасырларда шыңдалған. Кәрі тарихтың көп беттерінен-ақ нақ осы ынтымақтың, түбі бірге туысқандықтың айғағын аңғарамыз. Үйіміз іргелес, қойымыз қоралас, төсекте басы, төскейде малы қосылған елдеріміз. Бәйгеге қатар ат қосып, көкпарды бірге тартысқан елдерміз. Еңбегіміз, еліміз, қуанышымыз, тілегіміз біріккен елдерміз.

Халықтарымыздың ертедегі өмірі мен салт-санасы ауыз әдебиет нұсқаларында да өшпес із қалдырыпты. Қазақтың «Алпамысы» өзбектің де «Алпамысы» болып табылады. Бұл тамаша дастан көне дәуірдің шындығын елестетеді. «Алпамыс» өзбектің де, қазақтың да бөлек-бөлек халық болып құралуынан бұрын туған. Мұнда қазіргі қазақ пен өзбектің құрамына қосылған қоңырат тайпаларының басқыншы дұшпандарға қарсы қаһармандық күресі суреттелген. Фольклордың түрлі-түрлі жанрларынан да ұқсастық, ортақтастық табыла береді. Ерте кезде өзбектер домбыра мен қобыз тартқаны, үйлену тойларында жар-жар өлеңін айтқаны анық. Сан түрлі ертегілер мен көптеген мақал-мәтелден де осы екі халықтың тарихына, шаруашылық кәсібіне тән сарындарды танимыз.

Ескі Шағатай әдебиеті мұралары да бірсыпыра ретте өзбек пен қазаққа бірдей ортақ болып саналады. Тек бұларға

ғана емес, түркпенге де, қырғызға да, қарақалпаққа да қатысты болатын нұсқалар аз емес. Осы халықтардан шыққан дарынды адамдар шығармалық еңбектерін бәріне де қанық шағатай тілінде жасағаны мәлім. Қазақ жерінде туып-өскен қожа Ахмет Яссәуиді тек қазақ тарихымен ғана тұйықтап қою әділет болмас еді. Ахмет Яссәуидің еңбегі қазақтың да, өзбектің де көне әдебиеті тарихында қатар қарастырылуының ерсілігі жоқ.

Қазақтың революциядан бұрынғы әдебиетіне Орта Азия классиктері шығармаларының мол әсері тиген. Соның ішінде өзбек халқының данышпан ақыны Әлішер Навоидың ғажайып туындыларын оқып үлгі алмаған ақын кемде-кем. Классикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы — Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындарының бірі Навои еді. Навои шығармаларымен халқымыз ертеден-ақ таныс болған. Ел арасынан шыққан өнер иелері оның дастандарының сюжетін негізге алып, шығармалар жазып таратқан.

Халықтарымыздың арасындағы экономикалық, мәдени, әдеби байланыс ғасырлар бойы үзілмеген. Қазақтың ақыны мен өзбектің шайыры шығарған жақсы жыр, өнегелі өсиет екі халықтың да рухани байлығына айналған.

Бірақ Социалистік Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақ пен өзбек халықтарының творчестволық күшін толық жарыққа шығаруына мүмкіндік болмады. Материалдық игілікті жасаушы еңбекші көпшілік үстем қауымның тепкісінде болды. Бір кезде іргелі де аумақты цивилизацияны тудырған елдердің бірі Орта Азия халықтары соңғы бірнеше ғасыр ішінде қараңғылық түнегінде күн кешті. Бұл жағдайды қазақтың XIX ғасырда өмір сүрген кемеңгер ғалымы Шоқан Уәлиханов қайғылы өкінішпен атап көрсетіп еді. «Маверennагрда, ертедегі шығыстың (XIV—XV ғасырлардағы) ең мәдениетті, ең бай елінде, қазір надандық, кедейшілік деген қай жердегіден болса да күштірек болып отыр. Самарханның, Ташкеннің, Ферғананың, Хиуаның тағы басқаларының кітапханаларын, Самарқандағы обсерваторияны татар вандализмнің және Бұхар инквизациясының рақымсыз қолдары мүлдем жойды, дін білімінен басқа білім атаулының бәріне де лағнат айтты». Шоқан Орта Азия халықтарының шын мәнінде азат, мәдениеті жоғары елдермен терезесі теңелуін аңсап еді.

Қазақта «шешеннің сөзі ортақ, шебердің қолы ортақ» деген мақал бар. Өз халқын бостандыққа, бақытты өмірге шақырған, сол жолда бар өмірін сарп еткен ардагер ұлдар бір елдің ғана азаматы болып қалмай, басқа туысқан халықтар-

дың да перзентіне айналады. Осы тұрғыдан алғандаа, Фирдоуси, Навои, Низами, Абай, Ыбрай, Шоқан, Ахундов, Фұрхат, Мукими, Мақтымқұлы, Тоқтағұл, Тоғолок, Тоқай — біздің елдерімізге түгел қымбат, олардың асыл шығармалары қадірлі қазына болып табылады.

II

Бүкіл еліміздің халықтары секілді қазақ пен өзбектің де тұрмысы мен мәдениеті Совет өкіметі жылдарында көркейіп өсті. Революциядан бұрын сауатсыздық жайлаған, экономикасы мешеу елдеріміз индустриялы озық республикаларға айналды.

Қазақстан биыл күзде өз республикасының орнағанына 40 жыл толуын тойлағалы отыр. Осындай күнде кешегі өткенімізге көз жіберсек, қаншалық ілгері кеткеніміз анық көрінеді. Қазіргі Қазақстан шаруашылық дәрежесі жағынан алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің көбін басып озды.

Революциядан бұрын бізде бір де-бір театр, не жоғары оқу орны болмаған еді. Ендігі жағдай мүлде басқаша. Бұл күнде отызға тарта жоғары оқу орны бар, онда сан мыңдаған студенттер оқиды. Театрларымыздың табыстары да айтуға тұрарлық. Солардың ішінде ұлттық мақтанышымыз — Қазақтың Абай атындағы Ленин орденді опера және балет театры мен Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Академиялық драма театрының зор игілікті жұмыстарын алдымен атаймыз. Бұл екі театрда қазақтың көптеген талантты өнерпаздары қызмет істейді. Олардың бірсыпырасы республикамызда ғана емес, бүкіл одақтық көлемде де әйгілі. Астаналық және облыстық, колхоз-совхоз театрларында ұлттық драматургия туындылары қойылады. Сонымен қатар театрларымыздың репертуарында бүкіл советтік драматургияның, әлемдік классикалық әдебиеттің де таңдаулылары бар. Осы ретте қазақ театрларында біздің өзбек досымыз Абдолла Қahhардың «Ауру тістер», «Жаңа жерде» сияқты шығармалары қойылып жүргенін айту керек.

Қазақ совет әдебиетінің де жетістіктері аз емес. Біздің әдебиетіміздің таңдаулы шығармалары Бүкілодақтық оқушыға танылып отыр. Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың, Ғабиден Мұстафиннің, Ә. Тәжібаевтың, Ғ. Ормановтың, Т. Жароковтың, тағы басқаларының шығармалары бүкіл көп ұлтты совет жұртшылығынан жақсы баға алғандығын айта аламыз. Қазақ совет әдебиетінің бірсыпыра романдары шетел тілдеріне аударылып, жержүзілік даңққа ие болды.

Бүгінгі — әдебиетіміздің советтік дәуірде, озық орыс әдебиетіне арқа сүйей отырып жасаған бай дәстүрі бар. Қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушылар: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтардан бастап, бүгінгі соңғы буын жас жазушыларға дейін социалистік реализм туын жоғары ұстап келеді. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында да маман, қабылетті кадрлары бар. Әдебиетіміздің алтын қоры жыл сайын жаңа шығармалармен толығып келеді. Қазақ әдебиетінің жоғарғы професионалдық биікке жеткендігіне бүкіл совет әдебиетінің таңдаулы шығармаларының бірі болған «Абай жолы» эпопеясы жарқын мысал. Бұл эпопеяға өткен жылы еліміздегі ең мәртебелі әдеби жүлде — Лениндік сыйлық берілді.

Қазақ тіліне орыс әдебиетінің, жер жүзі классикасының жақсы үлгілері аударылып отыр. Сонымен бірге еліміздегі туысқан халықтар әдебиетінің де шығармалары оқушыларымызға таныс. Қазақстанның кітапханаларынан көптеген қазақ ақын-жазушыларының кітаптарымен қатар, жержүзілік әдебиеттің де шығармаларын табуға болады. Бальзак пен Толстой, Шекспир мен Мольер, Низами мен Навои, Шиллер мен Гюго, Байрон мен Гейне, Пушкин мен Тоқай, Мақтымқұлы мен Тоқтағұл сияқты әдебиет алыптары қазақша сөйледі.

Өзбек әдебиетінен аударылған кітаптар қарамының өзі едәуір. Әлішер Навои шығармаларының бір томдығынан басқа қазақ тіліне аударылған кітаптар саны ондап есептеледі. Айбектің «Навои» романы республикамызда кең таралып кетті. Хамзаның, Ғафур Ғұламнің, Шараф Рашидовтың, Абдулла Қаһһардың, Асхат Мұхтардың, Миртемірдің, Зұльфияның шығармаларын оқушыларымыз ана тілінде оқиды. Ең соңғы кездің өзінде Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романы, А. Қаһһардың «Қыштақ» повесі, А. Мұхтардың «Апалы-сіңлілері», өзбек ақындарының өлеңдер жинағы, өзбек балалар әңгімелерінің бір томдығы басылып шықты.

III

Қазақ-өзбек әдеби байланыстарын санап айтумен қатар, әлі де іске аспаған маңызды міндеттерді еске алуымыз қажет.

Ең алдымен айтарымыз: осы кезге дейін қазақ-өзбек әдеби байланыстарының не бұрынғы, не қазіргі жай-күйі зерттелген емес. Түбегейлі терең монографиялар түгіл бұл тақы-

рыпта мақалалар да жазылмаған деуге болады. Байыптап қарасақ, қазақ пен өзбек әдебиетінің фольклорлық ежелгі жазба әдебиеттік, советтік нұсқаларында салыстырып қарарлық қызғылықты мәселелер толып жатыр. Ал осы проблеманы зерттеумен кім айналыспақ? Бұл жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институтының атына сын айтылуға лайық. Бауырлас халқымызбен ғасырлар бойғы мәдени қатынасымызды баяндайтын бір де-бір арнаулы еңбек тумапты. Біз білсек, мұндай еңбек өзбек тілінде де жоқ. Ендеше алдағы кезде Тіл мен әдебиет институттары арнайы қарастыратын күрделі тақырыптың бірі қазақ-өзбек әдебиеттерінің бұрынғы-соңғы байланыс тарихы болуға тиіс.

Қазақстан жеріндегі өзбектердің, Өзбекстан жеріндегі қазақтардың әдеби, музыкалық фольклоры да жиналып зерттелмеген. Мәселен, Өзбекстан жерін ежелден бері жайлап келе жатқан көп қазақтың көңіл бөлуге тұрарлық рухани дүниелігі жоқ деп ешкім де айта алмаса керек. Мәселе соған көңіл бөлуде, ғылми тұрғыдан талғап, татымдысын жұрт игілігіне жаратуда. Егер Өзбек ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты Өзбекстан қазақтарының музыкалық әдеби фольклорын, тілін, материалдық мәдениетін, азаматтық тарихын, өзбек пен қазақ әдебиетінің қатынасын зерттеумен шұғылданса игі жұмыс болар еді.

Қазақшадан өзбекшеге, өзбекшеден қазақшаға кітап аудару әлі күнге дейін жүйелі түрде жүргізілмей келеді. Бұл жұмыста науқаншылдық, сыпайы мезіреттілік басым. Аударма ісіне мәні терең мәселе деп қарауымыз керек. Кей-кейде аударманың сапасыз шығуы, түпнұсқаның рухын, көркемдік құдіретін толық бере алмауы көбіне асығыс, атүсті аударылудан, немесе оригиналға еркін түсінбеушіліктен. Екі тілді терең білетін аударушылар тәрбиелеу қажет. Ондай кадрларды қамқорлыққа бөлеп, халықтар арасын жақындастырушы насихатшылар деп бағалау шарт. Жүрдім-бардым, шалағай аударманға жол берілмеуге тиіс.

Кітапты аудару бар да, оны халыққа тарату, насихаттау бар. Баспадан шыққан кітаптарды қалың оқушыға неғұрлым тез әрі толық жеткізудің қамын да ойлау керек. Кей жерлерде керекті кітаптар табылмай жататыны да болады. Өзбекстанда қазақ кітаптарының қаншалықты қажет мөлшерде таралып жүргенін мен білмеймін. Бірақ көкейіме келген бір пікірді айтқым келеді. Ташкент қаласының орталық кітап дүкенінен ашылған қазақ бөлімнің жұмысы жандандырылса демекпін. Өйткені Өзбекстандағы қазақтың да дені Ташкент

маңайында ғой. Бұл қазақ кітабын таратудың ұтымды әдісі болар еді.

Әдеби насихаттың түрлі жолдары бар. Соның бір саласы театр арқылы жүрмек. Аударма пьесаларды сахнаға шығару да өте керекті жұмыс. Қазақ театрында өзбек пьесалары, өзбек сахнасында қазақ шығармалары қойылуы — халықтарымызды бір-біріне бауырластырудың тамаша тәсілі болмақ. Оның үстіне тағы да бір туысқандық тілек айтар едік. Өзбекстан қазақтарына қазақ драматургиясының туындыларын өз тілінде қоятын арнаулы не республикалық, не облыстық бір қазақ театры қажет-ақ.

Әдебиет пен искусство шығармаларын халыққа таныстыруда телевидение, радионың атқаратын қызметі үлкен. Қазақ радиосы республика жазушыларының шығармаларымен қатар туысқан әдебиеттерімен де таныстырып тұрады. Бізде ұйғыр, чечен тілдерінде арнаулы программа бойынша әдеби-музыкалық таныстырулар ұйымдастырылады. Ал, Оңтүстік Қазақстанның облыстық радиосы өзбек тілінде хабарлар береді. Мұның бәрі де халықтар достығына, әдеби-мәдени ынтымаққа қажет шаралар. Өзбек радиосы да қазақ тілінде хабар беруді қолға алса, қазақ әдебиеті мен искусствосының озық үлгілерін Өзбекстанның үш жүз отыз мың қазағына ұдайы таныстырып тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Біздің өзбек достарымызға салар қолқамыздың бірі осы.

Қазақ әдебиетінің Өзбекстанда өткізілгелі отырған апталығы келешегі күрделі жұмыстың жақсы бастамасы. Бұл — Коммунистік партияның сара басшылығымен көсегесі көгерген, мәртебесі жоғары халықтарымыздың өскелең мәдениетінің мерекесі. Әдеби апталықтар — бір-біріміздегі, асыл мен ахықты, қымбат пен қадірліні достық сынға салудың, шын мәнінде өнер туыстығының белгісі болмақ.

Әдеби апталықты біріншілер қатарында бастап, қазақ жазушыларын бұрын шақырған Өзбекстан жазушыларына қуанышты құшағымызды аша келетінімізді білдіріп, ұзамай өзбек бауырларымыздың бізге келуге әзірленулерін күтеміз.

Сентябрь, 1960 ж.

ҰЛЫ СЕНІМ, ЖОҒАРЫ ТАЛАП

«Біздің дүниемізде жас болу қиын, үміттену, сену одан да қиын»,— деп жазды жақында Дж. Олдридж «Известия» газетінде. Олдридж — әлеуметтік үлкен ойдың жазушысы. Дүниелік әдебиет қозғалысында өз орны бар, ешбір әдеби бағытты таразыға тартпай қабылдай алмайтын адам. Елінің бүгінгісі мен болашағы үшін қатты қынжылатын жазушының «Жас болу да қиын, үміттену, сену одан да қиын» дегені — үлкен шындық. Бұл — мұң үні, қайғы лебі.

Сол «Известия» газетінде басылған «Батыс мәдениеті туралы ойлар» деген мақаласында Олдридж тағы да былай деді: «Біздің мәдениет дағдарыстарға ұшырағанда, ылғи төмендей берген дәрежеде ұшырайды, рухани жақтан алып қарағанда, біздің мәдениетіміздің іруге бет алғанын батыл түрде-ақ айтуға болады».

Капитализм дүниесінің мәдениеті қалай құлап бара жатқанын бұдан асырып айту қандай қиын болса, Олдриджден сенімді куә табу одан да қиын.

Дегенмен Олдриджға бір-екі мысал қосу артық та болмас. Париж суретшісі Ив. Клейн абстракциялық бағыттың жұртты таңдандырар жолын мына түрде тапқан: натурщица әйелді тыр жалаңаш шешіндіріп, алдыңғы жағын кеудесінен тізесіне дейін бояған да, сурет салатын кенептің үстіне екбетінен жатқызып, әйелді екі аяғынан ұстап алып сүйретіп өткен. Әрине, денедегі бояу баттасып кенепке жұққан. Жасаған «сурет» сол ғана! Лос-Анжелестың суретшісі Уильям Моррис сурет жасауда қол өнерінің дәуірі бітті деп, суретті екі аяғымен жасайтын болған. Екі қолы мен құйрығын жерге тіреп алып, алдына керілген кенепке аяғымен тепкілеп салған суреттің қандай қой-батпақ болып шыққанын көз алдыңа әкелу қиын емес.

Міне, капитал дүниесінде рухани мәдениеттің бар сапасының ендігі бет алысы осыған рең дес: кино, әдебиет, сурет, музыка тағы басқаларындағы сюрреализм, абстракционизм,

«үмітсіздер буыны» деп, әдейі «жұрт таңданатын» етіп аталған бағыттан батыс мәдениетінің Олдридж айтқан іріп-шіруіне әкелді. Сондықтан да «Правда» газеті үстіміздегі август айының 27 күні шыққан санында: «тарих кесімі айтылған ескі дүние мәдениет тағдырын шешу құрметінен алдақашан айрылды. Бұдан былай мәдениеттің болашағы коммунизммен тығыз байланысты» деп жазды.

Ал, бізде ше? Бізде ұлы сенім көрсетіліп, жоғары талап қойылады.

Ең ұлы сенім, әрине коммунизмнің дүниежүзілік көлемде жеңуіне сену. Капитализм дүниесі айбынданып тұрған кездің өзінде-ақ біз жеңеміз десек, бұл егес-ерегестің қызу сөзі емес, айнымас та, бұлжымас Маркс — Ленин ғылымының байламы. Енді барлық адам баласының тағдыры, мәдениетті социалистік өркендеу жолына қашан, қалай түсетініне байланысты. Бүгін бүкіл сол ұлы сенімнің айғағы болып отыр. Ескі дүние кегінің от-жалыны күнде бір белгі беріп отырса да, аранымен, атомымен күнде айбар шексе де, біздің сенім қалт еткен емес, нығая түседі.

Адамгершілік — әділет асқарлары, еңбек ерлері, ой-сана, идея биіктері біздің елде. Жеке өмірден ескі қалдықтардың іздері түгел арылып болмаса да, бұдан қырық төрт-ақ жыл бұрын артта қалған елдердің бірі бүгін адам баласының тарихын бастап, еркіндік, достық дүниесіне әкеле жатыр. Біздің партия совет адамының осы сара жолда сыр бермесіне сенеді. Партиямыздың жаңа Программасы жобасында мәдениет мәселелерінің қай дәрежеде көтеріңкі қойылғандығына біз көп ұлттық совет елдерінің, совет адамының осы биігінен қарауымыз керек: бәрі адам үшін, бәрі де адамның ұлылығына сенуден туған ойлар.

«Дүниелік мәдениеттің қандай жақсы қасиеті болса, түгел бойына жинап, соны өркендете беретін коммунизм мәдениеті — адам баласының мәдени өркендеу жолындағы жаңа да жоғары сатысы»— делінген Программа жобасында. Мәдениет қайраткерлерінің жете зер салар үлкен түйіні де осы. «Адам баласы мәдениетінің жоғары сатысы!» деген сөздер жазушыға, өнер қайраткерлеріне қандай жауапкершілік артатынын тереңдей ойлануға тиістіміз. Өзіңді бүкіл дүниелік мәдениет көшінің алдында сезіну үшін, сезіну ғана емес, сол көштің алдында болу үшін, партиямыздың жаңа Программасында қойылған талаптарға толық жауап беріп отыруға міндеттіміз. Ол — капиталистік елдердің әдебиетінен, өнерінен идеялық жағынан да, шеберлік жағынан да үнемі озық отыру міндеті.

КПСС Орталық Комитетінің совет жазушыларының III съезіне жолдаған құттықтауында: «Коммунизм әдебиеті тек қана — идеялық мазмұнның байлығы жағынан емес, көркемдік сипаты жағынан да ұлы әдебиет болуға тиісті. Үлкен идеялар жоғары дәрежедегі шеберлікті талап етеді» делінген. Партиямыздың осы талабы суретшілер, композиторлар, кино, театр қайраткерлерінің алдарына да қойылумен келеді. Бұл — бәріміздің алдымызға қойылған ұлы талап.

Алдымызда адам баласына түгел ортақ, тапсыз қоғамның ұлы мәдениетін жасау, бұл уақытқа дейін жасағанымызды өркендете-өсіре беру міндеттері тұр. Жаңа дүние жасап жатқан совет адамының ойлау-сезіну сияқты ішкі дүниесін, рухани байлығын, ерлігі мен адамдығын, адамгершілік жақтарынан озаттығын, кітап оқушы, сахнадан, экраннан көруші қызыққандай, үлгі еткендей биікке көтеру бізден үлкен шеберлікті талап етеді. Коммунистік қоғам адамды бір қалыптан шыққандай бір жақты емес, жан-жақты етіп, озат азамат етіп тәрбиелемек. Адам үшін одақтық стандарт та жоқ, коммунистік стандарт та болмақ емес. Идея мен көркемдік гармониясының қиындығы да осында. Ойланарымыз да осы.

Сөз жоқ, көп ұлтты совет әдебиеті де, көркем өнері де балаң дәуірін аяқтап, енді есейген дәуірінде. Бұл — ең алдымен бұрын кенжелеп қалған елдерімізге, оның ішінде қазақ халқының мәдениетіне арналып айтылып отырған сөздер. Соңғы үш-төрт жылдың ішінде қазақтың ақын-жазушылары ондаған поэма, роман, пьесалар берді. Бір жақсылық жағы — бұл шығармалардың басым көпшілігі өз заманымыздың ерлеріне, озық адамдарына арналған. Партиямыздың қамқорлығын түсіне білген қазақ жазушылары адал оймен, шын ынтасымен сол ұлы қамқорлыққа жауап беру үстінде. Бұған күдік болмауға тиісті. Бірақ сол жазылғандардың бәрі тұтасынан коммунизмнің алтын қорына қосылады десек, өзімізді өзіміз алдаусыратқандық болар еді. Поэмадан гөрі ұйқастыра берген хабарға бейімірек, таланттан туар көркем шығармадан гөрі көркем шығарманың белгілі заңдарының шеңберіне еріксіз сыналап қойған өнсіз-сүреңсіз кітаптар әлі көбірек. «Айқын-ақ шындықтар ойыңа оңай ұялай бермейді»,— дейді кемеңгер Горький. Сол айтқандай, идея мен көркемдіктің тұтастығы көптен бері-ақ ұғынған нәрсеміз сияқты еді, бірақ іс жүзінде осы екеуінің басын қосу қолдан келе бермей жүр.

Біздің театрымыз, киностудиямыз, облыстық және халық театрымыз кейде қатты қынжылатын жағдайда. Бәрі де жазушылардан ұтымды шығармалар күтеді. Мұны заңсыз деп

кім айтар! Шынына келсек, соңғы жылдарда драмалық шығармаларымыз жеңіл тақырыптардың маңында жүр. Соңғы кезде, неден басталып, қалай етек алып кеткені белгісіз, «көпшілік қолды» деген сияқты шығармалар көбейіп кетті. Әрине, шын драматургияны шын таланттар жасайды. Бірақ әрбір талаптанушының алдына заманымызға лайық, адамына лайық биік өре, көп еңбек арқылы қолы жететін мамандық емес, шеберлік талаптарын қаталырақ қою керек сияқты. Бұл — бір.

Екінші, біз әлі күнге драматургияның ескі заңдарының ықпалында болып, соның шеңберінен шыға алмай келеміз. Шолоховтың «Адам тағдыры», Чухрайдың «Солдат туралы балладасы», жапон кинорежиссері Кането Синдонның «Жалаңаш аралы» нені көрсетеді? Драматургияның ескірген заңдары шеңберінде қалмау керектігін көрсетеді. Өз заманында Пушкин, одан бері Горький мен Маяковский де осының айқын айғағы емес пе? Одан әрі Шекспир ше?

Кейде ұяла білер де уақыт жетті-ау деген ойдан құтыла алмайсың. Біздің киностудиямызда жиырма екі автормен жасасқан шарт бар екен. Соның басым көпшілігін сценарий бөлімінің бұрынғы бастығы Қ. Сиранов жолдас «пісіп қалған екен», «жақсы екен», «шүбәленуге орын жоқ» деген сияқты, көрмей-білмей мақтаумен өткізген. Сол шарт бойынша түспек жиырма екі сценарий түгелге жақын пісе алмай, студияға түсе алмай отыр. Баспа орындарымен, театрмен, киномен шарт жасасқан авторларымыздың көпшілігі ұялар нездің келерін не ойламаған, не оған мән бермеген! Жазушының қаламынан туған еңбегі қандай таза, қандай игілікті ойларға құрылса, оның өз өмірі де сондай таза болуы керек. Жазушылардың ойланарына да, ұяларына да қатты сенеміз. Тек оның нәтижесі сахна толарлық, экраннан қызыға қарарлық шығармалар болуын тілейміз.

Әдебиетіміздің де, кең мағынасындағы көркем өнеріміздің де алдағы талаптарға сай терең мазмұн тауып, шеберліктің жоғары сатыларына көтерілуі үшін біз сын, өзара сынды ширағырақ қолға алуымыз керек. Айыптының бірі өзіміз, сын бізде партия талап еткен дәрежеден көп төмен жатыр. Қазақстан жазушыларының IV съезі «Сынды бірінші жолдастық сөзге айналдырайық!» деген ұранды көтерсе де, іс жүзінде кейде жолдастықты көңілдестік басып кетеді. Кейде шығарманы өткізуге келгенде, көңілдестер көптесіп-көтермелеп жіберу әдеті әлі қалған жоқ.

Алдымыз — адам баласына түгел ортақ коммунизм мәдениеті, абзал мәдениет, жер жүзіне мектеп үлгісін беріп оты-

ратын мәдениет. Біз сол мәдениеттің қайраткерлері ғана емес, жауапкеріміз де. Үлгі айту үшін, өнегелер беру үшін, идеология майданының қайраткерлері ұлы жауапкердің биігіне көтерілуге тиісті. Белгілі жазушылар мен өнер қайраткерлері әр кезде, өз заманының асқар биігінде тұрмақ. Ол үшін «менікі» мен «біздікінің» қайсысы алда, қайсысы соңда тұруға лайықтылығын ешуақытта ұмытпауымыз керек. «Менікі» дейтініміз елдікі дегенге бағынатын болсын. «Сенікі» мен «менікінің» ең қымбат бағаланар кезі елдікі болуға жарағанда ғана.

Партияның жаңа Программасының жобасына берер жауап — өнімді еңбегіміз болмақ. Осы жөнінде жазушылар, композиторлар, суретшілер, кино, театр қайраткерлері болып бірігіп ойласатын, бірлесіп көтеретін бір мәселеміз бар. Ол — ортақ істерімізді одақтаса отырып орындау жайы. Біз әр қайсымыз өз алдымызға бөлек ұйым болғанмен, көп жағдайларда бірімізге біріміз қатты байланыстымыз. Либретто, пьеса, сценарий — жазушылар еңбегінің жемісі болса, ол еңбектің сахнаға шығуы, халқына жетуі композиторға, театрға, режиссерге, актерге байланысты екені мәлім ғой. Қазақстан сияқты тасып-төгіліп жатқан кадрлары аздығы мәлім елде әр қайсымыз әр қырқаның төбесіне ие болып отыра берудің жөні жоқ. Бізге істелер істің үстінде қолдаса отыру керек.

Алдымыз — адам баласына түгел ортақ ұлы мәдениет, коммунизм қоғамының мәдениеті. Алдымыз — идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік жағынан да дүние жүзіне мектеп болатын ұлы әдебиет, ұлы көркемөнер. Алдымыз — ұлы талаптарға, ұлы сенімге көңіл толтыра жауап беретін совет адамдары. Алдымыз — барлық адам баласының тамаша болашағы. Бүкіл дүние алдында жатқанда тақырып таппаған, бүкіл дүниелік мектептің ұстаздарының бірі атана тұрып, терең идеяға «құлақтан кіріп бойды алар» көркемдік беруді өзіне-өзі ең ардақты талап етіп қоя алмаған, талап етсе де, орындай алмаған бірде-бір жазушы болмасқа тиісті.

Коммунизм мәдениетінің қайраткерлері! Келіңіздер, алдағы міндеттерге тізе қосып, қол ұстасып, атағымызға лайық жарқын жүз, берік сеніммен аттанайық!

1961, *31 август.*

ӘДЕБИЕТ ПЕН КӨРКЕМӨНЕР ЖАҢА ЗАМАНҒА САЙ БОЛСЫН[1]

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXII съезінде қабылданған ұлы Программаны оқыған үстіне оқи түсесің де, Космос биігінен қарағндай, күллі дүниені тұтас шолып, түгел, айқын, анық көргендей боласың.

Совет елінің Ұлы Октябрьден бастап, XXII ұлы съезге дейін өткен жолын шоласың, тіпті одан соң ғасыр ілгері өрлеп, жер жүзінде коммунизмнің түбегейлі жеңіп шығар күндерін де көз алдыңа елестетесің.

Партия Программасы мен XXII съезд қарарларына өзек болған творчестволық марксизм-ленинизмнің сан саланы қамтитын осынау соны қағидалары адамзаттың коммунизмге баратын барлық жолдарына жарық сәуле шашып, нұрландырып тұратын болады. Адамның бақыт аңсаған ең асқақ армандары шынайы шындыққа айналатын ең жоғары адамзат қоғамын көз алдына елестету үшін аса бір ақындық топшылаудың қажеті бола қоймас.

Абсолюттік монархиядан бастап социализмнің толық жеңісіне дейін — адам баласы тарихының бүкіл қаһармандық жолын біздің еліміз таңғажайып жылдамдықпен көктей өтті. Совет Одағының халықтары егіз тумадай қол ұстаса, михнаты мол, бірақ игілігі зор сынақ жолын өткерді. «Тас-талқан», «Тынық Дон», «Ленин», «Азапқа сапар», «Чапаев», «Бронепоезд», «Балтика депутаты», «Көтерілген тың», «Жас гвардия», «Василий Теркин», «Бір қиырдан бір қиыр»,— әдебиет пен өнер совет халықтарының социализм жолындағы бүкіл дүниежүзілік тарихи күресінің әр белесіне ғасырлар бойы өшпейтін осындай аса көрнекті ескерткіштер қалдырды.

---

[1] Қазақстанның творчестволық одақтарының біріккен пленумында жасаған баяндамадан.

Бұл мерзім ұлттық жас әдебиет пен көркемөнер үшін олардың құралу, қалыптасу шағының аяқталған дәуірі, бүкіл Одаққа әйгілі аса ірі қалам қайраткерлері мен сахна шеберлерін шығарған дәуірі болды.

Қазір күллі әлем, әсіресе империализм бұғауынан құтылуды аңсаған, михнат шегіп зарыққан халықтар мен таптар КПСС XXII съезінің қарарларына, Коммунистік қоғам орнатудың программасына үміттене қарайды. Ол түсінікті де. Аждаһадай аранын ашып, қанға жеріген отаршылдық жүйесінің, зұлымдық пен соғыстың құжынаған ордасы империализмге біздің жаңа Программамыздай өлтіре соққы берген бұрын-соңды ешбір күш болған жоқ. Еңбекші адамзаттың ұлы көсемі В. И. Ленинның кемеңгер қағидалары мен өсиеттерін тура бағдар ете отырып, коммунизм Программасы, бірінші ден, жер шарының барлық бес құрылығындағы революция шыл, ұлт-азаттық қозғалыстардың сара жолдарын мейлінше айқын, мейлінше кең және мейлінше терең қамтып нұрландырса, екіншіден, капитализмнің бұлт басқан зәулім сарайларының темір-бетон негіздерін бұдан бұрын болып көрмеген зор тегеурінмен талқандап күйрете түседі. К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік манифесі» бұдан бір ғасыр бұрын капитализмге тарих үкімін әйгілесе, біздің заманымыздың Коммунистік манифесі дүниеге сол капитализмнің сөзсіз құритынын паш етеді.

Күллі ұлан-байтақ социалистік дүние Совет Одағының табыстарына қуана да шаттана қол соғып, біздің, совет адамдарының еселеген жігермен Коммунизмнің материалдық және рухани молшылығын жасап жатқанымызды қызыға қадағалайды. Өйткені Коммунистік еңбек әдісіне көшу жолындағы алға басқан біздің әр адымымыз — бүкіл социализм лагері үшін үлгі мектебі.

Қай уақыт, қай заманның болсын ұлы жазушылары біздің дарынының сан қырлы сындарлылығымен ғана емес, оның үстіне адам айтқысыз еңбекқұмарлығымен, өзіне-өзі қатал сыншы бола алғандығымен, адамның жан-жүрегін селт еткізбейтін самарқау дүниелікке бой ұсынбағандығымен баурап әкететінін тағы бір еске алайықшы.

Социализм орнату дәуірі адамды ескіліктің толып жатқан жаман әдет, сарқыншақтарынан, соның ішінде, қоғам алдында жауапсыздықтан, мәдениетсіздіктен, бойкүйездіктен, опасыздықтан, менмендіктен аршып алғаны мәлім. Әйтсе де адамның коммунистік қоғам құрылысшылары мен оның тұрғындарының санасындағы осынау қоқыс іздерін біржолата, мәңгі-бақи жою үшін әлі де көп жұмыс жасауымыз керек.

Біз, әдебиет пен өнер қайраткерлері, совет адамының, қоғам өмірінде де, жеке тіршілігінде де коммунист қалпында қалатын адамның образын жасауға талаптанғалы ондаған жылдар өтіпті. Даусыз табыстарымыз да, кейістікті кемшіліктеріміз де аз емес. Менің ойымша, көптен-көп кейістікке соғатын жәйт — жазушының сол бағытта сәтсіздікке ұшырауы да, одан әрі ізденбей, кенет жалт бұрылып, жауыр болған образдар соңынан тепектей жөнелуі.

Адам да кітап тәрізді. Ол да кітап сияқты ала-құла редакциялануы мүмкін; оны редакциялайтын — қоғам, партия, әдебиет пен өнер, моральдық кодекс. Ал, кітаптың жақсы редакциядан кейін қалай түзеліп шығатынын жақсы білеміз.

Партияның алдында, бүкіл адам баласының алдында өзімізге жүктелген міндетті аброймен орындап шығу жауапкершілігінің ұлылығы мынада: біріншіден, әдебиет пен өнер қайраткерлері — біздер жаңа адамның бейнесін жасап қана қоймай, сондай адамды мәпелеп өсіріп шығаруымыз, оның дүниеге көзқарасын дұрыс қалыптастыруымыз коммунистік ізгілік қасиетін, табанды патриотизмі мен интернационализмін, еңбекқұмарлығын жан-жақты дамытып, оның дүние жүзіндегі тұңғыш коммунистік елдің азаматы болуға ылайық әдет-мінезін кіршіксіз таза, биік сатыға көтеруіміз керек.

Екіншіден, біз адамдарды «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген ең ұлы принцип бойынша коммунистік қоғамда өмір сүруге нақты, қолма-қол дайындайтын екінші кезеңге аяқ бастық. Бұл ұлы қағиданың «әркімге — керегіне қарай» деген бөлегін кейбіреулер онша ақылға салып салмақтап жатпай, атүсті түсіне салуы мүмкін. Ал осыны жеңіл-желпі, үстірт түсіну жайларын ашып қарасаң, ескілікпен айырылысар шақтағы кей жанның небір күлкілі немесе күйініштi қош-қошын көресің. Мұның өзі біздің драматургіміз үшін Шекспир, Гоголь шығармаларының материалдарындай болар еді.

Біздің басты мақсатымыз, әрине, жұртқа адамдардың еңбекке деген құмарлығын, еңбек өнімділігін арттыру, олардың коммунистік қоғамдағы еңбек ету қабілеті бұл кездегіден әлдеқайда жоғары болатынын түсіндіру болып табылады. Осынау негізгі де түйінді мәселені, әрине, бәріміз қауымдаса қолға алуға тиіспіз. Әдебиет пен өнер қайраткерлерінің еңбек өнімділігінің жоғары-төмендігі жазған шығармаларының санымен емес, сапасымен өлшенеді, яғни біздің жұмысымызда ең бастысы — жоғары идеялы көркем туынды жасау деген пікірді арнайы баса айтқым келеді.

Үшіншіден, Программада елімізде коммунизм орнату мерзімі айдан анық жиырма жыл деп, тайға таңба басқандай көрсетілді.

Еліміздің барлық творчестволық одақтарының алдына ұйымдастыру және творчестволық жұмыстарды түбірімен қайта өзгертіп, қайта құру мәселесі қабырғасынан қойылып отыр. Оның мәнісі — творчество кадрлары өмірге, қазіргі заманымыздың түйінді, түбегейлі мәселелеріне тонның ішкі бауындай жақын болуға тиіс.

Бүгінгі мен болашақтың, болашақ пен бүгінгі күннің кіндігі бір, осыны жан-тәнімізбен сезіне отырып, біз ұйымдастырғыш дарын қабілетіміздің бәрін жазушы, композитор, суреткер қауымның, сахна мен экран шеберлерінің жұмысын бір салаға салып, бір адамдай жұмылдыра білуге жұмсауымыз шарт. Бүгінгіні болашақтан бөліп қарауға болмайды. Мейлінше ұйымшыл, мейлінше жинақы болатын кез, коммунизмнің ұлы әдебиеті мен өнерін жасау үшін коммунистік асқан бірлік, нағыз творчестволық белсенділік көрсететін уақыт осы.

Әдебиет пен өнер қайраткерлерінің алдағы кезең міндеттеріне басқаша қарауын ұлы майданның алғы шебінен кері шегіну, кашқындық деп есептеу керек.

Бұл пленум Қазақстан творчестволық одақтарының біріккен пленумы болғандықтан, жалпыға ортақ, бәрімізге қатысы бар кейбір түйінді мәселелерді, жалпы көрген-білген жайттар, ойларымызды ортаға салуға рұқсат етіңіздер. Ол жайттар жайында әңгімелесіп қана қоймай, көпұлтты ірі республика — Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің идеялық-көркемдік дәрежесін күрт жоғары көтеруге бағытталған нақты шаралар белгілеуге тиіс екенімізді де еске алып тұрмын.

Біріншіден, бір кезде мешеу, меңіреу Қазақстанның осыншама зор мәдени жетістіктерге ие болуы — лениндік ұлт саясатының өмір орнықтырушы нұры астында қол жеткен аса ұлы жеңісі екенін ұмытпауымыз керек. Бұл жеңістеріміздің ұлылығы сонша, тіпті онымен салыстыру үшін бұрынғы дәуірден ешбір аралық өлшем таба алмайсың.

Егер біз бүгін мәдениет майданындағы орын алған ірілі-уақты кемшіліктерімізді мейлінше батыл сынай алатын болсақ, онда біздің мәдениетіміздің, халық бұқарасының мәдени талап-талғамының өскендігі дей бер, өйткені біз сол халықтың игілігі үшін қызмет етеміз. Екіншіден, істегі олқылығымызды түзеуге батылымыз бармай, табанымыз

тайғанақтай берсе, онда бұл мәселені сөз етпеген де болар едік.

Қаншама ойлы, қаншама әсем болғанымен, бізге сөз керек емес, іс керек, жеке бас пайдасына емес, қоғам игілігіне адал да өнімді еңбек ету қажет. Егер қиырдағы мұрат-тілегіміз жайлы сөз сөйлеп қана қоймай, сонымен қатар сол мұратқа жетуге коллективтің барлық күшін жұмылдыра білсек, онда республика әдебиеті мен өнерінің осы пленумы шын мәнісінде тарихи пленум болар еді. Меніңше, алдымен олқылық, кемшіліктердің түп-тамырын тауып алу, содан кейін оны түзеу жөнінде қатал талап қою керек.

Артта қалуымыздың негізгі себептері, менің ойымша, мыналар:

Біріншіден, бүкіл одақ жұртшылығына өзінің есейіп, ержеткенін талай рет көрсеткен әдебиетіміз бен өнеріміздің даусыз табыстары басымызды айналдырып, тоқмейілділікке, адамды дел-сал ететін, ең жаманы, керенау-кердеңдікке ұрындырып, еңбек тәртібін бұзуға, ынта-жігерді жасытатын бойкүйездік сырқатына соқтырған сияқты. Ал, әдебиет пен өнерді жетілдіре берудің басты шарты — еңбек тәртібі. Ұлы қалам қайраткерлері Гоголь, Флобер, Толстой бұл жөнінде талай-талай бағалы пікірлер айтқан болатын.

Екіншіден, коллективті былай ысырып тастайтын дөкір ченмендік бар. Біздегі феодалдық сарқыншақ жазушылар мен өнер қызметкерінің жұмысын түп мақсатты көздейтін ортақ бір арнаға салуға өте-мөте кеселдік етеді. Монтекки мен Капулетти үйлері сияқты күншілдік пен басараздық туындап, қалмай келеді. Ортаншы және кенже буынның кейбір сүлері де бұл аурудан сау емес.

Ал боямашылық дегеніміз не? Шындықты шын бейнелеудің, өміріміздегі азды-көпті кемшіліктерді жоюға жалпы жұртты жұмылдырудың орнына, боямашылар оны майлап-сылап, көзге түсірмеуге тырысты.

Осыған орай А. Т. Твардовскийдің КПСС XXII съезі мінбесінен айтылған, өздеріңізге таныс сөздерін естеріңізге салғым келеді.

«Егер жаңылмасам,— деді ол,— солдат өзінің ұрыстағы ерлігін ғана емес, жорықта бастан кешкен қиын-қыстау күндері мен шеккен азабын да мақтаныш етеді деген сөз Суворовтікі болар.

Біз жазғанымызда, халықтың еңбектегі ерлігін лепірте баяндаймыз да, оның ұлы жорықта шеккен азабы мен михнаты жөнінде ләммим деп ауыз ашпаймыз. Біз тар жол, тайғақ кешуден өтіп ешнәрседен тайынбай, көздеген зор мақса-

тына қайсарлана ұмтылған адамның такаббар сезіміне нұқсан келтіреміз».

Одан әрі, адамның такаббар сезімін, қажырлылығын, шыдамдылығы мен ізгі адалдығын нығайта түсуде ақынға тиетін үлесті айта келіп, Твардовский өз ойын былай деп тұжырады: «Бұған ешқандай боямасыз, қайшылықтарды жория майлап-суламай-ақ, адамдарымыздың еңбегі мен ерлігін мейлінше шыншылдықпен бейнелеп, өмірді өз қалпында суреттеу арқылы ғана жетуге болады».

Міне, А. Твардовский күллі совет жазушылары мен өнер қайраткерлерінің көптен бергі көкейтесті ортақ ойларын аз сөзбен тұжырымды, дәмді айтып берген. Ол сөздерді ойластырып көрген жөн.

Үшіншіден, бірталай жазушылар мен өнер қайраткерлерінің шығарма идеясы мен оны көркем бейнелеуі арасында барған сайын меңдеп бара жатқан қайшылықтар бар. Ол ол ма, идеясының өзі арқылы шала адамдардың шама-шарқына ғана арналған шығармалар да аз емес. Ал мұның өзі бағанағыдан да зор, тіпті кешірілмейтін күнә.

Алайда ең басты кемшілік — кітаптардың, пьесалар мен спектакльдердің, фильмдер мен концерттердің көркемдік дәрежесінің өрескел төмендеп кеткендігі. Егер осы қалпымызбен барсақ, бізді коммунизмге қабылдамақ түгіл, есігінен де қаратпас еді. Алдағы уақытта біз бар күшімізді салып, ең жексұрын кеселді, әдебиет пен өнер үшін ең қатерлі дертті — шығарманың идеялық-көркемдік жағын шыңдай түсуге деген самарқау бойкүйездікті құртуымыз керек. Мұның өзі творчестволық ұйымдар мен оның басшыларының, театр басшылары мен баспа орындары редакторларының тарапынан, біздің өзіміздің тарапымыздан талап-талғамның, қатал сынның өте-мөте әлсіреп кеткенінің салдары екенін тұпа-тура мойнымызға алуымыз керек.

Меніңше, таяудағы мерзімге арналған біздің ұранымыз біреу-ақ, ол — шығарманы идеялық-көркемдік жағынан жетілдіре беру ұраны.

Төртіншіден, өздеріңіз сияқты, мен де бір күйініштi жайды аңғарғандаймын, түсініктірек болу үшін, оны таразының ауытқуы деп атағым келеді. Істің мәні мынада: қазіргі кітап оқушылар мен театр, кино көрушілердің мәдениет дәрежесі адам айтқысыз жоғары өрлеп кетті де, оның есесіне, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің бірсыпырасы баяғы қалпында қалып қойды. Таразының ауытқуы деп осыны айтып отырмын. Егер оқушылар мен көрушілердің отызыншы жылдардағы дәрежесін әдебиет пен өнердің сол жылдардағы дәрежесімен

салыстырып қарасақ, әдебиет, өнер жағының басым болғаны айдан анық. Ал қазір істің жайы керісінше болып отыр.

Кейбір талантты деген творчестволық коллективтердің өздері бүгінгі күннің дәрежесіне, бүкілодақтық дәрежеге көтеріле алмай, түгелдей бәз-баяғы жаяу салпақ қалыпта жұмыс істеп жатқанын еске алсақ, халіміз одан да мүшкіл сияқты. Қазақтың академиялық театрлары деп аталатын опера мен драма театрларының бірсыпыра ескі, жаңа постановкаларын, қазақ киностудиясының фильмдер сериясын, тағысын тағыларды қарап көрсеңіз, қатты қынжыласыз. Сіз әуесқой талапкершіліктің талайын көресіз, бірақ биік өнерді, шын шеберлікті көре алмайсыз.

Театрларымыздың репертуарына классика құтаймайтын болды. Бір кезде Шекспир мен Гоголь, Лопе де Вега мен Чехов, Островский мен Горький шығармаларының постановкалары драма театрының актерлері үшін шеберліктің тамаша мектебі болды, оларды бүкілодақтық театр өнерінің даму жолынан үлгі ал деп, мезгеп, машықтандырып отырды. Москва мен Ленинград театрларының белгілі бір рольді тамаша орындайтын актерлерімен творчестволық жарысқа жетелеп, жігерлендіріп келді. Алайда, неге екенін кім білсін, не Қазақтың академиялық драма театры, не Мәдениет министрлігі театр репертуарын дүниежүзілік және орыс классикасының шығармаларымен толықтыруды әсте ойламайды. Ал, онсыз, дүниежүзілік мәдениет дәстүрлерін толық меңгеріп алмайынша, оны шебер пайдаланып, дамыта түспейінше, бүгінгі өмірімізді көркем бейнелеудегі батыл жаңашылдық туралы мәселені қабырғасынан қою мүмкін емес.

Біздің театр өнерінің бірқалыпты дамуына шын мәнісінде мамандығы жоғары, шебер режиссураның болмауы тұсау болып отыр. Істің осы жағын әбден ойластырып, шын мәнінде қам жемеген адам, сайып келгенде, өнеріміздің идеялық-көркемдік дәрежесінің құлдырауына себепкер болады. Театрлардың көркемдік жағын басқарушы немесе бас режиссер болып Қ. Байсеитов, Қ. Жандарбеков, тіпті Ш. Аймановтың өзі отырғанда, театрлардың өнер тәжрибесіне мардымды ешнәрсе қосқан жоқ, қайта, көп реттерде театр өнерін кері сүйреді. Классика солардың кезінде сахнадан ғайып болды, халық сүйген спектакльдер кезінде ырым-жырым болды. Жаңа тақырыптар солардың кезінде шырқау биікке көтеріле алмады.

Менің ойлауымша, осы заманғы театр жақсы түсінетін, бір спектакльден бір спектакльге үнемі өсіп, өрлеп келе жатқан, жаңалықты, неғұрлым өскелең шеберлікті іздену жо-

лында еңбекке деген ынтасы үміт күттірерліктей бір-ақ режиссер бар, ол — А. Мәмбетов. Бірақ оның тәжрибесі әлі аз, ана тілінің нәзік қылдарын жете білмейді, ең бастысы, біз үшін жалғыз жақсы режиссер тым аздық етеді.

Сөнсоң, біздің театрларымыз өздерінің жазушыларымен бұрын арада қыл өтпес татулық, байланысынан айрылып қалды. Бір кезде жазушылар мен театрлар арасында нағыз өнер достығы, шеберлер бауырмалдығы болар еді, мұның өзі екі жақтың да жұмысына жаңа арқау, нәр беріп, әлдендіре түсер еді. Өнер қайраткерлерінің тұңғыш рет тұсауын кескен жазушылар болатын. Театрлардың әдебиет бөлімін ұзақ жылдар бойына Ж. Шанин, Б. Майлин, М. Әуезов, Ш. Хұсайынов және басқа көптеген жазушылар басқарып келді. Ал енді, өнер өз бетінше дербес ұйымның ісіне айналысымен, жазушылар театр коллективтерінде де, жалпы мәдениет мекемелерінде де тұрақтамайтын болып қалды.

Былай қарағанда, осынау елеусіз жайттың өзінен, менің жеке басым, өзара байланысты екі нәрсені аңғарамын: біріншіден, адам баласының әрекет-қызметінің бір түрі — өнер ведомстволық сипатта болмасқа тиіс; екіншіден, біздер жазушылар, өнерді өгей ведомстволық ісі деп қарасақ, өрескел қателеге ұрынғанымыз.

Драматургиямыз бен кинодраматургиямыздың жайы туралы мәселеге айрықша тоқталғым келеді. Өйткені театр және кино өнерінің толысуы да, толастауы да осы мәселеге тікелей байланысты.

Партиямыздың XX съезінен бергі уақытта республика театрларының сахналарында қазақ жазушыларының қырық-қа тарта драмалық шығармалары қойылды, біздің сценарийіміз бойынша он бестен астам кинофильм жасалды. Бұл — сан жағынан аз емес, алайда сапа жағы едәуір ақсап жатыр. Өйткені, біріншіден, осы постановкалардың жарымы ғана бүгінгі күннің көкейтесті мәселелеріне арналған: екіншіден, олардың басым көпшілігі уақыт сынына төтеп бере алмай, орта жолда сахнадан түсіп қалды.

Халықтың мәдениет дәрежесі үздіксіз өскен сайын, қазіргі көруші жұртшылықтың сахна мен экранға деген талап-талғамы да әлдеқайда өсіп барады. Ал халықтың өскелең рухани талабын қанағаттандырарлық, заман бейнесін көрсететін құнды пьеса республикамызда әлі жоқ. Драматургиядағы қарт гвардиямыз пайдалы да мол жұмыс атқарып келеді. Олар: Ә. Әбішев, Ә. Тәжібаев, Ш. Хұсайынов. Солардың ізін қуа С. Адамбеков, Қ. Бекхожин, З. Шашкин, Қ. Шаңғытбаев, Қ. Мұхамеджанов, Т. Ахтанов сияқты дра-

матургтеріміздің жас тобы шықты. Солай бола тұра, сөзі мен ісі, ақылы мен мінезі миллиондарға үлгі болардай, соны характерлі, сүйікті геройымыз мынау деп бірде-бір кейіпкерді атай алмаймыз.

Қазақ драматургтерінің осы заман тақырыбына жазған шығармаларындағы геройлардың көбі ұсақ-түйектің айналасынан шыға алмайтын, ойлары да саяз, күреске деген жүрек жалыны да, өршеленген жігер-талабы да жоқ, бос белбеу, сылбыр жандар. Бізде құлашы кең, құлшынғанын алмай қоймайтын, тегеуірінді, екпінді, өжет кейіпкерлер жоқтың қасы. Пьесаларда нағыз өмірлік шындық аз, көбісі әдеби сөздің әулетінен әрі аса алмайды, айтарын кейіпкердің қимыл, әрекеті арқылы көрсетіп бере алмайды. Жасыратыны жоқ: көп жағдайларда театрларымыздың драматургтың пьесасын емес, ондағы қайсыбір идеяны немесе идеясымақты білдіретін нақты тақырыбын ғана алып, сонан соң оқиғалар мен қимыл-әрекеттер құрап, сол тақырыпты ақтап шығуға әлектеніп, қара терге түсіп жататындары осыдан.

Осының бәрінің себебі неде?— деген сұрақ туады.

Бұл сұраққа Л. Н. Толстойдың сөзімен жауап беруге болады. Осыдан 70 жыл бұрын В. А. Гольцевке жазған хатында Л. Н. Толстой көркем творчество жөнінде әліппедей айқын, бірақ ғажап терең ой айтты. Мен соны сіздердің естеріңізге салғым келеді, өйткені кімде-кім өзін халықтың рухани тәрбиешісімін деп есептесе, ұлы ұстазымыздың бұл сөзі бәрімізге де өнегелі өсиет болып өмір бойы жол мегземек.

Л. Н. Толстой былай деп жазған болатын: «Өнер туындысының жақсы немесе жаман болуы суреткердің не айтқанына, қалай айтқанына және қаншалықты шын жүректен айтқанына байланысты.

1. Не айтатынын білу үшін, суреткер күллі адам баласына тән қасиеттерді, сонымен бірге оған яғни адам баласына мәлім емес заттарды білуге тиіс. Оны білу үшін, суреткер өз дәуіріндегі білімнің биігінде болуға, ең бастысы, өмірден оқшауланбай, жалпы адамзат өмірімен біте қайнасып, араласып отыруға тиіс. Сондықтан дүмше адам да, өзімшіл адам да жұрт елерлік суреткер болып шыға алмақ емес.

2. Не айтқысы келгенін жақсы айтып шығу үшін, суреткер шеберлікті меңгеруге тиіс. Ал шеберлікті меңгеру үшін, суреткер өз жұмысын әрдайым жан дүниесінің әділ қазынасына жүгіндіріп, көп, ұзақ жұмыс жасауға тиіс.

3. Айтқысы келгенін шын жүректен айтып шығу үшін, суреткер айтар нәрсесін жан-тәнімен сүйетін болуы керек. Ал ол үшін, жаның ашымайтын, айтпасаң да болатын нәрсе-

ні айта бастамай, айтпасыңа болмайтын, жан-тәніңмен сүйетін нәрсеңді ғана айту керек».

Бәрінен бұрын, біздің драматургтеріміздің айтары әлі толып жатыр. Айналаңа көз салсаң, дүниені жаңартып, жаңғыртып жатқан, қайнаған коммунистік еңбекті көресің. Республикамызда адамзаттың ең асыл арманын жүзеге асыру жолындағы қаһармандық күрес адамдарының жаңа ұрпағы шыныға өсті.

Екіншіден, қазақ драматургтері өздерінің мемлекеттік және әлеуметтік құрылысын жан-тәнімен сүйеді, демек олардың айтар нәрсесіне деген махаббаты риясыз, өйткені совет жазушысының айтар нәрсесі құрылысымыздың ең асқақ мұрат-мақсаттарынан туған бүкілхалықтық ұлы қозғалыстың бөлінбес бір бөлшегі. Драматургтеріміздің заман дабылына дереу үн қосып, әр қайсысы өзінің творчестволық мүмкіндігіне қарай, өз дәуірінен қалыспауға тырысатынын олардың социалистік шындыққа шын берілгендігімен, халыққа қызмет ету ынтасымен ғана дәлелдеуге болады.

Әйтсе де, біздің драматургиямыз бен кинодраматургиямызда үстірт дүниелер әлі де көп-ақ. Әлдеқашан есейіп, қалыптасқан ұлы орыс әдебиеті жөнінде айтып отырып, шығарманың сәтті болуының бірден-бір шарты — автордың өзі бейнелейтін затына деген сүйіспеншілігі десе, Лев Николаевичтің бұл сөзін қалай теріске шығара аласың. Дербес жанр ретінде соңғы 25—30 жылдың ішінде ғана туып, қалыптасып, есейіп шыққан осы күнгі қазақ драматургиясына ең алдымен Толстойдың айтарыңды жақсы айта біл деген талабын қояр едім, яғни жоғары көркемдік шеберлікті тағы да бірінші қатарға ұсынар едім.

Ең жақсы, ең жаңа деген идеялар көркемдік шеберліктің жетпеуінен құн-жұн болып шығатын, атүсті жазыла салған пьесалардың сахнада әңгелектей айналып әлі жүргенін автордың «көп және ұзақ жұмыс жасауға» ерініп, көркемдік шеберлігін кенже қалдырғандығынан деп қана ұғыну керек.

Шеберлік, атап айтқанда, драматург шеберлігі дегеніміз бос ұғым емес. Идеяның философиялық тереңдігі, қазіргі заманымыздың көкейкесті моральдық-этикалық мәселелері адамның рухани қасиеттерінің барша байлық қазнасы жинақталып, сұрыпталып келіп, көрушінің көз алдына кесек дүние болып тұра қалатын бүгінгі адамның сомдап құйылған тұтас, соны характері түгелдей осы шеберлік деген ұғымға жатады.

Осыған орай, меніңше, аса пайдалы бір пікірді ортаға сал-

ғым келеді, ол біздің әлі күнге дейін драматургиядағы ескі канонның құлы болып келе жатқандығымыз жайында. Көркем творчествоның көне нормалары, коммунистік қоғамды сөз етпегенде, социалистік қоғамның өзіндегі адамдардың қарым-қатынасымен сиыспайтынына менің барған сайын көзім жетіп келеді.

М. Шолоховтың «Адам тағдыры», Чухрайдың «Солдат хикаясы», Кането Синдоның «Жалаңаш аралы» неге жақсы деп сұрасаңыз, бұл шығармалардың авторлары драматургияның көнерген канондарын бұзып-жарып жаңашылдыққа жол нұсқайды деп жауап берген болар едім. Алған геройлары жұпыны ғана қарапайым адам болып келеді де, оны көз нұрын алар сәнді бояулармен әлеміштемей, тұрмыс күйбеңінің бұлыңғыр бояуымен булықтырмай, оған керісінше, өмірдің талай тар соқпағы мен шынайы, қатал сынынан өтіп, классикасының геройларымен терезесі тең болып, сүйікті геройлардың дүниежүзілік галереясына кіретін нағыз қарапайым кәдуілгі адамды бейнелеп шығарады.

Ал соңғы жылдардағы біздің драматургиямыздан перспективалы, жақсы, жаңа деп айтарлық қандай дүниелік таба аламыз? Мұқият есептесек, ондайларымыз аз емес сияқты.

Қ. Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітовтың «Беу, қыздар-ай!» пьесасында мені қуантатыны ширақылық, әсерлілік, адам характерін көмескілемей, айқын ашып көрсету бар. Назды паңдылық пен кербез ұяңдық өткен дәуірге лайық қой. Егер авторлар осы әдісті «Беу, қыздар-ай!» пьесасынан басқа, яғни неғұрлым парасатты идеяға пайдаланса, жаңашылдық жолын ашуда сәттірек қадам жасар ма еді, қайтер еді.

Жас драматург Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» пьесасында ақ көңіл, адал қыздың біздің заманымызға әбден тән шыншыл образы жасалған. Мінез-құлқы ата-анасына мүлде ұқсамайтын, екі тілде бірдей сөйлейтін қыздар екі үйдің бірінде бар. Демек бұл біздің жағдайымыздан туған типтік образ.

Т. Ахтановтың «Сәуле» пьесасында, кейбір олқылықтарын былай қойғанда, автордың осы заман адамдарының, өмірдің тізгінін мықты ұстаған адамдардың неғұрлым кесек образдарын жасау талабын құттықтаймын.

Тәжірибелі драматургіміз Ә. Әбішевтің «Армандастар» пьесасында күншілдік пен өзімшілдіктің заманымызға ерсі қылық екендігі туралы идея бұрынғы шығармаларындағыдан гөрі анағұрлым тереңірек көтеріледі. Сонымен бірге, оның қимыл-әрекетті біртіндеп дамыту тәсілі — келер күннің де

кәдесіне жарайтын келешегі мол тәсіл. Пьесаның соңы онша көңіл тояттарлық емес, көрушілердің үмітін ақтаңқырамайды, әйтсе де драматург Ә. Әбішевтің табысы тікелей осынау тәсілді өрістете түсумен тығыз байланысты болмақ деп сенемін.

Жас драматург М. Дүзенов мемлекеттің көзін бояушыларды әшкерелейтін тәуір пьеса жазды. Бұл — Қазақстан үшін қазіргі уақытта өте қажет пьеса, шебер қойылған күнде, драматургиямыздың салмақты саяси өткір сөзі болмақ.

Осы жайларды бірімен бірін бытыстырмай, бірінен бірін ажыратып алмай, ой елегіне салсақ, өнеріміздің елеулі әдеби негізін қалауда драматургтеріміздің қаншалықты шынайы адым жасап отырғанын айқын сезінеміз.

Мен өз баяндамамды едәуір ұзартып жіберген тәріздімін. Соның өзінде де баяндамамның бірсыпыра тарауларын, поэзия мен проза, балалар әдебиеті, тіпті айтқым-ақ келіп жүрген кино-драматургия жөніндегі тарауларды да қалдырып кетуіме тура келді. Баяндамамды біздің Одақтың секция жетекшілері, одан қалды, кино қызметкерлері Одағының басшылары толықтырар деген үміттемін.

Оның есесіне біздің сыншыларымыз жайында бірер сөз айтуға және ұйымдастыру жұмыстары жайлы кейбір мәселелерге тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

Біздің сынымыз — жас жанр, ол әдебиетімізбен, көркем өнерімізбен бірге жасап, ғылым дәрежесіне көтеріліп келеді. Бірақ, талай рет атап көрсетілгеніндей, сын жетістіктері үлкен әдебиет жасауға күнбе-күн белсенді атсалысу саласында емес, әдебиеттану саласында ғана байқалады. Сынға көңілімізтолмайтын жері осы. Замандастарымыздың творчествосына келгенде, сын өз пікірлерін буалдыр, бұлтаққа салады. Сондықтан ол идеялылық пен көркем шеберліктің күрделі творчестволық проблемаларын шешуде жазушылардың нағыз жанашыр досы, байсалды жолдасы бола алмай келеді, ол ол ма, сын, А. В. Луначарский жан-тәнімен арман еткендей, жазушының ұстазы бола алмай отыр.

Кейбір ұйымдастыру мәселелеріне келсек, әр алуан творчестволық одақтар мен Мәдениет министрлігінің мекемелерін көбейтіп жіберіп, біз, біріншіден, өз күштерімізді текке бытыратып алдық; екіншіден, белгілі бір мәселені, мәселен, театр мен кино репертуарын жасау мәселесін қоса-қабат үштөрт ұйымның қарауына бердік.

Халық театрларының репертуарын шалажансар ұйым — халық творчествосының үйі жасайды, ал онда ешбір драматург қызмет істемейді, істеп те көрген жоқ.

Республикалық театрлардың репертуарын әрі министрлік, әрі театрлардың өздері жасайтын тәрізді.

Облыстық және аудандық театрлардың репертуарларын министрліктің өзі жасайды;

Кино репертуарын әрі киностудия, әрі кино қайраткерлерінің Одағы жасайды.

Сайып келгенде, бұл ұйымдардың бәрі де Жазушылар одағына соқпай өте алмайды, әйтсе де әркім өз жағына тартып, тақырыптар мен келелі мәселелерді жоспарлау бір ізге түсе алмай келеді. Одан да республиканың барлық театрлары мен киноның репертуарын жасау проблемасын бір орынға топтастырып, оны соған жауапты етсе, жеңіл де жемісті болмас па еді. Бұл жерде менің айтайын деп отырғаным — Қазақстан Жазушылар одағы.

Жазушылар одағы ешкімге жұмақ орнатамын деп уәде бере алмайды, алайда осынау қиын жауапкершілікті мойынға алуға әзір. Оның репертуар жөнінде Композиторлар одағымен бірлесе қам жеуіне де оңай болар еді. Сөзімді дұрыс түсінулеріңізді өтінемін, қандай да болмасын басқа бір ұйымдардың жұмысына қол сұғу, баспатөрелік деп ұғынбай, істің пайдасын ойлаған пікір-ау деп есептеңіздер.

Екіншіден, Көркем әдебиет баспасын Мәдениет министрлігінің қарамағында бұдан былай да қалдырудың енді қажеті жоқ деп ойлаймын. Біз оны «Екі мырзаға бір даяшы» етіп жүрміз. Өндіріс-финанс істерін шамалы түсініп, мұндай жұмыстарды онша ұнатпағанымен, баспадан жарамсыз дүниелер шығармау үшін, Жазушылар одағы бұл жауапкершілікті өз міндетіне алар еді.

Қазіргі жағдай қалай? Бірсыпыра жарамсыз нәрселерді біздің творчестволық секцияларымыз көре тұра жіберіп қоятыны бар, ол әлі жойылған жоқ, бірақ сол жарамсыз нәрселердің көбі біз арқылы емес, министрлік арқылы, ондағы жеке адамдардың қысым жасауымен жарыққа шығып кетеді.

Мәселен Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының 1962 жылға арналған жоспарында үш-ақ аударма бар екен, ал 12 аудармашы өздері аударған 12 кітабын жарыққа шығарған соң, әрине, дереу қалам ақысын түгел төле деп, Жазушылар одағы мен Көркем әдебиет баспасына шағым етіп жүр.

Кейбір жоғарғы орындардағы адамдардың пәленше-түгеншеге аударма беріңдер деп, ұялмай-қызармай баспаға телефон соғуы әлі тоқтаған жоқ, бұл былайша айтқанда, баспа әлгі лауазымы зор адамның досына мемлекет қалтасынан мыңдаған сом ақшаны суырып бере салсын деген сөз. Кей-

біреулердің қызмет бабын көрінеу пайдаланып, ашықтан-ашық мемлекетке қарсы, партияға қарсы қылықтарға баруына тыйым салып, айыптыларды жауапқа тарту, баспасөз беттерінде келемеж ету керек.

Осының бәріне жауап беретін — біздер, жазушылар, егер творчество адамдары мен творчестволық міндеттер арасындағы кедергілерді жоятын болсақ, бұл кемшіліктердің бәрін де түзеп шығуға әбден болады.

* * *

Жолдастар! Егжей-тегжейіне дейін ойластырылмай, асығыс өңделген бұл сөзімді неден бастасам сонымен аяқтағым келеді.

Біріншіден, осы пленумда айтылған және мақұлданған мәселелердің бәрі де өзіміздің өмір шындығында жүзеге асады деп сенемін.

Екіншіден, алдағы уақытта өз жұмысымызды түрі асқақ мазмұнына лайық, өзіңе де, өзгеге де қойылатын қатаң талапқа сай болатындай етіп қайта құруымыз керек.

Үшіншіден, коммунистік қоғам орнатуға кіріскен дәуірде бізде болашақтың ұлы әдебиеті мен ұлы көркемөнерін жасауға күшіміз кәміл жетеді деген сенім болуы қажет.

1961 ж. Ноябрь.

ҚАЙСАР ВИССАРИОН

Бүгін Виссарион Григорьевич Белинскийдің туғанына 150 жыл толуын бүкіл әлем салтанатты түрде тойлап отыр. Белинский — әйгілі революционер-демократ, ұлы сыншы, орыстың ардагер алыбы.

Белинский — XIX ғасырдың перзенті. XIX ғасыр «Қараңғы түнек дәуірі» деп бекер аталмаған. Сонымен бірге, ол мейлінше жарқын, мейлінше мырза, талант пен дарынға мол ғасыр. Сонау Грибоедовтен бастап жас Горькийге шейінгі орыстың саңлақтары мен жайсаңдары, әлеуметтік ой-сана мен көркем творчествоның неше түрлі майталмандары осы ғасырда өмірге келді, осы ғасырдың бойында халық үшін аянбай күресіп, келешек үлкен жеңістің негізін қалап берді. Сондықтан оны «алтын» ғасыр деп және тауып айтқан.

Сол ғасырдың алтындық құнын арттырып тұрғандардың бірі Виссарион Белинский. Замандастарының арасында ол «Қайсар Виссарион» атанды. «Қара түнекті серпілтіп маздап жанған от» атанды. Ондай атаққа ол халық үшін, азаттық, теңдік үшін жүргізген қажырлы күресі, мойымас жігері, ерен өжеттігі арқылы жетті. Өзі туралы қайсар Виссарион: «Мен өмірге күрес үшін келдім» деп әбден орынды айтқан, үйткені оның сөзіне ісі сай, ісіне сөзі сай еді.

Белинский кемеңгер де, іздемпаз. Әділет пен шындықты ол идеализмнің шым-шытырығын бастан кешіріп барып таныды. Материализмді үздіксіз іздену арқылы тапты. Ол басынан өткізген шырғаландарды есіңе алғанда, «шіркін, дана болсаң, ойшыл болсаң, осындай бол» деп еріксіз сүйсінесің. Даярға жүгіне қалмай, шындықты іздеп, өзі тексеріп, өзі табу қиын да, құрметті де. Ол нағыз кемеңгердің ғана қолынан келеді. Белинский — кемеңгердің кемеңгері.

Орыстың Белинскиймен тұстас ойшылдары бірі Батыстың пікіріне жүгінді, туған топырақтан безінді, енді бірі ащы да болса туған елдің түтіні тәтті деп славянофильдікке бас иді, Батыс атаулыдан тұра қашты. Бірін-бірі теріске шығарып өзара қырқысты. Осынау бір тарихи төбелесте жөн тауып жол сілтей білген Белинский болды.

Искусстволық мақсат-мұраты жайында да Белинский бірден бір дұрыс жол тапты. «Таза өнер» теориясын ұсынып, өнерді ермекке саятындарға аяусыз соққы бере отырып, ол өнердің өмір үшін, халық үшін жасайтынын дәлелдеді. Оның Гогольге жазған әйгілі хаты — адасқан өнерпазға өнер үшін шын жаны ашитын әділ де адал сынның үздік үлгісі, өнер үшін, өнердің халықтығы үшін ымырасыз күресудің көрнекті үлгісі.

Біздің әдебиетіміз — социалистік реализм әдебиеті. Біздің әдебиетімізге Белинскийден жақын жанды бүкіл Батыстан да, бүкіл әлемнен де іздеп таппайсыз. Белинскийдің әдебиет туралы қағидалары біз үшін күні бүгінгідей. Арада бір ғасырдан артық уақыт өтсе де, біз үшін жазылғандай. Басқасын былай қойғанда, «бейтаныс» туралы формуланың өзі неге тұрады?! Ол — ойлау саласындағы тереңдік пен әділдіктің теңдесі жоқ тамаша үлгісі емес пе?

Жолдастар! Айта берсең, ұлы сыншының ұлы пікірі, ұлы еңбегі таусылмайды: ол бір жатқан түпсіз тұңғиық, өлшеусіз биік. Ендеше мен кемеңгер Белинскийдің 150 жылдық мерекесін ашық деп жариялап, кіріспе сөзімді осымен доғаруды дұрыс деп санаймын. Енді арнайы баяндамаға көшейік.

1961, 13 июнь.

ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ЖАЙЫНДА

Соңғы кезде белді-беделді тіл ғалымдарының орфография, емле мәселелеріне тағы бір оралғандарын мәдениет жұртшылығы қатты ұнатып қалды. Күнбе-күн бақылап, байқай отырамыз дейтін газет-журналдарымызда астылы-үстілі кетіп бара жатқан жайлар барын көрді, «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде С. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Әбдірахманов, Т. Қордабаев жолдастар едәуір асқынып бара жатқан тым-тырағайлықтар барын орнықты дәлелдеді. Қадірлі ғалымдарымыздың келтірген дәлелдеріне қосылмауға да болмайды, заңды талаптарын қолдамауға да болмайды. Қандай заң болса да қабылданғанша ғана талқыға түседі, қабылданғаннан кейін қалыптасуы керек.

Тілді көркейте беру заңдарын, әсіресе, біз, жазушылар, қатты қадағалауымыз керек еді. Бірақ, шынымызды айтсақ, орфография, емле заңдарын елемеушілік біздің арамызда көбірек кездеседі. Ол заңдарды түгел білмейтіндеріміз де бар, дұрыс қолдана алмайтындарымыз да бар. Өзіміздің журналға бүйрегің қанша бұрғанымен, әділетке мойындауымыз керек, өз бетімен жайылу «Жұлдыз» журналында басымырақ болып отырғандығының бір себебі, дау жоқ, осында. Машинисткалар мен корректорлар бола тұрса да, ана тілінің байлығы мен тұрақты заңдарын дұрыс қолдана білу жазушылар үшін де басы артық байлық емес қой.

Жоғарыда аттары аталған ғалымдарымыз негізінде сөздің таңбалануын таза ұстау талаптарын қойған. Мәдениетті ел үшін бұл келелі мәселе болып саналады. Осындай орынды талаптарға үн қоса отырып, мен әр сөзді өз орнына пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыру жақтарынан азғана пікір айтқым келеді.

Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе — әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады. Жазба сөз — бір өңкей әскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану болашақ үшін үлкен қиянат.

Аздаған мысалдар келтірейік. Ақын С. Қасиманов «Қазақ әдебиетінде» 3 августа жарияланған бір өлеңінде былай депті:

«Шпал перне, қос ішектей жол шешен,
Басқан сайын дабылынан туған жыр».

Ақынның ойына жақсы бір теңеу келген. Домбыраның пернесін шпалға, екі шегін темір жолға теңегісі келген де, бірақ соны айта алмаған. «Домбыра» деген де, «темір жол» деген де сөз жоқ. Оның орнына ақын адамның аузына түспес «жол шешен» деген сөздерді өлеңге тығыпты. Жол шешен болғанда не болмақ, сақау болғанда не болмақ? Ақын:

«Кемеңгер ел келістіріп керуенін
Табысымен толтырады олқымды»

дегенімен, бұл өлеңдегі «олқылық» толмайды. Өйткені бұл — олқылық емес, сорақылық.

Екінші бір жас ақын Е. Кенебаев:

«Қанат бер талмайтұрын,
күнді асайын»,—

депті. (Бұл да «Қазақ әдебиетінің» сол номерінде).

Ана тілін жақсы білетін ақын «күнді асайын» емес, «күнге асайын» дер еді, «күнді асау»— күнді бесбармақша қылғып жіберу болып шығатынын абайлаған болар еді.

Жазушылар арасында:

— Сүйейін Әмуіңнің жағалауын,— деген өлең көптен бері қалжаққа түсіп жүр. «Күнді асайын» да сондай, сөзге мән бермегендіктен, жауапсыздықтан туған.

Жас ақындарға қатты ұрыссақ та, ішімізден көп кемшіліктеріне кешірім ете отырамыз. Әттең осындай кемшіліктер сақайып қалған ақындарымыздан да жиі кездеседі.

«Қазақ әдебиеті» газетінің осы номерінде белді ақындарымыздың бірі болып келе жатқан Ғ. Қайырбековтың «Теңіз балладасы» деген поэмасы басылды. Поэма Қырым жағасында туған ескі бір аңызды байымдайды. «Қырым қызын» бұдан отыз жыл бұрын ақын Ғалым Малдыбаев та жазған еді. Ғ. Қайырбековтың балладасы адам түсінбейтін бірдеңе болып шыққан. Оның себебі — ақын поэзиялық тіл байлығын тым сөлекет пайдаланған, оқи алмайсың, Балладада:

«Қанаты суық мұздай құс...
— Жалт қараса, айдынға
Асылып қалған бір білек.
— Толтырып жасқа уысты
Сақалын жұлып шал қалған
— Тұншықсаң теңіз суына
Ақ сүтімді еме бер!
— Махаббат атты құдірет .
Періште қылған соларды!
Соғуын тияр құр жүрек,
Өлмейтін жандар со мәңгі»—

деген шумақтар кездеседі.

Енді аздап осы жолдардың мазмұнын ұғынып қарайық, ойға, сезімге берер әсерін түсініп көрейік.

1) «Қанаты суық мұздай құс» деген не ертегіден, не бүгінгі өмірден әлденені меңзей ме? Жоқ. Не поэзиялық, не бейнелеу қажетіне жарап тұр ма? Жоқ.

2) «Жалт қараса, айдынға
Асылып қалған бір білек».

Айдын деп қамыссыз, батпақсыз, шалқар көлді айтамыз. Кейде көлемдірек келген жалтырды да айдын дей береді. Қайырбековтың қызы балладаның басында «теңізге батып тұншықты» болған. Сол күні қыз әкесі балық аулауға келсе, айдынға асылып қалған бір білекті көреді. Қос білекті кезек-кезек толқынға асып, жүзіп бара жатқан қыз болса бір сәрі, ал айдынға асылып қалған білек деген ақын көзіне қалай елестегеніне таңданасың.

3) «Толтырып жасқа уысты,
Сақалын жұлып шал қалған»,—

деген екі жолды түсініп көрейік. Бұл әдейі қиындатпасаң, қиынға түсер ойдың төлеуі емес екендігі айдан айқын. Қызы суға кетіп қалған кәрі әке, сақалын жұлып қайғырып қала берген ғой. Бірақ, ақынның айтуынша шал сақалын уыстап алып жұлудың орнына көзінің жасын уыстаған, ақын «көзі жасқа толы кәрі әке сақалын жұлып қала берді» деген опоңай ойды екі жол өлеңге сыйғыза алмаған.

4) «Тұншықсаң теңіз суына,
Ақ сүтімді еме бер!»

Мұны теңізде бала тауып қойған қыз айтады. Ақын теңіз суына тұншығып бара жатсаң, емшек емуге бола ма екен деп ойланбайды да. Ең болмағанда — «тұншығып кетпе теңізге, ақ сүтімді еме бер!» десе де бір сәт сөзге байланыспауға болар еді.

5) «Махаббат атты құдірет
Періште қылған соларды.
Соғуын тияр құр жүрек,
Өлмейтін жандар со мәңгі!»

Ақын бұл жолдарында «періште қылған соларды» деген сөздердің құлаққа естілер жағын да ескермеген, ойға қонар мағынасын да дәл жеткізе алмаған. Оның үстіне «сол» деген толыққанды сөзді «Со» деп шалағайландырудың да орны жоқ-ақ, бұл әшейін астамшылық.

Тіл — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге түрпілетпеуіміз керек. Әттең, ана тілінің байлығын салдамадан сақтап отыруға тиісті тіл ғалымдарының өздері де кейде қатты қынжылтады.

Тіл тазалығы емле сауаты мәселесіне ат салысушы филология ғылымының докторы Ғ. Мұсабаев жолдас өзінің «Емле — тілдің жаны» деген мақаласында былай депті:

«Ойланызшы, аңшы алдынан бұлаңдап қашқан түлкіні қуып келе жатқанда, жалпақ жатқан жарыққа кездессе, оның аты жүре алмай, сүрініп-қабынып, жіліншігін омырып, мерт болмай ма? Аңшы еріксіз тоқтап, кейіспен кейіп кетпей ме?»

Ғалым емле қателеріне мән бермейтін, сауатсыз жазатын адамдарға барынша зілді сөз айтқысы келгені айқын. Бірақ, алған теңеуі созалық та сөлекеттеу шыққан. Теңеу, бейнелеу созалақтап кеткенде ойға да, сезімге де дөп тие алмайды, екінші, алған теңеулерің екі оқты ұғым тудырмауы керек. Мұсабаев жолдастың алған теңеуіндегі **«жалпақ жатқан жарыққа кездессе»** дегені, сөз жоқ екі түрлі бейне туғызады: біреуі — қайда болса да кездесе беретін жер жарығы. Ондай жарық жалпақ болса, ат сүрінбейді де, «жіліншігін де омырып» алмайды. Өйткені ондай жарықта жынды адам ғана түлкі қуады. Жарықтың екінші түрі, бұрын пәленшенің жарығы, түгеншенің жарығы деп те аталатын, шынында да жалпақ жататын жарықтар. Бірдемені бейнелегің келгенде екі оқты мағына беретін теңеулерден аулақ болу керек.

Ғ. Мұсабаев жолдастың алған теңеуін оқып шығып, түсініп болғанша, оқушының көңілі «мерт» болуы мүмкін.

Менің әсіресе қарсы болғым келіп отырғаны автордың **«кейіспен кейіп кетпей ме?»** деген сөйлемі. Таяқпен таяқтамай ма, маймен майламай ма, ашумен ашуланбай ма, күлкімен күлмей ме дей беретін болсақ, не болғанымыз? Ана тіліне көрсеткен құрметіміз қайсы?

Осы сияқты оралымы жоқ, оралғысы көп сөйлемдер ғылым докторы Б. Кенжебаев жолдастың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» дейтін еңбегінде тіпті көп екен. Кенжебаев еңбегінің 27-бетінде былай депті: «Атомдар құралып тән пайда болады, яғни тән түрлі атомдардан тұрады. Тән күйресе, атомдар ыдырайды. Тән күйрегенде ыдыраған атомдардың кейбіреулері жаңадан пайда болатын тәннің түрлі мүшесі болады да, кейбіреулері әуе болып, жел, құйын болып ұшып жүреді.

Атомдар, олардың әуе, жел, құйын болып ұшып жүруі, бірнеше атомның жиналып, тән болуы, тәннің тозып, күйреуі, атомдардың бастапқы қалпына айналуы — әуе жел, құйын болып ұшып жүруі, дүниенің осылай құбылып, өзгеріп тұруы — бәрі құдайдың құдіретімен, тағы басқа төтенше күштің қуатымен болмайды, дүниенің өз заңымен, қажеттілік заңы бойынша болып тұрады.»

Мен атом жайын зерттеген адам емеспін, бірақ осы айтылғандардың ғылыми жақтарының өзі де шалағай да шүбәлі сияқтанады. Кенжебаев жолдас бұл шұбалманы «Сұлтанмахмұт дүниені, табиғатты, болмысты материалистерше, диалектикалық жолмен түсінеді» деген ойын дәлелдеу үшін келтірген. Онысына сене де алмайсың, сенгің де келмейді. Замандас ғалымымыз өкпелесе де, айтпасқа амалымыз жоқ, мұның аты материалистік диалектиканы тым тұрпайы түсінудің маңайы болады. Ал енді автордың сөз құрау, сөйлем жасау жақтарына келсек, ана тіліміз үшін авторға біз өкпелеуіміз керек.

Жоғарыда келтірілген үзінді Торайғыров ақынның дүниеге көзқарасын дәлелдеуге арналған болса, енді бір үзіндіні ақынның поэзиясына берілген тұжырындыдан келтірейік.

Кенжебаев жолдас Сұлтанмахмұттың поэзиясын былай бағалапты:

«Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ **болып,** поэмасы лирикалы **болып,** лирикасы мен поэмасының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахмұттың өлеңдері әлеуметтік **лирика болып,** сондықтан да көлемді, **ұзақ**

болып келсе, поэмалары сюжетсіз **болып,** бірақ лирикалы **болып,** әлеуметтік лирика **болып** келеді».

Бір сөйлемнің ішінде «болып» деген жарымжан етістік бес рет қайталанады! «Әлеуметтік лирика болып»— екі рет, «лирика болып, лирикалы болып»— үш рет! Қадірлі ғалым, сөйлем құру заңын әдейі бұзғысы келген адам да сізден асыра алмауы мүмкін.

Ал енді Торайғыровтың поэзиясына берілген бағаның өзіне келсек, оны түсіну үшін, шынымыз осы, өз өреміз жете алған жоқ. «Өлеңдері әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ болып, поэмалары сюжетсіз болып, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік лирика болып» жатқан ақынды түсіну кімге де болса, оңай соға берер ме екен! Осынша бәленің бастары тоқайласқанда бірі мен бірі қалай тектесіп, қалай септесіп жатқанына таң қалғандайсың. Біз білген ақын Торайғыров тап осындай сияқты емес еді.

Дұрысын айту керек, соңғы кездерде кейбір баспалар тарапынан әдебиет тіліне атүсті қарау етек алып бара жатқан жайы бар. Баспасөз орындарында шығармаға редактор қолы бата тигені байқалмайды.

Қадірлі қалам қайраткерлері, ана тілін аяқ асты етуден тыйылатын болайық.

«Социалистік Қазақстан», 1962, 16 сентябрь.

КИНО ӨНЕРІНІҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұдан дәл бір жыл бұрын, ноябрь айының нақ осы күндерінде Партиямыздың жаңа Программасы мен КПСС XXII съезі белгілеген ұлы мұраттарға байланысты әдебиет пен көркемөнер қайраткерлерінің міндеттері жайлы Қазақстанның барлық творчестволық одақтарының біріккен пленумы өткен болатын.

Республикамыздағы барлық творчестволық күштердің бас қосқан жиынында біз идеология майданының ең көлемді, ең маңызды саласындағы хал-ахуалымызды әділ ойласып анықтап алып, кітаптарымыздың, сурет өнерінің, драматургия мен кинодраматургияның идеялық-көркемдік дәрежесін арттыру мақсатымен жалғыз ғана осы мақсатпен ұйымдық басшылықты жетілдіру, жақсарту шараларын белгілеп алуға тырысқан едік.

Бүгін біз Қазақстан Жазушылар одағы мен Кино қайраткерлері одағының ұйымдастыру бюросының біріккен пленумында жас кино өнеріміздің жеке басындағы жетістіктер мен кемістіктерді талқылай қарауға, қарағанда да, қадір тұта, қамқор көзбен, кірбеңі жоқ, жаны ашыр достың сын көзімен, арамдығы жоқ ақ көңілмен, жеке адамдардың басында болатын ұсақ-түйек күйкі-күйбең, жүз шайысулардың бәрін былай қойып, әділет тұрғысынан қарауға тиіспіз.

Біздің жас кино өнеріміздің алдында тұрған келелі міндеттердің біздің бәріміз үшін маңызды, мәнділігі сонша, біз ешкімнің де оны даурықпа жамандауға салуына, одан қалды, кемсітіп, беделін түсіруіне жол бермеуіміз керек. «Асын ішіп, аяғына тепкеннен без». Ал, кино өнері, көркемөнердің барлық басқа түрлері тәрізді, халыққа рухани нәр жинап береді,

сондықтан оған шексіз құрметпен, достық қамқорлықпен қараған абзал.

Кино өнерінің халін егжей-тегжейлеп анықтап, белгілі бір ұсыныстар жасауымыз үшін, істі қай тұрғыдан қарауымыз керек? Қарар тұрғымыз біреу-ақ. КПСС XXII съезінде қабылданған партиямыздың жаңа Программасында, КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің кино жөніндегі арнаулы соңғы қарарларында айдан анық айтып берілген.

Көркемөнер еліктеудің солықтауы болмай, шын мәнісіндегі көркемөнер болғысы келсе, әлсіз де нәрсіз, әжуа болмайын десе, кемшілікке кеңшілік жасамау керек. Өйткені нағыз көркемөнер өзінің идеялық-көркемдік жақтағы талаптарын ешкімге ойыншық ете алмайды.

Көркемөнердің аз ұлттың творчествосына деген арнайы жеңілдігі жоқ, қарадүрсіннен қара үзбесті қолдар хақысы да жоқ. Себебі, нағыз көркемөнер дегеніміздің өзі — белгілі бір халықтың, белгілі бір қоғамның рухани есею шағының жемісі. Сондықтан, біздің жағдайымызды алғанда, советтік және дүние жүзілік мәдениетке өнегелі үлкен мектебі бар көркемөнеріміздің қай түрінің болсын жастық шағы туындыдағы олақтықты ақтауға дәлел бола алмайды. Шын дарын иесінің жас шағына тән қасиет дандайсу мен дақпырт далбасасы емес, жалынды жайдарылық, жаңашылдық, романтика, өткірлік, өзін-өзі қатал сынап, өзін-өзі қатаң бақылап отыру болады. Ауыздықты ала қашқаннан гөрі сыпайылық жарасымды болмақ.

Жастың бойынан парықсыз паңдық емес, өз өнерінің күшіне сенер мығымдық тапқан қандай жақсы. Жас деп отырғанымыз: совет кинорежиссурасының кейінгі буынына жататын Чухрай мен Тарковский, өзіміздің Сұлтан Қожықов, соңына бүкіл бір ұрпақ жас киноартистерді ерткен Олег Табаков. Олар творчестволық арын ешнәрсеге айырбастамайды. Бұл ұрпаққа «Солдат туралы баллададағы» Жанна Прохоренко, «Арылудағы» Тамара Семина, «Ашық аспандағы» Нина Дробышева жатады. Егер студия бұдан былай оның жастығы мен сүйкімділігін ғана мәсе тұтпай, маэмұнды, мәнді рольдер беріп, творчестволық өсуіне жағдай жасаса, өзіміздің Р. Мұхамедиярова да сондай дарынды жас сияқты.

Біздегі және басқа ұлт республикаларындағы театр өнерінің даму жолындағы ең алғаш ду көтерілген кезін, яғни Октябрь революциясы жеңісімен бірден шешек атып, гүлденіп кеткен шағын еске алсақ, сонда ең басты еңбек сіңірген талантты жастар екен. Қазақ опера өнері туғанына екі жыл

толмай-ақ, Москвада өткен тұңғыш он күндікте Совет Одағы халықтарының аса зор қошемет құрметіне бөленбеп пе еді!

Дүниеге келгеніне небәрі екі-ақ жыл болған тәжік киностудиясы «Зүмірет» фильмін жасап, оның бірінші категориямен бүкіл одақтық экранға қабылдап алынғаны да жұртқа мәлім. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Көркемөнерде жастың жастығынан қорықпа, жасы жетпей қартаюдан қорық. Өнерпазға қарттық жоқ, жасара бер, жақсара бер, қайратыңнан қайтпа, бірақ пенсия жасына жеткенше шикі жас бола беруге де болмайды.

Тұңғыш кинокартинамыз «Аманкелді» 1938 жылы шыққан екен: ширек ғасыр жасап келе жатқан жас кино өнеріміздің шынайы хал-жағдайы қандай, өз тұрғымыздан соны шолып көрейік.

Соңғы екі-үш жыл ішінде орталық және республикалық баспасөз «Қазақфильм» жөнінде жапа-тармағай мақалалар жазып, жұмысқа пайдасы тиетін даусыз әділ сын пікірлер айтқанын былай қойғанда, кей біреулердің көкейінде осы біздің кино қайраткерлеріміз бен киностудиямыз жасаған бұйымтайлардың бәрі түкке аспай қалды-ау деген күдік те туған тәрізді. Бұл күдіктің жазушылар мен кино қайраткерлерінің кейбір тобында қаншама етек жайып, меңдеп алғанын осы пленумның алдындағы әңгімелер айқын көрсетті. Бұл жағдай мәселені әділ шешуді қиындататыны былай тұрсын, бұралаң бұлтарысқа ықтырып әкетіп, ісімізден нәтиже де, аброй да әпермей қалуы мүмкін еді. Ол аз болса, ең жаманы сынға қайдағы жоқ көңірсік көң-қоқыр, бас араздықтан туатын пыш-пыш өсек-аяң араласа жаздады.

Бірақ біздегі кино өнерінің өткен жолына әділет көзін жүгіртсек, бүкіл одақтық мәні бар бірсыпыра кинофильмдер жасалғанын мойындамай болмайды. Олар, біріншіден, көркемөнердің түйінді мәселерін кеңінен қамтитын кесек туынды, екіншіден, өз заманының көркемдік биігіне көтерілген белді шығармалар еді. Мұның қатарына соғысқа дейін және соғыстан кейін жасалған «Аманкелді», «Абай», «Жамбыл», «Ботакөз» фильмдерін жатқызбақпын. Оған біздің киностудиямыз соңғы жылдары шығарған үш фильмді қоспақпын. Л. Әбдікәрімованың қатысуымен қойылған Боголюбовтың «Шабандоз қызын», жас режиссердың тұңғыш картинасы екенін ескере отырып, М. Бегалиннің «Шоқан Уалихановын», сиқыр-миқырға барам деп былықтырып алған кәкір-шүкірін айтпағанда Ш. Аймановтың «Сүйікті докторын», ұшарға қанаты сау болғанмен, қонарға құйрығы жасандылау болып

шыққан, С. Қожықовтың «Егер бәріміз осындай болсақ» фильмін осылардың қатарына жатқызуға болады.

Бұл картиналар тақырыбының алуан түрлілігі жағынан да, көркемдік шешімі жағынан да біздің киностудиямыздың идеялық творчестволық тұлғасын айқын көрсете алады. Онша мінсіз болмағанымен, жас кино өнеріміздің реалистік мұратқа ұмтылып отырғанын, творчестволық іздену бағытын баяндайды. Кино қайраткерлері заманымыздың түбірлі, көлемді жақтарын бейнелеуге жан сала құлаш ұрғанын аңғартады.

Амал не, кейде біздің киностудиямыздың табаны осы тапжылмас тіректен тайғанақтап кетті. Әсіресе бүгінгі өмірімізді бейнелеуде ұлылы-кішілі сәтсіздіктен шыға алмай-ақ қойды. Оны айтасыз-ау, кинодағы кейбір тіс қаққан қайраткерлеріміздің өздері өмір шындығы деп қайдағы бір көзге қораш, майда-шүйде жасанды тақырыптарға әуес-ақ, сөйтіп жүргенде сәтсіздіктен-сәтсіздікке ұшырайды. Менің ойымша, кино қызметкерлері одағы мен киностудиямыздың басшыларының басты кемшілігі — соңғы жылдары коллективтің творчестволық күштерін дұрыс бағытқа мегземей, тақырып ұсақтығына, жалған жаңалыққа, кейде тіпті еріккеннің ермегіне жұмсап жүрген тәрізді. Шынымды айтсам, мен үшін ұсақ-түйек тақырыптан арзанқол жүлде алғанша, маңызды тақырыпта сәтсіздікке ұшыраған анағұрлым жарасымды тәрізді. Тіпті сол шөже тақырыптан да бәйге алып жүргендерді аз көремін.

Осыған орай біздің баспасөзде, атап айтқанда «Известия», «Советская культура» газеттері мен «Коммунист», «Советский экран» журналдарында және республикалық баспасөз беттерінде жазылған сын пікірлердің даусыз дұрыс екенін мойындауымыз керек. Кино қызметкерлері одағы ұйымдастыру бюросының кейбір басшыларының бұл сынға шамдана наразылық білдіргенін, оны талқылаудың үстірт өткенін, ең бастысы, пайдалы сынның не кино қызметкерлері одағының, не киностудиямыздың жұмысын жақсарту мүддесіне жаратылмай қалғанын айтпай кетуге болмайды.

Түсіріле бастаған картинаны тоқтатып қоюдың қаншама қиын екенін білемін, мемлекет қаржысын ұстау жағынан да хабарым бар, бірақ таяудағы жылдардың жоспарында кесек дүниелік, алымды картиналардың болмауы өте-мөте жаныңа батады. Осы жағдайдың өзі кино өнеріміз құлдырап кетпесе жарар еді деген хауіп тудырады. Қазіргі айдан-анық жәйт мынау: қаражат жоспарын қайткенде де орындау үшін киностудия «орташа», «нашар» баға алған сценарийлердің өзін картина етіп түсіруге итере салады.

Егер киностудиямыздың соңғы үш-төрт жылдағы жұмысын байқап қарасақ, ойымызға қуаныш емес, реніш кіреді, осыншама үлкен творчестволық коллективтің мүшкіл халге бой ұсынып, еті өліп кеткеніне, халық алдындағы жауапкершілігін сезіну орнына, енжарлыққа салынғанына қынжыласың, «Дауыл», «Жерге оралу», «Тыныштық», «Бір ауданда», «Әнші ауыл», «Алмастан да асыл», «Сенің достарың», «Ұлым менің», «Бір түні» және басқалар тәрізді толып жатқан картиналарды, менің ойымша, көркемдік шеберлік сезімінен, жауапкершілік сезімінен айрылу деп бағаламасқа амал жоқ. Осы картиналардың басым көпшілігін екінші қайтара көріп шыққаннан кейін мен өз көңілімнен наразылықтан басқа разылық таба алмадым. Бұл картиналардың авторларының көңілдеріне келмесін, осылар социалистік реализм көркемөнерінің көзіне шыққан сүйелдей болып көрінеді. Көркемөнер ерінбеген етікшінің ермегі емес, социалистік қоғамның аса жауапты ісі деген қағидаңы бұдан былай да бұлжытпай ұстасақ бәрімізге де пайдалы болар еді.

Біздер, әдебиет пен көркемөнер қайраткерлері, жаңа адамның жарқын бейнесін жасап қана қоймай, ескілік сарқыншағы атаулыдан түгел арылған сол жаңа адамның өзін қалыптастыруға, оның ақ көңіл, ізгі мінезін дамыта түсуге, көркемдік эстетикалық түйсік-талғамын жетілдіре беруге, совет адамының барлық ой, сезім құрылысын қалыптастырып шығаруға тиіспіз. Қынжылармық бір жай: жоғарыда аты аталған фильмдердің көпшілігі керек жерінен шықпай, көздеген жеріне дөп тимей жатыр.

Жас кинорежиссурамызды осы төңіректе ауыз екі ашық әңгімеге шақырғым келеді. Біздің киностудиямызда тарифнарқы бар, яғни танымалы төрт режиссер, «нарқы» белгіленбеген, яғни, онша танылмаған бір режиссер (ол — С. Қожықов), және киностудияда үш жылдан он жылға дейін жұмыс істеп келе жатқан, бірақ, жас деп аталатын сегіз режиссер жұмыс істейді. Ал, қане жас режиссерлер, институтты өздеріңізбен бірге бітірген жолдастарыңыз бірінен соң бірі бірінші разрядқа ие болып жатқанда, сіздер қашанғы үндемей қала бересіздер, қашанға дейін жас бола бермексіздер? Әдебиетте де, көркемөнерде де жас күштерге есік кең ашылған жоқ па еді? Солай бола тұрса да, не кино өнерінің жалпы проблемаларын талқылауда, не тікелей кино жасау тәрізді нағыз тоқетер жерде дауыстарыңыздың өктем шықпай, ынжықтана беретіндеріңіздің себебі неде? Заманымыздың тақырыбын сіздер көтермегенде кім көтереді, батылдық пен ізденгіштік сіздерге тән болмағанда, кімге тән? Сіздердің

өкпе, наразылықтарыңыз маған да менен басқа осы жиналыста отырған бірсыпыра адамдарға да мәлім. Бірақ біздің бәріміздің де сіздердің творчестволық жігерлі екпіндеріңізді, албырт, алғыр ой-мақсаттарыңызды естігіміз келеді, қолтықтан демеудің сәті сонда түспей ме! Сондай сөзді енді естірміз, жас өнерпаздық арман талабына демеуші болармыз деп сенемін! Белгілі режиссер И. Пырьевтің: «Дана дарын, жас өнерпаз жанымызда қатар кетіп барады, кейде тіпті оқ бойы алдымызда көресің», деген сөзін естеріңізге салғым келеді. Ол жай айта салған сөз емес, жаңалық ізденуге шақырған қабыл.

Жоғарыда айтылған сөз тек кино өнері қайраткерлеріне ғана емес, бізге, жазушыларға да тіреп айтылған сөз екені өзінен-өзі белгілі. Өйткені ірге тасы қаланбай үй салынбайды. Ал, сценарий болашақ картинаның бас ұйтқысы, салынар үйдің іргесі екені — жұрттың бәрі мойындаған даусыз қағида.

Егер сонау бір топ картина сүреңсіз, сөлсіз болды десек, оның кінәраты драматургияның жамандығында, оның обалы — түгелімен жазушылардың мойнында. Біздің қазіргі жалпы қазақ драматургиясы, соның ішінде кинодраматургия соғысқа дейінгімен салыстырғанда аса көрнекті ештеңемен қуанта алған жоқ. Сол дәрежеден асып кете алған жоқ. Егер А. Каплер: «Бізде фильмдердің ең кемі 80 проценті сценарийдегі әр түрлі кемшіліктері жөнделмеген күйінде өндіріске беріледі» дейтін болса, оған моральдық жағынан ең басты жауапкер — мына біздер, жазушылар. Оның үстіне, біздің киностудия жұмысында сапасыз сценарийлердің проценті Мосфильмге немесе Ленфильмге қарағанда, әлдеқайда көп. Кейде картина түсіріліп біткенде, сценарийдің сүйегін, атақты оқымысты Кювьенің теориясына сүйене отырып, әр жерде шашырап, бытырап жатқан жерінен жиып құрастыруға тура келеді.

Біздің киностудиямыздың сценарий бөлімінің анық мәліметтеріне қарағанда, 1956—1960 жылдары қалам ақысы төленген шарттар бойынша жазушылар киностудияға 55 сценарий тапсырған, соның ішінде түсіруге қабылданғаны 13 екен. Бірінші, бұл он үштен он үш шалажансар фильм туды. Екіншіден идеялық-көркемдік сапасы нашар болғандықтан, аттай 42 сценарий жарамсыз деп танылды. Баспаға тапсырылып, мемлекет қалтасынан ақшасы төленген қолжазбаның 75 проценті түкке аспай қалуы дегенді әдебиеттің басқа ешбір жанрынан таба алмаймыз! Ал кинодраматургияда жарамсыз сценарий саны 75 проценттен де асады. Қаламдас бауырларым-ау, осыны айтқанда екі бетің қалай дуылдамас!

Драматургтың өз творчестволық парызына, шеберлік талаптарына жауапсыз қарауы деген осы емес пе! Бұл өрескелдік, біз өз ісімізге жоғары талап тұрғысынан қараймыз деп әлемге бар даусымызбен жар салып отырғанымызда, қалайша тап болып отыр? Ойланбасқа, толғанбасқа болмайды. Сәтсіздік дәл осы заман тақырыбына келгенде етегіңнен алса, ойланбасқа не шара? Біздер, жазушылар, коммунизм құрылысшыларының өміріне қаншалықты терең үңіліп, белсене араласып жүрміз, өз заманымызды жақсы білеміз бе, ең бастысы, адамның жаңа құбылыс, жаңа қасиеттерін көркем бейне арқылы қолма-қол түсіндіруге келгенде, драматургтың өзі еліміздің үдере өркендеу қарқынын, совет адамының интелликтілік өсу жайын байсалды ой елегінен өткізіп, жинақтап қорыта біле ме?— деген сұрақтар қазір қабырғасынан қойылып отыр.

Осыған орай үш нәрседен хауіптенетінімді айтпай өте алмаймын. Біріншіден, өткен жылғы пленумда да айттым, оқушы, көруші қауым мен әдебиет, көркемөнер қайраткерлерінің кейбір тобының арасында мәдени өсу дәрежесіне келгенде кереғарарлық бар. Озат совет адамының мәдени-эстетикалық талап, талғамының жазушының өзіне қоятын идеялық-көркемдік талаптарынан, ол жасаған шығармаларының дәрежесінен әлдеқайда озып кеткенін жиі көреміз. Көз жіберіп, көңіліңмен шолсаң, сынға ілінетін — суреткер. Егер өз шеберлігін шұғыл жақсартып кете алмаса ол суреткер көп ұзамай дағдарысқа ұшырайды. Суреткер болған соң, тек бір ұлттың мәдениет қажетіне жарасам болды деп ойламау керек, отызыншы жылдарғы адамдардың мәдени дәрежесін міне тұта бермеу керек. Нағыз сөз шебері ең озық мәдениеттердің тоғысқан торабында, әрі ұлттық, әрі интернационалдық мәдениеттердің тоғысқан торабында болуға міндетті. Ұлттық қасиет интернационалдық дәрежеге көтерілгенде ғана парасатқа ие болмақ. Бұл — ұлттық кинодраматургиямызды советтік озық киондраматургия дәрежесіне көтеруіміз керек деген сөз. Әдебиет, сондай-ақ театр, музыка, радио, телевидение, әсіресе кино кең өріс алып отырғанда жазушының кешегі өткен белесте тоқырап қалуына болмайды. Екінші, біздер, жазушылар, көп уақыт бойына: «Осы заман тақырыбына бірдеме жазсақ болды баспа мен театр қағып ала береді», деп аңғал ойлап келдік. Ол дәурен өтті, бірақ ауру қалса да, әдет қалмапты. Осы заман тақырыбына жазылған сценарийдің ішінде киностудия жарамсыз деп тастағандардың бәрі — шетінен дәл осындай сүреңсіз, реңсіз, схема мен шаблонға құрылған нәрселер. Киностудия басшылары

заманымыздың үлкен тақырыптарына жиіркенішпен қарайды деп даурығатын сол авторлардың шағымдары дәлелсіз екенін осыдан-ақ көруге болады. Заман тақырыбы сол шығармалардың әсем атында ғана болмаса, ішкі сарайында ештеңе көрінбейді. Идеялар шындықтың шынайы көрінісіне айналмаған жерде заман тақырыбы да, заман идеясы да болмайды, болуға мүмкін де емес.

Үшінші, жалпы драматургияға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын кейбір жазушылардың әдебиеттің ең қиын саласы — драматургияға жеңіл-желпі, үстірт қарайтыны қынжылтады. Бұл жерде мен драматург болам деген талаптарына айып тағып отырған жоқпын, творчестволық жұмыста қайсар табандылығы жоқтығына, жазушының ең алдымен өз қабырғасымен ақылдасып алмай, киностудиямен шарт жасасып, қол қоя салатындығына, өз шығармасының әбден иін қандырып алудың орнына, ұят іске барып, студиямен жағаласа кететініне, бұл жағаласта жаға жыртуға дейін баратынына ренжимін.

Мұндай жағдайды қою керек, біржолата қарасын өшіру керек. Бұл қырсықтан құтылудың бірден-бір тиімді де пәрменді амалы, менің ойымша, авторлармен шарт жасасқанда, оның жазбаша уәдесіне емес, бір қайнауы ішінде болса да, жазылған дайын сценарийіне сүйену керек. Әзда болса картина жасаудың тиянақты жоспары болуы үшін, киностудияда, сценарийлардің, бір қайнауы ішінде болса да, дайын қоры болуы қажет. Бір кезде киностудияның көркемдік жағын талқылайтын советі бір мәжілістің үстінде негізінде Қазақстан авторлары жазған он бестен астам киносценарийді жарамсыз деп тастағанын естігенде, бұл біздің жұмысымызда құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық екен деп жағамды ұстағаным бар. Кейбір жазушылар бұл фактіні «Қазақфильмнің директорының теріс көзқарасынан, Ш. Айманов жолдастың енжарлығынан деп шуылдасты. Бірақ, осы жуырда жарамсыз деп табылған сценарийлердің бәрімен таныса келе: студия дұрыс жасаған екен, деген анық қортындыға келдім. Жазам дегендердің аты да керемет, айдары да ғажап, қажеттің қажеті, бірақ аты бар да заты жоқ, сценарий шықпай қалған. Бірталай жастың, бірталай жасамыстың сценарийі жарамай қалыпты. Бірақ қайсысының болсын студияға кіна тағатын моральдық дәлелі болмасқа керек. Мен де осы тұжырымға келдім, осылармен танысшы деп, мен өтінген басқа жолдастар да осы тұжырымға келді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің әдебиетші сыншылардан және басқа білікті адамдардан құрылған беделді комиссиясы да осы тұжырымға келді.

Солай бола тұрса да, сөзіміз дәлелді болу үшін, кейбір сценарийдің қалай туғанын, қандай боп шыққанын айта кетейін. Өзінің сценарий бөлімінің орынды қарсылығына қарамай, киностудия Безуглов деген біреудің «Ақырын күттім» деген сценарийін қабылдап алып, шарт жасасқан. Сценарийдің басты кейіпкері жас дәрігер Сәуле жүрек ауруына дару табумен әуре. Айта кетейік, оны жер шарындағы қай халықтың қызы десең де бәрібір, оның өзімшілдігі сонша, коллективке арқа сүйемейді, ешқіммен ақылдаспайды, жападан жалғыз өзі мехнат шегеді. Бұл қара киімді ақ жіппен көктейтін көк иненің ісі емей немене? Ол тіпті өзінің ауру екенін жанды қарғаға айтпай, бетімен жүрген бір жан. Сценарийдің оқиға желісі де, автор қаһармандық деп отырған кейіпкер трагедиясы да осындай жасанды, жалған шиеленіске құрылған. Мұның бос әурешілік екені көзі ашық адамның қайсысына болсын тайға таңба басқандай көрініп тұрса да, біздің киностудиямыздың басшылары сценарийді толық жарамды деп тауып, авторға 6397 сомды санап берген.

Қолымызда Мосфильмнің творчестволық бірлестігі мен СССР Мәдениет министрлігінің көркемсуретті фильмдер жасау жөніндегі Бас басқармасы редакторының жауабы отыр. Онда бұл сценарий жазушы емес, жамаушының қолынан шыққан, кино өнеріне көрші қонбаған, тек сюжет құраудың ережелерінен хабары бар автордың далбасасы деп жазылған.

Біздің жас авторымыз Сатаев та Қарағандының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өмірінен күлдібадам, көмескі бірдеме жазыпты. Турасын айту керек, оның «Шығыс адамдары» сценарийге мүлдем ұқсамайды. Автор материалды зерттеп, ізденіп, көркем ой елегінен өткізіп жатпай, жеке фактілерді сюжет құру ережелерінің қуыс-қуысына тықпалай берген. Автордың жанрға, өзі көтеріп отырған тақырыпқа, тіпті жазушы парызы дегенге селқос қарағанына қайран қаласың. Өздеріңізге мәлім, ол әдебиетке Құрманғазы жөніндегі сценарий вариантымен келді, консультация, қаржы-көмек атаулының талайын соқты, бірақ ештеме тындырған жоқ. Бұл жолы да солай жасады: сірә сценарий бөлімі тарапынан мінеу-сынау туа бастасымен, өз қабілетіне өзі күмданып, сценарийді тиянақтамай тастай салған тәрізді. Сатаев жолдастың жазушылық жұмыста ең болмаса табанды болуын талап еткен жөн болар.

Басқа бір жас автор Б. Аманшиннің «Арғымақовтың ісі» атты сценарийі де дәл осындай, мораль мен тоғышарлық проблемаларын ойнатуға тырысқан, өзінше бір әурешілік.

Егер өзіндік ой ұрығы, дүниені өз көзімен тану нышаны болса ғана әдебиетке жаңа келген жас автордың тұңғыш қадамындағы сүрінулерін кешіруге болар еді. Бірақ жоғарғы екі жігіттен ондайдың нышаны көрінбейді. Жазушы деген аты бар аға буынмен бұдан гөрі де қатал сөйлескім келеді.

Киностудия белгілі ақын Қ. Бекхожиннің «Күн құрдастары» дейтін сценарийін жарамсыз деп тапты. Бұл бұдан бұрын Жасөспірімдер театрына инсценировка жасап берген «Ахан Ақтаев» поэмасының киноға аудара салған түрі екен. Турасын айтқанда, мұнда сценарий элементтері атымен жоқ. Автор жалпы драматургия дегеннің баршаға аян қарапайым қағидаларының өзін еске алмаған. Оның бар драматургия деп отырғанының өзі экскаватор, самосвал, каретка т. т. сияқты техниканың кешегі жаңалықтары туралы ұзақ сонар әңгімеге құрылған. Ал адамдары болса күйкі, шалағай халде қалып қойған. Автордың таңырқап, тамашалап отырған нәрселерінің бәрі оның суреттеп отырған тақырыбын, ортасын білмейтініне дәлел болған да шыққан. Бақсақ, киностудия жасаған шартын жеті рет жаңғыртқанда бүгінгі өндіріс адамдары туралы тәуір материал аламын деп дәмеленген, бірақ ол үміті заяға кеткен, өйткені, автор өз еңбегіне өндіріп түк қоса алмай қойған.

Дәл осындай дағдыр біздің енді бір әйгілі драматургіміз Ә. Әбішевтің «Достық бәрін жеңбек» деген сценарийінің басына да тап болды. Бұл да белгілі өндірістік конфликт, көмір комбайнын ойлап табу, сол жолдағы зиянкестермен күрес, т. б. секілді автордың байырғы пьесаларын қайталау болған да шыққан. Оқиға қазіргі күндікі сияқтанғанмен, драманың конфликтілік негізіндегі материал өткен дәуірдің шындығынан алынғаны көрініп тұр. Сценарийдің ең басты кемшілігі ондаған адамдар тіршілігі, қарым-қатынас түрі — не жаңашырлық, не жазғырарлық сезім тудырмайды. Бұл еңбекте адамдар қақтығысына шымыр оқиға, сюжет құрудағы автордың байырғы шеберлігі көрінбей қалған.

Маған «бұнысы несі» дегізген бір сценарий — тағы бір тәжірибелі драмтург-романисіміз З. Шашкиннің «Немерелерім боладысы». Ол киностудиямен Теміртау металлургтары жайлы сценарий жазбақ болып шарт жасасыпты. «Теміртау» романының авторынан дәл осы тақырыпқа жақсы сценарий күту табиғи да нәрсе. Авторды Москваға бір айлық семинарға жіберіп, қасына тәжірибелі консультант қосып бергенде де, Теміртау металлургтері туралы сценарий шығара алмай қойдық. Оның орнына киностудия автордан Қазақбай қарттың ұлдарын үйлендіріп, одан кейін сөз жоқ неме-

релері болғаны жайлы олпы-солпы бір сценарий әрең алған. Әрине, немере деген жақсы-ақ, бірақ автор олардың әкешешелері туралы, яғни Қазақстан магниткасының құрылысшылары туралы жөні түзу сценарий беруі қажет еді.

Міне жолдастар, кейбір жазушылардың өз еңбегіне жауапсыз қарағандығына жекелеген мысалдар осылар, мұндай жағдайда киностудиямызға өкпе, кінә артудың орны да жоқ, айтуға хақымыз да жоқ.

Меніңше, әділетсіз болды, қиянат етті деген желеумен іске аспай қалған сценарийлер төңірегіндегі пайдасыз айтыс-тартысты енді доғарып, алдағы уақытта жазушылық парызды саналы түрде ұғынып, өз қызметімізге өзіміз құрметпен қарап, жұмыс істеуімізді ойластырған жөн. Сонымен қатар, қаптаған кәкір-шүкір жарамсыз дүниелердің бәрі кезінде киностудияның толығымен мақұлдаған, қабылдаған дүниелері екені, оған бұрынғы басшылары ең алдымен Сиранов жолдас кінәлі екені, ал студияның жаңа басшылары тек «неке бұзу» актылары үшін ғана жазықты болатынын атап айтқан артық емес. Студияның жаңа басшыларына деген жазушылардың ең үлкен дауы мен таласының өзі тек қана осы мәселеден туып отырғандықтан, бұл тәсілді де тоқтату керек. Бұл мәселені енді қайтып соқпайтындай етіп тындыру үшін Қазақстан КП Орталық Комитетінің комиссия қортындысынан шағын бір цитата келтіре кетейін. Мұнда былай делінген:

«Ж. Жұмахановтың «Келін», Хасенов пен Берковичтің «Біз есейдік», Войтоловскаяның «Гренадам менің», Аманшиннің «Арғымақовтың ісі», Шашкиннің «Немерелерім болады», Безугловтың «Ақырын күттім», Тарасовтың «Шығанақ», Сатаевтың «Шығыс адамдары», Ғабдуллиннің «Тамаша адамдар», Сәрсенбаевтың «Ар майданында», Әбішевтің «Достық бәрінен күшті», Бекхожиннің «Күн құрдасы», Спириннің «Оюнның оқиғасы», Снегин мен Аронның «Қар суы», Ахтанов пен Нұрпейісовтың «Теңіз сыры» сценарийлерімен танысып шыққаннан соң, комиссия мынадай қорытындыға келді.

1. Аталған сценарийлердің бәрі дерлік өзінің алғашқы алған мазмұн-мұддесінен шықпаған, тақырыптары ұсақ. Қазақстан өмір шындығының ең басты проблемаларынан әлдеқайда алшақ жатыр.

2. Сценарийлердің көпшілігі кино талабының тұрғысынан өлшегенде шеберлік, мамандық сапалары төмен алынған, оқиға, әрекеттер жаттанды, жалған, адамдарының даралану. мүсінделу дәрежесі қанағаттандырмайды.»

Бұл, әрине, жазушылар тарапына айтылған қатал үкім, ауыр кінә болғанымен, барынша байыпты да әділ пікір. Бұл документте жасалған уәденің ірілігі мен нәтиженің ұсақтығы, тақырыптың жадаулығы, күйкілігі, арзанқолдық туралы айтылған бірсыпыра пікір бар.

Олай болса, осы айтылғандардан айқын көрінетін бір нәрсе — біздің кино өнеріміздің кәдімгідей дамуына қажет басты мәселесі — киносценарий мәселесі, басқа ештеме де емес. Бұл мәселені шешпейінше, өзге айтыла беретін мақсат түзулігі, талап дұрыстығы туралы әңгімеден пайда жоқ. Шарт бойынша жасалған сценарийлердің 75 процент кәдеге аспау — айтуға ұят нәрсе. Мен жазушыларды осы мәселені қатты ойлануға, барынша батыл да жауаптылықпен ойлануға шақырар едім, өйткені біздің пленумның да ең басты мәселесі — шын мағынасындағы кинодраматургия жасау мәселесі болуы керек.

Ал енді қазір түсіріліп жатқан фильмдердің сценарийлық сапалары мен алдағы уақытта сценарийларға заказ беру жұмысының жәйі қандай? Бұл мәселелер жөнінде де киностудияның жаңа басшыларының бетіне тура айтылатын бірқатар сындар бар.

Біздің киностудия қазір үш картинаны — Бондаренколардың сценарийі бойынша «Жол торабы», Тәшенов пен Сақкийдің сценарийі бойынша «Ана туралы аңыз» және А. Галиевтің үш новелласы — «Алқа», «Сыйлық», «Жас жұбайларды» түсіріп жатыр. «Жол торабын» түсіріп жатқан Айманов жолдастың жұмысының сәтті болуына әбден тілектеспін, әйтсе де менің байқауымша, бұл фильмнің сценарийінде көптеген кемшілік бар. Аты кісі қызығарлықтай. Алуан мақсат, сан характер мен шытырман әрекет тартысы жол торабы атаулының барлығына тән құбылыс екені белгілі ғой, фильмнің аты да осыған меңзегендіктен де бейнелі дейміз. Алайда, сценарийде барлық әрекет ол айтқандай емес, ұсақ, әшейіндегі болмашы жәйттерге ойысып кеткен. Жедел жәрдем дәрігері Ғалия сол мекемедегі күнделікті құбылыс — машина жетіспеу, кезінде болмай қалу секілділерге таусыла ашуланып, ұзақ жабырқап, жедел жәрдем бастығы мен денсаулық орнының меңгерушілерін өңшең жайбасарлар, жазым болғандарға жаны ашымайтындар, бюрократтар деумен болады. Кәдімгі белгілі жәйттер — өзінікі ғана жөн, өзгелердікі теріс. Бұл сюжеттің іске байланысты жағы. Енді бір жүйесі бар — ол Ғалияның бұрынғы күйеуі мен Ғалияға ғашық боп жүрген судья Ескендірдің оқиғаға қатынасуымен негізделеді.

Сценарий әжептәуір ширығып, еліктіріп-ақ басталады, не керек, сол қарқын ортасына да жетпей қалады. Ақыры бұл хикаяның тобықтай түйіні, айтайын дегені беймәлімдік пен бейберекеттікке ұласып, ұстатпай тынады. СССР Кинематография одағы ұйымдастыру комитетінің секциясында бұл сценарий қатал сынға ұшырағаны бізге мәлім. Сол комитет бюросының көшпелі мәжілісі де сценарийді қайта өңдеу керек деп тапқан.

Әрине мен, біздің студиямыздың сценарийлер жөнінде өз пікірі болуын құптаймын, бірақ көбірек білетін мамандар пікір айтқанда оларды тыңдау да керек болады.

Қазір болашақ фильмнің сценарий жауапкершілігін Айманов бүтіндей өзі алған көрінеді, оған мен сәт тілеймін, сонымен бірге бұл жұмыста оның аса терең ойлануын, зершілдікпен мұқият ізденуін айрықша ескертемін.

Ал енді «Ана туралы аңыз» сценарийіне келсек, меніңше, оның халі жаман болмасқа керек. Мұндағы қимыл-істің бәрі табиғи қалпында, сүйкімді де көңіл толтырарлық (тек аяғындағы әрі ерсі, әрі жалған түйіні болмаса, әрине, оны өзгерту қиынға түспейді.).

Мен өз басым жас жазушы А. Галиевтің кинода жасап жүрген қызметіне аса үлкен күдікпен, хауіппен қараймын. Ол шамадан тыс көп жазғыш, байқауымша, сол жазғандары сәтті де емес. Оның үстіне ол өмірді біздің жазушылардың қай-қайсынан да кем біледі, адамдарды да білместен жосықсыз суреттейтіні соншалық, қарап тұрып кісінің намысына тиеді. Оның екі новелласын, «Ұлым менің», «Газонды таптамаңыз» деген сценарийлерін екі қайтара оқып шығып, бұл жазушыға біздің өміріміздің шындығы деген, біздің өнеріміздің идеялық-көркемдік тұрғыдағы биік принциптері деген түк әсер етпейді екен деген өкінішті ойға келдім.

Оның новеллаларының шындыққа мүлде үйлеспейтіні, мүлде жалғандығы соншалық, бұл автордың көркем өнерге қалай қарайтынын болжау мүмкін емес. Ол шығарманың идеясы болады-ау деп ойлап көрмеген, адамдарға эстетикалық тәрбие беру міндеті миына кірмеген кісі, егер идеясымағы болса, онысы әлдеқашанғы ескі анекдоттан былықтырып құрастыра салған бейберекет бірдемелерден туып жатады.

Мысалға оның «Сыйлық» деген новелласын алайық. Бір колхозға оның өмірі туралы мақала жазбақ болып, бір журналист келеді. Колхоздың бұрынғы председателі (қазіргі председателі соның әйелі) журналист жамандап жазатын болар, мұның көңілін жібітейін деп ойлайды. Сөйтіп, ол қалаға қошқар әкеп, соны көшеде жетектеп келе жатады. Сценарий-

дің соңында новелланың геройы өз қошқарымен өзі сүзіседі. Маған бататыны — осы адамның, сана-сезім жағынан қойға теңелгендігі емес, бұл арқылы жалпы совет адамын кемсіту болып табылатындығы. Адамға, коммунизм құрылысшыларына, талай-талай ғажайып істер істеліп жатқан Совет республикасының адамдарына мұндай жауапсыз көзбен қарауға болмайды. Жазушы адамдарды қорлап, ақымақ қылуды емес, олардың қасиетін көтеріп, интеллектік арттыруды көздеуге тиіс.

Оның «Жас жұбайлар» новелласының негізі де қайдағы жоқ бірдемелерден, ойдан шығарылған нәрселерден құрылған. Әйелі басқа қалада оқып жатқан, бой-басында күтімі жоқ бір инженерге құрылысшы қыздардың жаны аши қалады. Олар инженердің әйеліне жасырын хат жазып, егер дереу келмесең, күйеуіңнен айрыласың дейді. Міне негізгі конфликт осы, қалғандары жалған комедия үлгісімен жеңіл шешімге апаратын нәрселер.

Галиев новеллаларымен байланысты киностудия басшыларына мынаны ескертуді қажет деп табамын: егер түсіру процесінде айтылған жайлар мықтап тұрып түзетілмесе, қалың көпшіліктің талқысымен баспасөз бетінде қозғарлықтай аса үлкен де жағымсыз әңгімеге келетініміз сөзсіз. Ал біз бұдан аулақ болуымыз керек, лайым аулақ болайық.

Баршаңызға мәлім, Галиев сценарийімен жасалған «Ұлым менің» картинасы барлық жерде баспасөз бетінде тіпті нашар баға алды. «Советский экран» журналы өлімші етіп тұрып сынады, әділ сынады. Онда былай делінген: «Фильм кинематографияның өңкей қоқыстарынан, бұрын киіліп, қазір әбден тозығы жеткен шоқпыттардан құрастырып тігілген. Өмірге деген өзіндік түк көзқарасы, ойы жоқ». Өкініші сол — осы баға Галиев қаламынан шықты дегендердің бәріне де ортақ.

Соңғы уақыттарда заказ беріліп, 1962—1963 жылдары қолға алынады делінген сценарийлердің халі де оңып тұрған жоқ. Бұл сценарийлер төңірегінде де көптеген наразылық айтылып жүр. Көп реттерде олардың орындылары да бар. Шамасы студия сценарий жұтаңдығына ұшырап қалған соң, кейбір жауапсыз авторлармен де асығыс шарт жасасып қойған түрі бар.

Мысалы Зайцевтің «Құмырсқа» сценарийі бізді қайта-қайта бәз-баяғы бір партизан балаға алып келе беруден аспайды және ол Тарковскийдің «Иванның балалық шағына» шендесіп жатса, бір сәрі-ау!

Егер студияның Ұлы Отан соғысы туралы тақырыбына

іргелі бір фильм жасағысы келсе, Совет Одағы батырларының саны жағынан қазақтар Одақ бойынша үшінші орын алатынын ұмытпауымыз керек. Нұркен Әбдіров Гастелло-ның ерлігін, Сұлтан Баймағамбетов Матросовтың ерлігін қайталады. Советтік Шығыс әйелдері арасынан екі қазақ қызы Совет Одағының Батыры атағын алды.

Трухиннің халықтар достығына арналды деген «Тынымсыздар» сценарийінен де көзге ұрып тұрған жаңалық сезілмейді. Қазақ қызы орыс жігітіне, корей қызы қазаққа тұрмысқа шығады. Мұнда махаббат тақырыбының тұрпайыланып, жалған интригаға күштеп телінгені соншалық, ол тіпті кісіні жиіркендіреді.

А. Галиевтің студиямен шарт жасасқан «Газонды таптай көрмеңіз» атты соңғы сценарийі де, оның бұрынғы дүниелері сияқты, екі ұшты, түсініксіз әсер қалдырады. Мұнда үлкен құрылыс тақырыбы ұсақталып жеке бір жайлардың төңірегінде қалған. Автор дүниеге есіктің саңлауынан сығалап қарағандай, байсалды жинақтау дәрежесіне көтеріле алмаған.

Б. Соқпақбаев пен Залеранскийдің «Менің атым Қожа» сценарийі біршама тәуір әсер қалдырады. Сценарийдегі балалардың ата-анасы мен мектеп мұғалімдерінің характерлерін даралап, тереңірек бейнелей түссе, бұдан балаларға арналған қызғылықты фильм шығуы мүмкін. Алайда, сценарийде қазақ семьясына тән емес нәрселер де бейнеленген. Менің ойымша, авторлар сценарийін табиғи тартысқа құруы керек еді. Қазір жастар мен орта буынның өкілдері балаларын осы заманғы педагогика талаптарына сай тәрбиелегісі келеді, атайлар мен әжейлер немерелерімен күніұзақ қалғанда оларға ескіше ықпал жасайды. Әрине, олар мұны игі ниетпен жақсы көргендіктен жасайды. Бірақ, осынау игі ниеттің өзінде заман талабымен тартыстың бір ұшығы жатыр. Сценарий авторлары әзірге тақырып кілтін дәл таба алмаған сияқты. Жалпы айтқанда, сценарийлік вариант повестен солғын шыққан.

Москваның кейбір кино қайраткерлері біздің жас жазушымыз Ә. Әшімовтың «Жазира» сценарийін табанын жерге тигізбей мақтап жүр. Менің ойымша, мұның бәрі әсірелеуден туған ғой деймін. Автор қазіргі күнге лайық келе бермейтін мәдениетсіздік пен жадау-жүдеулікті сценарийіне тиек етіп, лепірме ұрандармен істі оңай шешеді. Сценарийде әзірше типтік жағдай да, типтік кейіпкер де, тепе-теңдік те жоқ. Автор революциядан бұрынғы кезге тән анайы надандықты іріктеп алған да жабайылықты даттаудың, осы заманның идеясын білдірудің оңай жолын тапқан. Сценарийдің басты

геройы Отынбай күні бойы ұйқыдан бас алмайды да, түнімен өзенді жағалап сенделіп жүріп алады.

Мен бұл сценарий авторының талантты жас жазушы екенін білемін. Сол себепті де автор әлі де көп-көп еңбектенеді, сценарийін қайта жөндеп, тиісті дәрежесіне жеткізеді деп сенемін.

1962—1963 жылдарда өндіріске берілуге тиісті басқа сценарийлер де осындай халде. Идеялық-көркемдік сапасы жоғары шын мәнінде даяр тұрған туындылар атымен жоқ.

Жоғарыда айтылғандардан біздің кино өнеріміздің дамуындағы шешуші буын сценарий мәселесі екені көрініп отыр. Осы мәселені біржолата түпкілікті шешпей тұрғанда, біз киностудияны кездейсоқ тақырыптар мен кездейсоқ авторлардың қалың тобырынан арылта алмаймыз. Қарадүрсін картиналар шығарғаны үшін киностудияны сынағанымен Қазақстанның бірде-бір жазушысы студия басшыларының кесірінен қозғаусыз жатып қалған бірде-бір құнды сценарийді атап айта алмайды. Іріктеп, сұрыптап алардық ештеңе болмаған қысыл-таяң жағдайда әркім-ақ біздің студия басшыларының кебін киер еді. Менің өз басым киностудияның жоспарында қомақты туындыларға заказ жасалмайтынын құптамаймын, республика өнеркәсібінің даму тақырыбын, немесе тың игеру тақырыбын ұсақтап, берекесіздендіріп жіберетінін құптамаймын. Мен студия тарапынан қазақ халқының рухани қазыналарына назар аудармай отырғанын дұрыс демеймін. Ал мұндай байсалды заявкалар жазушылар тарапынан да болмай отыр.

Меніңше, жазушылардың кинодраматургия жанрына көзқарасын өзгерту керек. Бұл роман немесе поэма, пьеса немесе повесть сияқты маңызды әдебиет екенін, тіпті олардан да маңыздырақ әдебиет екенін айтуымыз керек. Жақсы сценарий экрандалып, жақсы фильм болып қана қалмайды, әдеби туынды ретінде де басылып шығарылады.

Екіншіден, кино мен театрларды ведомстволық мекемелер деп есептейтін теріс пікірден арылған жөн. Егер турасын айтсақ, осынау мекемелер Мәдениет министрлігінің қамтуында болғандықтан, біз, жазушылар, олардың мұң-мұқтажын біле бермейміз, бүкіл моральдық жауапкершілікті Мәдениет министрлігіне аудара саламыз. Бұл дұрыс емес. Драматург өз туындысын театрдан бөліп қарай алмайды. Халыққа көркем тәрбие беру майданын кино кеңірек те, тереңірек те қамтып бара жатқан қазіргі жағдайда жазушы шарт жасасып қоюмен іс тындырмайды. Жазушы киностудияға өзінің төл мекемесіне барғандай еркін баруы керек, ал киностудия да жазу-

шыны құшақ жая қарсы алсын. Амал қанша, осы уақытқа дейін бұлай болған жоқ. Кейбір жолдастар бір-бірінің еңбегін жоққа шығаруға дейін барды. Театрлар мен киностудиялар драмтургсіз күн көре алмайды, ал драматургтеде де оларсыз тірлік жоқ. Алдағы уақытта біз көп созбұйдаға салмай, киностудиямен де, республиканың театрларымен де творчестволық ынтымақ жасаудың тиімді бір түрін табамыз ғой деп ойлаймын. Мұндай ынтымақ болмайынша көркемөнердің жай-жапсарына жазушының моральдық жауапкершілігі дегенге түсіну қиын. КПСС Орталық Комитетінің соңғы қарарында, сол сияқты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімінде фильмнің сценарийлік желісін жасау бірінші кезекке қойылды. Киностудияда сценарий бөліміндегі редакторлар алқасын басқаратын бас редактор қызметі тағайындалды. Осынау үлкен мәніндегі творчестволық істі басқару қай драматург үшін де асқан құрмет болар еді.

Бұдан былай сценарий мәселесі жұртшылық назарынан тыс қала алмайды, ол Жазушылар одағында да талқыланатын болады. Қысқаша айтқанда, жазушылар мен киностудия осы кезге дейінгі ресми қарым-қатынасты қойып, бір-бірімен қоян-қолтық араласып кететін болсын.

Біздің ұлттық жас кино өнерінің қалыптасу жолында жоғарыда айтылған, немесе айтылмаған кемшіліктеріне қарамастан, алда оның даму қарқыны жеделдей түсетініне мен кәміл сенемін. Біз тағы бір рет сөз таластыруға жиналып отырған жоқпыз. Мен, әрбір жазушы, әрбір кино қайраткері осында құр алақан келіп отыр деп ойламаймын. Мен де құр алақан келіп отырғаным жоқ. Менің көкейімде жүрген бір ойым бар, егер студия оны құптаса, сценарий жазуға отырамын. Әрбір драматург осылай жасайды ғой деп ойлаймын.

Ендеше студия кинодраматургияны өрге бастыруға дайын тұруы қажет және оның перспективалық жоспарын жасағанда, бүгінгі қысыл-таяң жағдайдың тар шеңберінде қалып қоймауы керек. Мен студия өзінің режиссурасын, сценарий бөлімінің жұмысын жақсартады деп сенемін, жазушыларды жылы шыраймен қабылдап, киноактер кадрларын дайарлайды деп сенемін. Профессиялық мәдениеті болмайынша, профессиялық шеберлікті меңгермейінше талант өсуі де мүмкін емес.

Бұл жөнінде ең соңғы мәселе — жазушы-драматург пен кинорежиссердің творчестволық ынтымағы жайында. Осыдан бір жыл бұрын ғана біз кинорежиссерлер ебін тауып сценарий авторлығына жармасады деп, оларға ренжіп жүрдік. Ал, картинаны қоюшы режиссерлердің басым көпшілігінің

бұған толық моральдық қақысы бар екенін фактілер айқын көрсетіп отыр. Көп жағдайда тәжірибесіз драматург студияға шикі дүние әкеледі екен де, оны болашақ фильмге драмалық арқау ету үшін режиссер автормен бірдей, тіпті одан көбірек те бейнеттенеді екен. Л. Леонов дәл тауып айтқандай, шын суреткер бір түйір бүршіктен жайқалып өсетін биік ағашты, оның тарам-тарам бұтақтары мен жайқалған жапырақтарын, саялы көлеңкесін көре білетін жіті көзді болу керек. Режиссер осындай суреткер болса, онымен одақтасқан драматург ұтылмайды. Қазір совет киносының ірі қайраткерлері драматург пен режиссердың ынтымақтаса еңбектенгені абзал деген пікірлер айтып жүр. Менің ойымша, біз үшін нағыз жемісті жол осы. Біріншіден, ол кино ерекшелігін меңгеруге пайдалы, екіншіден, практикалық үйренудің ең жаңа жолы да сол, одан бой тежеп тартыншақтауға болмайды.

* * *

Біз бүгін кино өнеріміздің ахуалын, оның алғаш қаз тұрған қалпында, жалпы совет киноөнерінің дамуынан алабөтен бөліп алып талқылап отырған жоқпыз. Өйтсек мүлде дұрыс болмас еді.

Біз киностудиямызды ұлттық киностудия ғой деп, кешірім жасап, оған жүктелетін парызды жеңілдете алмаймыз. Сол сияқты драматургтерімізге де ұлт авторлары деп қарап орынсыз кеңшілік жасай алмаймыз. Біз сценарий тапшылығының тауқыметін тартып отыр екенбіз деп, кино драматургтерге жүктелетін профессиялық шеберліктер тұрғысынан қойылатын үлкен талаптарға немқұрайды қарай алмаймыз. Көптеген кітаптардың, театр постановкаларының, кинофильмдердің идеялық, көркемдік сапасының нашар болуы алдымен бізді, жазушыларды, ренжітеді. Мұның бәрі де біздің өнеріміздің барлық сыр-сипатын, шеберліктің ұңғылшұңғылын түгел меңгере алмауымыздан, дилетанттыққа ұрынуымыздан етек алып жүргендігі баршаға аян.

Жазушыларымыз бен кино қайраткерлері жас кино өнеріміздің түйінді мәселелерін талқылауға белсене атсалысып, басы артық әңгімелерді тоқтатып, оның қаһарман заманымыз талап етіп отырған шырқау биікке көтерілуіне шындап көмектесетініне сенім артамыз.

«Қазақ әдебиеті», 1962, 23 ноябрь.

КҮРЕСТЕ ТУҒАН ЫНТЫМАҚ

Екі ұлы құрлық — Азия мен Африка тоғысатын ежелгі Мысыр жерін, шөл даланың қан тамырындай тынымсыз ағып жатқан Нілдарияны айтқанда, жастайыңнан естіп, кәнігі болған аңыздар есіңе түседі. Бір кезде мол мәдениеттің бесігі болған Нубия, көне Египет пен байтақ Араб елі, алуан өнердің қорлы көзі болған басқа да Африка елдері, халықтың бейнеті мен даналығының айғағындай болған мұнарлары, алтынмен апталып, күміспен күптелген ғажайып сарайлар көне тарих жүзінен шығып, көз алдыңа көлденеңдеп тұра қалғандай болады...

Міне, осы ертегі-аңыз жерінде, Каир қаласында жуырда ғана Азия мен Африка жазушылары ынтымағының екінші конференциясы болып өтті. Конференция жұмысына еліміздің көрнекті жазушылары — Мырза Тұрсын Зада, Зүльфия, Анатолий Софронов, И. Абашидзе, Вадим Кожевников, Мехти Гусеин, Берді Кербабаев, Аалы Токомбаев, Эдуард Топчиан, Камил Яшен сияқты аса көрнекті жазушылары қатысқан еді. Ал, мен, Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясын әзірлеу жөніндегі Халықаралық комитеттің мүшесі ретінде, Каирге ертерек барып, конференцияны өткізу ісінің басы-қасында болып, совет делегациясының құрамындағы қаламдас серіктеріммен бірге үлкен жиынның жемісті өтуіне ат салыстым.

Қазіргі заманның техникасы алысты жақын етіп, теңіздер мен құрылықтарды ұлтарақтай тарылтып тастады ғой. Біздің құрыш топшылы «ИЛ-18» Москвадан Каирге дейін бес жарым сағат қана ұшады екен. Бірақ жер апшысы қуырылып тарылғанмен қазіргі адамның ой-өрісі, рухани дүниесі кеңейіп, ұлғайып барады. Күні кеше ғана батыстың басқыншы

империалистері Азия мен Африканы, жеті атасынан қалған мұрадай еркін иемденіп, оның біреуін — үнсіз, мылқау құрлық десе, екіншісін ұйқыдағы құрлық деуші еді. Қазір қарап тұрсаң, үндемес Азияның байтақ даласынан өз тағдырын қолына алған азат халықтардың айбарлы үні шығады. Олардың құдіретті үніне бүкіл планета құлақ түреді. Ал «ұйқыдағы» Африка ояныпты. Оянғанда қандай. Жанар таудай атқылап, отаршыл жыртқыштарды мұхитқа лақтырып тастап жатыр. Құлдық бұғауын үзіп, тәуелсіздік алған, өз алдына азаттық туын көтерген елдер қатары қалыңдап келеді. Африканың П. Лумумба, Д. Кенията, Ф. Мумие сияқты күрескерлері бүгінгі бостандық сүйгіш халықтардың құдіретті күшінің символына айналған. Бірақ жаралы жыртқыштың соңғы тұяқ серпетіні бар емес пе, сол сияқты империалистердің қанды шеңгелі әлі де болса, бостандық алған елдер жағасын босатқан жоқ. Олардың тіс-тырнағы әлі де жас елдердің уыз денесін айғыздап таңба басып жатыр. Жаңа елдердің көбі тәуелсіздік туын көтергенмен, экономика, мәдениет жағынан әлі де империалистер ықпалында. Сан жылдар бойы Азия мен Африка елдерінің қазынасын, халықтарын ашса — алақанында, жұмса — жұдырығында ұстап үйренген отаршылдар ен байлықты оп-оңай тастап кеткісі келмейді. Барлық қулық-сұмдықты жасап жанталасады, тіпті тотының тонын жамылып, сол халықтардың «досы, қамқоршысы» болып көрінгісі келеді. Міне империалистердің, отаршылдардың осындай қулық-сұмдығына, зорлық-зомбылығына қарсы күресте, бейбітшілік пен тәуелсіздік, азаттық жолындағы ұлы күресте Азия мен Африка жазушыларының ынтымақтасу, бірлесу қозғалысы келіп туды. Өйткені жазушы — өз халқының перзенті. Ол бүгінгі күннің көкейкесті мәселесінен, халықтың отаршылдық құлдыққа қарсы азаттық, бейбітшілік жолындағы күресінен қалыс қала алмайды.

Бұдан үш жылдан аса уақыт бұрын Ташкентте, Әлішер Навои атындағы театрда Азия мен Африканың 37 елінің жазушылары бас қосып, екі құрлық әдебиетшілері ынтымағының негізін қалап еді. «Ташкент рухы» деген қанатты сөз де осында туды. «Ташкент рухы» дегеніміз ол — бірлік пен ынтымақ рухы, бейбітшілік, бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрес рухы, Азия мен Африка жазушыларының мызғымас берік ұйымшылдық рухы.

Қос құрлық жазушыларының Каирдегі екінші конференциясында да «Ташкент рухы» басым болды. Азия мен Африканың елуден астам елінен жиналған әдебиетшілер өз халықтарын, бүкіл әлем халқын тебірентерлік өзекті мәселелерді

сөз қылды. Олар империалист жыртқыштардың Африка мен Азияның отар елдеріндегі айуандығын әшкерелейтін отты да уытты сөздер айтты. Египет өкілі Юсеп эс-Сибаи кіріспе сөзінде: «Жазушы — азамат, жазушы — күрескер. Халықтардың азаттық жолындағы күресінде олар маңызды роль атқарды» деп қазіргі замандағы қаламгер міндетін ұтқыр тілмен аша сөйледі.

Түрік ақыны Назым Хикмет пен Куба ақыны Николас Гильен есімі әлемге әйгілі. Мұның екеуі де өз елінің тәуелсіздігі жолында күрес туы болған, жалынды сөздермен жарақты жауды жайратқан елдер. Бұлардың екеуі де халқының азаттығы жолында күрескендері үшін түрмеге жабылды. Туған елдерінен де қуылды. Бірақ екеуі де қажыған жоқ. Конференцияға жиналған жұрт осы ақын азаматтардың жан толқытарлық сөздерін ынта-ықыласпен тыңдады.

Өзінің қазынасы, алатын орыны жағынан бүкіл Африканың жүрегі аталатын Конго жерін, міне жыл жарымнан бері отаршыл жендеттер қанға бояп жатыр. Олар Конго халқының көсемі Патрис Лумумбаны айуандықпен өлтірді. Сол себепті де конференцияға қатысушылар Конго жазушысы Анисет Мбиасидің: «Африка жазушыларын азаптап абақтыға қамап жатыр. Бірақ олар күресті тоқтатпайды!» деген сөзін қызу қарсы алды.

Каир конференциясы әрбір жазушының өз халықтарының өмірі мен күресіндегі атқарар міндетін, алдындағы мақсатын айқындап бергендей болды. Әдебиетшілер Каирда өздерін тебіренткен ойларын ашық айтты. Совет жазушылары конференцияда айтыс-тартыстың қалың ортасында болды. Олар Азия мен Африка елдеріндегі қарулас, қаламдас серіктерімен бүгінгі күннің келелі мәселелерін қызу талқылады. Олар бейбітшілік үшін күрес, қарусыздану, халықтардың бейбіт өмір сүруі, мәдени байланыс сияқты мәселелерді көп-көп әңгіме етті. Совет делегациясының ойлары конференция делегаттарына қатты әсер етті.

Каир конференциясында Дели мен Ташкентте басталған әдебиеттер туысқандығы күшейіп, жақсара түсті. Индияның көрнекті жазушысы Мулк Радж Анандтың сөзімен айтқанда, Азия мен Африка жазушылары әдебиеттерді бір-бірімен қауыштырған достық көпірін салды. Бұл салада, әсіресе қос құрлық жазушыларының шығармаларын аударып басу жөнінде көп жұмыстар жасау керек. Конференция кезінде Сенат сарайында Азия мен Африка жазушыларының Совет Одағы халықтарының тілдерінде шыққан кітаптарының көрмесі ашылды. Мұнда біздің қазақ тілінде шыққан кітаптар да бар

еді. Революцияға дейін жазу-сызуы болмаған халықтардың тіліне аударылған өз шығармаларын көрген жазушылар мұны «Мың бір түндегі» ғажайыптардай бағалады. Азия мен Африка жазушыларын аударуда біздің өзбек туыстарымыз табысты көрінді. Олар үнді мен үрду, араб тілінен тікелей аударатын дәрежеге жетіпті. Бұл да біздің ойландыратын жақсы іс.

Конференцияда Азия мен Африка елдерінің тарихын қайта жасау мәселесі, олардың мәдени-рухани дамуының бағыт-бағдары көп-көп сөз болды. Бұл мәселені талқылау үстінде олар патшалы Россияның шет аймақтағы артта қалған мешеу халықтарының совет өкіметі жылдарында, тарихи қысқа мерзім ішінде, соншалық биік мәдениетке ие болып, ғылым мен техниканы өркендеткен мол тәжірибесін мұқият зерттеп, үйренгісі келеді. Біздің өткен жолымыз көп елдерге сабақ, қазіргі өміріміз — үлгі-өнеге.

Төрт күнге созылған конференцияда Азия мен Африка жазушыларының ынтымағы мен бірлігінің айғағындай болып аса маңызды документтер қабылданды. Олардың ішінде жалпы декларация, бүкіл дүние жүзі жазушыларына үндеу Азия мен Африка елдері студенттеріне үндеу және басқа документтер бар.

Конференция делегаттары Алжир мен Ангола халықтарының азаттық жолындағы күресін бірауыздан қостады. Ангола халқының басшысы ақын А. Нетаны тұтқыннан босатуды талап етті. Сонымен бірге олар барлық елдерді Антуан Гизенганы азат ету үшін күресуге шақырды, шетелдік монополиялары мен олардың жалдамалы жендеттерінің Конго ісіне араласуына тыйым салуын Біріккен Ұлттар Ұйымынан талап етті. Конференцияға қатысушылар Европаның прогрессшіл жазушылары Азия мен Африка жазушыларының игілікті ісін қуаттап қосылады деген сенім білдірді.

Конференциялар аралығында жазушылар жұмысын реттеп отыру үшін 23 ел өкілдерінен Тұрақты атқару комитеті құрылды. Оның мәжілісі жыл сайын өткізіледі. Ал жазушылардың конференциясы екі жылда шақырылады. Сонымен қатар, Коломбо қаласынан «аударма жөніндегі орталық» ұйымдастырылмақ. Каир конференциясы белгіленген келелі істі жүзеге асыру үшін — Азия мен Африка елдері әдебиеттерін мол аударып, жазушылар ынтымағын күшейту үшін Тұрақты бюро қыруар көп жұмыс жасауы керек. Бұл комитет жұмысын бұрынғыдан да салмақтандыра, ауырландыра түседі.

Индонезия жазушыларының ұсынысы бойынша, Африка мен Азия жазушыларының кезекті конференциясы Индонезияда өткізілетін болды.

Қорыта айтқанда, Каир конференциясы Африка мен Азия жазушыларының бірлігін, ынтымағын нығайта түскен тарихи оқиға болды.

«Қазақ әдебиеті», 1962 жыл, 2 март.

ҚОС ЖҰЛДЫЗ

I

Май айы — мархабат айы, жыл тәуліктің жібек самал жұпар кезі. Қызылды-жасылды қырмызы дала қазақ пен өзбек кілеміндей құлпырады. Жадыраңқы табиғат, жайраң қаққан жан иесі осынау кең-байтақ Қазақстан бүгін өзінің ең жақсы достарын — өзбек бауырларын қарсы алып отыр.

Туысқан халықтар әдебиеттерінің бір-біріне он күндік апталықтар өткізуі бірер жылдан бері дағдылы салтқа айналып кеткені мәлім. Мұның өзі коммунизмге бір табан ілгері басқандық, ұлттардың бірі-біріне жақындасу айғағы сияқты.

Алдыңғы жылы біз, Қазақстанның бір топ ақын, жазушылары, Өзбекстанда әдеби апталық өткіздік. Нағыз бауырмалықты, қонақжайлылықтың шын үлгісін көрдік. Бұрын да сыйлас, сырлас халық, бұл жолы бізді бұрынғыдан да жақын тартып, алаңсыз ашық көңілімен, ыстық құшағымен баурап әкетті.

Қазақ, өзбек халықтары ертеден араласып, ежелден достасқан. Сонау алыс Батысты Шығыспен байланыстырған «Жібек жолы» қазақ, өзбек жерлері арқылы өтетін. Жыр атасы Әлішер Навои, ұлы ғалым Ұлықбек қазақ елінің даласына көп өнеге, өнер таратқаны әркімге аян. «Өзбек — өз ағам» деп қазақ атамыз тегін айтпаған. Ол — талай ғасырдан бері қалыптасып, қанға сіңген достықтың куәсі.

Өз алдына отау тігіп, одақтас республика болғалы бұл екі елдің жаны аралас, малы қоралас болып, аралары өте жақындасып кеткені мәлім. Қазақстан Магниткасының шүмегінен аққан алғашқы шойынның Ангрендегі өзбек метал-

лургия заводына жіберілуі дәл осы достықтың айғағы тәрізді.

Енді, міне, өзбек ағайындардың өздері келеді. Кең шалғын, мол дастархан, дархан көңілді Қазақстан жері өзбек бауырларын ақжарқын ашық көңілімен қарсы алады. Әлішер мен Абай, Хамза Хакім-Зада мен Сәкен Сейфуллин, Абдолла Қаһһар мен Бейімбет Майлин, Айбек пен Мұхтар Әуезов, Ғафур Ғұлам мен Сәбит Мұқанов жасаған егде екі әдебиет, бай дәстүр мол қазынасын ортаға салады. Коммунизм адамының моральдық кодексіне сай жас ұрпақ, жаңа қауым тәрбиелеудің түбірлі мәселелерін ақылдасып, әдебиеттерімізді өрге бастырудың жолдарын әңгімелеседі.

Құрметті қонақтарымыз Алматы театрында астана жұртшылығымен танысады. Колхозды ауылдың өмірін көріп, қырға шығады. Есік көлдің, Бурабайдың ғажайып көрінісін тамашалайды. Балқаш мыс қорыту комбинатында болады. Қарағанды шахталарына түседі. Қазақстан Магниткасының жас құрылысшылары қадірлі меймандарды құшақ жая қарсы алады. Дүние жүзіне атағы жайылған Тың өлкесінің өрендері өзбек бауырларына шетсіз-шексіз егін теңізін көрсетеді.

Өзбек әдебиетінің өрен туындыларын талқылап, зерттеуге қазақтың көрнекті қалам қайраткерлері, ақындар мен жазушылар, драматургтер мен сыншылар, тіл ғылымның майталман мамандары қатынасады. Өзбек әдебиеті — Шығыстағы ең көне, ең бай, дәстүрі мол әдебиет. Байрон мен Пушкин, Гейне мен Горький қайран қалған ғажайып поэзия, лала гүлдей жұпар атқан, құралайдың көзіндей сұлу жыр, әрі нәзік, әрі өткір, әрі әсем өлең осынау өзбек жерінде туған. Дана халықтың дарынды перзенттері Ғафур мен Айбек, Қаһһар мен Ойгун, Миртемір мен Зүльфия, Навои, Хамза дәстүрлерін жүдетпей, анағұрлым байытып, әрлендіре, нәрлендіре түсті.

Өзбек, қазақ халықтары жан аяспас қандай туыс болса, өзбек, қазақ әдебиеттері де түр, жанр, көркемдік жағынан өзара туыстас. Өзбек жыры мен өзбек қара сөзін қазақ ақын, жазушылары қаншама сүйсіне аударса, қазақ жырларын да өзбектер соншама қатты қадірлейді, екі елдің рухани бауырмалдығы осыдан да айқын көрінеді.

Бүгін біздің астанамызда ашылғалы отырған өзбек әдебиетінің он күндік апталығы тек өзбек, қазақ халықтарының ғана мерекесі емес, бұл өзара достығы жарасқан барлық совет халықтарын түгел сүйсіндіретін, оларға да өзіміздей жақын, қуанышты мереке болып көрінеді. Бұл —Совет Одағы Коммунистік партиясының лениндік данышпан ұлт саясаты-

ның салтанаты, үлкен ағамыз, ұлы орыс халқы бастаған совет халықтары мен ұлттарының мызғымас достық бірлігінің жақсы бір көрінісі.

Өзбек достар Қазақстанға келді. Жақсылық пен жамандықты, қуаныш пен қайғыны ортақ атқарған екі халықтың егіз дариядай еншілес әдебиеті бір арнада, Алатау аңғарында тоғысты. Шығыстың қос жұлдызы Алматы аспанында күлім қақты.

Хош келдіңіздер, бауырлар!

II

Қазақстанның көп бояулы көктеміне, асқақ әніне туыс бір бояулар, таныс бір әндер қосылғалы келеді: ол — ардақты Өзбекстанның атақты ақын-жазушылары, атақты сахна бұлбұлдары, сахна өрнекшілері. 15 май күні астанамыз Алматыда Өзбекстан әдебиетінің он күнге созылатын апталығы басталады. Апталық Алматыда басталады да, қадірлі достарымыз Қарағанды, Целиноград, Көкшетау, Бурабай, Балқаш барып оралғаннан кейін, Алматыда аяқталады.

Көп ұлтты совет әдебиетінің тұрлаулы дәстүріне айналған апталық бізде үшінші рет өткелі тұр: бұдан бұрын шағынырақ шеңберде туысқан қырғыз, украин әдебиеттерінің апталықтарын өткізгенбіз.

Бұл жолы Қазақстан еңбекшілері ғасырларға созылған бай тарихы бар, өзіндік берік бет — дәстүрі бар өзбек, қарақалпақ әдебиеттерінің атақты қайраткерлерімен кездеседі. Қарсы алар қонақтарымыздың ішінде Совет Одағынан шырқап шетелдерге де аттары әйгілі Мұса Айбек, Ғафур Ғұлам, Зұльфия, Камел Яшен, Абдолла Қаһһар, Хамит Ғұлам, Миртемир, Сабыр Абдолла сияқты, Қарақалпақтан Жолмырза Аймырзаев сияқты көрнекті ақын-жазушы достарымыз бар, Халима Насырова, Соадат Қабулова, Ғалия Измаилова сияқты СССР халық артистері, асқан сахна өрнекшілері бар. Сонымен бұл жолғы әдебиет апталығының бір ерекшелігі — Қазақстан еңбекшілері бауырлас Өзбекстанның әдебиетімен ғана емес, атақты әншілерімен де, бишілерімен де танысады.

Біздің бұл жолы құшақ ашып қарсы алар достарымыз ар жағы Әлішер Навоидың ұрпақтары, бер жағы Садреддин Айни мен Хамза Хакім-Зада Ниязидің іні-қарындастары. 1916 жылы «Уланған өмір» трагедиясын, 1918 жылы «Бай мен батырақ» драмасын жазған Хамза Ниязи, 20-жылы «Бұқара жендеттерін», 25-жылы «Одина» повестін жазған

Садриддин Айни тай-таласқан таптық күрестерде, ұлтшылбайшыл идеологиямен күрестерде өзбек совет әдебиетінің социалистік реализм бағытынан айнымауға үлкен әсер еткен ұстаздар. Өзбек совет әдебиеті осы екеуінен басталады.

Өзбекстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Камел Яшен бастап келе жатқан қадірлі қонақтарымыз — Мұса Айбек, Ғафур Ғұлам, Зұльфия, Абдолла Қаһһар, Миртемир, тағы басқалары Қазақстан еңбекшілеріне көптен таныс, өз ақын-жазушыларындай болып кеткен, ұл-қыздарымыз мектепте танысатын аға жазушылар. Айбектің «Менің дауысым» атты өлеңдер жинағынан бастап, «Кек», «Замана қызы Дилбар» атты поэмалары, әсіресе «Навои», «Алтын өлкенің желі» атты романдары біздің оқушыларға кең көлемде таныс шығармалар. Айбек үш рет Ленин орденін алғанда, «Навои» романына мемлекеттік бірінші сыйлық алғанда, біз оны әрдайым мақтаныш етіп, қуанышпен құттықтап отырдық.

Айбек сияқты, атақ-даңқы совет шекарасынан асып, әлемге кеткен совет поэзиясына кесек еңбектер қосқан ақын Ғафур Ғұлам! Ғафурдың Қазақстанға таныстығы сонша, оны таныстырып жатудың өзі де онша орынды бола бермесе керек. Мен Қазақстан кітап оқушыларының арасында Ғафур Ғұламды жете білмеген адам Сәбитті білмегенмен бірдей дер едім. Оның «Түрксиб жолында» деген атақты поэмасынан бастап, Қазақстанға, Жамбылға арнаған өлеңдері, «Мен Шығыстан келемін» дейтін өлеңдер жинағы біразы қазақ тіліне аударылып, біразы аударылмаса да біздің төл поэзиямызға сіңісіп кетті.

Совет халықтарына жаппай әйгілі екені былай тұрсын, байтақ Азия — Африканың әдеби дүниесіне де «Шығыс жұлдызы» атанып кеткен өзбек халқының дарынды қызы Зұльфия да келеді.

Өзбек әдебиетінде ерекше өркендеген жанрдың бірі — драматургия. Бұл жанр Ұлы Октябрь революциясымен бірге туып, қоғам өміріне, тап тартысына бірден әсерін тигізе өркендеді. Ең алдымен Хамза Хакім-Зада Ниязи шығармаларының бет алысы еді. Бұл игілікті бет алыс Хамза драматургиясына ілесе шыққан үлкен драматург Камел Яшен еңбектерінен айқын көрінеді. Камелдің 20 жасында жазған «Екі коммунист» пьесасы советтік құрылыстың іргесін нығайта беруге арналса, одан кейінгі «Өртейік», «Ар мен махаббат» «Хамза», «Гүлсара», «Басқыншыларға өлім!», «Генерал Рахимов», «Асал» пьесалары советтік дәуірде туған елінің басынан кешкен ірі асуларына арналған. Ол коллек-

тивтену, ауыр өндірісті көтеру, Ұлы Отан соғысының тақырыптары, ол ескілікпен күресу тақырыптары. Камел «Темір қазық» пьесасында біздің шығыс драматургияның ішінен бірінші болып Ленин образын жасады. Оның опера либреттосына айналдырған «Гүлсара» пьесасына 1950 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Камел Яшен — үлкен драматург. Ол үзбей өз дәуіріміздің келелі кезеңдерін көрсетіп келеді. Өзбек халықының драмалық және опералық өнерін өркендетуде Камелдің еңбегі тіпті ерекше. Өзбек драматургиясының атасы дерлік Хамза Ниязи үлкенді-кішілі отыздан артық пьеса жазса, Камелдің біз білетін драмалық шығармалары жиырмадан асып кетті. Музыкалы драма «Нұрхан», «Боран», «Ұлы канал», «Раушан мен Зұлқұмар», осының бәрі де Камел еңбектері. Қазақ операсы «Қыз Жібекті» де аударып, өзбек сахнасына шығарған Камел Яшен болатын. Кең серпінді драматург Камел Яшен осы күні өзбек жазушыларының одағын басқарады.

Өзбек драматургиясының енді бір көрнекті қайраткері Абдолла Қаһһар бүкіл совет сахнасына таныс. Оның Мемлекеттік сыйлық алған «Жібек Сюзане», «Ауру тістер» атты пьесалары совет халықтарының көп тілдеріне аударылып, көп сахнаны аралап кеткені мәлім. Миллиондаған гектар тың жерлерді меңгеріп жатқан Қазақстан жастары әсіресе «Жібек Сюзане» пьесасынан өз еңбектерін, өз тұрмыстарын көріп, қызыға қарады.

Көркем сөздің шебері, өзбек әдебиетінде аға жазушыларының бірі Абдолла Қаһһар жазушылық қадамын прозадан бастаған. Оның «Дүние жасарады» деген бірінші әңгімелер жинағы совет әдебиетіне үлкен жазушы, новеллист қосылғанын танытқан еді. Одан кейін жыл үзбей шығып тұрған әңгімелер жинағы бұл пікірді ылғи күшейте түсті де романдары мен повестері оны совет әдебиетінің ірі прозаиги дәрежесіне көтерді. Пантуркизм идеологиясына қарсы жазылған «Сағым» романы, коллективтендіру кезеңіндегі тап тартысын суреттейтін «Қос шынар оты» деген романы, Ұлы Одан соғысының ерлеріне арналған «Алтын жұлдыз» повесі, соңғы кезде Совет Одағының көп тілдеріне аударылып, миллиондаған тиражбен тараған «Шынашақтай шымшық» романы Қаһһардың ұтымды да өнімді жазушы екенін көрсетті.

Өзбек әдебиетінде жақсы өсіп келе жатқан үлкен топ жас қайраткерлер бар. Бұл топтың екпінді лебінің әсері әсіресе, поэзия мен прозада айқын сезіледі. Хамит Ғұлам, Асхад Мұхтар шығармалары совет әдебиетінің қорына салмақты үлес болып қосылды. «Мен кек аламын» деген атпен 1942-

жылы шыққан Хамит Ғұламның алғашқы өлеңдер жинағына, ұзамай «Менің жырларым», «Жеңіс жолында», «Махаббат поэмасы» деген көлемді поэмалар қосылды. Осы аз жылдың ішінде дарынды ақын Хамит Ғұлам оннан астам өлең жинақтарын берді. Хамит поэмалары Ұлы Отан соғысының тұсында қайнаса түскен халықтар достығын, елдегі еңбек өмірін жырлайды.

Мұса Айбек сияқты алғашқы адымын поэзиядан бастаған Хамит Ғұлам Отан соғысынан кейінгі дәуірде «Алмаз қызы», «Яз Яуан әңгімесі» деген екі үлкен повесть жариялады. Хамит Ғұламның соңғы дәуірде жазып жүргені үлкен эпопея, үш томдық «Нұр көзі» деген роман.

Хамит Ғұлам әдебиетте де, халықаралық әдебиет қозғалысында да өз орнын тапқан, үлкен үміт күттіретін қажырлы да қайратты жазушы. Ой ұшқырлығы мен алғырлығы әр адымынан байқалып тұратын, сағынбасыңа, сүйсінбесіңе болмайтын дарын.

Коммунистік партиямыздың көрнекті қайраткері Шарап Рашидов жолдас сонымен бірге совет әдебиетінің де көрнекті жазушысы екені Совет Одағына түгел мәлім. Сондай белгілі жазушымыз туралы сыпайылық сақтап, аз айтқымыз келсе, онымыз Шарап Рашидов жолдастың Совет Одағында ғана емес, шетелдерде де кең танылған жазушы екендігіне байланысты. Совет халықтарының, көп ұлтты совет әдебиетінің табыстарына күншілдік көрсетіп, дәрменсіз жала жабатын империализм жалдамалылары Рашидов жолдастың атын көбірек атаса, бұл ең алдымен жазушы еңбектерінің аса құнды идеологиялық құрал екенін көрсетеді. Әрі мемлекеттік, әрі әдебиеттік үлкен қайраткер Шарап Рашидов жолдас мұндай «сәлемдемелерден» ылғи құр қалмайтынын жақсы білеміз.

Өзбек жазушыларының орта буынына жататын Шарап Рашидов жолдас әдебиетке Ұлы Отан соғысының тұсында поэзиямен келді. Оның сол кездегі өлеңдері көбінесе патриотизм, соғыс кезіндегі елдегі еңбек тақырыптарына арналған. Жеңіске сенімді, жалынды ақын майдан мен елдегі ерліктерді қоса өріп, қатар жырлаған. Сол кезде жазушы жүрегіне әр саламен келіп ұялаған еңбек тақырыптары кейін «Жеңімпаздар» деген повесть болып 1951 жылы жарыққа шықты. «Жеңімпаздар» Шарап Рашидовтың ірі прозаик болғалы келе жатқанын танытты. Азия — Африка елдерін көп аралаған, әр елдің тағдырын жаны аши ойланған жазушы 1957 жылы «Кашмир жыры» деген повесін жариялады.

Шарап Рашидов жолдастың соңғы кезде жариялағаны «Дауылдан да күшті» романы. Бұл баспасөз беттерінде, жа-

зушы жұртшылығының арасында кең түрде талқыланып, жоғары баға алған күрделі еңбек. Өз заманымыздың қатардағы еңбек адамдарын көрсете білу керек дегенде, совет адамдарының рухани байлығын, образ шындығын шеберлікпен, жауаптылықпен көрсете білу керек дегенде, біз көбінесе көрнекті жазушымыз Шарап Рашидов жолдастың осы романына көбірек сүйенеміз.

Біз, Қазақстан жазушылары былтыр ғана туысқан Өзбекстанда, Қарақалпақстанда қазақ әдебиетінің апталығын өткіздік. Өзбек астанасы Ташкент, Қарақалпақ астанасы — Нүкүс, және Самарқанд, жаңа «Гүлстан» ауданы, жаңада ғана меңгерілген тың жерлердің мақташылары, Фархад құрылысының, металлургия заводының жұмысшылары бізді үлкен бауырмалдықпен қарсы алды. Күнделікті қарым-қатынас ойдағыдай жиі болмағанымен, қазақ ақындарының жалынды өлеңдері ешбір жерде аудару керек еткен жоқ: өзбек интеллигенциясы да, жұмысшысы да, мақташы да қазақ көркем сөзін жақсы түсінеді екен.

Біз де қадірлі қонақтарымызды Қарағанды алыбына, шалқыған бай Тың өлкесіне, Бурабай жер көркеміне, Балқаштай социалистік жаңа қалаларға апарамыз. Өзбек ақын-жазушылары Қазақстан еңбекшілерінің туысқан елдердің әдебиеттерімен таныстығын, бауырмал қарсы алатынын көреді.

Біз айтқалы отырған — қош келіпсіз, ардақты өзбек, қарақалпақ бауырларымыздың атақты ақын-жазушылары, әнші — бұлбұлдары, сахна өрнекшілері! — деген қарсы алу қошаметімен Қазақстанның барлық еңбекшілері айтып қарсы алады.

1962 жыл, 15 май.

СУДАН ХАЛҚЫНЫҢ ЕР ҰЛЫ

Алматыға Судан жазушылар ұйымының бастығы Абдулла Хамит әл — Әмин мырза келді. Бұдан екі ай бұрын Суданға барғанымда мен оны өзімнің жеке қонағым болуға шақырған едім, қадірлі дос сонда берген уәдесін бұзған жоқ, Алматыға келді, қасында жазушы Ахмет Әли бар.

Судан жері өте ыстық. Ақ Нил мен Көгілдір Нилдің қосылған мүйісіне орнаған Хартум қаласы — Судан астанасы. Судан халқының ескі астанасы — Омдурман Хартум қаласымен шектесіп жатады. Судан 1956 жылы бірінші январь күні жетпіс жылға созылған ағылшын отарлығынан босанып, өз алдына ерікті мемлекет болды. Бірақ ескі отаршыл Англия Судан экономикасынан әлі қолын айырған жоқ. Капитализмнің темір шеңгелі әлі Судан халқының жағасында. Негізінде Англияның мақталы отарына айналып, ауыл шаруашылығы бірбеткей өскен, қаржы-қаражат кілті түгел ағылшын банкерлерінің қолында болған Судан мемлекетінің халі әлі ауыр. Оның үстіне кенжелеп қалған елдерге «жәрдем етпек болып», судан шаруашылығына Америка, Батыс Германия, Япония, тағы басқа капиталистік елдер иқтарын тығып келеді.

Осындай жағдайда әр түрлі қысылшаңнан құтыла алмай отырған Судан мемлекетінің кейбір басшылары демократиялық күштеріне сүйене алмай отыр. Олар кейде басқаларға еліктеп, демократиялық күштерге азу тісін батырып та қояды. Біз Суданға келер алдында ғана осы бағытта едәуір көңілсіздіктер болып қалған екен. Әдебиет пен өнердің көрнекті қайраткерлерінің біразы бой тасалуаға көшіпті. Жандайшаптар реакция жағына қарай ойысыпты.

Абдулла Әминді мен Судан халқының ер ұлы деп жәй атап отырғаным жоқ. Ол осындай сын кезеңінде Судан бұқарасының ұлы мүддесінен ешбір жаққа ойыспай қасарысып қалған жазушы. «Азаттық ең алдымен бұқара үшін болуы керек» — дейді ол. «Адам еңбегін акула жұта ма, қотырау жұта ма, оның айырмасы жоқ».

Абдулла Әмин бізді өз үйінде қарсы алды. Он үш-он төрт жазушы жиналыпты. Хартумда араб тілінде шығатын жетекші газеттердің әдеби редакторлары, радио, университет әдебиетшілері бар. Ұмытпасам Камерон жазушысының жаңа повестін талқылауға арналған кеш екен. Жас жазушы Хадиша Сафуат аса мазмұнды баяндама жасады. Әмин айналасына топталған судан жазушыларының реалистік бағытта екені бірден аңғарылды. Шығарманың идеясы мен көркемдігін бірдей көтеру талаптары айтылып жатыр. Сайып келгенде әдебиет бұқара күресінің күшті құралы екендігі салмақты дәлелдермен сөйленді. Абдулла Әмин талқылауды қорытқанда «үй артында кісі бар» деп ығыспай сөйледі. Әмин Суданның аса көрнекті жазушысы, әдебиет зерттеушісі, ұйым бастығы. Оның көзқарастарының қандай бағытта екендігі біз үшін аса қажет еді. Абдулла Әмин аса талғамды жазушы екен. Талқыға түскен басқа ел жазушысының шығармасы болса да Әмин Судан жазушыларының міндеттері туралы аса терең пікірлер айтты. Ол өз елінің ауыр халі, сол ауыр халді түзету үшін, елінің болашағы үшін қатты толғанатын, өз ойын бүкпей айта алатын ер адам, батыл жазушы.

Мен Судан мен Нигерияға әдеби байланысымызды, мәдени қарым-қатынасымызды нығайта беру, кеңейте беру мәселелерімен барғам. Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар өз алдына, ал енді ел мен елді таныстырып достастыра беру үшін мәдени байланыстың әсіресе жазушылар байланысының орны басқа ғой.

Совет жазушылары мені осы мақсатпен жіберген. Абдулла Әмин мені құшағын жайып қарсы алды. Ұлы Совет елімен достық қарым-қатынастың іргесін беките беру керектігіне ол әбден сенімді екен. Сонымен бірге Абдулла Әмин совет халықтарының, оның ішінде біздің әдебиеттің өсу жолдарына аса зер салатын жазушы. Менің қонаққа шақыруым оның өз ойындағы армандарына үйлесе кетті.

Судан жазушыларының арасында мен бірәз күн болдым. Жазушылармен бірге жүріп елін де араладым. Феллах (шаруа) үйінде елде тұратын жазушы Абубәкір Халидтің үйінде қонақта болдым. Судан жері қандай қапа, қандай ыстық

болса, судан жазушылары мен судан бұқарасының құшақтары одан да ыстық. Судан еңбекшілерінің арасында сен өзіңді үйіңдегідей сезінесің.

Абдулла Хамит әл-Әмин мырза Азия — Африка жазушылар қозғалысының көрнекті қайраткері. Ол бізде біраз күн қонақта болып Индонезияға жүріп кетеді. Онда июльдің 12 күні Азия — Африка жазушыларының үшінші конференциясын әзірлейтін Тұрақты Бюро мен Атқару комитетінің он күндік мәжілісі басталады.

Қадірлі қонағымызды Қазақстан жазушылары қандай ыстық құшақпен қарсы алса, халқымыз да солай қарсы алатыны даусыз. Қазақстан жазушыларының атынан «хош келдің қадірлі дос, қажырлы қайраткер, судан халқының ер ұлы, күрескер жазушысы!» деймін.

«Социалистік Қазақстан» 1963, 28 шонь.

ОСЫНАУ ТАРИХИ КҮНДЕРДЕ

КПСС Орталық Комитетінің идеология мәселелеріне арналған Пленумының еліміз өмірі үшін тарихи маңызы бар екендігінде ешбір шәк жоқ.

Егер көп ұлтты совет әдебиетінің бастан өткен жылдарына зейін салар болсақ, онда бүкіл әлем мәдениеті тарихында оған тең келер ештеңе жоқ екенін аңғармай тұра алмайсыз. Бірнеше ондаған жылдар ішінде ғана біздің советтік әдебиетіміз әлемдегі ең озық, ең өміршең әдебиетке айналды.

Творчестводағы таңғажайып табысы бүкілхалықтық тартумен — М. Шолохов пен Л. Леоновтай аса көрнекті орыс жазушыларымен қатар еліміздің осынау ең құрметті сыйы — Ленин сыйлығы туысқан ұлт республикаларының көптеген жазушыларына — М. Әуезовке, М. Рыльскийге, М. Тұрсын-Задаға, Э. Межелайтиске, Р. Гамзатов пен Ш. Айтматовқа берілгенін мақтан көреміз. Осылардың және басқа да көптеген совет жазушыларының шығармалары еліміздің тыс жерлерге де мәлім болып отырғанын біз мақтаныш етеміз. XIX ғасыр классиктерінің ұлы мектебінен тәлім алған орыс әдебиеті ғана емес, Ұлы Октябрь революциясына дейін, ең арысы өзінің жазуы да болмаған халықтар әдебиеті де алып адыммен биік шыңдарға өрлеп келеді.

Осының бәрін айтып жатуымның мәнісі біреу ғана. Партиямыз бен халықымыздың біздің кітаптарымызға, олардың идеялық және көркемдік дәрежесіне қойып отырған жаңа, бұрынғыдан да жоғары талаптарын Совет Одағының жазушылары сенімді де батыл түрде орындап келеді.

Сонымен бірге біздің көп әдебиетімізде әлі де бой көрсететін ұнамсыз құбылыстарды елемей өте шығу да партиялық көзқарас болмас еді.

Бұлай дегенде мен өзінің жұмысында жоғары идеялық пен көркемдік шеберліктің етене үндесіп, жымдасып тұруына мән бермейтін жазушыларды мегзеп отырмын. Бізде ондаған жақсы кітаптардың қалтарысында олардан әлдеқайда сүреңсіз де дүмбілез дүниелер тұратынын жасырудың не қажеті бар.

Буржуазиялық Батыстың бізге атымен жат модернистік өнеріне қарсы күреске қатысуға жарамайтын, ұйқы келтіретін кітаптардың шығуына әлі де ашық саңлаулар бар. Әдебиетшілердің де, әуесқойлардың да кәсіпқойлығына әлі де толық тоқтам жасала қойған жоқ. Қазір жаңа адамды тәрбиелеудің негіздерінің негізі ретінде коммунистік еңбек жайлы әңгіме болып жатыр. Мұндай шақта біз, жазушылар, өзіміздің жазушылық еңбегімізге жүктеліп отырған жоғары талаптар туралы айтпай тұра алмаймыз.

Мынадай бір келісімсіз екі жайды мысалға келтірейін. Осы таяуда ғана біздің сақа жазушыларымыздың бірі маған өзінің бұрынғы үлкен романының жиырма баспа табағын мүлдем алып тастап, жаңадан жеті баспа табақ қосып қайта бастырып шығарғалы жүргенін айтты. Бір кітаптан табаны күректей жиырма баспа табақ алып тастау деген мүмкін нәрсе ме? Олай болған күнде бұрынғы басылуларында айтарлық береке болмағаны ма?

Тағы бір жазушы маған өзінің киносценарийін әкеліп көрсетті. Қарап отырсам, ондағы қазақ кейіпкерлерінің барлығының да есімдері кейіннен қолмен жазылпты. Сірә, бұл сценарий бұған дейін де талай өлкелер мен облыстарға саяхат жасап келген болар. Енді міне автор менен өзінің осы еңбегін қазақ киностудиясына «өткізіп жіберуді» өтініп келіп отыр. Мен одан сценарийіндегі ұлттық характерлер қайда деп сұрағанымда, ол терең толғанған қалыппен, Совет Одағының қай жерінде болса да адамдар мен жағдайлар бірдей ғой дегенді айтты...

Әдебиеттегі осындай жылмақөстер жөнінде Жазушылар одақтарының пленумдары мен съездерінде талай рет айтылып-ақ жүр, бірақ біз сүреңсіздіктің ылайлы ағынына тосқауыл боларлық бөгет соға алмай келеміз.

Творчестволық одақтарды қайта құрудың бұл істе көмегі болар деген ой бар; өз ұғымымша, осы іс орайында практикалық мәні боларлық біраз ұсыныстар да айтқым келер еді.

Меніңше, творчестволық одақтарды қайта құрудың прогрессивтік мәні — болашақта әдебиет пен көркемөнердің бүкіл байсалды күшін топтастырып, шын мәнісіндегі творчест-

ғолық лаборатория бола білуінде ғой деймін. Солай еткенде ғана қолжазбалар баспаға берілмес бұрын жан-жақты талқыланар еді, пьесалар мен киносценарийлер сахна мен экранға шықпай тұрғанда талқылаудан өтер еді, тағы басқа да осындай шаралар жүзеге асырылып отырар еді.

Бізде Жазушылар одағы қолжазбаларды баспаға, пьесаларды сахнаға, сценарийлерді экранға ұсыну мәселелерімен осы уақытқа дейін шұғылданбай келді. Және мұның өзі баспалардың жоспарларын жасау, кітаптарға тираж белгілеу, аударма әдебиетін басып шығару ісінде бірсыпыра қолайсыз жағдайларға әкеліп соғып жүрді.

Әсіресе, бізде қазіргі шетел авторларын аудару саласында көп-көп олқы жайлар болып отыр. Әрқашан ең жақсы кітаптар аударыла бермейді. Совет Одағында Азия мен Африканың прогресшіл жазушыларының кітаптарын дер кезінде басып шығарып отырудың зор маңызы жөнді ескерілмейді. Біздің баспаларымыз көп ретте аударылуға тиісті кітаптарды дұрыс талғаммен саралап ала білмейді.

Қай кітапты көбірек таратуға болатыны, қолжазбаның қандай күйде екені, әрине, баспа қызметкерлерінен гөрі, жазушыларға айқынырақ белгілі. Міне, сондықтан да мен болашақта одақ пен көркем әдебиет баспаларының жұмысын дұрыс реттеу жайында ұсыныс енгізбекпін. Ешкімге керегі жоқ, шикі шығармалар шатпағына жол бермеу үшін, болашақ бірлестіктің шығарылатын кітаптар сапасына жауапкершілігін күшейткен жөн.

Меніңше, жазушы немесе суретші атағын алу үшін қойылатын талаптарды қайта қарау қажет. Соның өзінде бұл творчествоның идеялық-көркемдік сапасына және мұнымен қоса одақ мүшесінің қоғамдық қызметіне талапты күшейту тұрғысынан қайта құрылуы керек.

Партия мен халықтың әдебиетке және өнерге қойып отырған осы талаптарының жоғары екенін КПСС Орталық Комитетінің болып өткен пленумы тағы бір рет біздің жадымызға түсірді. Пленум шешімдері коммунистік қоғам идеяларын біздің поэзия тілімен, сурет өнерінің өрнегімен, экран мен сахна жүзінде айтып беретін болуымызға көмектеседі.

«Қазақ әдебиеті» 1963, 5 июль.

АЙНЫМАС КӨҢІЛ, АЖЫРАМАС ҚҰШАҚ

1

Талай озық елдердің екінші бір елге тигізген «мәдени әсерін» тексере бастасақ, әсіресе кешегі-бүгінгі, ертеңгі деп те аталатын белес-белес дәуірлерді шолып қарасақ, сол ұзақ жолда ылғи достық, жанашырлық, туысқандық, алғыс айтар ақпейілдік таба алмайсың. Меніңше осы тізбектелген достық жолынан аумай келе жатқан жалғыз-ақ мәдениет бар, ол — орыс халқының ұлы мәдениеті, әсіресе, бас жақ белесінде Грибоедов, аяқ жақ асқарында Горький туған XIX ғасырдың реалистік әдебиеті. Біздің алпыстан асып түсіп жатқан ұлттар әдебиетінің ішінде орыс халқының ұлы әдебиетінен үлгі алмаған, үйренбеген бірде-бір әдебиет жоқ. Халық шабытты творчествосының үлгілерін — қырғыздың «Манас» эпосын, қалмақтың «Джангарын», қазақтың лирикалық-батырлар эпосын біздің заманымызға жеткізгені үшін біз ескі Россияның озық ойлы адамдарына борыштымыз.

Орыс әдебиетінен тыс Ахундов, Айни, Абай да мүмкін емес. Шевченко, Чавчавадзе, Тоқай да мүмкін емес. Бұл бір жағынан тұрмыс тынысы біріккен елдік белгі болса, екінші жағынан озық мәдениет әсерінің жемісі. Қиыр шеттегі көшпелі елде Абай, Ыбырай, Шоқан сияқты, ұлы ақын, атақты демократтарымыз бар десек, ол ең алдымен орыс демократиялық ойының ұшқындары.

Орыс мәдениетіне біз көп жақтан қарыздармыз. Бірінші ашылған мектеп, бірінші басылып шыққан кітап, бірінші борозда, бірінші завод трубасы, бірінші мұғалім, бірінші дәрігер — бәрі де бізге орыс мәдениеті арқылы келді. Егер қазір біз қазақ халқының дарынды ұлдары мен қыздарының жүздеген есімдерін мақтан етіп отырсақ, мұның өзі «Аврорадан» атылған зеңбірек даусының әрбір адамның бойындағы жа-

сампаздық пен творчестволық сезімін оятудың нәтижесінде ғана мүмкін болды. Сондықтан да Совет Шығысындағы халықтарға сонша сарқылмас рухани қор берген орыс халқына алғыс айтарда салмағына ажары сай сөз таба алмай қысыласың.

Орыс халқының озық адамдары біздің халықтық туынды деп аталатын мол байлығымызды ғана жойылып кетуден аман алып қалған жоқ, олар орыс патшалығының санда бар, санатта жоқ «бұратанасы» атанған аз халықтардың мұң-мұқтажын бар салмағымен айта білді. Орыс көркем ойының алыбы Лев Толстой, совет әдебиетінің ұлы атасы Максим Горький, атақты гуманист Владимир Короленко, Украинаның ұлы ақыны Тарас Шевченко біздің халықтардың ауыр халдерін суреттей келіп, ащы дауыстарын көтереді. Олардың сонша ашынып айтқандары біздің мұң, біздің сөз еді.

Октябрьдің даңқты күндерінен көп бұрын-ақ қазақ халқының маңдай алды өкілдері Махамбет Өтемісов, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбрай Алтынсарин Россияға қарай бағыт ұстауды барынша жақтап, шығыс халықтарының өмірінде Россияның прогресшіл роль атқаратынын айқын түсінді. Олар қазақ халқына орыс әдебиетін ашып берді, сөйтіп қазақ тіліндегі тұңғыш баспа кітабы шығудан көп бұрын-ақ Пушкин Татьянасының жалынды хаты қырдағы киіз үйде шырқалды.

Қазақ әдебиеті Советтер Одағындағы өскелең де салмақты әдебиеттердің бірі деп саналады. Өткен ғасырымыз — бармақпен санағандай: Абай, Махамбет, Ыбрай болса, Октябрьдің алғашқы жылдары Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сұлтанмахмут, Мұхтар, екі Сәбит, тағы біраз ғана өкшелес шыққан топ. Қазір Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшесі 250 ден асады.

Қазақ Совет әдебиетінің тарихи даму жолында елеулі бір ерекшелік бар. Ол Абайдан басталып келе-келе дәстүрімізге айналып кеткен орыс әдебиетіне сүйене өсу, орыс әдебиетінен үлгі ала өсу жолы. Реалистік орыс әдебиетінің бағыты мен дәстүрін теориялық жағынан терең ұғынуға тырысумен қатар, қазақ ақын-жазушылары қашаннан бері орыс көркем әдебиетін өзінің ана тіліне аудару, орыс тілі арқылы дүниелік классиктерді аудару жұмысына көп көңіл бөліп келді. Бұл оқу-үйренудің ең құнарлы жолы болды десек, қателеспесек керек. Оның үстіне әрбір аудару жұмысына қатынасқан ақын-жазушы өзінің үндесін тауып аударған сияқтанады.

Бұл жөнінде мына бір қысқа тізіммен көп нәрсені аңғаруға болады: Абай — Пушкин, Лермонтов, Гетенің, Ыбрай —

Толстой мен Ушинскийдің, Сәкен — Демьян Бедный мен Маяковскийдің, Ілияс — Пушкиннің, Мұхтар — Гоголь, Тренев, Шекспир, Тургеневтің, Сәбит — орыстың көне заман ескерткіші «Игорь полкі туралы жыр» мен Маяковскийдің, Демьян Бедныйдің, Әбділда — Шевченко мен Пушкиннің, Маяковскийдің, Тайыр — Пушкин мен Лермонтовтың, Грибоедов пен Шевченконың, Ғали — Пушкин мен Лермонтовтың, Толстойдың, Қасым Аманжолов — Пушкиннің, Лермонтовтың, Маяковский мен Твардовскийдің, Сырбай — Пушкин мен Лермонтовтың, Блок пен Тихоновтың, Сурковтың және басқалардың шығармаларын аударды.

Бұл тізімді соза берсек, талай беттерге кетеді. Орыс әдебиетінен көп аударған Дихан, Қалижан, Жұмағали, Қасым Тоғұзақов, Қуандық, Ғафу т. б. ақындарымыздан да, Хамза, Тахауи сияқты жазушыларымыздан да өқу-үйрену жолында жоғарыда айтылған үндестік іздегендерін көреміз. Бұл, әрине, жемісті бағыт.

Аудару еңбегі әдебиетіміздің тез аяқтанып кетуіне қандай үлкен сүйеніш болса, ішкі-тысқы халықтардың мәдени таныстығын күшейте беруге де сондай үлкен жауапты еңбектердің бірі. Оның үстіне біздің төл шығармаларымыздың шетелдерге шығуы тек қана орыс тілі арқылы іске асатынын ескерсек, бұл еңбектің мән-мазмұны тереңдей береді. Ешбір дарынды ақын, ешбір дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүниежүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмауы керек. Қазақ жазушыларының кемелденіп жетілуі және қазақ совет әдебиетінің шарықтауы авторлардың дарындылығынан ғана емес, сонымен бірге орыс әдебиетінің, ал ол арқылы — дүниежүзілік әдебиеттің таңдаулы дәстүрлерін творчестволықпен игерудің нәтижесі болды.

Орыс жазушыларына айтар алғыс бізде ұшан-теңіз. Отызыншы жылдардың бас кезінде ұлы Горький ұлт әдебиеттерінің тез көтеріліп кетуіне қатты көңіл аударғаны мәлім. Николай Тихонов, Александр Фадеев, Леонид Соболев, Всеволод Иванов, П. Лукницкий, П. Скосырев, Н. Чуковский, Б. Горбатов тағы басқалары жер-жерде ұлттық жазушылардың хал-жайларымен танысып, совет жазушылары ұйымын құруға қолма-қол ат салысты. Бұл екі мағынада ауыр кезең еді: бірінші — Одақтық көлемде РАПП-тан Совет жазушыларының Одағына ауысар кезең, екінші — ұлттық әдебиеттердің қай-қайсысында болса да байшыл-ұлтшыл жазушылардың салмағы басым кез болатын. Осы тұста Леонид Соболев бастаған үлкен бір топ орыс жазушыларының Қазақст-

анға келуі қазақтың советтік жазушыларының басын құрастыруға үлкен жәрдем етті.

Сондықтан қазақ әдебиетінің тез көтеріліп кетуіне көптен бері үзбей ат салысып келе жатқан үлкен топ орыс жазушыларының ішінде Леонид Соболевтің орыны өзгеше. Мұхтардың «Абай» романы совет халықтарына да, шетелдерде де бірден танылып кетуіне Соболев аудармасының үлкен әсері тиді. «Абай» эпопеясы совет халықтарының әдебиеттеріне үлкен әсер етті деп мақтансақ, сол романның ойдағыдай аударылып шығып, әр елдің ұлттық әдебиетіне төл шығарма болып кіріп кетуіне аудармашының шеберлігі де аз жәрдем еткен жоқ. Мұхтар драматургиясының биігі саналатын «Абай» трагедиясын Мұхтар Соболевпен бірге жазды. Ұлы Абайдың өзін совет жұртшылығына үлкен мағынада таныстырған тағы да Леонид Соболев.

Ал, қазақ өнері мен әдебиетінің Москвадағы онкүндіктері ше! Мұндай онкүндіктің әрқайсысы біздер үшін жарқын мейрам да, сонымен бірге жақсы мектеп те болды: қазақ өнер және әдебиет қайраткерлері өз шығармаларын бүкіл одақтық оқушының, көрушінің, тыңдаушының талқысына салуға әзірлене отырып, өмір шындығын, ұлы реализм өнерін меңгеруге үйренді.

Соңғы дәуірде Қазақстан еңбекшілері коммунизм қоғамын құру жұмысына үлкен үлестер қосып келеді. Ол тек миллиард пұт астық та емес, Қарағандының көмірі, Қостанайдың темірі де емес, Алтай мен Балқаштың мысы да емес, ол — осыларымызбен бірге көркем әдебиет пен көркем өнерде қосып жатқан үлестеріміз. Бірде өзіміз әсер алсақ, енді бірде бізден алынатын әсер.

Одақтық көлемге біздің көп ақын-жазушыларымыздың еңбектері шығып кетті. Москва баспасөз орындарында алты рет, он рет басылған кітаптарымыз бар. Бұл жөнінде Степан Злобин, Владимир Луговской, Илья Сельвинский, Михаил Луконин, Сергей Липкин, Михаил Львов, Алтайский, Юрий Казаков, Александр Садовский, Рождественский тағы басқа толып жатқан достарымыз бар. Әр қайсысы өз шамасында қазақ жазушыларымен қол ұстасқан қазақстандық достарымыз Иван Шухов, Николай Анов, Дмитрий Снегин, Анатолий Ананьев, Юрий Герт, Максим Зверев, Иван Щеголихин, Морис Симашко, Сергей Мартьянов тағы басқалары, бұлар да осы топқа қосылады. Ұлы Отан соғысының тұсында алып Жамбылдың атағын күнбе-күн әлемге жайып тұрған орыс ақындары Павел Куэнецов, Алтайский, Тарловский тағы басқалары.

Қазақстанда халықтар достығының бұлжымастай бекігендігін айқын көрсететін мынадай бір белгілерді айта кеткім келеді: біздің еркін қарыштап өсіп келе жатқан жас ақындарымыздың бірі Олжас Сүлейменов, талантты жас жазушымыз Әнуар Әлімжанов тек қана орыс тілінде, орыс қызы Надежда Лушникова — тек қана қазақ тілінде жазады. СССР Халық артисі Ермек Серкебаев орыс операсында, Эра Епонешникова қазақ операсында ән салады. Бұған баяндауыш беріп жатудың керегі де болмас.

Әрбір ұлт әдебиеті өзінің байырғы дәстүріне сүйене де өседі, сол дәстүрмен күресе де отыра өседі. Қаламы төселген ақын-жазушыларға да, жас жазушыларға да байырғы дәстүрдің осындай екі жағы бар. Есіркген образдар, ескірген теңеулер, ізбапса-қайталамалар — өсер әдебиет алдындағы үлкен бөгесіндер. Осындайлардан арылуға орыс әдебиеті бізге ең үлкен мектеп болды. Жас әдебиеттер белден-белге асқан сайын ескі теңеулерден, ескі дәстүрлерден мол-молынан арыла бастағанын біз әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін шыққан жазушылардың шығармаларынан тереңірек сезінеміз.

Бүгін ұлы ұстаз — орыс әдебиеті мен көркем өнерінің Қазақстандағы онкүндігі салтанатпен ашылады. Леонид Соболев бастаған отыздан артық орыс ақын-жазушылары Қазақстанның сағынышты қонағы болып келіп отыр.

Онкүндіктің аяғына таман Қазақстан Жазушыларының одағы орыс-қазақ әдебиетінің тарихи байланысына және сол байланысты бұдан былай да күшейте беруге арналған пленум өткізбекші. Біздің онымыз ұстаз алдында қол қусырып, тізе бүгіп, қыпылықтап тұру емес, қол ұстаса құшақтаса өскен достардың сол бұлжымас достықты, сол туысқандықты бұрынғыдан да нығайта түсу жайында пікір алысуы, бірге ойласуы болады.

Ұлы орыс халқына, ұлы әдебиеттің қайраткерлеріне алғысы көп мәңгілік дос жүректен мың да бір сәлем! Қош келдіңіздер, орыс достар!

II

Қазақ өзінің қадірлі қонағын аттандырарда қозы көш жерге дейін ілесіп барып, сүйікті қонағына деген ықлас-ілтипатын білдіріп, қош айтысып шығарып салушы еді. Міне, біз үшін де қоштасар сәт туды. Біз бүгін меймандарымызға не айтамыз? Біздің халықымыздың ұлы орыс мәдениетінен артық қадірлі қонағы жоқтығын айтамыз. Өйткені, орыс мә-

дениеті біздің ежелгі досымыз, қамқоршымыз. Біздің ғасырлар бойы бір елі ажырасып көрмеген мәдени туысқандығымыздың тарихынан сөз қозғап жату бұл жерде артық. Орыс мәдениетінің біздің халқымызға, біздің мәдениетімізге сіңірген қалтықсыз еңбегінің қандай екеніне бір-ақ мысал келтірейін. Кейде мен, шіркін, орыс ғалымдарының біздің әдебиетіміз бен тіліміз, дәстүріміз бен мәдени мұраларымыз туралы жазған кітаптарын түгелдеп қайта шығарса, оның өзі дербес бір кітапхана болар еді деп ойлаймын.

Өзге мәдениетке орыс мәдениетіндей туысқандық қолқабыс көрсеткен мәдениет табыла қояр ма екен? Мен өз басым орыстың реалистік ұлы әдебиеті болмаса, ескі Россияның қазақ, татар, азербайжан, осетин сияқты шет жұрттарынан Абай, Тоқай, Ахундов, Хетагуров тәрізді шамшырақтар шықпас еді деп ойлаймын. Олар — шұғылалы орыс мәдениетінің қазақтың қапас даласы мен татардың қараңғы орманына, Кавказдың қара көлеңке қойнауларына түскен шапағат сәулелері еді. Біздің мәдениетіміздің сәулетті бүгінгісінің басы да сол сәулелер. Сол сәулелер шоғырлана дами келе біздің мәдениетіміздің аспанын самаладай жарқыратып жіберді. Өткен заманның түнек аспанын тіліп шыққан оқшау-оқшау шолпандар бүгінде айналасын нұрға малған шоқ жұлдыздарға айналды. Менің халқымның бүгінгі мәдениеті де — совет мәдениетінің сондай нұрлы бір шоқ жұлдызы. Біз шын мәніндегі реалистік ұлы мәдениет жасадық. Бұл жолда біздің ұстазымыз да, қамқоршымыз да орыс мәдениеті болғаны өзінен-өзі түсінікті.

Бұл жолғы онкүндік біздің бұрыннан бері ежелгі байланыстарымыздың нәтижелерін қортындылап, оны одан әрі дамыта беруде соны міндеттерді белгілейтін үлкен жиын.

Совет дәуіріндегі біздің мәдени байланыстарымыз теңдесі жоқ үлкен табыстарға жетті. Орыс мәдениеті қазақ мәдениетінің озық үлгілерін біздің көп ұлтты елдеріміздің түкпір-түкпіріне түгел таратты, күллі әлемге танылар даңғыл жол ашты. Мұндай байланыстың бірден-бір жемісті жолы — аударма екі әдебиетте де айтарлық қызмет атқарды. Орыстың классикалық әдебиеті мен совет тұсындағы саңлақ шығармалары қазақ тіліне түгелге жақын аударылды. Қазақ әдебиетінің үздік шығармаларының орыс тіліне аударылмағаны жоқ. Дегенмен, мына бір жайды айта кетпеуге болмайды. Біздің халық үйге келген қонаққа үйдей өкпең болса да айтпа дейді. Біздің арамызда ондай өкпенің болуы да мүмкін емес. Алайда, онкүндік қонақасы, сән-салтанат қана емес, екі әдебиет үшін де іс бабындағы үлкен жолығыс. Мұндай

жолығыста арамыздағы байланысты одан әрі дамыта беру жөнінде ақтарыла пікірлесеміз. Осы орайда соңғы жылдары біздің әдебиеттің орталық баспалармен, баспасөз орындарымен байланысының сәл арқауы босап жүргенін айтпауға болмайды. Байқап отырсаң, соңғы жылдары Москвада басылған қазақ кітаптарының саны күрт азайып кетіпті. Астаналық үлкен журналдардан да қазақ жазушылары сирек кездесетін болды. Ал бұл жылдары қазақ әдебиетінде қандай да болмасын бір тоқырау болды деуге ауыз бармайды. Қазақ әдебиеті қарқынынан танған жоқ. Соңғы жылдары оған талай-талай талантты шығармалар мен талантты жазушылар қосылды. Бұл арада бар кінә — екі Жазушылар одағының аударма мәселесін жүйелі жолға қоя алмағанында. Содан келіп, әркімнің өз бетімен тіршілік етуіне жол бердік. Әрине аударма мәселесінде әр жазушының, әр аудармашының жеке инициативасын жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, мен Юрий Казаковтың, Наум Коржавинның, Михаил Дудиннің қазақ жазушыларымен өзара тіл табысып, олардың соңғы шығармаларын аударуға ықылас білдіріп жүргенін қуана құптаймын.

Бұл онкүндік тұсында екі жағымыз да айнымас көңіл, ажырамас құшақты таныттық. Мұндай шынайы достық екі мәдениеттің де, екі әдебиеттің де игілігіне қыруар қызмет ететініне әбден сенеміз.

Қош сау тұрыңдар, қадамдарыңа гүл бітсін, қадірлі қонақтар!

Октябрь, 1964 ж.

ҰЛЫ БЕЛЕС

Совет жазушыларының бірінші съезі дүниежүзілік мәдени дамудың биік бір асуы болып тарихқа кіреді. Замана көші ілгері басқан сайын біздің бірінші съезіміздің қандай ұлы орны болғандығы айқындала берумен келеді. Ішкі-тысқы идеологиялық айқастарда эралуан сыннан өткен бірінші съездің идеялық және көркемдік бағыты қандай үлкен дәуірге бұлжымас темірқазық болып қалды. Көп ұлтты совет әдебиетінің соқпағы көп, сыны көп ұлы өркендеу жолына кемеңгер ойдың адастырмас айнытпас жарығын түсірді. Біздің үнемі биіктен-биікке жетелеген идеялық және көркемдік талаптарымыздың тас іргесі сол бірінші съезде қаланды, берік қаланды.

Отыз жылдың өрінен енді артқа қарасақ, көп ұлтты совет әдебиетінің қыранға сын қиялардан асқанын көреміз. Ұзақ тарихы бар іргелі әдебиеттер былай тұрсын, Ұлы Октябрь революциясымен бірге жарық көрген жас әдебиеттердің өзі ержетіп, бері айтқанда одақтық көлемде, әрі айтқанда дүниежүзілік көлемде танылғанын көреміз. Ол әуелі Сталь-ский еді, Жамбыл еді, әр елдің эпосы еді. Енді бүгін ол М. Әуезов, ол Тұрсын-Зада, ол Мұса Жәлил, ол Р. Ғамзатов, ол Ш. Айтматов, ол ондаған-жүздеген белді жазушылар, жас күштер.

Отыз жылдың өрінен артқа тағы бір көз салсақ, артта қалған көп бел-белестерде бірде бірігіп, бірде бытырай қозғалған әдебиет көшін көреміз. Бір топтар таза пролетариат мәдениетін жасамақшы, біреулер «ұсталар», енді біреулер «жолбикелер», біреулер жұмысшы табын иемденіп алған, ен-

ді біреулер «қарашаруа» жазушылары. Жұмысшы табы мен шаруалар одағы мызғымас ұлы күшке айналған дәуірде әдебиет пен көркемөнер күштері берік бір бағыт таба алмай әрісәріге ұшырағаң кез. Социализм құрып жатқан еңбек елін жаңа тілегінің тұрғысынан емес, бесік белгісі сияқты ескі ен таңбаларымен жіктеген кез. Бейімбет, Ілияс, Мұхтар сияқты қазақ совет әдебиетінің мақтанышы болған жазушыларды шеттетіп ұстаған кез. Идея орнына тақырып, көркемдік орнына жадағайлықта өткен кез. Бала кезіміз, долаң кезіміз. Қол ұстаса, бірге топтаса өсудің орнына томаға-тұйық, өзгеге жабық үйірмелерге айналып кете жаздаған кезіміз.

Лениндік Орталық партия Комитеті осы сияқты хауіптер туғанын еске алып, 1932 жылғы 23 апрельде арнайы қаулы шығарып ВОАПП пен РАПП-ты таратты да, Совет өкіметінің платформасын жақтайтын және социалистік құрылысқа белсене қатысуға талаптанатын барлық жазушыларды бірыңғай Совет Жазушылары одағына біріктіруге, бұл одақтың жанында коммунистік фракция құруға ұйғарды. Бұл жалпы социалистік мәдениетімізді қалыптастырып, ілгері дамыту туралы Владимир Ильичтің данышпандық ойларын жүзеге асырудағы ірі адым еді. «Пролетарлық мәдениет,— деді В. И. Ленин комсомолдың III съезінде,— адам баласының капиталистік қоғамның, помещиктік қоғамның, чиновниктік қоғамның езгісінде жүріп жасаған білім қорларының заңды дамуы болып табылуға тиіс». Владимир Ильич 1920 жылдың октябрінде Пролеткульт съезіне жазған «Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасында буржуазия дәуірінде қол жеткен мәдени табыстарды марксизм жоққа шығармайды, қайта, адам баласы соңғы екі мың жылдан астам уақыт ішінде жасаған мәдениеттің бағалыларын қабылдайды, сөйтіп осы бағытта пролетарлық мәдениетті ілгері дамыта береді деп атап көрсетті. Бұл жобада Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің социалистік мәдениет жасаудағы ролі көрсетілді, халық ағарту және көркемөнер істерінің пролетариат диктатурасын нығайта түсу жолындағы міндеттері анықталды.

В. И. Ленинің сол нұсқаулары және «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы әдебиетіміздің өсу тарихына орасан зор ықпал жасады. Совет жазушылары өзінің Бірінші съезіне тұтасқан бір үлкен семья қалпында келді.

Съезде жасаған баяндамасында Алексей Максимович Горький бүкіл дүние жүзі әдебиетінің, соның ішінде көп ұлтты совет әдебиетінің даму барысына терең шолу жасап, жи-

нақтай келіп, былай деді: «Суреткер — өз елінің, өз табының сезімтал жаны, құлағы мен көзі, жүрегі: ол — өз дәуірінің дабылы. Ол мейлінше көп білуге міндетті, өткенді неғұрлым жақсы білсе, қазіргі кезеңді де солғұрлым айқын ұғынады, заманымыздың жан-жақты революциялық екпінін, оған жүктелген міндеттердің шексіз шеңберлі екенін сол ғұрлым күшті, сол ғұрлым терең сезінеді».

Жазушылардың Бүкілодақтық Бірінші съезі әдебиетіміздің бытыраңқы күштерін біріктіріп, Ұлы Горький көтерген социалистік реализм туының астына топтастырды. Көп ұлтты совет әдебиетінің ұлы да қасиетті бір мақсатқа үдере жол тартқан айбынды гвардиясын құрды. Оның бас қолбасшысы болып пролетариат әдебиетінің ұлы атасы А. М. Горький сайланды. Сай-сайды қуалай аққан әрқилы әдеби бұлақтар бір арнаға түсіп, Ақ Еділдей жойқын күш ұлы теңізге жол тартты. Ұлт әдебиеттерінің өзара байланысы нығайып, бірінбірі молықтырар, байыта түсер дәрежеге көтерілді. Қай халықтың әдебиетіне болса да үлкен жол, кең өріс ашылды. Совет адамдарының өміріне коммунизм жолындағы күрес енгізген жаңалықтар, ортақ мүдде, бірегей мақсат пролетарлық интернационализм дәстүрін одан әрі дамытып, көп ұлтты совет әдебиетіндегі бейнелеудің ұлттық түрлерін молықтыра түсті, дамыта түсті.

Қазақ совет әдебиетінің ірге тасы Ұлы Октябрьмен бірге қаланды, оның тұңғыш бастаушылары Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит болды дейміз. Оған күмән жоқ. Солай бола тұрса да, қазақ совет әдебиетінің қаулай өсіп, үдере өркендеп кеткен кезі 1934 жылдан кейін, Бірінші съездің лениндік бағыттағы шешімдерін жүзеге асыру арқасында, үлкенді-кішілі жазушыларымыздың бір ұйымға тартылуы арқасында, идеялық және көркемдік бағытымыздың сараланuы арқасында болды.

Біздің ұлттық көркемөнеріміздің де тез өркендеп кеткен кезі де сол Бірінші съезден кейін. Қазақ совет жазушылары өзінің міндеттерін бұрынғы тар шеңберде, таяз ұғымда қалдырмай мәдениет майданын кеңейтуге белсене ат салысты.

Бірінші съезден кейін пролетариат әдебиетінің атасы А. М. Горький бастаған көрнекті орыс жазушылары ұлт әдебиеттерін қамқорлыққа алып, өсіп-шынығу барысына достық қолқабыс көрсетіп отырды. Николай Тихонов Закавказье мен Түркмен әдебиетіне қол үшін берсе, Леонид Соболев, Всеволод Иванов бастаған бір топ орыс жазушылары біздің

ортамызға келіп социалистік реализм әдісін меңгеруімізге, орыс және дүние жүзі әдебиеттерінің игі дәстүрлерінен үйренуімізге, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетімізді қалыптастыруымызға қолма-қол көмектесті. Біздің данышпан Абайымыз дүниеге тұңғыш рет орыс тілі арқылы мәлім болса, оның орысшаға аударылған алғашқы нұсқасы Леонид Соболевтің басқаруымен жарық көрді. Бұл аса игілікті еңбекте М. Тарловскийдің, А. Гатовтың, Мих. Луконинның, Лев Озеровтың, Павел Шубиннің, Вс. Рождественскийдің және басқа әйгілі совет ақындарының үлесі бар. Қазақтың ұлттық мақтанышын қадір тұтып, әлемге паш еткені үшін оларға мың да бір рахмет айтуымыз керек. Сол жылдары Всеволод Иванов, Б. Майлин екеуімізбен бірігіп «Аманкелді» киносценарийін жазысты. Ал Ә. Тәжібаев «Жомарттың кілемі» пьесасын белгілі режиссер Г. Л. Рошальмен бірігіп жазды. Мұхтар Әуезов драматургиясының биік шыңы болып саналатын «Абай» пьесасы да оның Л. Соболевпен творчестволық достығының игі жемісі болып табылады. Мұхтардың «Абайының» көркемдігіне дақ келтірмей аударуда Л. Соболев жолдастың үлкен еңбегі бар. Ал Жамбылдың әлемге әйгілі жырларын орысшаға М. Исаковский, К. Алтайский, М. Тарловский, П. Кузнецов, украиншаға М. Бажан, П. Тычина және басқа белгілі ақындар аударды. Тарихи романның шебері Ст. Злобин Сәбит пен Ғабиден шығармаларын орысшаға аударуға қатысты. Менің «Қазақ солдаты» атты кітабымды да Ст. Злобин аударды, Л. Соболев редакция жасады.

Өткен отыз жыл бүкіл елімізбен бірге қазақ совет әдебиетінің де қарыштап өсу дәуірі болды. Қазақ ақын-жазушыларының үлкен елеулі бір тобы бүгін бүкіл әлемге танылды. Тұңғыш съезд тұсындағы жас жазушыларымыз қазір ағаустаз. Олардың өкшелерін баса, қырқыншы жылдары, Отан соғысынан кейін қалам ұстаған ақындар мен жазушыларымыз қазір дербес есімге ие болды. Жас драматургиямыз бен жас ақындарымыздың ішінде бүкілодақтық көлемде үлкен үміт күттіретіндері бар.

«Жазушы заманымен бірге өседі» деп Ал. Толстой айтқандай, біздің қалам қайраткерлеріміз де идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан отызыншы жылдарға қарағанда әлдеқайда өсті де, өмір құбылысы мен қоғамдық даму жолына нағыз маркстік-лениндік позиция тұрғысынан қарайтын болды.

Коммунистік партиямыз, оның Лениндік Орталық Коми-

теті әдебиетіміздің өсу, өркендеу жолына үнемі зер салып, қадағалап, табысымызға біріге қуанып, кемшілігіміз болса, кезінде түзеп, әруақыт аталық қамқорлық жасап келеді. Партиямыз бен үкімет басшыларының әдебиет және мәдениет қайратқерлерімен үнемі кездесіп отырулары, идеология мәселелеріне арнаған КПСС Орталық Комитетінің Пленумы осы бағыттағы тарихи мәні бар қамқорлық. Алға ұстар аға буын, сенім артар жас жеткіншектеріміз бар, ортақ мүдде, ұлы мақсат жолына социалистік реализм туын берік ұстап алға баса беруімізге дау да жоқ, хауіп те жоқ.

«Қазақ әдебиеті», 1964, 14 август.

ТЫҢ — ТҮБІРЛІ ТАҚЫРЫП

Қазақстан еңбекшілері қазір Отан қоймасына миллиард пұт астық құюдың күресінде. Республикамыздың Оңтүстік аудандары еңбек жарысына қанаттаса-қатарласа аттанып еді, қазір бірін-бірі өкшелей келіп, берген уәделерін абыроймен орындап жатқанын баспасөз бетінен күнде көреміз.

Бес облыс қарайтын Тың өлкесі, үш облыс қарайтын Батыс Қазақстан өлкесі қазір түгел егін орағына кірісті. Қазақстанның қай жерінде болса да сондай. Республика Батысының дабылы Шығысына жетіп жатса, Солтүстігінің дабылы Оңтүстігіне жетіп жатыр. Миллиондарсыз облыс жоқ, миллиондарсыз миллиард жоқ.

Қазір Қазақстан жерінде жүз мыңдаған мотор жыры. Аспан жұлдыздарына Қазақстанның миллиондаған жер жұлдыздары жарығын қосады. Қазір біз түн барымен есептеспейтін күндеміз. Он мыңдап өретін жатка, комбайн керуені, қатарлап тізсек, кіші-гірім бір мемлекеттің жерін түгел орап алуға жетер еді. Осынша күш күні кеше көшпелі, мешеу ел атанған, бүгінгі сәулетті Қазақстанда! Тың жерді меңгермеген бізде бір облыс жоқ. Өйткені, тың деген бізде жалғыз ғана астық қорын молайту емес, одан гөрі әрірек те тереңірек жататын социалистік ұлы құрылыстың іргелі мәселелерінің бірі.

Миллиондаған жеке шаруаны коллективтестіру қандай сын болса, қандай тарихи кезең болса, тың да сондай.

Артта қалған ауыл шаруашылықты елді аз жылдардың ішінде ірі өндірісті елге айналдыру қандай сын болса, қандай тарихи кезең болса, тың да сондай.

Социализм елінде халықтар достығының ірге тасын берік қалау, қандай сын болса, тыңға бұ да кіреді.

Арманы бір, тілегі бір көп ұлтты еліміздің қандай ұлы істерге әзірлігін сынар кезең болса, бұ да соның бірі.

Қысқасы, Тың жерді тез меңгеріп алуға осындай іргелі мәселелердің көбі кіреді.

Сондықтан да социализм елінің қанықұйлы жаулары, жержүзілік кертартпа күштер біздің Тыңнан қадаған көздерін алған емес. Біздің тың, олардың әркезде көз аудармас қарауылында болып келді. Күн қақты, аңызғақ соқты, арамшөп басты дерлік жылдар кездескенде, олар сол аңызғақпен бірге соқты. Арам өсекті, арам шөптерден де асыра таратты. Бізде де миыңды қайнатар күн барын, ындыныңды кептірер аңызақ барын біле тұра, дәніккен ауыз өтірік өсектен бас тартқан жоқ.

Бірақ ғасырлар бойында бұйығып қалған тың күштердің бұғауы алынса, тауды талқандайтынын біздің ұлы революция танытқаны сияқты, ғасырлар бойы тың жатқан жеріміз де өзінің құнарлы қор екенін танытты.

Қазақстан тыңына бірінші бороэда түсе бергенде-ақ біздің ұран — миллиард болатын. Кейде табиғат райынан, кейде өзіміздің олақтығымыздан миллиард пұт астық ала алмаған жылдарымыз жоқ емес. Бірақ Тың да орнында, ұранымыз да орнында: кепиеттік те жоқ, желбуаздық та жоқ, сенімге түскен ақау да жоқ! Биыл миллиард пұт астық, кәдуілгі алтын дән, Отан қоймасына құйылады!

Социализмнің жаулары да, ошақ басы тоғышарлар да атамзаманғы болымсыз болжалдарынан арыла алмай жүр: бірі біле тұра айрылғысы келмейді, бірі білмей құмалақ ашады.

Қазір тың жерге кірген бес алып бар: ол — үлкен химия, ол — бай техника, ол — ғылыми агротехника, ол — гибрид, ол арам шөптің жендеті — гербицид. Жер тыңая бермек, егін шаруашылығы жылдан-жылға ғылымға сүйене бермек, әрбір дән егілген жерінің жағдайына көндіге бермек, арам шөптер ада-күде құрымақ.

Тың жерлерді игеру — ауыл шаруашылық техникасын жаппай меңгеруді туғызды. Тыңға қол салған алғашқы жылдарда бізде ауылшаруашылық техникасын меңгерген кадрлардың жетіспегені мәлім. Ағайындас-достас орыс, украин, белорус, т. б. бауырлас елдерден мыңдаған механизаторлар келген. Қазір бұл жағдай жылдан-жылға өзгеріп, техника тізгінін Қазақстан өз қолына алып келеді. Тың біздің өзіміз меңгерген ұлы ісімізге айналды.

Осыған байланысты бұрын да бір айтылған сөзімді қайталағым келеді. Менің туған жерім — Преснов ауданы, «Жа-

ңа жол» бригадасында тың жерге қол салғанша бірлі-жарым ғана тракторист болатын. Ол алпыстан астам мұғалім, журналист, жазушы шығарған, жүзден астам үйі бар жер. Сол «Жаңа жол» соңғы бес жылдың ішінде, ауылшаруашылық техникасын меңгерген отыздан аса жас маман берді. «Беларусь» тракторына мінген жастар, бұрынғы заманда бәйге атына мінген жастан да тәкәббар. Ұлы істі меңгерісіп жүргеніне тәкәббар. Бұ да тыңның бір игілікті жемісі емес пе?! Қай колхозда, қай совхозда тыңды меңгеруге қосқан осындай үлес жоқ дей аламыз?

Жазушы еңбегіне жата бермейтін кейбір мәселелерге тоқтап жатқаным, сөз аяғында Қазақстан жазушыларының тың тақырыптарын жазуға, бүкіл елімізбен бірге биыл Ұлы Отанымыздың қоймасына бір миллиард пұт астық құйысуға қалай атсалысып жатқанын айтқым келеді. Газет-журналдармен, жазушылар қаламынан туған еңбектерімен жақын таныстығы бар адамдарға — Қазақстан жазушыларының тыңды меңгеру күресінің ұраншысы болғаны мәлім. Сәбит Мұқанов, Иван Шухов, Ғабиден Мұстафин, Николай Анов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағанбетов, Ғали Орманов т. б. елімізге аты-жөні таныс ақын-жазушылардың бірде-бірі тыңды меңгеру үшін, миллиард пұт астық беру үшін, партиямыздың ұрандарына үн қоспай қалған жоқ. Орта буын, жас буын деп аталатын ақын-жазушыларымыз да солай. Атай берсек, жазушы аттары да көп, еңбек аттары да көп. Кесек туынды кешеуілдеп жатқанымен, әрбір ақын-жазушымыз тыңға қосқан өз үлесін атай алады.

Тыңдағы оныншы орақ дабылына біздің жазушыларымыз да жедел үн қосуда. «Қазақ әдебиеті» бетінде Сәбит Мұқанов «Шексіз шалқар» Мұхамеджан Қаратаев «Әр жүректе бір лүпіл», «Сатпаев атындағы совхозда», Зейін Шашкин «Мақтанам туған жеріме», Зейнолла Қабдолов «Тербеліп теңіз жатқандай» атты очерктерін жариялады.

Биылғы миллиард күресіне Қазақстан жазушылар ұйымы үш бригада жіберді: Тың өлкесіне, Оңтүстік өлкесіне және Батыс Қазақстан өлкесіне.

Тың өлкесін жақын арада ғана: Сәбит Мұқанов аралап қайтып еді. Қазір ол өлкеге Зейін Шашкин, Дмитрий Снегин, Зейнолла Қабдолов, Рахметолла Райымқұлов, Иван Щеголихин, Василий Копытин жолдастар, ал Батыс Қазақстанға: Қалижан Бекхожин, Берқайыр Аманшин, Өтебай Канахин, Оңтүстік Қазақстанға: Нәмет Сүлейменов, Сәуірбек Бақбергенов жолдастар кетті.

Бұл жолдастардың творчестволық есептері, миллиардқа

арнап жазған еңбектері «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде, «Жұлдыз», «Простор» журналдарының арнаулы сандарында басылмақ.

Ондай есепті еліміз қалай күтсе, баспасөз орындарымыз да сондай асыға күтіп отыр.

Миллиард пұт астық Қазақстанның алдына қойып отырған шегі емес, асып түсер биік бір белі ғана! Ауыл шаруашылығына жылдан-жыл молыға кіре беретін ғылым-техника, еліміздің бұлжымас сенімі бұған берік кепіл бола алады.

Тың тақырыбы жазушылар үшін де науқан емес, түбірлі тақырыптардың бірі. Ұлы Октябрь революциясының елу жылға толар тойына әзірленгенде бұл тақырыптың орны ерекше екенін ақын-жазушыларымыздың қай-қайсысына болса да түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Жазушы тақырыбы қашан да биік белестер, сынды айқастар. Соның бірі — біздің тың тақырыбы.

Ұзамай Қазақстанда ұлы орыс халқының әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігі өтеді. Қадірлі қонақтарымыз Тың өлкесін де аралайды. Оңтүстік пен Шығыстың ауыр өндірістерін де көреді. Қарағанды, Балқаш алыптарына да барады.

Сол шаттық кездесуде, сол үлкен мейрамға, әсіресе, Тың өлкесінің кеудесі жоғары, жүзі жарқын болуын тілер едім.

Оның аты — миллиард!

«Қазақ әдебиеті», 1964, 11 сентябрь

УКРАЙНАНЫҢ БАЙТЕРЕГІ

Кең даланың күйіп тұрған ыстығында қоралы қойдың соңына еріп жүріп шөл азабын мейлінше шеккен біздің көне замандағы бабамыз нені армандап, нені аңсады екен? Не де болса қолда жоқты аңсады-ау, менде болмағанменен кейінгілерде болар деп өзін-өзі жұбатпаса нетсін?

Аспандай кең-байтақ, елсіз де шексіз далада өсіп-өнген адамда қиял мен үміттен өзге не әрекет болушы еді. Біздің бабаларымыз қиялшыл болды. Біріне-бірі ұқсас жаздың ұзақ күндері мен қапырық түндерін армандаумен, қиялдаумен өткізді. Қиял қайда апармайды, оның қанаты ұшқыр ғой. Әсіресе, мұқтаждық қиялы-ақ жүйрік келмей ме? Ал, біздің ата-бабаларымыздың мұқтажы мол еді. Шөл далада отырып олар байтеректі аңсады: көлеңкесін саялап, салқын бұлақтың мөлдір суын мейір қанғанша сімірсем деп армандады. Осындай тілек ұрпаққа мұра етіп, көненің көзі «Байтерек» аңызын тудырды.

Байтерек! Сенің әрбір бұтағың, әрбір жапырағың ғасырлар арманына, ұрпақтар үмітіне толы ғой. Бүткіл ел аңсады ғой өзіңді, сен жоқта шеккен азаптың есебі бар ма? Халықтың көз жасын табиғат көрді-ау, әйтеуір: қазақ топырағында да байтерек пайда болды.

Кермек топырақты өгейсімей қалай өстің екен, әуел баста өзіңді біздің жерге кім екті екен? Қазақ елінде «Ақтерек» деп аталатын ауыл бар. Сол ауылдың бір шалы отырғызды ма екен? Мойынқұмның қиыр шетінде «Бостандық» совхозы бар. Әлде сол «Бостандықты» орнатушы тұңғыш колхозшылардың бірі ме екен? Әлде сен қазақ даласына Атырау алқабынан тарадың ба, тұңғыш рет сені Украинаның ұлы перзенті Тарас Шевченко екті ме екен, айдауда жүрген қасіретті

ақын патша әуресінен қансырап қаза тапқан бір бишара солдатты аяп, белгі есебінде еге салуы мүмкін ғой. Кім ексе де, сені дүниеге келтірген осал кісі емес — дана кісі, мейірбан да ақынжанды кісі.

«Байтерек» аңызының қай жерде қай уақытта туғаны және белгісіз. Сонысына қарамай ол ұмытылмады, ұрпақтан ұрпаққа тарап отыр. Олай болатын реті де бар: ол жай ертек емес, ақыл-ойға жүйрік халықтың туындысы, бейнеті де зейнеті мол туған топырақтың төл баласы. Тұқымы асыл нәрсе тоғбайтыны белгілі ғой.

Қазақтың байтерегі бәлки Арал жағалауында туған болар. Ол өңірде әулие атанған жалғыз ағаштың өскенін, оған көшпелі қазақ әдейі барып ауруға ем, жоқ-жітікке бақыт, жетім-жесірге пана тілеп құрбан шалып жүргенін кім білмейді. «Әулие ағашты» 1848 жылы Бутаковқа еріп жүрген сапарында Шевченко да көрген. Ағашты әулие тұтқан шөл даланың халқы да, оның келешекке деген жарқын үміті де ұлы ақынды қатты ойландырады, ағашқа байланысты көшпелі жұрттың соқыр салты ақын жүрегінде өшпес із қалдырады. Осы оқиғаның тікелей әсерімен Шевченко әсем де кемеңгер «Жалғыз ағаш» суретін салды, оған іле-шала «Егіз» повесін жазды.

Бұдан жүз жыл бұрын Шевченко Маңғыстауда үйеңкі отырғызды. Ақынның адал да таза саусақтарымен егілген ағаш бұл күнде әбден толысқан, «Шевченко ағашы» аталады. Оны қазақ атаулы Тарастың өзіндей қадірлейді, украин халқының данышпан ұлының көзі деп біледі.

Шевченко искусстволық жазушылық, суретшілік тәрізді екі бірдей биігіне шығып қана қойған жоқ, ол өмір сүре білу, өмірді қалтқысыз тани білу тәрізді ұлы өнерге де жетік болды. Соның арқасында жақсылық пен жамандықты жан-жақты бейнеледі: бірін жан-тәнімен беріле, сүйсіне жырласа, екіншісін аяусыз сынады, жеріне жеткізе даттады. Өйткені ол адамды, әсіресе мен қорлықтан азат адамды аңсаушы еді, адамның көзінен ащы жас төгілмей, күн нұры төгілсін деп тілеуші еді.

Ақын азамат болса, оның ол қасиеті барлық жағдайда да көрініп отырады. Мейлі кеңшілікте жүрсін, мейлі таршылықта жүрсін, мейлі құрметке бөленсін, мейлі қуғынға ұшырасын — ол үнемі сол ақындық, азаматтық қалпын бұзбайды, үнемі жақсылық үшін күреседі, төңірегіне бақыт ұрығын шашады. Ол өз халқының ғана қамын жеп қоймайды, барлық халық, бүткіл адамзат үшін жауыздықпен алысады. Өйткені ақынның ақындық, азаматтық қасиеті өз халқына

деген сүйіспеншілікпен ғана өлшенбейді, өзге халықтарға деген адал пейілмен де өлшенеді — екеуімен қатар өлшенеді. Шевченко — украин халқының ұлттық мақтанышы, ол — бүкіл адамзаттың мақтанышы.

Шевченко қазақ жеріне тұтқын боп келді. Битаныс елдің шексіз даласы, шөлейті мен сортаңы, кеспірсіз моласы айдаудағы ақынның онсыз да жүдеу көңілін онан әрі жүдете түсті, патша тарапынан өзіне істелген озбырлықтың сырын анықтай түсті. Көшпелі елдің өрттей ыстық күні мейірбан жүректі қуырып тастасын, меңіреу дала азаттық ақынын меңіреу, мылқау етіп жіберсін деп патшаның әдейі айдағанын ұқты. Ия, біздің ата мекеніміз Тараста қатты шошытты, мықтап жетімсіретті! Дей тұрғанмен интернационалист Шевченко сыйықсыз даланы да сүйе білді. Бұл елдің де ауыр халін дұрыс түсіне білді. Көшпелі халықтың ақылы мен адалдығына, мақсат-мұратының ірілігіне сүйісінді. Оның жүрегі мен жері егіз қозыдай екенін, екеуі де мырза екенін тани білді. Осындай көрегендік ақынды мойытпады, шабытына медеу болып талай жаңа жыр, талай жаңа суреттер туғызды.

Тарас Григорьевич қазақ даласын көп шарлады. Оңтүстігіне барып көсіле жатқан Қаратауды көрді, Мойынқұм мен Арал төңірегін кезді. Бала кезден көз үйренген аппақ үйлердің орнына қазақ даласы кеспірсіз киіз үйлерін жайып салды, Днепрдей дарияның орнына, жалғыз теңіздей сағымдарын елестетті, туған елдің сүттей аппақ айлы түндерінің орнына түпсіз терең қараңғы аспанын төңкерді. Бөтен табиғат ақынның жетім көңілін одан сайын жетімсірете түсті. Қазақтың ауыр тұрмысына, көрген азабына қынжыла қарады. Осындай құнарсыз қатал мекеніне қарамастан, қазақ төзімді де табанды еді, өміршең еді. Тарас Григорьевич көшпелі халықтың сол қасиетіне қатты сүйісінді. Оны өзіне үлгі етті. Ұнату еңбекке ұласты, айдаудағы ақын қазақтың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, кең тыныстық әсем әндерін, аңыздары мен жырларын зерттей бастады, халық құдіретінің құпия сырымен таныстық.

Қазақтың жайын Шевченко бұрыннан да біраз білетін. 1847 жылы жазылған «Түс» поэмасында ақын «Оралдың ар жағындағы қырғыздардың күнін құдай басқа бермесін» деген еді. Енді өзі айтқан «Оралдың ар жағын» көзімен көрді, көріп қана қойған жоқ шығыстағы патша саясатының қаралаушысы болып шықты. Шевченконың күнделік дәптерінде Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Перовский жайлы мынадай сөздер бар: «Бұл бір барып тұрған азғын да тасжүрек пенде. Алжыған шал азғындыққа белшесінен батқа-

нына қарамастан, аңқау елде қамқоршы атанып жүр, мырза атанып жүр. Аңқау елді аяусыз тонайды да, содан түскен қаржыны оң мен солға шашады — көңілі ауған қатын-қыздарға он мың сомдық моншақ сыйлайды. Сүйтіп жәллаптардың арасында жомарт атанады. Бұдан асқан сұмырайлық болар ма, сірә?»

Патша үкіметінің Перовский тәрізді жергілікті басшыларын Шевченко аяусыз айыптады. «Сатрап және Дервіш» деген поэма жазбақшы болды. Не себеп болғаны белгісіз, ақынның бұл ниеті іске аспады. Әйтсе де біз үшін ниеттің өзі қымбат. «Менің ойластырып жүрген тағы бір тақырыбым бар. Ол Орынбор Сатрапиясында болған бір оқиғаға байланысты. «Сатрап пен Дервішке» қоссам, жануын келтіріп-ақ жіберер еді! Мені тек әйел мәселесі қинайды. Менің поэмамда әйел басты рольді атқаруы керек, ал шындығында шығыстағы әйел табан астында жүрген күң: ешкімге аузын аша алмайды, ешкімге мұның теріс деп айта алмайды. Бишараларды сол бишара қалпында көрсетем ғой деймін, асылы». Шығыс әйелінің тағдыры поэманың бір-ақ көрінісі есебінде суреттелетін болса, поэманың қаншалықты зор болатыны өзінен-өзі түсінікті. Ол бір теңдесі жоқ керемет дүние болмақшы еді, әттең, жазылмай қалды.

Тарастан қалған мұра — асыл мұра. Ол халық жаршысы, ел азаматы.

Тарастың тағдыры Махамбет тағдырына ұқсас. Екеуі де қара халықтан шықты, екеуі де азаттықты ардақтады, екеуі де бейбастақ, есер әкімдерді иттің етіндей жек көрді, екеуі де бар күшін, бар өмірін халық үшін сарп етті. Патша мен оның сатраптарын әшкерелегенде, оларға қарсы өлеңі мен қаруын қатар жұмсағанда, екеуі де қара бастың қамын бір ойлаған жоқ. Махамбет пен Тарастың ерлігі сүйсінерлік ерлік, Махамбет пен Тарастың өлеңі өлмейтін, мәңгілік мұра. Қазақтың қазіргі кездегі Әбділда, Тайр, Ғали тәрізді және тағы басқа ақындары Тарас пен Махамбеттен бірдей үйренуде, өздерін солардың екеуінен өрбіген ұрпақ санауда.

Біздің Қазақстанда миллионнан астам украиндықтар бар. Олардың ата-бабалары 1861 жылғы реформадан кейін күнкөріс іздеп біздің жерге келген-ді. Қазақтан жер-су алып, отар қоныс тепті, бау-бақша салды, үстеріне үй көтерді. Алғашқы кезде қазақтар оларды таңырқаушы еді: бөтен жұрт, бөтен тіл, бөтен дін. Әйтседе еңбекші қазақ еңбекші украинның қоңыр үйінен туған елге деген үлкен сағынышты, тілін білмесе де, тапжылтпай таныды, соның арқасында әуелінде «кәпір» дейтін болса, кейін «тамыр» дейтін болды. Ата-баба-

лардың арасында осылай қалыптасқан жақындық, достық ізгі дәстүрге айналды, қиын-қыстау заманда екі халықтың екеуіне де өлшеусіз көмегін тигізді, мәдениет пен экономика саласында екі халықтың да өркенін өсіре түсуге себеп болып отыр.

Осының бәрі Шевченкодан басталды, Шевченко егіп, Шевченко өсірген байтеректен басталды. Ақынның байтерегі қазір көптеген саялы баққа айналды. Ақын еккен байтерек қайда апарсаң да шөлдеген жұртқа сая, панасыз елге пана бола бермек. Ол — Шевченко өмірі, Шевченко поэзиясы дәлелдеген шындық.

1964 ж.

ХАСАН ТАҺИР ЗАРРУХ ТУРАЛЫ ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

Жазушы тағдыры қайда да, қашан да туған елінің тағдырына байланысты екені мәлім ғой. Ел тағдырына, заман сындарына бейтарап жазушы болмақ емес. Елі үшін алдымен күйіне де, сүйіне де, отқа түсер де, оттан алып қалу үшін жанын аямастың бірі де сол жазушы. Ел жүрегінің қалай соғарын аңдығың келсе, ең алдымен жазушының тамырын бас, асыра айтар, ауыр күрсінер, артық қуанар, бірақ, жалғаны болмас; шынды аңғарасың.

Хасан Таһир Заррух Судан халқының баяғысымен бірге жасасып келе жатқан жас жазушы. Заррухта өткен күндердің мол тәжірибесі, бүгінгі күрестің жас қайраты бар: қайғылы тәжірибе — қуанышты күрес. Бұдан он-ақ жыл бұрын шыққан география картасында Судан жері сары ала, қара ала шапан кигендей болатын. Оның аты Суданның екі елге бағынышты болғандығы еді — Англия, Мысыр. Мысыр деген жай сөз, шын қожасы кәнігі отаршыл Англия болатын.

Хасан Заррух мұны ұмытқан жоқ. Ұмыту былай тұрсын, отар елінің үстірт ұғынғанын, ол күндердің келешек үшін қандай сызды сортаң, сор қалдырғанын әшкерелеумен келеді. Судан топырағында бұл әлі күнге аяқталмаған күрес таңқырыбы.

Заррух революция жолындағы күрестерімен де, сол күреске арналған жазушылық еңбектерімен де байтақ араб дүниесіне кең танылған, алдымен аталар азғана топтың ішіндегі жазушы: алдымен аталардың ішінде де алдыңғы жағында аталар жазушы, құрмет иесі, ел ардақтысы.

Мен бір ретте Суданға барып, демократиялық жолдағы жазушыларымен кездескенде, Хасан Таһир Заррух ол жиналысқа қатынаса алмады (жасырын жайда екен). Бірақ, жи-

налыс түгел Заррухтың бағытында екені анық байқалып отырды. Ертеңіне жиналыстың қандай жақсы өткені туралы Заррухтан хат алдым. Суданның орталығы түгіл, оңтүстік жақ қиыр шеттерінде де, шаруалар арасында да Заррух өте сүйікті, елі ауызына қарайтын жазушы екендігі байқалды.

Біздің «Жұлдыз» журналы Хасан Заррухтың бірнеше әңгімелерін жариялап отырғаны Азия, Африка әдебиет қозғалысы үшін игілікті адым. Алдағы күндерде де екі ұлы континенттің демократиялық күрес жолындағы жазушыларын біздің елге көбірек таныстыруын тілек етемін. Бұл елдерде бізге әлі таныс болмаған күрделі жазушылар, көркемөнер қайраткерлері аз емес.

1965 ж.

ӨШПЕС ӨМІР

Отан соғысы кезінде оқшау көзге түскен жазушы жастарымыздың бірі — Баубек Бұлқышев. Соғыстан бұрын ол әрнеге де тайынбай соқтығатын талабы бар да, қаламы ұшталмаған болатын. Іздеңгіш те жігерлі ойға сұрау салып, жас қаламның тез ұшталып кетуіне әсер еткен Ұлы Отан соғысы сияқты үлкен көріктің дем алысы.

Соғыс алдындағы соңғы жылдарда Баубектің өлеңдері көбінесе «Октябрь балалары» журналында басылып жүргендіктен «үлкендердің» назарын тарта қоймаған еді. Әр құралдың өткірлігін, әр күштің шама-шарқын аяусыз сынар кезеңде жас талант серпіле сілтеп кетті. Ойлы жастың құнарлы сөзі бүкіл совет еліңің құлағына жиырма бес жыл бірге, бір бағытта өсіп-өнген көп ұлтты елдің айнымас достығының үніндей естілді.

Баубек заман біздікі дейді. Баубек майдандағы қазақ жастарының атынан сөйлейді. Тереңірек ойлансаңыз мұның екеуі де үлкен жауаптылықпен айтылатын сөздер. Ісіне де, күшіне еркін сенетін жас жазушы бұл жауаптылықтан тайынған жоқ. Заман жастардікі екені даусыз ғой, бірақ қандай жастардікі? Желбуаз, даурықпа жастардікі емес, Баубек сияқты өнімді еңбек иесі деп танырлық өнерлі де өнегелі жастардікі.

Баубектің осы кітапшада басылып отырған мақалаларының қайсысын алсақ та, өте бір елеулі, ерекше бір мағналы мәселелерді қозғайды. Оны қозғай алған жастың заман біздікі деуге де, жалпы жастар атынан сөйлеуге де әбден қақысы бар.

Баубектің мақалаларын мен орыс тілінен қазақ тіліне аудардым, қызығып аудардым. Үлкен ойларды оқушы жүре-

гіне дәл жеткізетін әдемі тілмен бере білу — жазушының ерекше бір қасиеті. Баубекте осы қасиет бар. Еліне сөйлеген көпіртпе сөз емес, жансыз былжыр сөз емес, жас жүрегін жүз бұрап шыққан ойына орай оралымды тілі бар: Оның очерк, мақалалары үлкен шеберлікпен жазылған. Совет журналист-жазушыларының алдыңғы қатардағыларының-ақ айта алатын сөздері. Баубек дүниелік мәдениетпен, әр ағымды философиямен жақсы таныс, ірі жазушы болғалы келе жатыр еді.

Қолында мылтығы, қалтасында қаламы. Елімізді қорлап, жерімізді ластап жүрген неміс-фашистеріне екеуі де тас шоқпардай тиеді. Қаламын Отан соғысының тілегіне бағындырып, Баубек қазір көркем очерк сүрлеуімен жазып жүр.

Жеңіс күні жақындап келеді. Майданнан ширап қайтқан жазушы жастардың құлашын кең жайып, қанатын еркін серпер күндері де жақын. Осы тілек, осы үмітпен тағы бір жақсы, тағы бір жас жазушымыздың бетін ашқымыз келеді».

Бұл жолдарды мен жүзтаныстығым болмаған жас жазушы туралы 1943 жылы жазған екенмін. Амал не, Баубек майданнан қайтқан жоқ, қаза тапты.

Енді сол Баубекті еске алсам, көз алдыма аса бір дарынды жас келеді. Тұлғасына қызыға қарап қалар бір жігерлі жас болады ғой, Баубек маған солай елестейді.

Терең ойсыз, үлкен идеясыз көркем шығарма жоқ. Баубек әдебиетке үлкен ойлармен, бірден танылa кететін, өз стилімен келе жатыр еді. Көркем очерк, мақалаларынан іргелі жазушы туып келе жатқанын танытар талап сирек кездеседі. Баубек мен үшін осындай сирек кездесетін талант еді.

Баубектің аяқталмаған, мүмкін, үзіп-жұлып арпалыс үстінде жазған «Алматы — қалам менің» романынан да осыны көремін.

Баубектің Ұлы Отан соғысы кезінде жазған очерктері қандай ескірмесе, сол кезде жазған аяқталмаған романы да ескірген жоқ; очерктерінде де, романында да жастар үшін аса терең ойлар бар, жігер бар, әсемдік бар.

Баубектің бар жазғандарын бір жинақтап шығарғалы отырған «Жазушы» баспасына алғыс айтамын.

1965 ж.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАДІРМЕНДІ ҰЛЫ

Осыдан отыз жылдан аз-ақ астам бұрын, Қазақстанның енді ғана өркендей бастаған жаңа тұрпатты мәдениетінің көк жиегінде жұртшылыққа аты әлі беймағлұм бір жас жігіт бой көрсетті. Шын дарын екен,— жас қайрат даңғазасыз — у-шусыз, едіреймей, елірмей, сыпайы да салмақты келді.

Оның үстіне жас жігіт өзінің туған ағасы, ғылымның бірінші дәрежелі жарық жұлдызы, аса ірі филолог-ғалым Құдайберген Жұбановтың көлеңкесінде болды. Бірақ ағасының көлеңкесінде тұрып та ол көзге айқын шалынды. Көлеңкемен қосылып кетер сұрғылт емес екен.

Сол жас жігіттің аты — Ахмет Жұбанов еді, сол жас жігіт — бүгін біз, тек біз ғана емес, бүкіл Совет Одағының музыкалық және ғылми жұртшылығы, туғанына 60 жыл, творчестволық, ұстаздық, ғылми һәм қоғамдық қызметіне 40 жыл толуын тойлап отырған Ахмет Жұбанов, Ақаң.

Қажырлы да қайратты, ойлы да білімді жас жападан жалғыз өзі дерлік, қазақ халқының рухани мәдениетінің көтерілмеген тыңын игеруге, қазақ халқының үні өшуге айналған музыкалық өнеріне қайтадан жан бітіруге, оның жаңа да жасаң мәдениетін туғызудың жолдарын іздестіруге бірденақ кірісіп кетті.

Шәкіртінің музыкаға қабілетін жіті аңғарып, оның бойындағы талант отының маздауына себепкер болған шала-сауатты мұғалім Әшіғалиевке мың да бір рахмет!

Бізге Ахмет Жұбанов сияқты үлкен композиторды ғана емес, музыканы, музыка тарихын зерттеуші білікті ғалымды, республикамыздың мәдени өмірін жаңа жолға салысқан белді қайраткерді берген Ленинград консерваториясының абыройы арта берсін!

Зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік берерліктей болмашы ғана жағдайлар жасалғаннан кейін бір-ер жыл өтпей-ақ, күлден шыққан феникссе, қазақтың ұлт аспаптар оркестрі пайда болды. Мен Ахмет Қуанұлының көп дауысты ұлттық оркестрді құруы — аса елеулі, сонымен қатар тарихи еңбек деп санаймын. Ең басты музыкалық аспаптарымыз — көне заман перзенттері домбыра мен қобыз Октябрь революциясына дейін өзара үндестік таба алмағаны кімге болса да мәлім. Ұлт оркестрінің кіндік атасы — Ақаң!

Қазақ искусствосының Москвада өткен тұңғыш декадасы кезінде астаналықтардың біздің ұлттық оркестрімізге, оның ұйымдастырушысы әрі дирижері Ахмет Жұбановқа арналған риясыз сүйіністері әлі есімізде. Ал бүгінде сол оркестр советтің көп ұлттық музыкалық мәдениетінің ең құрамды бөліктерінің біріне айналып отыр. Бұл, сөз жоқ біздің юбилярдың еңбегінің зейнеті. Бүгін республикамыздағы жүздеген ұлт аспаптар оркестрі өзінің негізін салған Ақаңның шығармаларын ойнайды.

Кейін нағыз операны нысанаға алып, қазақ музыкалық театрын құру кезіндегі шалғай-шалыс таластар тұсында Ахмет Қуанұлының музыка саласындағы зерттеулері көрнекті, тіпті шешуші роль атқарды деуге болады. Опералық театр ашудың тарихи маңызын ол кезде жұрттың бәрі бірдей түсініп болмаған еді, көпшілігінде мұндай театрды құру мәселесін көтерген адамдардың қабілетіне деген сенім аз еді. Операға салынған қазақ әні мен қазақ күйлерінің өңі өзгеріп кетпей ме деп те қорқатындар болды. Міне, осы жайда ұлт аспаптар оркестрінің жұпыны ғана көрінісі, Ахмет Жұбановтың еңбектері мәселенің шешілуіне негіз болды.

Яғни, жас ғалым қолға алған проблема жұртшылықты музыкалық жағынан тәрбиелеудегі ең қажетті деген біраз шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл — сол дәуір жағдайында жаңа, әрі аса күрделі проблема еді. Ең алдымен халық композиторлары мен әншілері ғасырлар бойы жасаған, кең сахараның шар тарабында бытырап, шашырап, шашылып жатқан мұраны бір жерге жинақтап, үлкен қазынаға айналдыру қажет еді. Марқұм Затаевич бастаған істі аяқтау керек еді.

Техникумның қабырғасында бұдан отыз жыл бұрын басталған, көп еңбектеніп, жан-тәнімен беріліп істеуді тілейтін осы бір жұмысты Ахмет Жұбанов Қазақстан Ғылым академиясының әдебиет және өнер институтының қабырғасында, қазақ музыка өнерінің қадірменді ақсақалы дәрежесінде аяқтады.

Көне музыкалық мұраларды жинастыру және жүйелеу, әсіресе Құрманғазының, оның тұрғыластары мен ізбасарларының шын мәнісіндегі ұлы туындыларын қалпына келтіру, Біржанның, Абайдың, Ақанның, Жаяу-Мұсаның, Ыбырайдың және басқалардың тамаша әндерін өмірге қайта әкелу жолында еткен аса жемісті еңбегі Ахмет Жұбановтың өзінің ғана емес, әріптестері Е. Брусиловскийдің, марқұм М. Төлебаевтың, Л. Хамидидің опералық шығармаларына да нәр берді. Халқымыздың осы бір ұшан-теңіз мұрасы болмаса біздің опералық искусствомыз да туа қоймайтын еді. Өйткені, тамырсыз байтерек болмауға тиіс.

Көпшілікке белгілі, біздің опералық өнеріміз өзінің алғашқы адымдарын халық музыкасына сүйеніп қана жасады, бірақ сол қалпында қалған жоқ. Жыл өткен сайын өресі биіктей берген жас қазақ операсы әлем музыкасының классикалық және қазіргі заманғы үлгілерімен қоян-қолтық өсуге бет алды. Бұл — қазақ композиторларының,— жасының да, жасамысының да тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Қандай биік болмасын, көркемөнер әлденеше буын ұрпақтың күш-жігерін талап етеді. Музыка өнерінің асқарына қол артқан жолымыздан жасамыс Ахмет Жұбановтан бастап, жас Ғазиза Жұбановаға дейінгі аралықтағы композиторлардың талайының ізін аңғарамыз. Музыкалық өнердің биік шыңына апарар соқпағы көп жолда композиторларымыздың бәрінің де іздері жатыр.

Алайда ең зор асқақтық пен ең үлкен ізгілікті, тереңдік пен өрістілікті, қайғы-мұңның тұңғиығы мен ызаның күш-құдіретін мен өз басым А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсындағы Абайдың ариясынан айқын көремін. Осы бір асыл жамбыдай ізгі әуендегі музыкалық искусствоның биігіне жетелер күш басқа ондаған опералардағыдан әлдеқайда артық па деймін.

Ахмет Қуанұлының композитор ретінде және ғалым ретіндегі творчестволық сапары қиындықсыз болған жоқ. Талай бөгесіндер, талай оқаптар ұшырасты. Алайда Ақаң өзінің қажымас жігер-қайратының, тынымсыз еңбегінің арқасында бет алған жолынан бір елі де ауытқымапты!

Ленинград консерваториясын бітіргеннен кейін бір-екі жыл өтпестен-ақ ол қазақтың халық аспаптар оркестрін ұйымдастырады, музыкалық мұраларды жинастыру ісіне белсене кіріседі.

Жеті жылдан соң Л. Хамидимен бірге «Абай» операсын жазады.

Он үш жылдан соң Ахмет Жұбанов — Қазақ ССР Ғылым академиясын құрушылардың бірі.

Ол Қазақстандағы ірілі-уақты көркемөнер мекемелерінің барлығының — мұның ішінде филармония мен консерватория да бар,— тұрақты ұйымдастырушылардың бірі болыпты.

Анықтама-кітапшалардың айтуынша Ахмет Жұбанов — опералық және симфониялық туындыларын қосып есептегенде үш жүзден астам шығарманың авторы. Бұл аз еңбек емес!

Сонымен бірге Ахмет Қуанұлы он бір ғылми еңбек жариялады және екі үлкен кітабы баспада жатыр.

Академик А. Жұбанов — республикамыздағы бүкіл өнер тану ғылымының жолбасшысы болып отыр.

Композитор А. Жұбанов Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығына арнап «Құрманғазы» атты опера жазуда. Либреттосын да өзі жасамақ. Бұл — Ақаңның жан-жақты талантының тағы бір қыры. Мен өз басым аталмыш операдан үлкен үміт күтемін. Бұл реттегі ойларымды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советінде де ортаға салдым. Өйткені, Октябрьдің 50 жылдық тойына нақтылы да лайықты тартулар әзірлеу жолындағы қимылымыз тым сылбыр. Бір кезде жапа-тармағай жабылуды керек ететін жанталасқа ұшырап қалуымыз да мүмкін!

Көріп отырсыздар, Ахмет Жұбанов сияқты үлкен композитор, білікті ғалымның творчестволық жолын тегіс қамтып шығу тіпті мүмкін емес деуге болады. Біріншіден, өзінің туындылары арқылы, сахна мен экран, эстрада мен оркестр арқылы, кітаптары арқылы көп жайды Ақаң өзі айтып келе жатқан адам.

Екіншіден, юбилей күні — творчество адамы үшін ең ауыр күн болуға керек. Бар салмағын бүкіл денеңмен сезіне отырып, бір қалыптан шыққан мадақтауға, дәріптеуге толы құрғақ сөздерді тыңдау оңай емес.

Еңбегінің тиісінше бағалануы, жұртшылықтың ыстық ықласы халық алдындағы, замана алдындағы, өзінің, бәлки, кей реттерде орнымен жұмсалмаған дарынының алдындағы жауапкершілігіңді сезінушілікпен тығыз байланысты. Өйткені барлық дарын халық игілігіне қызмет етуі шарт, ол жалғыз саған ғана тиесілі болмауға керек.

Үшіншіден, композитор еместігімді былай қойғанда, мен музыка зерттеушісі де емеспін. Менің лексиконымдағы музыкалық терминнің саны екі-үшеуден аса қоймас, оның үстіне бұларды басқа жағдайларда қолданамын, бәлки тіпті жаңсақ мағынада қолданатын да шығармын деймін.

Сондықтан юбилярымыздың қаламынан туындаған шығармалардың жетістіктері мен кемістіктерін талдау жағына аттап баспауым заңды. Сөзімдегі осы бір үлкен олқылық үшін қымбатты юбилярдан да, оған айрықша ізет пен құрмет көрсетіп отырған халайықтан да ғафу өтінемін.

Академик, доктор, профессор, көркемөнер қайраткері, көптеген ғылми кеңестердің, редколлегиялардың мүшесі болып келген юбилярдың атақ-мансаптарын да тізіп жатпаймын, тіпті оның бірде қалалық Советтің депутаты болғандығын да айтпақ емеспін.

Үлкен композитор, білікті ғалымның ізгі еңбегі жайлы бірнеше ауыз сөз айтуға ризашылығымды білдіргендегі мақсатым басқа болатын.

Менің көңілімде музыкаға қатысты, өзім бірден-бір ақиқат деп санап,— мүмкін балаңқы да шығар,— табынатын бір пікір бар: ән мен күйдің әуеніне елтитін жан біреудің өміріне қастандық жасамайтыны өз алдына, ешқашан да ешкімді қорламаса, жәбірлемесе керек.

Біреуді қорлағанда, біреуге қол көтергенде, немесе біреуді өлтіргенде адам ешқашан да музыканы емес, былапыт сөздерді қолданады. Қанішер тіпті кішкене сәбиге қол жұмсағанның өзінде уытқа толы, «образды» сөздерді жұдырығымен бірге ала жүретін шығар деймін. Міне осыдан келіп мен музыкалық тәрбие — жұртшылықтың мінез-құлқы мен салт-санасын таза жолға түсіруде шешуші мәні бар, адамның бойына ізгілік отын жағатын ең басты факторлардың бірі деген қортынды шығарамын. Сондықтан менің музыка төңірегіндегі адамдарға, олардың еңбегіне деген ықылас-құрметім ерекше. Юбилярдың халық алдындағы, дәуір алдындағы тарихи еңбегінің мән-мағынасын ерекше атап көрсеткенде мен осы жағын жеткізіп айтуды ниет еттім ғой деймін.

Сонымен, қымбатты Ақа, Сіз алпыстасыз. Шыққан асуыңыздың қорқыныштыештеңесі де жоқ екенін көріп отырсыз. Ол — адам мен өмірдің арасын алыстататын тас қорған емес екен. Ол — дүниеден бар тілегенің — көңілдің қымбаттысы, жүректің қалаулысы — рояль, яки жазу столымен екі араңа бөгесін бола алмайды. Қолыңыз әлі қалтырамайды, жаныңыз бен тәніңіздегі сырлы әуеннің үндестігі әлі бұзылмаған. Үйіңіз де күйге толы — жарым-жарты консерватория деуге болады. Достарыңыз бен серіктеріңіздің Сізге деген махаббаты кіршіксіз, көңілдері риясыз. Партия мен халық елеулі еңбегіңізді жоғары бағалап отыр.

КПСС Орталық Комитетінің соңғы жылдарда өткен пленумдары және партиямыздың XXIII съезі біздің өміріміздің

жаңа да нұрлы кезеңінің, творчестволық күш-қайраттың өрлеу кезеңінің, жемісті творчестволық жарыстар кезеңінің жаршысы болып отыр ғой деймін.

Ақа, Сіз, жаңа опера жазу үстінде, қазірдің өзінде-ақ осы ұлы дүбір бәйгеге қосылып кетті деп санаймын.

Қадірмен дос, бұл жарыста үлкен жеңіске жетуіңізге тілектес екендігімді білдіремін!

Жеңіс, қалай болғанда да жеңіс! Достардың өзі күндейтіндей жеңіске жетіңіз!

«Достарың күндесін» дегенде мен жаңсақ сөйлеп тұрғаным жоқ. «Күндеушілік пен бәсеке жарыс — апалы-қарындасты, туысы бір нәрсе, яғни жаман текті емес» деген А. С. Пушкин. Сондықтан әлдебіреуді, әлденесі үшін күндейтін жан сол адаммен жарысқа, солақай қимылдан бойын аулақ салып, тек қана жарысқа түссе деймін.

Қадірменді Ақа! Бүгін біз Сіздің ақбурыл басыңызға ізет көрсетіп отырмыз, Сіздің басыңыз аппақ құдай болғанда жұртшылықтың осы қадір-құрметі тағы да қайталансын деген ізгі тілекті қабыл алыңыз!

«Қазақ әдебиеті», 1966 жыл, 3 июнь.

КАИРДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

1958 жылы Азия мен Африка елдері жазушыларының Ташкентте өткен бірінші конференциясы өзінің жетекші орталығын — Тұрақты бюроны құрды, бұл бюро осы екі ұлы континенттегі әдеби қозғалысқа басшылық етуге тиісті болды. Оның тұрақты мекені, Цейлон жазушыларының тілегіне сәйкес, Коломбо болып белгіленді.

Содан бері бірсыпыра уақыт өтті. Екі континентте де бостандық пен тәуелсіздіктің түрлі-түсті жалаулары көбейді. Толысқан әдебиеттердің қарт емен, қадірмен байтеректерімен қатар жас күштері және жапырақ жайды. Ұлт-азаттық күресінде, тәуелсіз жас мемлекеттердің ұлттық мәдениетінің туып, қалыптасуында жазушылар барған сайын елеулі роль атқара бастады.

Міне бұл тұста Коломбодағы Тұрақты бюро қалай жұмыс істеп келді? Шынына келсек, бюродағы істің жайы мүлде мәз емес. Біз екі континенттегі елдер әдебиеттерінің өсуіне қайткенде Азия-Африка жазушыларының бірлесе жауап беруіне жетуді қалаймыз. Міне сол себептен де таяуда Каирде Тұрақты бюроның он мүшесінің алтауының қатысуымен арнайы мәжіліс өтті. Мұнда біздің өз ұйымымыздың жұмысына деген үлкен мазасыздықпен жиналғанымызды жасырғым келмейді.

Бюро ұйымдастырушылары үшін ең алғашқы алаңдатарлық белгі біздің бас секретарымыз Сенанаякенің Каирге Азия мен Африка елдері жазушыларының кезекті екінші конференциясына келіп есеп беруден бастартқандығы еді. Бұл бұдан төрт жыл бұрын болатын. Бюроның есебін Каирде дайындық комитеті мүшелерінің тізе қоса отырып даярлауына тура

келді. Бас секретарьдің басқа жұмыстардан қолы тимегенімен де, өйткені ол жазушы емес, кәсіпкер ғой, ол есеп беріп, біздің жоғары органымыз — конференцияға қатысушылардың пікірлерін тыңдауға міндетті болатын. Біздің түсінігімізше, дүние жүзіндегі екі үлкен континенттегі әдеби қозғалысқа басшылық етіп, бағыт беруге тиісті бас секретарь үшін тапсырылған іске жауапкершілікпен қарап, өзіне деген сенімді ақтауға тырысудан құрметті іс болмауға тиіс еді.

Міне сол себептен де 1962 жылғы Каир конференциясы Коломбодағы бюроның жұмысын жандандыру жайында бірсыпыра шара белгілеп, дұрыс қадам жасады. Алайда жұмыстың бұл шағын программасының өзі де сол күйі орындалмай қалды.

Оның есесіне біздің бас секретарымыз басқа бір программаны бұлжытпай жүзеге асырып отырды. Ол Тұрақты бюроның бар правосымен пайдаланып, өз бетімен өкілдік етуге тырысты. Міне, бұл біздің бар жұмысымызды тұйыққа әкеліп тіреді. Ұлт әдебиеттерінің заңды өкілдерін әдебиеттен хабары жоқ өзге біреулермен алмастыру, бұл әдебиеттердің заңды талаптарын ескермеу, Ташкент пен Каир конференцияларының, сол сияқты ұйымның Индонезиядағы атқару комитетінің шешімдерін елемеу — бұрынғы бас секретарьдың іс сиқы міне осындай болды. Мәселені кеңесе шешу ұмытылып, тапсырылған іске бірлесе жауап беру өз жайына қалды. Екі-үш адам бюроның өкілдігінсіз көптеген елдерді аралап, Каир конференциясының шешіміне қарсы сөздер сөйледі. Оның үстіне соңғы үш жыл ішінде Тұрақты бюроның сессиялары бір рет те шақырылмағандығын да ескерте кетуім қажет. Ал Каир конференциясының шешімі бойынша жылына екі рет бюро өтуі, яғни соңғы үш жылда оның алты мәжілісі шақырылуы тиіс болатын.

Сонымен бірге Каир конференциясы Тұрақты бюроны бұрын жоқ жерлерде Азия-Африка елдерінің әдеби байланыс комитеттерін құрып, олардың барларын нығайта түсуге міндеттеген болатын. Конференция бюроны осы комитеттердің жұмысын үйлестіріп, бұл елдерде әдеби қозғалысты кеңейтуге күш салуға шақырды. Өкінішке қарай бюро төрт жыл ішінде бірде-бір байланыс комитетін құрған жоқ, ал бұрыннан бар комитеттердің жұмысын үйлестіруді мүлде естен шығарды.

Коломбодағы бюроның бас секретары тіпті жеңіл-желпі хабармен де шұғылданбағандықтан, ұлттық комитеттердің қызметіне селқос қарағандықтан бюроның көптеген мүшелері бұл комитеттерде не істеліп, не қойып жатқандығынан

бейхабар болды. Секретариат Азия-Африка елдері жазушыларының қалауы мен ықыласы бойынша бұл елдер жазушыларының арасындағы байланысты нығайтып, кеңейту бағытында көптеген маңызды шараларды жүзеге асырған совет жазушылары комитетінің жұмысына назар аударады.

1964 жылы Москвада Азия мен Африка елдері әдебиеттерін зерттеу және аудару жөнінде семинар болды, оған 17 елдің жазушылары қатысты, 1965 жылы біз халықаралық симпозиум өткізіп, Азия-Африка елдері әдебиеттеріндегі әңгіме жанрының жағдайын талқыладық. Ал өткен жылы Жапония жазушыларымен бір семинар, бір симпозиум және өткіздік.

Бұл жылдар ішінде Совет Одағында Азия мен Африка елдері жазушыларының жүздеген кітаптары басылды, көптеген мемлекеттердің — Біріккен Араб Республикасының, Үндістанның, Жапонияның, Суданның, Вьетнамның, Алжирдің, Марокконың, Сенегалдың, Кенияның, Пакистанның, Ливанның, Монғолияның, Ауғанстанның, Түркияның, Камбоджаның және басқа мемлекеттердің жазушыларымен делегациялар алмасылды.

Егер Коломбодағы бюроның бас секретары байланыс жөніндегі ұлттық комитеттердің жұмысына назар аударған болса, онда оның біздің ісіміздің даму барысы жайында аздыкөпті мағлұматы болған болар еді. Өкінішке қарай, біздің бас секретарымыз Сенанаяке өз борышына селқос та самарқау күйінде қалды. Тарихтың дәл осындай ең бір жауапты кезеңінде, империализм бейбітшілік пен демократияға қарсы шабуыл жасап отырған шақта, ұлт-азаттық қозғалыстары қауырт өрлеп тұрған тұста біздің бас секретарымыздың бәріміздің ортақ ісімізге бұлай менсінбей, селқос қарауын ешбір кешіруге болмайды!

Іс жүзінде бұл байланыстар кеңейтілу орнына тарыла түсті, тіпті кей жерлерде оның бұзылуына жол берілді. Бұл біздің көпшілігіміздің Коломбодағы Сенанаякенің басқарған бюроның әдеби қозғалысымызға қандай да бір пайда келтірер-ау деген титтей де үмітін қалдырмады.

Сенанаякенің соңғы бір қылығы ерекше назар аударарлық болды. Бюроның мүшелерімен ешбір келіспестен, оның үстіне олардың ризалығынсыз ол өз бетімен Пекинде Төтенше конференция өткізуге ұйғарды. Біз Сенанаякенің бюроның екі-үш мүшесінің ғана құптауымен мұндай конференция өткізуге шешім қабылдауын барып тұрған ұятсыз да жауап-

сыз нәрсе деп есептейміз. Оның зиянды қызметінің нәтижесі бюроның басқа мүшелеріне де көлеңке түсіреді.

Міне осыған орай Каирде Тұрақты бюро сессиясының шақырылуы әрі заңды, әрі кезек күттірмейтін іс еді. Каирге толық праволы он мүшенің алтауының — Цейлонның, Үндістанның, Совет Одағының, Біріккен Араб Республикасының, Суданның және Камерунның өкілдері келді. Жазушылар қозғалысының жайын ойлап мазасызданған олар, бұдан көп уақыт бұрын Египет Жазушылар одағынан, оның бас секретары Юсеф Эс-Сибаидан осы сессияны өткізуге жәрдемдесуді сұраған болатын.

Қазіргі күрделі жағдайда, тіпті одан да дәлірек етіп айтсам, біздің қозғалысымыздың сын сәтінде, осы қажеттікті танып, біздің қозғалысымыздың бір тарауын тәмәмдеп, оның жаңа Каир тарауын ашуымызды құп алғаны үшін Египет жазушыларына және Сибаидың жеке өз басына алғыс айтамыз.

1962 жылы Азия-Африка елдері жазушыларының Каир конференциясында жарияланған коллективтік жауапкершілік принципінің Каирде қайтадан қалпына келтірілуі біз үшін қуанарлық та сүйсінерлік іс болды.

Азия-Африка елдерінің әдеби қозғалысында енді тек қана нағыз әдебиетшілер қатысуға тиіс екенін тағы да дәлелдеп бердік.

Бұл принциптер енді қалыбына келтірілді. Тұрақты бюро қайта жаңартылды. Оның тұрақты мекеніне Каир таңдалды. Бас секретары Юсеф Эс-Сибаи болды.

Каирда қайтадан жаңғыртылған бюро көптеген нақты, әрі маңызды міндеттерді жүзеге асыру ісін белгіледі. Алжир мен Вьетнам ақындарының жинақтарын шығару, бюллетеньдер мен тоқсан сайын әдеби журнал шығару жайындағы программа арнаулы үндеу түрінде бюроның барша мүшелеріне жөнелтілді. Пакистанда поэзия семинары өткізілетін болады. Цейлон, Үндістан, Судан және Біріккен Араб Республикасы өкілдерінен Азия мен Африка жазушыларының кезекті үшінші конференциясын өткізу мәселесі жайында тиісті топ құрылды.

Тұрақты бюроның Каирде өткен сессиясы вьетнам халқының американ империализміне қарсы ерлік күресін қуаттап, мақұлдаған қаулы қабылдады.

«Африка мен Азия жазушылары атынан,— делінді ол қаулыда,— біз Америка Құрама Штаттарының Вьетнамға қарсы жүргізіп отырған агрессиясын, сол сияқты олардың

вьетнам халқын өзіне бағындырмақ болған тағылық әрекетін үзілді-кесілді айыптаймыз.

Біз Оңтүстік Вьетнамды азат ету жөніндегі Ұлттық майданды қызу қолдаймыз және 1954 жылғы Женева келісімінің жүзеге асырылуын талап етеміз.

Біз Азия-Африка елдерінің сол сияқты бүкіл дүние жүзі елдерінің жазушыларын қолдарындағы бар қару, бар күшін жұмсап, вьетнам халқының азаттық, тәуелсіздік, өз еркі жолындағы әділ күресін қолдауға шақырамыз.»

«Социалистік Қазақстан» 1966, 8 июль.

ҮЛКЕН ӘДЕБИЕТ

Украина әдебиеті — ұлы орыс әдебиетінің асқар биікке көтерілген XIX ғасырмен қанаттаса өсіп келе жатқан, бай тарихы бар үлкен әдебиет.

Арғы көне ғасырларда орыс мемлекетінің іргесін қаласуда украина халқының еңбегі қандай елеулі болса, XIX ғасырдағы реалистік орыс әдебиетінің өркендеуіне қосқан украина жазушыларының еңбектері де сондай елеулі. Сыншыл реализм дәуірі болсын, революциялық демократия бағытындағы әдебиет дәуірі болсын, одан бергі дәуірде болсын, украина әдебиеті туысқан орыс әдебиетімен үзеңгілесіп отырады. Оның ар жағы да жалаңаш емес. Көне замандарға тартатын би, ән өнері, ауыз әдебиеті бар. Мемлекеттік салттан, тұрмыстың ойын-тойынан, соғыс жорықтарынан туған әндер, өлеңдер, жырлар көне замандарға кетеді.

Алайда, ең алдымен орыс әдебитіндегі сыншыл реализмнің іргесін қалаған ұлы атасы Н. В. Гоголь екенін еске алайық. Грибоедов, Пушкин, Лермонтов шығармаларында белгі берген сыншыл реализм бағытын Гоголь бұлжымас жолға салып кетті. Бұл орыс реалистік әдебиетінің шарықтап өсуіне ең бір үлкен жолдама еді. Гогольдің орыс жазушысы болып танылатыны оның украиналық ұлттығын жоймайды, ұлылығын ғана көрсетеді.

Революциялық демократия бағытындағы әдебиет дәуірінде Украинаның тағы бір ұлы ақыны Тарас Шевченко шығады. Белгілі жай, Тарас Шевченко орыстың революциялық демократия бағытындағы ұлы жазушыларымен үзеңгілесіп отырды. XIX ғасырдың екінші жартысында Шевченкоға жалғаса Иван Франко мен Леся Украинка шықты. Мұның

екеуі де — революциялық демократия бағытындағы ірі жазушылар. Осындай бірі ұлы, бірі атақты жазушылары Украина әдебиетін мол әзірлікпен XX ғасырға шығарып салды. Жәй ғана шығарып салған жоқ, ұлы Горькиймен үзеңгілесе, 1905 жылғы революцияның алдын болжай шығарып салды. («Кассандра», «Қан алаңында»— Л. Украинка).

Октябрь революциясы дәуіріне осындай мол әзірлігімен келген украина әдебиеті аз жылдардың ішінде-ақ озық әдебиеттер қатарына қосылды. Қазіргі украина әдебиеті — көп ұлтты совет әдебиетінің ортан қазықтарының бірі. Павло Тычина, Микола Бажан, Максим Рыльский — әлдеқашан оқу құралдарына кірген жазушылар. Максим Рыльский, Михайло Стельмах, Олесь Гончар — Лениндік сыйлықтың лауреаттары. Украина жазушылар ұйымының мүшелері жеті жүзге тартады. Әрине, бұл — жәй цифр емес.

Соңғы жылдардың бірінде Лениндік сыйлықтар комитетіне Украинадан екі роман келіп түсті. Олар — Гончардың «Тронкасы», Первомайскийдің «Жабайы бал» романы. Мен екі романның екеуі туралы да баяндамашылардың бірі едім. Екеуі де — Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған шығармалар. Бұл кезеңге арналған шығармалар совет әдебиетінде аз емес. Солай бола тұрса да Украин романдары өзіндік бір жұпар иісі аңқып тұрған күрделі шығармалар екен. Ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігі қандай толық қанды болса, ескірген дәстүрлерге айналсоқтай бермей, адам сырына жаңа бір тұрғыдан қадала ізденулері де сондай еркін, сондай ұтымды. Тегінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік дейтін бірінші талабымызға толық жауап беру күресі украина әдебиетінің дәстүріне айналған. Стельмахтың «Адам қаны су емес» дейтін романы, Гончардың, Первомайскийдің романдары, С. Олейник шығармалары осыны дәлелдейді. Із басқан, болмашыны қазбалаған шығармалар Украин әдебиетінен сирек кездеседі. Бұл айтылғандар, сөз жоқ, өсіп толыққан іргелі әдебиеттің сенімді нышандары.

Осы күндерде Нью-Йорк кинофестивалында Украинаның «Ұмытылған ата-бабалар елесі» деген фильмі зор табыспен өтіп жатыр. Бұл — бір жағынан әрі жазушы, әрі кинорежиссер Александр Довженко мектебінің табысы болса, екінші жағынан украин драматургиясының табысы. Бұл — украин мәдениеті мен украин әдебиетінің биік асқарға шығып бара жатқанын көрсететін табыс.

Украин әдебиеті мен өнерінің онкүндігі Қазақстанның

қай жерінде болса да аса үлкен қошаметпен, сағынышты құшақпен қарсы алынып жатыр. Оның бір себебі — ұлы украин халқы мен қазақ халқының достығында әріден келе жатқан өзекті мәндер бар. Біздің тарихи тағдырымыз ұқсас, бүгінгіміз ұқсас, болашағымыз да бір, әніміз де, күлкі-сықағымыз да ұқсас, мәдениетіміз де, әдебиетіміз де үндес. Онкүндік біз үшін өткінші емес, өмірлік бірліктің бір көрінісі ғана. Украин жазушыларына келген беттерінде «Қош келдіңіз!» дейміз де аттанарында қоштаспаймыз, құшақтасамыз да екі елдің шекарасында «Қош келдіңіз!» деген жазу мәңгі өшпей тұра беретінін айтып қаламыз...

«Социалистік Қазақстан» 1966, 2 октябрь.

ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ІЗГІ ДӘСТҮРІ

Көп ұлтты совет әдебиеті өзінің туған күнінен бастап интернационалдық рухтағы әдебиет болды. Басқа халықтардың қайғы-қасіретін ол өз қайғы-қасіретіндей көрді. Ол әуелденақ айбынды революциялық гуманизмді бойына сіңіріп өсті. Михаил Светловтың «Гренада» деген өлеңі совет әдебиетінің осы абзал қасиетінің бейнебір ақындық символы тәрізді. «Гренада»— қарапайым орыс жігіті туралы, Испаниядағы гренадалық бауырларын ұмытпайтын, онда да өзінің ағаінілері қанаушылықтан құтылу үшін күресіп жатқанын білетін жігіт туралы өлең. Не болмаса XX ғасырдың прозалық шығармаларын, мысалы, Всеволод Ивановтың партизан повестері мен Александр Фадеевтің «Тас-талқан» повесін алыңыз. Әңгіме бұлардағы қаһармандардың орыс, украин немесе Солтүстік тайпаларының өкілдері болуында емес. Әңгіме бұл шығармалардың түп төркіні жағынан болсын, идеялық-көркемдік бағыты жағынан болсын интернационалдық болуында.

Ұлт-азаттық күрес тақырыбы — біздің әдебиетіміздің ежелгі дәстүрі. Мұны тіпті ауыз әдебиеті шығармаларынан байқау да қиын емес. Халық творчествосында терең патриотизм басқа елдерді, басқа жұрттарды қадір тұтып құрметтеумен астасып жатады. Бұған мысал ретінде орыстың батырлық эпосы «Игорь полкі туралы сөзді», азербайжанның «Көр оғылысын», қырғыздың «Манасын», қалмақтың «Жәңгірін», өзбектің «Алпамышын», қазақтың «Қобыландысын», армянның «Давид Сасунскийін», грузиннің «Жолбарыс терісін жамылған батырын»» атауға болар еді.

Ұлт намысын арашалау, өз Отанын шапқыншылардан қорғау ниетінен белгілі бір тарихи жағдайларда шовинистік немесе ұлтшылдық бағыттағы шығармалардың пайда болға-

ны рас. Алайда біздің әдебиетіміздің бір жақсы қасиеті — ол шытырман тарихи оқиғаларды суреттеуде көбінесе шынайы интернационализм бағытында болды.

Орыс патшасы жаулап алу саясатын жүргізіп, отарлық басқыншылықты жүзеге асырған жылдарда орыстың көрнекті жазушылары басқа халықтарды қанап отырған халықтың өзі, шынтуайтқа келгенде, азат бола алмайды деген дұрыс пікірді қостап шықты. Олар патша өкіметінің езгісіндегі халықтарды барынша қадірлеу рухына толы, есте қаларлық тамаша шығармалар туғызды. Лев Толстойдың «Хаджи-Мурат» повесін еске түсірейікші. Мұнда орыс әдебиетінің кемеңгері тау халықтарының өз бостандығы жолындағы күресін үлкен шыншылдықпен, нағыз жанашырлықпен суреттеді.

Сондай-ақ Россияның ұлт аймақтарының алдыңғы қатарлы интеллигенциясы патша өкіметінің басқыншыларынан орыстың демократиялық мәдениетімен бірге келген прогресті ажырата білді. Бұған аса көрнекті жазушылардың, мәселен, азербайжан Мырза Фатали Ахундовтың немесе қазақ Шоқан Уәлихановтың шығармалары толық дәлел.

Осы ізгі дәстүрдің зор маңызын көрсету үшін тым әрірек замандарға жүгінудің қажеті жоқ. Фашизм Испанияны қанға боялған қаһарлы отызыншы жылдарды еске түсірейікші. Міне тап сол кезде барлық әлем орыс адамдарының Гренадаға болысқысы келген қарапайым жігіт жағында екенін өз көзімен көрді.

Антифашистік майданның алдыңғы сапында испан және совет жазушыларымен бірге американ Эрнст Хемингуэй мен неміс Людвиг Ренн, ағылшын Ральф Фокс пен венгер Мате Залка күресті. Бұлардың кейбіреуі Испанияның бостандығын қорғауға өз үнін көтеріп қана қоймай, сонымен бірге қолына қару алып, қиын-қыстау күндерде азаттық үшін арпалысып жатқан испан халқына жәрдемдесті.

Совет жазушылары Ұлы Отан соғысы жылдарында фашизмге қарсы қаруымен де, қаламымен де соғысты. Ал бұл соғыста Совет Одағының халықтары өз бостандығын қорғау арқылы дүние жүзіндегі барша халықтың мұддесін қорғағаны белгілі. Біздің тоғыз жүз жазушымыз майданға аттанды, олардың ішінен үш жүзі елге оралмады.

Осы әділетті күресте бізге немістің антифашист жазушылары Иоганнес Бехер, Фридрих Вольф, Вилли Бредель, Анна Зегерс, сол сияқты венгер, чехословак, фин, поляк жазушылары қол ұшын берді. Европаның құлдыққа түскен барлық елінде фашизмге қарсы даңқты қозғалыс қатарында ең талантты, ақ жүрек әдебиетшілер шайқасты.

Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін ауыр да қатерлі сын болды.

Біздің әдебиетімізде бұл дәуірдің оқиғалары асқақ шабытпен жырланып келеді, келешекте де жырлана бермек. Тек біз емес, Отан соғысы тақырыбына басқа елдер әдебиетшілері де назар аударып отыр. Михаил Шолоховтың «Олар Отан үшін алысты» романының жеке тараулары және оның «Адамның тағдыры» деген әңгімесі, Александр Фадеевтің «Жас гвардия» романы, татар ақыны Мұса Жәлилдің фашист зынданында жазған өлеңдері жұртшылыққа әбден таныс. Константин Симоновтың Ұлы Отан соғысы туралы романдары, Борис Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколамск тас жолы») деген шығармалары, Олесь Гончардың, Бауыржан Момышұлының кітаптары дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Міне осы шығармаларда, сол сияқты совет жазушыларының бұдан басқа да шығармаларында соғыстың ауыр күндері тарихи тұрғыдан дәл, көркемдік тұрғыдан айқын, философиялық тұрғыдан терең бейнеленген, фашистік жыртқыштыққа қарсы аттанған халықтың адамзат алдындағы жауапкершілік сезімі, бостандық сүйгіш рухы жақсы берілген.

Совет Одағының, басқа да бостандық сүйгіш елдердің екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңісі шын мәнісінде дүние жүзілік тарихи кезең болды. Фашизм талқандалып, социализмнің қуатты лагері құрылғаннан кейін отаршыл империялар күйрей бастады. Арқа сүйер мықты тірегі болған соң Азия мен Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы отаршыл мемлекеттердің іргесін шайқалтып, оларға сілейте соққы берді. Енді әлемнің саяси картасымен қоса әдеби картасы да тез өзгере бастады.

Совет жазушылары мен біздің бүкіл советтік творчестволық интеллигенция езілген халықтардың азаттық жолындағы күресін өз күресінен кем көрмейді. Соғыстан кейінгі жылдары совет әдебиетінде жазушыларымыздың Африка мен Азия халықтарының өміріне арналған бірсыпыра шығармасы жарық көрді. Бұл жөнінде Николай Тихоновтың өлеңдерін және оның «Ақ керемет» романын, Мырза Тұрсын-Заданың «Үнді хикаясын», Асхат Мұхтардың «Менің замандасымның сыры» романын, Евгений Долматовскийдің «Африка бейне жүректей» деген өлеңдер жинағын атаған жөн.

Біздің оқушыларымыз азат етілген елдердегі революциялық қозғалыс пен әлеуметтік өзгерістерді көбірек білуге құ-

мар. Оларға Африканың, Азияның, Латын Америкасының бостандық пен тәуелсіздік жолында өмірін құрбан еткен ұлттық батырларының бейнесі әрі етене жақын, әрі қымбат.

Ленинград жазушылары Вениамин Ченцов пен Александр Смолян өздерінің «Осында, Африканың тап орталығында» деген повесінде Конгоның ұлттық батыры Патрис Лумумбаның жарқын бейнесін жасады. Бұл повесті ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Молодая гвардия» баспасы шығарған болатын. Бай фактілерді мол пайдалана отырып, авторлар өте әсерлі шығарма жазған. Африка халқының ардагер ұлы Патрис Лумумбаның балалық шағынан бастап қаза тапқанына дейінгі өмірі бұл повесте көз алдында тұрады.

Авторлар өз қаһармандарының сөздері арқылы Лумумбаның ұлы идеяларын елестетеді. «Студенттер, жұмысшылар, қызметшілер — міне бұлар муконгтардан да, д'эспирондардан да күшті, мың мәртебе күшті, әлі-ақ олар Лумумбаның өлсе де саптан шықпағанын дүйім жұртқа паш етеді. Лумумба бар ғой,— түсінсем, оңайлықпен өлетін, оңайлықпен жеңіле қоятын адам емес!» Жүз мың дана тиражбен басылған бұл повесть лезде тарап кетті, оқушылар оны құмарта қарсы алды.

Нәсілшілдердің фашистік тәртібіне жер үстіндегі әрбір адал ниетті адамның жаны қас. Біздің еліміздің әдебиетшілері де бұл масқара нәсілшілдікті өз шығармаларымен айыптап отыр. Оңтүстік Африка Одағы туралы өзінің әңгімелер жинағын жас жазушы Александр Иванченко «Жәбір көрген жұлдыздар» деп атады. Журналистің, жазушының жіті көзі біздің заманымыздағы адам айтқысыз тағылық пен правосыздықты көреді. Бірақ сонымен бірге автор осы жан түршігерлік дүниеден жаңалықтың өркендерін де, адамдардың бостандыққа, күнге, жарық сәулеге ұмтылған қадамын да байқайды. Жазушы бұл елде ақ нәсілшілдерге күн жоқ екенін, шексіз зұлымдықтары үшін олардың көп ұзамай сазайын тартатынын аңғартады.

Совет жазушысы Василий Захарченконың Мали тіршілігі туралы жазған «Қарлығаштар Африкадан ұшып келеді» деген шағын кітапшасы оқушылар жүрегіне жол тапты. Ежелгі халықтың жаңа өмірге қадам басқанын, оның мәдениетін, бұл елде қазір болып жатқан өзгерістерді автор ерекше шабытпен әсерлі баяндайды.

Қанаушыларға қарсы күресте мойымайтын, қайсар Боливия жұмысшы табына Леонид Соболев өзінің «Алтын тақтағы қайыршы» деген кітабын арнады. Ол — бұл елге парламент делегациясының құрамында бірінші болып барғандар-

дың бірі. Боливияның қарапайым адамдарымен дидарласу жазушының ой-толғанысына мол материал берген. Көркем сөздің асқан шебері кеншілер мен студенттер туралы тебірене жазады, елдің үміткер болашағы — жастардың революциялық ой-мақсатын сүйсіне әңгімелейді. Бір жиында ол кеншілерден: «Халық дайын асқа мәз боп отыра бермейді... Біз енді күштіміз, сондықтан біз қимыл-харекет жасаймыз» деген сөздер естиді.

Ангола, Мозамбик, Португалия Гвинеясы, Жасыл мүйіс аралдары патриоттарының қарулы күресі — көптеген совет ақындарының жалынды өлең-жырларының тақырыбы.

Біз басқа елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын күллі адамзаттың прогресс жолындағы ортақ шеруінен бөліп көрген емеспіз. Совет әдебиетшілері әрқашан бірде-бір шын жазушы өз заманындағы әлеуметтік қозғалыстардан шет қала алмайды деп біледі.

Сондықтан Дж. Олдридждің «Ең соңғы құғындалушы» романы — Африка мен Азия халықтарының ұлт-азаттық күресіне қосылған үлкен үлес. Советтің оқушы қауымы планетамыздың қандай да бір елеулі оқиғаларын қалт жібермейтін Грем Гриннің романдарын жоғары бағалайды. Австралия жазушысы Уэстің «Иностранная литература» журналының арнаулы санында жарияланған «Елші» романы да бізге мәлім. Бұл роман күресіп жатқан Вьетнамға тілектестік жырын шертеді.

Ұлт-азаттық қозғалысының маңызды буыны — ұлттық дербес мәдениетті қалыптастырып, өркендету жолындағы, империализмнің идеологиялық агрессиясына қарсы күрес. Совет оқушылары қазір, XX ғасырда өз мемлекетін орнату, өз тәуелсіздігі, өзінің материалдық және рухани мәдениетін көркейту жолында күресіп жатқан барлық елдер мен халықтар әдебиеттерінің дамуына мұқият зейін қойып келеді. Ендеше шетел жазушылары шығармаларының біздің елде аударылуы — әбден заңды құбылыс. Кейінгі жылдары Азия-Африка, Латын Америкасы елдері ақындары мен прозашыларының жүздеген шығармалары Совет Одағы халықтарының тілдеріне аударылды.

Жапон жазушылары Исикава, Хоттэ, Кайко, Кобо Абэ және басқаларының, вьетнам жазушылары Нгуен Динь Тхи, То Хыу, Нгуен Нгог, Вуй Дын Ай, Нгуен Тхань, Ань Дын және басқаларының шығармалары империализм мен отаршылдыққа қарсы күресте күшті құрал екенінде дау жоқ.

Совет оқушысына Деннис Осадэвей, Леопольд Сенгор,

Эме Сезар, Сембенэ Осман, Спириан Эквенси сияқты Африка жазушыларының есімдері жақсы таныс.

Соңғы жылдары араб әдебиетінен аударылған шығармалардың саны едәуір көбейді. Совет оқушысы Египеттің ірі көркем сөз шеберлері Тах Хусейннің, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идристің, ирандық әл-Джавахири, судандық әл-Фейтури сияқты тамаша ақындардың, иран жазушылары Фуад Текерли, Абдель Малик Нури және басқаларының әңгімелерін ұнатты. «Қазіргі араб новеллалары» деген үлкен жинақ және «Араб елдерінің жас ақындары» деген өлеңдер жинағы совет оқушыларын араб елдерінің көптеген жазушыларымен, ақындарымен таныстырды. Египеттің әйел жазушысы Латифа Заяттың «Есік ашық» деген романы да орыс тіліне аударылды. Мұнда 1956 жылдың оқиғалары — Египетке қарсы империалистік агрессияны тойтару жайы сөз болады.

Бұған қоса біздің араб достарымыз Тах Хусейннің, Нагиб Махфуздың, Юсеф Идристің романдары әрқайсысы жүз мың дана тиражбен басылып шыққанын айту керек.

Бізге қытайдың да, корейдің де, арабтың да, жапонның да, түріктің де, ұлт-азаттық күресте бай дәстүрлері бар, дүниежүзілік мәдениетке өз үлесін қосқан басқа да әдебиеттердің шығармаларындағы жақсылық атаулының бәрі қымбат. Біз Ангола мен Мозамбик, Камбоджа мен Кения, Нигерия мен Цейлон, Оңтүстік Африка республикасы мен Мадагаскар, Пакистан мен Иран әдебиеттерінің дамуын шын достық ниеттен қадағалаймыз. Ұлт-азаттық күрес жүргізіп келе жатқан халықтардың творчествосымен совет оқушыларын таныстыруды біз ұлт-азаттығы жолындағы күрескерлерге қолма-қол туысқандық көмек көрсеткеніміз сияқты, өзіміздің интернационалдық борышымыз деп санаймыз.

Әрине, біз бұл жөнінде бәрін тындырып тастадық деп айта алмаймыз. Азия, Африка, Латын Америкасы жазушыларының елеулі шығармаларын аудару интернационалдық борышымыз деп санаймыз.

Өзінен бұрынғы классик-реалистердің тамаша дәстүрлерінен айнымайтын, интернационалдық ынтымақ принциптерінен айнымайтын совет жазушылары қандай да бір ел халықтарының ұлт-азаттығы жолындағы күресін белсене жақтап келді және жақтай береді де. Міне мұның өзі біздің империализмге қарсы күреске бұрынғыдан да белсене, дәйектілікпен, қолда бар құралдың бәрімен қатысуға міндеттейтіні хақ.

1966 ж.

АЗИЯ — АФРИКА ЖАЗ[illegible]
ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖАҢА [illegible]

Азия мен Африка адам баласының ең [illegible] дүние-лік ой-сананың ең алғашқы серпілісі де осы [illegible]анда туыпты десек, оған ешкім таңданбаса керек. Ғыл[illegible] мен мәдениет, архитектура мен поэзия, данышпандық пен философия, музыка мен би, мырзалық пен мейірімділік, сұлулық пен сүйіспеншілік мұралары осыны айтады. Әділет ең бірінші ізгілік деп танылған кездері бар. Күш әділетте, заңдылықта, мейірімділікте, сұлулықта, сүйіспеншілікте деп танылған кездері бар. Бұл алғашқы тұнық ой, терең сезімнің белгілері ғой.

Сонымен бірге адам баласының тарихында Азия-Африка елдерінің басынан өткен соңғы бес ғасырындай қайғыға толы, қасіретке толы, құлдыққа толы, қорлауға толы заман болған емес. Адам дегеннің, халық дегеннің сонша қорлануына, соған төзіп, жойылып кетпеуіне таңданасың.

Белгілі жай, Азия-Африка елдерінің жаңа заманы әлеуметтік және ұлт-азаттық жолындағы революциялық қозғалыстардың жеңісі арқылы туды. Жаңа идеяларымен келген жаңа заман Азия-Африка елдерінің көпшілігі үшін XX ғасырдың екінші жартысынан басталғаны да мәлім. Бірінші дүниежүзілік соғыс бірнеше патшалардың, бірнеше корольдардың таж-тағынан айрылуымен аяқталып еді. Дүниежүзілік екінші соғыс отаршылдық туларының қирай құлауына әкеліп соқты.

Демократиялық бағыттағы барлық адам баласы бұрын отаршылық құлдығында болған елдердің азаттығына шексіз қуанды. Адам өгіз емес, иықтан басқан лағынет қамыт — темір бұғаудың талқандалуына қуанды. Азат адам еңсесін көтерді. Қара туларды құлатқан, қару алған ақ білектер, сарғылт білектер, қара білектер азаттық туларын бірлесіп кө-

терді. Үндінің ерке әндері дүние кезіп кетті. Отаршылардың ойынша тағылықтың даңғазасы деп танылған там-там нәзік сезімді Африка халықтарының көп тілді, көп дауысты симфониясы екен! Азия-Африка деп аталатын екі алып Гималай, Климанджаро таулары сияқты екі асқар екенін танытып келеді.

Отаршылдық қорлығы құл мен күңге айналдырған адамның жан-жүрегін, ынта-жігерін аяусыз талқандағаны даусыз. Темір бұғау, тас зындан адам жанын жасытпай қоймайды. Жасыған жан, жарамсақ жан, жалыншақ жан — өшкен от, жануыш керек, тамызық керек, от ұшқыны керек. Түптеп келгенде ең үлкен жеңіс осы майданда. Осы жеңіске жету үшін, осы жеңісті баянды ету үшін достар білегін сезіну керек, достар үні бытырамай бірлесе шығу керек.

Осы сияқты ертеден белгілі болғанымен, ең маңызды ойды әуелі үнді жазушылары көтерді. 1956 жылы Үндістан астанасы — Дели қаласында Азия жазушыларының бірінші конференциясы болып өтті.

Отаршылдықтың ең соңғы, ең қансоқта дәуіріне кірген империализммен айқас үшін Азия-Африка жазушыларының күш-қуатын біріктіру жолында Дели конференциясының үлкен маңызы болды. Конференция үш түрлі мәселенің бағытын аңғартты:

1. Азия жазушыларының ең күш салар күрес майданы — империализм мен отаршылдық;

2. Бұл күресте Азия-Африка жазушыларының біріккен күшке айналуы қажет;

3. Азия-Африка елдерінің әдеби табыстарын аудару арқылы алма-кезек таныстырып отыру керек.

1958 жылы Өзбекстан астанасы — Ташкентте өткен Азия-Африка жазушыларының бірінші конференциясы идеология майданындағы үлкен бір оқиға болды. Ең алдымен, дүние жүзілік әдебиет қозғалысында мұндай үлкен бас қосу болған емес: Ташкентке елу жеті елден 257 жазушы келді. Әр елдің қалам қайраткерлері, өнер қайраткерлері достық мінбесінде еркін тұрып өз жайларымен таныстырды. Ташкент конференциясының әрі мазмұнды, әрі бауырмалдық жағдайда өткені сонша, Азия-Африка жазушылары жылдар бойында «Ташкент руҳы» деген екі сөзді ұмыта алған жоқ. Дүние жүзі алғашқы рет Азия-Африка жазушыларының ызғарлы үнін естіді. Қорлаушыға бөгесін барын, қорланғанға қорғаушы барын таныды.

Сол конференцияда Азия-Африка әдебиет қозғалысының орталық басқармасы сайланды. Оған тұрақты алқа — тұрақ-

ты бюро деген ат берілді. Цейлон жазушыларының қолқалауы бойынша тұрақты алқамыз Коломбо қаласына орналасатын болды. Халықаралық әдеп дәстүрді қабылдап, Алқаның бас секретарлығы да Цейлон жазушыларына берілді. Әттең, бас секретарлыққа көрнекті жазушы емес, қатардағы жазушысымақ Сенанаяке деген «Іскер адамның» тағайындалғанын көбіміз кейін білдік.

Сол Ташкент конференциясында туған Азия мен Африканың орталық перзенті — Тұрақты алқа қазір сегіз жаста. Арада көп үміт күттіріп, бір үмітті ақтамаған сегіз жыл өтті. Екі ұлы жиһанның екеуінде де азаттық пен тәуелсіздіктің әр түсті тулары көбейді. Жер жүзін мекендеген халықтар өміріне бұл кезге дейін ұшыраспаған оқиғалар, проблемалар араласты. Бірінде үміт, бірінде хауіп-қатер... бірінен тіршілік үні, енді бірінен өлім үні естіледі. Азаттыққа жаңада ғана қолы жеткен елдердің жағасынан отаршылдар шеңгелі әлі айрылған жоқ. Шеңгел салаларынан әлі қан сорғалайды.

Азия-Африка елдерінің әдебиеттері де өсу жолында. Ну ормандай жайқалып толысқан әдебиеттер де ғасырлар жасайтын емен, баобаб, кедр ағаштары сияқты жазушылары бар.

Осындай жағдайда Азия-Африка жазушыларының ортақ перзенті — Тұрақты алқа дені сау, еті тірі, есті бала болатын ба, болмаса, ерке бота, есуас болатын ба? Ата-аналарына осыны анықтап алу — кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Есті баладан не күтерін жұрттың бәрі де біледі, ал есуас баланың қалай арандарын, қайда апарып арандатарын кім біледі? Ортақ баламыздың мінезі күнбе-күн күдіктер туғыза берді. Үсті-басы кір, әке барын, шеше барын ұмытқан, есейген сайын есуастана беретін сияқты. Егер біз тұрақты алқамыздың он жылдығын Азия-Африка жазушыларының ортақ ісі быт-шыт күл-талқан болғанда тойлағымыз келмесе, әр нәрсені өз атымен атау керек болып қалды. Тұрақты алқаның он мүшесі бар — Цейлон, Индонезия, Қытай, Жапония, Үндістан, Совет Одағы, Біріккен Араб Республикасы, Судан, Камерун, Гана. Мұның өзі Азия-Африка елдерінің жүздеген әдебиетін коллективті негізде басқарып, коллективті жауапкершілік негіздерін бұлжытпай ұстау керек деген ойдан туған еді. Амал қайсы, Сенанаяке бұл бағыттағы адам болмай шықты.

Коломбодағы Тұрақты алқамыздың хауіпті де жауапсыздық жолына түсіп бара жатқаны бұдан төрт жыл бұрын бой көрсетті. Бас секретарымыз Сенанаяке Азия-Африка жазушыларының 1962 жылы Каирда болатын екінші конферен-

циясына келмей қалды. Екі ұлы жиһан жазушыларының ең жоғарғы органы — конференция алдында есеп, іске пайдалы ұсыныстарды тыңдаудың орнына басшымыздың өзінің қатынаспай қалуы әрине, үлкен сорақылық еді. Ең болмағанда конференцияға жазып жіберген есепті баяндамасы да болмай шықты. Алқаның баяндамасын конференцияны әзірлеу комитетінің мүшелері қолдан құрастырып, оны оқып шығуды жапон жазушысы Иосио Хоттаға тапсыруға тура келді.

Біздің түсінігімізше дүниежүзілік әдебиет қозғалысын ұйымдастыру үшін, басқару үшін, өзара байланыстарын кеңейте беру үшін, халықты халыққа, әдебиетті әдебиетке жақындастыра беру үшін құрылған орталықтың басшысына бұдан абыройлы, бұдан жауапты іс болмау керек. Сенанаяке ол абыройды да, ол жауапкершілікті де аяққа басып, атаққа құмар, абыройлы іске жоқ екенін көрсетті. Сондықтан, Каир конференциясында бірнеше делегаттар бұдан былай Тұрақты алқаны Коломбода қалдыра беру алдағы мақсат-тілектерімізге қайшы келетіндігін атап айтты, бұл жалпы мағынада Тұрақты алқаға айтылған сын емес, Сенанаякеге айтылған сын еді.

Аяқтап келгенде, конференция Цейлон жазушыларының берген уәдесіне сенім көрсетті. Цейлон жазушылар делегациясының бастығы Саранакаара Тхеро — Цейлон Жазушылар одағының вице-президенті қайта-қайта сөйлеп, қайта-қайта уәде беріп, Тұрақты алқаны Коломбодан қозғамауды арашалап қалды. Цейлонның үлкен бір жазушысы шын мағынасында әлеуметтік үлкен қайраткер, Тұрақты алқаның ісін жандандыруға міндеттеме бергеннен кейін, конференция қайтып қысталаған жоқ. Алқа Коломбода қалды. Сонымен бірге Тұрақты алқаның алдағы күндегі әрекеттерінің шегі айқын болуы үшін жеті түрлі ғана жеңіл программа бекітіп берді. Әттең амал не, Сенанаяке басқарған Секретариат Каир конференциясынан бері өткен төрт жылдың ішінде қабылданған программамыздың бір мәселесін де орындаған жоқ, тіпті қолына да алмапты, Сенанаяке мырза Цейлон жазушыларына көрсетілген сенім мен құрметке өзінше қараған. Тар өткелден туысқан Цейлон жазушыларының иығына асылып өтіп алған соң, елінің абыройын да ұмытқан, өз жауапкершілігін де ұмытқан.

Әңгіме, әрине, ұмытуда емес, алған бағытта. Ол Ташкент, Каир конференцияларының қаулы-қарарларына қарсы бағытта екенін көрсетті. Әр елден ұлттық әдебиет өкілдері кездесу талап етіп, Секретариат алдында неше рет мәселе көтерсе де Сенанаяке жауап қайтармай қойды.

Азия-Африка жазушыларының қозғалысы — дүние жүзілік қозғалыс. Жер жүзіндегі әдебиет өмірінде бұдан кең түрде деп танырлық әдебиет қозғалысы болған да емес, жоқ та. Ташкент, Каир конференцияларының көздеген негізгі нысаналары әсіресе екі мәселе жөнінде бұлталақты көтермейтін: біріншісі — ұлт-азаттық қозғалысына байланысты империализмге қарсы күресті нығайта беру, екіншісі — енді ғана аяқтана бастаған қозғалысымызды кеңейте беру, тереңдете беру.

Жоғарыда ескертілгендей адам өміріндегі, елдер өміріндегі қайшылықтар азайған жоқ. Асқына түсті. Жазушылар жұртшылығының ашулы даусын көтерер талай кезеңдерге кездестік. Бірақ, Коломбодағы Тұрақты алқамыз енжар да бойкүйез күйде қала берді. Ол аз болса, бірігіп дауыс көтеруге бөгесін жасау әдістерін іздестіретін болды. Біздің заманда демократиялық басқару дегеннің ерекше мәні бар. Әсіресе, жүздеген елдердің әдебиетін басқару үшін, әрқайсысының күнделікті мұң-мұқтажын біліп отыру үшін бірлескен, ұйымдасқан, қол ұстасқан басшылық керек. Мұның орнына Сенанаяке Тұрақты алқа мүшелерінің праволарын өз бойына жинап алып, өз ойлағандарын ғана жүзеге асырумен болып кетті. Он мүшенің ішінен екеу-үшеуі мен ғана қоян-қолтықтасып алып, өзгелерін маңайына жуытпасқа тырысты. Совет Одағынан, Біріккен Араб Республикасынан жәрдем етуге барған жазушыларды Тұрақты алқаның не істеп жатқанымен таныстырмауға дейін барды. Әлдекімдердің ықпалымен үнді жазушыларын біржола шеттетіп жіберді. Тұрақты алқаның 1963 жылы Индонезияда болған сессиясына Судан жазушылары ұйымының бастығы Абдолла Хамид әл-Аминді сессияға да қатынастырмады, атқару комитетінің мәжілісіне де қатынастырмады. Оның орнына аяғынан жүрген біреуді Судан өкілі етіп алды.

Осындай әрі отыр, бері отырдың арқасында Азия-Африка жазушыларының қозғалысы кеңейе берудің орнына, тереңдей берудің орнына тынысы тарылып, азғана бір топтың қолына түсіп кетіп, сөнуге бет алды. Тұрақты алқамыз көңілдестер клубына айналып, өтірік-өсек, айдап салма, арандатудың ұясы болып кетті. Жоғарыда аталған Каир конференциясы Тұрақты алқаны — Азия-Африка елдерінде өзара қатынас комитеттерін құрып, ішкі қарым-қатынасты күшейтуге міндеттеген. Оның үстіне Тұрақты алқа сол комитеттердің жұмыстарына басшылық етіп, бағыт сілтеп, тәжірибе ауыстырып отыруға міндетті еді. Түптеп келгенде, Азия-Африка елдерінің әдеби үлгілерін аудартып, біріне-бірін таныстырып

отыру, үздік шығармаларды дүниелік көлемге шығарып отыру — Тұрақты алқаның негізгі міндеті болмақ. Африка жазушыларының көбі-ақ осы күнге дейін ағылшын, француз, испан тілдерінде жазады. Тағы біраз елдер басқа бір тілдерден аударады. Бұл әлі жолға қойылмаған, шешімі табылмаған ауыр міндеттердің бірі. Сенанаяке бұл жайларға әрі бейжай, әрі безіне қараумен келді. Каир конференциясында алынған программа бойынша барлық қолдан келерді істемегенімен, істеуге қарай бірлі-жарымды адым жасар деп күтіп едік, ол үміттен ұзамай-ақ баз кештік. Осының салдарынан қозғалыстың алғашқы дәуіріне белсене қанынасқан талай ірі жазушылар, жеке жазушылар түгіл талай елдердің ұйымдасқан жазушыларды қозғалыстан үміт үзіп шеттеп кетті. Қозғалыс тұйыққа тірелді. «Енді қайтеміз?» деген сұрау туды.

Каир конференциясы Тұрақты алқаның сессиясы кем дегенде жылына екі рет шақырылып тұрсын деген қаулы алған болатын. Алқаның жұмысы түгелімен бас секретарьдың басқаруына берілгендіктен коллегиялық басқаруды, коллективті жауапкершілікті бұлжытпай сақтау үшін бұл қаулының маңызы өте зор еді. Бақсақ, Сенанаякенің ең жаны түршігетіні де, ең қорқатыны да осы екен. Соңғы үш жылдың ішінде Тұрақты алқаның сессиясын ең кемі алты рет шақырудың орнына бір рет те шақырылған жоқ. Алқа мүшелері түгел бас қосып, ақылдасып басқарудан біржола айрылды. Ал, бұл үш жылдың ішінде әлеуметтік күрес көзімен қарасақ та, таза әдебиет тілектері тұрғысынан қарасақ та алдымызда кесек-кесек мәселелер тұрды. Алқа басшылығы біріне де көңіл аудармады.

Шынын айтсақ, алқа мүшелері Сенанаякенің әдебиет қозғалысына ірткі салған жат мінездеріне тым ұзақ шыдамдылық жасап келді. Тарихтың өте бір отты кезеңінде отырып осынша шыдауға жол жоқтығын да, мұндай жүгенсіздікке жол жоқтығын да айтар уақыт өтіңкіреп кетті. Аяқтап келгенде, айтылды да, кесіп айтылды.

Тұрақты алқаның мүшелері өзара бас қосудың керектігі көптен ауызға алынып жүретін. Әсіресе қан төгіп, қайрат көрсетіп жатқан вьетнам халқына достық үнін қосып, американ агрессорына қарсылық білдіруде тым кешеуілдеп қалғанымыз б а т ы п кетті. Осы жағдайлар жанға батқандықтан Тұрақты алқаның оннан алты мүшесі Каирға жиналып Алқаның төтенше сессиясын өткіздік.

Екі күнге созылған сессияда делегаттардың айрықша көңіл аударғаны бас секретарьдың содырлы әрекеттері жайлы болды. Сессия қатал болса да әділ баға беріп, Сенанаяке ту-

ралы мынадай тоқтамға келді: «Ол іс жүзінде секретариаттың берекесін кетірді және қызмет бабын жиі пайдаланып, бюро ешбір өкілдік, ешбір келісім бермеген әрекеттермен айналысты».

Бұл тоқтам қандай себептерден туғаны жоғарыда айтылса да тағы бір мысал келтіре кетейік. Біз Каир сессиясын биылғы июньнің 19-20 күндері өткіздік. Алқаның жандандыру мәселелерін қараумен бірге американ басқыншыларына қарсы белден қан кешіп алысып жатқан жауынгер вьетнам халқының ерлік күресіне Азия-Африка жазушыларының айбарлы үнін қосу еді. Осы тұста Коломбодағы Тұрақты алқамыз екі-үш мүшенің қабылдауымен Пекинде төтенше конференция өткізуге қаулы алыпты.

Ең елеулі, әрбір төтенше шаралар өзінің уақытында өткізілсе ғана пайдалы болады. Егер, Сенанаяке мен оның достары вьетнам халқына достық белгісін көрсетудің қандай мәні барын жете бағаласа, ондай төтенше кездесуді соңғы үш жылдың ішінде алты рет өткізген болар едік! Және түсіңнен шошып оянған күні емес, көп болып ақылдасып, мән беріп өткізген болар едік.

Екінші, сессияны қашан шақыру, қай жерге шақыру Тұрақты алқаның екі-үш мүшелерінің ғана правосы емес. Оған Алқа мүшелерінің түгел ырзашылығы керек.

Үшінші — конференция шақыру Тұрақты алқаның правосына жатпайды, жиырма үш елдің жазушыларынан құралған атқару комитетінің правосына жатады.

Коломбодағы Тұрақты алқаның аяғы осымен тынды.

Каирда өткен сессияда Сенанаякенің тағы бір қараңғы ісі ашылды. Оны 1962 жылы Сенанаякені қорғап қалған Сарананкаара Тхероның өзі ашып берді. Кейін өзі ие болып қалатын үмітпен Сенанаяке бір үйді жөндеуге орталық қордан отыз мың рупия ақша жұмсаған. Әрі ортақ ісімізді былықтырып болғанына көздері жеткен соң, әрі қолы таза болып шықпағандықтан, Цейлон жазушылары Сенанаякені сырт тастап, жазушылар ұйымының бастығына ірі жазушы Мартин Микромасингіні сайлаған. Сонымен Сенанаяке Цейлон жазушылары атынан Тұрақты алқаны басқаратын праводан да ада болған. Осындай жағдайға кездескеннен кейін біз, Тұрақты алқаның оннан алты мүшесі Азия-Африка әдебиет қозғалысының болашағы туралы пікір алысып, төтенше шаралар іздестірдік.

Каирда өткен Тұрақты алқаның төтенше сессиясы осы себептерден туды. Сессияның қаулысынан тағы бір үзінді келтіруге болады, онда былай делінген. «Қазіргі бас секретарь-

дың төзгісіз нашар жұмысы, Цейлон орталығының кезек күттірмейтін міндеттерін елемеушілігі, өз бетімен жүргізген заңсыз әрекеттері көптеген жазушыларда көңілсіздік туды-рып, олардың ұйымға деген сенімін кетірді».

Цейлон Жазушылар одағының вице-президенті Саранкаара Тхеро сессияға қатынасқан Азия-Африка жазушыларының ойында күдік қалмасын дегендей «Цейлон жазушыларының жаңа ұйымы барлық мәселе жөнінде де сіздерге қосылады» деді. Бұл барлық Цейлон жазушыларының пікірі болды.

Еркін және кең түрде ойлана келіп, Каир сессиясы Тұрақты алқаны Коломбодан Каирге көшіруге қаулы алды. Бас секретарымыз Біріккен Араб Республикасының үлкен әлеуметтік қайраткері және ірі жазушысы Юсеф әл-Сибаи. Сонымен 1962 жылы Каирда өткен конференцияның қаулы-қарарларын қалай іске асыруды төрт жылдан кейін сол Каирда қайта жиналып, байлам жасалды. Халықаралық ұйымды кеңейте берудің орнына іштен ірітіп өшіруге әкелген бас қырсықтан арылдық. Азия-Африка жазушылары Каирға көшірілген Тұрақты алқамызға үлкен сеніммен қарап, содан бері өткен бір-ақ ай уақыт ішінде байланыстарын күшейте бастағанын көреміз.

Каирдағы жаңа алқамыз жергілікті ұлттық әдебиеттер комитеттеріне таяудағы уақыттың ішінде істелер істің жобасын таратты. Алжир, Вьетнам, Суэц торабындағы араб ақындарының жинақтары баспаға әзірленіп жатыр. Бұл кейін кең өріс алып, Азия-Африка жазушыларының озық үлгілерін бірінен-біріне аударып, таныстырып отыратын үлкен программаның алғашқы адымы. «Азия-Африка жазушысы» деген атпен жылына төрт рет әдеби журнал шықпақшы. Бұл да қазір тығыз қолға алынып жатыр. Айына бір рет әдеби бюллетень шығады.

Азия-Африка жазушыларының кезекті конференциясын өткізу жұмыстарын әзірлеп, атқару комитетінің мәжілісіне қою үшін төрт ел әдебиет өкілдерінен ұйымдастыру комитеті құрылды. Оған Біріккен Араб Республикасы, Цейлон, Үнді, Судан жазушылары кірді.

Август айының аяғында Баку қаласында өтетін совет комитетінің сессиясына Тұрақты алқаның мүшелері түгел қатынаспақшы. Юсеф әл-Сибаи араб делегациясын өзі бастап келмек. Бұл сессияда «Ұлт-азаттық қозғалысы және совет әдебиеті» деген тақырыптағы баяндама Қазақстанға берілді.

Осы сияқты нақтылы шаралар арқылы Азия-Африка жа-

зушыларының қозғалысы қайтадан күш алып, жаңа белеске шықты. Қозғалыстың сегіз жылға созылған берекесіз бөлімі жабылып, Каир штабы ашылды. Азия-Африка топырағын жайлайтын әрбір елдің жазушылары жаңадан құрған Тұрақты алқамызға тұрақты үмітпен қарауына болады. Тұрақты алқаның көз-қыры барлық әдебиеттерге де түсе бастады. Азия-Африка жазушыларының өзара аралас-құраласы бұл күнге дейін болмаған дәрежеде кеңейе бермек. Барлық Азия-Африка жазушыларынан жаңа Алқамыздың ісіне жанын сала араласуды күтеміз.

«Социалистік Қазақстан», 1966, 2 август.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Бүгін біз ауыр қайғының үстіндеміз. Көп ұлтты совет әдебиеті үшін, ардақты ұлынан, асқар белінен айрылған қазақ халқы үшін бүгінгі күн — қаралы күн, азалы күн!

Бүгін барлық совет жазушыларының көздерінен сорғалаған жастарынан көрі азалы жүректерін жарып шыққан жалыны 'басым.

Айтпасыңа амал қайсы, бүгін біз, дүние жүзілік аты бар, еңбекші момын елімізді дүниеге танытқан, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің әр саласында ортан қазығы болып келген атақты жазушымыз, мыңдаған шәкірті бар ұстазымыз, ірі ғалым педагог, белгілі қоғам қайраткері — Мұхтар Омарханұлы Әуезовке хош айтқалы келіп тұрмыз. Біз үшін бұдан артық ауыр сөз, бұдан артық айтпаса дерлік сөз жоқ еді! Осы тұрған бәріңіз үшін де бүгін бұдан ауыр сөз болмасқа керек.

Амал қайсы, ой тереңі, сөз шебері Мұхтарды қажыр-қайратының толысып тұрған шағында, осы заманның ең бір сұм дерті — рак ортамыздан жұлып әкетті. Елін, жұртын, ой еңбегін сүйе білетін үлкен жүрек өмірге, еліне, осы тұрған бәріңізге амалсыз хош деді, құрғыр осы бір сөзді бұрын айтты. Біз де амалсыз соны қайталаймыз.

Үлкен эпопея —«Абай» романына көрсеткен партиямыз бен Совет үкіметінің сый-құрметінен кейін, Мемлекеттік сыйлыққа жалғастыра Лениндік сыйлық берілгеннен кейін, атақты жазушымыз осы заманның эпопеясын жазуды арман еткен еді. Кең серпінді, сала-сала толғауды сүйетін өрен жүйрік соңғы екі-үш жылдың ішінде социалистік өміріміздің өзекті сұрауларын көркем ойдың таразысынан өткізіп алу үшін өндіріс орындарын, ауыл шаруашылық аудандарын, еңбек қауымын көп аралап еді. Қаламы қолында, қағаз үстінде еді, терең ойы толғану үстінде еді. Шексіз бір өкініш сол — күтпеген дерт мұқалмаған қаламды берік қолдан жұлып әкетті.

Бұдан былай біздің арамыздан бәріміздің ерекше қадірлейтін ардақтымыздың көре алмайсыздар. Ол қазірдің өзінде ортамызда тұрған жоқ, міне алдымызда жатыр.

Бүгін қазақ әдебиеті көлденең бір жұтқа ұрынғандай. Басқа мадақтарын қоспай-ақ, Мұхтар Әуезов дегенде ғана аузымыз толмаушы ма еді? Ойымыз да лық толатын. Бұл Мұхтар енді жоқ арамызда. Сағынар кезіміз, іздер кезіміз, жоқтар кезіміз аз болмас, таба алмаспыз бірақ.

«Ат тұяғын тай басар» дейтін ескі нақыл көркемөнер дүниесіне заң емес. Бір жазушының орнын екінші жазушы баса алмайды, әрбір жазушы өз орнында бағалы. Бұдан былай қақ ортамызда ойылып қалған Мұхтардың орнын өзінен қалған асыл мұрасы ғана толтырады. Мұхтар бізге орнын қалдырған жоқ, Мұхтардай мол, құлашты еңбектер жазу борышын қалдырды, орнын жоқтатпау парызын қалдырды.

Әдетке кірген сөзді айтпасаң амал жоқ: хош бол, Мұхтар, баладай нәзік жан, көркемөнердің өзіндей қатал сыншы, әділ жан! Үлкен аға! Еркелеткеніңізді де сағынармыз, ұрысқаныңызды да сағынармыз. Бар бейнең көз алдымызда болар.

Бетке ұстасақ — беделің қандай еді, арқаға ұстасақ — панаң қандай еді! Оны ешкім ұмыта алмас!

Қазақстанның жазушылары сенің ардақты атыңды ең таза жүректерінде сақтар! Сенің қалдырған асыл мұраңды өзіңдей құрметтеп, көп қолмен көтере алар!

Хош бол, Мұхтар! Сенің биік мұнараң жалғыз Қазақстаннан емес, барлық совет халықтарының биік қырқаларынан көрініп тұрар. Сенің ең биік мұнараң — еңбегің дүние жүзіне түгел тараған. Өзіне-өзі жол салған атақты еңбегің бұдан былай да тарай бермек.

Өмір — күнде той емес, өкпелеткен, ренжіткен кезіміз болса, онымызды үлкен өкінішпен еске аламыз: еске алған сайын үлкен рухыңнан кешірім сұраймыз. Көркем сөздің ұстасы, сенімен хоштасу үшін бұл ойлар таяз, бұл сөздер бояусыз, әрине. Бірақ біз сенің жер құшағына тапсырылар тәнің-мен ғана қоштасып тұрмыз, жаның мен рухың бізде қалады, ең қасиеттеп ұстар мұрамыз — сол, оған шаң жұқтырмаспыз. Ең қасиетті борышымыз сол болар. Көп боп табар ойымыз болса, көп боп көтерер сол борышымызға салармыз. Сенің орныңды сөзбен емес, іспен жоқтатпауға тырысармыз. Бұл уәдені анттай берік ұстармыз!

Хош бол, ардақты аға, атақты сөз шебері! Хош!..

1961 ж.

АҒА СӨЗІ

Енді 31 жылдан кейін адам баласы 2000-шы жылды қарсы алады. Елдер мен жерлер тағдыры, тілдер тағдыры қақтығысар, қабысар дәуір басталады. Бүгінгі өнер, білім қуған талапты да талантты жастар, әке табысына семірген еркетай жастар, ой қумай, ойын қуатын футбол жанкүйерлері, бөрік ала қашатын ұры-қары, бұзақы-бұзық — заман бұралқылары, бәрі де сол дәуірдің аға буыны болмақ. Ал, ағалық деген ардақтылықтан гөрі жауаптылық болады.

Ол әлі бар бейнесі айқындалмаған дәуір. Мен үшін даусыз екі-ақ белгісі бар:

1. Коммунизм мансұқ етілмейді!

2. Бүгінгі білдім — меңгердім дегенің, орындадым — істедім дегенің, жырладым — жаздым дегенің ол дәуірге олқы болып қалуы мүмкін-ақ. Ойлана алар жастың әрі терең, әрі жан-жақты ойланары — сол алдағы биік белестерде жатыр дер едім.

Совет жастары деген ардақты ат: аспанда ардақты, жерде ардақты, суда ардақты, биікте ардақты, тереңде ардақты! Совет жастары ғылым мен техникада болсын, қажыр-қайрат сыналар еңбекте болсын, ұлы аталарының сенімді мұрагері. Совет жасы жат өмірге көзін сүзген жасқаншақ жалданба емес. Ұлы өмірді өзі жасап жатқан ұлы идея мұрагері.

Адам қоғамы қолдан жасалған бақша емес, ну орман сияқты. Аралас өскен қарағай, қайың, қыз-қарағай, терек, шынар, мойыл, ырғай, тал... жас өмірдің балаң-балғын шағында аңызақ желден көлеңке, үскірік желден ығын керек. Мал баласын бауырында өсіреді, ағаш біткен тұқымын ығына қарай төгеді. Адам баласы анасының құшағында, қоғамның шылауында өседі. Аға буынның жауаптылығы да осында.

Мен ойлы, өнерлі деп үміт ететін, мұрты тебіндеп қалған ақын-жазушы жастарға бір-екі ауыз тілек айтқым келеді. Соңғы кезде осындай жастарымыздың аузына идея, идеология, революция, мораль, тап күресі дейтін сөздер көп түспей барады. Өздері сол идея, сол революция, сол тап күресі арқылы күл-күрме өмірден құтылып, адам деген ардақты атқа ие болғандарын біле тұра, соның бәрін қасиет тұтпау ақылдылық емес, есерлік болады. Бұл бір.

Екінші, «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейтін ескіден келе жатса да ескірмейтін бір қағидамыз бар. Бірімізді-біріміз сынау, менің үлкен бір арманым бойынша — бірінші жолдастық, бірінші достық, бірінші әділ сөз болу керек. Амал не, кейде қандай әдемі сөздер, қандай ұтқыр сөздер жолдасыңды мұқатуға арналып жатады. Бұл үлкен өкініш. Кейде сол ұтқыр сөздер —«Орныңды босат, маған бер!»— дегендей естіледі. Бұл үлкен өкіністен гөрі де үлкен өкініш. Әрбір ақын-жазушы әдебиетіміздің кең жайлауынан өзі тапқан орынға ғана келісімді болады. **Ақын орны — қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарса — сол жерде. Ондай орын әсіресе биікте көп. Қырандай құлаштап, сермеп барып сол орынды ал. Өзгенің бәрі мансап та мансұқ!**

Үшінші, жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы бар, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия басқан жасты дүрелей бастамауымыз керек. Әсіресе, жас дарынның жалынын тұншықтыру — қылмыс. Жалынды жас, дарынды жас көк шыбықты көрмей-ақ өссін.

В. Г. Короленконың алғашқы әңгімелерімен танысқаннан кейін-ақ А. П. Чехов: «Мұндай жаспен (парень) қатар жүру түгіл, соңына еріп жүрудің өзі қандай қуаныш!»— деген. Біз мұндайға әлі тоңмойындаумыз.

Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық мәжілісіне көп-көп сәлем, аз тілекпен — **Ғабит Мүсірепов.**

1969 ж.

«ЖАЛЫН» ЖАРҚЫРАЙ БЕРСІН

«Ұл тусаң — шайқы-бұрқы болмасын, қыз тусаң — қиқы-шойқы болмасын!»

Әңгіме алғыр да ұшқыр ой сезімнің жалыны жайында. Ол жастарға тән қасиет. «Қайран жиырма бес!» әні қапыда айрылған арман күйініші болса, ұлы Абай «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінсе, «Жалын» айналасына талғамды жас, талантты жас түгел топтанады деп сенеміз.

Көркем әдебиет сақал саудасын да көтермейді, көзін сүзген «жастық» саудасын да көтермейді, «Жалын» талаптыға тәрбиеші, талантқа өз үйіндей болар деп сенеміз.

Революционер ақын Сәкен Сейфуллин біздің заманымыздың ағысын экспресс ұшқырлығына теңеген. Қазіргі дәуіріміздің жүрісі одан да тез. Айналасындағы ескі-құсқыны өртеп жіберетін от шашқан жастар «Жалыны» болмашыға бөгелмес, бұраң бұлтаққа ұшырамай озық ойдың ұлы арнасымен тура тартар, ұлы көштің жіп-шуын жинап әуреленбей, көштің алдында болар деп сенеміз.

«Жалын» өзінен-өзі жанбайды. Оның корегі ең алдымен жиырма бес төңірегіндегі талантты жастар қаламынан тамататын сия! Сөз тізбегі емес, ой тізбегі. Жайылым су емес, сарқырап долданып, булығып, бұрқанып, сақылдап күліп, кәрленіп жататын тасқын су, өнер де жігер, от-жалынды ой, жүрегіңді дірілдетер сезім тереңдігі. Жаңалықтың құлақ бұрауы емес — өзі! Эксперимент жазушы столының үстінде жасалып, жемісін «Жалын» алдына жайып салғанда күлдіре алар, қуанта алар, мұң айта алар, жігеріне жігер қосар болсын. Жазғанына редактор қолы бата алмайтын болсын! Шын талант арманы осы болмақ.

«Жалынға» қараңғылық хауіп емес. Сылбырағаң ақ жаңбыр хауіп, байырғыдан басқаның бәріне жатсырай қарайтын

күрең қабақ хауіп, жастарды жастайынан қартайтатын қара жұдырық хауіп. Иләһи, ол дәуірден өткен болармыз. Артымызға айналып қарасақ — жүрегің айнып, құлағына дейін қызарып ұялар, жазушы атына жараспайтын талай тағылықтар еске түседі. Бүгінгі жастарды ең болмаса қазақ халқының «тура биде туған жоқ» деген даналығының рухында тәрбиелейік. Қай кезде «ура!» деп қалуды, қай кезде «қарауыл!» деп қалуды аңдып отыруды Маркс өз заманында «мещан сыншылардың машығы» десе, біздің социалистік қоғамда бұл аса бір жиіркеніш мінезге жатады.

«Жалын» қазақ совет әдебиетінің ер жеткен дәуірінде, бүкіл совет әдебиетінің теориялық бағыты әбден айқындалған, шығармалық тәжірибесі молайған дәуірде туып отыр. Бұл кезде балаңдыққа орын болса да, балалыққа орын жоқ. Бұл кездегі жастар қазақ совет әдебиетінің жаңа аяқтана бастаған «жыл құсының» тұсындағы жастар емес. Өздері бойкүйез, керенау болмаса, марксизм-ленинизм ғылымының алтын тағасымен тағаланған жастар. Ол — ұлы ғылым! Маркс пен Энгельстің Лассальға, Гаркниске жазған хаттарын, Ленинің Толстой туралы мақалаларын қайта бір қадағалап оқысаңыз бұл еңбектер шығарманың философиялық, көркемдік кілтін қолыңызға береді. Ал бүгінгі жастар ол ғылымды толық меңгермеді дей алмаймыз. Сондықтан шығарма еңбегінде қалжыңбас балалыққа орын жоқ дейміз.

«Жалын»—«Жұлдыз» журналының туған інісі. Бірақ, оның сарқытымен күнелтпейді. Бұл «Юность», «Молодая гвардия» сияқты өз бет алысы бар альманах. Мұның өз дауысы, өз жалыны болу керек. Тіпті аға журналдардың кейбір кезде бет жыртпайтын көлегейлігінен аулақ болар деп үміт етеміз. Талғам-талап дейтін ұғыныстар өз мағынасын тап басар деп үміт етеміз. Бұл үмітіміздің бірінші белгілері «Жалынның» бірінші санынан бастап-ақ атой берсе игі еді!

Осындай тілекпен, осындай үмітпен жаңа альманахқа сәтті сапар тілеймін.— **Ғабит Мүсрепов.**

1969 ж.

МАЗМҰНЫ

Жиһаз сынға әділ төре 5
Сәбит Мұқановқа хат 10
«Қазақстан баспасының» жайы 14
Әдебиет айтысына 20
Баспасөз тәжірибесінен 29
ҚазАПП-тың бүгінгі міндеттері 35
Саяси міндеттер қандай 36
Ұйымдастыру мәселелері 40
Мен қалай жаза бастадым 45
ҚазАПП жаңа дәуірде 55
Социалистік құрылыс дәуірі — түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі 61
Шығарма бәйгесі 98
Жазушыдан екі ауыз сөз 101
Мұхтардың хаты туралы 102
Революциялық қазақ поэзиясының көшбасшысы 105
Совет әдебиетінің ұлы атасы 108
Өсер әдебиетке өсірер сын керек 131
Қазақ халқының атақты ері 141
«Абай» 146
Орыстың ұлы ақыны М. Ю. Лермантов 152
«Абай» романы туралы 157
Айтыс қатарға қайта қосылды 175
Майданнан соққан жаңа леп 183
«Абай» — қазақ операсының жаңа белі 189
Алып ақын атамыз 194
Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны 203
Халқымыз таныған жазушы 215
Совет драматургиясының кезекте тұрған кейбір мәселелері . 236
Жоғары идеялы көркем әдебиет жасайық 247
«Абай» — қарағанды қазақ драма театрының жаңа табысы . 255
Назым Хикмет 264
Заманымыздың озық жазушысы 269
«Жамбыл» 276
Ақын туралы сөз 286
Қазақстандағы әдебиет сынының жайы мен міндеттері туралы 293

Қазақ совет прозасы туралы 321
Өскен талаптар тұрғысынан 348
Біздің классик 357
Тәжік искусствосының өркендеу жолындағы кейбір ерекшеліктер 362
Жазушылар және ұйым міндеттері 370
Өмір талаптары 383
Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы мен міндеттері туралы 386
Өнер туыстығы 413
Ұлы сенім, жоғары талап 419
Әдебиет пен көркемөнер жаңа заманға сай болсын . . . 424
Қайсар Виссарион 438
Әдебиет тілі жайында 440
Кино өнерінің кейбір мәселелері 446
Күресте туған ынтымақ 464
Қос жұлдыз 469
Судан халқының ер ұлы 476
Осынау тарихи күндерде 479
Айнымас көңіл, ажырамас құшақ 482
Ұлы белес 489
Тың — түбірлі тақырып 494
Украинаның байтерегі 498
Хасан Таһир Заррух туралы екі ауыз сөз 503
Өшпес өмір 505
Халықтың қадірменді ұлы 507
Қандегі маңызды кездесу 513
Үлкен әдебиет 518
Әдебиетіміздің ізгі дәстүрі 521
Азия — Африка жазушыларының қозғалысы жаңа белесте . 527
Мұхтар Әуезов туралы сөз 536
Аға сөзі 538
«Жалын» жарқырай берсін 540

Г. Мусрепов

ДОЛГ ХУДОЖНИКА

Сборник статей

На казахском языке

Издание издательства «Жазушы» — 1970

Редактор *С. Досанов*
Художник *А. Егизбеков*
Худ. редактор *М. Кисамединов*
Техн. **редактор *К. Зауренбайулы***
Корректор *К. Утегенова*

Сдано в набор 9/I 1970. Изд. № 109. Подписано к печати 24/VI 1970 г. УГ06727. Бум. тип. № 2, $84 \times 108^{1}/_{32} = 17$ п. л.—28,56 усл. п. л. (Уч.-изд. 30,7л.). Тираж 9000. Цена 2 руб. 04 коп.

Заказ № 223. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати. г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.